ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІНЕ ҚАРАҒАНДА 2015 ЖЫЛҒА БАРҒАНДА АДАМДАРДЫ ТЫМ АЛАҢДАТАТЫН АУРУ РАК ЕМЕС, ДЕПРЕССИЯМЕН АУЫРҒАНДАРДЫҢ САНЫ БІРІНШІ ОРЫНҒА ШЫҒАДЫ ДЕП ЕСЕПТЕП ОТЫР.

Сенбі, 24 мамыр, 2008 жыл

90 Жетісу

e-mail: Jetisu2002@mail.ru

■БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

ЖАНЫНА ЖАРА ТҮСКЕН АДАМДАР және ҚОҒАМ

Жүйкесі тозып, шатасқан, адамдық қасиеттен қалған жандар – есі ауысқандарды көру кімге болса да жеңіл емес. Оларды қалай жұмсақтап атасақ та, шаукастың атауының өзі адамды тітіркендірмей қоймайды. Біз өзіміздің қазірше ақыл-есіміз дұрыс болғандықтан ондайларға шошына, қорқа қарайтынымыз анық. Өткен тарихты парақтап көрер болсақ, Еш рудың шежіресінде "жынды" болған деген мәлімет жоқ. Қайта, ата-бабаларымыз тағдырдың жазуымен осындай күйге ұшыраған бауырласын аялап, бағып, күтіп, қатарға қосып отырған. Басын құрап ұрпақ өрбітуіне жағдай жасап келген. Ал қазір жүйке ауруына екі туып бір қалғаны шалдыққа да ат тонын ала қашатындар көп. Бүлдей Алматы облысының өзінде бес бірдей жүйке ауруымен ауырғандарды емдейтін орын бар болғанымен, бұл дерт біздің қоғамда емделмейді екен, ертең біздің ұрпағымыз (Алла тағала мұндайды еш пенденің басына жазбай-ақ қойсын) немесе туыс-туғандарымыз осындай іске кіріптар болмайды деп айта аламыз ба? Сондықтан бұл тақырыпқа бір барып көрейік деген ойға тоқтадық.

Өйткені бұл біздің орындауға тиісті парызымыз деп түйдік те, осы жайлы басқалар не жазып жүр екен дейтін ойдың жетегінде жазба дерек іздестіріп көрген едік. Өкінішке орай, тұщымды дүние таба алмадық. Іздеген сұрағымызға толыққанды жауап ілініп қалар дейтін нық сеніммен Талдықорған аймақтық жүйке-неврологиялық аурулар диспансерінің бас дәрігері Бейсен ҚҰРМАШЕВ мырзамен жолықтық.



КЕЗ КЕЛГЕН АУРУДЫҢ СЕБЕБІ БАР

– Бейсен Хамитұлы, әңгімемізді сіз басқарып отырған мекеменің тарихы және материалдық жағдайымен танысудан бастасақ қалай қарайсыз?

– Біздің мекеме жүйке ауруларын емдеу және сауықтыру жұмысымен айналысатын арнайы орын. Негізінен жабық мекеме саналатын бұл диспансер 1952 жылы Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен Талдықорған облыстық еңбекшілер халық депутаттары кеңесінің шешімі негізінде құрылған. Бастапқыда 50 орындық болған. 1960 жылы қазіргі Рүстембеков көшесіндегі 152-үйдегі жаңа ғимаратқа орналастырылып, ерлер және әйелдер жататын екі бөлімше болып 100 төсек-орынға дейін кеңейтілді. Ал 1962 жылы ерлерге арналған құрылыс ғимаратының іске қосылуына байланысты диспансер 120 орынға кеңейтілген еді.

Бүгінгі біздің диспансерімізде130 орын бар. Оның 70-і ерлер, 60-ы әйелдер емделетін бөлімге орналасқан. Бұдан тысқары емхана, зертхана, физиокабинет, дәріхана, ас дайындау орны, әкімшілік кеңсесі, мәжіліс залы, гараж, кір жуу орны, қысқасы, емдеу-сауықтыру мекемесіне қажетті қосалқы шаруашылық қызмет салаларының бәрі де жеке-жеке ғимараттарға орналасқан. Қазір Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен 2010 жылға дейін белгіленіп, жүзеге асырылып отырған денсаулық сақтау саласының реформасы негізінде мекемеміздің ғимараттарын жөндеу жүзеге асырылуда. Емдеу барысына жұмсалатын қаражат та жыл сайын көбейтіліп келеді. Диспансерге 1997-1998 жылдары бір адамға берілетін күндік тағам 20 теңге болса, бүгін емделіп жатқан әр сыркатқа 215 теңгенің тамағы беріліп жүр. Сондай-ақ, емделуші сыркаттар толықтай тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіліп, күніне 865 теңгенің дәрі-дәрмегі беріледі. Осы орайда облыс әкімі Серік Үмбетов пен облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Болат Садықовтың мекемеміздің жұмысына көңіл бөліп отыруы көптеген түйінді мәселелердің дәйекті шешім табуына оң ықпалын тигізіп келе жатқанын айта кету керек. Бірақ өкінішке ақыры ауруға әкеліп тірейді. Бұл түрдегі аурулар толық жазылып кетпесе де дәрінің, емнің күшімен белгілі мөлшерде табиғи қалпына келеді. Екіншісі – кейінгі өмірде белгілі бір себептерге байланысты пайда болатын түрі. Соңғы кезде осы түрдегі аурулардың саны артып барады. Қазіргі ғылыми-зерттеу нәтижесіне қарағанда 2015 жылға барғанда адамдарды тым алаңдататын ауру рак емес, депрессиямен ауырғандардың саны бірінші орынға шығады деп есептеп отыр. Яғни, бұл түрдегі аурулар негізінен туберкулез, минингит катарлы инфекциялардың әсері немесе бастан соққы алу, отбасылық қайшылықтар, қоғамдағы түрлі басымдықтар, өмірдегі қиын жағдайлар салдарынан келеді. Осы тірліктегі ауыртпалықтар салдарынан жүйкеге ауыр жүк түседі де тала бастайды, адамдар шоғырынан қашқақтайтын, басқалармен сөйлесуге зауқы соқпайтын, ойсоқты күй кешетін жағдай жиілей түседі. Міне, осындай аурудың алғашқы белгілері орын алған кезде уақытында дәрігерге көрініп, ем қабылдаса жазуға болады. Әрине, бізде жазылып кеткендері өте көп болды.

ЕШ ПЕНДЕ ЖАН АЗАБЫН ТАРТПАСА ЕКЕН

– Бейсен аға, сіздерде емделіп жатқандардың ауру себебіне қарағанда қай түрі басым?

– Итальяндық ғалым математик Сибаннаши "Алтын қиық" атты кітабында: "Өмірдегі кез келген құбылыс 62 – 38% аралығында болатын болса қалыпты деңгейде өмір сүреді", – деп жазады.

Қоғамдық қайшылықтар жиілеген сайын отбасындағы түсінбестік, жетіспеушілік, ұрыс-керіс салдарынан кейбір адамдар ақыл-есінен адасып қалып жатады. Ол аздай, қазіргі жаһанданудың аздырғыш дерті де жастарды адастырып отыр.

тісі бізде әлі балалар мен жасөспірімдерге арналған бөлімдердің болмауы.

Біздің диспансер Талдықорған аймақтық емдеу орталығы болып саналады. Ал Талғар ауданында 250 орынды облыстық жүйке-неврологиялық диспансерінде балалар мен жасөспірімдерге арналған және өкпе туберкулезіне шалдыққан ауруларды емдейтін бөлімдер бар. Одан басқа, Текелі қалалық ауруханасының құрамында 30 және Жаркент қалалық ауруханасында 30 орынды жүйке ауруларын емдейтін арнайы бөлімшелер орналасқан.

– Сіздерге келіп ем алатын ауруларды сипатына қарай қандай түрлерге бөлуге болады?

– Жүйке ауруына шалдыққандар өздерін ешқашан аурумын деп есептемейді. Қайта сені есі ауысқан деп қарайды. Кез келген аурудың өзіндік себебі бар. Ал бізге келетіндерді негізінен екі үлкен топқа жіктеуге болады. Бұлардың бірі тұқым қуалау типіндегілер. Бұл – ген арқылы ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын дертке шалдыққандар. Дәстүрлі медицина мұның себебін әлі күнге дейін анықтай алмай отыр. Енді бір жағынан бұл түрдегі ауру жас аналардың ауыр аяқ кезінде дұрыс күтінбеуі себебінен де туындайтын жағдайлар болады. Мысалы, әйел жүкті кезінде инфекциямен ауырса немесе ішімдікке, темекіге берілсе, бала туылған соң үш жаска дейінгі аралықта түрлі ми қабыну ауруларына шалдығып, уақытында емделіп жазылмаса жүйке ауруына шалдығуы әбден мүмкін. Осындай жағдайлардың салдарынан баланың ақыл-есі кемістеу болады, есте ұстау қабілеті төмендейді. Сабаққа үлгермейді, осы жай күрделене түсіп, Қазір ғылыми зерттеуге де осы салыстырма қолданылады. Егер бір ғылыми-зерттеу нәтижесі осы салыстырмаға сай келсе ғана қабылданады. Ал оның дұрыстығы 70%, ал қалған 30%-ы дәлелденбеген жағдайда жаңалық қабылданбайды. Қазіргі дүниеде барлық жаңалық осы тепе-теңдік бойынша ғана мойындалады. Біз әдетте динамикалық тепе-теңдік деп айтамыз. Ол елу де елу дегендік емес, міне, осы "Алтын қиық" тепе-теңдігіне қаратылған. Сондықтан дүниедегі барлық құбылыс осы арқылы жұмыс істегенде ғана өміршең болады. Мысалы, отбасы дейтін болсақ, ер мен әйел осы тепе-теңдікті сақтаған болса, ол бақытты отбасы деп есептеледі. Ал керісінше болғанда бір жері жетіспей тұрады. Жүйке ауруына шалдығатындар жайындағы зерттеу нәтижесі, міне, осыны дәлелдеп отыр. Бұл заңдылық. Оны сен мойындасаң да, мойындамасаң да жұмыс істейді. Біздегі аурулардың басым бөлігін тума жүйке аурулары ұстап отыр.

– Қазір өтірік жүйке ауруы болып алып, істеген қылмысын жеңілдетудің жолын карастыратын адамдар жоқ емес. Сіздерде осы туралы тіркелген дерек бар ма?

– Адамдар өмірдің рахатынан дәззаттануды ойлайды. Бәріміз пәле-жала болмаса екен, күніміз көңілді өтсе екен дейтін арманның жетегінде өмір сүреміз. Ал қылмыс неден болады? Қылмыстың ең бірінші себебі, міне, осы жүйкенің тозуынан болады. Адам өз әрекетін тежей алмауы салдарынан қоғамға зиян келтіретін істердің жетегіне түсіп кетеді. Бұл адамзат болған жердің бәрінде бар. Бола береді де. Енді қылмыс жасап алып, одан құтылып кету үшін де түрлі жолдар карастыратындар да бар. Оны жоққа шығара алмаймыз. Бізде де сондай істер болды. Бірақ артынан бәрі де өз шындығына жетіп жатты. Себебі мұнда олармен арнайы комиссия жұмыс жасайды. Лабораториялық тексерулер барысында өтірігі өрге озбай қалғандар немесе шынайы ауру екенін анықтап, сот органдарына жазбаша анықтама бергендерміз де жоқ емес.

– Біз намысқой халықпыз. Егер жақындарымыздың біреуі осы дертке шалдыға қалса мүмкіндігінше жасы-руға тырысатынымыз бар. "Пәленшенің түгеншесі жынды болыпты" деген алып-қашпа сөзден қашатынымызды жасырмаймыз. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Иә, ол жағын жоқ деуден аулақпын. Бар. Тіпті көп деуге де болады. Себебі көп аурулар бізге асқынған кезде келеді. Осы ауруға шалдыққан адамдарды басқаларға білдіріп алудан ұялamыз да алдымен көріпкел мен құшынашқа ала жүгіреміз. Осы арқылы емдеп сауықтырып аламыз келеді. Ал ол жандар ешқандай да медициналық тәндылыққа сүйенбестен қайдағы бір тәсілдер арқылы "Пері айналдырған екен", "Жын соғыпты" деген сияқты түрлі сұмдықты табады да ақыр аяғында ауруды жазбайды, керісінше асқындырып жібереді. Ауру әбден асқынып айналасындағы адамдарға қатер төндіретін дәрежеге жеткен кезде біздің мекемеге телефон шалады. Асқынған дерттің бетін қайтарудың өзі одан да қиын екені белгілі. Сосын бізді кіналайды, шындық, міне, осылай. Басқа ұлттар бұлай істемейді. Ауру белгісі байқала бастағанда өздеріне қажетті медициналық көмек алады. Дер кезінде ем қабылдағаннан кейін оны тез арада емдеп жазуға болады. Қарап отырсаңыз, қазір бізде емделіп жатқандардың дені өзіміздің қаракөз қазақтарымыз.

Енді бір жағдай – кейбір адамдар дәрігерге көрінсем оны басқалар біліп қояды да жұмыс орнын табуыма кесірі тиеді деп ойлайды. Әрине, бұл кате көзқарас. Біз тек сот орындары керек еткен жағдайда ғана жазбаша мәлімет береміз. Мен басында айттым – бұл жабық мекеме, бізге келіп тексерілген әрбір адамның аты-жөні құпия сақталады. Тіпті ем қабылдаушылар бүркеншік ат қолданамын десе де оған жол беріледі. Мысалы, туберкулез инфекциясы барлық адамның денесінде сақталатыны сияқты, жүйке ауруының қоздырғышы да барлық адамда болады. Сондықтан әр адам тексеріліп, дәрігердің кеңесін алып отырса жаман болмайды. Денсаулық саласында жұмыс істеп жүргендердің бәрі – еш пенде аурудың азабын тартпаса екен деп тілейді.

ҚҰСТАРДЫҢ ДА ТІЛІН БІЛГЕН

– Сіздердің емдеу тәсілдеріңіз қандай?

– Қазір шет елдерде де, бізде де негізінен фармакотерапиялық емдеу тәсілі қолданылады. Бұл дәрімен емдеу тәсілі болып табылады. Ол тек қана ауру белгілеріне бағытталған емдеу түрі. Мысалы, ауру адам қандай дыбыс естиді, көзіне не елестейді, соған сәйкес дәрі арқылы ем қолданылып, сырқаттың жүйкесін тыныштандыру арқылы сол елестер мен дыбыстардан арылту аясында қалыпты күйге көшіруге негіз қаланады. Соңғы жылдары елімізде психиаторға деген көзқарас жақсарып келеді. Бізге керекті дәрінің бәрі бар әрі тегін қамтамасыз етіледі. Біздің дәрілер ауруға толық көмек көрсете алғанымен, тағы бір жағынан жағымсыз жақтары да бар. Иә, біз қолданатын дәрілер жүйке ауруына жәрдем көрсеткенімен басқа дене мүшелеріне, мысалы, асқазан, ас қорыту жүйелеріне, жүрек қан тамырларына кері әсер етуі мүмкін. Соңғы кездері біз қолданып отырған дәрілердің 2, 3 ұрпағы шығып отыр. Олардың кері әсері өте төмен немесе жоқ деуге болады. Ал бұл дәрілер шет елдерден енгізіледі, бағасы да тым қымбат. Солай болса да, бұл азаматтардың денсаулығы үшін істеліп жатқан игілікті істер екенін ел біле жүруі керек деп есептеймін.

– Қазір шет елдерде жүйке ауруымен ауырғандар жайында арнайы ғылыми-зерттеумен шұғылданатын орталықтар бар. Оның үстіне тың жаңалық ашқан, тіпті Нобель сыйлығының иегері атанған ғалымдар көбейіп келеді. Ал біздің еліміздегі жағдай қалай?

– Өкінішке орай, қазір бізде бұл саланы арнайы зерттейтін ғалымдар жоқ. Ал зерттеу барысына келсек, барлық жүйке ауруларын емдейтін орындарда арнаулы зертханалар бар. Ауылдық емханаларда психиаторларымыз жұмыс істейді. Бірақ бұл орындар тек қана аурудың туындау себебі, оған нендей ем қолдану керек, ауру жазылғаннан кейінгі жағдайдағы тексеру жұмыстарымен ғана шектеліп отырған жағдайымыз бар.

Ал шет елдерде сонау XVII ғасырдан бастап бұл саланы арнайы зерттеумен шұғылданатын ғалымдар, психологтар, психиаторлар бар. Осыған қарай отырып, өзіміздің Еуропа, Америка елдерінен 150 жыл артта қалып қойғандығымызды байқаймыз. Мұны мойындау керек.

Қазіргі айғақтарға сүйенсек, осы ауру туралы зерттеу жүргізіп, нәтиже шығарған физиктер, биологтар, математиктер, атақты суретшілер өте көп. Жазушылардың арасынан, мысалы, Гогольдың қорқынышты әңгімелері, Жюль Верннің романдары, Оралхан Бөкейдің "Атау кере" повесін атауға болады.

Бізге көбіне оқыған, білімді азаматтар мен азаматшалар келіп жатады. Олармен әңгімелесіп отырып кейбір іске өзің де таң калмауға шарап болмайды.

Осыдан бірталай жыл ілгері бір студент жігіт келіп түсті. Ол:

– Ағa, мен бірнеше ұлттың тілін білемін. Аңдар мен құстармен сөйлесе аламын, – дейді.

Мен бірде: "Жапон тілін білесің бе?", – деп сұрадым. Ол калам мен қағаз алып, әлде бір ирек әріптерді жазды әрі оқыды. Құстармен де бұлбұл болып сайрап, қарға болып қаңқылдасты. Алайда, мен сенбедім. Сенбеген соң мән де бермедім. Қазір ресейлік академик, ерлі-зайыпты Тихоловтардың зерттеу еңбегін оқып отырып, соны еске аламын.

Кейін тағы бір ауру жігіт болды. Оның айтуынша, ол он неше адаммен соғысса да бірде-бір соққыны бойына дарытпайды екен. Себебі оның құлағына "Оң жағынан келді..." немесе "Сол жағында, артында..." деп әлде бір тосын күш сыбырлап тұратын секілді. Бір рет әдейілеп екі-үшеуіміз жабылып көрдік. Бірде-бір соққы тиген жоқ.

Міне, осы жағдайлардың бәрі адамды таңдандырады. Ал сондай адамдар туралы ішкерілей ізденуге біздің қазіргі материалдық шарт-жағдайымыз келмейді. Есі ауысып, қызбаға ұшыраса болды "Жынды" дейміз де, оны адамдардың тізімінен шығарып тастауға тырысамыз.

Жүйке ауруына ұшыраған жандардың, міне, осындай тосын қылықтары туралы ұзақ уақыт зерттеу жұмысын жүргізген американдық Станислав Гроф "Ұлы жаңалықтар адам психикасы тосын өзгеріске ұшыраған жағдайда пайда болады", – деп қарайды және бұл туралы керемет мағлұматтар келтіреді.

Еш рудың шежіресінде "жынды" болған деген мәлімет жоқ. Қайта, ата-бабаларымыз тағдырдың жазуымен осындай күйге ұшыраған бауырласын аялап, бағып күтіп, қатарға қосып отырған. Басын құрап ұрпақ өрбітуіне жағдай жасап келген.

– Біздің тарихи жазбаларымызда бақсылар, бақсы сарыны туралы керемет мәліметтер қалдырылған. Осыған сүйене отырып, бір кездегі ата-бабаларымыз бұл ауруды ауыздықтай алған деп қарауға болады. Ал дүниежүзі өркениетке бет алғанда біз қалайша артта қалдық?

– Иә, бұл қиын сұрақ. Әрі жауабы да кермек болады деп есептеймін. Бұған бірден-бір кінәлі – кеңес дәуіріндегі атеистік тәрбие. Былайша айтқанда, материя – бірінші, сана – екінші орында тұрады дейтін Маркстік көзқарастың кітелігінен болып отыр. Қазір физикалық, биологиялық заңдар өзгеріп жатыр. Неге? Бір кездегі материалистік көзқарас қазіргі құбылыстарға дұрыс жауап бере алмай калды. Адам маймылдан жаралды деп жар салдық, алайда, адам болған маймылды көрген ешкім жоқ. Материясыз сана болмайды дедік. Алайда, санасыз дүниенің болмайтынын бүгінгі күні көзіміз жетіп отыр.

Біздің тарихымызда керемет мәліметтер болғанымен, сол тұстағы көзқарастың кесірінен бәрінен айырылуға тура келді. Тіпті халықтық медицинаны тұрпайы түрде көрсету арқылы құнды мұраларымыздан айырылып қалдық. Ал бір кездегі халықтық емдеу тәсілін сақтап қалған қытайдың инемен емдеу тәсілі мен Тибет медицинасы қазір дүние жүзі бойынша алдыңғы орынға шығып отыр.

АДАМНЫҢ ЖАҢЫ ТАЗА БОЛМАСА...

– Соңғы жылдары балалар мен жастардың арасында жүйке ауруына шалдығатындардың саны көбейіп келеді. Мұның себебі неде деп ойлайсыз?

– Өмір қуаныш пен қайғыдан құралады. Адамдар өмірде көңілді шаттыққа бөленгендей, ауыр азапты күндермен де кездеседі. Бақытты кезімізде мәзмайрам болып, тірліктің дәззатын ғана ішеміз. Осы арқылы болашаққа деген мығым сенім орнатамыз. Үмітіміз бізді көп еңбек етуге жетелеп, табысқа жетуімізге мүмкіндік жаратып береді.

Өкінішке орай, адамзат өмірі қысқа ғана сынақ әлемінде үнемі көңілді өтпейді. Көптеген қиындықтар мен ауыртпалықтарға дөп келеді. Болашақтан үмітін үзіп, көңілге көленке түсірген істерден мезі болатын жағдайлар да жиі болып тұрады. Осындай себептерге байланысты ақылынан адасып, ойламаған жағдайларға кез келеді, қайғылы жағдайлар салдарынан азап-ауыртпалыққа шыдайтын күш-қуат калмайды, егер демеуші болмаған жағдайда күйреп кетуі де мүмкін.

Ал қазір бал ашып "тағдырды" болжайтын "болжамшылар" көбейіп кетті. Қайсы бірше сенерінді білмейсің. Әркім әртүрлі айтады. Бірі бет-әлпетіне қарап отырып "бай болады екенсің", – деп көңіліне демеу берсе, енді бірі құлазыған түріне карап "Басыңа пәле төніп тұр, сақтанғаның жөн", – дейді жаны ашып. Тағы бір білгірлер "Тағдырың қауіпті, Түркістанға немесе әулиелердің басына барып барып тәу етіп кайт", – деп сәуегейлікпен бағыт-бағдар нұсқайды. Міне, қасиетті қағидаларды ақшаның құлына айналдырып алғандардың алдамшылығы қанша адамды сандалтып жүр.

Бұдан өзге себептер де көп. Қоғамдық қайшылықтар жиілеген сайын отбасындағы түсінбестік, жетіспеушілік, ұрыс-керіс салдарынан кейбір адамдар ақыл-есінен адасып қалып жатады. Ол аздай, қазіргі жаһанданудың аздырғыш дерті де жастарды адастырып отыр. Оның салдарынан теріс жолға түскен, жастай өмірмен қош айтысып жаткандарды да осы қатарға қосуға болады. Діни секталарды да айта кету керек. Тіпті Отанынан, отбасынан, туыс-туғандарынан айырылуға дейін апаратын осы бір заманның аздырғыш дерті адамдардың дұрыс тіршілігін бүлдіріп, өмірден торықтырады. Ол үлға келіп теріс жолға түсуіне себепкер болады да, ал кейін ол жүйке ауруына шалдығады.

Тағы да бір жағдай – қазір әлемде ерекше талантты балалар(IQ) күн санап көбейіп келеді. Бұл мәселе төңірегінде шетел ғалымдары тексеру мен тәрбиелеуді бастап кетті. Ягни мұндай балалар біздің елде де көбейіп отырғаны анық. Сондықтан осындай ерекше дарынды балаларға да дұрыс көзқараспен қарап, басқа балалардан бөлек түрде тәрбиелеу барысын жүргізбесек, уақыт өте келе олардың арасынан да жүйке ауруларына шалдығатындар саны арта түсуі мүмкін. Бұл – үлкен апат.

– Төніп тұрған осы апаттан құтылудың жолы бар ма?

– Мысалы, Кеңес дәуірінде туберкулезді жойдық деп аттан салдық. Ал Индия бірнеше жылда осы дәурумен қырғын қалады деп жазып жатты. Қазір Индияда бұл ауру азайды да, бізде өршіп кетті. Себебі бардық аурудың төркіні адамның жан дүниесінде болатынын ғалымдар дәлелдеп отыр. Адамның жаны таза болмаса ауруға ем қонбайды. Егер санамыз емделмесе, мейлі канша түрлі ем қолдансаң да, ол дерт жазылмайды.

Академик Цилинников:

– Сен жүйке ауруына шалдықтың ба? Ең алдымен не істедің, біреуді алдадың ба, қулық-сұмдық, зорлық-зомбылық жасадың ба, өтірік айттың ба, орынсыз қызғандың ба, соны талда. Сонда ғана сен ауруының емін таба аласың, – дейді тілшілерге жүйке ауруының себебі туралы берген сұхбатында.

Сонда біреуі:

– Ал 3 - 4 жастағы сәбилер сіз айтқандарды әлі үйрене койған жоқ қой? – деп қарсы сұрақ береді.

Бұған академик:

– Ол әкесінің немесе шешесінің санасы арқылы балаға берілген дерт, – деп жауап берген екен.

Бұл пікірді біз жеңіл қабылдай алмаймыз. Себебі, мен, жоғарыда айтып кеттім, "қазір нарық экономикасында жасап отырғанымызбен, біз дүниеге кезіндегі Маркстік көзқараспен қарауға дағдыланғанбыз. Сондықтан сол атышулы көзқарастардан арылып, осы дәуірге сай ойлана алатын өреге жеткен кезде ғана жүйке ауруын болдырмауға, болған жағдайда санын көбейтпеуге мүмкіндік тудыруға болады. Елбасымыздың үнемі "Алдымен көзқарасты өзгертейік", – деп қадап айтатыны да осыған байланысты деп ойлаймын.

– Қазір неше түрлі ағымның ортасына келеміз. Дәуірге сай, бізге де үйлесімдісі қайсы дер едіңіз?

– Ислам діні және Құран Кәрім деп ойлаймын. Қазір жапон елінің ғалымдары Құран Кәрімнің кез келген қоғамдағы өзгерістерге дұрыс жауап бере алатындығын дәлелдеп, әрі өздері де осы діңге кіріп жатыр. Біздің ата-бабаларымыздың осы ұлан-байтақ дала-ны қорғауына, елді бір тудың астына ұйытуға күш-жігер берген де осы ислам діні мен Құран Кәрім. Сондықтан тәуелсіз еліміздің өркендеуі үшін де басқалардан ақыл сұрамай-ақ керегімізді осы қасиетті кітаптан іздесек таба аламыз.

– Әңгіменізге көп рахмет. Әрине, біз бүгін жүйке ауруы туралы ғана ой бөліскен болдық. Бірақ мұнымен осы тақырып аясындағы бар айтарымыз бітken жоқ, әлі де кездесетін боламыз.

Әңгімелескен Қажет АНДАС.

Туберкулез инфекциясы барлық адамның денесінде сақталатыны сияқты, жүйке ауруының қоздырғышы да барлық адамда болады. Сондықтан әр адам тексеріліп, дәрігердің кеңесін алып отырса жаман болмайды. Денсаулық саласында жұмыс істеп жүргендердің бәрі – еш пенде аурудың азабын тартпаса екен деп тілейді.

■МЕРЕЙ

БІРЛ
О

Дана Абай ба
ата-анадан
татып ескерсе, ду
сондайдан білгені.
Естілердің айтқан
болады. Әрбір е
естілерден естіп, б
дегеннен сақтанс
болады» деген ек
зейнетін көріп от
Әжібаев. Кезінде
осыдан елу жыл бұ
отбасын құрған-д
бір немере мен б
Бақыты баянды,
жарасты отбасы.
әңгімелері де өзгеш



Шолпан ЖҰМА

– Ұлы Отан соғысы
жылдар 1942-нің мам
Талдықорған облысы,
ауданы, Доланалы ауы
иеге келіппін. Алты
мектепке бардым. Ол
дық мектептің барлығы
дық болатын. Бір ата
ұл болғандықтан тоғыз
тан кейін сырттай о
келді. Оның үстіне э
көмектессем деген ниет
ке ерте араластым.
алғашқы еңбек жолд
шіліктен бастадым. Ко
жүргізбеген көлік жо
болады. Машинеңнің ба
меңгердім. Кезінде
кадан» бастап едік,
лардың арқасында «Д
жүрмін. Әкем соғыск
адам. Елде де еңбек
азаматтар керек деп
алып қалыпты. Кол
ағаның орынбасары бо
істеді. 1968 жылы қай
туған шешем мен үш
танда өмірден озыпты.
анам туған баласын
бауырына басты. Жалп
нің елу жасқа келген
ұлымын. Оның үстіне ж
Сондықтан, менің ерте
тура келді, –деп өткен
елегінен және бір өткіз
ғали ағa әңгімесін жал
– Он алты жасқа
әкем "Алла тағалдан
ғұмыр беретінін қайд
көзімнің тірісінде не
кетейін" деп өтініш д
қоймай қалыңдықты д
берді. Көрші ауылда
дәмдес болған Дүйсе
жақының бар екен. Со
көрдім, әке-шешесі к
Өзің барып көріп кел, –
токсан айының бір к
ағам екеуміз елу шақыр
ауылға ат-шанамен ба
кене қара домалақ қыз
ман емес. Ұнады. Өз
құрдас . Сонымен мам
алып қайттық. Міне,
елу жыл өтті. Бір о
түтінін түтетіп, ұл ө
ұзатып, үлкен шаңырақ
қалдық. Үлкеннің тілі
жаман болмадық. Әке
мересін көріп, алдына
деп өтті.
Мен үкіметтің жұм
көрмедім. Ылғи ат үс
дік.Талдықорған қал
зоовет техникумды сыр
ген соң 1969 жылы обл
шаруашылығы басқар
асылдандыру бөлімше
бастығы болып келд
кітапшамда жалпы е
жуық еңбек өтілі бо
жиырма сегіз жылы о
арналыпты. Өкінішке
зейнеткерлікке шыққа
бәрі іске жарамай қал
ыдырап, әркім еңбегіне
алып шыққан тұста м
беме бұйырған жер ме
болып, жеке шаруа қ
құрдым. Кенже ұлым
орайластырып «Ерлан
дық. Екі жүз гектар
арпа, бидайымызды
жаңға шөбін дайында
даған техника бар. Бал
болып көбінде сонда
Осылайша, біреуден іл
ден кейін күн кешіп жа
мыз бар.
Кей кездері үлкен
ренжіп, өткен күнге
біліріп жатады. Қар
өткеннің бәрі тарих
өшіріп тастауға әсте
Кеңес уақытында да жа
көп болды. Адал ең
партия бас тап, өсіріп
Қолынан іс келсе көте
Қазіргі кездегідей ақ
заман емес еді. Тәрті
дегенге үлкен мән бері
уақыттың да молшылы
жоқ. Мысалы, өз басы
дәуірінде талай жер
таттым. Ел көрдік, жер
Мәскеуде бірнеше р
қатыстық. Еңбек ада
құрмет зор-тын. Ақ қой
біздің Сарыбұлақ бол
тұқымды қойды облы
жер-жерден келіп ал
ел. Соның бәріне анық
жазып беретінмін. Әке
шешесі мынадай, мын
береді, бәленше ди
береді деп. Кезінде б
ғана қой-қозысымен
мынға баратын. Ота
жылқы, шошқаны жә
Мал асылдандыру дете
біндегі ең өзекті мәсел
қажетті дәрі-дәрмек қ

САНАҚТЫҢ СӘТТІ ӨТУІ

сіз бен бізге байланысты

Халық Санағы 2009 Перепись Населения

Жуық арада Қазақстанда тағы да бір халық санағы өтеді. Деректерге сүйенер болсақ, 25 ақпан мен 6 наурыз аралығында өткізілетін санақ – қазақ жерінде өткізілгелі отырған он бірінші санақ көрінеді. Ал еліміз тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет аталғалы бұл екінші рет өткізілгелі отыр. Ел өмірінде елеулі орын алатын жауапты науқанға дайындық жұмыстары бойынша облыстық статистика басқармасының бастығы Бегім ТӨЛЕПБАЕВ мырзаны әңгімеге тартқан едік.



Шолпан ЖҰМАДІЛОВА, «Жетісу»

ТІЛШІ: – Бегім аға, бүкіл ел болып еленген отырған ІІ Ұлттық санаққа дайындық қалай жүріп жатыр. Санақ қанша елді-мекенді қамтиды, қанша бөлімше құрылды, қанша адам тартылмақшы?

Б. ТӨЛЕПБАЕВ: – Облысымыздың аумағы кең, жері үлкен. Нақтырақ айтсақ, облыста 777 елді мекен бар. Бүтінгі таңда санаққа байланысты 187 бөлімше құрылды. Сол бойынша бөлім меңгерушісі белгіленді. Бұлардың қарамағында нұсқаушы және әр нұсқаушыға төрт есепшіден беріледі. Демек, бір бөлімде сегіз нұсқаушы, төрт есепші болады. Барлығы 187 меңгеруші, 1483 нұсқаушы, 6026 есепші халық санағын жүргізуге атсалысады. Олардың барлығы арнайы курстан өтті, жұмыстың маңыздылығы мен қашалықты жауапты екендігін түсінеді. Өздеріне жүктелген шараларды жоғары дәрежеде атқарады деп сенім артып отырмыз.

24 ақпаннан 25-не ауған түні есепшілер өз жұмыстарын бастап кетеді. Әсіресе, халық көп жүретін автовокзалдар мен вокзалдарда бізбен есепшілер отырады. Ұзақ уақытқа жол жүріп бара жатқан жолаушылардың еркі бойынша есепке алып қолдарына өткендігі жөнінде қағаз беріледі. Сондай-ақ, жолаушылап келген азаматтар: – Үйге келмей-ақ қойындар, осы жерден өте салайын деп, тіпті біздірсе ондай азаматтарды да сол жерде есепке алады. Санақ парағы толтырылады.

ТІЛШІ: – Ауылда тіркеуде тұратын жұртшың көпшілігі жаңбағыс қамымен қалада жүр. Сондай азаматтар санақтан қалыс қалмай ма? Қала маңайындағы саяжайды пана етіп жүрген бауырларымыз және бар. Оларды түгендеу жағы қалай қарастырылған?

Б. ТӨЛЕПБАЕВ: – Олар санақтан қалып қоймайды. Әрине, облыстың барлық аумағынан Алматы секілді үлкен қалаға келіп жұмыс істейтіндер, үй салып жатқандар мен пәтер жалдап тұрғандар көп. Сіз айтып отырғандай олардың тіркеуі ауылда болуы мүмкін. Осыған байланысты санақ парағында : «Сіз осы елді мекенде тұтынған бері тұрасыз ба?», «Алдыңғы тұрған жеріңіз?», «Қазіргі тұрған орнынызға келген уақытыңыз?»-дегендей арнайы сауалдар берілген. Егер қазіргі уақытта тұрып жатқан мекен-жайында бір жылдан аса тұрса сол бойынша есепке алынады. Қала маңындағы саяжайларда тұрып жатқандардың да сол тұрып жатқан жері көрсетіледі. Бұл ретте және ескерте кететін басты нәрсе ешкімнен жеке басын куәландыратын құжат, болмаса үйдің құжаты секілді қағаздар сұрамайды. Есепші тек қана әрбір айтқан адамның жауабын алады. Қалай жауап берсе, солай санақ парағы толтырылады. Сондықтан, кез-келген адам шындығын айтып, әділ жауап береді деген сенімдеміз.

ТІЛШІ: – Санақ парағында 45 сұрақ қамтылыпты. Егер тұрғындардың жас ерекшелігінің әрқалай екендігін ескерер болсақ, жасы келген қарттар үшін оған жауап беру қиындық тудызбай ма?

Б. ТӨЛЕПБАЕВ: – Олай болмайды. Санаққа дайындық жұмысы қаңтардың 5-нен бері жүргізіліп жатыр. Демек, есепшілер

1897–1989 жылдар аралығында жүргізілген санақтардың қорытындысы бойынша қазақтардың саны: (мыңдық есеппен)

1897 жыл – 3, 787. 1911 жыл – 4,692. 1926 жыл – 3,968. 1939 жыл – 3,099. 1959 жыл – 3,581. 1970 жыл – 5,299. 1979 жыл – 6,556. 1989 жыл – 8,135. 1999 жыл – 8 миллион 374 мың. Бұл республика халқының 53 пайызы. Жалпы саны – 15 миллион 800 мың болған.

өздеріне тиісті аумақта алдын-ала болған. Санақшылармен танысқан. Егер санақ парағын толтыру кезінде қиындық тудыратын сұрақтар болса есепші санақшыға көмек береді, түсіндіреді. Жалпы, санақшыға қандай уақыт қолайлы, ол санаққа үйінде отырып қатыса ма, әлде санақ бөлімшесіне келіп қатыса ма өз еркі. Ол үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылып, толықтай жағдай жасалып отыр. Аудандық газеттер арқылы бөлімшелердің телефон нөмірлері көрсетілген. Қоңырау шалып тілегін білдірсе, санақшының қалауы бойынша есепшілер қызмет көрсетеді. Біздің мақсат санақтан ешкімнің қалыс қалмауын қадағалау, тізімге алынуын қамтамасыз ету. 6 наурыздан 15 наурызға дейін есепшілер өздеріне берілген аумақ бойынша тағы да бір қайталау, қорытынды жұмысын жүргізеді. Қалыс қалғандар бар ма, жоқ па түгендеп шығады.

ТІЛШІ: – Алдыңғы санақтан бұл санақтың басты ерекшелігі неде, қандай өзгерістер мен артықшылығы бар?

Б. ТӨЛЕПБАЕВ: – Әрине, он жыл бұрынғымен салыстырғанда облыс халқының саны өспесе кемігең жоқ. Еліміз егемендігін алғалы бері шет жерлегі қандастарымыз ата жұртына қайта оралуда. Бұрынғы санақ парағында 18 сұрақ болатын болса, қазір осындай жағдайларды ескергендіктен 45 сұрақ беріліп отыр. Сұрақтар бұдан да көп болған. Талқылауға түсіп, ойланып, екшелене келіп 45-ке түсті. Бұл 45 сұрақтың артында мыңдаған сұрақ тұр. Яғни, халықтың болашақтағы тағдыры тұр десек қателеспейміз. Бұйырса, санақ нәтижесі бойынша елдің әл-ауқатының қаншалықты өскендігін, қаншасы жоғары білімді, қай ауылда газ жүргізілген немесе қайсы ауылда су, мектеп, балабақша, жол жоқ. Қай жерге аурухана керек?, деген секілді мыңдаған сауалдарға жауап алатын боламыз. Бір сөзбен айтсақ, еліміздегі демографиялық өсімге қоса, әлеуметтік жағдайды, тұрмыс-тіршілікті зерделеуге мүмкіндік аламыз. Бұл болашақта Үкіметтің жаңа заңдарды қабылдап, кейбір қауылдарды өзгертуіне де өзіндік септігін тигізеді деген үміттеміз.

Санақтың басты ерекшелігі – әрбір санақшының берген жауабы сол күйінде қалдырылады да, компьютерге енгізген кезде аты-жөнін алып тастайды. Демек, азаматтардың құпиялылығы сақталады. Сол үшін есепшілерден әрбір санақ парағын сауатты толтыруды, бүктемей, мыжымай таза ұстауды талап етеміз және өз кезегінде санақшылардың да шынайы жауап беруін өтінеміз. Өйткені, толтырылған санақ парағы сканер бойынша бірден компьютерге енгізіледі, екінші рет қайта терілмейді.

Сондай-ақ, бұл санақ сұрақтардың көптігімен де ерекшеленіп отыр. Атап айтар болсақ, тілді меңгеру деңгейін анықтау мақсатында «Ағылшын тілін қалай меңгересіз?» – деген сауал болса, «Қандай компьютерлік бағдарламаны қолдана аласыз?», «Сіз оралмансыз ба?», «Сіз жүргенде, естігенде, көргенде, сөйлегенде қиындықтар көресіз бе?», тағы басқа да жаңа сұрақтармен толықтырылған. Сондай-ақ, тұрғын үй жағдайына байланысты қосымша тағы бір санақ парағы бар. Онда: үйіңіз қай жылы салынды, қандай құрылыс материалы пайдаланылған, суыңыз бар ма, от жағасыз ба, газ тартылған ба? – дегендей сұрақтар қойылған. Демек, осындай сауалдар арқылы қазақстандықтар қандай үйде тұрып жатыр? деген сауалға толық жауап алатын боламыз. Кейін бұл жеке-жеке жіктелін, сол бойынша тиісті органдар арнайы бағдарлама жасайтын болды.

Бүгінгідей қаржылық дағдарыс алқымнан алып тұрған шақта мемлекеттің қыруар қаржы бөліп, Ұлттық санақтың өткізілуіне ерекше мән беріп отырғанын кез-келген азамат дұрыс түсінуі қажет деп ойлаймын. Оған әркімнің атсалысуы азаматтық борышын өтегенмен бірдей дер едім. Демек, санақтың сәтті өтуі Сіз бен Біздің белсенділігімізге, берген жауаптарыңыздың шынайы әрі туралығына байланысты. Ендеше, барлық азаматтардың санақтан қалыс қалмай қатысуларын сұраймыз.

ТІЛШІ: – Ашық әңгімеңіз үшін рахмет. Санақтың сәтті өтуіне тілекшіміз!

● ОҚУ-БІЛІМ БАР ЖҰРТТА...

ТӘРБИЕ БАСТАУЫ – БАЛАБАҚША



Ғұлама ғалым әл-Фараби: " Адамға тәрбие бермей тұрып, білім мен ғылым үйретсеңіз, ол жасаған ортасына апат әкеледі", – деп жазыпты бір трактатында. Бұл нені білдіреді? Әлемде екі мыңнан аса халық бар делінсе, олардың әдеріне тән өмір сүру қағидасы бар. Ал тәрбие, міне, осы халықтық негізді бекемдеу үшін жұмыс атқарады. Егер кімдекім өз ұлтының құндылықтарын терең меңгермесе, онда үйренген білім мен өнерді адамдардың қасіретіне жұмсайтын болады. Бұл дәлелденген шындық.

Біздің ұлттық тәрбие үрдісімізде жан, тән, діл терең үйлесім тапқан. Ата-бабаларымыз оның құпиясын жете меңгере отырып, баланы бесіктен бастап тәрбиелеуге ден қойды. "Тәрбие басы – тал бесік" деген міне осы. Тарихымыздың би-батыр, шешен-шежірелермен өрілетіні, жауынгер халық болғанымыз, аланатты жылдардың өтінен аман-есен өтіп, тәуелсіздікке жеткеніміздің бір ұшы осында жатыр. Мақтанғанымыз емес, қазір біздің халықтық педагогиканы әлем мойындай бастады. Әлі де біздің үйренгісі келетіндердің саны көбеймесе, кемімейді. Біз көшелі өмірден отырықшылыққа көшкелі озық тәрбие үлгісін де қолдана бастадық. Ол – балабақша тәрбиесі. Қазақ даласында алғаш шаңырақ көтерген балабақшалардың өзі бірталай жылды еңсеріп тастапты. Соның бірі, жетпіс жылдан астам тарихы бар Талдықорған қаласық №1 балабақшасы.

Қажет АНДАС, "Жетісу"

Тарих ізімен...

Аталмыш балабақша 1936 жылы ата-аналары ауылшаруашылық жұмыстарында, өндірісте, денсаулық сақтау және білім беру саласында қызмет ететін балаларға арнап ашылған болатын. Бөбек жайға 2 айдан 3 жасқа дейінгі балалар қабылданған. Бұл жылдары қаладық білім басқармасының қарамағында болды да, қала әкімі азды-көпті көмек көрсетіп отырды. Енді бірі, сол жылдары осы орында жұмыс істеген тәрбиешілердің қажырлылығы, – дейді осы орында ұзақ жыл жұмыс істегендер.

Олардың ақысыз жұмыс істегені мен балабақшаның жетіспей жатқан жерін өз есептерімен толықтап, осы бір шаңырақтың ауыздағы аталардың ақылы мен апалардан алған өнегесің нәтижесі, –деп қарайды. "Еңбегі бардың өнбегі бар" демекші, тәуелсіздіктен бергі жаңаша түлеген балабақшаға қада тұрғындары "Кіші Швейцария" деп жайдан жай баға бермегені анық. Меңгерушінің ендігі жоспары – ойын-құрылғыларын жаңаша үлгіде жаңғырту. Бұл жұмыстардың да қала әкімі жағынан қолдау тауып отырғаны бидік.

Жыл өткен сайын кемелденіп, тәрбие жұмысы жүйелене бастаған бақшаның бала саны да арта түсті. Отыз жылдық еңбек өтіл бар тәжірибелі педагог Гүлбану Зайнуллина меңгеруші болып тағайындалған соң, тәрбие жұмысы да жандана түсті. Қазір мұнда қазақ-орыс тобы аралас болғанымен, қазақ ұлтына тән дәстүрлі тәрбие жүргізіледі. Бала алғаш бақшаға бара салғанның бастап "Сәлеметсіз бе, апай!", "Үйге қайтуға бола ма?", – деген сияқты қазақша сәлемдесу жоралғысын үйренеді. Мерекелік шараларда бардық топтағы балаларға қазақша ән айту, би билеу міндеттелген. Мерекелік киімдер қазақи үлгімен тігілген. Тағы бір айта кетерлігі, бақшаға келетіндер негізінен қалада туып-өскен, оның үстіне мемлекеттік қызмет істейтін отбасындардың балалары болғандықтан оларға халқымыздың дәстүрі мен төрт түлік малға қатысты тақпақ үйретіледі. Бұл сәбилердің ата-баба дәстүрінен сусындап өсуіне терең мәнділ бар. Оның үстіне, орыс тобына қазақ тілі тәрбиешілерінің үйретілетіндіктен басқа ұлт балаларының мемлекеттік тілді кішкене күннен бастап меңгеруіне жағдай жасалған. Ал жоғары топтарға ана тілі, математика, сурет салу, ән, ағылшын тілі сабақтары қосымша беріледі. Сонымен бірге, спорт және өнерге бейімі бар балалардан үйірмелер де ұйымдастырылған. Бұл олардың бастауыш сыныптарда қиналмай, бірден бейімделіп кетуіне және келешек мамандық таңдауына мүмкіндік береді. Иә, үлкендер кейде бір кездегі жақсы күндерін армандап жатады. Мұны жоққа шығармаймыз. Алайда, ол кезде жақсы жағдайды өзге ұлттың ұрпағы ғана көре алатындығы жасырын емес еді. Сол тұстағы тәрбие де кеңестік идеологияға жұмыс жасайтын. Ал қазір "төрт түлігіміз сай" деп айтуға ерте болса да, тәуелсіз Қазақстанның ертеңгі болашағын тәрбиелеп жатқанымызға мақтанғымыз келеді.

Бүгінгі №1 балабақшаның тыныс-тіршілігі адамды қызық сезімге бөлейді. Ондағы сәбилердің риясыз күлкісін естісең. "Ата-ананың сені өсірген еңбегін, баланы адам етіп тәрбиелеу арқылы қайтарасың" – деген сөз ойына оралады. Біз осы даланы еншіге қалдырған ата-бабаларымыздың ерлігін, келешек ұрпақты ұлағатты етіп тәрбиелеу арқылы өтейміз.

Иә, жасыратыны жоқ, қазір көптеген балалар ата-анасына байлау болып отырғаны анық. Ал өткірылып жатқан істер де қомақты. Бес сауқасқын бірдей ауызға симайтынды сияқты, ақырында бәрі де болады. Адамзы қуантатыны, саны аз болса да қазіргі балабақшадағы тәрбиенің негізі қазақстандық өркениет үшін жұмыс жасайтыны. Осы ретте, балабақша салып, ата-аналардың ризалығын алу мен елдің өркендеуіне үлес қосудың өзі имандылықтың үлгісі екенін ауқатты азаматтар елеусіз қалдырмаса дейміз.

СУРЕТТЕРДЕ:
- **Меңгеруші Гүлбану ЗАЙНУЛЛИНА.**
- **Тәуелсіз елдің бақытты балалары.**

Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

● ДАҒДАРЫСҚА – ТОЙТАРЫС

«АСАБАА» СЕРІКТЕСТІГІНІҢ ПІНДІ ҚАДАМЫ

Халықты үн және ұнмен жасалған тағамдармен қамтамасыз ету бір жүйеге келтірілген. Облыс басшыларының астық тасымалын табысты түрде ұйымдастыруының арқасында өзіміздің жетпей жатқан бидайды «Азық-түлік корпорациясы» акционерлік қоғамы мен солтүстіктегі облыстардан алуға келісімшарт жасалынған. Күз айынан бері Солтүстік Қазақстаннан сұранысты толық қанағаттандыратын азықтық бидай тасымалданды, – дейді «Жетісу-нан» тұрақтандыру қорының басшысы Серікқазы Рақжанов. Оның біраз бөлігін «БайсеркеАгро», «КазАгрофуд» және «Үштөбе» ұн комбинаты өз қаржыларына жеткізген. Бүтінде қоймада 1335 тонна астық, 1,5 мың тонна ұн сақтаулы. Тек «Жетісу-нан» тұрақтандыру қоры арқылы жыл басынан бері 2 мың тонна астық жеткізілін, халықтың тұтынуына ұсынылған.

Гүлжан ТҰРСЫН "Жетісу"

Жүйелі жүргізілген жұмыстардың арқасында облысымыздың елдімекендерінде нанның бағасы тұрақтанды. Диірмендер мен наубайханалардың тоқтаусыз жұруіне жергілікті әкімшіліктер бар мүмкіншілікті жасауда. Жекелеген кәсіпкерлер де халықты ас атасымен қамтуда белсенділік танытуда. Мәселен, Асқар Барманбеков басқаратын «АСАБАА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі солтүстіктегі облыстармен келісімшарт жасасып, диірменді өз күшімен жүргізді. Тарата айтар болсақ, Асқар Күнтайлақұлы Солтүстік Қазақстан облысының астық өсірушілерімен бизнестік келісім жасайды. Қолма-қол төлейтін қаржысы болмағандықтан жауапкершілігі шектеулі серіктестік басшысы астық берушілерден бидайды қарызға алуға келіседі. Өнім сатылғаннан кейін астықтың ақысын төлейді де тағы да қарызға әкеледі. Міне, қиындықтан жол табу деп осыны айтыңыз. Оның жұмысына қалалық әкімшілік те үлкен қолдау көрсетуде. Бұл орайда қала әкімінің орынбасары Ермек Алпысов «АСАБАА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үнды басқалардан арзан бағада қойып отырғандығын айтады. Олар наубайханаларға 1 сұрыпты ұнды 49 теңгеден таратпақшы. Наубайханалардың жұмысына қолдау көрсету мақсатында әкімшілік оларға коммуналдық қызмет ақыларды арзан бағада төлеуге жағдай жасаған. Талдықорғанда барлығы жиырма шақты наубайхана қаланы және қала маңындағы ауылдарды нанмен қамтамасыз етуде. Жалпы қала бір тәулікте 20 тонна ұн тұтынады екен. Серіктестік басшысының айтуынша, бүгінде қоймада барлығы 340 тонна астық сақтаулы. Ол біртіндеп ұнға айналдырылып, сұраушыларға сатылуда. Ұн бағасы қымбат емес. Мәселен, жоғары сұрыпты ұнның 50 келілік қаптағысы 3000 теңгеден, ал 25 келелігі 1525 теңгеден саудалануда. Тауардың тоқтаусыз өтуін ұйымдастыра білген «АСАБАА» ұнды 10, 5, 2, 1 келілік ыдыстарға да салып сатады екен. Шағын қаптағы 10 келілік ұн 620-750 теңгеден саудалануда. Ал, 2 сұрыпты ұнның үлкен қаптағысы 2000 теңгеден саудалануда. Бұл орайда диірмен кебекті де қала тұрғындарына келісін 13 теңгеден өткізіп отырғанын айта кеткен жөн.

– Арнайы келгеннен кейін цехтың жұмысымен танысыңыздар, – деді серіктестік басшысы бізді диірменге бастап бара жатып. Үш қабатты диірменде жұмыс қызу жүріп жатыр. Жас жігіттер ұн қаптап, тасып, қондырғылардың бірқалыпты жұмыс жасауын қадағалауда. Темір баспалдақпен үшінші қабатқа көтерілдік. – Мұнда жаңағы айтқан 340 тона астық сақтаулы, – деді Асқар арнайы тесіктен бір уыс бидайды алып, алақанына салып. Бидай ірі көрінді. Бүйірі тоқ екен. – Бұл – жуылып, кептірілген бидай. Тағам таза болу үшін алдымен ұшырып, қоқымынан тазалаймыз. Сонан кейін астық ұнға айналдырылады. Яғни, бидай тартылады. Екінші қабаттағы түріктің «ЕНКОМАК» фирмасы шығарған қондырғы ұнды бірнеше сұрыпқа бөліп, електен өткізіп түр. Кәдімгі үйдегі елеуіш сияқты. Екі жаққа кезек қозғалған қондырғы ұнды кебегінен айыруда. Ал ең төменгі қабаттағы қатарластыра қойылған темір құбырлар қайта өңделген өнімді арнайы қаптарға салуға арналған. Мұнда да оншақты жігіт жұмысқа тартылыпты. Лыпып тұрған жастардың бірі қаптың аузын үстап, тауардың ысырапсыз салынуын қадағаласа, екіншісі оны арқалап, арнайы орынға жинауда. Ол жерге келген шағын көлік қаптарды алдындағы көтергішке тиеп, қоймаға тасымалдауда. Қойма іші кебу. Кең бөлмеде тауар аса ыждағаттылықпен жиналған.

Келесі бас сұққанымыз – наубайхана. Дайын өнім дүкендерге жіберілуге арналып, ағаш ыдыстарға тізбектелуде екен. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік басшысы бұл жердегі жұмыстың барысын да жанжақты түсіндіруде. Есігі арнайы өйнектен жасалған, бумен жылыту орны. Нанның жағдайын сырттан бақылауға болады. Бұл жер нанды пісірердің алдында қамырды жылы жерде ұстап, көтерілуін қамтамасыз етуге арналған. Томпайып, бабына келіп пісірілген нан жеңіл де жұмсақ болатыны тәжірибеден белгілі.



«АСАБАА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бастығы Асқар БАРМАНБЕКОВ.

Аппақ ұннан, сап-сары болып пісірілген тағамның иісі мұрыңды жарады. «Жарықтықтың иісін айтсаңшы», –дейміз біз де тамсанып. Мұнда ішіне небір тәттілер, дәмдеуіштер қосылған тоқаштар да менің дәмімді татшы, дегендей тәбетіңді ашып, тамсандырады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жаңадан ашқан наубайханада 13 түрлі нан-тоқаш өнімдері пісіріледі. «АСАБАА» 650 граммдық «әлеуметтік бөлке нанды» дүкендерге 40 теңгеден сатады. Кәсіпорынның технологы Бақытжан Исаевтың айтуынша бүгінде «әлеуметтік нан» мен кебекті нан үлкен сұранысқа ие. Мәселен, бір тәулікте «кірпіш» нанға 700 данаға сұраныс түссе, кебекті өнімнен 600 дана сатылады екен. Кәсіпорынның өнімі қаладағы 12 дүкенде саудаланууда. «АСАБАА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің негізі 2005 жылы қаланған. Бірақ, қаржылық қиындыққа байланысты диірмен жұмысы соңғы бір жылда тоқтап тұрды. Кәсіпорын басшысының істі ұйымдастыра білуінің арқасында қайта жанданды. Мына бір қаржы дағдарысы деген қиын кезде ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеуге білек сыбана кіріскен Асқардың ісі күптарлық-ақ жайт. Серіктестікте барлығы 20 шақты адам жұмысқа тартылған.

Олардың айлық еңбекақысы 30–35 мың теңгенің көлемінде.

Кәсіпорын басшысы жастарды жұмысқа тартуға, оларды үйретуге ерекше мән беріп отырғанын айтады. Өзірге іс тетігін шешуші мамандар саусақпен санарлық. Олар: Асқар Мұқанов, Ердәулет Ерғалиев, Люба Бодаева, Рүстем Сылымбеков сынды өнеркәсіп орнының тынысын реттеушілер. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік тәулігіне екі рет түсте және кешкі асты жұмысшыларға тегін беруде. Бүгінде оларда екі автокөлік бар.

«АСАБАА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қиындықтан жол тауып, өнім шығаруды жолға қойды. Халықты жұмыспен қамтуда. Өздері нан-тоқаш өнімдерін шығарып қана қоймай қала наубайханаларын арзан үнмен қамтамасыз етпекші. Көштің жүре түзелетіні сияқты кәсіпорынның алға қойған мақсаттары біртіндеп іске асары сөзсіз.





Суреттерді түсірген А. ҚАЖЕКЕТ. Жаңа піскен тоқаштар.

Қазақстан -2030

● ОҚУ-БІЛІМ БАР ЖҰРТТА...

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЕЛЕС ЕМЕС, АҚИҚАТ

Талдықорған политехникалық колледжінің күні ерекше аталып өтті



Суретті түсірген Асхат ҚАЖЕКЕ

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ

Егер физиканың «Жоқтан бар болмайды, бар зат жоғалмайды» деген қағидасына сүйенетін болсақ, бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің тың серпінмен алға жылжып бара жатуының себебі де қазақ халқының өнер кеншінде, жатса керек. «Кел, балалар, оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық» деп басталатын ұлттық білім беру бұдан кейінгі жастардың шоқтықты тәрбие алып, ел іргесін бекітуге күш-жігер беретіні хақ. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «... Біз білім беру жүйесін нарық ұстанымдарының талаптарын ескере отырып, дамытуға жаңаша жағдайлар жасай алдық» дегені аталмыш саланың болашақтағы бағытын көрсетеді. Қазіргі замана көші алға озған сайын ғылым мен білімге деген талап күн санап өсіп келеді. XXI ғасыр – білімділер ғасыры. «Айшылық алыс жерден жылдам хабар алынған» техникалық құралдықтар үстемдік құрған кезеңде ақылды машиналардың «тілін» білу – өмірлік қажеттілік.

Осыған орай, бүгінгі уақыттың тамырын тап басып, еңбек нарығындағы нақты талаптарға жауап бере алатын мамандар даярлауда Талдықорған политехникалық колледжі өзге әріптестерінен оқ бойы озық келеді. Мұның себебі, біріншіден, аталмыш оқу орнының 73 жылдық тәжірибесінің нәтижесінде болса, енді бір жағынан, профессор, колледж директоры Мұзаппар Шыныбаевтың шебер ұйымдастырушылық және басшылық қабілетінде жатыр.

Аталған колледжде студенттердің білімі мен біліктілігін арттыру бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар аз емес. Күнделікті оқыту жұмысындағы жаңа тұстарды айтпағанның өзінде, кең көлемде ұйымдастырылған шаралар колледждің жарқын келешегін көрсеткендей. Соның бірі – колледж күніне арналған мерекелік шара.

Аталмыш білім ордасы «Колледж күнін» жыл сайын атап өтеді. Мұндағы мақсат – осы шара аясында бір жылдық жеткен жетістіктерді қорытындылап, алдағы күнде атқарылатын игілікті жұмыстардан жұртшылықты хабардар ету.

Биылғы шара колледж стадионында бастау алды. Алдымен сахнаға көтерілген колледж директоры қонақтар мен студенттерге колледж тарихы мен жеткен жетістіктері және шараның маңызы мен басым тұстарын таныстырып өткен соң, көпшілік студенттер дайындаған салтанатты шеруді тамашалады. Оған арнайы шақырылған қалалық мәслихат аппаратының бас маманы Серікжан Бабашев, қалалық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Әділет Рымтайұлы, "Балдәурен" балалар шығармашылық орталығының бөлім меңгерушісі Құралай Мұхамедчина бастаған әділқазылар өз бағасын беріп отырды. Салтанатты шеру мамандықтарды негіз ете отырып ұйымдастырылған. Дене тәрбиесі, құрылыс өндірісі, электрлендіру, экономика, жол қозғалысы, автокөлік транспортын жөндеу, есептеу машиналары, есептеу техникасы, телекоммуникация жүйесі, тамақ өнімдері өнеркәсібі мамандықтары өз салалары бойынша шағын сахналық көріністер көрсетті. Осы арқылы бар мамандықтың халық тұрмысы мен өндіріске қатысты екенін дәлелдеуге тырысты. Әр мамандық иелері сахна төріне көтерілгенде факультет бойынша жақсы жаңалықтар ашқан ұстаздар мен студенттер таныстырылып отырды.

Осыдан кейін көпшілік «Біз ғасырдың өлім тұзағына қарсымыз» атты студенттер акциясына қатысып, ғасырдың дертіне айналған спирттік ішімдік пен есірткі салдарынан ойран болған тағдырларға қатысты ой-пікірлерімен бөлісті. Кәсіби білім берумен қатар, жастарды салауатты өмір салтын қалыптастыруға жол нұсқап отырған колледж басшылығына алғыстарын жаудырды. Ал «Жастар тартуы» атты мерекелік ән-би фестивалі тіптен ерекше, студенттер дайындаған мерекелік нөмірлер үлкен сахналық концерттен кем емес. Мұнда ұлттық ән айтылып, би биленді. Көңілді тапқырлар дайындаған көріністер жұртты күлкіге қарық етіп, жаңа өнердің жұлдыздарының жетіліп келе жатқанын көрсетті. Осылайша келешек техника мамандары өнерден де кенде емес екендіктерін танытты. Содан кейін көпшілік бас корпустың бірінші қабатындағы колледж жетістіктері көрмесін тамашалады. Мұнда оқу орнының 73 жылдан бергі тарихының шағын көрінісі орналасқан және кредиттік, қашықтан оқыту технологиясының дамуына алғышарттар жасалған.

ТАРИХ ІЗІМЕН...

Білім шаңырағы алғаш 1935 жылы Талдықорған қаласында ауыл шаруашылығын механикаландыру мектебі ретінде ашылған еді. Алайда, мектептің оқу ғимараты болмағандықтан 1936 жылы қараша айында Қазақ ССР Жер істері халық комиссариатының бұйрығымен, Талдықорған ауыл шаруашылығын механикаландыру мектебі Қапал ауылына көшіп аударылды. 1941 жылы аталған комиссариаттың бұйрығымен Қапал және Лепсі ауыл шаруашылығын механикаландыру мектептері біріктіріліп, Қаратал ауылшаруашылық механикаландыру мектебі деп аталып, Үштөбе стансысына көшіріледі. Алайда, жан-жағынан күріш алқаптарымен қоршаған мектеп орналасқан жер балшықты және жұқпалы ауру ошағына айналып кету қаупін туғызғандықтан 1948 жылы Талдықорған қаласына көшіру іске асырыла бастайды. 1947-1950 жылы 120 орынды жатақхана мен 300 орынды оқу ғимараты, жылу орталығы, автотұрақ және басқа шаруашылық құрылыстары салынды. Міне, осыдан бастап колледж бүгінгі орналасқан жерінде білім беру ісімен шұғылданып келеді.

Колледжде 3 бөлім бар. Олар: жалпы білім бөлімі, кәсіптік педагогикалық бөлім және информатика мен есептеу техникалар бөлімі. Аталған бөлімде 12 мамандық бойынша екі жарым мыңнан астам студент білім алуда. Оларға 200-ге тарта оқытушы білім береді. Бүгінгі күн талабына сай оқу кабинеті, зертханалар ақпараттық техникалармен қамтамасыз етілген. Материалдық-техникалық базасы толық.

Жалпы білім бөлімінде 9-шы сыныптан кейін колледжге қабылданған барлық оқушылар 10, 11-ші сынып бағдарламасы бойынша оқиды. Кәсіптік педагогикалық бөліминде негізгі мектептер үшін дене шынықтыру мұғалімдерін, кәсіптік оқыту мамандығының әртүрлі 10 саласы бойынша өндірістік оқыту шеберлері, техник-мамандары және экономика, бухгалтерлік есеп және аудит мамандығы бойынша экономист-бухгалтерлерді даярлайды.

Информатика және есептеу техникалар бөліминде кәсіптік оқыту мамандығының есептеу техникаларын бағдарламамен қамтамасыздандыру бағытындағы өндірістік оқыту шеберлері, техник-бағдарламашылар және техник-электриктер білім алады.

Биыл да колледжге оқушыларды қабылдау ең өзгеріссіз қалды. Атап айтқанда, барлық мамандықтар бойынша 9 сынып бітірген мектеп оқушылары қабылданады. Ал 11 сынып бітіргендердің ішінен, тек Ұлттық бірыңғай тестке қатысып, колледж мамандықтарына байланысты анықталатын үш пәннен 30-дан артық балл жинаған түлектер қабылданады. Демек, колледжге ана тілінен, Қазақстан тарихынан және математика пәндерінен 30-дан жоғары балл жинаған түлектердің келуіне болады.

Ал былтырдан бері колледжде орын алып отырған оңды өзгеріс – уақыт талабына сай және жаңа мамандықтардың ашылуы. Демек, жаңа үш сала бойынша негізгі мектептің технология пәнінің мұғалімдерін, кәсіптік оқыту мамандығының мұнай және газ шығатын орындардағы құрылғыларды пайдалану бойынша өндірістік оқыту шеберлерін, техник-технологтарды, сонымен қатар, кәсіптік оқыту мамандығының телекоммуникациялық жүйелері бойынша өндірістік оқыту шеберлерін, техник-электр байланысшыларын даярлай бастады.

Колледжде оқытушылардың еңбегін рейтинг жүйесі бойынша, ал студенттердің білімін компьютерлік тест орталығы арқылы бағалау жолға қойылған. Егер оқытушы жаңалық ашып, жаңа оқыту технологиясын қолданса, оның бәріне арнаулы баға бойынша балл тағайындалады. Оқу үрдісіне кредиттік оқыту технологиясы, қашықтан оқыту технологиясы сияқты жаңа бағыттағы жұмыстар да енгізілуде. Колледждің негізгі міндеті кәсіптік лицейлер мен мектептерге, кәсіптік оқытудың әртүрлі салалары бойынша өндірістік оқыту шеберлерін даярлау және оқытудың инновациялық технологияларын ұтымды пайдаланып, материалдық-техникалық базаны уақытылы жаңартып, оқытушылардың біліктілігін жүйелі жетілдіріп, студенттердің білім сапасын нәтижелі көтеріп, техникалық және кәсіптік білім кеңістігінде алдыңғы орын алу болып табылады. Міне, осындай жүйелі жұмыс нәтижесінде аталған оқу орны соңғы 5 жыл қатарынан Талдықорған қаласындағы «Ең үздік оқу орны», 2003, 2007 жылдары Алматы облысы бойынша үздік колледж атанды. 2006 жылы халықаралық «Ұлттық экономика көшбасшысы – 2006» Күрмет белгісін алды. 2006 жылдан Ы. Алтынсарин атындағы қазақ білім академиясының экспериментіік алаңы болып саналады. 2007 жылы «Бабалық шақ досы» бірінші ұлттық байқауында «Ең үздік колледж» номинациясы бойынша бас жүлдемен марапатталды. Таяуда Астана қаласында өткен республикалық орта білім беретін оқу орындарының көрмесінен де үлкен жетістікпен оралды. Осындай игі жетістіктермен бірге, интернетте колледждің өз сайты, әнұран, төлтаңбасы және туы бар. Көп тиражды «Политехжаршысы» газеті шығып отырады. Адамгершілік және рухани құндылықтарды жинақтау мақсатында «Пікір-сайыс клубы», «Өз ойынмыз» атты КТК және «Crazy Dance» би командасының нәтижелері көпке белгілі. Этнотәрбие беруде «Балбұлақ» әдеби, «Ақиық» драма және көркемөнерпаздар үйірмелерінің, «Шежіре» этникалық клубының да табыстарын атап өтуге болады. Қорыта айтқанда, аталған оқу орны жан-жақты мұқият жоспарланған ісімен және шығармашылық ізденісімен ерекшеленеді.

БҮГІНГІ ТЫНЫС

73 жылдық тарихы бар колледж, бүгінгі таңда 30 мыңнан астам кәсіптік білімді мамандар шығарып, республикаға танымал, бәсекелестікке қабілетті өндірістік оқыту шеберлерін даярлайтын техникалық және кәсіптік орта оқу орындарының көшбасшысы ретінде қалыптасты. Колледждің ұжымы жеткен жетістіктерін оқу орнына Мұзаппар Шыныбаевтың басшы болып келуімен байланыстырады. Мұзаппар Адамбекұлы Алматы ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Мамандығы инженер-механик. Былайша айтқанда, техника ғылымын жақсы меңгерген маман. Жоғары оқу орнын бітірген соң ғылыми-зерттеу институтында жұмыс сапарын бастады. Бір сөзбен айтқанда, ғылымның қазанында қайнап шыққан математик бүгінгі күнде шебер ұйымдастырушы, жол нұсқаушы, басшы ретінде елге танылған азамат. Десе де, ағамыз «Ғылым мүқият болуды талап етеді. Осы қатаң талап менің басшылық жұмысыма да өз әсерін тигізді. Қысқасы, бастаған ісімді қашан аяқтағанша жер төңкерілсе де мойын бұрмаймын және ойлаған мақсатыма жеткенше тынымсыз еңбек етемін. Осы қасиет менің жақсы басшы болуыма жол ашты», – дейді ағынан жарылып. Әрине, бір кездегі нарықтық экономиканың қиындығы бұл оқу орнын айналып кеткен жоқ. Десе де, қиыншылықтан қысылмай шығып, бүгінгі күнге келгенде білім алатындардың саны немесе жаңа технологияны қолдану жағынан да өзге әріптестерінен үлгі болып отыр. Мұның себебін директордан сұрап көрген едік:

– Мен осы білім шаңырағына 1997 жылы қаңтар айында директор болып тағайындалдым. Бәрімізге аян, республика аумағында қиын жылдай еді. Басқа жайларын айтпағанның өзінде оқу орындарына бөлінетін қаржының өзі жетіспейтін. Басшылық қызметке келгенде мұнда 700 студент білім алады. Ең алдымен, тығырықтан шығу үшін студенттердің санын көбейту керек деп шештім де, соған қарай жұмыс жоспарын жасадым және бар күшімізбен іске кірістім. Ол үшін жаңа мамандықтар ашып, келетін студенттерді сол арқылы мөлтілдіру қажет болды. Сондықтан да біз бағдарламамен қамтамасыз ету, есептеу машиналары сияқты жаңа мамандықтарды аштық. Нәтижесінде бізге түсетіндердің саны жыл санап артты.

Студент – колледждің қантамыры. Егер студенттер көп болса, барлық мүмкіндікті пайдаланып, білім беру сапасын жоғарғы өреге көтеруге болады. Содан кейін колледжде оқудың жаңа технологияларын қолдану керек деген талап қойдық. 2004 жылдан бастап кредиттік оқыту технологиясын қолдандық. Бұл бастама республика аумағындағы бірінші колледжде басталды. Нәтижесінде республиканың жаңа оқыту технологияларын қолдану базасына айналып отырмыз. Тағы бір айта кетерлігі, колледжде ариялы эксперттік топ құрылған. Оның міндеті – оқытушылар арасында тексерулер ұйымдастырып, кемшіліктер мен артықшылықтарды уақытында анықтап, ләйлә кезінде түзетіп отыру. Бұл шараның колледж жұмысына ынғайлы екенін уақыт дәлелдеп отыр. Бір кездегі қиын кезеңнен осындай өз жұмысымызды өзіміз бағалау және батыл қадам жасаудың нәтижесінде табысқа жеттік деп айта аламыз. Енді биылдан бастап қашықтан оқыту технологиясын қолдана бастадық. Осыған орай алға қойған мақсат – колледждің материалдық-техникалық базасын ынғайлы, арнайы «Білім» атты бағдарламамен жұмыс істейтін «ақылды аудитория» деп аталатын оқу бөлмелерін қолданысқа беру. Ол үшін оқытушылардың ғылыми дәрежесін көтеру және студенттердің өзіндік дамыту мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстарға басымдық беру. Бұл барлық тыңғылықты шаралар ұйымдастырылып, өткізіліп жатыр, – деді ол.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІН ӨЗІ БАСҚАРУЫ

Болашақ мамандардың білім алуымен қатар, қоғамдық шараларға да араласуына жағдай жасалған. Атап айтқанда, колледжде 2000-2001 оқу жылынан бастап КОНВЕНТ – студенттердің өзін-өзі басқаруының жоғарғы органы жұмыс істейді. Оған әр бөлімнің белсенді, озат, шығармашыл студенттері муше бола алады. Конвенттің ең белсенді 5 мүшесі колледж кеңесінің мүшелері болып сайланады.

Колледждің оқу корпусы маңында студенттердің 250 орынды жатақханасы орналасқан. Жатақхана негізінен жетімдерге және жағдайы төмен отбасылардың балаларына арналған. Онда жастардың алаңсыз тұруына жағдай жасалған.

Жатақханадағы студенттердің өзін-өзі басқаруына мүмкіндік туғызу мақсатымен студенттік кеңес құрылған. Кеңес мүшелері жатақханада тұратын барлық жастардың ой-пікірін ескере отырып арнайы жоспар бойынша жұмыс жасайды. Студенттік кеңестің төрағасы колледж кеңесінің мүшесі ретінде оқу әкімшілігі бас қосқан жиындарда өз ой-пікірін айтуға құқығы бар.

Тәрбиелік жұмыс иегұрлым қарқынды, саналы түрде жүргізілсе, соғұрлым оның сапасы да жоғары болады. Оған дәлел ретінде Талдықорған қалалық жастар ісі, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен өтетін іс-шараларда колледжі жоғары және арнаулы орта білім беретін 15 оқу орнының арасында колледж тәрбие жұмысы және спорт бойынша үнемі тек жүлделі бірінші орынды иеленуін келтіруге болады.

– «Ақыл – жастан, ақыл – тастан» деген философиялық тәрбие тұжырымдамасының маңызына көз жүгіртсек, әрбір жасқа жеке тұлға ретінде қарап, оның қабілетін ескере отырып, қамқорлық жасауды педагогикалық ұжымнан талап етемін, – дейді Талдықорған политехникалық колледжінің директоры Мұзаппар Адамбекұлы Шыныбаев. – Бүгінде колледж қабырғасынан тек жақсы мамандық иесі ғана емес, өнері де шыңдалған жастары көп шығуда. Сондықтан жастардың кейбірін ғана атап өтсем, колледж түлегі Данияр Мұстапаев – республикалық студенттер Альянсының кеңесшісі-лауазымының бірі, Астана қаласындағы жастар орталығының қызметкері. Досымжан Науханов – «Жетісу» телерадиокомпаниясының директоры, республикалық «Қазақстан» телерадиокорпорациясы Астана радио байқауының «Алтын дауыс – 2007» сыйлығының иегері, күні кеше ғана республикалық «Жас қанат» ән байқауында жүлделі екінші орынды жеңіп алған 3-курс студенті – Динас Нүсіпов, облыстық М. Мақатаев атындағы жас ақындар сайысының бас жүлдегері – Мұхтар Қабыл сынды түлектеріміздің шығармашылық үдерістерін қолдап, қамқорлық жасау үрдіске айналған.

КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ

Колледжде кредиттік технология қолданылып келе жатқанына алты жыл болды. Әр технологияның өзіндік мүмкіндігі бар.

– Енді осы технологияны колледжде қалай қолданатынымызға тоқталайық, – деп әңгімесін жалғастырды Мұзаппар Шыныбаев. – Жоғары оқу орындарында енгізіліп отырған кредиттік оқыту жүйесін, біз жүйе түрінде емес, тек оқыту технологиясы ретінде ғана оқу үдерісінде қолданамыз. Сондықтан да біз төмендегідей ерекшеліктер енгіздік.

Орта кәсіптік білім беретін оқу орындарының барлығы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» бойынша жұмысын ұйымдастыруға міндетті. Сондықтан да әлгіре осы стандарттағы барлық пәндер таңдалған түрде оқытылады және семестр ұзақтығы да стандарттағы мәлшерде сақталып, жарты семестр ұзақтығы 6 және 7 апта көлемінде болады. Әр жарты семестрдің арасында берілетін 1 апта уақыт студенттерге орындап үлгермеген тапсырмаларын толықтырып, тапсыруға мүмкіндік туғызады.

Ал енді оқу жоспарына келсек, ондағы бір аптада теориялық сағаттар саны 36 сағаттан 24 сағатқа дейін төмендеген, яғни студенттер дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі, жұма күндері екі жұптан теориялық сабақтарға және бір жұптан студенттердің оқытушылармен өткізілетін өз жұмыстарына міндетті түрде қатысуы керек.

Кредиттік технология бойынша өтетін теориялық сабақтар лекциялар мен тәжірибелік сабақтардан мүлдем өзгеше. Сондықтан да бұл сабақтарды бізлер шолу сабақтары деп атадық.

Зертханалық жұмыстар, курстық жұмыстар мен жобалар, оқу-өндірістік және технологиялық тәжірибелердің барлығы мамандықтың стандартына сәйкес жүргізіледі.

Кредиттік оқу технологиясындағы ең негізгі көңіл бөлетін мәселе – студенттің өзіндік жұмысының тапсырмасын дайындау болып табылады. Колледжде әрбір жарты семестр басталар алдында әр оқытушы өзінің алдын ала дайындаған жұмыстарының дербес тапсырмалар жинағын студенттердің қолына тапсырады. Мысалы, алдағы жарты семестрде жеті теориялық сабақ жоспарланса, осынша тапсырмадан тұратын жинақ дайындалады. Студент жеке тапсырмалар бойынша барлық сұрақтар мен есептерді өзі алдын ала қарастырып, өздігінен пысықтап, білмейтін тұстары болса оқытушыдан қосымша кеңес алып, өтетін жаңа сабаққа толық дайындықпен келуі керек. Сонымен, студенттердің барлығы сабаққа тапсырма бойынша дайындалып келеді. Аудиторияда әрбір оқушыға өз орны бекітіледі. Сондықтан да оқытушы сабаққа келгендерді тексеріп зерде болмайды, бос орындар бойынша, келмегендерді сабақ барысында белгілеп, оларға тиісті баллдарын қояды. Оқытушы бірден жаңа сабақты бастап, оны жүргізуге кіріседі. Бұл тұста оқушылардың сабаққа алдын ала дайындықпен келгені ескеріліп, сабақ негізінен сұрақ-жауап түрінде өткізіледі. Мұндай сабақтар әлеттегіден тез өтетіндіктен, 20 – 30 минуттай уақыт үнемделеді. Бұл уақытты оқушылар негізінен лездік бақылау жұмыстарын жүргізуге пайдаланады, яғни алдын ала әрбір студентке 15 минутта орындауға болатындай сол күнгі тақырып бойынша сұрақтар дайындалып, бақылау жұмысы қабылданады.

Енді шәкірттер білімін бағалауға тоқталсақ, студентке әрбір шолу сабағы үшін оның өту барысында көрсеткен белсенділігіне байланысты, әр сабаққа 4, 6, 8 немесе 10 балл, әрбір өткізілген лездік бақылау жұмысына 4, 6, 8 немесе 10 балл, ал әрбір жеке өздік тапсырманы орындау сапасына байланысты 8, 12, 16 немесе 20 балл беріледі, яғни өткізілген әрбір шолу сабағынан ол 40 балға дейін жинауы мүмкін. Жарты семестрде барлығы 7 сабақ жоспарланса, оның жинайтын баллдық саны 280 болады. Оқылатын пәннің ерекшелігіне орай қосымша балл қосылуы мүмкін. Осыған байланысты жарты семестр бойынша оның жинаған балдарына дәстүрлі 2, 3, 4, 5 деген жүйемен қорытынды баға шығарылады.

Аталған баллдық есептеу әдісінің әрбір жарты семестрде жеке жұмыстар тапсырмасымен бірге студент қолына беріледі.

Егер бұл сабақтан емтихан қабылданатын болса, онда студент осы қорытынды бағамен тест орталығына барады.

Студент емтиханды компьютерде 30 сұраққа жауап беру арқылы тапсырады. Мұны компьютер өзі желі арқылы, негізгі компьютерден, 180-250 сұрақтың ішінен кез келген тәртіппе алады. Бірдей сұрақ болғанның өзінде жауаптарының орнын ауыстыра береді. Оқытушы алдын ала қойған және студенттің жауабынан алынған нәтижеден орташа баға шығарады. Жалпы колледждің бірнеше жылдық тәжірибесі кредиттік оқыту технологиясының кемшілігінен артықшылықтары мол екенін және болашақ кәсіби бәсекеге қабілетті мамандарды студент кезінен өздігінен жұмыс істеп үйретуге мүмкіндік беретін бірден-бір тиімді жол екендігіне көз жеткізіп отыр.

Соңғы кездері мектептің 9 сыныбын бітіргеннен кейін колледждерде оқуын жалғастыратындардың саны жылдан жылға көбейіп келеді. Бұл құбылысты біздің Ұлттық бірыңғай тестілеумен байланыстырады, алайда, бүкіл дүние жүзі бойынша негізгі мектеп бітіргендердің 30 пайыы ғана оқуларын жалғастырып, қалғандары басқа жол таңдайды. Сондықтан да оқушылардың бұл таңдауын қолдап, кәсіптік мектептер мен колледждерде мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын оқушылардың санын көбейте беруіміз қажет. Өйткені кәсіптік білімді маманға жұмыс орнын табу мектеп бітірген түлекке қарағанда әлдеқайда жеңіл болады. Ал жұмысы бар кісінің оқуын ары қарай жалғастыруы да қиындық тұғызбайды. Осыған орай 9 сыныбын бітірген оқушыларға ешқандай қорықпай, өздеріне ұнайтын мамандықты таңдап, оқуларының кәсіптік лицейлер мен колледждерде жалғастырындар дегіміз келеді.

Тұйін

Айдай әлемді аузына қаратқан өркениетті елдердің бағын жандырып, таңдандырар құпиясын бір ұшы – білім беруге қаншалықты көңіл бөлінуде жатыр. Ғылым мен білімнің нәтижесінде дүние жаңарып, жанданды. Ал халқымыздың тарихын саралап көретін болсақ, мақтанышпен атайтын тұстары жетерлік. Кешегі бабаларымыз жаратқан көшпенділер мәдениетінің шығыс пен батыстың өркениет алмасуына жол салғанын, тайталасы көп дәуірдің шындығын таска жазып кеткенін айтпағанның өзінде, Жібек жолының күретамыры болған қазақ даласы арқылы өнер мен ғылымның жаңа жетістіктері елден елге таралып отырды.

Ал, бүгінгі Талдықорған қалалық политехникалық колледжінің жеткен биігі мен ұрпақ тәрбиесіндегі тың ізденістері сол тарихымыздың жарқын көрінісі болып саналады. Оның үстіне аталмыш оқу орны тәуелсіз еліміздің ертеңгі болашағын жасайтын техникалық мамандарды тәрбиелеп жатқанымен де қадірлі. Аталмыш оқу орнын бітірген студенттер ертең Қаныш Сәтпаев салған жолды ұстанып, ұлтымыздың техника саласындағы ұтылып жатқан тұстарын толтыратын болады. Осы ретте, 13 жыл бойы бар күш-жігерін жұмсап, білім шаңырағын бүгінгі халге жеткізген Мұзаппар Шыныбаевтың еңбегін тағы бір рет ілтипатпен атап кету жөн секілді. Оқу-білімі бар жұрт ешнәрседен ұтылмайды, ағайын!

● СЫРТТА СҰХБАТ

АРНАЛЫ ӘҢГІМЕ

Облыс әкімі Серік ҮМБЕТОВТІҢ атына www.zhetysu-gov.kz электронды сайты арқылы тұрғындардан күн сайын көптеген сауалдар келіп түсуде. Сұрақ-жауаптардың бірқатарын оқырмандар назарына ұсынамыз.

1. Асылхан МАКИМОВА:

– Құрметті Серік Әбікенұлы! Әкем Бошенов Нұрсадық пен анам Бошенова Тұрар 9 бала тәрбиелеп өсірді. Сізден сұрайын дегенім, қазіргі кезде 8 бала тәрбиелеп өсірген ана Алтын, ал 6 бала өсірген ана Күміс медаль иегері атанады деген мәлімет қаншалықты шындыққа жанасады? Менің анам алқа иегері бола ала ма?

–Қазіргі қолданыстағы "Қазақстан Республикасының наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы № 2676 Заңының 29-бабына сәйкес сегіз және тоғыз бала туған және тәрбиелеп өсірген аналар сегізінші баласы бір жасқа жеткен және басқа балалары тірі болған жағдайда Күміс алқамен наградталады. Сондықтан да сіздің анаңыз жеке күәлігінің көшірмесін және тұрғылықты жерден алған анықтаманы жергілікті аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру бөліміне тапсыруы қажет.

2. ҚАЙСАР:

– Қарасай ауданының Алгабас ауылына қашан табиғи газ құбырын тартады?

– Алгабас ауылын газдандыру жұмысы үстіміздегі жылы жүргізілетін болады. Бұл жұмыс 2008 жылы келісімшарт негізінде Райымбек ауылдық аумағына "Тәуекел" ЖШС-нің газ құбырын тартуынан басталды.

Өздеріңіз білесіздер, Алматы облысының табиғи газбен камтамасыз етілуі 5 пайыз көлемінде. Қазір дүние жүзі бойынша қаржы дағдарысы жүріп жатқан қиын кезең, дегенмен, осынау олқылықтың орнын толтырып, облыстың елді мекендеріне газ құбырын тарту кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын болады. Алдағы жылдары Алматы қаласына жақын орналасқан 4 аудан тұрғындарын табиғи көгілдір отынмен қамтамасыз етуді көздеп отырмыз. Оның үстіне, Қазақстан – Қытай елдерін жалғастыратын алып газ құбыры биздің облыстың 300 шақырымнан астам аумағын басып өтетіндігін ескерсек, осы арқылы да көптеген елді мекендердің көгілдір отынмен қамтылуына жол ашылады.

Жалпы, Алматы облысында «2007 – 2015 жылдарға және болашақ 2020 жылға арналған кешенді газдандыру» аймақтық бағдарламасы жасалды. Бұл бағдарламаны 3 кезеңмен жүргізу есептелген.

3. Айбек ГАИПОВ:

– Мен Ташкент қаласында тұрамын. Ұлтым қазақ, жасым 31-де. Отбасымда 2 ұлым бар. Білімім жоғары. Мен ата-жұртым Қазақстанға, оның ішінде Алматы облысына көшіп бармақшымын. Алматы облысының қай ауданында оралмандардың бейімделу орталығы, жатақханасы бар?

– Қазіргі таңда Алматы облысының орталығы – Талдықорған қаласында іссапар жұмыстарымен келген оралмандардың уақытша бірнеше күнге орналасуына арналған 1 бөлмелі екі пәтер, яғни бейімделу орталығы жұмыс істеуде. Облыстың басқа аудан, қалаларында отбасымен келіп орналасуға арналған бейімделу орталығы, жатақхана жоқ. Үкімет тарапынан 2009 – 2010 жылдардан бастап оралмандарға арналған кешенді бейімделу орталығы Талдықорған қаласына салынады деп жоспарлануда.

4. ЕРКІН:

– Талдықорған қаласында жылу электр стансысын салынатыны рас па? Егерде рас болса, қай кезеңде құрылысы басталады? Қуаттылығы қанша? Осыны білгім келеді.

– Талдықорған қаласында жылу электр стансысын салу жоспарда бар. Құрылысты келесі жылы бастау көзделіп отыр. Қазіргі уақытта мемлекеттік сараптамадан өтетін жобалық қуаты 260 мВт. 660 гкал. Талдықорған ЖЭС (ТЭЦ) жұмысының техникалық-экономикалық негізі жасалыпты.

5. Мақсат ӘМІРЕЕВ:

– Құрметті Серік Әбікенұлы! Батыс Қытай – Батыс Еуропа автожолының құрылысы үшін жолды кеңейтуге байланысты жол үстіндегі ғимараттар мен нысандарды бұзу қашан басталады? Бізге бұзылған нысандарымыз үшін қашан және қандай көлемде өтемақы төлейді? Осы мәселемен тікелей айналысатын мекеме басшысының байланыс телефонын қайдан алуға болады?

– «Қазақстан Республикасы автожолдарын дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасына» сәйкес, «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық транситтік дәлізін қайта жасау құрылысының жобалық-сметалық құжаттары (ЖСҚ) дайындалды. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық транситтік дәлізі жобалық-сметалық құжаттарға сәйкес, Алматының солтүстік-шығыс бағытынан айналып өтеді, яғни «Алматы-Бішкек» автожолының Алматы облысына қарасты Жамбыл, Қарасай, Іле, Талғар, Енбекшіқазақ, Үйғыр және Панфилов аудандарының аумағынан өтіп, Қытай Халық Республикасы шекарасына апаратын Қорғас аумағының аймағында жүргізілмекші. Бұл жобаны Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі 2009 жылдың III тоқсанынан бастап 2012 жылға дейін жүргізбек. Бүгінгі күні «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық транзиттік дәлізін қайта жасау құрылысын жүргізуде бұзуға жататын нысандардың иелері мен пайдаланушыларға жер телімдерінің мемлекет кажетіне (автожол құрылысы үшін) қайтарылатыны хабардар етілді. Бағалау компаниялары қайта жасалатын автомобиль жолының құрылысына байланысты бұзылатын нысандар мен жер телімдерінің өтемақысын Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес бағалау есептерін дайындады. Қайтарып алынған жер телімдерінің иелері мен пайдаланушыларына өтемақыны Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінен бөлінетін қаражат шегінде төлеу жоспарланып отыр. Осы мәселеге байланысты 8 (727) 255-90-46 телефонына хабарласын, толық мәлімет ала аласыздар.

6. АЛЕКС:

– Құрметті Серік Әбікенұлы! Қапшағай қаласы аумағында 4 серіктес қаланың құрылысы қашан жүргізіледі?

– Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2008 жылдан бері Алматы қаласының 4 серіктес қаласын дамыту бойынша алғашқы жұмыстар жүргізілуде. Өткен жылы топографиялық зерттеу жүргізіліп, аумақтағы құрылыстың бас жоспары және толық жоспарының жобасы дайындала бастады.

Бұл жұмыстар үстімізгі жылы да жалғасуда. Сонымен қатар, энергияны үнемдеу технологиясы ескеріле отырып, инженерлік коммуникацияны дамыту тұжырымдамасы әзірленуде. Үстімізгі жылдың қаңтарынан бастап қалалардың инженерлік инфрақұрылымының техникалық-экономикалық негіздемесін (энергия, су, пайдаланылған суды ағызу, телекоммуникациямен қамтамасыз ету) дайындау қолға алынды.

2009 жылдың шілде айынан бастап магистралдық жүйенің су жіберу және сусорғыш стансыларының, канализациялық-тазартқыш құрылғыларының және канализациялық-сусорғыш стансыларының, канализация, газ, жылу, электр жүйелері мен жол құрылысының жобалық-сметалық құжаттары дайындала бастайды. Сөйтіп, 2010 жылдан Іле ауданының Қоянқұс ауылынан Қапшағай қаласына дейінгі аумақта орналасатын Алматы қаласының 4 серіктес қаласының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу бойынша құрылыс жұмыстары басталады деп жоспарлануда.

7. Игорь СТЕПАНОВ:

– Мен Қарасай ауданының тұрғынымын. Сыжайда немесе бау-бақшалық бірлестікте тіркеуге тұру туралы заң бар ма? Егер бар болса, қашан шыққан? Тіркеуге тұру үшін қандай құжаттар қажет?

– ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 4 мамырдағы № 74 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының халықты құжаттандыру және тіркеу Ережесінің әділет органдарында қолдану жөніндегі нұсқаулының 54-тармағына сәйкес азаматтарды тұрғын үйлер мен пәтерлерде, сондай-ақ бау-бақшалық серіктестік пен кооперативтердің саяжайлық құрылыстарында да тіркеу жүзеге асырылады.

Азаматтарды тіркеу үшін төмендегідей құжаттар қажет:

– тұрғын үй иесінің келісімі бойынша тіркеуге тұру туралы өтініш;

– тұрғын үй құжаттарының түпнұсқасы және көшірмесі;

– Азаматтарды тіркеу кітабы;

– Бұрынғы тіркелген орнынан тіркеуден шыққаны туралы мекенжай парағы;

– жеке куәлігінің түпнұсқасы және көшірмесі;

– 127,30 теңге көлеміндегі мемлекеттік баж салығын төлегені туралы түбіртек;

– әскери міндетті адамдар үшін аталған құжаттардан басқа - әскери билетінің немесе әскери бөлімде тіркелгені туралы анықтаманың түпнұсқасы немесе көшірмесі.

Көрсетілген құжаттарды тұрғылықты жердегі Халыққа қызмет көрсету орталығына өткізу керек. Тіркеу 2 жұмыс күні мерзімінде жүргізіледі.

8. Арман ИСАЕВ:

– Талдықорған қаласының жолдарын жөндеуге қанша қаражы бөлінді? Бишкек жолын облыс орталығының жолдарын күрделі жөндеуден өткізіле ме?

– Иә, биыл жыл бойы қаланың 120 көшесінің бірқатар бөліктеріне (оның ішінде «Жол картасына» сәйкес 32 көшеге) орта деңгейлі және ағымдағы жөндеу, Жансүгіров (айналма жолдан Ескелді би көшесіне дейін), Абылай хан (Қабанбай батыр көшесінен Гауһар ана көшесіне дейін) көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі деп жоспарлануда. Қазіргі уақытта Жансүгіров көшесінің жылу және су құбырлары жөнделуде. Бұл жұмыс аяқталғаннан кейін Жансүгіров көшесіне асфальт төселіп, күрделі жөндеу жасалатын болады. Дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыруда «Жол картасы» бойынша қала және қалаға қарасты елді мекендер көшелерін орта деңгейлік жөндеу жұмыстарына 142,0 млн. теңге бөлінді.

Үстімізгі жылы Талдықорған қаласы көшелерінің және қалаға қарасты елді мекендер жолдарын жөндеуге жергілікті бюджеттен 350,0 млн. теңге қарастырылды, оның ішінде қала көшелеріне күрделі жөндеу жүргізуге қажетті техникалық қалдалау және жобалық-сметалық құжаттамалар әзірлеуді қоса есептегенде бөлінген қаржы көлемі 223,313 млн. теңгені құрап отыр.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ЖҰМЫР ЖЕР

ТИМОШЕНКО ОРЫСША СӨЙЛЕМЕДІ

Украина үкіметінің төрағасы Юлия Тимошенко кезекті баспасөз конференциясында «Россия» телеарнасының журналисіне орысша жауап беруден бас тартты. Тілші премьерден алдағы президент сайлауында кімді өзінің басты қарсыласы деп санайтындығын сұрған еді. Жауаптың орыс аудиториясына тарағылатындығын алға тартып, орысша сөйлеуін сұраған. «Қымбатты достар, аудармаға уақыттарының болады. Мен орыс тілін өте тілдер секілді құрметтеймін. Менің сайлаудағы басты қарсыласым Виктор Янукович болмақ» – деп тіл қатты Тимошенко.



Бұған дейін Юлия Тимошенконың бюсты украин тілін қорғауға бағытталған бастамаларды әдеттегідей рет көтерген болатын. Нақтылай айтсақ, депутаттар орыс тілінің Жоғарғы Радада қолданылуын шектеуге ұсыныс білдірген. 2006 жылы Тимошенко Харьков облысында орыс тілине өңірлік статус беру туралы ақпаратқа түсініктеме айтқанда, «тілдік сепаратизмді» доғаруға шақырған комиссияны.

ӨЗБЕКСТАН ШЕКАРАНЫ ҚАЗА БАСТАДЫ

Өзбекстан Қырғызстанмен арадағы шекараны ені 3 метрлік тереңдікте казу арқылы қоршауда. Андижан облысында бұл іс 25-26 мамырда Ханабад шекаралық қаласында қарулы қақтығыс болғаннан кейін қолға алыныпты.



Баспасөздің мәліметіне қарағанда, Андижан облысымен шектесетін Қырғызстан шекарасының барлық жерінде осындай ұра қазылмақ. Мине, осылайша Өзбекстан шекарадан заңсыз өтудің жолын кеседі. Өзбекқырғыз шекарасы қазіргі таңда жабылып қалған. Ханабадта жағдай тұрақты күйге түскен.

Қырғызстанның шекаралық қызметі қорғаныс қоршауы мен ұраның шекарада қазылып жатқандығы туралы ақпаратты растады. Мұндай құрылыстың Қырғызстанмен келісімсіз қолға алынғандығын айтады. Жұмыс негізінен алғанда Қырғызстанның Созақ, Ақсы, Ноқат аудандарымен шекаралас жерлерде жүргізілуде.

Ал енді Ташкенттің айтуынша, өткен жұма шабуылдаған адамдар Қырғызстан жағынан келген. Оның үстіне Андижанда терист бел алып, оның салдарынан терроршы-жанкештілер және құқық қорғау органының қызметкері қаза тапқан.

Ресми емес және бір ақпараттар Ханабадқа 20 шақырым тұратын топтың шабуылдағаны, аз Андижанда бірнеше жарылыс жасалынып, 16 адамның қаза тапқандығын алға тартады.

Өзбекстан 2000 жылы исламдық экстремистердің енуінен сақтанып, Тәжікстанмен арадағы шекарага мина қойған. Бұдан бірнеше жылдары онданған бейбіт тұрғындар миналарда жарылған.

МҰСЫЛМАНДАР ӨНЕРІНІҢ ФЕСТИВАЛІ

Өткен жұмада Нью-Йоркте мұсылмандар өнері, театры, би мен музыкасының «Мұсылмандар үні: өнер және идеялар» атты фестивалі бастау алды. Ол 10 күнге созылмақ. Тұрғындар осылайша Үндістан, Индонезия, Мысыр және Марокко секілді елдерде тұратын мұсылмандар шеберлерінің көркем-өнер шығармаларымен етене таныспақ.



Ашық аспан астында қолдан жасалған жәрмеңкезер ашылыпты. Бұл арада халық шығармашылығы шеберлерінің еңбектерін, музыка таспаларын, сондай-ақ түрлі мұсылман елдерінің дәстүрлі тағамдарын сатып алуға болады.

Қаланың Бруклин академиясы маңында соңғы XVII ғасырда Ирландия, Германия, Италия және скандинавиялық елдерден келген жандардың ұрпақтары ұзақ уақыт ғұмыр кешкен. Қазіргі таңда мұнда гректердің мейрамханалары, қытайдың шағын дәмханалары, мешіттер, синагогтар мен шіркеулер көрініс тапқан. Былайша айтқанда, Құрама Штаттарының шағын аудан бейнесіндегі көшірмесі.

Нью-Йорктегі мұсылмандар өнері фестиваліне 2,5 млн. доллар бөлінітті. Оны ұйымдастырушылардың ой-ниеттері бойынша мұнда әлемдегі мұсылман елдерінің негізгі өнерлері паш етілмек.

Фестиваль өтіп жатқан күндерде мұнда Құрама Штаттарымен қатар, Азия, Африка және Таяу Шығыс елдерінен келетін жүзден астам артистер өнер көрсетпек. Әрине, олардың бәрі бірдей мұсылман емес. Солай бола тұрса да, олардың шығармашылығына исламдық дәстүр ықпал еткен немесе орындалатын шығармалар ислам басты дін болып табылатын елдерде өмірге келген.

РЕСЕЙ БСҰ-ҒА ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ БЕЛОРУССИЯМЕН БІРГЕ ЕНБЕК

Ресейдің премьер-министрі Владимир Путин Еуразиялық экономикалық кеңестің Мәскеудегі мемлекетаралық мәжілісінде сөз алғанда экономикалық жағдайдың қалайша оңалып келе жатқандығын тілге тиек етті. Биліктің ең валютасы – сомның тұрақты ұсталуына көңіл бөліп отырғандығы бірден аңғартылады. «Россия алдағы уақытта да валюталық саясатты жауапты жүргізіп, ұлттық валютаның күрт өзгеріске түсуіне жол бермейді» – деп атап өтті ол.



Күткендегіден де сом мығым бола түскен. Қазіргі бағамы 1 доллар үшін 30 сом. Ресейдің халықаралық резервтерінің көлемі де ұлғая түскен. Жұмыссыздық ауыздықталған. Путин өз сөзінің қорытындысында бүкілалемдік саудаға ұйымына Қазақстан және Белоруссиямен бірге енетіндіктеріне сендірді.

● ДАҒДАРЫСТАН – ДАМУҒА

Дағдарыс уақытында дамудың жолдары қарастырылып, еліміз бойынша жұмыссыздарды жаңа мамандыққа оқыту, жұмыспен қамту шаралары тың жобалар негізінде жүзеге асырылуда. Жаңа кәсіпке машықтанып, екі қолға бір жұмыс тауып, нәпақасын көріп жатқандар да жоқ емес.

"ЖОЛ КАРТАСЫ": ЖАҢА КӘСІП ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Текелідегі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тіркелген жұмыссыздардың білім, білігі, санаты назарға алынып, бос жұмыс орындарына жіберіліп отырады. Ал жол картасы бойынша қазір 84 адам №17 кәсіптік лицейде жаңа кәсіп бойынша білім алуда.

Жолдау міндеттерін орындауға негізделген жол картасының айқын бір бағыты қайта маман даярлау болса, қаладағы кәсіптік лицейде оқып жатқандар 3 ай бойы тегін сұраныспен ие денекерлеуші, агаш ұстасы, сылақшы, сырлаушы, электрик, сантехник секілді мамандықтарды игеріп шығады. Бір жарым ай теориялық сабақ алатын олар қалған бір жарым айда тәжірибе жүзінде шеберліктерін шыңдайды. Ол үшін лицейде шағын жаңа құрылыс нысаны басталып, оқытылып жатқан барлық кәсіпті іс жүзінде пысықтауға жағдай жасалған. Лицей директоры Г. Балтабекқызы: «Үкімет әр адамға жаңа кәсіп игеру үшін тиісті қаржысын бөліп отыр. Жұмыспен қамту бөлімінен жіберілген 84 адамға кәсіби білім беру үшін білікті, тәжірибелі оқытушыларды тарттық. 22 адам мамырдың 18-інен, 62 адам 1 маусымнан бастап оқуға кірісті. Олардың барлығы Үкіметке, қала басшылығына риза. Қазіргі қаржылық қиын уақытта осындай іргелі істердің іске асуы қуантады», – деді. Жаңа кәсіптің түткасын ұстайтын жандар елге еңбек сіңіріп, еңбегінің ақысын алып, игі бастама жемісті болғай.

Жол картасы бойынша бұдан өзге жұмыспен қамту бөліміне тізімге тұрған жұмыссыздар қатарынан білімдері сәйкес келетіндер жұмысқа орналасуда. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Ф. Мырзахметованың айтуынша, маусымның 1-нен бері «Фирма СМР», «Монолит», «Ақсүңқар-ай» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріне 60 адам жұмысқа алынған. Сонымен қатар, белгілі бір мекеме, ұжымда мамандығы бойынша тәжірибе жинақтап, кейін жұмысқа тұрғысы келетіндерге де қолдау бар. Келісілген түрде тәжірибе жинақтау уақытында жұмыспен қамту бөлімінен жіберілген адамға 15 мың теңге көлемінде жалақы төленеді. Жұмыссыздарды тіркеп, тиісті орындарға бағыттау ісі әлі жалғасуда.

Т. ТҰРЛЫБАЕВА.

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ

● ӘДІЛЕТ

Талап орындалады

Алматы облыстық әділет департаментінде ағымдағы жылдың наурыз айында нормативтік-құқықтық актілерге байланысты жұмыс барысында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге орай семинар-кеңес болып өткен еді. Онда түрлі деңгейдегі әкімдіктердің нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуде, дайындауда, шығаруда, қолдануда сыбайласкан жемқорлық дәйектеріне жол бермеу мәселелері жөнінде бөлім маманы арнаулы баяндама жасаған-тын.

Азаматтардың құқықтық сауатын көтеруге бағытталған семинардың бері мол болды. Жалпы алғанда, 1998 жылы қабылданған төрт тарау 20-бапқан тұратын Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы ТМД елдерінің ішінде ең бірінші болып күшіне енген заңнама. Бұл дегеніміз, шекараны білмейтін, тек адамдарды сыбайластыра жемқорлыққа итермелейтін «дертті» бүгін қоғамға жолаттпауға ұмтылған алғашқы қадам болып саналады. Сондықтан қазақстандықтар құқықтық мәдениетін дамыта түссе, қоғамды шарпыған дертпен алыстайтынымыз, арылатынымыз анық. Десек, осы орайда жоғарыда айтылғандай семинар-кеңестер жиірек өткізілін тұрса, оның мемлекеттік қызметкерлерге тигізер пайдасы да солғұрлым зор болмақ. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 3-бабы 1-тармағында «Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар үшін осы Заңның негізінде мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамдар мен оларға теңестірілген адамдар жауапты болады» деп айқын жазылған. Міне, осы және тағы басқа да баптарды, заңнамаларды жейін кез оқыған мемлекеттік қызметкер әрқашан заңнама талабын бұлжытпай орындауға, бойын жаман әдеттерден аулақ ұстауға бейімделе түсер деген сенім артылады.

Жанар БОЙГЕБАЕВА,
Алматы облыстық әділет департаменті
нормативтік-құқықтық
актілерді тіркеу
бөлімінің жетекші маманы.

Заңнаманы сыйлау – міндет

ҚР Заңнамаларына және Елбасы Жолдауына сәйкес, Әділет министрлігінің өкілдері Алматы облыстық әділет департаментінде «Дін және қоғам» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізді. Оны облыстық әділет департаментінің басшысы Мырзәділдә Қадырбекұлы ашып, жүргізіп отырды.

Облысымыздағы құқық қорғау органдарының және дини ұйымдар өкілдері қатысқан жиында дини сенімдер, еліміздегі конфессиялық келісімдерді нығайту және дини экстремизмнің алдын алу жайлы жан-жақтылы әрі дәлелдерге толы әңгімелер айтылды.

Қорыта айтқанда, біздің елімізде дін мемлекеттен бөлінген.Дін жолындағы әрекеттерді реттейтін заң бар. Қойылар талап – сол заңнаманы сыйлау, құрметтеу, бұлжытпай орындау керек.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жемқорлыққа жол жоқ

Жақында Елбасы қылмысқа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар жөніндегі Жарлығына қол қойды. Мемлекет басшысының осы жарлығы жергілікті жерлердегі атқарушы билік пен құқық қорғау салалары қызметкерлерінің аталған бағыттағы іс-әрекеттерін шырықтыра түскен сынайлы. Жарлықтың мақсат, міндеттемелері қазір ұжымдарда кызу талдап, түсіндірілуде.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ,
"Жетісу"

Жақында Панфилов аудандық қорғаныс бөлімі қызметкерлері арасында осы Жарлықты талдауға арналған сабақ өткізілді. Сабаққа Жаркент әскери гарнизонындағы әскери полиция бөлімшесінің инспекторы Айдар Сағындықов, АІІБ бастығының орынбасары Ғалымжан Лекеров және БАҚ қызметкерлері шақырылып, алдымен Панфилов аудандық қорғаныс бөлімінің бастығы, подполковник Максат Мұқанов тақырыпты талдап баяндама жасады. «Құқықтың сауаттылық, ашықтық және батылдық бар жерде сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», – деп баяндамасын түйіндеген қорғаныс бөлімінің бастығы құзырындағы қызметкерлерін адалдыққа шақырды.

Бұл басқосуда сөз сөйлеген қорғаныс бөлімінің заңгері Нұргүл Үмбетбекова Президент Жарлығының негіздерін түсіндірсе, әскери полиция қызметкері, аға лейтенант Айдар Сағындықов әскери бөлімдердегі қылмыспен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қарекеттерді нақты мысалдармен талдады. Ал АІІБ бастығының орынбасары, полиция майоры Ғалымжан Лекеров құқық сақшылары арасында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу бағытында атқарылған іс-шараларға тоқталды.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

● ТАЛАПКЕР – 2009

Ғылыми-тәжірибелік конференция

Жақында Талдықорған политехникалық колледжінде «Жастардың кәсіби өлеуметтенуі» деген тақырыпта студенттердің ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференция пленарлық отырыс және секциялар жұмысы сынды екі бөлімге бөлінді. Онда кәсіптік мектептердің оқушылары мен политехникалық колледжінің студенттері дайындаған 81 жоба оқылып, талқыланды. Оған арнайы шақырылған әділқазылар тобы бағасын берді.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Шараны колледж директоры Мұзаппар Шыныбаев ашып, ғылым мен техниканың өркениетті қоғам құрудағы маңызды тұстарына тоқталып өткен соң шағын сахналық көрініс көрсетілді. Сахна төрінде студенттер Аристотель, Әбунасыр әл-Фараби, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы сияқты әлемнің өйгілі тұлғаларының өнегелі сөздерінен үзінді оқыды. Содан кейін пленарлық отырыс пен секциялар жұмысына кезек берілді. Нәтижесінде, пленарлық отырыс бойынша қаралған 15 жобаның ішінен Талдықорған политехникалық колледжінің IV курс студенті Эльмира Қырықбаеваның «Формирование личности на пороге семейной жизни» атты жобасы ең үздік деп танылды.

Ал төрт секция жұмысы бойынша талқыланған 63 жобаның арасынан Талдықорған политехникалық колледжінің IV курс студенті Елдар Ақылбайұлының «Объектілі бағытталған жобаларды пайдаланып, студенттер тобының электрондық журналын құру» жобасы, №15 кәсіптік мектептің 11- сынып оқушысы Айнұр Құлжабаеваның «Атажұртқа оралғандар мен шетелдіктердің құқықтық жағдайы» атты іздену, Талдықорған политехникалық колледжінің III курс студенті Айдана Бопазованың «Коммуникативная компетентность в процессе обучения через дебаты» зерттеуі, Талдықорған политехникалық колледжінің I курс студенті Думан Нүкербаевтың «Талдықорған қаласы тоғырағының ауыр металдармен ластану жағдайы және оның мен күрес шаралары» атты еңбегі үздік деп танылды. Аталған жеңімпаздар қала әкімдігінің «Мақтау қағазымен», олардың жетекшілері облыстық білім басқармасының «Алғыс хатымен» марапатталды.

Иә, бүгінгі студент – ертеңгі бәсекеге қабілетті маман. Дей тұрғанмен, олардың алған білімі мен жинақтаған тәжірибесі ел өркениетінің деңгейін көрсетеді. Ал қазіргі кезде теориялық білім мен практикалық шеберлікке бірдей шындалған жастар қоғамға ауадай қажет-ақ. Ал Талдықорған политехникалық колледжі бұл жағынан көш бастап келеді. Осы мақсаттар өзегінде ұйымдастырылған конференция өз деңгейінде өтті. Десе де, оның нәтижесінен гөрі студенттерге жаңаша үлгіде білім беру тәсілін қолдана бастағаны көпшіліктің есінде қалды. Сондықтан талапкерлер білімі мен біліктілігін тең ұштайтын осындай оқу орындарын таңдап оқығаны жөн дер едік.

ШЫҒАРДЫМ ШЫҒАНДАТЫП БИІК ШЫҢҒА



Бұдан байқайтынымыз, аталған аудандар мен қалалардағы білім бөлімдері өз міндеттерін орындауда жауапкершілік тізгінін босаңсытып алған.

Жаңалыққа құштарлық

Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың барлық деңгейдегі басшылық тарапынан бақылануының маңызы зор. Білім берудің заманға сай сапалық көрсеткіші жетекші кадрлардың кәсіби шеберліктері мен ұйымдастырушылық дағдыларына және басқаруда инновациялық технологияларды дұрыс пайдалануына тікелей байланысты. Былтырғы оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің қызметтеріне бақылау жүргізу немесе мемлекеттік аттестациялау өкілеттегі аудандық және қалалық білім бөлімдеріне берілген болатын. Алайда, тексеру барысында бірқатар аудандар мен Текелі қаласындағы білім бөлімдері мен мектептерде көптеген заң бұзушылықтар анықталды. Білім бөліміндегілер мемлекеттік аттестациялаудың барлық типтегі мектептердің лицензияларында қарастырылатын талаптарын сақтауды тексеру мақсатында жүргізілетінін жете түсінбеген сыңайлы. Нақты нормативтік-құқықтық базаның, білімді басқарудың көпжылдық жағымды тәжірибесі барлығына, облыстық білім басқармасы тарапынан тиісті семинарлардың өткізілгеніне қарамастан, аудандық және қалалық білім бөлімдерінің бастықтары өздерінің басты міндеттеріне жүрдім-бардым қарауды доғармаған. Мәселен, Ақсу, Ескелді аудандарында бірде-бір мектепте аттестациялау жүргізілмеген, Кербұлақ, Балқаш аудандары мен Текелі қаласындағы жағдай да осындай.

Мектептерді аттестациялауға қалай болса солай қарау жалғасып келеді. Мұндай жауапсыздықтар Жамбыл, Кербұлақ, Ақсу аудандарында жиі кездеседі. Кемшіліктердің барлығын тізбелеу мүмкін емес. Және олардың орын алуында аудандық білім бөлімдерімен бірге аттестацияланған мектептер басшыларының да жауапсыздықтары жатқаны сөзсіз. Тексеру барысында аудандық (қалалық) білім бөлімдері білім ұйымдарын аттестациялау және лицензиялау жөнінде өздеріне берілген құзіретті орындай алмайды деген қорытынды шығаруға тура келген. Оны айтасыз, басшылар аталған мәселе бойынша нормативтік-құқықтық базаны жете меңгермеген. Осының барлығы өз кезегінде аттестациялау мен лицензиялауда көптеген жөнсіздіктерге жол ашқан немесе аттестациялау жөніндегі жұмыстардың мүлде жүргізілмеуіне әкеліп соқтырған. Қалай болғанда да, жаңалыққа деген ұмтылыстарымен, инновациялық технологияларды сапалы игерулерімен басқаларға үлгі болуға тиісті білім бөлімдері басшылары мен мектеп директорларының заман талабына сай алдан шығатын тың өзгерістерге деген ынтасы нашар.

Ұстаз – ұлағатты есім

Біздің еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуі – білім беру технологиясын жетілдіру, 12 жылдық білім беруге көшу, білім беру мазмұны мен құрылымын жаңарту жолдарымен жүзеге асырылады.

Білім жүйесінің алдына қойылып отырған міндет – бәсекелестікке қабілетті тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін жаңа педагогикалық технологиялардың қажеттігімен шарттасады, білім беруді жетілдіруді талап етеді.

Қазіргі кезде облыстағы мектепке дейінгі тәрбие жүйесінде 72 мектепке дейінгі балалар ұйымы, 203 жалпы білім беретін мектептер жанындағы шағын орталықтар жұмыс істейді. Тұтастай алғанда, облыс бойынша балалардың мектепке дейінгі білім алуымен 17738 бала қамтылған. Дегенмен бұл көрсеткіш республикада 35,6 пайыз болса, біздің облыста әлі 18,5 пайыздан аса алмай отыр. Әсіресе, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Кербұлақ, Панфилов, Ұйғыр аудандарындағы мектепке дейінгі тәрбие мәселесі тым ақсап тұр.

Бүгінгі білім беру – қоғамдық дамудың аса маңызды құралы болып саналады. Бұл өз кезегінде педагогикалық кадрлардың жаңа кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру міндетін алға шығарады. Мұнда оқушылардың негізгі білім жетістіктеріне жетуіне жағдай туғызуға, олармен әріптес те бола алуға тиісті мұғалім маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты мұғалімнің рөлі де өзгереді. Мектепке сабақтарда оқушылардың танымдық қызығушылығын ұйымдастырудың түрлі тәсілдерін меңгерген, инновациялық педагогикалық технологияларды қолдана алатын, жаңа оқу бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру қолынан келетін, шығармашылық идеялары мол ұстаздар қажет. Ұстаз жоғары технологияларға бейімделе алатын, әлеуметтік ыңғайланған тұлғаны қалыптастыру барысында бірінші кезекте өзі оқытатын пән бойынша төрт аяғын тең басатын жорғадай білімді болуға міндетті. Соған сай мұғалімдерге оқушыларға сапалы білім беруге, кәсіби шеберлікті арттыруға қатысты нақты талаптар қойылады.

Оқушылардың білім сапасының артуы біріншіден, педагогикалық кадрлардың дайындық деңгейі мен мектептің сондай кадрлармен толық қамтамасыз етілуіне байланысты. Бүгінгі күні кадрларға қажеттілік 200 адамды құрайды және жаңа оқу жылы басталғанша бұл сұраныс жас мамандар мен мұғалімдердің келуімен жабылуға тиісті. Облыстық білім басқармасымен ауылдық мектептерді қоса алғандағы барлық орта білім ошақтарын жетіспей тұрған кадрлармен толықтыру бойынша жоғары оқу орындары базасында құрылған жоғары оқу орындарын бітірушілерді еңбекпен қамтуға көмектесетін аймақтық орталықтармен жұмыстар жолға қойылған. Білім басқармасының веб-сайтында ауылдық жерлерге жіберілетін жас мамандарға берілетін жеңілдіктерді толық көрсете отырып, ауылдардағы кадрларға деген сұраныс жайлы ақпараттар орналастырылған. Ауылдық жерлерге жұмысқа баратын жас мамандарды қолдау үшін облыс бюджетінен 17 млн. 466 мың теңге қарастырылған.

Жыл барысында 8044 педагог өздерінің біліктіліктерін көтерді, 12 жылдық білім беру бағдарламасы бойынша педагогтарды дайындауға республикалық бюджеттен 27 млн. теңге бөлінді. Үстіміздегі жылы білім басқармасымен ұйымдастырылған облыстық қоғамдық-педагогикалық «Білім шапағаты» газеті мұғалімдер арасында үлкен беделге ие болып, зор серпіліс туғызды. Қазіргі кезде облыстағы әр мұғалім газет беттері арқылы тәжірибе алмасуға, білім саласындағы жаңалықтармен сусындауға мүмкіндік алды.

Оқушылар денсаулығы – басты назарда

Балалардың денсаулығын нығайтуға байланысты сауықтыру жұмыстары басты назарда ұсталады. Мектептерде ыстық тамақ ұйымдастыру өзінің өзектілігін жойған жоқ. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда осы мәселеге айрықша көңіл бөлініп келеді және алдағы кезде де солай бола бермек. Облыста 491 мектепте (66,5 пайыз) ыстық тамақ ұйымдастырылған. Дегенмен, Ақсу, Алакөл, Қаратал, Қарасай, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Ұйғыр аудандарында бұл көрсеткіш облыстық орташа нәтижеден көп төмен. Өткен жылы осы мақсатта облыс бойынша ағымдағы шығындардан бөлінген қаржы 0,5 пайызды құраса, 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап облыс әкімі Серік Үмбетовтің арқасында облыс бойынша қарастырылатын қаржы 1 пайызға жеткізілді. Алайда, бөлінген қаражатты оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуге пайдалану тек қана Сарқан, Кербұлақ аудандары мен Қапшағай және Талдықорған қалаларында дұрыс жолға қойылған. Қалған аудандар мен қалалар тегін тамақтану үшін асханалардың жалгерлік төлемін ғана пайдаланады. Сондықтан мектептерде ыстық тамақ ұйымдастыру жөніндегі шараларды қайта қарастырып, асханалардағы ескірген жабдықтарды ауыстыру мүмкіндіктерін іздестіріп, сапалы азық-түлік жеткізуге байланысты келісімдер жасау қажет.

Биыл 1-10 сыныпта оқитын оқушылардың жалпы санынан 222153 балалар мен жасөспірімдерді (80,1 пайыз) жаздық сауықтыру шараларымен және демалудың барлық түрлерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасалды. Дегенмен, балалардың жаз айларында дұрыс демалуы үшін қала сыртындағы стационарлық лагерьлер керек-ақ.

Қазақтың ұлы педагогі Ы. Алтынсарин «Тәрбиенің барлық үрдісінің мақсаты адамның өзін жеке тұлға ретінде сезінуіне ықпал етуден тұрады», – деген екен. Ал, бұл үшін білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымы осы мәселеге ерекше назар аударуы қажет.

Бұл ретте тағылымды тәрбие мен елжандылық рух қалыптастыруға үлкен септігін тигізетін балалар мен жастардың қоғамдық қозғалысын, ұйымын, шығармашылық ойағын құруға баса назар аударылады. Іле, Алакөл, Жамбыл, Еңбекшіқазақ, Көксу, Талғар, Панфилов аудандарында 8 балалар ұйымы жүйелі жұмыс істейді, олар өздерін облыстық және республикалық деңгейде көрсетіп жүр.

Білім басқармасы тарапынан облыстағы балалар қозғалысы аясын кеңейту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Атап айтар болсақ, ағымдағы жылдың мамыр айында облыстық балалар ұйымының ауқымды слеті өткізілді. Осы шарада барлық балалар ұйымын біріктіретін, ортақ мақсатқа негізделген жастар қозғалысының облыстық штабын құру туралы шешім қабылданды.

Өрендеріміздің өнегесін өркендетуге қосымша білім беру ұйымдарының педагогтары да үлкен үлес қосуда. Мәселен, Алакөл, Жамбыл, Талғар аудандарындағы Оқушылар үйі, Текелі қаласындағы балалар шығармашылығы орталығы, Талғар қаласындағы жас натуралистер станциясы, Талдықорған қаласындағы жас техниктер станциясының жұмыстары көңілге жылылық ұялатады.

Теріс тәрбиенің жетегінде кеткен қиын балалар мен жеткіншектердің мінез-құлқын түзету проблемасы әлеуметтік-педагогиканың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Кейбір отбасындағы экономикалық жағдайлар, айтарлықтай әлеуметтік өткір мәселелер қоғамдағы ішкі шиеленістерге алып келеді. Жағымсыз жағдайлар жеткіншек ұрпаққа да өз кырсығын тигізеді.

Жылдан-жылға қараусыз қалған жасөспірімдер санының артуы алаңдатуда. Кәмелеттік жасқа толмағандарды уақытша бейімдеу, оңалту және оқшаулау орталығына жыл сайын шамамен 250 бала түседі.

Оқу жылы басында себепсіз жағдайлармен мектепке келмейтін 184 оқушы анықталып, оның 137-сі мектепке қайтарылды. 2009 жылғы 15 мамырдағы мәлімет бойынша оқуға ынтасы жоқ 47 бала анықталды. Яғни, Еңбекшіқазақ ауданында – 14, Іле ауданында – 7, Қаратал ауданында – 8, Талдықорған қаласында –7 бала мектепке келмей жүр.

Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қылмыстың етек алуы үлкен алаңдатушылық тудырып отыр, 2009 жыл барысында 85 құқық бұзушылық қылмыстары тіркелді. Ішкі істер басқармасы мәліметі бойынша саны жағынан ең көп қылмыстар: Талдықорған қаласы – 11, Еңбекшіқазақ ауданы – 10, Қаратал ауданы – 8, Қарасай – 7, Іле – 6 тіркелген.

Етек алған қылмыстардың басым бөлігі өзгенің мүлкін тонау мен ұрлықтан тұрады, мұндай қылмыс саны – 14-ке, яғни 70 пайызға жеткен.

Ағымдағы 2009 жылы түрлі құқық бұзушылық жасаған 1588 жасөспірім.

Теріс тәрбиенің ықпалында кеткен, жат жолға түскен жасөспірімдер санының артуы алаңдатуда. Кісі өмірін қиған жасөспірімдердің саны азаймай отыр, үстіміздегі жылы бұл көрсеткіш үшке жетті. Атап айтқанда, Ескелді ауданы Баисов атындағы орта мектептің 9-сынып оқушысы Т. Смығұл кәмелеттік жасқа толмаған А. Ақжұмаеваны ауыр соққыға жығу нәтижесінде өмірін қиса, Жамбыл ауданы Жаңақұрылыс ауылының орта мектебінің 10-сынып оқушысы А. Әділбаев жасөспірім Д. Ушаковты пышақтап өлтірген, Талдықорған қаласындағы Б. Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектептің 11-сынып оқушысы А. Иманбеков сияқты жасөспірімдердің сыбір кінәсіз адамдардың өміріне ойланбастан қол жұмсауы, яғни күзетші А. Бурытбаевты еш шімірікпей өлтіруі жан түршіктіреді.

Сондай-ақ, облыстағы жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасындағы суицид жағдайының жылдан-жылға белең алуы алаңдаушылық тудырып отыр. 2009 жылдың 5 айында бұл сан 13-ті көрсетіп отыр. Атап айтсақ, Алакөл, Ақсу, Жамбыл, Сарқан аудандарында – 2, Еңбекшіқазақ, Ескелді, Қарасай, Талғар аудандарында және Текелі қаласында – 1 жағдай орын алды.

Өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алуда мектептің психологиялық қызметі ғана емес, әр мұғалім де үлкен рөл атқаруы керек. Бұл жерде сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілігінің төмендігі байқалады. Олар дер кезінде оқушылардың мінез-құлқын анықтап, бөтен мінезді баланың ата-анасымен бірлесе отырып, алдын алу шаралары бойынша жұмыстарды өткізбейді.

Кез келген мектепте ерекше көңіл аударуды қажет ететін оқушы бар, олар көбінесе сәтсіз отбасының немесе тұрмыстық қиын жағдайға тап болған жанұяның балалары. Мектеп әкімшілігі және барлық педагогикалық ұжым бұл балаларға ерекше назар аударып, өздерінен шеттетпеуі керек.

Құрметті әріптестер!

Қазақстанның толассыз экономикалық дамуы соңғы жылдары білім беру саласында да анық байқалуда. Мемлекетіміздің мәртебелі межеге бет алуы отандық білім беру жүйесіне бәсекеге қабілетті бірегей жүйе қалыптастыру сияқты ауқымды міндеттер қойып отыр. Бұл мақсатқа жету үшін білім мазмұнын, құрылымын өзгерту, оқыту технологиясын жетілдіру, білім беру сапасының ұлттық жүйесін дамыта беру қажет.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесіндегі көп қырлы мәселелерді шешуге, жан-жақты дамыған, шығармашыл, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға әр педагогтың жекелей үлес қосу керектігі туралы жауапкершілігі зор мақсаттар айқындалған.

Ал мұндай ізгі мақсат жолында ұстаздар қауымының атқаратын қызметі орасан. Өйткені, мемлекетіміздің мерейінің үстем әрі әлемдік бәсекеге барынша қабілетті дамыған елдермен терезесінің тең болуы педагогтардың біліктілігіне тікелей байланысты.

«Жақсы тұқымды құнарлы жерге ексең оның жемісі де өнімді», болады, – дейді халық даналығы.

Ал, бұл жолда мемлекет және облыс басшылығының қамқорлығына бөленіп жүрген білім саласының қызметкерлері аянбай еңбек етеді және нақты нәтижелермен жауап береді деп сендіремін, – деп аяқталы сөзін облыстық білім басқармасының бастығы Ләтап Базарқұлова.

Мұғалімдердің облыстық тамыз кеңесіне арнайы келген Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің төрағасы Найман Қалабаев "Білім берудің сапасы – Қазақстан Республикасының тұрақты даму ұстанымдарын және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету кепілі" деген тақырыпта баяндама жасап, республика бойынша облысымыздың білім деңгейі жоғары бағаланатынын, Талдықорған қаласындағы №24 дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын лицейдің еліміздегі алдыңғы қатарлы білім шаңырағы екенін атап өтті. Білім, ғылыми жағынан Қазақстан әлемдегі 177 мемлекеттің ішінде 14-ші орынды алатынын да қуанышпен жеткізді.

Бұдан соң жарыссөзге шыққан Қапшағай қаласының әкімі Наурызбай Таубаев білім саласын өркендетуде атқарылып жатқан істерге тоқталса, Алакөл аудандық білім бөлімінің бастығы Қоңыржай Қысталасова, Текелі қаласындағы балалар шығармашылық орталығы директорының орынбасары Наталья Попова және басқа да ұстаздар жас ұрпаққа тәлімді тәрбие берудегі ойларымен бөлісті. "Онлайн" режимінде тамыз кеңесіне қатысқан аудан ұстаздары да байланыста болып, өздерінің ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Жиын соңында облысымыздың үздік ұстаздары жас ұрпақты тәрбиелеудегі жемісті еңбегі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің тағайындауымен "Ы.Алтынсарин белгісі", "ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері" төсбелгісі және облыс әкімінің "Құрмет грамотасы", "Алғыс хатымен" марапатталды.

Секциялар жұмысы

Бала – біздің болашағымыз

Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті тарапынан «Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және өскелең ұрпақты адамгершілік-рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу бағыты бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру» атты №6 секция жұмысы Талдықорған қаласындағы №25 орта мектебінде өтті. Оған аудандық, қалалық білім бөлімдерінің балалар құқықтарын қорғау бойынша мамандары, қорғаншылық-қамқоршылық органдардың өкілдері, мектеп-интернаттардың директорлары және «Өзін-өзі тану» пәнінің бағыты бойынша жұмыс істейтін алаң басшылары қатысты.

Алдымен аталған мектептің жиын залында бас қосқан көпшілікке Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің директоры Гүлнар Ермекбаева «Балалар біздің болашағымыз ғана емес, бүгініміз де» тақырыбында кең көлемді баяндама жасады. Баяндамадан білгеніміздей, қазіргі таңда республикамызда 5 млн. бала бар. Оның 3 миллионға жуығын мектеп жасындағы балалар құраса, қалғаны 6 жасқа дейінгі бүлдіршіндер. Ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша, облысымызда кәмелеттік жасқа толмаған 537 781 бала өсіп келеді. Әрине, бала құқықтарын қорғаудың басты міндеті – әлеуметтік жетімдіктің алдын алу. Десе де, қазіргі таңда облыс аумағында 2 мыңнан астам жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала «отырса опық, тұрса сопық» күй кешуде. Жүректі шымырлататыны, оның тек 16,5 пайызы тұл жетім, ал 83,5 пайызы тірі жетімдер. Ал облыстық ІІД-нің есебіне сүйенсек, тәртіпке қайшылық жасаған 1625 бала тіркеуде тұр, бала болашағына немқетті қарайтын 1274 ептегі отбасы анықталған.

Міне, осы жарым көңіл балалардың құқықтарын қорғау басты мәселеге айналып отыр. Сондықтан дер кезінде ұтымды шара қолданған жөн. Осыған байланысты Үкіметтің 2007-2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасы мен облыс әкімінің 2004 жылдың 30 сәуіріндегі «Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды патронаттық тәрбиеге орналастыру туралы» қаулысына сәйкес, бүгіндері 50 бала 15 патронат тарапынан тәрбиеленуде. Бұл шара Еңбекшіқазақ, Іле, Сарқан, Көксу, Райымбек, Ескелді, Панфилов аудандары мен Талдықорған, Қапшағай қалаларында жүйелі түрде іске асуда. Сонымен бірге, Талғар қаласында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар ауылының құрылысы жоспарлануда.

Осыдан соң мінберге көтерілген Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті балалар құқығын қорғау, мониторинг және ақпараттық талдау қызметі бөлімінің бастығы Асқар Үйсінбеков «Қазақстан балалары» бағдарламасы – балалардың өмір сүру сапасын әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етудің басты шарты» деген тақырып төңірегінде атқарылған жұмыстар жайын сөз етті.

Бұдан соң шараға қатысушылар екі топқа бөлініп, балалардың қоғамдағы адамгершілік басымдылықтары мен рухани байлықты қалыптастыру жөніндегі ведомствоаралық үйлестірудің тиімді жүйесін құру мәселесін талқылады.

Жиналыстың соңында Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары Самғат Долаев секция жұмысын қорытындылай келіп, шараның тек балалар құқығын қорғауға ғана емес, мектеп қабырғасындағы балаларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу жолдарын айқындауға бағытталғанын да айтып өтті. Шараға қатысқандар осында айтылған ұтымды тәрбие тәсілдерін білім беру барысында нақты қолданатындықтарын білдіріп тарады.



**Материалдарды дайындағандар:
Алма ЕСЕНБАЕВА,
Болат АБАҒАН,
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ,
Кәжет АЙДАС.**

**Суреттерді түсірген
Жұмабай МҰСАБЕКОВ.**

●ҚАМҚОРЛЫҚ

Өткен сенбі күні Талғар қаласындағы 18-ден 40 жастағыларға арналған психо-неврология интернат-үйінде Эстониядан келген арнайы делегациямен кездесу болып өтті.

ЭСТОНДЫҚТАР КЕЛДІ

Бастапқыда Таллинн университетінің докторанты Марика Мийл жетекшілік жасайтын «Жастардың жастарға қамқорлығы» атты қоғамдық ұйым мен Алматы қаласындағы жоғары білімі бар кемтарлардың «Намыс» атты бірлестігінің төрағасы Қайрат Иманалиевтің жеке басшылығымен қолға алынған екі ел арасындағы ақыл-есі кемтарларға, тағдыры таршылық көрсеткендерге қамқорлық мәселесін, оларға жасалып отырған жағдайларды салыстырып көріп, тәжірибе алмасу, жақсы жағын үйрену жайын мақсат етіп қойған жобаның бара-бара қанат жайып, халықаралық дәрежеге көтерілгенінің куәсі болдық.

Эстониядан келген делегацияны Талғарға Қазақстанның Халықты әлеуметтік қорғау және еңбек министрлігі департаментінің директоры К.Манабаева, Алматы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Н.Бөлекбаевалар бастап келді.

Өздерін Еуропа стандарттарына салыстырып үйренген эстон делегациясы Талғардағы 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер және 18-бен 40 жастағыларға арналған психоневрологиялық интернат-үйлерін, оларда ауруларға жасалынып отырған қамқорлық пен жақсы жағдайларды көргенде тамсанып тәнті болмасқа шаралары қалмағандығын айтты.

Шындығында, осы мекемелерде емделіп жатқандарға жасалынған жағдай ұжымдағы 60 адамның жұмылған жұдырықтай ұйымшылдығының, мекеме басшысы Н.Оспанованың талапкерлігі мен ісіне деген адалдығының айқын көрінісіндей екен. Ішінде естүсін білмейтіндері, әр ісін қадағалап отырмаса, өзін де, өзгені де мерт етіп қою мүмкіндіктері барлары бар, көбінесе қосымша қадағалауды қажет ететін интернат-үйі тұрғындары арасында жұмыс істеудің өзі үлкен ерлік екені айтпаса да түсінікті. Бұл жерде жұмыс істеу үшін адам атты табиғаттың аса ерекшелікпен жаратылған нәзік құбылысына деген үлкен сүйіспеншілік болуы керек екенін ұққандай болдық. Әсіресе, эстондық әріптестермен әңгіме барысында олардағы осындай мекемелерде жұмыс істейтіндердің жалақы көлемі (төленетін пұлдың сатып алу бағамын есепке ала салыстырғанда) біздердегіден 2 еседен жоғары екендігін білгенде, мекеме қызметкерлері, осы саладағы еңбек етіп жүргендердің жалақысын көтеру мәселесі күн тәртібіне қойылатын кезің туғанын ерікті мойындадық.

Еліміздегі тағдырлары таршылық көрсетіп, ақыл-естен ада етіп жаратқан жандарға жасалынып отырған жағдайларды тілге тиек еткен К.Манабаева өздерінің Эстонияға барған сапарында алған әсерлерін, оларда осындай мекемелер аз-аздан, әр жерде шоғырланғандықтан біздегідей бір бөлмеде жататындардың санының олардікі аздау, бірақ біздегі жасалып отырған жағдай олардан әлдеқайда жоғары екендігін мойындаған эстондық бауырларға алғыс айтты. Эстонияда мұндай мекемелерді мемлекет бюджетіне қоса Еуроодақ берген көмекке, әрі кәсіпкерлер беретін қайырымдылық қаржыларына сүйеніп ұстайтындығын, ал бізде мемлекет есебінен жасалынып отырған мүмкіндіктерге ғана сүйенетіміз туралы айтты. Соған қарамастан республика көлемінде осындай қамқорлыққа зәру 2000-ға тарта ғаріптердің кезек күтіп отырғанын атап өтті.

Талғардағы екі мекемені аралап көрген делегация мүшелері өткен жылмен салыстырғанда биылғы жағдайдың айтарлықтай жақсарғанын атап өтті. Бұдан соң эстондық қонақтар қазақстандық әріптестермен кеңінен пікір алмасу барысында істің басы-қасында жүргендердің әрқайсысы өзіне қажетті, қоластындағы тағдыр таршылық көрсеткен кемтарларға жасалынар қамқорлықты барынша жақсартуға жол ашатын деректер алғанын разы болысты.

Асқанбай АХМЕТҰЛЫ.

●БАЙҚАУ

«Алтын сапа» конкурсы

жаңа биіктерге бастайды

Мемлекет басшысы өзінің «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Жолдауында «Қазақстан – 2030» Стратегиясында нақтыланған мемлекеттік бағыттың өзгермегенін атап өтті. *«Өмір өзінің түзетулерін енгізгенімен, бағыт сол бұрынғыдай – гүлдену, азаматтардың әл-ауқатын арттыру және қауіпсіздік болып қала береді. Бұлар – біздің мемлекеттің үш бірегей міндеті»* деген елі Елбасы өз Жолдауында.

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі біздің елдің тауар өндірушілерін қолдау және ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы № 194 (2009 жылдың 2 шілдесіндегі № 841 өзгертулерді қоса алғанда) Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 шілдедегі «Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығы жолындағы «Алтын сапа» конкурсына қатысушылардың материалдарын рәсімдеу, тапсыру және алдын ала бағалау тәртібін бекіту туралы» № 1167 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығы жолындағы «Алтын сапа» конкурсы жарияланғанын хабарлайды.

Аталған конкурстың басты идеясы – сапаны басқарудың тиімділігі жоғары әдістерін енгізу, қазақстандық тауарларды сыртқы нарықтарға шығаруды алға жылжыту, отандық өнімдердің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру болып табылады.

2009 жылдан бастап конкурс сапа жөніндегі Еуропалық сыйлық үлгісімен үйлестіріліп, осы заманғы менеджменттің даму тенденциялары ескеріле отырып, жаңа үлгіде өткізіледі. Сондай-ақ, басты белгілері қызметтер мен өнімдер сапасы саласындағы жетістіктер үшін берілетін ТМД сыйлығына сәйкестендіріледі. Мұнда қызметтер мен өнімдердің сапасына тұтынушылардың қанағаттануы, сапа саласындағы ұйымдастырудың саясаты мен стратегиясын сипаттайтын жетекшіліктің көшбасшылық рөлі, көрсеткіштердің маңыздылығы барынша күшейтілген. Жаңа үлгіні қолдану ұйымдардағы сапа жөніндегі жұмыстар деңгейін егжей-тегжейлі бағалауға мүмкіндік береді.

Конкурс келесі аталымдар бойынша өткізіледі:

1) «Өндірістік бағыттағы үздік кәсіпорын»;

2) «Тұрғындар үшін тауарлар шығаратын үздік кәсіпорын»;

3) «Қызметтер көрсетудегі үздік кәсіпорын».

Сыйлықтың иегері атанған конкурсқа қатысушыларға соған сәйкес дипломдар мен конкурстың белгісі тапсырылады.

Дипломанттар тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ, конкурстың дипломанттары конкурстың белгісін екі жыл қатарынан жарнамалық мақсаттарға пайдалану құқын иеленеді. Жеңімпаздар тек Қазақстандағы «Алтын сапа» конкурсына ғана емес, сонымен бірге Еуропа мен ТМД елдері арасындағы осы сынды конкурстардың жүлдегері атану жолында бақ сынау мүмкіндігін алады. Республикалық «Успех» журналы алдымызда тұрған конкурсқа қатысушыларға тамаша жарнама жасай алады. Бұл журналда конкурсқа қатысушы кәсіпорындар туралы мазмұнды мақалалар жарияланып, олардың өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қызметтер сапасын арттыру жөніндегі жұмыс тәжірибесі туралы жан-жақты айтылады.

Соңғы жылдары біздің облыс атынан республикалық конкурстарға тұрақты қатысып жүрген төмендегі кәсіпорындарды да айта кеткенді жөн көріп отырмыз:

1. Қапшағай қаласындағы «Трансстроймост» АҚ;
2. Қапшағай қаласындағы «Полимерметалл-Т» ЖШС;
3. Талдықорған қаласындағы «Қайнар-АКБ» ЖШС аккумулятор зауыты;
4. Талдықорған қаласындағы «SHERSU POWER» ЖШС аккумулятор зауыты;
5. Іле ауданындағы «БеНТ Электро» ЖШС;
6. Іле ауданындағы «Универсал» ЖШС;
7. Қарасай ауданындағы «Үркер косметик» АҚ.

Өткен жылы облыстағы мына шағын кәсіпорындар да конкурстарға қатысты:

1. Текелі қаласындағы «Тексти лайн» ЖШС, «Текелі-гранит» ЖШС;
2. Талдықорған қаласындағы «Талсай-ет» АТК;
3. Жамбыл ауданындағы «Қазақ сусындары» ЖШС.

2008 жылдың 20 қарашасы күні Астана қаласында өткен республикалық «Алтын сапа» конкурс-көрмесіне Алматы облысы атынан 13 үздік кәсіпорын қатысып, осылардың қатарынан табылған «Тексти лайн» «Тұрғындарға арналған өнеркәсіп өнімдері» аталымында 1-орынды иеленді.

Конкурсқа қатысты туындайтын барлық сауалдарға байланысты мына мекенжай бойынша бізге хабарласа аласыздар. Талдықорған қаласы, **Шевченко көшесі, 131, 516 кеңсе, телефондар: 211753; ұялы байланыс – 87017691290, 87015866776 немесе www.mcmst.kz сайты арқылы.**

**Гүлмира ӘБДІРАСЫЛОВА,
ҚР Индустрия және сауда министрлігі техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің бас маманы.**

МЕРЕКЕЛІК СҰХБАТ

ӨРКЕНИЕТКЕ АПАРАР ЖОЛ



Әбдіманап БЕКТҰРҒАНОВ,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор.

Қазақстан Республикасының Ата (негізгі) Заңы 1995 жылы 30 тамызда республикалық бүкілхалықтық референдум өткізу (бүкілхалықтық дауыс беру) жолымен қабылданған болатын. Ата Заң қабылданған күн мемлекет мерекесі – Қазақстан Республикасының Конституциясының күні деп жарияланды. Ата Заңның ең жоғары заңдық күші бар және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданыста болады. Мұның өзі оның басқа заңдар мен нормативтік-құқықтық актілердің нормаларынан үстем екендігін көрсетеді. Сонымен бірге, маңызды құжат тұңғыш рет мемлекеттік тәуелсіздікті, егемендікті және Қазақстан халқының толық билігін бекітіп, одан әрі орнықтырды. Құқықтық мемлекеттің қалыптастырылу бағыттары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, соның ішінде жеке адамның жан-жақты еркіндігі, идеология және саяси әр-алуандығы, сөз және шығармашылық бостандығы, саяси партиялар мен бұқаралық ақпараттық құралдар еркіндігі, халық билігін жүзеге асыратын демократиялық амалдар, экономикалық қатынастардың қызмет етуі әлемдік талаптарға сәйкестендірілген. Оның нормалары тұрақты, жалпы мәнде ұзақ жылдарға бейімделіп тұжырымдалған. Ендеше, осы Ата Заңның аясында барлық салада тың жетістіктер мен игілікті шаралар атқарылып жатқаны анық. Соның бірі – білім беру саласы. Бұл жайында тереңірек түсінік алу мақсатында І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Әбдіманап Бектұрғановты әңгімеге тартқан едік.

– Әбдіманап Елікбайұлы, Қазақстан Республикасының Ата Заңы барлық заң салаларының негізі болып табылады, ал оның нормалары басқа заңдар үшін басты қағида болатыны неліктен?

– Қазақстан Республикасы Ата Заңының кіріспесінде Конституцияны қабылдаудың себептері мен мақсаттары былай түсіндірілген: "Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекет құра отырып, өзіміздің еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы тарихи жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз". Ата Заңның бұл бөлігі саяси және идеологиялық тұрғыдан алғанда аса маңызды. Себебі, бұл Ата Заң Қазақстанда демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың конституциялық негізін қалады.

Осыдан келіп, мынадай негізгі мақсаты туындайды: өзінің ең қымбат қазынасы ретінде адамды және оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын айқындап, бекіту, өз елінде және мемлекеттер арасында азаматтық бейбітшілікті, ынтымақтастық пен тату қарым-қатынас жасау әдістерін орнықтыру; байырғы қазақ жерінде мемлекеттік бірлікті сақтау; республиканың тәуелсіздігін сақтап, ұстап тұру; Қазақстан Республикасының демократиялық негіздерінің мызғымастығын бекіту. Осы орайда республика қызметінің түбегейлі қағидалары айқындалады. Олар: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламенттік дауыс беру арқылы шешу.

– Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының мемлекет мүддесінен жоғары қойылуы Ата Заңның басты ұстанымының бірі болып табылады. Осыған орай, мемлекетіміздің жеткен жетістіктеріне қандай баға берер едіңіз?

– Кез келген демократиялық құқықтық мемлекеттің ағымдағы заңдары құқықтың базалық көзі болып табылатын Ата Заңға негізделеді және оның рухына сай келуге тиіс. Ағымдағы заңдар Ата Заңда баян етілген азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Оның біріне тоқталатын болсақ, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы Конституция негізінде орындалып, жүзеге асырылуда. Бүгінгі күні ел ертеңіне қызмет ететін болашақ жас мамандарды дайындауда мемлекет тарапынан және облыс әкімдігі тарапынан бөлініп жатқан білім гранттары соның айқын дәлелі болып отыр.

Сонымен қатар, Ата Заңның 14-бабында: «Тегіне, нәсіліне, ұлтына, тіліне байланысты ешкімді де кемсітуге болмайды» деп көрсетілген. Бұл қағида ретінде қоғамда берік орнықты. Президентіміз Н.Назарбаевтың бастамасымен 2008 жылы 20 қазанда қабылданған «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңының аясында атқарылып жатқан жұмыстар бүгінгі күні әлемдік өркениетке өнеге, үлгі боларлық ұлтаралық татулықтың моделіне айналды. Еліміз әлемдегі көп ұлтты мемлекеттердің бірі және оның қалыптасуы мен дамуына ұлттар мен ұлыстардың да қосқан үлесі орасан зор. Тарихи дәлелдерге сүйенсек, ежелгі қазақ жерінде халықтардың, өркениеттердің, мәдениеттер мен алуан діни сенімдердің бір мемлекетте бейбіт қатар өмір сүруінің бай да бірегей тәжірибесі жинақталған. Бұл тәжірибе біздің бірлігіміздің түп-тамырын көрсетеді және болашағымызды айқындап алуға өз ықпалын жасайды. Республикамыздың бүгінгі таңдағы ішкі саяси жағдайы тұрлаулылығымен сипатталады. Түрлі этникалық топтар өздері тұратын аймақтардағы ұлтаралық қатынастарды қанағаттанарлық әрі жарасымды деп бағалайды.

Тағы бір жағынан, Ата Заң әртүрлі қоғамдық-саяси күштерінің келісімін қамтамасыз етті. Бұл оның саяси тұрақтылығының факторы, бейбітшілік пен келісімнің кепілі екендігін көрсетеді. Бүгінгі күні Қазақстан ішкі тұрақтылығымен, әлеуметтік даму базасының сенімділігімен, өңірдегі ең үздік экономикасымен халықаралық беделге ие болып отыр.

Экономиканың тұрақты дамуы – халық тұрмысының өсуіне және қаржылық мүмкіншіліктерге сүйеніп қажетті реформаларды жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, биліктің өкілеттілігінің кеңеюі де мемлекеттің саяси жүйесін дамытуда маңызды бағыттарының бірі болып табылды. Бұлар Ата Заң аясында қол жеткен жетістіктердің бір парасы ғана. Әрине, жоғарыда аталған халық пен мемлекеттік биліктің бірлігі мен мызғымастығының, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының басты кепілі Президент Нұрсұлтан Әбішұлы екенін естен шығармаған жөн.

– Президент "Бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз" деп ауқымды міндет жүктеп отыр. Осы барыстағы өзіңіз басшылық етіп отырған білім ордасында атқарылып жатқан жұмыстар мен жетістіктер жайын айтып өтсеңіз?

– Әрине, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі болып табылады" деді бір сөзінде. Ал, ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсыновтың "Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы" дегені ойға оралады. Міне, осыдан қай ғасырда да білім мен біліктің бірінші кезекте тұратынын аңғару қиын болмаса керек.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті облысымыздағы жоғары білім беретін бірден-бір мемлекеттік оқу орны болғандықтан оны жаңашыл білім кешеніне айналдыру біздің ең үлкен мақсатымыз. Осыған орай, білім саласында халықаралық стандарттарға сай жұмыс істеп, жоғары білікті мамандар даярлауға белсене кірісіп жатырмыз.

Университеттің басшылық қызметіне кіріскен кезден бастап мен ұжым алдына университет дамуының басымдықтары ретінде ерекше назарды жоғары білім беру жүйесіне қажет жаңа саладағы мамандарды даярлау мәселесіне аудардым. Мұнда басты мақсат халықаралық оң тәжірибені қолдау, әсіресе білім беруде PhD және ED докторлық бағдарламаларды іске асыру еді. Осының нәтижесінде 2008-2009 оқу жылын табысты аяқтадық. Алдағы жоспарларымыз да қомақты.

30 жылдық тәжірибесі бар Жетісу мемлекеттік университеті өзіндік дәстүрі қалыптасқан. Ел экономикасының өсіп, халық тұрмысының жақсаруына байланысты сұранысты қанағаттандырып отыру қажет. Осыған орай биылғы оқу жылында жаңадан «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг», «Стандарттау, метрология және сертификаттау», «Журналистика», «Тұрмыстық қызмет көрсету және сервис», «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі», «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандықтарын аштық. Бүл күнде талапкерлер 44 мамандық бойынша сапалы білім, саналы тәрбие ала алады. Бұған дейін университетімізде 3 мамандық бойынша магистратура болған болса, биылғы оқу жылында 6 мамандық бойынша магистранттар дайындаймыз. Оларға дәрісті жоғары білікті профессорлар мен докторлар, педагогика ғылымдарының кандидаттары жүргізеді. Ал университет жанынан ашылған колледжде 14 мамандық бойынша білімгерлер даярлауға мүмкіндік бар. Ағымдағы жылы 2 мамандық ашылды. Сөз реті келгенде айта кету қажет шығар, 2008 жылы қазан айында әлемнің 500-ден аса университетін біріктірген Болон декларациясына қол қою рәсімінің 20 жылдығына орай университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойдық. Сондай-ақ, алыс және жақын шет ел университеттерімен тығыз байланыс орнатып, тәжірибе алмасып жатырмыз. Атап кетер болсам, Санкт-Петербург қаласындағы Иоффе атындағы физика-математика институты, Ресей Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу институты, Британдық халықаралық білім беру кеңесі, Корея Республикасының Хансунг университеті, Прагадағы Карлова (Чарльз) (Charles University), университеті, Ұлыбританиядағы Стирлинг және Шеффилд университеттері.

Бұл бастама біздің оқытушыларымыздың өз мүмкіндігін көрсетуге жол ашты. Өткен жылы ақпараттық технологиялар және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының оқытушысы Алтай Шалтабаев Америкадағы Алабама штатының ірі қалаларының бірі Мобилдегі Иорк университетінде «Ақпаратқа рұқсатсыз қатынауды қорғайтын, ақпараттық жүйелерді үзіліссіз коректендіру құрылғысы» тақырыбында ғылыми жұмысын қорғап, философия ғылымдарының докторы (Ph.D) атанды. Оқытушыларымыз Ресей, Жапония, Чехия, Франция, Бельгия, Люксембург, Түркия, Қытай, Қырғыз, Ресей елдерінде өткен халықаралық конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Айта берсек, атқарған жұмыстарымыз, жетістіктеріміз баршылық. Мұның бәрі Ата Заңымыздың білім беру саласын арттыру мен біліктілікті жетілдіруге үйлесімді болғандығының нәтижесі. Бірақ, біз мұнымен тоқтамаймыз. Биылғы оқу жылына үлкен дайындықпен келдік. Алдағы күнде атқарар жоспарларымыз да ауқымды.

– Әбдіманап Елікбайұлы білімгерлерді ынталандыру бағыты мен Қазақстан Республикасының жастар саясаты заңын жүзеге асыру мақсатында қандай шаралар қолданып отырсыздар?

– Әрине, қай талапкер болмасын мемлекеттік грантты иеленуді армандайды. Алайда, ол үшін терең білім керек. Биылғы жылы мемлекеттік гранттың саны 35 мыңға жетеқабыл болды. Әр мамандыққа бөлінген гранттың өз мөлшері бар. Бүгінде ауылдық жерге 13 мыңнан астам педагог керек екен. Осы мұқтаждықтың орнын толтыру үшін осы салаға 8075 грант бөлінді. Ал, дәрігер мамандығы бойынша елімізге, оның ішінде ауылдық жерлер 7 мыңнан астам дәрігерді қажет етеді. Осыған байланысты медицина саласына еншісіне 5000 грант бөлінген. Сол сияқты спорт, мәдениет, өнер салаларына қарастырылған грант саны да жылдағыдан көп. Бұл мектеп бітірген түлектердің тегін оқуға, яғни, грант иеленуге мүмкіндіктің мол болғанын көрсетеді.

Ал, біздің Жетісу жерінің жастарына мемлекеттік қамқорлықтың сыртында қаншама көңіл бөлінуде. Өңіріміздің 120 студенті облыс әкімі Серік Үмбетов тағайындаған грантпен оқуын жалғастыруда. Жастардың білімге деген құштарлығын арттыру және оларды әлеуметтік жағынан қолдау мақсатында өткен оқу жылының аяғында университет тарапынан облыстық, қалалық, аудандық пән олимпиадаларының жеңімпаздары үшін бөлінген грантты сарапқа салдық. Сыннан сүрінбей өткен талапкерлер бұл грантқа да ие болды.

Ал жастар саясаты және тәрбие жұмысы жөнінде университет қабырғасында арнайы бөлім құрылып, Ата Заңымызда көрсетілген негіздерге сай, жігерлі жұмыс істеуде. Негізгі басымдық рухани құндылықтарды жоғарылату, жастарды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, ұлтаралық келісім мен жастар арасынан белең алған заң бұзушылықты болдырмауға, алдын алуға негізделген.

Ендігі кезекте студенттерді: жаңа ағымдағы, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, рухани-әдептілік, ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеу, студенттерді саналы тұлға ретінде қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, кәсіби мамандыққа баулу, үштілдік саясатты жүргізу (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі), құқықтық мәдениетті қалыптастыру, әр студент өз құқығын біліп, жемқорлыққа қарсы тұру бағытында тәрбие беру үдерісін жүргізуді көздеп отырмыз. Бұл барыста істелген жұмыстардың нәтижелері де қомақты. Атап айтар болсақ, Владимир Седов күндізгі бөлімнің 2-курс студенті – ауыр атлетикадан Азия чемпионы. Айдос Қаңлыбаев күндізгі бөлімнің 3-курс студенті – ҚР самбо мен қазақша күрес спортынан жастар мен ересектер арасында чемпион атанды, Азия чемпионатының күміс жүлдегері. Аида Абдрасилова ҚР Дзю-до спорт түрінен чемпион. Шахмұрат Абдинаби ҚР Грек-рим күресі түрінен чемпион, универсиада жеңімпаздары да жоқ емес. Назым Арыстанбекова ҚР самбодан чемпион атағына ие болды. Ертарғын Түйтеков – 2009 жылдың үздік боксері, және университет футбол командасы 3-орынға ие болды. 2008-2009 оқу жылында қанжығамызда 20-дан аса алтын, 17 күміс, 18 қола медаль бар. Мұның сыртында облыс, қала деңгейінде өткізіліп жатқан мерекелік шараларға шығармашылық топтар айтарлықтай үлес қосуда. Осындай дарынды студенттерді қолдау мақсатында өткен жылы 1 357 000,00 теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді. Білімгерлеріміздің түрлі деңгейдегі конференцияларға, спорт жарыстарына, олимпиадаларға, жастар ісі жөніндегі әртүрлі шараларға қатысуларына толық қаржылай мүмкіндіктер туғызылуымен бірге, әлеуметтік жағдайы төмен, дарынды, университеттің қоғамдық жұмысына белсенді қатысатын және спортқа бейім білімгерлерге материалдық көмек көрсетілуде. Оқу орнын тамамдаған түлектерді мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуына жағдай жасау үшін ұдайы бос орын жәрмеңкелері ұйымдастырылып, оған облыс аумағындағы ірі кәсіпорындар мен барлық сала басшылары шақырылады. Нәтижесінде студенттеріміз болашақ жұмыс орындарын тауып жатыр.

Жас ұрпақты тәрбиелеудегі ең басты мақсатымыз – тәуелсіздігімізді нығайтып, мемлекетіміздің абыройын асырып, халқымыздың қамын ойлайтын патриот жастар тәрбиелеу. Ата Заңымыздың ақиқаттылығы мен бірізділігінің нәтижесінде бұл ойымыздың орындаларына бек сенімдіміз.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбатты жүргізген Қажет АНДАС.

ЗАМАНДАС

Жемісті жол



Облыстық әкімдікте салтанатты жағдай өтуде. Қызметімен де, өз алдындағы, қоғам алдындағы борыш-қарызын өтеудегі белсенділігімен де көзге түскен бірқатар жайсаң жандар «Алматы облысының Құрметті азаматы» атағына ие болып отыр. Облыс басшысы Серік Әбікенұлы Үмбетов осынау қуанышқа орай, төсбелгіні лайықты жандардың омырауына қадап тұрды. Алдымен Мырзакерім Әділбаевтің есімі аталып, ортаға шақырылған еді. Әлі де болса тың, жігерлі де салмақты ағамыз төрге озды. Алғаш рет көруіміз жүзінен кеңпейілділік пен терең парасаттың, байсалдылықтың ізі байқалады. Бұлай болмаса, мұндай атаққа ие болар ма еді, деп қойдым бір ойымыз іштей. Серік Әбікенұлы:

– Мырзакерім аға, біз сіздің есіміңізге де, саналы ғұмырыңызда атқарған таудай ісіңізге де кеңінен қанықпыз. Елдің азаматысыз, өңірдің ағасысыз. Сөз ұстайтын абызсыз, бата беретін ақылгөйсіз. Бірер жерде мұндай қасиетіңізді өзім де байқадым. Мен үшін сізге облысымыздың «Құрметті азаматы» деген жоғары атақты төсбелгісімен табыс ету үлкен мәртебе. Қашан да ортамызда бүгінгі жайсаң да, жайнақ қалпыңызда, жұртшылықты әр сөзіне ұйыта білген ағалық биігіңізде қала бергейсіз. Денің сау, бала-шағаңыз аман болсын, – деп Мырзекеннің сұдай жаңа костюмінің омырауына төсбелгіні тақты. Куәлігін ұстатты. Жарқыраған белгі жарасым тауып кете барды.

– Иә, атақтың да, абыройдың да өз иесіне деп келгенде құлпырып, күндей жайнап кетері бар! Бұл ең алдымен еңбек деген теңдесі жоқ құдіреттің шырайы. Соның өтемі, жылдар бойғы маңдай тердің қайтарымы. Алқалаған әлеуметтің ықылас-пейілі.

Мырзекең табиғатында сырбаз жаратылған. Жетімдік көріп өссе де ересі жеткен жерге дейін білім қуды. Ертеңіне асықпаса да, асығының алшысынан түсуі үшін бар қарым-қабілетін жұмсады. Шешесі марқұм Бибісара Толғанбайқызының алдындағы қарызы ұшан-теңіз. Әкесі отызыншы жылдардағы аласапыран кезеңінде өмірін қиған. Анасы жалғыз баласының қатарға қосылуы үшін таңды-таңға атыра еңбек етті. Бар жүрек жылуын жалғызының жолына арнады. Баласының ертеңгі күні өзін қатты алаңдатты. Мына бір мысалды алға тартайықшы. Кішкене кезінен Мырзекеннің сурет салуға бейімділігі ерекше байқалды. Сонау бастауыш сыныптарда жүрген кезінің өзінде-ақ қолына түрлі қарындаштар түсетін. Әдепкіде анасы балалық қызығушылық деп ойлады білем, пәлендей мән бере қоймаған.Әйтсе де, баласы сол ақ қағаздан басын алмайтын күйге түскен. Тіпті салған ауыл көрінісі, мал мен құс, ауыл адамдарының бейнелері қадімгідей өмірмен етене ұштасып кете барған. Бұл анасының көңілін көктем етеді, қиялын қиға самғаттырады. Дереу барып Талдықорған қаласынан түрлі-түсті қарындаштар мен сурет салатын әдемі альбом әкеліп береді. Мұндай базарлық баланың талпынысын одан әрі ұштап, талабын арттыра түседі. Кешегі бояуы пәлендей қанық емес суреттер одан әрі түрленіп кете барады. Несін айтасыз, мектеп қабырғасында жүргенде Мырзекең қадімгідей суретші бала атанады. Бұл өнері ауылдан асып, ауданға да жетеді.

Мектеп бітірген жылы ғой, суретшілікке деген асыл арман әлдилеген жасөспірім Алматыдан бір-ақ шығады. Сол тұста есімі дүрілдеп тұрған қазақтың тұңғыш суретшісі Әбілхан Қастеевтің тікелей өзіне барып жолыққаны бар емес пе. Бірден ол кісінің алдына өзінің қоржынындағы бала қиялынан туған балдырған суреттерін жайып салады. Мұндай талантты балаға Әбілхан Қастеев таң-тамаша қалады. Көркемсурет училищесіне барып, өнерін шыңдауға тілегін де білдіреді.

– Соншалықты қабілетім бола тұрса да, мен көркемсурет училищесіне оқуға бармадым. Неге десеңіз, ол оқу орнына сегіз жылдық білім негізінде қабылдайды екен. Ал мен болсам орта мектепті тамамдаймын деп отырмын. Екі жылдай білім тұрғысында уақыттан ұтылатын түрім бар, – дейді Мырзекең сонау бір елеске толы сағынышты сағым жылдарды еске алып.

Ата-ананың бойындағы қандай да бір қабілеттің, ерекшеліктің ұрпаққа дарытындығы шындық қой. Сөйтсек, Мырзекеннің ғаламат суретші атанып кете жаздауының бір себебі, анасы Бибісара сол өнерге кеңінен танымал іскер адам болған екен. Қолынан келмейтіні жоқ. Киімнің де, көрпе-жастықтың да небір түрін тігеді. Оған салған ою-өрнектерін айтсайшы! Ауыл-аймақ ол кісіге бұйымтайларын білдіріп келіп жатады екен. Анадан қызға ауысып келе жатқан қазақтың атамұра өнері ғой ол. Көрдіңіз бе, сол өнерге деген бейімділік, қиындықты жеңе білу қабілеті Мырзекеннің бойына әбден дарыған.

Өнер демекші, әкесі Әділбай да қаражаяу адам емес екен. Ол кезде бала ғой, сонда да болса санасында сайрап қалып қалған, әкесі ауыр тұрмыстан қолы қалт ете қалғанда гармоньда құйқылжыта ойнайтын. Небір әуенді нақышына келтіріп, қоңыр дауысын да қосатын. Арғы-бергілер ол кісінің әншілігінен кеңінен хабардар болыпты.

Әр нәрсенің өзінің арнасы болады екен. Суретші атана алмаған Мырзекең Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түседі. Небір ғұламалардың алдынан өтеді. Манаш Қозыбаев секілді марқасқалармен қатар дәріс алады. Табандата оқиды. Терең ізденеді, әттең екінші курсқа көшкен жылы қатты сырқаттанып, елге қайтпағанда, кім біледі, өзінен тарлан тарихшы шығар ма еді?!

Елге келген соң осындағы орта мектепте математикадан сабақ береді. Кешегі суретке қабілетті бозбаланың, тарих факультетінде оқып жүрген студенттің математикадан дәріс бергені қалай деуіңіз әбден орынды. Математика кішкентайынан оң жамбасына келген пән еді. Мектепте жүргенде қызыға оқитын. Құрбыластарынан есеп шығарғанда озып кететін, ой жүйріктігімен ерекшеленетін.

Сөзіне қарап кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма, – демекші, Мырзекең оң-солын ерте таныды. Жақсыларға жақын жүруге ұмтылды. Жақсылық жасауға бауланды. Айналасындағыларға құяншы сыйлаған күні тіпті өзінен-өзі тасып жүретін. Бұл жақсы кісіге тән қасиет болса керек. Ғалымдар әдетте адамның борышты түсінуіне қарап, қылықтарын жақсы, я жаман деп бағалайды ғой. Осы өреден көз салғанда біздің кейіпкеріміз жайсаңдардың тобына жатады. Бұл жылтырақ сөз үшін айтылған дүние емес. Оның шиыршық атқан өмір жолы соған дәлел. Интеллигент болу үшін бірнеше жоғары оқу орындарын тамамдаудың қажеттігі шамалы. Ең бастысы, бойыңда адамгершілік құндылықтардың ұялауы. Адамды алдына қойған мақсатына қарай бағаласақ керек. Міне, Мырзекең бала қиялымен жүрегінде әлдилеген асыл арманы жолында тынбай қанат қақты. Ентіккен кездері де, өкпе-бұрқасы түскен сәттері де аз емес. Бірақ, ол мойымады. Қиындық атаулы, сын-сынақтар оның жігерін одан әрі жани түсті. Соның арқасында екінің бірінің қолы жете бермес асуларды меңгерді.

Қарап отырсақ, өмір жолынан-ақ көп нәрсені аңғарасыз. Жоғарыда айтқанымыздай, ол ауылдағы орта мектепте мұғалімдіктен қызмет жолын бастаған. Бұдан кейін заң факультетін тамамдап, сот қызметіне ораласады. Аудандық соттың төрағасы, Қостанай облыстық сотының мүшесі, Талдықорған облыстық атқару комитеті әділет бөлімінің бастығы секілді ауыр міндеттерді атқарады. Өстіп жүріп қоғамдық жұмыстарға да белсенділікпен атсалысады.

Бойына табиғи түрде сіңген көрегендік, шешендік, батылдық секілді қасиеттер оны үнемі алға жетелеп отырған. Қоғамның небір күрделі мәселелері, заң, әділет жағдаяттарына қатысты талай қордаланған проблемаларды бел шеше түрлі мінберлерден көтерген. Жалындап сөйлеген сол сөзіне өзгелерді ұйытып, дегеніне көндіре де білген. Соның нәтижесінде оның басқарған әділет бөлімі республика ғана емес, кешегі Одақ көлемінде ең озықтар қатарына іліккен. Әр жылы алған түрлі мемлекеттік марапаттары соның айқын айғағы.

Шәкәрім Құдайбердиев өз заманында:

Адамдық борыш, ат үшін,
Барша адамзат қамы үшін,
Серт берем еңбек етем деп,
Адалы атар таң үшін, –
демеп пе еді.

Сол айтпақшы, біздің кейіпкеріміз де адамдықтың, адалдықтың жолында өлшеусіз тер төкті. Өзгелерді де осыған баулыды. Соның нәтижесі емес пе, көптеген шәкірттері еліміздің көлемінде мықты заңгерлер атанды. Олардың қатарында Мақсұт Нәрікбаев, Серік Байбатыров және тағы басқалар бар. Бәрі де ұстаздың айтқан ақ ниетті ақыл-кеңесін ала отырып, дүниеге кірпіш болып қалана білген. Соның арқасында биік лауазымдарға жетіп, елдің құрметіне бөленген.

Мырзекең шын мәнінде үлкен беделдің иесі. Облыстың заң саласы көлеміндегі қызметкерлердің бәрі айрықша құрметтейді, мақтан тұтады. Солай бола тұрса да, біздің кейіпкеріміз артық сөзге, желтең мақтаншақ жоқ. Сөйлесе қалсаңыз көбіне өзгелер туралы, олардың асыл қасиеттері мен үлкен шаруалары хақында терең әңгіме қозғайды. Қайта айналдырып соға берсеңіз де мақтаныш ауылына аттап баспайды. Тіпті болмасаңыз, мен сізге ән шырқап берейін, деп айшықты домбырасын қолына алар еді. Әуелетіп ән шырқағанда жақсы адамның қашанда жан-жақты, сегіз қырлы, бір сырлы болатындығына қайталай қанығасыз. Өнеріне тәнті болып, қайран қаласыз. Шіркін, ағаларымыздың бәрі осы Мырзекеңдей жақсы-мырқайса деген тәтті арман жүрегіңді тербейді, ыстық ұялайды.

– Өмірге келгеннен кейін адамның ғұмыр кешкенге не жетсін! Осы арада менің ойыма Абайдың: «Мен егер закон күші қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген сөзі оралады. Орнын тауып сөйлессең, қалауын тауып бағыт-бағдар берсең, ақ жүрегіңмен бауырыңа тартқаның білініп тұрса, түзелмейтін, тәрбиеге көнбейтін шыныңда да адам жоқ. Мен бұған өткен қызмет жолымда әбден көзімді жеткіздім. Сондықтан да мынау өскелең ұрпаққа айтарым, уақыт деген сағым секілді тез жоғалады, соны тиімді пайдаланып, білім, ілімге, адал еңбекке ден қойғандары жөн. Ойын-қызық қуған адамнан оңды қоғам мүшесі шыққандығын көрген емен, – дейді Мырзакерім Әділбаев.

Мырзекеңді тыңдаған сайын тамсана түсесің. Байқап отырсақ, адам ең алдымен өзін-өзі тануы керек екен ғой. Өзін-өзі танып білмеген, өзінің күш-мүмкіндігін бағдарлай білмейтін адамнан не шықпақ. Қолы көтере алмайтын айбалтаны беліне байлағандардың оңғаны қайсы?! Ел үмітін ер ақтар. Ер атағын ел сақтар. Жақсы перзент дүниеге келсе расында да елге құт. Ағамен әңгімелесіп отырған сайын ақылдының білімге тоймайтындығын , кемел адамның қашан да кең болатындығын одан әрі түйсіне түсесіз. Ағаның өзіне қарап сүйсіне түсесіз.

– Мен Мырзакерім ағаны ғұмыр бойы білемін десем артық айтқандық емес, – деп бастады сөзін Шұбардағы Алдабергенов атындағы мұражайдың директоры Шайбала Тергеуова. – Қарындасым, деп маңдайымыздан сипады. Қолынан келген көмегін аяған жоқ. Ол кісімен дидарласқан сайын өмірге құштарлығымыз арта түсетін, қанаттанып шаруамызға тың серпінмен кірісетінбіз. Аға сол ғажайып, табиғи күйімен әлі де арылған жоқ. Күні бүгінге дейін жанына жақсылар үйір. Бірі келіп, бірі кетіп базарлатып жатады. Дәл осы арада ол кісінің өмірлік серігі Марфуға тәтеміздің еңбегі де ерен.

Расында да, айтса айтқандай, ер азаматтың айдарынан жел есіп, абыройының жоғарылауы жанындағы серігіне байланысты десек, бұл ретте де Мырзекең жолы болған жігіт. Марфуға жеңгеміздің сырты қалай сұлу болса, жан-жүрегі де сондай жайдары, көпшіл, нағыз қазақтың қылықты қызы, сүйікті зайыбы, асыл әжесі. Бұл кісі де күміс көмей әнші. Ағамызға сай қосылған. Қазіргі таңда «Ардагер әжелер» облыстық ансамблінің құрамында өнер көрсетеді. Ағамыз екеуі немерелердің тәрбиесін де тыс қалдырып отырған жоқ.

«Балалы үй – базар» демекші, Мырзекең екеуі төрт бала тәрбиелеп өсірді. Қазір 6 немересі бар. Думанды да дария шаңырақтың шырағы жарық жанып тұр. Бізді қуантатыны да сол.

Рамазан ДУЛАТҰЛЫ.

АТАДАН ҰЛАҒАТ

ОРАЛЫМДЫ ОЙ ӨРНЕКТЕРІ

Әй, азамат, Ата Заң – аруақты Заң. Жетік біл де, құрметте!
Ол шамшырақ – өмірде, еңбекте.
Иә, азамат, Заңды сыйла, берік ұстан,
Арам жел желпімесін іштен-тыстан!
Сақтана біл, қапылыс – жаңылыстан,
Арбайды мың құбылып аяр дүниең!
Иә, азамат, Заң «қалжыңды» көтермейді.
Бұра тартсаң, сүрініп жығыласың, батпаққа тығыласың,
ойланасың шындықты ұғынасың.
Зерделі зейін – қатарға тартады, кеткенді кейін.
Ниеті қара – құлатуға бейім.
Жүрегі қара – жылатуға бейім.
Жалынды жігер – жеңбесіңді жеңдіреді, өнбесіңді өндіреді.
Саналы адам – салмақ түссе білдірмейді,
Есті адам – құрылған тұзаққа ілдірмейді.
Талантты талапкер таппайтын жол жоқ,
Икемдей білсең үйренбейтін қол жоқ.
Ойдан, ақыл-ойдың сыры кетпесін,
Сөздің құны, табанның бүрі кетпесін,
Жел қуған ебелектей әркім ойыншық етпесін.
Қуғаныңа шын таңсаң – жетесің,
Судың сырын білсең – кешуін тауып өтесің.
Құры кесір кәкірекке сенсең – құрдымға кетесің.
Өмірдің өзегі – қозғалыс,
Ақыл-ойдың арқауы толғаныс.
Әділ болсаң – жаратқан Алла «сен жақсысың, сен бөтенсің» демейді, аққа өріс кең ашып, қараның жолын бөгейді.
Адамды алға айнымас сабыр- төзім, алғыр ақыл-сезім жетелейді. Шыдамсыз шыңға шыға алмайды. Алыққан абырой алмайды.

Әлнұр МЕЙІРБЕКҰЛЫ,
Райымбек ауданының Құрметті азаматы,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

НАРЫНҚОЛ АУЫЛЫ,
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

● БАЙҚАУ

КӘСІПТІК БІЛІМ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары нарық экономикасының қыры мен сырын жетік меңгеріп кете алмаған ағайындардың абдырап қалғандары болды. Десе де, экономикамыз қарқынды дами бастағалы бері ата-аналардың да, жастарымыздың да кәсіптік-техникалық білімге деген көзқарасы өзгеріп келеді. Жылдан жылға кәсіптік лицейлер мен техникалық колледждерге оқуға барсам дейтін талапкерлердің саны арту үстінде. Дерек көзіне сүйенсек, елімізде жылына 55 мыңға жуық оқушы техникалық, технологиялық және қызмет көрсету мамандықтарын бітіріп шығады екен. Олардың 70 пайызға жуығы өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасады. Бұл – жақсы көрсеткіш. Оған облысымыздағы 30 лицей және 39 колледждің де үлесі бар.

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

Дейтұрғанымен, мұндай өрге жетудің жолы да оңай болмады. Оған осы бағытта атқарылған ауқымды шаралардың сеп болғаны анық. Соның бірі ретінде, «Ең үздік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы» тақырыбында өтетін облыстық, республикалық байқауларды атауға болады. Анықтап айтар болсақ, облыстық байқау әр жыл сайын ұйымдастырылса, ал республикалық байқау бес жылда бір рет өткізіледі. Оған тек облыстық байқауларда жеңімпаз болған оқу орындары ғана қатыса алады. Оның мақсаты – орта білім беретін мекемелердің кәсіби маман даярлаудағы тәжірибелерін анықтап, оны білім ошақтарына үлгі ретінде пайдалануға ұсыну арқылы жаңаша оқыту моделін қалыптастыру. Аталмыш шара облысымызда 2007 жылы қолға алына бастағанымен, нәтижесі қомақты. Сол жылы Қаскелең қаласындағы №11 кәсіптік лицейі республикалық байқауда екінші орынды жеңіп алса, Алматы экономика колледжі бірінші орынды қанжығасына байлап қайтқан болатын. Мұның өзі өлкеміздегі орта білім беретін мекемелердің жақсы жұмыс жасап жатқанын көрсетеді.



СУРЕТТЕ: байқау жеңімпазы Қапшағай қаласындағы №20 кәсіптік лицей ұжымы.

Иә, дәстүрлі шара биылғы жылы да жақсы нәтижемен аяқталды. Талдықорған экономика және технология колледжінде өткен шараға облыс аумағындағы 12 лицей және колледж ұжымы қатысты. Шара барысында алдымен сахна төріне көтерілген оқу орнының ұстаздары бейнефильмдерді пайдалана отырып, білім ошағының тарихы және материалдық базасы мен қандай мамандарды даярлайтындығын таныстырды. Содан кейін алдағы уақытта қолданысқа енгізбек болып отырған жаңа тәжірибелерін ынтымақтастық назарына ұсынды. Оған облыстық білім басқармасының бастауыш және орта кәсіптік білім беру бөлімінің бастығы Әмина Төребаева бастаған әдіскемелер тобы баға берді. Нәтижесінде, бірінші орынды Қапшағай қаласындағы №20 кәсіптік лицей жеңіп алса, екінші орын Талдықорған қаласындағы №3 лицейге тиді. Ал Есік қаласындағы гуманитарлық-экономикалық колледжі үшінші орынды қанжығасына байлап қайтты. Аталған ұжымдар мұғалімдер күніне орай ұйымдастырылатын шара барысында марапатталады.

Әрине, білімі мен біліктілігі тең ұшталған жастар еліміздің ертеңгі болашағы. Алайда, сол болашақты тәлімді етіп тәрбиелеу бәріміздің борышымыз деп тарасты ұстаздар қауымы.

● "ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ"

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ МӘНІ НЕДЕ?

Отбасы – шағын мемлекет. Сондықтан онда берілетін тәрбие мен әдет-ғұрып, дәстүрдің сақталуы ерекше мәнге ие. Алайда, жаңұяда қалыпты тәрбие беруді айтпағанның өзінде түрлі жағдаймен шақырақ шайқалып, бала тағдырына өз деңгейінде көңіл бөлінбей жататындығы жасырын емес. Кезінде ата-бабамыз ерекше қастерлеген отбасылық құндылық мәселесі неге төмендеп кетті? Біз бүгінде оған қаншалықты мән берудеміз? Көкірек көзі ояу әрбір жанды толғандыратын осы сауалдар Қазақстан коммунистік халықтық партиясының Алматы облыстық комитеті және Талдықорған қалалық әкімдігінің бірлесе ұйымдастыруымен өткен "дөңгелек үстел" отырысына арқау болды.

Отбасы тақырыбында келелі әңгіме қозғалған жиынға мемлекеттік мекемелер, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысты. "Дөңгелек үстел" отырысын Талдықорған қалалық ішкі саясат бөлімінің бастығы Бақытқүл Темірханова жүргізіп отырды.

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

Алғашқы болып сөз алған Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары Самғат Долаев:

– Облысымыз бойынша 537 мың бала бар. Бұл осыншама тағдырға асқан жауапкершіліклен қарауымыз керек дегенді білдіреді. Осы балаларға бүгін қалай тәрбие берсек, болашағымыз да сондай болмақ. Көбіне тәртібі кашар, қиын балалар әке-шешесі ішімдікке салынған немесе толық емес отбасылардан шығып жатады. Олардың қылмысқа, усақ ұрлыққа баруын айтпағанның өзінде бүгінгі тағдағы балалар арасында суицид мәселесінің белең алуы ойландырарлық жағдай. Бұл бойынша облысымызда өткен жылы 38, осы жылдың 8 айында 17 жағдай тіркеліп отыр.

Оған себеп, балаға өз дәрежесінде көңіл бөлмеуіміз. Ата-ана күнделікті нан табу қамымен ғана жүргенде отбасы тәрбиесі ақсай береді. Одан осындай шиеленісті жағдай туындайды. Өйткені, отбасылық құндылық деген мәселе төменден барады. Бүгін қосылып, ертең ажыраса салатындар қатары көп. Тіпті үйленбей жатып бірге тұру, оп-оңай айырылыса салу сәнге айналғандай. Бұл жағдай оңай шешілсе бір сәрі. Орталарында бала болса ше? Оның тағдыры не болмақ? Балалар үйінің есігінің алдына апарып себин тастап кету сынды жағдайлар міне, осындай ата-ана жауапкершілігінің төмендігі салдарынан туындап отыр. Тіпті мектеп жасындағы қыздардың да жезөкшелік әрекетке баруы бүгінгі таңдағы бәрімізді алаңдататын күрмеуі қиын мәселе, – деген Самғат Садырбайұлы адам құқығы балалар құқығын қорғаудан бастаталындығын айта келіп, департаменттің де мақсаты осы бағытта жұмыс жасау екендігіне тоқталды.

Келесі кезекте сөз алған "Әйелдерді қорғау орталығының" атқарушы директоры Жанар Нұрмұханова үй жағдайындағы зорлық-зомбылық, балаларды саудалау мәселесі бойынша жұмыс жасайтындықтарын айтып өтті. Мұндай жағдайға тап болған жандарға орталық психологиялық көмек көрсетіп, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау бағытында әрекет етеді. Орталықтың іс-тәжірибесінде ер адамдарға да психологиялық көмек көрсету бағытында шаралар қолға алынып, оліс нәтижесіз болған. Яғни, өткізілген түрлі лекциялар мен тренингтерге ер адамдар немқұрайды қатысып, небары үш азамат қана әйелдерімен бірге келіп орталыққа жүгінген және орталарында отбасылық проблема бар екендіктерін мойындаған.

Осыған орай Жанар Нұрмұханова: Бұл отбасы мәселесі тек әйелдерді ғана алаңдатындығын көрсете ме, әлде ер адамдар өз проблемасы жабық күйінде қалып, ол жөнінде сыр ашпағанды жөн санай ма? – деп сауал тастады.

Бұған дәлел ретінде облыстық ата-аналар комитеті қоғамдық бірлестігінің төрайымы Дания Қыдырбаева 109 ата-анадан алынған анкеталық сұрақтардың қорытындысын жария ете отырып, отбасындағы бала тәрбиесімен әйелдердің 61 пайызы айналысса, ерлер үлесі 7 пайыздан да аспайтындығын айтып өтті. Қалған 13 пайызы әке мен ана, 19 пайызы ата мен әже еншісінде екен. Бұл дегеніңіз отбасы тәрбиесіндегі әке рөлінің төмендігін көрсетеді.

Міне, осындай өзекті мәселені қозғаған "дөңгелек үстел" барысында "Юность" дағдарыс орталығының жетекшісі Надежда Дягилева түрлі жағдайға тап болған жасөспірімдермен жұмыс жүргізетіндігін айта келіп, әсіресе, отбасында белгілі бір түсініктің болмауы, орын алатын жиі ұрыс-керіс, жанжалдың, ата-шешеге ажырасуының балаға қатты психологиялық әсер ететіндігіне тоқталды. Баланың жаман жолға түсуіне де бірінші кезекте осы отбасындағы жайсыздық себеп болады екен.

«Дөңгелек үстел» отырысын қорытындылаған Қазақстан коммунистік халықтық партиясының Алматы облыстық комитетінің бірінші хатшысы Магеррам Магеррамов:

– Бұдан да қиын кездерде отбасылық құндылық сақталып, балалар тәрбиесі қолдан шықкан емес. Халқымыздың қуаттылығы қашанда отбасындағы балалар санының көптігімен өлшенген. Мәселен, 1955 жылы жаңұядағы бала саны орта есеппен 7-ні құраса, 1999 жылы бұл көрсеткіш 2-ге төменден кеткен. Бүгінгі таңда да отбасындағы бала саны екі-үштен аспауда. Осының салдарынан жыл сайын 200 мыңнан аса жасанды түсік жасату дерегі орын алуда. Бұл да отбасылық құндылықтың төмендеуінің бір салдары, – деген Магеррам Мамедович өндігі кезекте ата-баба дәстүрі бойынша балаға ұлттық тәрбие берудің маңыздылығына тоқталып, әр халық өзіндік қалыптастырған жолымен, үлгі-өнегесімен ерекшеленетіндігін алға тарты.

● КӨЛІКТІК БАҚЫЛАУ

ӨРТ СӨНДІРУ ПОЕЗДАРЫ
неге жолға шыға алмайды?

Алматы облысы мен қаласы бойынша «Жетісу» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясында теміржол саласындағы қауіпсіздік шараларын күшейтуге қатысты кезекті отырыс болып өтті. Өңіраралық инспекцияның бастығы Саймасай Әлмұхамбетов торағалық еткен жиында негізінен «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы филиалы «Алматы магистралдық желілері» бөлімшесіндегі өрт сөндіру поездары мен теміржол өткелдеріне инспекция тарапынан жүргізілген тексеру қорытындысында анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарға талдау жүргізіліп, олардың себептеріне терең үңіліп, алдағы кездері болдырмауға назар аударылды.

Болат АБАҒАН,
"Жетісу"

Саймасай Бимақымұлының айтуына қарағанда, дәл қазіргі кезде «Қазақстан теміржолының» Алматы бөлімшесіне қарасты жолдарда өртке қатысты төтенше оқиғалар тіркеле қалса, оны сөндіретін арнайы поездардың ешқайсысы жолға шыға алмайды. Өйткені, олардың барлығының пайдалану мерзімдері өтіп кеткен және осыған байланысты қайта жөндеу, қалпына келтіру, арнайы комиссия құрып, соның шешімімен пайдалануға рұқсат беру мәселесін күні бүгінге дейін ешкім ескермеген. Сонымен бірге өрт сөндіру поездарының жүруіне арналған теміржол тармақтарының да бірқатары жөндеу көрмегелі біраз жыл болыпты. Сондықтан өндірістарның да бірнешеуі инспекция мамандары тарапынан жабылған көрінеді. Нақтырақ айтар болсақ, дәл қазіргі кезде Алматы теміржол бөлімшесіне қарасты өрт сөндіру поездарының бірде-бірі өз қызметіне кірісе алмайды. Мұндайда шойын жол мен соған қатысы бар жүйелердегі өрттің беті аулақ болсын деп құдайдан тілегеннен басқа амал жоқ.

Өрт поездарының жүрісі мен қызметіне қойылған шектеулерге келер болсақ, Достық, Матай, Үштөбе стансыларындағы өрт сөндіру және қалпына келтіру поездарының басшылары мен жол дистанцияларының жауапты тұлғаларына анықталған кемшіліктерді жою туралы бірнеше рет ұсыныс жасалғанымен, ештеңе қолға алынбағаннан кейін олардың барлығына ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 439-бабының 6-бөлігі талаптарына сай айыппұлдар салынып, Сарыөзек стансысындағы өрт сөндіру поезының бастығы салынған айыппұлды уақытында төлемегені себепті жиналған материалдар Кербұлақ аудандық сотының қарауына жөнелтілген көрінеді. Осы стансыдағы өрт сөндіру поезының жүрістін жолында анықталған кемшіліктерге байланысты тиісті жауапты тұлғаға да айыппұл салының, өндірілген екен. Дегенмен, хаттама толтырып, айыппұл салу арқылы барлығын жөнге келтіру мүмкін емес. Өйткені, теміржол саласындағыларды, оның ішінде өрт сөндіру поезының қызметіне жауапсыздық әбден жайлап алған. Олар тиісті орындардан тексерулер келіп, қызметтеріне тоқтам салғанда, әкімшілік шаралар қолданғанда барып, жөндеу жұмыстарына қаржы бөлінбейтінін, қосалқы бөлшектердің жоқтығын айтып ақтала бастайды. Оған дейін қайда қарағандарын, неге шара қолданбағандарын түсіндіре алмайды.

Инспекция бастығы осы мәселелерге баса назар аударып, болашақта кемшіліктер мен бұзушылықтар жойылмаса, материалдарын сот, прокуратура, көліктегі ішкі істер органдарына берілетінін ескертті.

Осы отырыста сөз болған екінші мәселе – теміржол өткелдеріне қатысты да шешімін күткен мәселе жетіп-артылады екен. Өткелдерді тексеру барысында анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарға байланысты Алматы, Матай, Ақтоғай, Бесқөл, Айнабұлақ жол дистанцияларының аумақтарында орналасқан теміржол өткелдеріндегі асқынып тұрған жағдайларды оңалту талап етіліп, жауапты тұлғаларға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің талаптарына сай айыппұлдар салынғанымен, жағдайдың тез арада түзеле қоймасы айдан анық. Сондықтан мұнда да қатал шараларды қолға алу облыстарылуда.

Өңіраралық көліктік бақылау инспекциясындағы басқосуға арнайы шақырылған Алматы теміржол бөлімшесінің басшылары мен жауапты тұлғалары көліктік бақылаушылар келтірген дәлелдерге уәж таппай қысылды. Олардың бар айтқандары: «Өрт сөндіру поездарын дер кезінде техникалық байқаудан өткізу, жөндеу, комиссиядан ұйғарымын шығаруға өз құзіреттерінің жұрмейтіндігі». Соған қарағанда көптеген мәселені акционерлік қоғам мен министрлік арасында талқыласған жөн болмақ. Осы орайда Саймасай Бимақымұлы шойын жолшылардан өздеріндегі шешімін күткен мәселелер жайлы ұсыныстар даймандауы және тиісті орындарға тезірек тапсыруды өтінді. «Апаттың айтып келмейтінін барлығымыз білеміз. Шойын жол бойында өртке қатысты төтенше жағдай тіркеле қалғанда ауадай қажет болатын өрт сөндіру поездары пайдалануға жарамай жатса, оның соны үлкен мәселелерге апарып тірейтін сөзсіз. Теміржол өткелдеріне қатысты да осыны айтамын» деген отырыс торағасының уәжі жиналғандардың ойларын дөп басқаны анық.



ЖАРҚЫРАП АТҚАН ТАҢ НҰРЫМ, РЫСЖАН!

Райымбек ауданы Жайдақбұлақ ауылының тұрғыны, аяулы анам Рысжан Ибаққызы туралы мөлтек сыр

Мәңгі-дайым көрмек, ашық, сұлу жүз, атжақты, қаратөры, жүзі жарқыраған, өзінен үнемі әдемі күлкі есіп тұратын маңғаз, тұлға бойы, жүрісінің өзінде әдемілікке толы шынайы көркемдік бар қалың қара шашын бүйік етіп түйіп, ақ жаулықтың астына жасырып жүретін аяулы ана Рысжан едің. Табиғатыңнан сұлу болып жаратылып, сұлу ұғымдар кешкен, сұлу сөз, сұлу іс, сұлу өнерден дәтжат алған, адамның шынайылығын сұлу деп тапқан өзің едің, Ақшекен!

Жаратқанның атырған әр күніне тәубе етіп, ризашылығыңды білдіріп, мәңгілікпен көріктің еш сызығы жоқ, жанынды нұрға бөлеген тіршілігіңмен айналысып, әдемі күлкің әлемді шуақтандырып қасыңа «кел, кел» деп шақырушы еді. «Тәте, содан...» деп отыра қалған маған бір күле қарап, «Ақшекен дейтін, мәңгілік әдемі көре қарыс болғандықтан, әкем мені Ақшекешім дейтін» деп қуана мағыналы, мәнді әңгіме айта отырып, әдемі кесте тігіп, «Қалай... әдемі емес пе?! Үйренші алсаң...» деп көздің жауын алатын қанық түсті жіптермен тоқылған көрпе бетіне тігілетін кестелерінді түсіндіре отыратынсың. Осы бір ыске мұқият көңіл қойып, түйсігіме түйіп отырған мен жүзіңдегі бақытың шуағына шомылда қуанышпен ха-халап күлкіге өзімнен бірге бататынымын. Күлкіге ерік беріп отырғанда түпкі үйдегі сыртқа шығып бара жатқан әкем бірге күле «хи-хи, ха-хе» деп бізді мазақтай өтетін.

Өмірде сендей Ана, сендей Ене, сендей Дос, сендей Жар, сендей Көрші, сендей Бауыр, сендей Сырлас, сендей Мұңдас, сендей Құрдас, сендей Құдағи, сендей Әже бар болғанына Аллаға мың құлшылық етемін, барың жүрегіңмен сүйіп, қадір тұтып келсе, тұлпар десе шер асып бір бөлек Анам едің. Қайғыңмен қайғырып, қуанғанымен қуанған, шерін шығарғысы келген жанның қайсысы болса өзінің қасында болушы еді. Кімнен болса да тек алғыстан басқа еш нәрсе естігісі ерекше жаратылған жайсаң, қай жерде, кіммен жүрсең де берекең қастарында болған Рысжан едің сен.

Кімдер келіп қолыңнан дәм татпады, жарықтық дастарқаның кімге жайылмады. Ризашылығын білдіріп, қимай қоштаса кетіп бара жатқан талай қонақтарды бірге шығарысып салған кешіміз көп болды. Берген тәлімің, жадымызда мәңгі сақтайтын өнегелі үлгің мол еді. Жан жарының есімін бетіне бажырайта жиі атамай әдемілеп құлдыре түрлі құбылтатын едің. Өзің сыртта жүргенде ақырын ғана «Қосекең....» деп қойып әңгімеңді айта бастаушы едің. Бұлай әкемізді еркелеткеніңе ішеттіміз ката, бізге бір тосын есімдей күлп алатынбыз.

Қайран, асыл Анам!

Алладан жарлық келгенің білгенде аспан айналып жерге түсіп, ішкі жан-дүние астан-кестең халге душар болғанын жанымызда болған жақындарымыз жақсы түсінген еді. «Мен ғұмырыма ризамын, Алла мені жаратқан кезде мандайыма жазғанның бәріне қанағаттың, ризамын. Соны түсін» деген едің. Түсіндім, асыл Анам! Ауылына асыққаныңды да түсіндім. Өмір бойы сүйіп өткен, қадірін түсініп өткен, қасиетті киелі жерің бауырына басты. Айтқан сөзың сөзіңді жадымызда ұстаймыз. Анамды аялай гөр, туған жерім!..

Бибігүл БАЙМҰХАНОВА.

БАЛАЛАР САЛҒАН ҮЙ

«Түрғын үй құрылыс жинақ банкі» түрақты түрде «Мен арман дағаң үй» атты балаларға арналған байқау өткізіп тұрады. Бұл байқауда Сәуле қыз балаға тән ұқыптылықпен өз шығармасында архитектура мен ландшафтқа ерекше назар аударыпты. Ол қызыл шатырлы, алдында жүзім өскен үлкен қос қабатты үй салған. Айналасы толы гүл. Ал, Андрей салған үй ғарыш кемесіне ұқсас. Ол үйінің хай-тек үлгісі бойынша салынғанын қалайды.

«Балалар өз қалауынша армандаған үйінің суретін салды. Бала қолынан шыққан сурет үйдің тек қана ересектер үшін ғана емес, бүкіл отбасы үшін керек екенін ұғындыратындай. Біз бұл байқауды банк негізі қаланғаннан бері жыл сайын Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында өткізіп тұрамыз. Биыл еліміздің 16 қаласында өтті. Оған мыңдаған бала қатысты», – дейді «Түрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның басқарушы директоры Данияр Тойбаев.

Байқау халық сүйіп демалатын орында өткізіледі. Астанада «Думан» орталығы таңдалынды. Байқауға қатысушылардың кейбірі – банктің балигатқа толмаған балғын клиенттері. Олар үшін келісім-шартты ата-анасы жасаған. Жас клиенттердің үлесі көбейіп келеді, қазірдің өзінде олар жалпы клиенттердің бестен бір бөлігіне жетті.

Байқауға балалар үйінен келген жеткіншектер де қатысуда. «Үй, отбасы туралы жақсы ойлар жақсы өмірге деген олардың сенімін бекітіп, үмітін күшейтеді. Оның үстінде жас дизайнерлер өскеннен соң болашақтағы қалаларымыз бен ауылдарымыздың қандай келбетке ие боларын байқау арқылы аздап хабардар боламыз», – дейді Д.Тойбаев.

«Түрғын үй құрылыс жинақ банкі» орта буын өкілдері үшін түрғын үй құрылысына қаржы жинақтауға жол ашуда жетекші орын алады. Банк тек қана үй құрылысын салуға ғана емес басқа да қажеттіліктерге де қол үшін береді.

«Біз өзіміздің гуманитарлық бағдарламаларымызда әлеуметтік қамқорлыққа алынған адамдарға – балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан жеткіншектерге, зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға ерекше көңіл бөлеміз. Шамамызың келгенінше оларға қолдау керсетуге ұмтыламыз. Осындай акция өткізуде біз үшін ең маңыздысы – адамдардың, бүлдіршіндердің көзінен шаттық көру. Біздің әрбір филиалымыз балалар үйіне қамқорлық жасайды. Жиі кездесіп тұрмасақ та, балалар қамқорлығымыздан алған әсерлерін ұзақ уақытқа ұмытпай жүреді. Қарағандыдағы филиалымыздың ұйымдастыруымен «Солнечный» лагерінде асфальтқа сурет салудан байқау өтті. Оның жеңімпаздары – балалар үйінде тәрбиеленуші жеткіншектер қазір сыйлыққа алған велосипедтер мен самокаттарды «Сарымолдаев» балалар үйінің жасөспірімдері үшін спорттық-көңіл көтеру мерекесін өткізді». Сондай-ақ, Оңтүстік астананың орталық аппаратының қызметкерлері өз қалтасынан балаларға қажетті заттар сатып алып, «Перзент» және «Нұр» отбасылық балалар үйіне тапсырған. Қызылордалық филиал қалалық интернаттағы жетім балалар үшін қызметкерлері №1 балалар үйімен достық қарым-қатынас орнатты. Банк қызметкерлері ұйымдастырған спорттық жарыстарды балалар есте сақтап, сыйлыққа берілген кітаптарды, ойыншықтар мен спорттық құралжабдықтарды қуана пайдаланады. Балалар сыйға алған футбол ақ киімін бір жазда тоздырар, бірақ жаңа аяқ киіммен соққан голын мақтана айтып жүретін болады. Келген қонақтар шай ішіп отырып, өздері үшін ұйымдастырылған концертті ұзақ уақыт ұмытпайтын шығар.

«Біз өріптестеріміздің шығармашылық тапқырлығын бағалаймыз, – дейді Данияр Кенжеханұлы, – Өлеуметтік көмектер ұқсас болғанымен, бағдарламалардың өз ерекшеліктері бар. Жамбылдықтар Тараз студенттері үшін КВН фестивалін, «Ұлан» және турнир ұйымдастырған. Қызылордалық банк қызметкерлері ақыл-есі кем балалар мен балалар үйін назардан тыс қалдырмай келеді. Жеңімпаздарға күбок пен әртүрлі сыйлық тарту етіп, балалар үйіне спорттық жабдықтар сыйлаған. Ақтөбелік банк филиалы облыстық инвалидтер қауымдастығымен байланыс орнатқан. Өскемендегі әріптестері бұлардан қалысар емес, балалар үйіне мұздатқыш камера, футбол және волейбол доптарын, бадминтон және шахмат тақтасын табыс еткен. Қарағанды филиалы қала әкімшілігімен бірге ардагерлер мен «Таңшолпан» балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан жеткіншектерді шақырып, ұмытылмас мерекелік бағдарлама ұйымдастырған.

Қосымша ақпараттарды «Қазақстанның Түрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның аймақтық филиалынан ала аласыздар. Мекенжайы: Талдықорған қаласы, М. Төлебаев көшесі, №86 үй, тел. 24-40-48, 24-7972.

Қосымша

8 қыркүйек 2009 жылғы № 100 (17226) санында Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ММ-нің бос мемлекеттік әкімшілік дауазымдарға орналасуға конкурс жарияланған хабарландыруды **жетекші маман (E-R-5)** сөзінен кейін жаңа жолдан

«ардагерлер мен мүгедектер секторының жетекші маманы (E-R-5), уақытша, негізгі қызметкердің бала күту демалысына шығуы себепті» сөзімен толықтыруға.

Алматы облысы, Қаратал ауданының әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге жер учаскелерін жалға беру жөніндегі 2009 жылы 2 қыркүйектегі өткен конкурстың қорытындысы бойынша жеңімпаздардың тізімін жариялайды.

№	Жер участ. лот №	Жеңімпаздардың аты-жөні	Көлемі га.	Жер учаскесінің орналаскан жері
1	2	3	4	5
1	1	«ТастөбеАгроФуд» ЖШС	300	Үштөбе қаласынан 27 км. Тастөбе ауылынан 2 км.
2	2	ТастөбеАгроФуд» ЖШС	332	Үштөбе қаласынан 25 км. Тастөбе ауылынан3 км.
3	5	Аргимбаева З.	6	Үштөбе қаласынан 8 км. Қанабек ауылынан 1 км.
4	6	Галымбаев Ж.	8	Үштөбе қаласынан 8 км. Қанабек ауылынан 1,5 км.
5	7	Ворона В.	5	Үштөбе қаласынан 6 км. Киров ауылынан 2 км.
6	9	Шегебаев Б.	5	Үштөбе қаласынан 6 км. Қанабек ауылынан 2 км.
7	10	Галымбаев Ж.	10	Үштөбе қаласынан 6 км. Қанабек ауылынан 4 км.
8	11	Тасыбаев Ж.	6	Үштөбе қаласынан 6 км. Калпе ауылынан 1,5 км.
9	12	Ергазин А.	10	Үштөбе қаласынан 5 км. Айту би ауылынан 1 км.
10	13	Ершов А.	5	Үштөбе қаласынан 12 км. Көкпекті ауылынан 2 км.
11	15	«Мөлдір-Меркурий» ЖШС	10000	Босалқы жерлер Үштөбе қаласынан 125 км.
12	16	Муратова М.	300	Үштөбе қаласынан 27 км. Көкдала ауылынан 15 км.
13	17	«Ж-Строй-Эксперт» ЖШС	450	Үштөбе қаласынан 19 км. Көкдала ауылынан 7 км.
14	18	Ахажанова Е.	1000	Үштөбе қаласынан 32 км. Жасталап ауылынан 19 км.
15	19-	Бараков С.	500	Үштөбе қаласынан 20 км. Жылыбұлақ ауылынан 5 км.
16	20-	Бараков С.	60	Үштөбе қаласынан 18 км. Жылыбұлақ ауылынан 3 км.
17	21	Бараков С.	15	Үштөбе қаласынан 16 км. Жылыбұлақ ауылынан 2 км.
18	22	Балтакожаев А.	500	Үштөбе қаласынан 16 км. Көкдала ауылынан 2 км.
19	23	Исабеков С.	500	Үштөбе қаласынан 35 км. Көкдала ауылынан 23 км.
20	24	Акимжанов М.	300	Үштөбе қаласынан 58 км. Кіштөбе ауылынан 42 км.
21	25	Смайлов Ж.	6	Үштөбе қаласынан 1 км.
22	26	Карабасова Б.	400	Үштөбе қаласынан 34 км. Жасталап ауылынан 22 км.
23	27	Көбосынов Е.	25	Үштөбе қаласынан 19 км. Ескелді ауылынан 11 км.
24	28	Абдукаримов Е.	200	Үштөбе қаласынан 23 км. Ескелді ауылынан 14 км.
25	29-	Байрамов А.	1400	Үштөбе қаласынан 34 км. Жасталап ауылынан 22 км.
26	30	Байрамов А.	1000	Үштөбе қаласынан 30 км. Кіштөбе ауылынан 15 км.
27	31	Ембай Р.	500	Үштөбе қаласынан 34 км. Жасталап ауылынан 22 км.
28	32	Галымбаев Т.	200	Үштөбе қаласынан 182 км. Алмалы ауылынан 18 км.
29	33	Жаулыбаев Б.	300	Үштөбе қаласынан 19 км. Көкдала ауылынан 18 км.
30	34	Ан В.	4	Үштөбе қаласынан 3 км. Фрунзе ауылынан 1 км.
31	35	Тайсериков А.	14	Үштөбе қаласынан 1 км.
32	36	Урусбаева Ж.	8	Үштөбе қаласынан 11 км. Көкпекті ауылынан 1 км.
33	37	Танирбергенов С.	7	Үштөбе қаласынан 11 км. Ескелді ауылынан 7 км.
34	38	Бохашев Е.	400	Үштөбе қаласынан 162,2 км. Ақшық ауылынан 3 км.

Қалған – 3,4,8, 14 лоттар кейінгі конкурста жарияланады.
Конкурсты ұйымдастырушы: Қаратал ауданының әкімдігі.
Мекенжайы: Үштөбе қаласы, Қонаев даңғылы № 9. телефоны: 2-18-85, 2-10-45

БАСТАМА

КІТАП СЫЙЛАДЫ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында барлық күшімізді елдің экономикасын дамыту мен ал-ауқатын өсіруге бағыттадық та мәдениет пен өнер саласын өз деңгейінде дәріптеуді алсіретіп алғанымыз бәрімізге аян. Десе де, сол жылдар аясында мемлекет құрудың қазақстандық моделін алғашқы адымда қалыптастырып, «Қазақстан – 2030» Стратегиясын жүзеге асыру сынды болашақтың пысанасын талдап алдық. Ал, бүгінгі күнге келгенде есімізді жиып, етек-жеңімізді түрлік, мәдениет пен өнер қайта түлей бастады.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Осыған орай, ұлттық мәдениетіміз жаңашыры облыс әкімі Серік Үмбетовтің бастамасымен екі жылдың бері өлкеміздегі кәсіпкерлердің кітаптары бірінен соң бірі жарыққа шығып, оқырмандарын тауып жатыр. Десе де, бұл кітаптар ауылдық елді мекендегі оқырмандардың қолына жетпей жатқаны тағы бар.

Алайда, бұл түйткілді шешуді мақсат еткен азаматтар да ортамыздан кептеп табылуда. Солардың бірі – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың бастығы Ахмет Кендірбекұлы жаңа бір игі бастамаға сүйеу салды. Ол тәуелсіз өлкеміз отбасының 300 дана кітапты Талдықорған қаласы, Кемтал ауылына орналасқан Е. Берлікожақұлы атындағы №11 орта мектепке сыйға тартты. Азаматын ардақтаған мектеп мұғалімдері мен оқушылары аталған білім шаңырағының жиын залында ақынмен бас қосып, шағын кездесу өткізді.

Кездесу барысында аталмыш ақтаңның өтуіне мұрындық болған Ахмет Кендірбекұлы көпшілікке мұндай қадамға неліктен бармағының түсіндіріп берді.

– Өйткені ақын Пушкин өлеңінде «Қош бол, менің достарым!» деп өзінің сүйікті кітаптарымен қоштасқан дескеді. Әрине, ұлылардың тірлігінде жинаған-терген ақыл-кәрісатты кітап бетінде өрілмей, соңғыларға «ұра болып қалатынын да анық. Өзімді осындай мұралардың адал қорғаушысымын деп есептейміз. Үйімде сақтаулы тұрған мыңдаған кітаптарым соның дәлелі. Мен бала күнімнен кітапқа құмар болып өстім. Соның нәтижесінде ата бұзының жолын қуып, қолымға қалам алдым да ел игілігіне жаратар еңбектер жазадым. Оның бағасын өздеріңіз берер жатырсыздар. Әрине, өзіне ғана тілдым дсу ер-азаматқа жараспайтын дәрет. Сондықтан мен бізнес жетелеген кітаптар өзірді тұрғанда ендігі сіздердің жас буын игілігіне жарытылсын деген ойыммын 300-ден аса кітабымды мектептеріміздің кітапханасына тарту етуі отырмын. Бұл кітаптардың ішінде сонау өткінші жылдардың берегі ар кезеңде жарыққа шыққан ұлы тұлғалар. Бұл тұмандысы бар. Олардың дені ұмыт қалған тіпті алмайтын, енді басылып та шықпайтын көркем әдебиеттер. Өз сіздердің мүдіктеріңізге жарайды деп ойлаймын. Тағы бір жағынан, облысымызда Қазақстан Жазушылар одағының 20 мүшесі бар, оған журналистер қауымын қосыныз. Барінің де үйінде мыңдап санаған кітаптар өзірде тіпті тұр. Осы ретте, әріптестерім осы бастаманы қолдап, сол дүниелерін ауылды жерлердегі кітапханаларға ұсынып жатса нұр үстіне нұр болар еді, – деді ол.

Аталмыш шараның тағы бір маңыздылығы, өлкеміздегі кітапханаларының қара шаңырағы саналатын облыстық С. Сейфуллин атындағы әмбебап кітапханаңың 60 жылдық мерейлі күнімен түспа-түс келіп алынғандығы. Кездесуде болған кітапханаңың директоры Макпал Нұрғалиева өмір кезеңінде кітап оқымандығына мұқтаж жандардың жетіп келіп, Ахмет Кендірбекұлының қолға алған бастамасына үлкен қызығушылық танытты. Сонымен бірге, ақынның әріптестері бұл игі бастаманы жалғастыратынына сенім білдірді.

Мектеп оқушыларының да қушынында шек болмады. Ахмет Кендірбекұлының шығармашылығынан да толық хабардар екен. Сахна төріне шығырылған олар ақынның өз мен жерді, Отанды, өмірді сүюге шақыратын отты жырларын бірінен соң бірі жатқа оқып, кездесуде болғандарды шаттық сезімге бөледі. Сондай-ақ, ақынның өлеңіне жазылған әндер орындалып, сахна шеберінен ұша түсті. Сонымен ұтылған мектеп директоры Қайрат Сарқытов шараны қорытындылай келіп, игі бастамашыл оқушыларды үлкен армандарға жетелейтінін тілге тиек етті.

Ия, аталған шара мектеп кітапханасы қорының толығуымен қатар, жас буынға ақынмен бетпе-бет жолығып, оның ағалық ақ тілегі мен болашаққа бастар ақыл-кәнестерін тыңдауымен ерекшеленсе, көпшілік бұл бастаманы биік қалаған ерлер де жалғастырады деген сенімдемін тарады.



ІШІМДІК ДОС БОЛМАЙДЫ

Адамдар бір-ақ рет берілетін өмірдің бағасын білмі, иегұрлым көбірек игі іс жасауға тырысса, бұл жалғанда жамандық та аз болар еді. Бірақ ағаларымыздың: «Өмір екі рет берілмейді. Сондықтан барынша көңіл көтеріп, тойдың оту керек», – деп ұранты сіңген жастарымыз жиі куз болып жүрмаз. Осылайша тепсе темір үзетін азаматтардың бертінде «жүз граммның» құлына айналып кететініне жүректің ауырады. Тіпті әйелдер де ер адамдардың қалысатын емес.

Дүниенің өзінде арық ішкен адамның тілегені тілегі мен оқыған намазын Алла қырық күн бойы қабыл етпейді, көрсінше, күнә жазады дейтіндей. Осыған қарамастан, адамдар бір-бірне жақсылық жасаса «Жақсылығыңды қайтарайық», – деп арық күйіне жатады. Арық құю қашаннан бері жақсы іске айналған? Егер арық жанды болса, мақсұмдықтардың де өмірі оңайлық әріптестерімен де алтын ұям – ауылым аламды белгісіз бір құдіретпен өзіне тартып тұрады.

Ерқұр САҒАТБЕК.

ТАЛАС АУЫЛЫ,
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

АЛТЫН ҰЯМ – АУЫЛЫМ

Мен Еңбекші ауылымды мақтан етемін. Әйтеуір оның көркем табиғаты мен асқар таулары көз тоймайды, тоғайында сайрап құстары да құлақ құрышын қандырады, әл-бақай суы тіпті тіл үйірелі. Құлды зәм керемет ерекше тамашалы. Богетіне сыртқан келіп балық аулайтындар да ауылымызды көркіне тамсанады. Егер ауыл жанындағы жатқа шығып қарасаңыз, Мәдениет үйінің бел мешіттің, мектебіміз және олардың жанындағы үйлерімізді алақандағыдай көресіз. Осы көріністерімен де алтын ұям – ауылым аламды белгісіз бір құдіретпен өзіне тартып тұрады.

Мәлдір ТҰРАШЕВА,
почта қызметкері.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

ТЕГІМІЗ ТЕГІН ЕМЕС

Ата-аналарымның «қазақ қазақ болғанда» дегеи сөзді жиі естуші едім. Содан бері мынау «қазақ» дегеи атау қайдан пайда болды деген сияқты сұрақтар ойымды жиі мазалайтын болды. Осы сұрақтың жауабын табу үшін ятағанымдағы да ақтарып шықтым, ата-анамнан, үлкен кісілерден және мұғалімдерден де сұрастыра бастадым.

Бұл орайда, біріншіден, ұлтымызда қалыптасқан ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз деген түсініктегі «жүз» сөзінің мағынасына тоқтала кетсек. Айта кетейік, «жүз» ұғымының мәні әлі толық анықталмаған. Бірақ кейбір зерттеушілер бұл сөзді арабтың «аджуз», яғни бір кәрсеткіш басты бөлігі, тармақ деген сөзімен байланыстырады екен. Ал «қазақ» атауының шығуы жөнінде пікір өте көп. Бүтінді «қа» деген сөздердің шыққан делінеді. Бұл түсінік соңғы сүреледі кездай тілдегі көш керуеніне қарап қойысқа керек. Енді бірінде «қазақ» атауы «қас» пен «сақ» сөздерінен құрылған делінеді. Демек, «қазақ» – «қас-сақ», яғни « шағыл сақ» деген ұғымды білдіреді. Қалам азып, осы хатты жазғандағы себебім, барлығымыз өз тегімізге қайда пайда болғанын біле жүруіміз керек.

Талшын ҚАНАТОВА,
Сәкен Сейфуллин мектебінің
10-сынып оқушысы.

АҚШИ АУЫЛЫ,
АЛАКӨЛ АУДАНЫ.

НИЕТТЕРІҢІЗ ҚАБЫЛ БОЛСЫН!

Жақында ғана барша мұсылмандардың ұлық мерекесі – Құрбан айтты өткіздік. Қасиетті жұма күнне сейкес келген мерекеде Алла разылығы үшін құрбан шалып, садақа тараткандар көп болды. Қасиетті Құран кәрімде жазылғандай, бұл күндері шын ниет еткен пенденің ғана шалған құрбандығы қабыл болады.

Сөз орайы келгенде, Талдықорған облыстық көмекші мектеп-интернатымызға ат басын бұрып, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсеткен облыстық білім басқармасының бастығы Ләззат Базарқұловаға, салық инспекциясы бастығының орынбасары Ерлан Мәңдіқұловқа және салық инспекциясының қызметкері Жандос Ахметовтерге ұжымымыздың атынан ризашылығымызды білдіргіміз келеді. Мүмкіндігі шектеулі балалар да әрқашан қол ұшын беруден аянбайтын осындай имандылы адамдардың барына тәубе етіп, олардың отбасына береке мен бірлік тілеиді.

Гүлмира ШОҚАНОВА,
Талдықорған облыстық
көмекші мектеп
интернатының
әлеуметтік педагогы.

ҰЛТТЫҚ СҮЙІСПЕНШІЛІК ЕСКЕРТКІШІ БОЛСА

Сүйікті газетіміз «Жетісудың» 2009 жылғы 7 қарашада шыққан сенбілік санында жақсы бір мақала жарық көрді. Әріптес ағамыз Орынбай Шәйкеновтің қазақ баспасөзінің саңлағы Әзілхан Нұршайықовқа арнаған «Өмір естелігі» атты хаты мені таңті етті. Аталған хаттағы автордың шынайы сағынышы мен толғанысын тебіренбей оқу мүмкін емес. Өйткені қазақтың қара шаңырағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетіндегі тәтті күндер бериміздің басымыздан өткен. Сондықтан мақаланы оқи отырып, мен де ұстаздарым мен курстастарымды сағынышпен еске алдым.

Тағы бір айтайын дегенім, ағамыз мақаласының соңында: «Әр қаланың орталық алаңына алып тұғыр үстіне қызғылт мәрмәрдан сомдалып жасалған сіз тәу еткен мәлдір, адал махаббаттың мекені «қос жүректің» белгісі қойылса. Сол жүректердің екі қанатына бірінбірі аялап тұрған Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың, Еңлік пен Кебектің мүсіндері орнатылса, ал ескерткіш тұғырына сіздің «Махаббат, қызық мол жылдар» романыңыздың эпилогындағы сөздер ойылып жазылса. Әрбір отау құрған жас жұбайлар сол ескерткіштің түбінде бір-бірін мәңгілік сүюге, махаббатқа адал болуға ант беріп, гүл шоқтарын қойып құрмет етсе ғанибет емес пе?

Мұндай ескерткіш сіз жыр етіп келе жатқан асқақ адамгершілік, сүйіспеншілік сезімдерге, өз халқының, өз Отанының нағыз азаматы, патриот болуға жастарды тәрбиелер еді», – деп жазыпты. Не деген керемет сөздер? Егер тиісті орындар мен бұқара халықтан қолдау табылып, осы ескерткіш орнатылар болса, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу, Еңлік пен Кебек арқылы батысқа еліктемей, қазақы ұлттық махаббатымыздың асқақ рухын айшықтаған болар едік.

Өз тарапымнан ағамыздың ойына аздап қосарым, ескерткіш үстіне түйісіп тұрған қос аққуды орналастырып, соның жоғарғы жағына ағамыз айтқан қос жүректі қойып, қос жүректен жан-жағына күннің нұрын таратып қойса, ескерткіштің әжары ашыла түсер еді. Бұл дегеніміз ұлт махаббатының ұлылығы мен 90 жасқа толар махаббат жыршысы Әзілхан атамызға деген үлкен құрмет ишарасы емес пе?

Қуанышбек ҚОЖАХМЕТ.

ШОНЖЫ АУЫЛЫ,
ҮЙҒЫР АУДАНЫ.

Хаттарды оқыған
Айнұр ӘБДІРАХЫМ.

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУ ТІККЕН

ЕЛ ЕРТЕҢІ ЕЛЕҢДЕТКЕН Елжан

Әрбір аудында шет елдерден, Астанадан, облыс орталығынан құрметті қонақтар, іскерлік делегациялар келгенде бірден шарып көрсететін, тыныс-тіршілігін мақтана айтатын, басқаларға үлгі ретінде ұсынатын кәсіпорындар мен кәсіпкерлер бар. Олардың арасында ауыл шаруашылығымен айналысатын, сан алуан өнімдер шығаратын, сауданы жолға қойған және халыққа қызмет түрлерін көрсететін серіктестіктер, шжалықтар мен өндірістік бірлестіктер бар. Бір қуанарлығы, тіралғі қазақтың алтын бесігі ауылдармен тікелей тамырласа байланысып жатқан осындай ірілі-ұсақты кәсіпкерлік нысандарының иегінін жергілікті жерден шыққан іскер азаматтар қалап, алғашқы жылдары азды-көпті қиындықтарды бастан өткергендерімен, кәзіргі кезде аяқтарынан тік тұрып, өз жағдайларын жасап қана қоймай, жерлестерінің де тұрмысының оңалуы, жұмыспен қамтамасыз етілуі, жергілікті жердегі мүмкіндіктердің жұрт игілігі үшін жұмсалуы жолында еңбек етуде. Аудан басшыларының сырт көз сыншы дегендей, басқа жерлерден арнайы ат арылтып жеткен сыйлы адамдарды, іскер азаматтарды бірден осындай тасы өрге домалаған кәсіпкерлерге бастауында да үлкен мағына бар. Намысшыл елдің ұрпағы басқаларға барын көрсетіп қалуға тырысатындығының ешқайбы жоқ.



Сондай Алакөл ауданындағы ел ауызында жүрген мықты кәсіпкер жігіттердің бірі – бірнеше серіктестіктің басын біріктірін отырған «Алакөл – көмір» ЖШС-нің Бас директоры, ауданлық мәслихаттың депутаты Елжан Әбдірахманов. Облыс әкімі Серік Үмбетовтің алыстағы ауданға арнаған іссапарларында қасында болғанымызда, Серік Әбікенұлының шалғай аймақтағы тыныс-тіршілікпен танысуы осы азаматтың халыққа қызмет көрсету орындарымен және әр келгенінде бәшесмен ісінің тасы өрге домалап тұрғанына разышылығын білдіретінін көріп, естіп жүрдік. Сол кезде туған жерге туын тігіп, Алакөлдің мәртебесіне көленке түсірмеу мақсатында бар білімі мен білігін, ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігін жұмсап жүрген Елжан туралы жазуды ойға алған едік. Оның сәті осы желтоқсанда түсті. Жалпы әңгіме барысында байқағанымыз, сабырлығы сырт көзге бірден сезілетін кәсіпкердің өзі туралы сөзге сараңдығы, мақтауға мүлде қарсылығы. Соған қарамастан, біраз сыр сұыртпақтағандай болдық. Төменде соны назарларыңызға ұсынып отырмын.

Болат АБАҒАН,
"Жетісу"

Жалпы, Алакөл ауданының Үйгентас ауылын, онын ішінде Жыландының ауылынан өз есімдерін мақтаныш өтетін талай тұлға қанаттанған. Олардың арасында бүгінде кәсіпкерліктің биігін бағындырып, спорттың шыңына шыққан азаматтардың үлкен бір шоғыры бар. Осы ауылда туып-өсіп, ерлі-зайыпты ұстаздар Кәрім ағa мен Ақыш апаның өнегелі отбасында тәрбиеленген он баланың бірі Елжан Әбдірахмановты сол жұрт танитын азаматтар шоғырының бел ортасынан көреміз десем, артық айтқандық бола қоймас. 2005 жылы тамыз айында Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов Алакөл ауданына бірінші рет жұмыс сапарымен барғанда, Алматы – Өскемен автотрассасынан аудан орталығы Үшарал қаласына бұрылатын үлкен жолайрықта салынған қонақ үйі, дәмханасы, моншасы және автокөлікке техникалық қызмет көрсететін орны мен жанар – жағармай құю бекеті бар «Алакөл» атты халыққа қызмет көрсету кешенінің қызметімен танысқан-ды. Сол кезде бізді аудан әкімінен бірге қарсы алып, жұмысының барысы мен мақсаты жайлы қоңыр дауысымен әңгімелеген Елжанның арқасынан қағып, ісіне сәттілік тілегені де есімізде. Облыс басшысының тілегі арқаландырған, аудан әкімі Бағдат Қарасаевтың қолдауы қанаттандырған Елекең сол кезден бергі төрт жылдан астам уақыт аралығында бизнесінің ауқымын да, әлеуетін де арттыра түсіпті. Қазіргі кезде ол басқаратын серіктестік құрамында жоғарыда айтылған «Алакөл» халыққа қызмет көрсету кешені, Үшарал қаласындағы бүгінгі кезеңнің талаптарына толықтай жауап беретін, сатушыға да алушыға да барлық жағдай жасалған «Алакөл» атты жабық сауда базары, мейрамханасы мен қонақ үйі бар «Қабанбай» атты қызмет көрсету кешені және қытаймен екі арадағы шекара шебінде орналасқан Достық кентінде салынған қонақ үй мен мейрамханалық кешен бар. Сонымен бірге аудан халқына қысқа отын жеткізіп берумен шұғылданатын кәсіпорын, аудан аумағындағы үлкенді-кішілі жолдарды жөндейтін Үшарал және Үйгентас аймағында орналасқан екі бірдей жол жөндеу учаскесі қарайтын «Алакөл жолдары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі де Елжан бас директоры болып табылатын серіктестікке қарайды. Бұлардағы жұмыстардың барлығына өзі бас-көз болғанымен әр сала бойынша жетекшілер бар. Мәселен, халыққа қызмет көрсететін мейрамхана, қонақүй сынды орындардың жұмысын жүйелейтін «Әбдірахманов» жеке кәсіпорнын Елжанның жан жары Жанар Шайзанова басқарады. Мейрамханаларға қажетті мал өнімдерімен өздерін қамтамасыз ету мақсатында Үйгентас өңірінде мал ұстайды. Мұндағы жұмыстарды ұйымдастырушы да сенімді жан. Сондай-ақ, «Алакөл» әмбебап базарының, жолдарды жөндеуді жүзеге асыратын «Алакөл жолдары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің және жанар – жағармай жеткізу және сату саласының әрқайсысының өз басшылары тағайындалған. Құрылыс-жөндеу жұмыстары, құрылыс материалдарын шығару ісін де өздері атқарады. Дүкендері де сапалы қызметімен көп көпілінен шығады. Көршілес жатқан Қытай Халық Республикасында екі арадағы іскерлік байланысқа жауапты өкілдері бар. Қарап отырсаң, ешкімге тәуелді емес. Барлығы автоматты түрде жұмыс атқаратын алып машинаны көзге елестетеді. Осынашама қыруар шаруаның ретін келтіріп, қажетті жерлерде қатты айтып, кезі келгенде жұмсарта сөйлеу арқылы үйлестіретін Бас директор Елжан Кәрімұлы.

– Мені мақтаудың керегі жоқ. Ауданымызда кәсібінің тасы өрге домалап, ел-жұртына қызмет етіп, алғысын арқалап жүрген жандар жетеді. Солардың бірімін ғой. Ауылдың қара топырағын тобықтан кешіп, көкмайсасына аунап, өзеніне шомылып жүріп жетілген баланың бірімін. Көпбалалы отбасында тәрбиеленіп, өстім. Өке-шешем ауылдағы зиялы қауымның өкілдері – ел сыйлаған мұғалімдер санатынан. Солардың тәрбиесі мен өнегесі де бар болар. Көпбалалы үйді өзің білесің, қиындығы да, қызығы да мол! Соның да оң әсері бар шығар, адамдармен тез тіл табыса алатынымын және әлі күнге сол мінезден айныған жоқпын. Жылдыдағы орта мектепті бітірген соң Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтына түстім. Оны инженер-электрик мамандығы бойынша бітіргеннен кейін ауданға оралып, еңбек жолымды агропромэнергода бастадым. Осында біраз лауазымдарды атқарып, ысылдым. 1993 жылы өрт сөндіру қызметіне кірдім. Ақыры 1998 жылы бизнеске бет бұрдым. Алдымдағы ағаларым осы салада жүргеннен кейін, мені де тартты. Бастапқыда жанар – жағармай бизнесімен айналыстым. Бесқолдегі мұнай базасын аукцион арқылы сатып алдық. Дегенмен, кәсіпкерліктің бұл түрін ірі компаниялар қолға ала бастағандықтан, бізді бірте-бірте ығыстыратынын сезініп, басқа кәсіптерді таңдау барысында халыққа қызмет көрсету саласына көңіл түсті. Жанар – жағармай саудасын бір жола қойғанымыз жоқ. Бірнеше жанар – жағармай құю бекетіміз бар. Дегенмен, бүгінде негізгі күшті базарға, дүкендерге, мейрамханалар мен қонақ үйлер қызметіне және қоймалар үстау арқылы көтерме саудаға, отын бизнесіне, жол жөндеуге, құрылыс жұмыстарына салып отырмыз. «Алакөл – көмір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарайтын кәсіпорындар мен серіктестіктерде барлығы 500-ге жуық адам еңбек етеді. Орташа айлық жалақылары – 50 мың теңге. Еңбекақыны кешіктіріп беру деген жоқ. Өзімізге алған міндеттемелердің барлығын мерзімінде әрі толық көлемде орындап келеміз. Биыл «Жол картасы» бағдарламасының тендеріне қатысып, аудандағы жолдар мен Үшарал қаласы мен Қабанбай ауылындағы бірнеше көшелерді жөндеуге жарияланған конкурста жеңіске жетіп, белінген 101987020 теңгені мерзімінде дұрыс игердік. Мектептерді жөндеуге атсалыстық. Бескөл теміржол бекетінде аумағы 7,5 гектарды алып жатқан теміржол түйіны бар. Мұнда отын базасы мен сыйымдылығы үлкен бірнеше қойма орналасқан. Төбесі жұмсақ жабындымен жабылған қоймаларды жаз бойы күрделі жөндеуден өткізіп, шатырлап, ішіне сөрелер орнатып, басқа облыстардағы елдердегі іскер әріптестерімізбен арада жасалған келісімдер бойынша халық тұтынатын тауарларды, оның ішінде азық-түлік өнімдері мен түрлі сусындар және тағы басқаларды теміржол арқылы осында жеткізіп, сақтаймыз және жергілікті сауда орындарына көтерме бағада өткіземіз. Мақтанғанымыз емес, бізде барлығы бар, талсырыс берсе оны да орындаймыз. Сондай-ақ, серіктестік құрамындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың барлығы заман талабына сай құрылымдарымызды өткізіп отырмыз немесе жаңадан-саланған кәнсөлер мен нысандардан тұратының өзің көрдің. Олардың барлығында қызметтік жағдай жасалған. Орнатылған пластикалық есік-терезелер мен сөрелерді және тағы басқа қосалқы жабдықтарды өзіміздегі шағын цехта жасаймыз. Тіпті, металл қоршауларды дайындайтын шеберхана да жұмыс істейді.



Мен ауылды жерде тұрып екі қолына жұмыс таба алмайтындарды мүлде түсінбеймін. Дәл қазіргі кезде ерінбеген жаңа қарекет табылады. Соңғы жылдары біраз мекемелерге арнап жаңа кеңселер салдық, қоймаларды реттедік.



Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Алакөлдің азаматы болғандықтан, аудандағы істен шет қалмау менің азаматтық, қала берді перзенттік парызым. Өз басым ана шараға мұнша қаражат бердім, автокөлік тарту еттім, заттай, азық-түліктей көмек жасадым деп жариялауға түбегейлі қарсымын.

– Алакөлдің азаматы болғандықтан, аудандағы істен шет қалмау менің азаматтық, қала берді перзенттік парызым. Өз басым ана шараға мұнша қаражат бердім, автокөлік тарту еттім, заттай, азық-түліктей көмек жасадым деп жариялауға түбегейлі қарсымын. Қайырымдылықты жалаңаш жар салып барып жасағаннан кейін онда қадір-қасиет қала ма?! Көмектесіп жатсам, өзімнің жерлестеріме жәрдемдесудемін, ол менің жеке шаруам. Барлығын жұрт біледі, халық бағалап жатса одан артық бағаның керегі жоқ маған, – деп қысқа қайырып жауап қайтарды.

Болашақ жоспарлары туралы ел үшін ештеңесін аямайтын Елжан: «Балаларымның алды енді-енді атқа қона бастады. Амандық болса, қазіргі кездегі бизнесімді үш ұладық. Досан, Дастан және Дархандардың бірі жалғастырар деген үмітім үлкен. Және бүгінгі жетістікке жалғыз өзім жеттім десем асылық болар. Бірінші кезекте бізге дұрыс тәрбие берген ата-анамның еңбегі зор. Содан соң өздері де бір-бір істің тұтқасын ұстап отырған ағаболуларымның, ала-қарындастарымның ақыл-кәнесі мен керек кезде қасымнан табылуы, кішкенеден бірге өскен жан жарым Жанардың әрқашан жанымда болуы менің бүгінгі биігімнің басты баспалдақтары дей аламын. Сонымен бірге қолынан іс келетін жігіттерді жаны қалмай қолдайтын, қажетті кезде түйінді мәселелерін де шешіп жіберетін аудан әкімі Бағдат Әбілмәжінұлының да көмегі үлкендігін жасырмаймын. Алдағы кезде Елбасының өзі назар аударып отырған салаларға ден қоюды ойластырудамын. Бизнесте құпиялықтың болатындығын ескере отырып, жобаларым жайлы мерзімінен бұрын жарияламай-ақ қояйын. Барлығын уақыт көрсетеді», – деп толғанады. «Арық айтып, семіз шық» деген осы да!

АЛАКӨЛ АУДАНЫ.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Елдігіміздің белгісі

Өткен жұмада облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқановтың төрағалығымен «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның сақталуын бақылау жөніндегі облыстық комиссияның отырысы өтті. Отырыс барысында аталған комиссия мен ономастика комиссиясының құрамына өзгерістер енгізілді. Келесі кезекте облыстық кедендік бақылау департаментінің бастығы Құрманбек Артықбаев өзі басқарып отырған мекемедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының орындалу барысы туралы есеп берді.

Айгүр ӘБДІРАХЫМ,
"Жетісу"

Облыстық кедендік бақылау департаменті 2006 жылдың екінші тоқсанынан бастап белгіленген жоспар бойынша кезең-кезеңмен іс қағаздарды мемлекеттік тілге ауыстыруды қолға алған. Ал 2008 жылы бұл департаменттің іс қағаздары мемлекеттік тілге толық көшкен десек болады, биылғы көрсеткіш 98 пайыз. Яғни былтырғы жылмен салыстырғандағы көрсеткіш 5 пайызға жоғары.

Іс қағаздары мемлекеттік тілде сауатты толтырылсын деген мақсатпен қызметкерлерге орысша-қазақша сөздіктер сатып алынған. Департаментте осындай сөздіктерден және арнайы әдебиеттер мен әдістемелік оқу құралдарынан құралған кітапхана қоры бар екен. Тағы бір құптарлығы, департамент пен кеден бекеттерінің барлық компьютерлеріне қазақ шрифтері бар драйверлер мен арнайы бағдарламалар орнатылған. «Тек биылдың өзінде кедендік бақылау комитетіне қызметкерлерді мемлекеттік тілге оқыту үшін 700 мың теңге бөлінген, бүгінде ол толығымен игерілді», – дейді Құрманбек Артықбаев.

Облыстық кедендік бақылау департаментінде бұдан басқа да жақсы жаңалықтар жетерлік. Бірақ департамент бастығы кемші кеткен тұстарын да жасырмады. Нақтырақ айтсақ, әлі күнге дейін департамент аппараты мәжілістерінің хаттамалары орыс тілінде жүргізіліп, бірінші, екінші жартыжылдықтарға арналған жұмыс жоспары, жедел кеңестердің хаттамалары, талқыланатын мәселелер бойынша жинақталатын құжаттар орыс тілінде жасалады екен. Сонымен қатар, тексеру барысында консультативтік кеңестің де орыс тілінде өтетіні анықталған. Есеп беруші консультативтік кеңестердің орыс тілінде өтуін оған қатысатындардың көпшілігі басқа ұлт өкілдері деген себеппен байланыстырды.

Комиссия отырысындағы келесі сөз кезегі Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Марлен Келбаеваға берілді. Марлен Қалаұлы сөзін бірден кемшіліктерден бастады. Біріншіден, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының орындалуын тексеру барысында «Жигули» ЖШС мен «МКК «Талдықорғанжылусервис» мекемесінің мемлекеттік тілге көшу көрсеткіштерінің басқалармен салыстырғанда әлдеқайда төмен екені анықталған. «Әсіресе, «Жигули» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қалалық әкімдік тарапынан жасалған ескертулерге құлақ аспай отыр. Тіпті оларға прокуратура қызметкерлерімен бірге екі мәрте барып, кемшіліктерін көрсеткенбіз. Сонда да біздің сөзімізді еленіп жатқан олар жоқ», – дейді Марлен Қалашұлы. Онымен салыстырғанда «МКК «Талдықорғанжылусервис» мекемесінде жақсылық нышаны байқалатын сияқты. Олар тіл маманын, аудармашыны штатқа қабылдап, құжаттарын түзеуге тырысуда. Мұның өзі жоқтан жоғары емес пе? Бірақ «Тіл туралы» Заңның қабылданғанына жиырма жыл толғанын ескерсек, олардың аз ғана жетістіктері үшін мақтауға әлі ертерек.

Есеп берушілерді тыңдап болған соң «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның сақталуын бақылау жөніндегі облыстық комиссия мен облыстық ономастика комиссиясының 2010 жылға арналған жұмыс жоспары бекітіліп, жоғарыда аталған проблемаларға қатысты шешімдер қабылданды. Комиссия отырысын қорытындылай келе Серік Мейірханұлы «Мемлекеттік тілді сыйламайтын, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңды елемейтін мекемелерге прокуратура қызметінің көмегімен заң бойынша шара қолдануымыз керек», – деді.

Облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқановтың басшылығымен нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі облыстық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Есірткіге жол жоқ

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Облыстық әкімдіктің кіші жиын залында өткен жиынға аталған комиссияның мүшелері және аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, құқық қорғау, қаржы полициясының өкілдері, денсаулық сақтау, білім беру басқармалары мен жоғары оқу орындарының басшылары қатысып, жастарды ғасыр індетінен сақтап, есірткі бизнесіне тосқауыл қою және тұрғындарды темекі шегу сияқты денсаулыққа зиянды кеселдерден арашалау мақсатында атқарылған жұмыстарды талқылады.

Басқосуды Серік Мейірханұлы жүргізіп, жиналыста қаралатын мәселелер ретін таныстырып өткен соң, сөз кезегін баяндамашыларға берді. Осы ретте, облыс прокурорының көмекшісі Азамат Байсаков, облыстық ішкі істер басқармасының бөлім бастығы Нұрлыбай Шатеновтың баяндамасы тыңдалды. Олардың айтуы бойынша, ішінара мәселелерді есепке алмағанда, елді елең еткізер өрескел заң бұзушылық тіркелмеген. Бір сөзбен айтқанда, өңірімізде нашақорлық пен есірткі бизнесінің жолы кесілген. Оның үстіне, спортпен шұғылданатын нысандар бірінен соң бірі бой көтеріп, салауатты өмір салтын насихаттайтын жұмыстар тыңғылықты атқарылуда.

Осыдан кейін мінберге көтерілген Алакөл, Сарқан, Талғар аудандары әкімдерінің орынбасарлары бір жылдық жұмыс нәтижесін таныстырып өтті. Онда қол жеткен жетістіктер мен орын алған кемшіліктер толық сараланды. Сонымен қатар, отырыс барысында елді мекендердегі нашақорлық пен есірткіге еліккендерді емдейтін нысандар жайы да сөз болды. Қазір облысымызда аталған дертке шалдыққандарды емдейтін мекемелер жеткілікті болғанымен, білгір мамандардың тапшылығы қол байлау болып тұрғаны тілге тиек болды. Сондай-ақ, құқық қорғау орындары мен аудандық, қалалық әкімдіктер арасындағы кейбір заңнамалық тұрғыда түсінбеушіліктің орын алып жататыны да сөз болды.

Соңында басқосуды қорытындылаған Серік Мұқанов атқарылған жұмыстарға жоғары баға бере келіп, ортаға қойылған түйткілді мәселелердің өз деңгейінде шешілетіндігіне сенім білдірді. Сонымен бірге, көпшілікке ел келешегінің кепілі болатын маңызды жұмысты босаңсытпай, батыл қадаммен жалғастыру керектігін тапсырды.

«ЖОЛ КАРТАСЫ»

ЗАҢНАМА ТҮСІНДІРІЛДІ

Алматы облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясында облыс аумағында мемлекеттік «Жол картасы» бағдарламасын іс жүзіне асыру барысында атқарылған жұмыстарға жүргізілген тексерулер нәтижелерін талқылауға арналған семинар-кеңес болып өтті. Оған «Нұр Отан» ХДП, БАҚ өкілдері, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және аталған инспекция қызметкерлері қатысты.

Семинар-кеңесті ҚР ҚМ ҚБК облыстық қаржылық бақылау инспекциясы бастығының міндетін атқарушы Нүсіп Құдайбердиев ашып жүргізіп отырды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасына сәйкес, қаржылық бақылау комитеті «Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасына қатысты іс-шараларды жүзеге асыруға орай бөлінген бюджеттік қаражаттың мақсатты жұмсалуымен мемлекеттік сатып алу туралы заңнамалардың сақталуына бақылау, тексеру іс-шараларын ұйымдастыруды жүктеген.

Бақылау нәтижелері көрсеткендей «Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға бөлінген трансферттерді алған барлық бюджеттік бағдарламалар әкімгерлері мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу барысында заң бұзушылықтарға жол бергені анықталды. Айталық, жүктелген жұмыстарды нақтылы атқармай актілерді қабылдау және тағы басқа кемшіліктерге жол берген. Бұл бюджеттік қаражатты алушылардың бюджеттік заңнамалар мен мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларды толық білмейтіндігін дәлелдейді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қаржылық бақылау комитетінің тапсырмасын орындау барысында мемлекеттік «Жол картасы» бағдарламасын іс жүзіне асыру үшін бюджеттен бөлінген қаражатты көзделген мақсатта пайдалану, мемлекеттік сатып алу заңдылығының сақталуын бақылау жөнінде бірқатар шаралар атқарылған. Бұл тексерулер мемлекеттік бағдарламалар әкімшілерінің мемлекеттік сатып алу және тағы басқа заңдылықтарды қандай деңгейде білетіндіктерін көрсетін берді. Міне, осыған байланысты бюджеттік заңдылықтарды, мемлекеттік сатып алу заңдылықтарын жан-жақтылы талқылап, түсініктер беру үшін бүгінгі семинар-кеңесті ұйымдастырып отырғанын облыстық қаржылық бақылау инспекциясы бастығының міндетін атқарушы баса айтты. Осы инспекция қызметкері «Жол картасы» бағдарламасы бойынша конкурстар өткізу кезінде мемлекеттік сатып алу заңдылығының сақталуы» деген тақырыпта баяндама жасады. Онда тексерулер нәтижелері лоттар бойынша бөліне тізбеленді.

Семинар-кеңесте бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тараптарынан «бұрын облыстық қазынашылық департаментінде төмендер 31 желтоқсан күні жұмыс уақыты аяқталғанша қабылданатын еді, қазір игерілмеген қаражатты қалдырмау үшін төлемдерді қабылдаудың соңғы күні болып 25 желтоқсан белгіленгендіктен, сол күнге үлгеру үшін барлық есепшоттарды төлеуге асығып, атқарылған жұмыстарға ақы төленбей қалуда. "Қаражаттарды сенімхатпен аударуға бола ма?» деген сауал түсіп оған: «Мұның барлығы заңнама шеңберінде белгіленген. Жұмысты жоспарлау, өзара келісімшарт жасау кезінде есептеулі керек» деген қысқа да нұсқа жауап инспекция басшылығы тарапынан қайталанды. Келесі кезекте: «Кейбір заңнамалардың бұзылуына байланысты тексеру актісіне қол қоймауға бола ма?» деген сұраққа Үкімет қаулысымен бекітілген инспекция ережесінің жекелеген тармақтары уғындырылған соң. «Конкурстық тапсырыстарда таза грамматикалық, арифметикалық қателер кеткенімен оған құжаттардың нотариалдық бекітілген көшірмелері қосымша тігілсе заң бұзушылық болып санала ма?» деген сұраққа ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 25-бабы, 2-тармағына сәйкес, конкурстық тапсырыстағы грамматикалық, арифметикалық қателер заң бұзушылық болып саналмайтыны ескертіле келіп, мемлекеттік сатып алуға байланысты туындайтын кез келген мәселеге байланысты және тапсырыс алушылар тараптарынан келісімшарт талаптары бұзылып жатса оларға заңнамаға сәйкес тексерулер жүргізілетіні, жалпы мемлекет қаражатының мақсатты жұмсалуы үшін бірлесе жұмыс істеу керектігі ашық та нық айтылды.

Н. ОМАРБЕКҰЛЫ.

СЕЛЕКТОРЛЫҚ КЕҢЕС

Даму бағдарламасы қаралды

Қазақстан Республикасының Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов кезекті селекторлық жиында индустриалды-инновациялық бағдарламаларды іске асыру жайына арнады. Бұл орайда министрлер мен облыс әкімдері белгіленген мерзім бойынша жұмыстың атқарылуын қадағалауды қазірден бастауы тиіс екендігі айтылды. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеевтің айтуынша, үдемелі индустриалды даму бағдарламасы аясында өңірлерде нақты тәжірибелік жұмыстар іске асырылды. Өмірзақ Естайұлының сөзіне қарағанда, 2010 жылы 78 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Жаңа жобаларға тоқталсақ, олар көбінесе миллиардтаған теңге қарастырылған аса ірі жобалар. Олардың барлық саны 44-ті құрайды.

Мемлекетіміздің индустриалды – инновациялық даму саясатын жүзеге асыру мақсатында және үдемелі индустриалды даму шеңберінде облысымызда 5073,0 млрд. теңге құрайтын 10 жоба республикалық индустриалдық картаға енгізілді.

Премьер-Министр Кәрім Мәсімов алдағы жылы «Жол картасы» мен индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы қатар жүргізілетінін сөз етті.

Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы бойынша 2010 жылы инфузиондық ерітінділерге арналған бір реттік жүйе, қаптамалық плиткалар мен гранит, сэндвич панельдер және басқа жобалар аяқталады деп белгіленген. «Қорғас–Жетіген» темір жол желісін салу да даму бағдарламасына енгізілген жоба.

2010-2012 жылдары Мойнақ су электр стансысының құрылысы аяқталып, Балқаш жылу-энергетикалық стансысы мен тағы бірқатар шағын су электр стансыларының құрылыстары басталады.

Селекторлық жиын барысында құрылғанына 15 жыл толған әлеуметтік әріптестік институтының осы жылдар ішінде қол жеткізген жетістіктері, ұшқақты келісім негізінде атқарған шаруалары да әңгіме арқауына айналды.

Жиын соңында Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов дағдарыс деп қорқақтай бастаған жылымыздың табысты аяқталуына еңбек сіңірген министрлер мен облыс, аудан, ауыл әкімдеріне «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығарған ауызбіріліктері үшін алғыс айтты.

Премьер-Министр адамдар көптеп жиналатын орындардағы өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қатаң қадағалауды Төтенше жағдайлар министрі Владимир Божкоға тапсырды.

Министрдің сөзіне қарағанда өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы тұрғысында екі мыңнан астам мекеме тексерілген. Осы шара аясында 315 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 111 нысанды жабу бойынша сотқа талап арыз берілтті. Жаңажылдық безендірілулер мен шырша мерекелерінде электр сымдарынан ақау шықпау назарда ұсталынбақ. Барлық өрт қызметі бұл күндері демалыссыз жұмыс жасайды. Сондай-ақ, электр жарығының өшіп қалмауы да қадағаланбақ.

Г. МҰҚАШҚЫЗЫ.

ӘЛЕУМЕТ

МҮГЕДЕКТЕРДІ ОҢАЛТУ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының орындалу барысы туралы есептер берілген соң облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқановтың төрағалығымен облыстық үйлестіру кеңесінің мүгедектер жөніндегі отырысы өтті. Онда бірінші болып облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Нұрила Бөлекбаева 2009-2010 жылдары мүгедектерді сауықтыру бағдарламасының барысы туралы есеп берді.

«Бүгінде мүгедектердің қатары облысымыздағы жалпы халық санының үш пайызын құрайды. Жыл сайын әртүрлі әлеуметтік көмекпен қамту мақсатында оларға бөлінетін қаржы көлемі де артып келеді. Мысалы, 2008 жылмен салыстырғанда мүгедектерді оңалту шараларына 1,7 есеге артық қаржы бөлініп отыр. Дегенмен, кейбір бағдарламаларға бөлінген қаржы былтырғы жылмен салыстырғанда азайып кетті», – дейді Нұрила Дәкенқызы.

Бағдарламалар ішінде техникалық құралдармен және пәтермен қамтамасыз ету, санаторлық емдеу бағдарламалары бар екен. Осының салдарынан мүгедектердің біразы аталған көмектермен қамтылмай, келер жылдан үміт күтіп отыр. Нұрила Дәкенқызының айтуынша, бұл мәселелерді аудандық және қалалық бюджет есебінен де шешуге болады. Яғни игерілмеген қаржыны бюджетке қайтармай мүгедектерді оңалту шараларына бөлсе нұр үстіне нұр болар еді. Қуантарлығы, ондай бастаманы қолдаған Ескелді, Қарасай, Панфилов, Райымбек, Ұйғыр, Іле аудандары мен Қапшағай, Талдықорған, Текелі қалалары үнемделген біраз қаражатын оңалту бөлмелерін жөндеуге, қажетті құрал-жабдықтар алуға және мүгедектерді тасуға арнайы автокөліктер алуға жұмсаған. Ал одан басқа аудандар мүгедектерге мұндай қолдау көрсеткен жоқ. Олар мүгедектерге тек облыстың берген қаражатын игеруде.

Нұрила Дәкенқызы облыс көлеміндегі мүгедектерге қызмет көрсететін әлеуметтік ұйымдар қатарының артып келе жатқанын да тілге тиек етті. Мысалы, 2006 жылы мүгедектерге, жалғыз басты қарттарға әлеуметтік көмек көрсететін 30 шақты бөлімше болған. Ал бүгінде олардың саны 50-ден асып отыр. Әлеуметтік қызметкерлердің де саны 526-ға жеткен. «Әрине, олардың көмегі өте маңызды. Бірақ тексеру жүргізген кезде, әсіресе, Талдықорған қаласы мен Кербұлақ ауданында бірталай кемшіліктер анықталды. Сонымен қатар, 2008 жылы Панфилов ауданында мүгедек балаларды оңалту бөлмесін ашу үшін облыс бюджетінен арнайы қаржы бөлінген болатын. Бірақ ол оңалту бөлмесі әлі күнге дейін ашылмай отыр», – деп Нұрила Дәкенқызы аталған проблемаларға үйлестіру кеңесі мүшелерінің назарын аударды.

Бұл орайда Серік Мейірханұлы: «Үйлестіру кеңесінің мұндай отырыстарына аудандар мен қалалардан да шақыру керек. Олар аталған олқылықтарға неліктен жол беріп отырғандарына жауап беру керек», – деді.

Есеп беру барысында басқа өзекті проблемалар да айтылды. Келесі кезекте мүгедектерді алғашқы медициналық сауықтыру мәселесі жөнінде Талдықорған қалалық медициналық-әлеуметтік сараптамасының бастығы Язгүл Алтынбекова есеп берді. Ал облыстық білім басқармасы бастығының орынбасары Сәуле Қабимолдаева мүгедектерді кәсіби сауықтыру мәселелері жөнінде сөз қозғады. Отырыс қорытындысында айтылған мәселелер ескеріліп, шешім қабылданды.

А. НҮСІПБАЙҚЫЗЫ.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Іліяс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті ғылым және халықаралық байланыстар бөлімінің ұйымдастыруымен «Үздіксіз білім берудің мәселелері: мектеп, колледж, университет» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Оған облыстық білім басқармасының өкілдері, университеттің оқытушылары, облыс аумағындағы елді мекендерден шақырылған мектеп мұғалімдері қатысты.

Үздіксіз білім беру негізі

Үздіксіз білім беру мәселелері жан-жақты талқыланып, білім беру үдерісіне жаңа инновациялық технологиялардың енгізудің жолын көрсету мен озық тәжірибелерді таратуды мақсат еткен шарада пленарлық мәжіліс өтіп, одан соң секциялар жұмысымен жалғасын тапты. Пленарлық мәжілісті университеттің ғылыми жұмыстар, инновациялық технологиялар және халықаралық байланыстар жұмысы жөніндегі проректоры Дүйсебек Нұрғабыл жүргізіп, алдымен бұл шараның білім беру жүйесінде туындаған жаңа талаптарды шешуге бағытталғанын айтып өткен соң, сөз кезегін баяндамашыларға берді. Онда І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің бірінші проректоры Фатима Жақыпова инновациялық экономика негізінде үздіксіз білім беру турасындағы ойларымен бөліссе, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі Аршагүл Рысбаева сапалы маман дайындауда инновациялық технологиялардың қолданудың маңыздылығын талдап берді. Ал І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті колледжінің директоры Айгүл Мұхамедиева кредиттік білім алу жағдайындағы мектеп, колледж және жоғары оқу орындарының ішкі байланыстарын тілге тиек етсе, Талдықорған қаласындағы №2 облыстық психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық (ПДП) кеңес орталығының меңгерушісі Сәуле Жақыпбекова даму жүйесі шектелген балалардың білім алуын ұйымдастырудағы ПДП кеңестің маңыздылығына тоқталды. Сөз кезегінде Алматы облысының балалар құқықтарын қорғау департаментінің директоры Гүлнар Ермекбаева «Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу» және «Өзін-өзі тану» атты тәрбиелік бағдарламаларды жүзеге асыру процесіндегі балабақша мен мектептің және жоғары оқу орындарының байланысын жан-жақтылы қозғап берді.

Жалпы конференцияға 179 баяндама келіп түскен. Пленарлық мәжіліс барысында оның бәрін тыңдау мүмкін болмады. Олардың дені мектеп мұғалімдері, колледж және университет оқытушылары өзара тәжірибе алмасқан секциялық отырыс барысында талқыланды.

Әрине, қазіргі таңда білім шаңырақтары жаңа технологиялармен толық жабдықталып, оқушылар заман талабына сай білім алу мүмкіндігіне жетті. Дей тұрғанмен, мектеп, колледж және жоғары оқу орындары арасында үздіксіз білім беру процесі әлі де бір ізге түсе қоймағаны белгілі. Сондықтан осындай шаралар жиі өткізіліп, келеңсіздіктер басты назарға алынса, барлық мәселе шешіледі деген сеніммен тарасты көпшілік.

Қ. АНДАС.

ҚҰҚЫҚ

ТҰЖЫРЫМДАМА ТАЛҚЫЛАНДЫ



Алматы облыстық экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (қаржы полициясы) департаментінің ұйымдастыруымен Жетісу мемлекеттік университетінің бас ғимаратында құқықтық саясат тұжырымдамасын түсіндіру мен талқылауға арналған конференция болып өтті.

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
"Жетісу"

Оған құқық қорғау органдарының басшылары студенттер мен заңгерлер және журналистер қатысты.

Конференцияны облыстық экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (қаржы полициясы) департаменті бастығының орынбасары, қаржы полициясының полковнигі Айдар Балтағұлов ашып:

– Біздің бас қосуымыздың негізгі мақсаты – «Қазақстан Республикасының 2010–2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын» талқылау болып отыр. Осынау стратегиялық маңызы зор бағдарламалық құжат еліміздің осыған дейінгі (2002–2010 жылдарғы) нақтылай түссем, мемлекетіміздің құқықтық дамуында жақсы рөл атқарып, басты нәтижесі конституциялық реформа жүргізген құқықтық саясат тұжырымдамасының логикалық жалғасы болып саналады. Елбасының Жарлығымен ағымдағы жылдың 24 тамызында бекітілген бұл тұжырымдамада еліміздегі барлық құқық қорғау жүйесін кезеңдермен дамыту көзделген. Құқық қорғау органдары әрекеттерінің тиімділігін арттыру, кез келген қылмыстың жылдам ашылуына ықпал ету, құқық бұзушылықтың алдын алу, сыбайласқан жемқорлықпен күресті күшейту басты міндеті болып қойылды. Рас, тұжырымдаманы талқылауға дайындалған сұрақтар өзекті. Сондықтан бүгін біз пікір алмасумен қатар жұмыс тәжірибемізді бөлісіп аталған бағдарламалық құжаттың негізгі ережелерін талқылаймыз, – деді А. Балтағұлов.

Мінбеге ең алдымен Алматы облысы прокурорының бірінші орынбасары Серік Хайруллин көтеріліп «Мемлекеттің құқықтық саясат тұжырымдамасын іс жүзіне асыру кезінде прокуратура органдарының орны мен рөлі» деген тақырыпта жан-жақтылы, терең мағыналы баяндама жасады. Ең бастысы конференцияға қатысушылардың құқықтық сауатын аша білді. Нақтылай түссем, облыс прокуроры бірінші орынбасарының баяндамасынан әркім өзіне керек мағлұматты көкейіне түйе алды.

Келесі кезекте, құқық қорғау органдары басшылары сөз алып, студенттер тарантарынан сұрақтар қойылды. Сөйтіп конференция өз мәресіне жетті.



ТАҒЫЛЫМ

БЕЛГІСІЗ СОҒЫС

Апта ортасында "Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы облыстық филиалы мен Ауған соғысы ардагерлерінің бірлесе ұйымдастыруымен Кеңес әскерінің Ауған жеріне енгізілуіне 30 жыл толуына арналған «Ұрпаққа ұран болған ұлы ерлік» атты кездесу болып өтті. Оған Ұлы Отан және Ауған соғысының ардагерлері, Ауған жерінде қаза тапқан жауынгерлердің аналары, партия белсенділері, денсаулық сақтау мен жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының өкілдері, «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері қатысты.

Кездесуді ашқан «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының орынбасары Айтбай Сейітов кездесуге келгендерді қақпаны қағып тұрған Барыс жылымен құттықтап, «интернационалдық міндетті орындау» деген желеумен басталып, 10 жылға созылған сұрапыл соғыс жайлы баяндап өтті. Бұл соғыста біреудің жалғызы, біреудің жары немесе сүйіктісі көз жұмды. Қазақстаннан 22262 жауынгер отты тажалдың ортасына түсіп, олардың 898-і қаза тауып, 21-і хабарсыз кетті. Алматы облысы бойынша 3701 адам Ауған жерінде болып, олардың 173-інің денесі туған жерге темір табытпен оралды. Осы мәліметтерді айта келіп, Айтбай Өсербайұлы қаза болған жауынгерлерді еске алу үшін бір минөт үнсіздік жариялады.

Екінші болып сөз алған «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдіқадыров «белгісіз соғыс» аталып жүрген Ауған жеріндегі соғыстың себептері мен салдары жайлы кең көлемде баяндама жасады. 1979 жылы желтоқсанда Л. Брежнев басшылық еткен СОКП-ның ұйғарымымен Ауған жеріне кіріп, 10 жыл бойы жергілікті қарулы топтармен күрес жүргізген 18 бен 20 жас аралығындағы боздақтар Отан алдындағы борышын адал атқарып шыққаны анық.

Келесі болып мінберге көтерілген Алматы облысы Ауған соғысы ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ерлік Әлімқұлов өзі куәсі болған соғыстың қиындықтарын тілге тиек ете отырып, Ауған соғысы ардагерлеріне бүгіндері жасалынып жатқан жеңілдіктерге тоқталып өтті. Бүгіндері ел көлемінде Ауған соғысы ардагерлерін Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен теңестіру жайлы әңгіме қозғалып жатқаны белгілі. Десе де, қазірдің өзінде олар қоғамның қамқорлығына алынған. Өзге облыстарда ардагерлерге көрсетіліп жатқан көмек туралы айтқан Ерлік Бесатұлы Алматы облысында әлі де болса қамқорлықтың аз екеніне тоқталды. Талдықорған қаласында ғана 129 Ауған соғысы ардагері пәтер кезегінде тұрады екен. Оларға қазіргідей жылына бір пәтерден беретін болса, бір адамның ғұмыры жетпесі анық. Сондықтан бұл мәселеге де көңіл бөлетін уақыт жеткен сияқты.

Кездесуге келгендер алдында Ұлы Отан соғысының ардагері Тоқтарбай Қанапиянов ақсақал, Ауған жерінде қаза болған жауынгердің анасы Қайныкен Түгелбаева, еңбекпен қамту және әлеуметтік басқармасы бастығының орынбасары Үмсын Балабиева, облыстық денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары Мұрат Рахметов сөз сөйлеп, жауынгерлерге деген ақжарма тілектерін жеткізді.

Кездесу соңында Айтбай Өсербайұлы жауынгерлердің аналары мен Ұлы Отан соғысы ардагеріне ескерткіш сыйлықтар табыс етіп, облыстық филармония әншілері ән-шашу арнады.

Қуат ӘБІЛ.

◈ ОҚУ-БІЛІМ БАР ЖҰРТТА...

Колледж күні

Бүгінгі уақыттың тиімділігі тек басым, еңбек нарығындағы нақты талаптарға жауап бере алатын мамандар даярлауда Талдықорған политехникалық колледжі өзге әріптестерінен оқ бойы озық келеді. Мұның себебі – біріншіден, аталмыш оқу орнының 75 жылдық тәжірибесінің нәтижесінде болса, енді бір жағынан, профессор, колледж директоры Мұхаппар Шыныбаеваның шебер ұйымдастырушылық және басшылық қабілетінде жатыр. Аталған колледжде студенттердің білімі мен біліктілігін арттыру бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар аз емес. Күнделікті оқыту жұмысындағы жаңа тұстарды айтпағанның өзінде, кең көлемде ұйымдастырылған шаралар колледждің жарқын келешегін көрсететіндей. Соның бірі – колледж күніне арналған мерекелік шара. Аталмыш білім ордасы «Колледж күнін» жыл сайын атап өтеді. Мұндағы мақсат – осы шара аясында бір жылдық жеткен жетістіктерді қорытындылап, алдағы күнге атқарылатын игілікті жұмыстардан жұртшылықты хабардар ету.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"



Осыдан кейін көпшілік «Салауатты өмір салты – жастар үшін» атты студенттер акциясына қатысып, тәсырдың дертіне айналған спирттік ішімдік пен есірткі салдарынан айран болған тағдырларға қатысты ой-пікірлермен бөлісті. Сонымен қатар, студенттер кәсіби білім берумен қатар, жастарды салауатты өмір салтын қалыптастыруға жол нұсқап отырған колледж басшылығына алғыстарын жаудырды. Ал «Жастар тарпуы» атты мерекелік ән-би фестивалі тіптен ерекше. студенттер дайындаған мерекелік нөмірлер үлкен сахналық концерттен кем емес. Мұнда ұлттық ән айтылып, би биленді. Көңілді тапқырлар дайындаған көрнекілер жұртты күлкіге қарық етіп, жаңа өнердің жұлдыздарының жетілп келе жатқанын көрсетті. Осылайша кешеш техника мамандары өнерден де кенде емес екендіктерін танытты. Бодан кейін көпшілікпен ашылу дауы «Колледж жетістіктері» атты көрмені тамашалады. Мұнда оқу орнының кредиттік, қашықтан оқыту технологияларының жалпы құрылымы мен атқарылу барысын таныстырды. Осының өзінен-ақ колледждің өзгеріп-өнгеге ұлғі-өнгеге еткенін бүгінгі тыныспен көріп, басшылықтың ұйымдастыру ісіне үлкен мән бергенін білуге болады.

Қазіргі таңда колледжде 12 мамандық бойынша өз жарын мыңнан астам студент білім алуда. Оларға 200-ге тарта оқытушы дәріс береді. Бүгінгі күн талабына сай оқу кабинеті, зертханалар ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етілген. Материалдық-техникалық базасы толық. Барлық мамандықтар бойынша мектеп оқушыларын қабылдайды. Ал бітіруші жылдан бері колледжде орын алып отырған оның өзгеріс қашқан оқыту технологиясының қолданылғандығы. Қазір мұнда 27 студент білім алады. Оның үстіне барлық мамандықтың электронды оқулықтары құрастырылып, білім беруге дайын. Демек, колледжде оқытушылардың еңбегін рейтинг жүйесі бойынша, ал студенттердің білімін компьютерлік тест орталығы арқылы бағалау жолға қойылған. Егер оқытушы жаңалық ашып, жаңа оқыту технологиясын қолданса, оның барлық ақпаратқа бағасы бойынша балл тағайындалады. Оқу үрдісіне кредиттік оқыту технологиясы, қашықтан оқыту технологиясы сияқты жаңа бағытталған жұмыстар да енгізілуде. Колледждің негізгі мәндегі – кәсіптік оқытудың әр түрлі сатыларын бойынша өндірістік оқыту шеберлерін даярлау және оқытушы инновациялық технологияларын ұтымды пайдаланып, материалдық-техникалық базаны уақытылы жаңартып, оқытушылардың біліктілігін жүйелі жетілдіріп отыруға ерекше көңіл бөлінеді. Сөз орайы келгенде осыдан бес жыл бұрын колледжге ағылшын тілі мамандығы ашылғанын айта кетейік. Бұл мамандық бойынша студенттерге ағылшын тілінен басқа, техникалық және кәсіптік білім көлемінде алдыңғы орын алу болып табылады. Мине, осындай жүйелі жұмыс нәтижесінде өткен оқу орны соңғы жылдары Талдықорған қаласындағы «Ең үздік оқу орны – 2003», 2007 жылы Алматы облысы бойынша үздік колледж атанып 2006 жылы Халықаралық «Үлттық экономика көшбасшысы – 2006» Құрмет белгісін алды. 2006 жылдан ЫІ Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының экспериментік алаңы болып саналады. 2007 жылы «Балапан» шағын досын бірінші үлттық байқауында «Ең үздік колледж» номинациясы бойынша бас жүлдемен марапатталды.

Колледждің оқу корпусы маңында «Колледждің инновациялық, дамушының жаңадағы мен болашағы» тақырыбында бөлімдама жасады. Бөлімдамаға сүйенсек, қашықтан оқыту технологиясы қазіргі және оқыту үлгісі болып саналады. Онда білім алушыға тапсырма интернет арқылы беріліп, интернет арқылы тексеріледі. Студент үйінде отырып та, ағнайы дайындалған сәйт арқылы білім алады. Сонымен бірге, колледжде арнаулы аудиторияда жасақталған білім алушы оқулық-тәрбиелік материалдарды пайдалануға мүмкіндігі бар. Тағы бір жағынан студенттің оқу бағдарламасына қатысып отырғаны оның сауық, бедерлеуін арқылы журналға түсіп отырады. Мұны компьютер интернет арқылы реттеп отырғаны болады.



Суреттерді түсірген Асқар КӘЖЕКЕ

Бұл қашықтан оқыту технологиясының артықшылығы. Сөз орайы келгенде осындай оқыту жүйесін республика аумағында санауды ғана оқу орындары қолдана бастағандығын айта кеткен жөн. Ал Жетісу өлкесінде алдыңғылардың бірі болып отырған оқу орны екпін отыр.

Осыдан кейін директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Ғ Қыдырбаева колледждегі қашықтан оқытуды ұйымдастыру жайлы сөз етсе. И және ЕТ кафедрасының оқытушысы И Скоромный ЕМТН бағыты бойынша қашықтан оқытудың жолдарын түсіндірді. Ал техникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі С Спесивцева қашықтан оқыту кезінде ақпаратты бимодальді дәріс-тұсаукесерін көрсетуді қалай қолдану керектігін көрсетіп өтті.

Соңғы кездері мектептің 9-сыныбын бітіргенін көпе колледждерде оқуын жалғастыратындардың саны жылдан жылға көбейіп келеді. Бұл құбылысты бізде Ұлттық бірыңғай тестілеуден байланыстырады. Алайда бүкіл дүниежүзі бойынша негізгі мектеп бітіргендердің 30 пайызы ғана оқуларын жалғастырып қалғандары басқа жоп таңдайды. Сондықтан да оқушылардың бұл таңдауын қолдап, кәсіптік мектептер мен колледждерде мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын оқушылардың санын көбейте берумыз қажет. Өйткені, кәсіптік білімді маманға жұмыс орнын табу мектеп бітірген түлекке қарағанда әлдеқайда жеңіл болады. Ал жұмысы бар кезең оқуын ары қарай жалғастыруы да қиындық туғызбайды. Осыған орай 9-сынып бітірген оқушыларға ештеңедеп қорықпай, өздеріне ұнайтын мамандықты таңдап, оқуларынды кәсіптік лицейлер мен колледждерде жалғастырындар дегіміз келеді.

◈ ТАҒЗЫМ

МҰРАҒАТЫ МОЛ МАРҚАСҚА

Талдықорған өңірінің алғашқы радиожурналисі Еділ Төкеновтің туғанына – 80 жыл



Жетісу өңірінде радиохабарлың тарихтағы шебері атанған Еділ Төкенов кезінде қазақша Алтыбе өңірінің түлегі. Осы облыстағы Темір қаласының тынысында дүниеге келген. Ол жастайынан еңбекке ерте араласқан, білек қарын шыныктырған екен. Балалығының еңбекқорлығына іші жылиды, «кімнің қатынының тірлігі жаман, ерінбейді айтушы. Шамасы жетпесе тырбанады», – деп түйіндеп, ескертеді. Әкесі Әлімбайұлы Төкен 1937 жылы ішкі істер қызметіне жұмысқа барысымен қиын тапқан. Осынан орай балалық және еңбекке араласуға тура келеді. Соғыс жылдарында етіншілерге ілеседі, өзінің жеткілікті сақтаған жер жыртуға жәрдемдеседі. Кейінірек шаруашылықтың өсіп-өркендеуіне жүртшылық міндеті жүктелінеді. Ол жылдық мектепті бітіргеннен кейін Алматы қаласына келіп, Қазақ мемлекеттік университетіне құжаттарын тапсырады. Емтихан сынақтарынан мүлдем өтпей талапты жас университеттің журналистика факультетіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай бітіреді сол 1957 жылы Талдықорған облыстық «Советтік Жетісу» газетіне жолдамамен келіп, шығармашылық ортаға бой үйретіп, өзінің қалыптасқан қарымын көрсете біледі. Талдықорған облысы таратылған 1959 жылы Қаялы, Көксу, Кіргізлі аудандарының газеттері редакциясында жұмыс істейді. Республика бойынша шетелдерге хабар тарататын аудандық он бес радио редакциясы құрылған түста, Талдықорған өңірінде жұмыс істеуге қосылған жеті радио редакциясына жетекшілік ету міндеті жүктелінеді. Ол келе-келе, облыстық радио-телекомпаниясының бір бөлімше айналады. Осы салада, яғни радиохабарлың тарату ісімен үздіксіз отыз жылдан астам уақыт қызмет істеп, зейнеткерлікке шыққанша осында.

Радиожурналист Еділді өз кәсібі бойынша жинақтаған мұрағаттары мен құжаттары мол марқасқалық еді. Оның жеке қорында халық ақыны Қалқа Жапсарбиеның дыбыс тастасына жазылып эфирге берілген ұзақ жыр шумағы да бар. Оның ішінде:

Төкеннің қойынында,
Қорінасың мен алтын бар.
Қаратал, Көксу бойында,
Күрең, бидай, қызғылт бар.
Табыстан жетіп табысқа,
Бақыт құшқан халқым бар, –

деген жыр шумақтары бүгінгі күн тынысымен де үндесіп жатқаны айтпаса да ұғынықты емес пе. Радиотыңдаушыларға ұсынылған Жетісу жерінің жайсаң жасампаздығы мен есімдері ел ауызына ілінген бағалы дақыл – қант қызылшасын өсірудің майталман шеберлері: Вера – Лютова, Бигай Тәтенова, Закарья Сейітова, Мәмила Әлімбаева, Ібісәр Абрахманов секілді ардақты адамдардың даусыстарын елге танытуға да өңірлеп еңбегі елеулі.

Радиожурналист Уалихан Шыңғысұлы әзірлеген суреттемесі арқылы колхоз құрмысының талантты ұйымдастырушысы Нұрмолда Алдабергеновтың, ақ қанттың атасы атанған Ақық Нұрмағанбетовтың, қант зауытының алғашқы қарғашы, Еңбек Ерлігінің екі бірдей орденінің иегері Қайболда Молдабергеновтың, Ұлы Отан соғысында ел мен жерді қорғауда теңдесі жоқ ерлік көрсеткен даңқты 28-гвардияшылар Совет Одағының батыры Мұсабек Сеңгірбаевтың, Әлиакбар Кожабергеновтың, Иван Шадриннің, Матай Байсоатының ерліктерін ұлтаспа арқылы жұртшылыққа таныстырғанда осы Еділ.

Облыстық телерадиокомпаниясы басшыларының бірі болып істеген журналист Серік Жортанов радиохабарын тарату жемісті еңбек еткендердің ішіндегі Еділ Төкеновтің өзіндік қолтаңбасын жоғары бағалайды. Оң білгір, әрі қаламы қарымды журналист болумен бірге, Жетісу жеріндс алғаш рет радиохабарларын тарпушысы, әрі аудандық радиоларға басшылық жасаған бірден-бір радиожурналист ретінде жастардың үйретуші ұстазы еді дегенді алға тартады. Облыстық радионың жоғары дәрежелі режиссері, халық шығармашылығы байқауының лауреаты, еңбек ардагері Рымгүл Максимова өзінің естелігінде былай дейді: «Облыс өнерпаздарының ән-күйлерін жинауда редакторларымыз – Әуелхан Жақыбаев, Еділ Төкенов, Екатерина Давыдовна, Тоқтасын Сүгірбеков, Тұрсынбек Айтбеков және басқа журналистер үлкен үлес қосты. Ең алғаш Тоқтасын Рүстембеков, Абдрахман Алдабергенов, Кәдеш Балғынбаев, Артық Жексенбеков сынды ақын-күйші аталарымызды өз көзімізбен көріп, дауысын жазған едік. Қазір ол кісілер жайында да журналистер жазған «Халықтың Қалқасы», «Ақын үні», «Күйші Кәден» атты радиосуреттемелер, радиоочерктер өз дауыстарымен сақталуда. Онда Еділ Төкеновтің ерекше орын алады.

Қаламгер әрі радиожурналист Еділ Төкеновтің жеке мұрағатында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Динмұхамед Қонаевтың сөзі мен республикамыздың тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен қайырымдылық сеңбілігінен ұйымдастырылған репортаж да хроникалды, деректі жазба ретінде сақталған. Тұңғыш рет қазақ даласынан гарышқа ұшқан Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев бірдің облысымызға қонаққа келген сапарында сөйлеген сөздері тастпага жазылынып алынған. Сонымен бірге, Жетісудың жетпалай зиялы Дәнеш Рақышовтың барлық әндерін өз ауызынан жазып алынған тасқа да құнды еңбек, бағалы мұрагат. Мұның бәрі болашаққа қажетті құнды құжаттар ретінде бағалаған Еділдің корегендігін де атап өткен жөн.

Елгезек Еділ Төкеновтің өзі тиянақтаған ісінің нүктесі болса да, ақпейіл, емен-жарқын көңілінің бүкпесі жоқ болатын. Ойын нақты әрі ашық айтатын. Көңілінен қалтарыс таппайтынсыз, шынайы сырын астарламай жеткізетін. Ағынан жарылатын ақиқатті, адал пейілді азамат еді. Ағайын-туысқа, достарына тек қуаныш сыйдасам, көңілдеріне кірбің түсірмесем дейтін. Адам жанын нұрландырсам, ұлылықты танысам, жақсысын бойға сіңірсем дейтін пайымды ой түйетін еді әрдайым. Адамдардың арасындағы сыйластықты ұнататын. Құдалары – Жылқайдар Егінбаев пен Бағлан Ертаевтар әулетімен ынтымағы жарасып, бір-бірлерін қадірлеп, көшемет көрсетіп, татулықтары берік достық қатынаска ұласқанына әркім-ақ қызығатын. Кино өнерінің тарланы Әлімғазы Раймбековтың, мешіт имамы Әмірбай Исламжанов секілді азаматтармен үзеңгілес жүріп, кеңінен сырласатынды. Олардың бәрі Еділдің таза ниеттілігін, адал азаматтығын, тойған қызылай біртоға жүріп, өз ісін ұқыпты тындыратындығына сүйсінетін.

Қаламгер Еділ Төкенов дүбірлі еңбек ортасында жүріп, жекелеген адамдар жайында сыр шертетін мақалалар жазып, радиоторап арқылы кеңінен насихаттауға қосқан үлесі ұшан-теңіз. Сонымен бірге, қаламының қарымын шыңыртып, ауыз шаруашылығы өндірісіне қатысты бірнеше кітаптар шығарды да. Атап айтқанда, Аксу аудандығы Жансүгіров атындағы колхоздың тәжірибесін насихаттайтын «Банқа бітер бал дақыл», Көксу аудандығы Мұсабек атындағы совхозының тағылымды да өнегелі істерін тәбәрікәйтін «Тәжірибеден таным», осы аудандығы механикаландырылған шаруашылық бірлестігінің тыныс-тіршілігін баяндайтын «Ет өндірудің тасқыны» секілді бірнеше кітаптары басталып шығып, оқырмандар қолына тиді.

Еділ Төкенов қоғамдық жұмыстарға да белсене араласатын. 1944 жылы бірінші рет облыстық радионың эуе толқыны арқылы жұртшылыққа хабар тараткан Талдықорған қаласындағы Балпық би көшесіндегі 55 - үй қабырғасына мемориалдық ескерткіш-тақта орнатудың бастамашысы болған осы Еділ еді. Облыстық радионың тұңғыш басшысы әрі осы мекеменің тамаша үйін салдыруға игі ықпал жасаған ісінер азамат Қылышбай Байтөжин тұрған үйге де ескерткіш-тақта ілдыру жолындағы еңбегі де ерен.

Журналистика саласындағы көп жылғы жемісті еңбегі жоғары бағаланып, лайықты құрметке де ие болды. Бірнеше рет республикалық радиотелекомитеттің жоғарғы басшылық орындарының Құрмет қағаздарымен марапатталды. Еңбек және Ұлы Отан соғысының ардагері белгілерін өңірнеше тақты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Алғысхатын алып, мерейі көтерілді.

Еділ болашақ жары Абдинбекова Сарамен Алматыда жоғары оқу орнында да оқып жүргенде танысады. Екеуі тағдыр қосып, өз алдына шаңырақ көтеруді үйғарған кезімсіме келген соң, Еділ Лабасы тауының етегіндегі қалың-дығы тұратын Шаңырақ ауылына келіп, Сараның анасы Кішімнің алдынан өтеді. Кішім анаң:

– Қарағым, Сара бір таз қыпым. Өзің сонау аймақтағы астөбелік екенсің. Тым шалғай жер. Барып, келіп қыын. Қызымды ыпын жүргізіпмен қалсаң, болашақ жан-жарым деп баласаң, көңіл жарастырып, тіл табыссаңдар епсаңдай қарсылығым жоқ. «Тегін тапса, тегін бер» дегендей, екі жастың қол ұстасқаны жақсы. Тек бір-бірінді дұрыс ұғысып, махаббат ұлпаны терең сезінсеңдер болғаны. Бірақ Сарашым жар дегендегі жалғыным ғой, оны алыска жіберуге қимаймын. Қиналамын. Әлгі оқу бітіргендерге жан-жақта жолдама беріп жатады емес пе. Сен де оқуыңды тамамдап, қағазыңды қолыма алғаннан кейін Жетісу төңірегіне келу жағын ойласан қайтеді. «Еменнің қолына кіріп, күшік күйеу атанамын», –деп күдіктенбе. Өз отауыңды бөлек тік. Шаңырағыңды көтер. Мен үшін жақын маңнан қызымның төбесін көріп, аминесеңдігін, тіршілігін білін жүрсем соның өзі үлкен мәртебе. Оның мәнін түйсіктерің болса түсінерсіндер. Алдарынан жарылқасын, бақтарын ашылсын деп, ақ батамды беріп, тілеулеріңді тілейтін қамқоршы анаң болудан қашпаймын. Ал мен дүниеден озғанған кейін Сараженымды Актөбедегі ел-жұртына алып кете беруіне жол ашық, – деп өзінің көкейтесті ойын бүкпесемей ашық айтады.

Сараның анасы Кішім Қалықты ауыл-аймағына беделді, абыройлы жан еді. Ол соғыс жылдарында өзі туып-өскен жеріндегі «Еңбекшіқазақ» шаруашылығын басқарып, оның экономикасын нығайтуға үлкен үлес қосып, елге қамқорлық жасап, жесірді жебеп, жетімді демей білген қайырымдылығы мен жанашырлығының молдығымен танылған ана. Майданға деп қырық мың сом қаржы қосып, Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқаны бар. Ел-жұртының ризашылығы мен алғысын естіп, мерейі өскен ә-ананың ізеттілікпен біздірген тілегін екіталай етпей, жан сөзге жығылып, үлкенге жүгіне білген Еділ жоғары оқу жолдамасымен Талдықорғанға жол тартқанды.

Еділ жұмыс істей жүріп, айлығын жинастырып, Кішім анаға арнап тұрғын үй салып береді. Қолғабыс жасайтын, ана көңілін табатын, жағдайын сұрап-білін тұратын қайырымды мол күйеубала атанған Еділді Сараның ағайын-туыстары, қайнага-қайындары өз балаларындай жанына жақын тартып, бәрі бауырына басады. Кішім Қалықсының туған-туыстары «Пайғамбар да күйеубаласын сыйлапты» дегендей, Еділ Төкеновті түгелдей құрмет тұтты. Еділ Ағыбай ата мен Кішім ананың қызы Сарага үйленгенін өзіне бақыт санап, өмірінің соңына дейін жүбайын, қайын жұртын сыйлап, алдарынан кесе-көлденең өтпеген аса бір мейірманды жан екендігін үзіп-өнегесімен дәлелдей білді.

Кішім ана дүниеден өзған соң жұбайы Сара:

– Еділ, сен анамның ұсынысын қабыл алып, Жетісу жеріне келіп едің, енді анаңды өмірден өтіп, ел кісі өзіне: «Мен көз жұмған соң, Сараны еліне алып кете бер»,– деп айтып еді ғой. Ана сөзіне қарсы тұра алмаймын. «Елжұртыма, Ақтөбеге барайын, ағайын-туыстарымның ортасында болайын, сосын қарай көшіс аударайық, көшейік» десең ұсынысыңды қабыл алуға әзірмін", – дейді. Біршама ойланған Еділ: «Олай болса ел жаққа барып, жағдайды біліп қайтайын», – деп Ақтөбеге аттанады. Шамалы уақыт жүріп, қайтып келіп: «Сара, ел жақта жанына жақын тартатын, қарайласатын ағайын-туыстар қалыпты. Мен оларға, мұмкін көп жылдар бойы жақын араласпағандықтан болар, бейтаныс адам сынды көренген сынайлымын. Ал жоғары оқу орнын бітірген сол еңбек жолымды бастаған Талдықорған төңірегі мен Көксу өңірі өз перзенттілей жатсынбай бауырына басып кетті. Мағаи өте ыстық осы аймақ. Ұрпағым өрбіген сол жерге ұя, достар да, жақсы-жұрат та жеткілікті. Ерде тартқан шақта ұя басқан жерімнен, елімнен қол үзбей-ақ қойайын. Өзім жерсініп кеткен топырағы кепіл Жетісу ел мені сүйеді. Осы өлкеде жүріп, жүрегімде жұдыз жанып, күн күлген, жақсылардың жақсылығын білдім мен", – деп көкейдегі көрікті ойын төгілдіре түйгені де жадында.

Еділдің өзі айтқандай, ол Жетісу жерінде терең тамыр тартып, жапырақ жайды, жемісін жеді.Екі ұлы ұлағатты-ғылық, бір қызы инабаттылық танытып өле атып тек жақсылық жағынан шығаруда. Еділдің ұрпақтары әкесінің аманаты бойынша Кішім анасына салып берген тұрғын үйді мекіпке айналдырып, қалық игілігіне берді. Бұл кіпе Кішім ананың сіңлісі Қазиғанның баласы Төлеген Уазиұлы бастаған Шойынбеков Мейманқұл әулетінің қосқан үлесі қомақты. Әрдайым текпілігін танытып жүретін Төлеген өзінің ағайынға деген шынайы ықыласын білдіріп, қолғанат көрсетуде дарқандық пейілді, жомарт жүрегі жіпті, шаңырағы мол жан екендігін істемен де, материалдық көмек жағынан қайырымдылығымен де, рухани демеушілігімен де қол ұшын беруді өзіне парыз санайтын азаматтығын тағы бір дәлелдей түсті. Ол Еділдің отбасымын, отанасы Сарамен хал-жағдайын ұдайы сұрап білін отырумен де тәнті етіп жүрген мейірді жан. Сондай-ақ азаматтары Аскар Тұқтибаев, Барлыбек Байтаев және басқалардың да қалыс қалғаны жоқ. Олар мешіт үйін қажетті жабдықтармен жасақтап, бүгінгі талапқа сай жаңартты. Қазіргі кезде жұртшылық келіп тұратын қасиетті орынға айналған.

Шойынбековтер әулеті мен шынайы сыйластық қатынасты үзбей Ағыбай мен Еділ ұрпақтарының ауыз бірлігін жарастырып, ортақ іске жұмылдырып, бәріне басиелік жасап отырған Кішімің қызы Сара Абдинбекова адамдарды емдеп, шипалы қызмет көрсету саласында қырық жылдан астам уақыт еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққанын бері өзі әлпештеп өсірген төрт перзентінен өсіп-өнген немерелерін сүйіп, қызықты қылықтарына сүйсіне мейір шуағын төгіп отырған әже. Отбасының бересі де, ұйытқысы да, қамқорешісы да осы Сара апа.

Еділ Төкенов өзінің естелік кітабында радиожурналист саласын жетік меңгергендігін ісімен дәлелдейді. Шындығында, тың тақырып тауып, оны жедел хабар ұйымдастырумен ерекшеленетін. Сол үшінде еңбек ұжымына қадірлі көрініп, белсенді бықтетіп, абыройлы асқақтата білген. Жетісу өңіріне танымал радиожурналист атанған қаламгер Жетісу өңірінің жақсылығын жұдыздай жарықтығын, еңбек адамдарының табысын кеңінен насихаттаудан жалықпаған. Бүгінде осындай белгілі радиожурналист, қадірлі әже, дәулы жар бола білген Еділдің туғанына 80 жыл толып отыр. Оған отбасы құран бағыштап, жанының жаннатта болуын біздірумен бірге:

Өзің жоқта бізде талай тау аттың,
Жан едің-ау жайсаң да бір сапаттың.
Топырағың торқа болсын, жазған,
Иман жолдас, жаның болсын жәннатта, –

деп сағынышпен еске алып, «Орында бар оңалар» дегенді артында қалған ұрпақтарының дәлелдеуіне ел-жұрты ризашылық білдірген лебіздерін есіңдің өзі бір ғанибет.

Әли ЫСҚАБАЙ,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері.

◈ ҚАЗАҚ БАС СӘУЛЕТ ҚҰРЫЛЫС АКАДЕМИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ

Айтулы оқу орны

Қазақ бас сәулет құрылыс академиясы 2001 жылы Қазақ мемлекеттік сәулет құрылыс академиясы негізінде құрылған. Бірақ оның негізгі тарихы 1957 жылдан басталады. Сол жылдардан бастап Қазақ политехникалық институтында «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша алғашқы топ студенттері қабылданған. Ал 1961 жылы «Сәулет» мамандығы ашылды. 1963 жылы құрылыс, сәулет, санитарлық-техникалық факультеттері қызметін бастады. 1980 жылы осы факультеттер негізінде Алматы сәулет құрылыс институты (ААСИ) құрылып, ол 1992 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік сәулет құрылыс академиясы деп аталды. Міне, енді аталған оқу орнына 30 жыл толып отыр.

Бүгінгі таңда республикадағы жетекші оқу орындарының біріне айналған академияның басты мақсаты – қазіргі заман талабына сай жоғарғы дәрежелі, бәсекеге төтеп бере алатын инженер мамандарын даярлау. Осыған орай академияда білім беру кредиттік технология бойынша жүргізіледі. Кредиттік технологияны алғашқылардың қатарында қолдана бастаған оқу орны ретінде республика көлемінде бірнеше рет семинар-конференциялар өткізіп, басқа оқу орындары үшін әдістемелік нұсқаулар даярлап, оны республика көлемінде тарапты.

Қазіргі таңда академия құрамында 6 факультет және 2 колледж бар. Солардың бірі – өзіміз еңбек етіп жүрген «Жалпы гуманитарлық пәндер» факультеті. Онда оқытушылар 1,2-курс студенттеріне гуманитарлық пәндерден дәріс беріп, тілді үйретуде айтарлықтай жұмыс атқарып отыр. Мемлекеттің үш тілді дамыту саясатына байланысты академияда қазақ, ағылшын және орыс тілдерін жете меңгертуге үлкен талап қойылған. Осы аталған тілдерді деңгейлеп оқытуға арналған «Тілдерді білуді кешенді бағалау» атты әдістемелік құрал академия президенті Ә. Құсайыновтың жетекшілігімен, факультетіміздің оқытушылары авторлығымен жасалынды. Онда сөйлеу әрекетінің 4 түрі бойынша тілдерді деңгейлеп оқыту карастырылған.

Бізлің академияның негізгі міндеті – білім берудің инновациялық технологияларын игере отырып, дүние жүзінің алдыңғы қатарлы университеттерінің рейтингіне ену. Осы орайда академияның «Сәулет» мамандығы халықаралық аккредитациядан өткендігін айта кетуге болады.

Оның жылдық тарихы бар Қазақ бас сәулет құрылыс академиясының қалыптасқан өзіндік дәстүрі бар. Академияның профессор-оқытушылар құрамы болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін жетілдірумен қатар, оларды тәрбиелеуге де басты назар аударуда. Оған мысал, осы оқу орнының мамандары, профессорлары дайындаған оқу жоспарларымен қатар студенттермен атқарылатын аудиториядан тыс жұмыстар, тылыми, қоғамдық, мәдени, спорттық шаралар, клубтар мен орталықтар жұмысын айтуға болады.

Оқу орнының 30 жылдық мерейтойы қарсанында барлық профессор-оқытушылар құрамын, студенттерді, елімізідің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүрген академия түлектерін құттықтап, еңбектеріне жеміс тілейміз.

Ұлжалғас ӘДІЛБАЕВА,
Қазақ бас сәулет құрылыс академиясының профессоры.

◈ МАМАН МІНБЕРІ

Ұстаздық еткен жалықпас

Білім алу – батырдың, оны толықтыру – дананың, ал шебер қолдана білу – өнердің қайнар көзі" дейді дана халқымыз. Өнердің қай саласы болса да адамдарға рухани күш, жігер беріп, ерекше қуаныш тілу сезімдерін сыйлады. Мәселен, музыка пәні оқушыларды өнерге баулуда ерекше рөль атқарады. Пән мұғалімі әр сабақта музыканың өзіндік қызметінің барлық түрін тиімді пайдаланып, өзінің кәсіби шеберлігін жан-жақты көрсете отырып, оқушылардың көркемдік-эстетикалық талғамын қалыптастырып, шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы жетістіктерге қол жеткізеді.

Шығармашылықты қалыптастыру-дағы басты талап – әйгілу қызметін ұйымдастыру. Шығармашылық қызметтің негізгі формалары – үйірмелер, шығармашылық бірлестіктер, әдеби-музыкалық қойылымдар, байқаулар. Сабақ барысында қазіргі заман талабына сай білім беру технологияларын пайдалану, мектеп, оны іс жүзіне асыра білу оқушылар үшін ең қажетті мәселе. Осы орайда әдістемелік аптапықтар, онкүндіктер, тақырыпқа байланысты семинарлар өткізу мұғалім тәжірибесін одан әрі ұштай түседі. Әр өнді орындауда белгілі бір ерекшеліктерді деесте ұстаған жөн.

– белгілі бір өнді тыңдау барысында өз дауыс диапазонын, болуын, ерекшелігін, өнің мазмұнын білу.

– өнді орындарда демді үнемді, дұрыс ала білу.

Ереже сақталмаған жағдайда сездің мазмұны, дыбыстың желісі де бұзылып, өнің тыңдаушыға кері әсерін тигізетіні анық. Орындаушы әр уақытта осы жағына көбірек мән берген жөн. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» – деп Абай атамыз айтқандай, ерінбей еңбектене білейік.

Ләззат БЕККӘЛИЕВА,
І. Жансүгіров атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығының музыка пәнінің мұғалімі.

ОЙТОҒАН АУЫЛЫ,
АКСУ АУДАНЫ.

АО «Аграрная кредитная корпорация» сообщает о реализации программ кредитования на проведение мероприятий 2010 года:

• по поддержке субъектов агропромышленного комплекса на весенне-полевые и уборочные работы;
• по финансированию сельхозтоваропроизводителей для последующего осуществления закупа растениеводческой продукции;
• по поддержке субъектов агропромышленного комплекса на пополнение оборотных средств.

за счет средств Национального Фонда и Бюджета Республики Казахстан.

Заинтересованные потенциальные заемщики могут получить информацию на корпоративном сайте АО «Аграрная кредитная корпорация» www.agrocredit.kz, а также получить на бумажном и электронном носителях в офисах Центрального аппарата и во всех региональных филиалах и представительствах.

Call center: 8-7172 55-44-55

010011, г. Астана, ул. Жаптоқсан, 28А, телефон: 8 (7172) 55-44-61, 55-15-91, web: www.agrocredit.kz
Контактные телефоны в г. Алматы: 8 (727) 259-01-15

Құттықтаймыз!

Саналы ғұмырын білім саласына, жастардың тәрбиесіне арнаған қымбатты ұл, күрметті, белелді ле, білікті, ақуызымыз – Түлжан СӘДУАҚАСОВА мерейлі 70 жасқа толып отыр. Бүкіл педагогтар қауымы, әғайын-жұрт болып мәз-мейрам күйге белленген жайымыз бар. Бес баласы, төрт келіні, немере-шөберелерінің ортасында бақыт құшағында мәнді де сәнді, ұзақ ғұмыр кеше берсе екен дейміз!

Алтын арқау жалаусар арғы тектен,
Мінезің де, өзің де жазды көктем.
Ағайынға арадан қыл өткізбейтін .
Мың айтса да ақ тілек аздық етпеген.

Құт гүлдедей өрімдің асыл-дастан,
Алыс күнді білімің жақындатқан.
Ұрпағыңмен әрдей бер байқтерле,
Дұманыңның қызуы басылмастан.

Үлкен тойға қуаның қосылады,
Керекуден шығарсың тақым алып.
Жеңіс жайсың гүлетін өскін тарттың,
Той үстінде айтылар тосым алып!

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: күйеу баласы – **Амангелді,** қайын сіңлісі – **Кербез.**

◈ РУХАНИ ТӘРБИЕ

«Өзін-өзі тану» – балабақшада

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

Алдағы оқу жылынан «Өзін-өзі тану» пәні жаңа білім беретін мектептер бағдарламасына енбекші. Осыған орай Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің ұйытқы болуымен пән бойынша эксперименттік алаңдар өз іс-тәжірибелерімен бөлісуде.

Осы мақсатта Талдықорған қаласық білім бөлімінің атсалысуымен облыс орталығындағы №42 балабақшада «Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде рухани-адамгершілік тәрбие негізінде айрықша білім беруді қалыптастыру» тақырыбында қалалық семинар өтті. Оған Талдықорған, Текелі қалалары мен Қоқсу ауданының балабақша әдіскерлері мен тәрбиешілері қатысты.

Семинарды ашқан №42 балабақша меңгерушісі Валентина Нұрғимова «Өзін-өзі тану» пәні 2002 жылдан бері эксперимент ретінде қолданылып келе жатқандығын айта келіп, бүтінгі таңда пәнді жүргізуде айтарлықтай тәжірибе жинақтаған балабақша тәрбиешілері «Оқу-тәрбие үрдісіндегі панаралық байланыс» тақырыбында оқу-әдістемелік құралды да жазып шығарғандығын алға тартты.

Бұдан соң жоғарғы топ тәрбиешісі Тамара Семенько «Кішкентай жүректің әуелі» тақырыбында сабақ өткізді. Бұл сабақта сәбилер өз жүрек түпкіне құлақ асып, оның мейірімділікпен сөйлесуіне көңіл жеткізді. Сондай-ақ, өзіне қымбатты адамдардың есімін атап, оларды не себепті жақсы көретіндігін айтты. Олар туралы ойлағанда ерекше мейірімге бөленіп, жүрек әуелі соғысының да жиілей түсетіндігіне нан берді. Сабақ балаларды тұлғалық сүю арқылы, айнала қоршаған ортаны, Отанды сүюге жетелейтіндігімен ерекшеленді. Оны тәжірибелі тәрбиеші Тамара Михайловна жоғары дәрежеде жүргізе білді.

Келесі кезекте семинардың негізгі тақырыбы бойынша тәрбиеші Н.Кречетова баяндама оқып, балабақшада «Өзін-өзі» тану пәнінің жүргізілу барысына тоқталды. Оның ішінде сабақта қолданылатын «Шаттық шеңбері», «Жүректен жүрекке» сәттінің балалармен қарым-қатынасты нығайта түсетін ерекшеліктіне баса назар аударды.

Сондай-ақ, шара барысында музыкалық жетекші Г.Есмаханова, хореограф А.Сағындықовтың ізденіс негізінде кішкентай бүлдіршіндер «Қарағаш туралы ән» қойылымын қойды. Семинар соңында оған қатысушылар пәнді ұйымдастырып-жүргізуде өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, «Өзін-өзі тану» сабағының алған әсерлерімен бөлісті.

Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялау туралы хабарландыру

Барлық конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары

D-3 санаты үшін: білімі – жоғары кәсіптік. Мемлекеттік қызмет өтілі оны жайдан кем емес, не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шет елдің жоғары оқу орындарында шет елде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда (бакалавриат) бір жылдан кем емес мемлекеттік қызмет өтілінің, не мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда бір жылдан кем емес жұмыс өтілінің, не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық, бағыттарына сәйкес облыстарда үш жылдан кем емес, оның ішінде бір жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің, бар болуы, не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шет елдің жоғары оқу орындарында шет елде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды (магистратура) аяқтауы.

D-4 санаты үшін: білімі – жоғары кәсіптік (медициналық, гуманитарлық, экономикалық, заңгерлік, техникалық) Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес, не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шет елдің жоғары оқу орындарында шет елде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды (бакалавриат) аяқтауы.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақылары:

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы	
	төмендеп	төмендеп
D-3	73927	98550
D-4	55188	74405

Алматы облысы әкімінің аппараты, Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38, тел: (7282) 27-19-08 бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

1. Жалпы бөлімдегі облыс әкімінің бас инспекторы (D-3).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – жоғары, кәсіптік, компьютерде жұмыс істей білу.

2. Жалпы бөлімнің бас маманы (D-4).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – жоғары кәсіптік (педагогикалық, гуманитарлық, экономикалық, заңгерлік, техникалық), компьютерде жұмыс істей білу.

Тестілеуге қатысуға жіберілген үміткерлер ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі басқармасында «Талдықорған қ., Тәуелсіздік, 38, 119 б.) құжаттарды тапсыру мерзімі бітіскеннен кейін бес жұмыс күні ішінде тест өтеді.

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерге арналған тестілеу бағдарламасы:

D-3 санаты үшін: Қазақстан Республикасының Конституциясының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» «Әкімшілік рәсімдер туралы» «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін (мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) білуге арналған және мемлекеттік тілді білу мен логикалық тестісін қамтиды.

D-4 санаты үшін: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс Кодексін (мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) білуге арналған тест, мемлекеттік тілді білу және логикалық, тестісін қамтиды.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер, одан аталмыш конкурс бойынша тестілеу рәсімі өткеннен кейін **бес жұмыс күні** ішінде конкурс жариялаған мемлекеттік органдардан өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру жарияланған мерзімнен бастап **15 күнтізбелік күн** ішінде көрсетілген мекенжайдағы мемлекеттік органдарға тапсырылуы тиіс.

Аталмыш лауазымға орналасқан тұлғалар үшін қатерлі ауру ықтималдығы, тұрғын үй және жеңілдіктер берілмейді.

Көксу аудандық әділет басқармасы 2010 жылдың 23 сәуір күні «Кітап және авторлық құқықтың халықаралық күні және Дүниежүзілік зияткерлік меншік күніне байланысты басқармада «Ашық есік күнін» өткізетінін хабарлайды.

Байланыс тел.: 20-6-53.

◈ БАЙҚАУ

ЖЕТІСУ ӨРНЕГІ

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында Талдықорған қаласы әкімінің жүлдесі үшін «Жетісу өрнегі» би байқауы өтті. Тоғыз жыл қатарынан көрерменін тәнті етіп келе жатқан дәстүрлі байқаудың жыл өткен сайын мазмұны толығып, оған қатысуға ниет танытқан ансамбльдердің саны артып келеді. Мұның өзі аталмыш шараның беделінен бергенінің көп болғанын білдіреді. Биыл Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына орай ұйымдастырылған отырған ауқымды шараның іріктеу сынына Алматы, Көкшетау қалалары мен облыс аумағынан келген 34 би ұжымы қатысып, 20 ансамбль шешуші сайысқа жолдама алды. Олар екі номинация мен үш категория бойынша сынға түсіп, өнер көрсетті.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"



Суретті түсірген Асхат ҚАЖЕКЕ.

Шешуші сынға қатысатын би ұжымдарын қала әкімі Сәкен Жылқайдаров құттықтап, сөз сөйледі:

– Күрметті, «Жетісу өрнегі» би байқауына қатысушылар! Ең алдымен Ұлы мереке қарсаңында өтіп жатқан сайыста жеңіс тұғырынан көрінулеріңізді шын жүректен тілеймін, – дей келе қала басшысы сөзін ары қарай жалғады. – Би өнері қазақ мәдениетінің қайнар бұлағы. Сол бұлақтан сусындаған адам ғана халықтық құндылықты терең бағамдап, байытай алады. Сондықтан ұлттық өнеріміздің дәріптеуді мақсат еткен байқауды ұйымдастырған едік. Міне, қатарынан тоғызыншы жыл өтіп отырған шараның жыл өткен сайын мазмұны толығып, ауқымы кеңейіп отыр. Ол қала көлемінде ғана шектеліп қалмай, байқауға қатысу үшін республикамыздың түкпір-түкпірінен ұсыныс түсіп жатқандығы қуантады. Сондай-ақ, аталмыш шара тек жүлдегерлерді анықтауға ғана бағытталмаған, осы орайда өнерімен ерекшеленген жастардың болашағына жол ашқан жетекшілерге де құрмет білдіру көзделген.

Әрине, бимлғы байқаудың бір ерекшелігі, Алматыдан келген Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Томирис» би ансамблі арнайы кәсіптік бағдар бойынша тәжірибе сағатын өткізсе, Көкшетау қаласынан келген «Арай» халықтық би ансамблі концерттік бағдарламасын ұсынды. Сонымен бірге, жастардың өнерін танып, әділ бағасын беретін қазылар алқасының құрамында Қазақтан хореографар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, «Алтынай» би ансамблінің негізін қалаушы Үсен Мақан, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хореография кафедрасының аға оқытушысы Роза Сабдалиева, ҚР еңбек сіңірген әртісі, «Алтынай» мемлекеттік халық би ансамблінің балетмейстері Газиза Әбдиева және Астана қаласының мемлекеттік филармониясының балетмейстері Абдрасул Есекеев қатарлы білімді де білгір, өз ісінің шеберлерімен «Жетісу» телекомпаниясы директорының орынбасары Зәбира Сайдилдина және Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаевтің болғаны байқаудың сәтті өтуіне жол ашты. Сондай-ақ, биылдан бастап өнеріміздегі би өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан Әділхан Алпысбаев атындағы арнайы жүлденің тағайындалғанын да айта кеткен жөн.

Салтанатты шараға қатысқандар тамаша өнер өрнегін көрсетіп, көрерменді жылы сезімге бөледі. Қазылар алқасының төрағасы Үсен Қайырұлының сөзіне сүйенсек, би ұжымдары ұлттық биді шегіне жеткізе орындаумен бірге, өзге ұлт билері мен қазіргі заман билеріне деген талғыныстың да арта түскенін әйгіледі. Әсіресе, Көкшетаудан келген «Арай» халықтық би ансамблі солтүстік өңірдегі ұлттық биді қаншалық деңгейге жетіп отырғанын көрсетсе, «Алтын дән» халықтық эн-би ансамблінің үш категорияда жақсы өнер көрсеткенін жоғары бағалады. Тіпті, Мұқағалидың туған ауылы Қарасаздан келген балдырғандардың ақын ауылының тұзын жалғай қайтқанына дән риза болысып. Қай қырынан келсек те, аталмыш байқау ел ұзынан түспейтін жақсы қырларымен айшықталды. Десе де, «Жүзден жүйрік шығатыны» бәсекенің де өз жеңімпазы болары анық. Байқаудың екі номинация, үш категориясы бойынша бір бас жүлде, төрт бірінші, төрт екінші, алты үшінші және алты мақтамұрын жүлдесі тағайындалды. Нәтижесінде, Көкшетаудан келген Әсел Тойғамбаева жетекшілік ететін «Арай» халықтық би ансамблі бас жүлдені жеңіп алса, Гүлмира Алпысбаева жетекшілік ететін «Алтын дән» халықтық эн-би ансамблі, Эдуард Гаипов жетекшілік ететін «Контраст» халықтық қазіргі заман би ансамблі, Надыр Атаметов жетекшілік ететін «Шағала» би ансамблі, Айгүл Төлеутаева жетекшілік ететін «Өрнек» би ансамблі бірінші орынды қанжығасына байлады. Аталған ұжымдармен қоса, басқа да жүлделі орындарға не болғаи топтарға заттай сыйлық табыс етіліп, сый-сияпат жасалды. Тағы бір жағынан, би ұжымдарының жетекшілері де назардан тыс қалмай құрмет көрсетілді. Ал Әділхан Алпысбаев атындағы жүлдеге оның қызы «Алтын дән» халықтық эн-би ансамблінің жетекшісі Гүлмира Алпысбаева лайықты деп танылды. ШараныТалдықорған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Рахмет Есдәулетов қорытындылады.

Иә, талайдың арманын үкілеп, қанатына қуат бітірген маңызды бір байқау өз мәресіне жетті. Екі күнге жалғасқан сайыстың тартысты өткенін көрермендер жоғары бағалап отыр. Дей тұрғанымен, сөз орайы келгенде облыс орталығында өтетін шараларға Талдықорған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің көп қажыр жұмсайтынын айта кеткен жөн болар. Әсіресе, шараның бағдарламасы аталған бөлімнің бастығы Рахмет Есдәулетовтің қолынан шықса, байқау мәресіне жеткенше жарғақ құлағы жастыққа тимей жүретін де осы бөлімнің қызметкерлері. Оларға өңіріміздің мәдениетін мәйектеудегі үлестерің мол болсын дегіміз келеді.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Иммундау апталығы өтуде

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасы бойынша 2005 жылдан бері жыл сайын Еурола аймағында иммундау апталығы ұйымдастырылады. Биылғы жылдың 25 сәуірі мен 1 мамыры аралығында осы акция бір мезгілде Еуропаның барлық елінде өткізілмекші. Қазақстанда да тәртіпті жыл бойы апталық жұмыстарында белгілі түрде атсалысып келеді.

Иммундау – денсаулық сақтау саласындағы осы заманның ең үлкен жетістігі. Оның мәнісі – қызылша мен қызамықты элиминациялау және тұрғындарды Қазақстан Республикасының «Сәттіғ күтіп өсіру» сәбиге жастарына байланысты етуімен толық қамту, әртүрлі жұқпалы аурудан қорғау болып табылады.

Ағылшын барысында қызамыққа қарсы егілмеген бала туу жасындағы әйелдерге, басқа мемлекеттерден келіп, тіркелмеген азаматтарға, тұрақты мекенжайы жоқ тұлғаларға және діни қауымдардың өкілдеріне дейін қамтылады. Осындай жоспарлы иммундау жүргізілгендіктен Еурола аймағында жұқпалы аурулардың бұрқ етіп жағдайлары кездеспейді. Жалпы егу жұмыстарының арқасында 1978 жылы шешек, 2002 жылы полиомиелит жұқпалары жойылды. Ал күл, сіресе, көкжөтел жұқпалары ұзақ жыл бойы тиянақты жасалған егу шараларының арқасында сирек тіркелді. Бірақ иммундау үрдісі жетістікке жеткен сайын оған назар аударғындар азайып барады. Ягни ол күндердің күнінде өз жетістіктерінің құрбаны болуы мүмкін. Сондықтан егу жүргізілетін барлық жұқпалардың өте қауіпті екенін ұмытпауымыз керек. Басқа жағдайда алдын алу мүмкін аурулар көшпілікке жаппай таралып, адам өліміне әкелуі тіпті емес.

Иммундауға Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сертификатының, Қазақстан Республикасында тіркелген вакциналар қолданылады. Иммундау жұмыстарын арнайы оқытылған медициналық қызметкерлер тазалық сай жабдықталған кабинеттерде жүргізеді.

Жалпы республиканың барлық тұрғыны жасына сәйкес иммундаумен қамтылуы қажет. Балаларға келетін болсақ, оларды міндетті түрде егу құжаты болуы керек. Айта кетейік, иммундау апталығы барысында облысымыздың кез келген тұрғыны тіркелу орнына қарамастан аумақтық емдеу-профилактикалық мекемелеріне (емханалар, дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік пункттері) барып, ұлттық күнтізбеге сәйкес тегін егу зла алады. Ягни бүгінгі таңда жоспарлы егу кез келген адам үшін қолжетімді.

Е. СЫДЫМАПОВ,
облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің директоры.

◈ МАМАН МІНБЕРІ

АРТЫНДА ҚАЛАР ӨШПЕС ІЗ

«Бала – адамның бауыр етінен жаралған, артында қалатын өшпес ізің, мұрағ» – деген өсиет атадан қалған мирас. Сәбиге – ең бірінші адам болу үшін мейір мен махаббат қажет. Бұл сезімдерді бала толыққанды отбасынан ғана алады. Сондықтан, қазіргі таңда үкіметтің бала құқығын қорғаудағы басты міндеті – баланың туған отбасында өсуіне мүмкіндік жасау. Елбасы Жолдауында да ана мен баланың жағдайын жақсартуға көңіл болу керектігі баса айтылған.

Қазақстан Республикасы «Неке және отбасы» Заңының 52-бабы, 2-тармағына сәйкес әр баланың мүмкін болғанынша отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге, өзінің ата-анасын білуге, олардың қамқорлығына, өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, олармен бірге тұруға құқықтары бар. Алайда, қазіргі таңдағы еліміздегі түбегейлі өзгерістер, уақытша болса да экономикалық, материалдық дағдарыс әлеуметтік жетімдік деген құбылысты әкелді.

2007 – 2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасына сәйкес жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарды кезеңкезеңмен қысқарту, осы санаттағы балаларды азаматтардың отбасына орналастыру немесе отбасылыққа жақындатылған жағдай жасау, осы жүйені іске асырудың пәрменді тетігі болып табылады.

Отбасы – баланың табиғи, лайықты өмір сүру ортасы болғандықтан, бірінші кезекте, баланы жанұяға орналастыруға әрекет жасау қажет. Ал, отбасынан, туған ата-анасынан тұрлі жағымсыз себептерден айырылған бала қайда бармақшы? Әрине, сәбилер жеке балалар үйлеріне. Сондықтан, балалар үйлері тәрбиеленушілерінің санын қысқартудың ең тиімді және бала үшін пайдалы тәрбие алудың жолдары – қорғаншылық, қамқоршылық, асырап алу, патронаттық тәрбие.

Қорғаншылық және қамқоршылық ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, оларды асырау, тәрбиелеу және білім беру мақсатында, сондай-ақ олардың мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін белгіленеді. Бала қорғаншылық/қамқоршылыққа берілгенмен, өзінің аты-жөнін сақтап қалады.

Ата-аналары қайтыс болған немесе сот шешімімен өлген немесе хабарошарсыз деп танылған 14 жасқа толмаған балаларға қорғаншылық, ал, 14 – 18 жас арасындағы балаларға қамқоршылық тағайындалады.

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» Заңының 108-бабы, 2-тармағына сәйкес қорғаншы немесе қамқоршы тек оның келісімімен ғана тағайындалуы мүмкін. Ягни, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың туған-туыстары немесе жақын басқа да адамдар қорғаншы, қамқоршы ретінде тағайындалады. Бүгінгі күні облыс бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 2262 бала отбасында тәрбиеленуде. Қорғаншылар, қамқоршылар өздерінің міндеттерін өтеусіз атқарады. Бұл жағдайда балаларды асырап-бағу мемлекет тарапынан тек жетім балаларға әлеуметтік көмек есебінен, сондай-ақ ата-анасы құқығынан айырылған балаларға алимент ретінде жүргізіледі. Ал, әлеуметтік жәрдемақының бұл түрі тастанды ата-анасының қайда екені белгісіз балаларға берілмейді.

Қорғаншылық, қамқорлықтағы балаларға патронат тәрбиеленушілері сияқты материалдық ынталандыру түрлері мемлекет тарапынан қарастырылмаған. Сондықтан, балалардың құқықтарын қорғау комитеті қамқорлыққа берілген балаларды асырапбағуға арналған ақша қаражатын төлеу тәртібі мен көлемін анықтауды Үкіметтің құзыретіне бекіту жөнінде тиісті қаражат бөлінуі туралы жобасын жолдады.

Ал, асырап алуға келсек, асырап алу процесі 0-ден 18 жас аралығындағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін белгіленеді. Қазақстан Республикасы «Неке және отбасы туралы» Заңының 81-бабы, 1, 2-тармақтарына сәйкес некеде тұрмайтын асырап алушы мен асырап алынушы баланың жас айырмасы кем дегенде 16 жас болуы тиіс.

Қорғаншылық, қамқорлықтағы балаларды асырап алу үшін олардың қамқорларының жазбаша түрдегі, ал патронат туралы шарт бойынша тәрбиеленіп жатқан балаларды асырап алу үшін патронат тәрбиешілерінің жазбаша түрдегі келісімі қажет.

Облыс бойынша 1999 – 2009 жылдар аралығында 3612 бала асырап алынды. Оның ішінде, Қазақстан Республикасының азаматтарына – 3069 бала, шет ел азаматтарына – 527 бала, шетелдік туыстарына – 16 бала берілді.

Дұрыс таңдалып алынған отбасының бақылауындағы бала келешектегі жеке өмірінде қажетті қасиеттер мен дағдылардың бәрін бойына сіңіруге мүмкіндік алады. Жәудір көз баланы туған ортасынан, кіндік қаны тамған жерінен алыстатып, балалар үйіне өткізу ең оңай жол. Бірақ, бүтінгі бала – ертеңгі біздің байлығымыз, жақсы бала – дәулетті карттығымыз, аналардың бақыты екенін естен шығармайық!

Жанар БОЛАТҚЫЗЫ,
облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаменті қорғаншылық және балаларға көмек көрсету бөлімінің бас маманы.

«АІКҒА» (ЭКФА) ЖШС-не мына лауазымдарға мамандар қажет!

Электр жүйелерінің инженері – 1

Электромеханик – 1.

Мамандану талаптары: жоғары кәсіби (техникалық) білімі және мамандығы бойынша жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс немесе орта кәсіби (техникалық) білімі және мамандығы бойынша жұмыс өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Механик – 1. **Мамандану талаптары:** орта кәсіби (техникалық) білімі және мамандығы бойынша немесе орта кәсіби білімді мамандар алмастыратын басқа лауазымдардағы жұмыс өтілі 2 жылдан кем болмауы тиіс.

Түйіндемені мына мекенжайға жіберуге болады: Алматы облысы, Көксу ауданы, Балпық би поселкесі,
Мәйке ақын көшесі, 2.
«АІКҒА» (ЭКФА) ЖШС
Факс: 8 (72838) 21688.

ҚР ҚМ Қаржылық бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша Қаржылық бақылау инспекциясының сенім телефоны 27-16-80, электронды мекенжай fink almobl@at.minfin.kz, азаматтардың өтініштерін арналған жәшіктің бар екендігін және инспекция басшылығы әр айтаның сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 14.30-дан 18.30-ға дейін азаматтарды қабылдауды жүргізетіндігін хабарлайды.

«Дюлинан» ЖШС-гі төмендегі мамандық бойынша Алматы облысында жұмыс істеуге бос орын бар екенін хабарлайды: Қондырғыларды жабдықтаудың I дәрежелі инженері – 2 бірлік.

Талап: жоғары арнаулы (техникалық немесе инженерлік-экономикалық) білім және қондырғыларды жабдықтаудың 2 дәрежелі мамандығы бойынша еңбек өтілі 3 жылдан кем емес. Түйіндемені мына факске жіберу керек: **8 /727/ 249-00-60**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Danone Berkut» ЖШС-не байқау негізінде мына мамандық иесі қажет: 1. Сапаны бақылау бөлімінің бастығы – 1 бірлік. **Талап:** жоғары арнаулы (техникалық) білім және мамандығы бойынша басшылық қызметте 5 жылдан кем емес. Түйіндемені мына факске жіберу керек: **8 /727/ 279-91-55 немесе мына мекенжайға: 040704 Алматы облысы Іле ауданы Байсерке селолық округі Сұлтан Бейбарс көшесі, 1-үй.**

ЕСКЕ АЛУ

Раймбек ауданының тұрғындары, әкеміз **Тұрлықожаев Амантай Жүнісжанұлы** мен анамыз **Смағұлова Гүлбаршын Нығметқызының** мезгілсіз өмірден өткендеріне, әкемізге 11 жыл, анамызға 7 жыл толыпты. Аяулы әкеміз тірі болғанда сәуірдің 25-де туған күнін ұл-қыздары, ағайын-туыс, бауырлары атап өтетін еді. Амал нешік, сұм ажал арамыздан алып кетті. Аяулы әке-анамыздың жарқын бейнесі әлі көз алдымызда. Алладан жандарының жаннаттан, пейіштің төрінен, рухтарының биікте болуын тілейміз.



Аялап бізді өсірген әке-анам,
Жарқын бейнең мәңгі менің
көз алдымда.
Бізге берген ақыл-ойың санамызда,
Біраз жылдар өткені рай арамызда.
Сағынышпен шегі болмас бұл өмірде,
Төземіз де көнеміз тағдырдың
бізге жазғанын.
Уақыт деген ол емші,
Таңымыз атып, кеш батар.
Сүретін көрсек әке-анамын,
Сағынышпен жүрегімізді сыздатар.
Арттарыңда қалды ұрпағың,
Оттарың мәңгі өшпейді.
Кір келтірмей сіздерге,
Өмір сүру міндетті.
Алла сізге не дейміз,
Өмір беріп, өзі алды.
Еске алатын құрметпен,
Ұл-қызың бар сыйлатты.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: ұлы – **Айбек,** қыздары – **Мөнтай, Болат және Тұрлықожаевтар әулеті, немерелері.**

Алматы облыстық И.Нүсіпбаев атындағы мектеп-интернат ұжымы осы ұжымның мұғалімі

Нұрбекова Жаңылхан Нұрмұханқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Талдықорған қаласының тұрғыны Айтжан Мырзахметұлы Өтешев Балқаш ауданының Береке ауылында ұзақ жыл кешкен абзал қария

Ізмұқан Батқолдаұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу
e-mail:Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылды.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Гүлжан ТҰРСЫН.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 517. ТАРАЛЫМЫ — 36709. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс — **27-41-50**, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — **21-01-90, 27-41-83,** жауапты хатшы —**24-38-16,** ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — **27-42-34,** саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — **24-36-07,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **24-32-43,** білім және ғылым бөлімі — **24-30-57,** фототілшілер –**27-41-93,** іздеу және ақпарат бөлімі —**24-29-82,** есеп-қисап бөлімі — **24-35-28.** Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —**279-13-37** (факс), **79-13-86, 79-36-43,** Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — **2-12-57,** Панфиловта — **5-12-21,** Райымбекте — **2-22-05,** Іледе — **2-19-33.** Газет табыс етілмесе — **72-59-01** телефонымен хабарласу керек.

◈ТӘРБИЕ БАСЫ – ТАЛБЕСІК

ОТБАСЫ ЖӘНЕ МЕКТЕП

Алматы облысының балаларының құқықтарын қорғау департаменті мен Талдықорған қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен №4 орта мектепте «Мектеп, отбасы және бала» тақырыбында оқыту семинары өтті. Онда мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп психологтары және ата-аналар комитеті мүшелері қатысты.

Алма ЕСЕНБАЕВА, "Жетісу"

Семинар жұмысын №4 орта мектеп директоры Гаухар Елубаева ашып, алғы сөз Алматы облысының балаларын құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары Самғат Долаева берді.

Өз сөзінде Самғат Салықбайұлы отбасының баға жетпейтіндігін, бұл жерде адам күтпейтіндігін, себебінен тап болатындығын жеткізді. Сол сияқты әлеуметтік көрсеткіш, тиісті сияқты тағамдарды тұтынғандықтан еліміздің аурулардың шалдығып жатқандығын, көбіне табиғи таза емес өнімдердің адам ағзасына кері әсер ететіндігін түсіндірді.

«Негізгі тақырып» деп аталатын екінші кезеңде оқушы тақырып бойынша берілген мәтінді оқи отырып, биологияның пәнімен байланыстыра әсіларлы мағынаны ажыратуға тырысты. Мұндай мәтіндерді талдау барысы оқушылар күнделікті болып жатқан жағдайларды биологиялық тұрғыдан байланыстырып жазбаларын байланыстырды.

Қорыта айтқанда, сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңызы ерекше. Ол оқушылардың білуге деген қызығушылығын арттырумен қатар салауатты өмірге бауырады.

Анар ИСАФИНА, №4 орта мектептің мұғалімі. ТАЛДЫҚОРҒАН.

◈ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН

Педагогикалық технология дегеніміз – оқу үрдісін жобалаудың жүйелік әдісі, оқытудың тиімді тәсілдеріне жету мақсатында адам мен техникалық ресурстарды, олардың ара қатынасын ескере отырып, бүкіл оқу мен білімді меңгеру үрдісін жүргізу, оны бағалау.

Білім берудің мақсаты – бір ғана нәтижеге жету емес. Ол өмір бойында бағдарлай алатын өзіндік көзқарасы бар жан-жақты дамыған тұлғаны дайындау.

Сын тұрғысынан ойлау белгілі бір идеяны қабылдай отырып, оның неге қатысты екендігін зерттеу. Биология сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану оқушылардың ойлау қабілетін арттырып, күнделікті өмірмен байланыстырып отырады. Аталған технологияны 8-сыныпта «Қанның үш Тромбоциттер» деген тақырыпты өткенде қолданғанда оқушыларды үш топқа бөлдім. Бөлінуі тіпті тұмау, туберкулез сияқты аурулардың көбейіп кеткендігін алға тартып оның неден болатындығы туралы ой толғауға шақырдым.

Будан соң сұық тию мен тұмауды шатастыруға болмайтындығын, бұл жағдайға адам күтпеуі себебінен тап болатындығын жеткіздім. Сол сияқты жәсеспірімдер көрсеткіш, тиісті сияқты тағамдарды тұтынғандықтан еліміздің аурулардың шалдығып жатқандығын, көбіне табиғи таза емес өнімдердің адам ағзасына кері әсер ететіндігін түсіндірдім.

«Негізгі тақырып» деп аталатын екінші кезеңде оқушы тақырып бойынша берілген мәтінді оқи отырып, биологияның пәнімен байланыстыра әсіларлы мағынаны ажыратуға тырысты. Мұндай мәтіндерді талдау барысы оқушылар күнделікті болып жатқан жағдайларды биологиялық тұрғыдан байланыстырып жазбаларын байланыстырды.

Қорыта айтқанда, сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңызы ерекше. Ол оқушылардың білуге деген қызығушылығын арттырумен қатар салауатты өмірге бауырады.

Анар ИСАФИНА, №4 орта мектептің мұғалімі. ТАЛДЫҚОРҒАН.

◈МҰҒАЛІМ – МЕКТЕП ЖҮРЕГІ

ҮЛГІ ТҰТАР ҰСТАЗ



«Білім келең. Білім мәңгілік дос, өмір жолында тірек», – деген екен Қожа-Ахмет Ясауи. Бала кезінен білімге ерекше ынтасы, мұғалімдік мамандыққа деген терең талпынысымен танылған Жамбыл ауданының Үмбетәлі орта мектебінің мұғалімі Салтанат Алыбаеваның да ізгі мақсаты, терең білімді, ізгі ойлы, парасатты ұстаз болу еді. Бүгінде ол бұл арманына жетті.

Салтанат бауырған шәкірттер арасында ақындық өнерге бейім оқушылар көп. Олар талабын ұштап, түрлі жыр додаларында жүлдені орындарды көрінуде. Сондай таланты шәкірттерінің бірі – 9-сынып оқушысы Хабиден Айтуға Талдықорған қаласында өткен облыстық Абай оқулары байқауында 3-орын алды. Бұл мектеп тіпті аудан абыройы десек артық айтпаспыз.

Салтанат Алыбаева 1977 жылы Есік қаласындағы **мұғалімдер даярлайтын оқулы** бітіріп, Жамбыл ауданындағы Үмбетәлі ауылына тұрмысқа шықты. Алғашқы ұстаздық жолын Загитов деген шағын ауылдағы мектепте бастауын сынып мұғалімі болып бастап, **мұғалімдер даярлайтын институттың** қазақ тілі мен әдебиет бөлімін бітірді. Бүгінде жоғары сыныптарға қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ беретін Салтанат шәкірттеріне қазақтың ұлттық тілін меңгертіп, шешендік өнерге баулу жолында ешкеусіз еңбек етуде. Ол өткізген қазақ тілі мен әдебиет пәнінде оқушылар қызыға қатысады.

Ұстаздың өзі де мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Сонымен жолын күтіп шәкірттеріне үлгі. Үнемі ізденіс үстінде жүретін, әр сабағын бір-біріне ұқсатпай, тартымды өткізетін ұстаздан өрнегістерінің де үйренері көп.

Салтанаттың тағы бір айта кетер қыры ауданның, облыстық газеттермен тікелей байланыс ұстайтындығы. Мектеп арасындағы жүйелі жұмыстарды, озат ұстаздарды газет бетінен түсірмейді. Оның мақалаларымен қатар өлеңдері де жиі жарияланып тұрады. Салтанатқа ақындық қасиет әкешешесінен дарыған. Оның ата-анасы қасиетті Қаркара мен Қарасазды топырағында жаралған жандар. Кәнір Елбегішұлын ауданы, Сарыбұлақ ауылында тұрады. Анасы 11 бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын киіз көтерді.

Үмбетәлі ауылындағы үлкен шаңырақ Алыбаевтар әулетіне келіп болып түскен Салтанат үлкенге құрмет, кішіге ізет жасай білді. Осындай ізеттілігі мен тынымсыз еңбегі арасында ауылдың құрмет тұтар ұстазына айналды. Бүгінде үлгілі келін, үлағатты ұстаз атанған Салтанаттың жас ұрпақты тәрбиелеудегі еңбегі жаңа бересін, жолын қуар шәкірттері көп болсын дегіміз келеді.

Алма ТОПАЙТАЙТЕГІ.

◈МЕКТЕП – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

ШӘКІРТТЕР ЖЕТІСТІГІ

Қазақта: «Баланың күзде сана» деген мәтел бар. Ал, білім ошақтары өздерінің өткерген жұмыстарының қорытындысын оқу жылының аяғында шығаратындығы белгілі. Қаламыздағы №2 орта мектеп биылғы оқу жылында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру бағыт-бағдарын мықтап қолға алды. Оған мектеп басшысы Лэтзат Есботаева ұйытқы болды.

Мектебіміздегі ауыз толтырып айтарлық оңды нәтижелерге тоқталсақ, 11 «А» сынып оқушысы Рахова Әсел 2009 жылдың 15-19 қазан аралығында Кипр аралы Пафлимния қаласында ағылшын тілінен өткен халықаралық олимпиадаға қатысып, жүлдені 2-орын иеленіп қайтты. Осы сыныптың Айгерім Қадырова атты оқушысы Лондон қаласында ағылшын тілінен өткен халықаралық олимпиадада 2-орынды жеңіп алды. Бұл пән мұғалімі А. Тілеужанованың қажырлы еңбегінің нәтижесі. Тәуда Кипр аралының Паралимни қаласында химия пәні бойынша да халықаралық олимпиада болған еді. Химия пәнінің маманы Р. Шынарбекова шыдаған 10 «В» сынып оқушысы Нұрқейісов Аскар 1-орынды жеңіп алды. Сондай-ақ, 10 «В» сынып оқушысы Камиев Иван Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетінде ғылыми жұмысын қорғап, 1-орынды иеленді. Қалалық пән олимпиадасында да белсенділік танытатын №2 орта мектеп оқушылары арасынан суырылып алға шыққан 10 «А» сынып оқушысы Шүкежанов Мадияр «Адам. Қоғам. Құқық» пәніне қатысып, 1-орынды, жалпы білім беретін пәндердің облыстық олимпиадасында 2-орынды жеңіп алды.

Мектеп ұстаздарының тынымсыз еңбегінің арқасында көп жеткен жетістіктерді ата-аналар мен оқушылар зор мақтанып санайды.

К. МУХАМЕТЧЕНОВА, №2 орта мектептің тарих пәні мұғалімі. ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

◈БІЛІМ

Өткен айда І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің жаңа ғимаратында бас қосқан білім және ғылым қызметкерлері Талдықорған әуежайының ауданның және қалалық кеңесінің тарапдары білім беру саласындағы көкейкесті мәселелерді талқылады. Онда аталған кәсіподақ тарапы Түрсын Әбдірешов баяндама жасап, кәсіподақтың атқарған жұмыстарынан мәлімет берді. Ал облыстық мәслихат аппаратының басшысы, сайлау комиссиясының тарапы Шырақбай Жылқайдаров депутаттардың уәжін тыңдап қайтты.

КЕЛЕШЕКТІҢ ҚАМЫ

Қажет АНДАС, "Жетісу"

Мектептердегі ерт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған жұмыстар көңіл көншітпейді. Тіпті, кейбір оқу орнында ертке қарсы дайындық шарасы, құрал-жабдық, дабылқаққыштар орнатылмаған. Бір сөзбен айтқанда, бірқатар мектептер тәтеніше жағдайға дайын емес.

Жасыратыны жоқ, қазір оқушылардың жазғы демалысы мен сауықтыруын қамтамасыз ететін лагерьлер жеткіліксіз. Ал, барлық жағдайы қарастырылған демалыс орындарына балаларын жіберуді ата-аналарының қалтасы көтере бермейді. Сондықтан балалар мектеп жанынан ашылған лагерьге баруға мәжбүр.

Баяндамадан білгеніміздей, бүгінгі таңда білім беру саласында атқарылып жатқан жұмыстар көңіл қуантарлық деңгейде. Жаңа оқу орындары ашылып, мектептер интерактивті тақта және компьютермен жабдықталып, оқушылардың алаңсыз білім алуына жағдай жасалған. Сондай-ақ, мұғалімдер мен тәрбиешілердің ал-ауқатын, тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралар да назардан тыс қалмаған. Еңбек демалысына төленетін ақы, коммуналдық өтемақы тағы басқа көмек мөлшері жыл сайын көбеюде.

Десе де, шешімін күткен мәселелер жетерлік. Атап айтар болсақ, мектептердегі ерт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған жұмыстар көңіл көншітпейді. Тіпті, кейбір оқу орнында ертке қарсы дайындық шарасы, құрал-жабдық, дабылқаққыштар орнатылмаған. Бір сөзбен айтқанда, бірқатар мектептер тәтеніше жағдайға дайын емес.

Енді бірі – балалардың жазғы демалыс жайы. Жасыратыны жоқ, қазір оқушылардың жазғы демалысы мен сауықтыруын қамтамасыз ететін лагерьлер жеткіліксіз. Ал, барлық жағдайы қарастырылған демалыс орындарына балаларын жіберуді ата-аналарының қалтасы көтере бермейді. Сондықтан балалар мектеп жанынан ашылған лагерьге баруға мәжбүр. Сондықтан балалар мектеп жанынан ашылған лагерьге баруға мәжбүр, тағысын тағылар.

Жиналысқа қатысқан депутаттар мен кәсіподақ көшесінің мүшелері мұның бәрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылдың 29 желтоқсанындағы №1400 қаулысында көрсетілген құқықтардың толық орындалмай отырғанынан деп санайды. Тіптен қызығы, жарыссыз кезінде аталған қаулының көмейін тұстағанның көптігіне кез жеткіздік. Мақсады құжатта қабілетті мұғалімдерден ұйымдасатын әдістемелік кабинеттердің қызметкерлері азаматтық қызметкер ретінде қарастырылмағандықтан барлық жеңілдіктен игілікті ене алмай келеді. Сондай-ақ, оқу кабинеттерінің меңгерушілері мен компьютермен жұмыс жасайтын информатика пәнінен мұғалімдеріне қосымша ақы төлеу мәселесі де шешімін таппай отыр.

Иә, біз: «Ел болашағы жас буынның саналы білім алуына қатысты», – деп жатамыз. Алайда, ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған тәрбиешілердің еңбегін бағалауға салғырт қарайтынымыз бар. Бұл жиналысқа қатысқандардың пікірі. Шараны қорытындылаған Шырақбай Ғалымбайұлы да осы ойға келісетінін білдірді. Сонымен жиналыстың қарары қабылданып, депутаттар қолдан келер көмектің бәрін жасайтынына сенім білдіріп тарасты.

◈ТАҒЗЫМ

Бабалар ұлағатын бойтұмарындай көретін №25 орта мектеп оқушылары Ескерткішті қорғау күнін жыл сайын «Үш ата» ескерткішінің маңында атап өтуді дәстүрге айналдырды.

Дәстүрге айналған шара

Сол үрдіс биыл да жалғасын тауып, мектеп кітапханашысы Г. Набаева мен тәрбие ісінің ұйымдастырушысы А. Долданбаеваның жетекшілігімен 8-сынып оқушылары «Ескерткіштер – өр қазақтың тастағы ән» атты іс-шара өткізді.

Перзенттік борышын өтеп, «Үш ата» ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталған шара мектеп оқушылары Ұлдана Әбдірасылова, Әнел Берікқызы, Азия Сайран, Алтынай Мәкежанованың Қабылиса жырау, Ескелді және Балпық билердің ерлік және абыздығы жайында айтқан естеліктерімен ұласты. Сондай-ақ шара барысында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Әміре Әрінің «Ескерткіштер елдігімнің белгісі», ақын Жомарт Иғіманның «Тектіліктің тамыры», Жұматай Әмірсеитің «Үш бәйтерек – үш абыз» атты өлеңдері оқылып, ондағы жазылған жайлар туралы пікір алмасты.

«Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран» демекші, ата-баба мұрасын ардақтаған шарадан жастар бабалар ұлағатынан тәлім алып, бүгінгі қаламгерлер еңбегімен танысып, көңіл көкжиегін байыта түсті. Сонымен бірге, жылдар жылжыған сайын бабалар даналығының жаңа ойлармен толығып, кемелдене беретініне көз жеткізді.

Р. ЖАМБЫЛБАЕВА, №25 мектептің кітапхана меңгерушісі.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

◈БӘРЕКЕЛДІ!

БІТЕР ІСТІҢ БАСЫНА

Керектегі кең, іргелі бөрік Жетіген ауылының жүртшылығы өткен сенбі күні жарқын бір істің нүсқі болды. Ол – ауыл орталығындағы мешіт үйінің жаңынан бой көтерген хатымтанының салтанатты түрде пайдалануға берілуі еді. Жүректе иман ұйыған жүртшылықтың бұл қуанышына ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысындағы аумақтық басқармасы – облыстық Тәртіптік кеңестің төрағасы Серікбай Нұрғисаев, облыстың бас имамы Салырбаев, аудан әкімінің орынбасары Виктор Фаиль және ауыл ақсақалдары мен ақ жаулықты аналар, іскер азаматтар қатысты.

Үлбосын ИСАБЕК, "Жетісу"

Қасиетті Құран көрінің аяттарын оқып, дұға бағыштаумен басталған салтанатты шарада ауыл әкімі Еркін Әбілханұлы Жетіген ауылының экономикасы мен әлеуметтік жағдайының даму қарқыны көлемінде жан-жақты сөз етті. Шаруашылық бөлінде-бірлігі жарасым тапқан елдің ертеңгі күнінен күдері мол екендігін айта келіп, адамгершілікті ту етіп, имандылыққа бет бұрған жастар қатарының артып келе жатқандығына ризашылығын білдірді. Аумағындағы ірі-ұсақ ауыл азаматтарының әрқасқында жүзеге асып жатқан істер көп болса, соның бірі осы хатымхананың аз уақыт аралығында аяқталуы екендігін атап өтті.

– 150 орындық ауыл мешіті 1996 жылы салынып, құдайға құлшылық ету жағдаятқа өсіп ашса, енді міне, ойға алған тағы бір істі жүзеге асыруда Жетігенде тұып-өскен, өмірге қанат қаққан ел азаматтары көрікті танытты. Олардың көшбасында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысындағы аумақтық басқармасы – Тәртіптік кеңестің төрағасы Серікбай Нұрғисаев бастаған ел ағаларымен қатар Райхан қажы Пидақызы сынды алғаны ашық, мейірімі мол жандардың есімі ерекше мақтанышпен аталды.

– Ырыс-құты ортаймаған Жетіген ауылында Елбасының қолдауымен іргелі істер басты алғашқы білестіреді. Оң Жетіген – Көргес темірқол құрылысының қозғалуын. Ағын, келешекте ауыл экономикасының өсуіне әртүрлі, еңбек көтінің көптеп ашылатындығы. Сондықтан да осындай жақсы істерді жалғастырып, ауылымызда мәдениеттің өсіп-өркендеуі, имандылықтың кеңейе түуі жолында атқарылып жатқан жұмыстар көңілімізді қуантады, – деді салтанатта сөз алған Серікбай Өрікбайұлы. – Бұл орайда ауыл азаматтары іскерлік, белсенділік танытуда. Ауылымызда екі сарайдай мешітіміз бар болғанымен, не беріп, құран бағыштайтын арнайы ас қанының жоқтығы талайдың жанына батып жүретін жақсы білемін. Қазір міне, тәбәрікалдар ғып болғанымен, онда ғибадат ішілік, сауық-сайран өтетіндіктен құран оқып, дұға бағыштау жарасымсыз болып жатқандығы түсінікті де. Енді міне, Алланың разылығы үшін таза орында адал ас беруге мүмкіндік жасалды. Осы бір жарқын істі алдағы Ұлы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында ғибадат орнатылуының да өзінділік мәні бар. Оғанның, елі мен жерін жаудан қорғауда жанын пида еткен ерлерлік ата-бабаларымыз рухына бағыштап ас беруге қатысып отырған хатымхананың ашылуы көңілімізге медет.

Осы ауылдан Ұлы Отан соғысына 182 адам аттанса, бүгінде солардан барғожы 9 майдангер ғана қалыпты. Бөлдақтардың көпшілігі майдан даласында көз жұмса, енді біразы соғыс салған жарақаттың зардабынан ертерек дүние салды. Бүгінгі ас сол марқұмдардың да рухтарына бағыштаулы беріліп отыр. Сондықтан да жүректегі жанын бар жомарттық толысын, – деген тілектік білдірді.

Сөз орайы келгенде осымдағы №11 орта мектепте майдангерлерге арналған мұражайдың 9 мамыр күні салтанатпен ашылатындығын айта кетейік.

Осындай ізгі тілек тілегендер қатарында аудан әкімінің орынбасары Виктор Фаиль, ауыл әкімі Райхан қажы Пидақызы, ауданның бас имамы Аллажар Сейітов бастаған ауыл азаматтары да болды. Олар өз сөзінде ауыл жүртшылығын имандылыққа ұйытып, қоғамымыз ақсақалы әрі ауыл имамы Бақытжан Нұрғалиұлының еңбегін атады. Салтанатты шара соңында жиналған жамағатқа жаңа хатымханада дастарқан жайылып, үлкен ас берілді.

ЖЕТІГЕН АУЫЛЫ, ІЛЕ АУДАНЫ.

◈АУЫЛ СПОРТЫ

ДЖАКАРТАҒА БАРАДЫ

Ауыл спортының дамуына белсене атсалысып жүрген, осы салаға шын берілген азаматтардың бірі Берік Ақбергенов десек, артық айтқандық бола қоймайды. Ол жаттықтыратын өрендер аудандық, облыстық жарыстарды былай қойғанда республикалық, тіпті халықаралық жарыстарда жүлдегер атанып, топ жаруды әдетке айналдырған.

Балқаш аудандық спорт комитетінің бас маманы қызметін атқаратын Берік бүгінде каратэ-до-шито-рю секциясына келетін балдырғандарды жаттықтырады. Әрбір жасөспірімнің табиғи бітіми мен мінез ерекшелігіне жете назар аударып, жалықпай жұмыс істеуінің нәтижесі де көп күттіре қоймайды. Биікті балғердің шәкірттері қай жарыста болсын өзіндік шеберліктерімен, ерінбей тер төгу арқылы келген шымырлықтарымен ерекшеленеді. Мәселен, осы жақында ғана Қызылорда қаласында өткен республикалық чемпионатқа Беріктің 18 спортшысы қатысып, тольмады нәтижелерге қол жеткізіп қайтты. Нақтырақ айтатын болсақ, Ыдырысова Гаухар, Тілеукешева Айжан, Ғани Әлішер, Мұхтар Аружан, Бейбітқызы Толғанайлар дүбірлі бесекеде бірінші орынды иеленіп, алтынған алқа тақса, Сабитұлы Дамир мен Талғат Алтынай, Рахымжанов Медет, Жақанбаев Арсен, Есжан Өнеттер екінші, үшінші орындарды қанағат тұтып, жарыстың күміс, қола жүлдегерлері атанды.

Осы жерде айта кететін тағы бір жақсы жаңалық, – биылғы жылдың қаңтар айында Алматы қаласында өткен республика бірінші лигінде жақсы нәтижеге қөрсеткен Беріктің Рахымжанов Медет, Жақанбаев Арсен, Ыдырысова Гаухар, Тілеукешева Айжан, Мұхтар Аружан, Бейбітқызы Толғанай сынды шәкірттері жаздық орта тұсында Индонезия мемлекетіндегі Джакарта қаласында өтетін Азия және Океанияның 12-ші чемпионатына қатысу мүмкіндігін жеңіп алды. Жас қаратэшілер бүгінде осынау намыс сынағы жарыстарға қызу дайындық жасауда.

Н. ДОДАБАЙҰЛЫ.

БАЛҚАШ АУДАНЫ.

50 жылдық кездесуге шақырамыз!

Райымбек ауданы /бұрынғы Кеген ауданы/ Жаланаш қазақ орта мектебін 1959-60 жылдары бітірген сыныптастарымыздың 50 жылдық кездесу салтанатына шақырамыз. Кездесу 25 мамырда сағат 10.00-де Жаланаш қазақ орта мектебінде өтеді.

Ұйымдастыру комиссиясы: Алмабеков Тынышбек 8-777 610 63 99, 273-48-14. Фурманов 65- үй Мақатаев көшесінің қиылысқан жері «Алматықұрылыс» гимараты.

Алматы облыстық мәдениет басқармасы сенім телефоны 27-16-19, 27-15-97 электронды мекенжайы kultura-tald@mail.ru. басқарманың бастығы әр айтаның дүйсенбі күні сағат 15.00 – 18.00-ге дейін азаматтарды қабылдау жүргізетіндігін хабарлайды.

«Джей Ти Ай Казахстан» ЖШС-гі конкурстық негізде / сату ісінің/ менеджері қажет. Үміткерге қойылатын талаптар:

1/ Жоғары арнаулы білім /менеджмент саласы бойынша/ немесе жоғары арнаулы білім және менеджмент теориясы мен практикасынан қосымша білім алған куәлігі қажет.

2/ мамандығы бойынша еңбек өтілі 2 жылдан кем емес.

Түйіндемені мына мекенжайға жіберу керек: Қазақстан Республикасы, 040704, Алматы облысы Іле ауданы Байсерке ауылы, күзет бөлімі немесе факс: 8 /727/ 258 82 39.

КОНКУРС

Алматы облысы, Қаратал ауданы әкімдігі хабарлайды: Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге жер учаскелерін жалға беру бойынша конкур жариялайды. Конкурс өткізу уақыты 27.05.2010 ж. сағ. 15.00. Конкурс өткізетін жері: Үштөбе қаласы, Қонаев даңғылы № 9, аудан әкімдігі ғимараты 3 – қабат, 32 – бөлме.

Жер учаскелерінің тізбесі:

Жер №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы (бөлі бөлінтесі)	га	Жалға беру мерзімі, жыл	Жер учаскесінің орналасқан жері (шаруашылық құрылыс орталығына дейінгі арақашықтығы)
1	2	3	4	5
1	Сұрыпты егістік 6.6 - 14,37	5	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 6 км, Есенқұл ауылынан 3 км.
2	Сұрыпты егістік 6.6 - 25,71	6	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 18 км. Есенқұл ауылынан 3 км.
3	Сұрыпты егістік 6.6 - 25,71	20	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 18 км. Қалпе ауылынан 4 км.
4	Сұрыпты егістік 6.6 - 25,71		49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 18 км. Қалпе ауылынан 2 км.
5	Сұрыпты егістік 6.6 - 18,08	5	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 11 км. Көксенгір ауылынан 1 км.
6	Сұрыпты егістік 6.6 - 18,08	2,5	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 11 км. Көксенгір ауылынан 1 км.
7	Сұрыпты егістік 6.6 - 18,08	20	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 11 км. Көксенгір ауылынан 1 км.
8	Сұрыпты егістік 6.6 - 18,08	10	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 12 км. Көксенгір ауыл. 1,5 км.
9	Сұрыпты егістік 6.6 - 18,08	5	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 11 км. Көксенгір ауыл. 1,5 км.
10	Сұрыпты егістік 6.6 - 18,08	9,5	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 12 км. Көксенгір ауылынан 2 км.
11	Сұрыпты егістік 6.6 - 18,08	4	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 13 км. Көксенгір ауылынан 1 км.
12	Сұрыпты егістік 6.6 - 18,08	12	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 9 км. Көксенгір ауылынан 4 км.
13	Сұрыпты егістік 6.6 - 18,08	9	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 10 км. Көксенгір ауылынан 5 км.
14	Сұрыпты егістік 6.6 - 18,08	5	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 13 км. Көксенгір ауылынан 5 км.
15	Сұрыпты егістік 6.6 - 18,08	5	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 13 км. Көксенгір ауылынан 5 км.
16	Сұрыпты егістік 6.6 - 13,85	7	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 14 км. Бастөбе ауыл. 12 км.
17	Сұрыпты егістік 6.6 - 18,08	5	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 13 км. Көксенгір ауыл. 0,5 км.
18	Жайылымдық 6.6 - 4,0	200	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 140 км. Кемпірлек ауыл. 3 км.
19	Жайылымдық 6.6 - 14,37	50	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 4 км.
20	Жайылымдық 6.6 - 25,71	110	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 22 км. Қалпе ауылынан 4 км.
21	Жайылымдық 6.6 - 2,08	2500	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 200 км. Алмалы ауыл. 35 км.
22	Жайылымдық 6.6 - 8,0	300	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 30 км. Бастөбе ауылынан 33 км.
23	Жайылымдық 6.6 - 18,08	500	49	Бөлінбеген жерлер Үштөбе қаласынан 23 км. Көксенгір ауыл. 25 км.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер Үштөбе қаласы, Құсмолданов көшесі № 21 үй, 1-қабат, 3-бөлме аудандық жер қатынастары бөліміне тапсырылады.
Конкурстық өтінімдерді соңғы қабылдау мерзімі 27.05.2010 ж. сағат 12.00-ге дейін.
Конкурсқа қажетті қосымша деректер мен анықтамалар 8(72834)21045 телефон нөмірі арқылы алуға болады.

ТОО НПЦ «Мекенсақ» проводит опрос мнения общественности путем сбора письменных предложений к разделу ОВОС к проекту «Вторая очередь второго этапа строительства и эксплуатаций нефтепровода Казахстан – Китай (участок Атасу – Алашанькоу. НПС – 11)». Отчет находиться по адресу: **г. Талдыкорган, ул. Жансугурова, 116, офис 41, тел.: 8 /7282/ 27-17-16.** С материалами так же можно ознакомиться на сайте **www.mekensak.kz**

Замечания и предложения можете оставлять по указанному адресу, на сайте или направлять по электронному адресу: info@mekensak.kz

«Мекенсақ» ҒӨО ЖШС «Қазақстан – Қытай мұнай құбырын салу мен пайдаланудың екінші кезеңінің екінші кезегі (Атасу – Алашанькоу учаскесі. НПС – 11)» жобасының ОВОС тарауына жазбаша ұсыныстар жинау жолымен көпшілік пікіріне сұрау салу жүргізеді. Есепнаманы мына мекенжайдан алуға болады: **Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 116-үй, 41 офис, тел.: 8/7282/ 27-17-16.** Материалдармен **www.mekensak.kz** сайтында да танысуға болады. **Ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды аталған мекенжайда, сайтта қалдыруға немесе info@mekensak.kz электронды мекенжайына жіберуге болады.**

Алматы облысының МАЭ сотының 25.03.2010 ж. үйғарымымен «Қастек батыр атындағы» өндірістік кооперативке (СТН 090300002396) қатысты сырттай байқау енгізілді. Анықтаманы мына мекенжайдан алуға болады: **Алматы облысы, Текелі қаласы, Төлебаев көшесі, 36 үй, тел.: 8-777-015-50-98.**

Определением СМЭС Алматинской области от 25.03.2010 г. в отношении производственного кооператива «имени Кастек Батыра» (РНН 090300002396) введено внешнее наблюдение. Адрес для справок: **Алматинская область, г. Текели, ул. М. Толебаева, дом 36. тел.: 8 777 015-50-98.**

Облыстық «Жетісу» газетінің бұрынғы қызметкері, белгілі журналист Айгүл Аханбайқызына ағаулы әпкесі

Бибігүл мен сүйікті қызы Ақиұрдың

ұзақ науқастан қайтыс болуына байланысты отбасы мен бауыр-туғандарының ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз

«Жетісулықтар».

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail: Jetisu 2002@ mail. ru
WWW. Zhetysu-smi. kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттелді.
Газет антасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкалық беттен жатпы материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" бастамасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Болат АБАҒАН.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 539. ТАРАЛЫМЫ — 36729. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс —27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы —24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –27-41-93, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43. Мемлекеттік тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57. Панфилова — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі жылдары ұлтымыздың ұлы тұлғаларын ұлықтап, тарихымыздан орын алған айтулы оқиғаларды бүкіл халық болып атап өту игілікті дәстүрге айналып отыр. Сондай оқиғалардың бірі – еліміздің рухани көмелдігінің өлшеміне айналған тарихтағы Аңырақай шайқасына биыл 280 жыл толып отыр.

Аңырақай шайқасына арналды

Өткен тарихымызға көз жүгіртер болсақ, XVI ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының жағдайы өте ауыр еді. Жоңғарлар, елді қалмақтары, жайық қазақтары, башқұрттар жан-жағынан анталап тұрды. Жоңғар мемлекетін Қалдан Серен басқарған кезде оның шапқыншылығы бұрынғыдан да күшейіп, Шығыс Түркістанды басып алып, Жетісу мен Сырдария өзендерінің аңғарларын жаулап алуға ұмтылды.

Қазақ жасақтары да басқыншыларға қарсы ерлікпен шайқасты. 1726 жылы Бұланты өзенінің бойындағы, 1729 жылғы Аңырақай жерінде болған шайқаста қазақ жасақтары үлкен жеңіске жетті. Осы тарихты жас ұрпаққа жеткізу мақсатында биылғы жылы республика көлеміне аталғалы отырған Аңырақай шайқасының 280 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған іс-шарага "Нұр Отан" ХДП Жамбыл аудандық филиалы да өз үлесін қосуда. Оның айтағы, үстіміздегі жылдың 22 мамыры күні Алматы қаласынан шыққан марафоншылар сағат 11.00-де аюмдар мен батырлар елі – Жамбыл ауданының шекарасына ат басын тіреді. Оларды аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Балтабек Досмұхамбет пен Ұзынағаш селолық округінің әкімі, бастауыш партия ұйымының төрағасы Жанғали Базарбаев, Ұлы Отан соғысының ардагері Тойғұл Тәубалдиев, Үмбеталі орта мектебінің жас жүгірушілері, ұстаздары күтіп алды. Ігі шара аудан орталығында жалғасын тауып, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған алаңда митинг ұйымдастырылады. Митингіге аудан орталығындағы С. Бердіқұлов, Абай, Наурызбай батыр Құтпанбетұлы, Т. Рысқұлов атындағы орта мектептің оқушылары, жас спортшылар, ұстаздар, «Нұр Отан» ХДП Жамбыл аудандық партия филиалының қызметкерлері, «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері қатысты. Митингті «Жас Отан» жастар қанатының бөлімі мүшесі Данияр Төлбасиев жүргізіп, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы Жамбыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Балтабек Досмұхамбет ашты.

Митингте медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор Совет-хан Габбасов, «Желтоқсан ақиқатының» төрағасы Бейсенғазы Сәдуұлы, Алматы қаласы марафоншыларының төрағасы, ұйымдастырушы Әлім Шарипов, Москва қаласының тұрғыны, марафонды Соня Жанидина, әлем чемпионы, халықаралық марафонды Аукан Мұхатанов, Ұзынағаш ауылының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Тойғұл Тәубалдиев, Т. Рысқұлов атындағы орта мектептің мұғалімі, «Жас Отан» жастар қанатының мүшесі Гүлзира Мендесбасвалар сөз алып, Аңырақай шайқасының тарихы мен бүгінгі тәуелсіздігіміздің баға жеткізіс құндылықтарын жастарға түсіндіріп берді. Сонында марафоншылардың Аңырақай шайқасының 280 жылдығына орай Жамбыл ауданынан Жамбыл облысына тартқан сапарларына сәттілік тілеп, оларды Ұзынағаш ауылының шекарасынан шығарып салды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

«Даму» қорының қамқорлығы

Сейсенбі күні Алматыдағы Қазақстан баспасөз клубында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры «Даму-Көмек» бағдарламасын іске асыруға арналған баспасөз мәслихатын өткізді.

Болат МӘЖИТ,
"Жетісу"

«Даму-Көмек» бағдарламасының негізгі мақсаты мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлерді қолдау болып табылады. Аталмыш қор осы бағдарламаны жүзеге асыру аясында қаржыландыру көзін ұсынбайды, бірақ мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлер мен әлеуетті демеушілер арасындағы байланыстырушы бұын ретінде әрекет етеді.

– Өткен жылдың желтоқсан айында мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлерге көмек көрсету мақсатында www.dauma-komek.kz деген арнайы сайт аштық. Яғни, көмекті қажетсінген отырған жандар «Көмек қажет» деген бөлімде өтініш беру үлгісін толтырған соң, аталмыш ақпарат сайтқа орналастырылады. Игілікті іске атсалысқысы келген кәсіпкерлер «Көмек көрсетемін» деген бөлімдегі түсті ысқанды толтырып, мұқтаж жандарға көмегін ұсыну арқылы ұя қосуларына болады. Әрине, мұқтаж жандарға қол ұшын беретін волонтерлер аз емес. Алайда уақыттың тығыздығы, қалай және немен көмек көрсетуді нақты білмеу тәрізді объективті себептермен олар өздерінің ізгі ниеттерін жүзеге асыра алмай жатады. Енді олар бұл бағдарлама арқылы кім неге мұқтаж екенін алдын-ала біліп алады, - деді «Даму» қоры басқармасының төрағасы Болат Мұрамов.

Аталған бағдарламаның басты ерекшелігі, мүмкіндігінің шектеулі екеніне қарамай өз ісімен шұғылданып, ісіғаы өнірінде толық және тиімді дәрежеде атсалысуға талпынып отырған жандарға әр алым шама-шарқымен кірпі шығы атқосшы көмек көрсету арқылы үлес қоса алады. Бұл жерде көмектің түрі ақшалай болуы міндетті емес. Мысалы, осы бағдарлама аясында бір топ мүгедек-кәсіпкерлерге бағынеқ жайында тегін заңгер-кеңесшілер берілетін. Сонымен қатар, 90-нан астам мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлер «Бизнес-инвестиция» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлікпен қыр-сырын оқытатын курстардан тегін өтулеріне мүмкіндік туған.

Жиын соңында «Астана-Моторс», «КазСтройСтекло», «Казкоммерцбанк» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ сияқты ірі компаниялар мен банк өкілдері мүмкіндігі шектеулі бірқатар кәсіпкерлерге тігін машиналары, көшірмекөбейткіш аппараттар, компьютерлер және тағы басқа да жұмыстарына керекті құрал-жабдықтарды тарту етті.

Тағдырдан тепкіш көргенімге қарамастан, қоғам өміріне ойдағы үлес қосып жүрген мұндай жандарға көмек қолын созу мүмкіндігі бар әр азаматтың парызы екенін ұмытпағанымыз жөн. «Даму-Көмек» бағдарламасы арқылы қол ұшын беретін мейірімді демеушілер көбейе берсін демекпіз.

АЛМАТЫ.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі біздің қоғамымыздың ең бір көкейтесті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлық деп мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы олардың сатып алуы ұғынылады. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Заңның 12-бабы – сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар және олар үшін жауапкершіліктің ұғымын анықтайтын, негізгі қолданылатын бап.

Ең көп қолданылатыны 4-тармақ – шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету және 5-тармақ – кімге болса да тәбас алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда заңдарда көзделмеген кез келген жәрдем көрсету.

Қолданылуы бойынша екінші орында. 2-тармақ – атқаған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, 7-тармақ – берілуі заңдарда көзделген ақпаратты жеке және заңды тұлғаларға беруден негізсіз бас тарту, оны кешіктіру, бұрыс немесе толық емес ақпарат беру, 10-тармақ – жеке және заңды тұлғалардың арыз-өтініштерін қарауын және өз құзыретіне кіретін өзге де мәселелерді шешудің заңда белгіленген тәртібін әдеиесіе рет бұзу.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күрес екі кезеңге бөлінген.

Бірінші кезең 2006-2008 жылдар.

Екінші кезеңде 2009-2010 жылдары – үкіметтік емес ұйымдардың, саяси партиялардың және қоғамдық бірлестіктердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын жүргізудегі белсенділіктері өсті, экономиканың ары қарай дамуына және инвестициялық климаттың жақсаруына жағдай жасалды, сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында халықаралық қарым-қатынас ұлғайды, халықаралық деңгейде мемлекеттің абыройы ығайды.

Алдыға қойған мақсатқа жүзеге асыру үшін электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуді енгізу арқылы мәліметтер қорына кірудің мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, азаматтар мен заңды тұлғаларға берілетін қызметтердің мерзімін қысқарту және кәсіпкерлік субъектілеріне жүргізілетін тексерулердің құқықтық регламенттеуін қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобаларының жүзеге асуы бойынша мәліметпен қорытындысы туралы қоғамды хабардар ету қажет.

Ж. ЖАЙЛЫҒҰЛОВА,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті Алматы облысы бойынша басқармасының кадр жұмысы және ішкі қауіпсіздік бойынша аға прокуроры, 2-санатты заңгер.

СЛЕТ

Таяуда Талдықорған қаласалық ішкі істер бөлімінің жанын залында Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің ұйымдастыруымен «Полицияның жас көмекшілері» атты қалалық слет өтті. Оған облыстық ішкі істер департаменті, облыстық ішкі саясат басқармасы, Талдықорған қаласы әкімдігі мен білім бөлімінің осы салаға жауапты мамандары және қаламыздағы барлық мектептен келген командалар қатысты. Аталмыш шара балалар мен жастар арасындағы заң бұзушылықты және қылмыстық әрекеттердің алдын алу мен полицияның мектептердегі инспекторларына көмек көрсету мақсатында қолға алынған.

Полицияның жас көмекшілері

Қажет АҢДАС,
"Жетісу"

Қалалық ішкі істер бөлімінің аланында сап түзеген команда басшылары Талдықорған қаласының көмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі бөлімінің бастығы Самат Нұрғалиевке мәлімет беріп өтті. Осыдан кейін қалшілік алдына шыққан қала әкімінің орынбасары Мәрлен Келбаев шараның мәні мен маңызы жайына тоқтала келіп, слет жұмысын ашық деп жариялады. Бұдан соң командалар жиын залында бас қосып, «Слеттің кермесі», «Сапта жүру», «Слеттің түсаукесері», «Қылмыстық және әкімшілік істер жүргізу кодекісінің білгірлері», «Қоян-қолтық ұрыс», «Үгіт бригадасы», «Команда капитандарының байқауы» қатарлы жеті номинация бойынша өз шеберліктерін көрсетті. Оларға Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің бөлім бастығы Асқар Үйсінбаев, облыстық ішкі істер департаменті көмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі бөлімінің бастығы Дильбар Төлегенова бастаған әділқазылар тобы бағасын берді. Нәтижесінде барлық сынаққа сүрінбей өткен №2 орта мектептің «Жас арлан» командасы бірінші орынды жеңіп алса, №12 орта мектеп-гимназиясының «Жас қыран» командасы екінші орынға, Дөнеш Рақышев атындағы №3 мектеп-интернатының «Жас ұлан» командасы үшінші орынға табан тіреді. Олар кубок және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Өлеңдегі барлық жақсылықтың бастауы – балалық шақ десек, бүгінгі слет барысында балалық шақтың баянды өтуіне полицияның жас көмекшілерінің қосар үлесінің көп екендігіне көз жеткіздік. Өскелең ұрпаққа берері мол шара бірінші рет өтіп отырса да үлкен табыспен аяқталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шара алдағы уақытта облыс аумағындағы елді мекендерде жалғасын табады.

◈ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттік қызметтер стандарттарына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 2014 қаулысына сәйкес, мемлекеттік қызметтер стандарттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Нақтырақ айтқанда, жергілікті атқарушы органдар желісі бойынша балаларды негізде көрсетілетін қызмет болғаны туралы және жер телімдері туралы анықтамалар беру жөніндегі мемлекеттік қызметтер алынып тасталды.

Қазіргі кезде Алматы облысындағы ХҚКО-да ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес, мемлекеттік қызметтің 65 түрі (оның ішіндегі 15-і балмасақ, 50-і балмалы негізде) көрсетіледі.

ХҚКО арқылы көрсетілетін қызметтер (балмасақ негізде): тұрғындарды тіркеу және құжаттандыру желісі бойынша – 4 қызмет түрі; АХАЖ желісі бойынша – 1 қызмет түрі; заңды тұлғаларды тіркеу және қайта тіркеу желісі бойынша – 3 қызмет түрі; жылжымайтын мүлікті тіркеу желісі бойынша – 4 қызмет түрі; жылжымалы мүлікті тіркеу желісі бойынша – 3 қызмет түрі.

Уәкілетті мемлекеттік органдармен немесе ХҚКО-мен көрсетілетін қызметтер (балмалы негізде): азаматтық хал актілерін тіркеу – 3 қызмет түрі; қорғаныс министрлігі органдарымен – 5 қызмет түрі; жергілікті атқарушы органдармен – 26 қызмет түрі; көлік және коммуникация министрлігі органдарымен – 6 қызмет түрі; мәдениет және ақпарат министрлігі органдарымен – 2 қызмет түрі; ішкі істер органдарымен – 1 қызмет түрі; прокуратура органдарымен – 2 қызмет түрі; ауыл шаруашылығы министрлігі органдарымен – 4 қызмет түрі; білім және ғылым министрлігі органдарымен – 1 қызмет түрі.

Меруерт ҚҰРБАНҚҰЛОВА,
бақылау бөлімінің инспекторы.

◈ БІЛІМ ШАҢЫРАҒЫНДА

Естен кетпейтін шақ

Шәкірттерге үш тілде қатар білім беретін Талдықорған қаласындағы №20 дарынды балаларға арналған лицейдің бүгінгі жеткен жетістігі ризашылыққа бөлейді. Олар биылғы оқу жылын да қомақты нәтижелермен табысты аяқтады. «Мұның бәрі мұғалімдер мен оқушылардың ортақ күш салуымен қол жеткен жетістігіміз», – дейді лицей директоры Гүләйім БАЙЖІКЕНОВА.

Өткен жылы Ұлыттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы бойынша лицей түлектерінің ортақ көрсеткіші 110 балды құрағаи. Ал биыл 50 түлек бітірді. Мұның ішінде 24 оқушы халықаралық, республикалық, облыстық олимпиадалар мен жобалардың жеңімпазы. Олар түрлі байқауларға қатысып 16 алтын, 17 күміс, 3 қола медаль иеленген. Лицей жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізілетін республикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша қатарынан бесінші рет «Ең үздік олимпиадалық мектеп» аталды. Сондықтан ағымдағы жылы да түлектерді үлкен табыс күтіп тұр деуге негіз бар.

Салтанатты шараға жиналғандардың қарасы көп. Көпшілікті қала әкімінің орынбасары Ермек Алпысов пен мектеп директоры Гүләйім Байжікенова құттықтап, түлектерге тың табыс тілейтінін жеткізді. Осыдан кейін оқу жылын үздік нәтижемен аяқтаған оқушыларға Мақтау қағазы табыс етілді. Шараның соңы мектеп оқушылары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласып, сыңғырлаған қоңырау үнімен аяқталды.

Міне, осылай, қиындығы мен қызығы қатар жүретін мектеп өмірін артқа тастап, өзінің арманы мен талабын ұштайтын сәт те келді. Білім шаңырағының қабырғасында 11 жыл оқып, білім алған түлектердің жаңарынан болашаққа деген сенім мен жалынды нұр еседі.

Қ. АНДАС.

Балпық би кентіндегі қазақ орта мектеп-гимназиясында өткен «Сыңғырла, күміс қоңырау» атты салтанатты жиынға облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Гүлжиян Сүлейменова, аудан әкімі Мұрат Өсербаев, аудан әкімінің орынбасары Әлия Садықова, аудандық білім бөлімінің бастығы Сағымбала Төкенова және ата-аналар мен оқушылар қатысты.

Сәт сапар тіледі

Мектеп-гимназиясының директоры Мұрат Төлекенов алғашқы құттықтау сөз кезегін алып, шәкірттеріне ақ тілегін арнап, ұстаздарға алғысын білдіріп, оқу жылында атқарылған жұмыстарға, жетістіктерге тоқталып өтті. Мектеп түлектері үшін қуанышты да қимас сәтте аудан әкімі Мұрат Өсербаев мырза құттықтау сөз сөйлеп, сәт сапар тіледі.

Құттықтау сөз кезегін алған облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Гүлжиян Магданқызы үлкен өмірге жолдама алып отырған түлектерге ақжарма тілегін жеткізіп, Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етіп жатқан тұста, егеменді еліміз саясаттың биік шыңына көтерілген шақта еліміздің жастары – Сіздер таза білім алып, адал еңбек етуге ең бөгет жоқ деген ойын жеткізді.

Аудандағы мәдайалды білім шаңырағы мектеп-гимназиясында өткен соңғы қоңырау мерекесі үлкендердің балалық шағын есіне түсірсе, шәкірттердің көңілін көкке өрлетті. Жиын барысында аудандық оқу бөлімінің бастығы Сағымбала Төкенова мектеп-гимназиясының үздік оқушыларын Мақтау қағазымен марапаттады.

Ақбөпе ЖИЕНҚҰЛОВА.

КӨКСУ АУДАНЫ.

Ақпарат-кеңесшілер семинары

«Қазагромаркетинг» акционерлік қоғамының облыстық филиалында семинар болып өтті. Басқосуды филиал директоры Оразбай Бекенов ашып, акционерлік қоғам қызметкерлерінің міндеттеріндегі өзгерістермен жаңалықтарды түсіндірді. Одан кейін ауыл шаруашылығы құрылымдарына субсидия, несие беру жайын пікірталас орталығының менеджері Манат Асанова кеңейте әңгімеледі.

Аудандардағы ақпарат-кеңесшілердің міндеті – шаруа қожалықтарының иелерін жаңа заңдылықтардан хабардар ету. Ауыл шаруашылығына жасалып жатқан көмектер жайлы айтып, мүмкіншіліктерін түсіндіру. Бүгінде алма бақ, жылыжай салушыларға Үкіметтен көмектер берілуде. Оны алу жайын, ол үшін неңдей талаптарды орындау керектігін ақпарат-кеңесші алдымен өзі жақсы білуі тиіс. «Қазагромаркетинг» акционерлік қоғамының мамандары керек болған жағдайда Ауыл шаруашылығы министрлігіне құжаттарды жіберуге және оны қорғауға тиіс. Кеңесшілер арқылы малдың бағасы, оның жем-шөбі, азық-түлік жайлы мәлімет алуға болады. Олар егін өсірушілерге жанар-жағармай, арам шөпті және де басқа зиянкестерді жоюға арналған дәрі-дәрмекті қайдан, қандай бағаға алу керектігі жөнінде де ақпарат бере алады. Бүгінде кез келген дақылдың элиталық тұқымын сатып алуға болады. Және оларға мемлекет тарапынан берілетін қаражат та бар. Осының бәрін министрліктен біліп, анықтап, шаруаларға жай-жапсарды түсіндіріп отыратын осы ақпарат - кеңесшілер.

Семинар –кеңесте жұмыстың жаңа жүйесінің мән-жайы толық айтылды. Ақпарат-кеңесшілер де өздерін толғандырып жүрген мәселелер төңірегінде сұрақтар қойып, менеджер тарапынан түщымды жауаптар алды.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

◈ ПРЕМЬЕР-ЛИГА

«Қайратты» қапы қалдырдық

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ,
"Жетісу"

Сейсенбі күні Талдықорғанның орталық алаңында футболдан премьер-лига ойындарының он екінші туры аяқталды. Талдықорғанның «Жетісу» командасы өз алаңында Алматының «Қайрат» командасын қабылдады. Қос команда арасында өткен кездесу өте шиеленісті өтті. Ә дегеннен-ақ шабуылға көшкен жетісулықтар біраз қонақтардың есін шығарды. Әйтсе де қаншама жақсы мүмкіндіктер болғанымен есеп аша алмады.

Қонақтар бірінші таймда тек қорғаныста жүрді. Әйтсе де олар қорғаныста қанша мықтап бекіткендерімен бізділ шабуылшыларға төтеп бере алмады.

Бірінші таймда қос команда қанша тырысқанымен таразы басын әдеіне аудара алмады. Он бес минуттық үзілістен кейін алаң иелері ойынға үлкен серпіліспен кірісті. Өз командаларына жеңіс тілеген жанкүйерлердің қолдауымда шек болмады.

Екінші кезеңнің алғашқы минутында жетісулықтарға әлемі мүмкіндік берілді. Қонақтар қақпасының айып алаңында ойын тәртібінің өрескел бұзылғаны үшін төреші он бір метрлік айып добын белгіледі. Мұндай мүмкіндікті мұлт жіберместен Сергей Костюк айып добын сәтті соғып, есеп ашты. Сонымен алаң иелері бір ұпаймен алға шықты. Бұдан кейін қонақтар ойынға белсене кіріскенімен нәтижені өзгерте алмады. Осылайша 1:0 есебімен «Жетісу» командасы ел біршілігінің он екінші турын жеңіспен аяқтады.

Шәкірттері – мақтанышы

Ибрагим Нүсіпбаев атындағы облыстық мектеп-интернат ұжымы оқу жылын жоғары білім жетістіктерімен қорытындылап отыр. Бұл туралы соңғы қоңырау салтанатында аталған білім ордасының директоры Ерғали Нұртайұлы мәлім етті. Оған мектеп бітіруші 19 түлектің 3-еуі «Алтын белгіге» үміткер болса, 1-еуі халықаралық олимпиада жеңімпазы атануы дәлел.



Халықаралық олимпиада жеңімпазы, мектеп түлегі Гүлжанар ШҰРТАЕВА.

Ұлбосын ИСАБЕКОВА,
"Жетісу"

Жалпы осы оқу жылын 411 оқушы тамамдады. Олардың арасында облыстық, республикалық деңгейдегі білім сайыстарында бақ сынап, топ жарып жүрген жеңімпаздар қатарының арта түскендігі қуантады. Соның мандайалдында Кипр аралында өткен халықаралық интеллектуалдық олимпиадаға математика пәні бойынша қатысып, жүлделі үшінші орынды иемденген 11-сынып оқушысы Гүлжанар Нұртаеваның алған асуы мектеп-интернаттың халықаралық деңгейде білім сапасына қол жеткізген ең ірі жетістік саналады. Шәкіртін білімге баулып, жетістікке жеталеген пән мұғалімі Бақытгүл Мырзалиеваның және сынып жетекшісі Тұрсынгүл Жанғожаеваның еңбектерін ерекше атағанымыз абзал. Білім шаңырағының мерейін асқақтатып, өзінің дарыны және алғырлығымен топ жарған Гүлжанар Бақытжанқызына «Жыл оқушысы» номинациясы бойынша «Дарабоз» қайырымдылық қоры 100 мың теңге сыйақы тағайындап, оның қор директоры Жанат Қанықызы салтанатты түрде табыс етті. Сондай-ақ «Дарабоздың» қаржылай қомақты сыйақысы 120 мың теңгені физика пәнінің мұғалімі Сәния Айтқазина немесе, бұған қоса облыстық пән байқауларына қатысып, жеңімпаз атанған білімпаз оқушылардың әрбірі 20 мың теңге көлемінде ынталандыру сыйлықтарына қол жеткізді.

Осы тұста айтар болсақ, мектеп-интернатқа әрдайым қайырымдылық қол ұшын созып, ауыз толтырып айтарлық игілікті істер атқарып жүрген «Дарабоз» қайырымдылық қоры спорт алаңдарын жабдықтап, жасақтап берсе, енді мектеп спорт залының тозығы жеткен шатырын жаңартуды қолға алатындықтарын жария еткен сүйінші хабар мектеп ұжымы мен ата-аналарды қуантып тастады.

Соңғы қоңырау салтанатында өмірге қанат қағар түлектерге Бегалин атындағы кітапхана меңгерушісі Нұргазина апай мен балалар ақыны Ж. Қалжанова, мектеп бітіргендеріне 10 және 25 жыл толған түлектер ақ жол, сәт сапар тіледі. Көңіл толқытар салтанатты шара соңы алтын ұясын артта қалдырған мектеп түлектерінің «Ұстазым» әні және күміс қоңырау сыңғырымен тамамдалды.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ.

Мүмкіндіктер несиесі

Несие деген не? Энциклопедиялық сөздікте бұл белгілі мерзімге алынған ақша делінген. Ал тәжірибеде ол қажетті сауданы, жөндеуді аяқтауға, сапарға шығуға және басқа да істерді кейінге қалдырмай, бірден жасау мүмкіндігін білдіреді. Бұл дегеніміз, осында және қазір толықканды өмір сүруге жол ашады.

Адамзаттың бағзы заманынан бері несие түсінігі болған. Адамдардың шаруашылық қызметі күрделенген сайын, «болашақ» қоры есебінен өз сұраныстарын жабу қажеттілігі пайда болды. Сол кездің өзінде-ақ біздің бабаларымыз «Кавказская пленница» кинофильмі кейіпкерлерінің бірі айтқандай «ниетім бар, бірақ мүмкіндігім жоқ!» жағдайын шешуге ұмтылды.

Бүгінде де қарызды алып-қайтару қымбат тұрады – қазіргі отбасы өз қажеттіліктерін уақытылы қанағаттандыру үшін, қаржы тәртібін қатаң ұстану қажет. Және тәжірибе көрсеткендей, осының өзі қажетті қаражатты дер кезінде тауып алатындығына кепілдік бермейді. Несие болса уақыт бойы ақшаңды оңтайлы бөлуге, яғни тауарлар мен қызметтерді дәл қажет кезінде сатып алуға мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, кей кездері несиеден басқа балама болмайды.

Мәселе тек, қаражатты қашан және қандай шарттарда тарту ғана болып тұр. Ал дағдарыс осы мәселеге тағы бір өзектісін қосты – бүгінде несиені кім ала алады?

Мысалы, «Альянс Банкі» «АЛЬЯНСКРЕДИТ» өнімін көпшілікке қол жетімді болатындай етіп, әлеуетті қарыз алушыларға осындай талаптар қоюда. Яғни сыйақы мөлшерлемесі 21 пайыздан, жылдық тиімді мөлшерлемесі 24,3 пайыздан, несиені қамсыздандыру бойынша жылжымайтын мүлікте немесе банктегі мерзімді салымы қабылданып, несие сомасы 1млн. теңгеге дейін болғанда несиені қамсыздандырусыз алуға болады. Және кірістерді растау қажет.

Несие теңгеде 3 жылдан 7 жылға дейін беріледі. Қарыз алушы 100 000-нан 5000 000 теңгеге дейін немесе несие бойынша қамтамасыз ету болып табылатын салым сомасынан 90 пайыз ала алады.

«АЛЬЯНСКРЕДИТтің» бірқатар артықшылықтары бар: жеңілдікті кезеңде 0 пайыз мөлшерлемесі бойынша берешегін өтеу мүмкіндігі, жаңғыртылатын несие шегі және басқалары. Қарыз төлем карточкасына белгіленген несие шегі арқылы беріледі. Ал ұсыныстың имкеді болуы арқасында, клиентке ең ыңғайлы несие шарттарын таңдауға жол береді.

Құжаттар тізімі әдеттегідей: СТН, ӨЖК; жеке куәлік; белгілі мекенжай бойынша тіркеуде тұрғаны туралы құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі; отбасылық жағдайы туралы құжат; соңғы 6 айдағы кірістері туралы анықтама; 6 айдағы есептеулер туралы зейнетақы қорынан үзінді-көшірме. Және кепілдігіне қарай – жылжымайтын мүлік затына құқық орнатушы және техникалық құжаттары немесе банктік салым шарты. (Сонымен бірге, банк басқа да құжаттар сұратуы мүмкін екенін, есте ұстаған жөн).

Көріп отырғанымыздай, еліміздің қалың жұртына арналған несие шарттары қолайлы. Өйткені «АЛЬЯНСКРЕДИТ» азаматтар пайда болған мәселелерін уақытылы және тиімді шешу мүмкіндігі үшін әзірленген.

Әйгілі кинолентадағы тосты жалғастырсақ – «Альянс Банкі» клиенттердің «ниеттері әрқашанда мүмкіндіктеріне сай» болуын тұтастай қолдайды.

◈ Сағыныш



АЛДЫ ҮМІТ, СОҢЫ ӨКІНІШ, ӨТЕДІ ӨМІР

Жетісу жері ел танитын ерлерге кенде болмаған. Әйгілі батыры, арқалы ақынымен қатар, экономика саласында да оқымысты ғалым ретінде соңына қыруар еңбек қалдырған нар тұлғалы азаматтар өткен. Солардың бірі әрі бірегейі, бұрынғы Алматы халық шаруашылығы институтының түлегі, кейін сол оқу орнының ұстазы болып көп жылдар қызмет атқарған экономика ғылымының кандидаты, профессор, ұлты мен ұрпағының қамын жеп өмір кешкен жетісулық Әбдіғали ӘБДІМАНАПҰЛЫ.

Қысқа ғұмырында жоғары оқу орындарына арналған экономика саласына қатысты 15 оқулық пен жетпістен астам ғылыми мақалалар жариялаған Әбекең тірі болса, осы жылдың 17 маусымында 70 жасқа толар еді.

Осыған орай, Әбекеңнің шаңырағын шайқалтпай ұстап, ұрпақтарын тәрбиелеп отырған жан жары – Зияда Төкенқызының аяулы азамат, белгілі экономист, ұлтжанды оқымысты-ғалым жайлы жазған шағын естелігін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Тағдырдың басқа салғанына не шара. Шаңырағымыздың тірегі, ұлтын, жерін, тілін, ұрпағын жанындай сүйіп өткен Әбдіғалисыз үш жыл уақытты да соңымызға қалдырдық. Төртеуі түгел болса, тымырап тез өтетін уақыт ширкін біздің шаңырақты сағынышты мұңға орап, баяу жылжитындай. Үш жыл емес, арада асу бермес үш асқар тау қалғандай.

Түс кезінде жұмыстан сап-сау келіп, кешке қарай бұл пәни дүниеден бақилыққа өте шықты. Бәрі түс секілді. Оқыс келген ажалға адам араша тұра алар ма?! Алланың ісіне шарамыз қайсы?! 1940 жылдың 17 маусымында Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылында дүниеге келген Әбекең саналы ғұмырын ұлт болашағы, ұрпақ ертеңіне арнады. Өз ісінің білгірі, білікті азамат еді. Бәлкім, тектілігінің тамыры тереңде жатқанынан болар.

Әкесі Әбдіманап сол ауылдың айтулы, ашық мінез, кеңпейіл азаматы еді. Қандай қызмет атқарса да, айналасына сыйлы жанның бірі екені туралы көзін көргендер жақсы пікірлерін айтады. Өмірінің соңында сол кездегі Нарынқол селолық кеңесінің төрағасы болған екен. Солардың бірі – балдызы Оқап Тәліпұлы. *«Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында ел басқарып, Нарынқол ауылының жетім-жесірлерінің қайғы-қасіреттерін бөліскен, жоқ-жітіктеріне қарасқан қамқор басшы – Әбдіманап жездеміз отбасына жайлы, өтірікке бармайтын шыншыл әрі ақжарқын, ақпейіл адам еді. Өз бетімен оқып-жазуды үйренген, ертелікten қолынан газет, журнал түспейтін сауатты әрі салиқалы жан еді»*, – деп жазған екен өзінің естелік кітабында.

Сол сияқты ауыл ақсақалдары бұл күнде сексеннен асып, немерелі-шөберелі болып отырған Әбілбакас, Таутай ағалар да өздерінің естеліктерінде атамыздың еңбегін айтып жүреді.

Анасы Әтиман Тәліпқызы осы аудандағы Жәменке ауылының Үшқақпақ деген жерінде дүниеге келген. Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне негізгі себеп болған – Ақ патшаның 19 бен 43 жас аралығындағы қазақ азаматтарын майданның қара жұмысына алу жөніндегі әйгілі «Июнь жарлығына» қарсы шыққан Жәменке батырдың ұрпағы. Жәменке батырдың: «Берсек бала өледі, бермесек шал өледі. Бала өлгенше шал өлсін. Бала бермеймін!», – деген аталы сөзі ел ішінде тарих болып сақталып қалған.

Осындай отбасынан шыққан Әбдіғали бақытты балалықтың балғын дәмін енді татып келе жатқанда әкесі 1946 жылы дүниеден өтеді. Селолық кеңестің атқару комитетінің төрағасының еркек ұлы ендігі жерде етек-женін жиып, есті балаға айналып шыға келеді. Бұл – Отан соғысы есеңгіретіп кеткен ауылдың енді-енді еңсесін көтере бастаған шағы еді. Жиырма төрт жасында үш баламен қалған анасының үлкені болғандықтан еңбекке ерте араласады. Анасының қабырғасына батқан қайғысын жеңілдетіп, иығына түскен жүкті көтеріп, қас-қабағын бағумен ерте есейген Әбекең отбасының тірегіне айналады.

Орта мектепті үздік аяқтаған соң, еңбекке араласып жүріп 18-19 жасында бір аяғынан кемтар болып қалады. Солай бола тұра, өзінің қайсарлығының, сауаттылығының арқасында, қайратына қайта мініп, намысын жанып, Нарынқолда есепші қызметін атқарады. Өз жұмысына аса жауапкершілікпен қарағандығы болар, аудан басшыларының шешімімен алғашқы комсомол ұйымын басқарады. Соның нәтижесінде 1962 жылы жиырма екі жасында партия қатарына мүшелікке өтеді. Туған жерінде біраз уақыт жұмыс атқарып жүріп, анасына үлкен үй салып беріп, жағдайын жасаған соң, ақ батасын алып, 1964 жылы Алматыға оқуға келеді. Орта мектепті бітіргеніне 6-7 жыл өтіп кетсе де, тумысынан зерек жігіт емтихандды жақсы тапсырып, Алматы халық шаруашылығы институтына оқуға қабылданады. Мен Әбдіғалимен бір факультетте, бір топта білім алдым. Ең алғашқы таныстығымыз да осы жерде басталды.

Ол жылдары институтқа әскери міндетін атқарғандармен бірге ауылды жерлерде жұмыс істеп, тәжірибе жинақтап келіп оқыған жастар көп болатын. Ал біздер болсақ, он бір жылдық мектепті бітіріп, оқуға түскен өрімдей жастар қатарынан едік. Әбдіғали ортамызда ерекше естияр болып көрінетін. Өмірде көргені мен көңілге түйгені көп болғандықтан ба, алғашқы күннен бастап-ақ жан-жағына курстастарын топтастырып, ақжарқын, жайдары мінезімен баурап алған еді. Мектеп бітіргеннен кейін арада алты жыл салып барып оқуға түскенімен үздік оқыды.

Өзі партия мүшесі болғандықтан партия, кәсіподақ, комсомол жұмыстарына студент кезінен белсене араласты. Қоғамдық жұмыс пен сабағын қатар алып жүріп біздерге үлгі, өнеге көрсететін. Жасым үлкен екен деп ақылсымайтын. Керісінше, ағалық қамқорлық көрсетуге тырысатын. Осы бір жайдарман мінезі ұстаздар мен білім ордасының басшыларына ұнағандықтан 1968 жылы институтты бітіргеннен кейін өзі оқыған оқу орнының «Бухгалтерлік есеп және экономикалық талдау» кафедрасына оқытушы ретінде алып қалды. Мен болсам, өзімнің туған жерім Қарағанды облысының Жаңарқа ауданына дипломдық жолдамамды қолыма алып, ата-анамның қасында болдым. Арада өткен екі жыл ішінде бір-бірімізден хабар үзбей, тілесіп тұрдық. Өйткені Әбекең екеуіміз институт қабырғасында жүргенде өмірлік бірге болуға сөз байласқан едік. 1970 жылдың қараша айында екі жақтағы ата-ана, туған-туыстардың рұқсатымен, баталарын алып отбасын құрып, шаңырақ көтердік. Қуанышымызға ортақтасып, Арқа еліне Әбдіғалидың анасы, ағасы Рахымберді Тәлипов, жеңгесі Сара, біздің ортақ ұстазымыз, қазіргі Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Сағындық Сатыбалдыұлы, Әбдіғалидың кластас досы, қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлил Ахметов секілді жақындары мен туыстары болған еді. Ата-ананың ақ батасымен болашаққа бірге қанат қақтық. Жолымызда кездескен қиындықтарды бірге жеңдік. Арман, мақсатымыз бір болғандықтан қандай сәтте де ақылға салып, сабырмен шешетін едік. Әбекеңмен өткен әрбір сәтім бақыт пен шаттыққа толы еді. Бақыттың бағасын сезінген сайын, Аллаға шүкірлік айтып, осындай күнге жеткенімізге тәубе қылушы едік. Төрт перзенте сүйдік. Бұл қуанышымызға ата-аналарымызбен, туған-туыс, жора-жолдастарымыз бірге қуанды, қызығымызды тең бөлісті. Қазақстанның түпкір-түпкірінде тұратын жолдастарымыз күн демей, түн демей келіп-кетіп жататын, олардың барлығына ортақ сеәілді болатынбыз. Әбдіғали ұстаздық еңбегін жалғай жүріп, ғылыми ізденумен болды. Кандидаттық диссертациясын қорғады.

Сол уақыттағы Алматы халық шаруашылығы институтының ректоры, профессор А. Беловты тәжірибесі мол, әділ, шебер басшы ретінде ұжым қызметкерлері, студенттер қатты сыйлайтын. Ол кісі бізге де дәріс берді, қазақшаны кейбір қазақтардан таза, жетік сөйлейтін. Сол кісі Әбдіғалиды өзінің баласындай жақсы көрді. Әбекеңнің қай салаға болсын қабілеті бар екенін байқаған соң бағалады ғой деп ойлаймын. Себебі, Алматы халық шаруашылығы институтына салынған үйден 1973 жылы үш бөлмелі пәтер берді. Ол уақытта біздің Бектас деген ұлымыз ғана бар еді. Оқуға келген абитуриенттерге ол кісі үлкен қамқорлықпен қарайтын. "Орынды болса көмек көрсетіңіздер. Шөппен жұмыс істеген адам жұмыс соңында бір қолтық шөпті үйіне алуға қақысы бар. Сіздер де сол сияқты талабы бар жастардың білімді, санаяы азамат болуына ықпал етулеріңіз керек", – дейтін.

Әбдіғали көптеген жастарға көмек берді, өзінің іні-қарындастарын оқытуға да жанын аямады. Диплом алған соң жұмысқа орналасуларына да ықпал жасады. Солай бола тұрғанмен, өз ешкімді мазаламайтын. Өзіне, балаларына байланысты мәселелерге сырттан көмек сұрамайтын, керісінше көмек күткендерге шын ниетімен қол ұшын беруге асығатын. Ең алдымен олардан өз ісіне аса жауапкершілікпен қарауды және білімінің соған лайықты болуын талап ететін. Ара-тұра олармен әңгімелесіп, пікір алысқанда іштей риза болып, өмір талабына сай келетін жастар тәрбиелеген екенбіз деп қуанып қалушы еді.

Қарапайым еді, ешкімді қызметіне қарап алаламайтын, үлкен немесе төмен деп бөлмейтін. Барлық адамдармен тең сөйлесетін.

Мінезі ашық, кішіпейіл еді Әбекең. Сыйласқан адамымен өмірінің соңына дейін араласып, сыйласты. Үлкен-кіші деп жасына қарамай, айналасындағы адамдармен ортақ тіл тауып, шүйіркелесе кетуші еді. Үлкен болса аға, әке тұтып, кіші болса өзінің бауырындай көретін. Жас баладай аңғал да еді. Кейде сол нәрсеге ренжіп, сол нәрсеге қуанатын.

Анасымен қалжыңдасып отыратын бала мінезі әлі күнге көз алдымда. "Менен он алты жас кана үлкендігің бар, әпкем сияқтысың, маған әзілдесуге болады. Жиырма төрт жасында жесір қалып едің, обалыңа қалыппын. Ұзатып жібергенімде әкелі әрі қалың малды болатын едім», – деп әзілдеп отыратын. Отбасында үлкені болды. Соңында іні-қарындастары бар, солардың барлығына әкесіндей үлкен көмек жасады, қамқорлығын алды.

Нарынқол жерінің табиғаты ерекше ғой. Әртүрлі жиын-тойға жиі барып тұратынбыз. Сондай сәті түскен бір кезде Жәнібек Кәрменов пен Ақселеу Сейдімбековті қонаққа шақырып, Шалкөде жайлауына апарған едік. Жәнібек: «Әбеке-ау, жер жаннаты осында екенін неге ертерек айтпағансың», – дегені әлі есімде.

Ал Ақселеу (ол кісі менің жұмыс ауылдасым) өзінің белінен келетін гүлі мен шөбі аралас жайлаудың көк шалғынына бір аунап алды да, «Әбеке, хош иісті нәсіп кімге жеткізіп сепкенсіңдер», – деп қалжыңдайтын. Олар Шалкөде жайлауының табиғатын тамашалап, әсем қарағайын аралап, өзеннен форель балығын ұстап, әрілей ауасын жұтып, бір масайрап қалған еді.

Әбдіғали өзінің жерлес, біраз уақыт көршілес тұрған ақын, дауылпаз ақын ағасы Мұқағали Мақатаевты ерекше мақтан тұтатын. Сол кісінің төмендегі жыр шумақтарын бар ықыласымен беріле оқушы еді.

Пай, пай, өмір!
Өтесің-ау бір күні.
Тынсың-ау қуанышты, күлкілі.
Өмір деген – бір жарқ еткен
найзағай,
Өмір деген – көк аспанның күркірі.
Пай, пай, өмір!
Өтесің-ау бір күні.
Болмағандай, жүргендей
сенде біз.
Кетеміз-ау, әй кетеміз...
тендеміз.
Ұрпақтарға береміз де кезекті,
Біз кетеміз.
Кету үшін келгенбіз.
Мына күн де, мына аспан да,
дала амау.
Бәрі бізден, бәрі бізден
қалады-ау.
Өмір дейтін – тағатсыз бір
қозғалыс.
Өмір дейтін – өзегін ден
қарамау...

Неге екенін білмеймін, Әбдіғали осы өлең жолдарын жиі оқитын. Иә, бұл өмірге келген жанның бәрі қонақ екенін бәріміз де түсінеміз. Солай бола тұра, ақын ағамыз айтқандай, "кетеміз" деп ұғынбаймыз. Әбекең соны сезіп те жүрген секілді ме, қалай?..

Біздер үшін аз көрінетін өмірін Әбдіғали Әбдіманапұлы мыңмынысыз еңбекпен, адалдық пен абыроймен өткізді. Жан жолдасының мүмкіндігінше қамқорлық көрсетіп, нұрын шашты. Мұның ізі – қайтыс болғаннан кейін, жыл уақтысына қарай 2008 жылы «Көзден кетсе де көңілде қалған профессор Әбдіғали Әбдіманапұлы» деген естелік кітап жарық көрді. Әбекең 30 жыл халық шаруашылығы институтында (қазіргі Т. Рысқұлов атындағы университет) қызмет істеді. Оқытушылық жұмыстан бастап, аға оқытушы, декан, кәсіподақ ұйымының басшысы, партия ұйымының хатшысы, кафедра меңгерушісі жұмыстарын абыроймен атқарды, суреті Құрмет тақтасынан түскен емес.

1997 жылдан бастап ҚР бухгалтерлер мен аудиторлар қауымдастығының төрағасы болып сайланды. Осы уақыттан бастап «Бухгалтерлік есеп және аудит» журналын шығарып, оның бас редакторы қызметін қоса атқарды.

Әбдіғали Әбдіманапұлы Қазақстан Журналистер одағының және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің «Бухгалтерлік есеп және аудит» жөніндегі эксперттік кеңестің мүшесі болды. Бухгалтерлік есеп мамандығы бойынша он 15 оқу құралдары мен оқулықтардың, 70 ғылыми мақалалардың авторы.

Ол кісі өмірден өтсе кезде ел-жұртқа сыйлы, қадірлі, керемет азамат екенін көріп тәубе еттік. Экономика, қаржылық есеп мамандары қазақ тілінде жазылған оқулықтарына үлкен баға берді. «Бухгалтерлік есеп» ғылымының тілі ауыр екенін оны ғылыми тұрғыдан түсінікті етіп жеткізудің қиындығын айта келіп, академик ағаларымыз К. Нәрібаев, С. Сатыбалдин, профессорлар К.Дүйсенбаев, Оқлев, Ұзақов сынды ірі ғалым екенін аса мақтанышпен атап өтті. Ректоры Н. Гамарник Әбекеңді «бухгалтерлік ғылымының корифейі (ғылымның көрнекті кемеңгері)», – деп жазды.

Бухгалтерлік, қаржылық есеп, экономикалық талдау, т.б. мамандықтар бойынша тек орыс және қазақ тілінде еңбек жазғанда Әбекең әдеби тіл байлығынан да құралақан еместігін дәлелдеді. Осы тұрғыда жерлес інісі, ақын Бақкожа Мұқай «Әбекең ағаны қай салаға болсын қосып жіберсе, сүрінбей абыроймен алып шығады», – деп мақтан ететін.

«Егемен Қазақстан», «Халық кеңесі», «Ақиқат», «Заман Қазақстан», «Парасат» секілді басылымдарға әртүрлі тақырыпта «Алматының ғимараты ел алдас», «Есте қалған есімдер», «Қуанышы көп болды бұл маркетингтің» сияқты көптеген мақалалар жазды.

Еңбек еткен ортасындағы әртүрлі жиындар, мерейтойлар онсыз өтпейтін. Барлығына қызу араласып, аяғына дейін тікесінен тік жүріп атқаратын.

Тұрар Рысқұлов атындағы университетте қызмет етіп жүргенде 1995 жылы Американың Нью-Йорк, Вашингтон, Майами қалаларына іс-сапармен білім-тәжірибе алмасуға барып, екі апта болып қайтты. 1996 жылы құрамында 18 білімді оқытушы профессорлары бар топты басқарып, Шотландияға барып келді. Одан кейінгі уақытта да Франция, Испания, Мәскеуде өткен конгрестерге қатысып, баяндама жасады.

Балалары өзінің жолын қуып «экономист» мамандығына ие болды, ұлым – ұяға, қызым – қияға қонды. Олар да өмірден өз орындарын тапты. Балалардың арасында құда-құдағилы болып, өрісіміз кеңейіп, қуанышты күндеріміз көбейді, немерелі болдық.

Тек қана өзіміздің балаларымыз ғана емес аға, іні, қарындас, туған-туыс, жора-жолдастарымыздың да қуаныштарына ортақтасып, құда-жекжаттың қатарын көбейттік.

Арасында қиыншылығы бар күндерді бағымыздан өткізсек те 40 жылға жуық бақытты өмір сүрдік. «Інжім, саған рақмет, балалардың дұрыс тәрбиесі сенің еңбегіңнің жемісі, туыс-туған, жора-жолдас, құда-жекжаттың алдында абыройымды көтердің, ұялтпадың, салты басты сайран құрып жүргенім де сенің үлесің», – деп менің де мәртебемді көтеретін.

Балажан еді, балаларына қатал талап қойғанымен, оларға деген әкелік махаббаты ерекше болатын. Қыздарын ұлдарда қиналып, жас баладай еркелейтін күні кешегідей көз алдымда.

Алдына қойған жоспары көп еді. "Қазақ тілінде енді 2 оқулық жазамын, одан кейін естелік жазамын", – дегені әлі күнге құлағымда тұр. Оған жете алмады. 2007 жылы 22 маусымда кенеттен дүниеден өтті. Өкінішке, шымастықты арқалап біз артында қала бердік. Бұл тек біздің басымыздағы тағдырдың өкінішті сәттері емес, өмірге келу бар, кету бар. Дегенмен, қуанышты сәттерде осы қызықты көрсеңші, ренжіген сәттерде жаным демеу болсашы деп тілейтін сәттер де болады. Қазіргі кезде біздің ортамызда болса 70 жасқа келемін деп балаша қуанып, желпініп жүрген болар ма еді?!

Артымда адаспайтын жол
тастап кет.
Ескеріп, ойлап жүрер сөз
тастап кет.
Өтіпсің қоштасарды ұлағатты,
Керекті, өнегелі із тастап
кет, – деген бабалар аманатын ол толық атқарды деп есептеймін.

Соңында ұл-қыз, немерелерін, өлмейтін еңбектерін қалдырған азаматтың алды бейіш болғай. Жаратқаннан соны тілек етемін, ал арты кеңшілік болғаны шығар, бала-шағасы өсіп, өмірге немерелері келіп жатыр. Ендігі тілек – ұрпағымыз, еліміз, жеріміз аман болсын.

Зияда ТӨКЕНҚЫЗЫ,
зайыбы.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ.

◈ ТАЛДЫҚОРҒАН ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНЕ – 75 ЖЫЛ

БІЛІМ ШАҢЫРАҒЫ

Айдай әлемді аузына қаратқан өркениетті елдердің барын жаңғыртып, таңдандырар құпияның бір ұшы білім беруге қаншалықты көңіл бөлуінде жатыр. Ғылым мен білімнің нәтижесінде дүние жаңарып, жаңғырды. Әрине, бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің тың серпінмен алға жылжып бара жатуының себебі де қазақ халқының өнер көшінде жатса керек. «Кел, балалар оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық» деп басталатын ұлағатты, білім беру бұдан кейінгі жастардың шоқтығын тәрбие алып, ел ірісін бекітуге күш-жігер беретіні хақ. Осыған орай, бүгінгі уақыттың тамырын тап басып, еңбек нарығындағы нақты талаптарға жауап бере алатын мамандар даярлауда Талдықорған политехникалық колледжі өзге әріптестерінен оқ бойы озық келеді.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Құрылғанына 75 жыл болған оқу орны жан-жақты мұқият жоспарланған ісімен және шығармашылық ізденісімен ерекшеленеді. Оның үстіне колледжде студенттердің білімі мен біліктілігін арттыру бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар аз емес. Күнделікті оқыту жұмысындағы жаңа түстарды айтпағанның өзінде, кең көлемде ұйымдастырылған шаралар колледждің жарқын келешегін көрсеткендей. Соның бірі – білім ордасының құрылғаннан бері жеткен жетістіктерін қорытындылап, алдағы күнде атқарылатын игілікті жұмыстардан жұртшылықты хабардар ету мақсатында ұйымдастырылған колледждің 75 жылдық мерейтойына арналған іс-шара. Аталмыш шараға білім шаңырағының 300-ден аса түлегі, «Кәсіптік білім беру» бағыты бойынша мамандар даярлайтын республикалық және облыстық дәрежелегі колледждердің директорлары және облыстық, қалалық әкімдіктің өкілдері қатысты.

Салтанатты шара колледждің «Жас қыран» театры сахналаған «Жетісу бағбандары» атты спектаклімен басталды. Көркемдік жетекшісі Ғалия Темірбаева, сценарийін Өтен Ахмет жазған театрландырылған қойылым білім шаңырағының 75 жылдық тарихын арқау етті. Оқуға қалаға оқу іздеп келген ауыл жастарының тосыннан кездесіп, ары қарай бір колледжге оқуға қабылданғанынан басталып, соғыс жылдарындағы қиын-қыстау жағдайлар жастар арасындағы махаббат сезімі арқылы өріледі. Соңы білім ордасының бүгінгі тыныс-тіршілігін көрген аға буынның риза көңілі арқылы түйінделген. Спектакльді көріп, колледждің өткен өмірінен терең сырлар ұғынған көпшілік келесі кезекте мерейтойға орай ашылған мұражайды тамашалады. Оқу ғимаратының 3-ші қабатындағы тынысы кең, жарық бөлмеге орналасқан мұражайдағы дүниелер көз тартады. Мұнда білім шаңырағындағы 75 жылдан бергі елеулі істер, оны әр жылдары басқарған басшылар туралы мәлімет, жеткен жетістіктер мен келешектегі жоба-жоспарлар толық жинақталған. Тіпті, студенттер жобалаған колледждің келешек оқу ғимаратының макеті көрген жанды бей-жай қалдырмайды.

Мұражайдың тыныс-тіршілігіне қаныққан көпшілік колледж стадионындағы мерекенің ашылу салтанатына қатысты. Алдымен жұрт назарына студенттер дайындаған спорттық шаралар ұсынылды. Бұдан соң сахна төріне колледж директоры Мұзаппар Шыныбаев көтеріліп, қонақтар мен студенттерді мерекемен құттықтап, колледж тарихын баяндап өтті.

Білім шаңырағы алғаш 1935 жылы Талдықорған қаласында ауыл шаруашылығын механикаландыру мектебі ретінде ашылған. Алайда, мектептің оқу ғимараты болмағандықтан 1936 жылы қараша айында Қазақ ССР Жер істері халық комиссариатының бұйрығымен Қапал ауылына көшіп ауларады. 1941 жылы аталған комиссариаттың бұйрығымен Қапал және Лепсі ауыл шаруашылығын механикаландыру мектептері біріктіріліп, Қаратал ауылшаруашылық механикаландыру мектебі деп аталып, Үштөбе стансысына көшіріледі. Алайда, жан-жағы күріш алқаптарымен қоршалған мектеп орналасқан жер батпақты болып, жұқпалы ауру ошағына айналып кету қаупін туғызғандықтан 1948 жылы Талдықорған қаласына көшіру іске асырыла бастайды. 1947-1950 жылы 120 орынды жатақхана мен 300 орынды оқу ғимараты, жылу орталығы, автотұрақ және басқа шаруашылық құрылыстары салынды. Міне, осыдан бастап колледж бүгінгі орналасқан жерінде білім беру ісімен шұғылданып келеді.

Еңбектің де өтеуі болады. Оқу орны соңғы 5 жыл қатарынан Талдықорған қаласындағы «Ең үздік оқу орны», 2003, 2007 жылдары Алматы облысы бойынша үздік колледж атанды. Халықаралық «Ұлттық экономика көшбасшысы – 2006» құрмет белгісін алды. 2006 жылдан Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының эксперименттік алаңы болып саналады. 2007 жылы «Балалық шақ досы» бірінші ұлттық байқауында «Ең үздік колледж» номинациясы бойынша бас жүлдемен марапатталды. Астана қаласында өткен республикалық орта білім беретін оқу орындарының көрмесінен де үлкен жетістікпен оралды.

Баяндамадан кейін сөз кезегі Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаевқа берілді. Алдымен қала әкімі Сәкен Жылқайдаровтың құттықтауын жеткізе келіп, Мәрлен Қапашұлы: "Қымбатты қауым, мен сіздерді өңіріміздегі мамандар тәрбиелеуде елеулі үлесі бар Талдықорған политехникалық колледжінің 75 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Аталған білім ордасы осы жылдар аясында көптеген түлектерді тәрбиелеп, беделі биік білім ордасына айналды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «... Біз білім беру жүйесін нарық ұстанымдарының талаптарын ескере отырып дамытуға жаңаша жағдайлар жасай алдық» дегені аталмыш саланың болашақтағы бағытын көрсетеді. Қазіргі заман көші алға озған сайын ғылым мен білімге деген талап күн санап артып келеді. XXI ғасыр – білімділер ғасыры. «Айшылық алыс жерден, жылдам хабар алғызған» техникалық құндылықтар үстемдік құрған кезеңде ақылды машиналардың «тілін» білу – өмірлік қажеттілік. Сондықтан сіздер осы қажеттілікті шешу үшін әлі де өрелі жұмыстар атқарады деген ниеттемін», – деді.

Осыдан кейін алыс-жақыннан келген қонақтар мен колледж түлектері жүрек жарды құттықтауларын айтып, білім ордасының кешегісі мен келешегі туралы ойларын ортаға салды. Сондай-ақ, естелік сыйлықтарын табыс етіп, білім берудегі тың жаңалықтарымен республикамыздағы орта білім беру мекемелерінің көшбасшысы бола беруіне тілектестігін білдірді.

Тың табыс тілеген құттықтаудан кейін көпшілік мамандықтар шеруін тамашалады. Колледжде 3 бөлім бар. Олар: жалпы білім бөлімі, кәсіптік педагогикалық бөлім және информатика мен есептеу техникалар бөлімі. Аталған бөлімде 12 мамандық бойынша екі жарым мыңнан астам студент білім алуда. Оларға 200-ге тарта оқытушы білім береді. Бүгінгі күн талабына сай оқу кабинеті, зертханалар ақпараттық техникалармен қамтамасыз етілген. Материалдық-техникалық базасы толық. Мамандықтар шеруінде осының бәрі қамтылған. Шеруден соң студенттер дайындаған концерттік бағдарламаға кезек берілді. Сондай-ақ, колледж директоры мерейтойға орай өткен ақындар мүшайрасының жеңімпаздарын марапаттады. Бір сөзбен айтқанда, колледждің 75 жылдығына арналған салтанатты шара жоғары деңгейде аталып өтті.

Түйін орнына

Аталған білім шаңырағы құрылғаннан кейін де талай қиын кезеңдерді бастан кешірді, тіпті, Ұлы Отан соғысы жылдары бір мезгіл оқуын тоқтатты. Бірақ жібі үзілмеді. Қайта 1997 жылы қаңтар айында Мұзаппар Шыныбаев басшылық қызметке келгеннен кейін жаңадан мақсатқа бастады. Ол кезде мұнда 700 студент білім алатын. Жаңа басшы бастапқыдан шаш үшін студенттердің санын көбейту керек деп шешті де, бар күшімен іске кірісті. Ол үшін жаңа мамандықтар ашып, оқытушылардың сапасын арттыру қажет болды. Осыған орай бағдарламамен қамтамасыз етіп, есептеу машиналарын сияқты жаңа мамандықтар ашылды. Нәтижесінде, студенттердің саны жыл санап артты. Содан кейін, колледжде оқытудың жаңа технологияларын қолдану керек деген талап қойылды. Соған сай, соңғы жылдан бері кредиттік оқыту, өткен жылдан бері қашықтан оқыту технологиясы қолданыла келеді. Алдағы уақытта «Білім» атты бағдарлама аясында жұмыс істейтін «Лемберг құрылғысы» деп аталатын оқу бөлмелерінің жұмысын жандандырып, бәсекеге қабілетті маман даярлауды көздеп отыр. Әрине, 75 жыл өңіріміздің өміріне өзіндік үлесі бар колледждің бұдан кейін де көптеген мамандар, шеберлер дайындап, еліміздің өркендеуіне ықпал ете береді деген сеніммен.

◈ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Жер тиімді пайдаланылсын

Жер телімдерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар жерді құнарсызданудан және шөлейттенуден, су және жел эрозиясынан, селден, су басудан, батпақтанудан, қайталап сортаңданудан, құрғап кетуден, таптаудан, өндіріс пен тұтыну қалдықтарымен, химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттармен ластанудан, басқа да бүлінуден қорғауға міндетті.

Аграрлық сектор – ел экономикасының аса маңызды бөлігі болып табылады. Халқымызды азық-түлікпен, қайта өңдеу өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз ету және экономикамыздың өркендеуі осы саланың дамуына тәуелді. Дүниежүзілік тәжірибелік талдау көрсеткендей, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын әр адам өнеркәсіпте қосымша төрт жұмыс орнының ашылуына мүмкіндік туғызады.

Алматы облысының жер қорында ауыл шаруашылығына арналған 16,4 млн гектар, оның ішінде 1,04 млн га егістік жер бар. Еліміздегі жер қорының 20%-ын құрайтын 447,3 мың гектар суармалы жер облыс аумағына орналасқан.

Былтырғы көктемде өткен Қауіпсіздік кеңесінің отырысында Елбасы Үкіметке еліміздің саудасаттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қарастырумен қатар ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді және мақсатты пайдалануды қадағалауды жүктеді. Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша өңіраралық жер инспекциясы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Алматы облысы бойынша жер қатынастары басқармасы және ауыл шаруашылығы департаментімен өзара келісімге келіп, ауыл шаруашылығына арналған жерлерді тиімді пайдалану мен қорғауды қадағалау, нысаналы мақсатынан тыс пайдаланылатын немесе пайдаланбайтын жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бойынша бірлесе қызмет істеу туралы меморандумға қол қойды. Осы келісім аясында атқарылған шаралар нәтижесінде ауыл шаруашылығына арналған жердің пайдаланылмай жатқан жалпы көлемі 78 мың гектардан асатынын және оның ішінде 37 мың гектар суармалы жер барлығын анықтады. Осыларға байланысты 98 субъект әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға 2 млн. 862 мың теңге айыппұл салынды. Жалпы көлемі 11 451 мың гектар болатын 39 жер телімі бойынша сот органдарына шағым тапсырылды. Аграрлық сектордағы шаруашылық субъектілеріне көлемі 38 мың гектар жерді арналған мақсатына сай пайдалану қажеттігі туралы 679 жазбаша хабарлама(?) шалар жіберілді.

Иесіз қалған 41 мың гектар жер анықталып, осының 29 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылды. Сонымен қатар, инспекция нұсқаулықтарының нәтижесінде жалпы көлемі 3 мың 801 гектар жердің иелері өз еріктерімен жер пайдаланушы құқығынан бас тартты. Инспекция талаптарына бойынша сот шешімімен 25 мың 195 гектар жер қайтарылды.

Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау – жер қатынастарын реттеу тәсілдерінің ең ықпалды әдісі болып табылады. Жер инспекторларының аудандар мен аудандар бойынша штаттық бірліктердің болмауы облыс аумағында мемлекеттік бақылауды жүргізуде қиыншылықтар туғызуда. Бұл мәселе облыс және ҚР жер ресурстарын басқару агенттігінің деңгейінде қаралғанымен, әлі күнге шешімі табылмады.

Осыған қарамастан, жер инспекциясы өзіне жүктелген мемлекеттік маңызы бар міндетті жауапкершілікпен атқаруда. Соның ішінде ауыл шаруашылығына арналған жерлерді тексеруге ерекше назар аударады. Аталған жұмыстардың нәтижесінде ауыл шаруашылығына арналған жерлерді игермегендігі үшін әкімшілік жауапкершілікке тартумен шектеліп қана қалмай, жерге меншік иелері мен жер пайдаланушыларға нақты талаптар қойып отыр. Ондай талаптардың орындалмауы әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғатынын да тиісті тұрғыда жеткізіп отырады.

Жер телімі ҚР Жер кодексі немесе басқа да заңдарда белгіленген ережелер бұзыла отырып пайдаланылса, ҚР "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Заңында көзделген жазалау шаралары қолданылғаннан кейін меншік иесінен және жер пайдаланушыдан қайтадан алынып қойылады.

Мемлекет басшысының жерді барынша тиімді пайдалану туралы тапсырмаларын басшылыққа алған ҚР жер ресурстарын басқару агенттігі жер заңдылығының қағидаларын талдаудан өткізіп, соның нәтижесінде Жер кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу жайлы ұсыныс дайындады. Қазіргі уақытта осы тұрғыда дайындалған заң жобасы Қазақстан Республикасының Мәжілісінде қаралуда. Сонымен қатар, 2009 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы заңымен Жер кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, онда ауыл шаруашылығына арналған жерлерді ұтымды пайдалану жолдары қарастырылды.

Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша өңіраралық жер инспекциясы.

Құттықтаймыз!



Алакөл ауданы, Үшарал қаласының тұрғыны аяулы жар, ардақты анамыз **МУХАШОВА Манат Алдажарқызы** 23 маусымда 55 жасқа толады.

Анамызға зор денсаулық, ұзақ өмір тілей отырып, әкеміз **Есенкелді Абылханұлымен** бақытты ғұмыр кешіп, немерелерінің қызықтарын көруіне тілектестіз.

Еркелеп өстік, бала да болдық,
Қуалап ойын, далада қондық.
Ананың сөзін құлаққа ілмей,
Көп кезде көсем, дана да болдық.
Есейдік енді, аттықты беріп,
Қуансам деймін өзіңмен бірге,
Ырысың мен бақ-күтты көріп.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: жұбайы – **Есенкелді,** балалары – **Жұлдыз-Саят, Алмас-Әсел, Айнұр, Назерке,** немересі – **Ерасыл.**

Қазақстанда «Зейнетақылық инвестициялар күні» акциясы өтеді

«Республика» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ мен «Алматы қаласы аймақтық қаржылық орталығы» АҚ барлық мүлтымдарды 2010 жылдың 23 маусымы күні «Алматы қаласы аймақтық қаржылық орталығы» АҚ-ның Қазақстанның 17 аймағындағы ақпараттық-оқыту орталықтарында өтетін «Зейнетақылық инвестициялар күні» акциясына қатысуға шақырады.

Әр ай сайын біздің жалақымыздың 10 пайызын құрайтын зейнетақылық аударымдар зейнетақы қорларына түседі. Алайда, зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі қалай жұмыс істейтінін және біздің қаражатымыздың қайда инвестицияланатынын барлығымыз біле бермейміз.

«Зейнетақылық инвестициялар күні» акциясы кезінде мұны білдірген әрбір адам акцияға қатысушы зейнетақы қорларынан зейнетақымен қамтамасыз етуге қатысты барлық сауалдар бойынша кеңесті кеңсе алаңында алады:

– зейнетақылық жарналар төлеу, зейнетақылық жарналарды қайтару;
– зейнетақылық төлемдер мен төлемдерді алудың шарттары;
– жеке индентификациялау нөмірлері бойынша жаңа жүйеге өту;
– зейнетақылық жинақты бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқаға ауыстыру;
– жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық кызметі.

Ақпараттық-оқыту орталықтарында зейнетақымен қамтамасыз ету, ерікті және міндетті зейнетақылық жарналар, зейнетақылық жинақтардың сақталуына кепілдік және ҚР-дағы зейнетақылық жүйенің зашмен реттелуі сынды мәселелер бойынша лекциялар оқылады.

Сондай-ақ, тура осы күні «Алғашқы ерікті жарна» акциясы өтеді. Сол күні келісімшартқа отырған әрбір салымшының ерікті зейнетақылық шотына 2000 теңге есептеледі.

Анықтамалар:

«Республика» Жинақтаушы зейнетақы қоры» салымшыларға өздерінің зейнетақылық жинақтарын басқаруға берсене қатысу құқын бере отырып, бірінші тәуелсіз кор ретінде 2007 жылы құрылған. Бүгінгі күні қордың Қазақстан бойынша 14 агенттігі мен 22 аумақтық кеңселері бар. Қордың акционері – «RESMI» Инвестициялық Қаржылық үйі» АҚ болып табылады.

«Алматы қаласы аймақтық қаржылық орталығы» акционерлік қоғамы елімізгің ішкі нарығына қатысушылардың барлығы мен әлемдік қаржымдастық үшін аса тартымды қаржылық орталықты құру және оның табысты қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында 2007 жылы құрылған. 2007 – 2011 жылдары Қазақстан Республикасы тұрғындарының қаржылық сауаттылығын және инвестициялық мәдениетін арттыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру аясында Қазақстанның барлық аймақтарында «Алматы қаласы аймақтық қаржылық орталығының» ақпараттық-оқыту орталықтары жұмыс істейді. Бұларда тұрғындарға қаржылық мәселелер бойынша ақысыз кеңестер беріліп, семинарлар өткізіледі.

Акция 23 маусым күні «Алматы қаласы аймақтық қаржылық орталығының» Қазақстанның барлық облыс орталықтарындағы, сондай-ақ, Алматы, Астана және Семей қалаларындағы ақпараттық-оқыту орталықтарында болатынын естеріңізге саламыз. Талдықорған қаласында аталған шара мына мекенжайда өтеді: **Тәуелсіздік көшесі, 53 үй («Қазпочта» АҚ Алматы облыстық филиалы).**

◈ ЖАЗ – 2010

Көңілді демалыс

Жаз – оқушылардың асыға тосатын мезгілі. Әрбір бала жаңа жайлы, саф ауамен тыныстап, демалысты қызықты өткізуді армандайды. Дегенмен, қазіргі таңда өңіріміздегі лагерьлердің денін мектеп жанынан ашылған демалыс орындары құрап отыр. Жылдың тоғыз айында тоздырған топыраққа тағы да баланы тоғыз күн қақтаруға тура келіп түр деген сөз. Өрине, өз қаражатымен ойлаған жеріне барып оңтайлы демалып қайтатындар жоқ емес. Бірақ, мұны қалтасы көтеретін ата-ана шамалы. Десе де, соңғы жылдары жағдай күн санап тәуірленіп келеді. Оқушылардың жазғы демалысын ұтымды өткізу үшін қолға алынған жоспарлы жұмыстар да жетерлік.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Оны қолға алып, ұйымдастырып отырған облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, өңіріміз бынлы жылы 1-10 сынып аралығында 276021 оқушы білім алуда. Оның 208669-ын ауыл балалары құрап отыр. Жазгы демалысқа орай ұйымдастырылған іс-шаралармен оқушылардың 78,3 пайызы қамтылған Анықтап айтар болсақ, демалыс және сауықтырумен қамтылған оқушы саны 110661 болып, 40 пайызды құрайды. Олардың демалысы мен сауықтыруын қамтамасыз ету үшін қазадан тыс – 20, мектеп жанынан ашылған – 435, мектеп жанынан ашылған тамақтандырушымайтын – 301, пәндер бойынша – 280, палаталық – 34, спорттық сауықтыруды өзек еткен – 79, санаторий мен профилактоний – 16 және 30 пікірсайыс лагері ашылып, қазір өз жұмысын тыңғылықты атқара бастады. Ал еңбекке 110444 оқушы тартылып, 40 пайызы құралған. Олардың еңбекпен тыныгу, оқу-өндірістік және құрылыс жинақу бригадалары, дуал мен қалпы қоғалдандыру, шаруа қожалықтары және ауылдық клубтардың жұмысына қатысу, туристік жорықтар мен экскурсияларда шыңдалу сынқты жоғарғымен жазғы демалысын көпілді өткізуіне жағдай жасалған.

Аталған шаралардың жүйелі өтуі үшін қаржы көп те ойлағылай болған. Аталған мақсатқа облыстық, ауданлық, қалалық бюджеттен 58531900 теңге қаржы бөлініп, оның 49068900 теңгесі қамтылған. Ал басқа да демеушілер тарапынан 7600607 теңге тартылып, оның 3288607 теңгесі ұйымдастыру жұмысына жұмсалған. Мұнан өзге Украина, ҚХР, Ресей, Греция, Түркия елдеріне өңіріміздің 52 бала демалу мүмкіндігін алып отыр. Олар демеушілер мен ата-аналары тарапынан қаржыландырылады деп күтілуде.

Иә, балалардың жазгы демалысын жайлы өткізу үшін қарастырылған қаржы кезі жеткілікті. Оның үстіне ел алдымен жетім, жартылай жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және мүмкіндігі шектеулі балаларды қамтамасыз ету қарастырылған. Бұл санатта 26536 бала болса, жазгы демалысқа орай ұйымдастырылған шараға оның 19313-і тартылған.

Әрине, демалыс кезіндегі ең басты мәселе – балалардың қауіпсіздігі. Осыған орай, облыстық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының мамандары лагерь ашылудан бұрын барлық демалыс орындарын жіті тексеруден өткізген. Лагерьлер ағымдағы жөндеуден өтіп, бөлмелер мен алаңдар зарарсыздандырылған. Қала сыртындағы лагерьлердің бассейн тазартылып, дайындалған. Сонымен бірге, барлық сауықтыру мекемелері мен медициналық пункт зарарсыздандыру мен алғашқы адымдағы ем қабылдау жабдықтарымен толық қамтамасыз етілген. Сонымен бірге, аталған басқарманың мамандары ауыз су, шомылу алаңы және бассейндегі судың зертханалық тексеруден өткізген.

Ал тетенше жағдайлар департаментінің мамандары жазгы демалыс басталмас бұрын лагерьлерде өрттен сақтану кондырғыларының орнатылуын қадағалап, онда жұмыс аткарған қызметкерлерді сынақтан өткізген. Балаларды тасымалдау қауіпсіздігі мен жарақаттанудың алдын алу бағытындағы шаралар да өз деңгейінде қарастырылған. Бұл туралы лагерь басшыларымен кеңісім де жасалған. Бір сөзбен айтқанда, бынлгы жазгы демалысқа орай ұйымдастырылған шаралар тыңғылықты қолға алынуда деуге болады.

◈ ОҚУШЫ ОЙЫ

Жуырда ғана Талдықорған қаласының Орталық алаңында облысымыз бойынша 257 түлек салтанатты түрде «Алтын белгімен» марапатталды. Бұл түлектер тек ата-анасы мен мектебінің ғана емес, бүкіл Қазақстанның мақтанышгары. Осындай күрмет пен мақтанышқа бөленген озық түлектер өзге де мектеп оқушыларының білімге деген ынта-жігерін оятып, үлгі болғаны анық.

БІЛІМДІ ШӘКІРТ – ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

Елбасы Н. Назарбаевтың есімі артқанынай, елімізгің болашағы жастардың қолында. Олардың мектеп партасынан зайыпты білім, тәрбие алуы үшін елімізге барлық жағдайлар жасалған. Әр жеке тұлғаның оқып-білуге деген мүтесына сай жағдайлар жасалып, мүмкіншіліктер қарастырылған. Алдымызда сан салалы, сан бағыттағы жолдар жатыр. Біз сол бағыттардың ішінен тиістісін таңдап, ел үшін қызмет етуге міндеттіміз. Әрбір шәкірегі оқытпрет жас жеткіншек: «Үкімет маған не береді?» – деп емес. «Мен елімнің жарқын болашағына өзімнің қандай үлесімді қоса аламын?» – деп ойлауы қажет. Көкейінде осындай ойы бар жастардың көп болуы ғана мемлекетіміздің алға басып, бәсекелестікке қабілетті бірден-бір ел болып танылуына септігін тигізбек. Осы жолдағы негізгі қарулымыз – білім. Соған сай алға мақсат қойып, оған жету жолында бар мүмкіншіліктерді пайдаланайық! Бойымызда бар қабілет-қарымымызды әрқасқыда елімізгің дамуына көшбасшы ел қатарынан көрінуге ұлес қосайық!

Елнұр КАПАРОВА,
№15 орта мектептің 11-сынып оқушысы.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

Ақсу ауданы, Жансүгіров кентіндегі ЖК «Сәкен» өзінің таратылатындығын жариялайды.

Ақсу ауданындағы С. М. Амитованың атына тіркелген «Олжас» шаруа қожалығы өзінің таратылатындығын жариялайды.

Түзету

Облыстық «Жетісу» газетінің 2010 жылғы 17 маусымдағы рет саны №70-71 (17340), 19 маусымдағы рет саны 72 (17341) болып оқылсын.

◈ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ



№7 Бразилиялық сүрмерген Элано есепті үшке жеткізді.

Осы аптада әлем чемпионатында бірқатар жаңалықтар болды. Мәселен Камерун құрамасы әлем чемпионатының плей офф кезеңінен үміт үзді. Яғни топтық кездесуде жолы болмай оларға біріншілікпен ерте қоштасуға тура келді.

КАКА АЛАҢНАН ҚУЫЛДЫ

Бұдан кейін Италия командасы жасыл алаңға шықты. Ойын біз ойлағандай болмады. Он сегізінші біріншіліктің жеңімпаздары барлық жанкүйерлердің көңілін қалдырды. Алғашқы турда Парагваймен ұпай бөліскенде кездейсоқтыққа балаған болатынбыз. Ал Жаңа Зеландиямен жасыл алаңда нағыз чемпионға лайық ойын көрсеткен жоқ. **Дода алдында топтағы Парагвай, Жаңа Зеландия, Словакияны қалпақпен ұрып аламыз деген Липпидің сөзі желге айналып барады. Әлемдік рейтингтің 70 орнында орналасқан командамен ұпай бөлісу Италия үшін жеңіліспен тең. Сонымен қорыта келгенде қос команда да бір-бір доптан соғып, тең тарасты.**

Чемпионатта Латын Америкасының командалары жақсы ойын көрсетті. Әлемнің бес дүркін чемпионы Бразилия мен Кот-д'Ивуар ойыншыларының кездесуі көптің көңілінен шығты деуге болады. **Мұндағы бар тіркелген сенсация – Бразилия құрамасының үздігі Кака алаңнан қуылды. «Реал» ойыншысы енді Португалиямен ойынға қатыса алмайды. Кездесу барысында Бразилия командасы Барри қорғаған қақпаға 12 соққы бағыттаса, Дрогба бастаған Кот-д'Ивуар құрамасы Жулиу Сезар қақласына 10 мәрте қауіп төндірген. Ал ойынға келсек, Бразилияның аты Бразилия ғой, қиындықсыз үш ұпайды қоржынға салды. Есеп 3-1.**

◈ СУ ТАСЫҒАН ӨҢІРДЕН

ШАТТЫҚҚА ТОЛЫ шаңырақтар

Ақсу ауданындағы Қызылағаш ауылының жас азаматы, орта мектеп мұғалімі Шекен Бекетұлы Төкенов пен оның денсаулық саласында ұзақ жыл еңбек еткен әйеткер анасы Нұрлан Дәуітқызы Еңбаева жайында жаңа үзіндіге салынған енесіз үйдің қалтын алып, өңірдегін жүректердің қуаныштарына ортақтасу үшін ағайын-туыс, жекжат-жұрағарын қонақтайына шақырғаған екен.

Шаңырақ иесі Шекен:

– Әкем марқұмның қимас досы, әзілі жарасқан құрдасы едінгі. Келіп қайтыңыз?, – дегенін соң тездетіп, Қызылағашқа жеттік. Бұл үйдегі ана мен баланың осы жылы 12 наурыздағы кесапаттан аулір зардап шеккенін, құлай сақтап, өмірі қалғанын естігенбіз. Ендігі жерде деңдерінде сауық тілеп, жан-жақ хабарласып тұрдық.

Мұнан алдында, наурыз бен сәуір айларында, Қызылағашта болып, көңілім құлазып қайтқанымын. Неғып айтасың, «Ел басына күн туса, бұта түбі үй болар», – демекші, көктемгі қарасуықта жеңіл жеңіпи шығарлар тұлып, тіршілік қамы жасалып жатты. Құйылып жатқан ірігетастар, қалаған қорша қабырғалар, көтерілген шатырлар, төселіп жатқан жол, электр желісінің бик бағаналары, сәулет ағаштарының көшеттерін көргенде адамның көңілі көтеріліп, үмігі де кеңеп болады екен.

Бізді қонақтайға шақырған Шекен былай:

– Ата, шешем екеуміз айдамардай ауыл шекпи ажалдан қалдық. Енді жүз жасайтын шығармыз. Мынау үй, жер телімі өзінің әуелгі орнына келді. Ал, мал-мүлік, қора-қопсы жаңамыздың садақасы. Ден сау болса, бәрі болады. Әр тараптан ағылып келіп жатқан түрмысқа қажетті заттардан қолымызға гигендерді де шүкіршілік деуге тұрарлық. Жақында бір топ ауылдастар тегін жолдамамен «Жаркент – Арасан» шипажайына бармақшымыз. Сіздің келгеніңіз қандай жақсы болды. Әлемді көргендей болып қалдық.

Қызылағаш ауылының қал-жағдайынан ежелден хабардар болғандықтан, таныстарыммен кездесіп қалармын деп көшеге шыгып, бірақ жерді шарлап қайттым. Жол жиегіндегі көк шыбықтар тамырланып, жапырақтары жайқалта бастаптыі. Күбырлардың түтіқсын көтерсеңіз, су шашып қоя береді. Болашақтағы саябақ өзенге жақын екен. Ауыз әкімшілік үй, почта бөлімшесі көшілікке қызмет көрсетіп, зақымданған Мәдениет үйінің төңірегі жөнге келтіріліп жатыр. Көрген көзді қуантады. Аз гана уақытта бұрынғы Қызылағашқа мүлдем ұқсамайтын, түбегейлі өзгерген жаңа Қызылағаш бой көтеріп келеді.

Осы ауылдың бір ақсақалының сөзі:

– Қытылағаштың бүтінгі жағдайы ел-жұрттың қайырымдылық қаржысынан, мемлекет пен Үкіметтің бізге деген қамқорлығының арқасы. Кәзіргідей үйге қонақтауды көпке елестетіп көрмеген әкімдіктер бастапқы кезеңде жүрі абыржып, басымен қайғы болып жүргенде, ерсі қылық танытып, «Маған Талдықорғаннан үй салып берідер», «Алматының маңайынан есесіне жер алып берідер» деп жеке басының қамын күйттеді емес пе. Бірақ, көпшілік кателігін бетіне басты..

Осы әңгімені әр қарай жалғаған жас келіншек:

– Ағыз-тұзік, киім-кешек, тұрмыстық тұшыру заттарын тағы басқа кәжеттіліктерді тұрғындарға тегін бойынша, тегін таратып беріп жатқанда осы ауылға кейінірек көшіп келгендер екі-үш рет қайтара кезекке тұрып, «ең жеп, бите шығу» амалын жасап, ұятты болды. Сейтіп тапқан «олжаларын» Талдықорған қаласы мен Жансүгіров кентінің базарларына шығарғаны ашылып қалды. Адамға ыңғай керек қой?

Қызылағаш тұрғындарына дәргерлік, дәрі-дәрмектік, мәдени қызметтер мейлінше ұтымды, тегін көрсетілгенін білемгі. Сонын өзінде кей адамдар киесінсіз талап қоятын сияқты көрінді. Осылардың арасында ойын-сауық, қызық-думан басына шақыртып, әрең келетіндер бар. Рухани байлықтың бағасын білместік дегені осы шығар.

Қытылағаш ауылы қанатын кең жайған құрылыс алаңына айналып кетті. Қазақстанды дүрілдеткен бұл өңірде содан бері ұзақтыға облыс әкімі Серік Үәбетов, облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов, облыстық департаменттер мен басқармалар басшылары мен жауапты қызметкерлері күнделікті тығыз байланысты әрекет етуде. Парменді кімнен те, қолдау да, демеушілік те мол ырық. Сондықтан өтпекелер де шақты.

Атамыз қазақта: «Жұт – жеті жайдынды» деген сөз бар. Сол жұт өшін барлық болмысымен кезіп, Қытылағаш ауылын алқымнан алды. Бұгенін істеп кетті. Адам шығыны болды, көптің көп жасы бұрышқтан жауды. Дегенмен, сол бір ұмтылмас қайғы қасіретті қуанышты комыстайлары алмастырып, ауыл кұм санап ажарланып, адамдардың еңсесі де биіктей түсті. Оған жақадан іргесі бекіген бірнеше жүзлеген үйлер дәлел, әр шаңырақтағы комыстайлары мысал. Шаңырақтағы шаттық, жүректі жайлаған қуаныш баянды болсын. Бұкіл елімізгің назарындағы Қытылағаш ауылы бақытты десе, өкпектті білдіретін шығармыз.

Болат БИСҰЛТАНҰЛЫ,
ардагер-журналист.
АҚСУ АУДАНЫ.

◈ ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ



Жаз, күз айлары басталысымен жіті ішек жұқпаларымен сырқаттану қаупі жоғарылайды, Алматы облысының ыстық климаты осы жұқпаның тумндауына көп мұлал жасайды. 2010 жылдың 5 аймда облыс бойынша жіті ішек жұқпасының 196 жағдайы тіркелді, соның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында – 118 (60,2%). Сырқаттанушылық көрсеткіші республикалық деңгейдан 3,6 есе төмен. Балалар арасында сырқаттанғандардың жасын талдаған кезде 2 жасқа дейінгі балалар қауіпті топ болып қалуда, 14 жасқа дейінгі сырқаттанған балалар 38,2%-ды құрады. Сондықтан аналары балаларының денсаулығына көп мән беріп және баланың осы жұқпамен сырқаттануына жол бермеуі қажет.

Жіті ішек жұқпасына жол бермеңіз!

Аурудың туындауына жеке бас тазалығының сақталмауы, үй жағдайында дұрыс дайындалмаған және сақталмаған тағамдар, сонымен қатар жуылмаған жеміс-жидектерді пайдалану басты себептер болады. Ішек бактериялары мен вирустары асқазан-ішек жолдарын зақымдайды. Ішек жұқпаларының қоздырғыштары сыртқы ортаға өте тұрақты, қайнатқан және залалсыздандыру заттарын қолданған кезде 30 минутта өз тіршілігін жояды. Суда және топырақта 2-3 айға дейін сақталса, ал сүт және сүт өнімдерінде сақталумен қатар көбейеді. Жіті ішек жұқласымен жеке бас тазалығын сақтамаған, лас суды, сапасыз тағам өнімдерін пайдаланғандар ауырады.

Жиі кездесетін жіті ішек жұқпаларына дизентерия, иерсиниоз, сальманоллез жұқпалары жатады. Жіті ішек жұқласының ауру көзі – ауру адам және бактерия тасымалдаушы. Жіті ішек жұқпаларының белгілері: іштің ауруы, лоқсу, құсу, іш өту, ауыр түрінде қызуы көтеріледі, асқазан бұзылыстары, ішінің өтуі күніне 10 рет және одан да көп, нәжісінің қан және бөлінді аралас болуы, жалпы әлсіздік, пульсінің жиілеуі.

Өзіңізді және балаңызды жіті ішек жұқпаларынан қорғағыңыз келсе баланы жеке бас тазалығын сақтауға үйретіңіз (қолын тамақ ішер алдында, дәреторханадан келген кезде жуу және т.с.с). Көбінесе ет, сүт өнімдерін кешелерден сатып алуға тыйым салыңыз. Кез келген су көздерінен суды пайдалануға болмайды, егер судың сапасы күдікті көрінсе міндетті түрде қайнатып ішіңіз. Сүт, ет өнімдерін, жұмыртқаны пайдаланар кезде термикалық өңдеуден өткізіңіз, тағамды пайдалану мерзімін сақтаңыз, жеміс-жидектерді тазалап жуып пайдаланыңыз, сүтті қайнатып ішіңіз. Жіті ішек жұқпасының алдын алудың маңызды бір жолы – аймақтың санитарлық тазалығын сақтау, түрғын үйлерін тазалықта ұстау, шыбын-шіркейлермен күресу.

Егер сізде жіті ішек жұқпаларының алғашқы белгілері басталған жағдайда дереу дәрігерге қаралыңыз!

Б. ОҢҒАРБЕКОВА,
АОМСЭКД
эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы.

◈ АЛЛА ДЕГЕН АР БОЛМАС

Жазылған жайдың жаңғырығы

«Дін – ғылымның анасы, ғылым – діннің баласы» атты рухани мақаладан туған ой

«Ұран» қоғамдық қорының төрағасы Наурыз Қылышбаев пен «Жетісу» газетінің бас редакторы Жақсылған Нұрғожаевтың «Жетісу» газетінің 5 маусымдағы, 65 санында жоғарыдағы тақырыппен жазылған мақала мені бірден өзіне тартып әкетті. Мазмұны мен мағынасы құздан құлауға шақ қалған кезімізде санамызға сілкініс жасап, рухымызды қайта оятты. Ақиқат дін ислымның қанат жайып кепе жатқаны жайлы өрбіткен ойлары ерекше қуантты. Қазір жер-жерде мешіттер салынып жатыр. Соның бірі, қаламызда 1200 юсілік мешіттің құрылысы жүруде. Мешіт құдайдың үйі дейді халық. Аузында Алласы бар адам болса бұған қуанары хақ.

Расында, құдайды ұмытуға шақ қалып едік. Иншалла, жүректегі иманымыз күшейіп, Алламызды еркін танудамыз. Адам баласын жаратушымен қатар, қалай өмір сүру керектігін, Құран-кәрім арқылы жеткізген Жаратушыға сансыз шүкіршіктер болсын. Сол ережені үйренетін бірден бір орын – мешіт. Сол жөнінде облысымыздың айнасы болған газеттің бас редакторы Жақсылжан Нұрғожаев пен дінімздің өркендеуіне қол ұшын беріп жүрген азамат Наурыз Қылышбаевтың сұхбатында Ислам дін ұшін мешіттің атқарар орны туралы, түсінген кісіге жан-жақты хабар берілген. Екінің бірі мұсылман дінің міндетін осы кісілерше түсінсе нұр үстіне нұр болар еді. Осыдан кейін аталмыш газеттің халықтың көкейтесті мәселелеріне соңғы кездері қалай көңіл аударып жүргенін мадақтай кеткеніміз жөн болар.

Мақала жаппай салынып жатқан мешіттер, оны салушылар мен қолдаушылар жайында кеңірек нақтылы өмірден мысалдар келтірумен жазылған екен. Тәп дінмез ғой. Бір істі – екінші іс жалғастырып құптарлық ұн қосып тұрғандай. Өте риза болғанымды несін жасырайын.

Бұл мәселе басталғанымен әлі де көптеген дәлелдермен насихат қажет. Мысалы мен, ислам дінін насихаттауды 1970 жылдан бастаған жанымын. Ол кезде қазіргідей бәрі жеткілікті емес еді. Тіпті мешітке басшылық ететін білімді адам жоқтың қасы деуге болады. Мен мешітте істеп жүріп, (зейнеткер едім) басшыларымен келісе отырып, бүкіл аудан бойынша, ер шаруашылықтан делегат адамдар шақыртып, дін жөнінде ой қозғап, көптеген мәселелерді көтергенмін. Сонда осы Қылышбаев мырза бізден ауданда еді. Талабына нұр жаусын. Мине газетте қайта кездестік. Рухани мәселелерді газеттерде жиі көтеріп жүретін бұрынғын белгілі.

Бұл мақалада мешітті жазу арқылы бұл екі азамат үлкен мәнізы зор мәселелер көтеріпті. «Жақсының жақсылығын айт, көңіл тасысын» деген нақыл сөз бар. Рухани мәселені білмсіз түсіну оңай емес. Екі дүниеде адамға тиімді насихат осы ислам деп толықтай айта аламын. Бұқар жырау «Алла деген ар болмас.

Хақтың жолы тар болмас» дегенін естен шығармайық.

Қадірменді оқырман!

Біздің қаламымыздың ажарын ашып, имандылықтың бесігне айналатын мешітке бір айлық зейнетақымды беруді ұйғардым.

Алла жолындағы іске мүмкіндігімізше қолұшын берейік, ағайын!

Жақанбай ӘБІШҰЛЫ,
Отан соғысының ардагері,
зейнеткер.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

◈ БӘРЕКЕЛДІ!

Жазылған жайға ең бірінші болып ардагер ақсақалымыз үн қосты. Ұрпағы үшін от пен оқтың ортасынан келген қариямыз сын сағатта да алдыңғы шептен көріне білді. Бұл ұлтының болашағы болатын ұлының ұятты, қызының арлы болып, жүрегіне иман, бойына сабыр жинап өссе екен деген пейілдің жемісі болса керек.

Бәрекелді дейміз тағы да. «Жетісу» газеті арқылы имандылықтың киелі шаңырағы болатын мешіттің құрылысы жайлы көлемді мақалада көтерілген талақты мәселеге өз қолдауларымен, ой пікірлерін қосқан дария кәуде қариялармыз редакциямызға арнайы телефон шалып, қал қадерінше зейнетақыларын есеп шотқа аударатындарын айтып, желпіндіріп тастады. Олардың қатарында Құразбай Ермұханов (Алакөл ауданынан), Жетпісбай Жұманиязов (Қаратал ауданынан), Есперхан Орыншаұлы (Кербұлақ ауданынан) және Талдықорған қаласынан Оспан әлреевтер бар.

Ендеше, облыс және қала тұрғындары ақсақалдарымыз көрегендікпен бастаған көшелі іске жұдырықтай жұмылып, қолұшын беруге асығайық. Көп тілеуінің көл болатынын ескере отырып, ұрпағымызды имандүзді, салихалы, өнегелі болуға тәрбиелейтін Алланы есімізге алып, берілген әрбір нығметке шүкірлік қылатын қасиетті ғибадатхананың ертерек есік ашуына атсалысайық, ағайын!

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақсылжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail:Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкалық беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" басылымында басылды
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Нұрбол ӘЛДІБАЕВ.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 783. ТАРАЛЫМЫ — 36 680. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –27-43-91, заң және шаруашылық бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосымша — 279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43, Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфилова — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

● *«Сонар – 2011»*



ҚЫРАН – аспан киесі

Әдетте, Көкбастауда ұлы байгелер өтетін. Ұлы Жамбылдың, батырдың Карасайдың мерейтойы аталған жылдары алты Алаштың баласы атойлап ұран шақырғанда, желмен жарысқан сан түлпардың тұяғынан үшқындаған шаңның арасынан да шаттық көргенбіз. Су төгілмес сүйрік жорғалар сүлу жүріске салатын. Оған шын сүйсінген жұрттың делебесі қозып, бір орында тыныш отыра алмай, сілекейін сүйсіне жұтатын еді. Ақ тотыдай күлпырған қыз жүйріктің ауыздығымен алыса жүйткігенде жазған жігіт жабысын сабалап, жете алмай пұшайман болушы еді. Енді, міне...

Жетісу
Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ

Ақпанның 10-ы мен 12-сі аралығында шаңқылдаған қыранның, пыштақтаған қаршығаның да даусын естідік. Қанаты сусылдаған аушы құстардың бірде орғыта, бірде орай ұшып, енді бірде қалықтай көтеріліп, алатын жеміне сорғалай шүйілген саттеріне куә болдық.

Ортадағы трибуна жиегіне ұлы Абайдың «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап...» деген бір тармағы жазылыпты. Рас-ау

Жүкалау, көк тұмсығы
келсе жалпақ,
Мелжемді қожыр аяқ, бұты
талпақ.
Көз ауданы шүңірек,
көкшіл маңдай,
Көң иық, саны жуан, төсі
шалқақ.

Сөз падишасының бүркіт сыны туралы жазған өлеңін өзінше пайымдап мадақтаған абыз этнограф, марқұм Жағда Бабалықұлының нұсқасы осылай төгіледі. Қалай айтсақ та, жылқы мен қыран құсты әлемде қазақтай көкке көтере сипаттайтын ел бар ма? Жоқ екеніне біз көміл.

Сонымен, биыл он төртінші рет өткізілген құсбегілер жарысына 7 облыс (Алматы, Қарағанды, Павлодар, Жамбыл, Ақтөбе, Атырау, Ақмола), 2 қаладан (Астана, Алматы) барлығы 38 бүркітші мен қолына қаршыға қондырған 8 құсбегі қатысты. Жарыс салтанатының беташар жиынында Алматы облысы әкімінің орынбасары **Аңсар Мұсаханов** мырза құттықтау сөз сөйледі. Жамбыл облысынан келген этнограф, саятшы Жапар Сатылғановтың, «Қыран» федерациясының атқарушы директоры, жарыстың бас төрешісі Бағдат Мүптекқызының мазмұнды әңгімесін жинаған көпшілік елти тыңдады.

Алғашқы күнгі іріктеу жарысында ақтық сынға жолдама алған жеті бүркіт пен төрт қаршығаның иелері енді бас бәйге үшін бақ сынамаққа бекінген кезде күн ұлы сөскеге жуықтап қалған еді. Күй күмбірлей төгіліп, кеукеулеген көпшілік Көкбастау жазығының шығысындағы қыратқа көтерілді. Қалықтайтын қырандардың қарымын тамашалау бір ғанибет емес пе! Ал оған осы жерден ыңғайлы түс, қане?

Ө дегенде, шырға тартудан, құсты қолға шақырудан, қоянға бүркіт салудан саятшылық көрсетілімдер ретретімен өтті. Содан кейін жарыстың негізгі бәсекелері басталды. Баптап әкелген қыран бүркітін түлкіге салып бақ сынасқандар арасынан Алматы облысының намысын қорғаған Бүркітбай Жасұланның қыраны бас бәйгені жеңіп алса, кептерге қаршыға салудан Жамбыл облысынан келген Шернияз Бауыржанның бәсі басым түсті.

Жарыс қорытындысында бүркіт салудан алматылықтар Қуаныш Исабеков екінші, Медет Шалиров үшінші, Бағашар Наурызбеков төртінші, ақтөбелік Арман Қошқаров бесінші жүлделі орындарды иеленсе, саятшылар арасындағы жалпы қыз, қарағандылық Мақпал Әбдіразақова ынталандыру сыйлығына ие болды.

Қаршыға салудан таразының басын негізінен тараздықтар басып кетті. Бірдей ұпай жинаған Баятбай Өмірхан мен Ержан Ешметовке екінші, Бақдәулет Бабажановқа үшінші орын берілді.

Үш мың құлдықтың бедерінен өріде деп саналатын Таңбалы тастағы бадіздерде бейнеленген саятшы қазақтың құсбегілік өнері сәйтіп Көкбастауда және бір жаңғырып, жалғасын тапқандай әлделеді. Көк аспанның киесі қыран Көк теңірінің көзі түзу түскен қазақтың шаңырағына бақ құсы ретінде қонғалы биыл жиырма жыл толады. Ылайым, бағымыз баянды болып, бақ құсымыз оңынан самғай берсе, шүйілгенін ілсе, бүйырғанын алса екен дейміз.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

Жыреңдер қауым назарына!

2011 жылдың 18 ақпанында сағат 16.00-де І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында ақын-жазушы ақын М. Мақатаевтың 80 жылдығына арналған **«Жырлайды жүрек»** атты ақынның өлеңдеріне жазылған әндердің гала концерті өтеді.

...

25 ақпанда сағат 10.00-де Жамбыл аудандық Мәдениет үйінде ұлы ақын **Жамбыл Жабаевтың 165 жылдығына** арналған облыстық жыршы-термешілер байқауы өтеді. Келем деуші өнерсүйер қауымға есік ашық.

Құттықтаймыз!



Кербұлақ ауданы, Жаңалық қыстағының тұрғыны, ақсақал жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Әлеуметтік желіде
Ұлағатты ұлағаттар,
Ұлтымыздың ұлы ақсақалы,
Ұлтымыздың ұлы ақсақалы,
Ұлтымыздың ұлы ақсақалы!

Әлеуметтік желіде
Ұлағатты ұлағаттар,
Ұлтымыздың ұлы ақсақалы,
Ұлтымыздың ұлы ақсақалы,
Ұлтымыздың ұлы ақсақалы!

Әлеуметтік желіде
Ұлағатты ұлағаттар,
Ұлтымыздың ұлы ақсақалы,
Ұлтымыздың ұлы ақсақалы,
Ұлтымыздың ұлы ақсақалы!

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: зайыбы – **Фәрида**, ұлдары – **Ерлан, Руслан, Жамиля, Гүлмира, Қайрат, Қанат, Лаззат.**

● *Байқау*

НАҒЫЗ ЖҮЙРІК сыналған сәт

Мұқағали шығармашылығын насихаттау арқылы талапты, талантты жастарды анықтауды мақсат еткен «Мұқағали оқулары» атты облыстық байқаудың іріктеу түрі елді мекендерде өткізіле бастады. Осыған орай, Талдықорған қалалық оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Көктал ауылындағы Е. Бердіқожаұлы атындағы №11 мектепте қала мектептерінің оқушылары сынға түсіп, бақтарын сынады.

Жетісу
Қажет АНДАС

Шара мектеп оқушылары дайындаған шағын сахналық көрініспен басталды. Онда ақынның шығармашылығына өзек болған өмір көшірмесі толық жинақталған. Осыдан кейін минберге көтерілген аталған мектептің директоры Қайрат Сарқытов жарыс үміткерлерінің табыс тілесе, қалалық оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Нұрсәрік Ескендіруды ақын шығармашылығы жайында кеңінен тоқталып, сөзінің соңын:

Жазылған сан өлеңің аз үнді,
Оқыған жан түйсінер азабыңды.
Өскен ортаң өзіңді түсінбесе,
Таныттың сен әлемге қазағыңды.

Ақыны едің халқының қабілетті,
Аңсаған тақалықты, әділетті.
Арыз жазып кетіп ең болашаққа,
Бір Алла тілегіңді қабыл етті.

Ұрпақтар сол мұраңды жүр ақтарып,
Сен тұтатқан сөнбейтін шырағың алып.
Өлеңің өлмес күшін сенен тауып,
Поэзия әлеміне тұрақтадық. – деп келетін ақынға арнау өлеңімен түйіндеді. Бұдан соң байқау өз ретімен жалғасын кетті.

Белгіленген тәртіп бойынша үміткерлер алдымен «Менің пірім Мұқағали» басқышында ақынның бір өлеңін мәнерлеп оқыса, «Жауқазын жыр жанымды жұр мақалап» кезеңінде өлеңдерінің шығармашылығын дәлелдеді. Осыдан кейін, «Жыр эстафетасы» бөлімінде ақынның «Раймбек, Раймбек» және «Аққулар ұйықтағанда» поэмаларынан үзінді оқыса, келесі кезеңде берілген ұйқаска өлең құрады. Сонымен, ягни, «Мұқағали мұрасын кім көп біледі» турында үміткерлер ақын өмірі мен шығармашылығы туралы қойылған сұрақтарға жауап берді.

Байқауға қатысқан 22 үміткердің жақсы дайындықпен келгендігі байқалды. Содан кейін де қалалық оқу-әдістемелік орталығының меңгерушісі Нұрсәрік Ескендіров, ЖМУ-дің профессоры, филология ғылымдарының докторы Мұратбек Иманғазинов бастаған әділқазыларға нағыз жүйрікті анықтау оңайға түспеді. Тіпті, бірнеше қайтара сынастан өткізуге тура келді. Десе де, басеке болғасын оның жеңімпаз болатыны анық. Сарапшылар мен көрермендер Е. Бердіқожаұлы атындағы №11 орта мектептің 11 сынып оқушысы Әрлен Сәйлібекті жеңімпаз деп тапты. Ол енді облыстық фактеу турында қаланың намысын қорғайды. Егер сол сынған сүрінбей өтсе, республикалық жарысқа қатысады.

Ақсу ауданының Сағабүйен ауылы, Қарашілік ауылдық округіне қарасты Шаяхметов Өбілсеріктің атына тіркелген **«Шаяхметов Өбілсерік»** шаруа қожалығы өзінің таратылатынын жариялайды.

● *Жыр-ғұмыр*

Ақынға арналған кеш

«Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты әнжыр кеш Қаншағай қалалық кітапханасында аталып өтті. 2010 жылдан бері дәстүрлі түрде жалғасып келе жатқан шараны жас ақындардан құралған «Мөлдір бұлақ», әр ұлт өкілдерінен жиналған «Подруги» клубтары жоғары деңгейде ұйымдастырған. Әрине, ірілікке ешкімнің таласы жоқ. Табиғат солай тұлғалаған ақынның да ұсақ болып тірлік кешуіне негіз жоқ.

Мен таулықпын,
Таудан мен жаратылғам,
Тау деген Ана туған дара тұлғам.
Тауға барып,
Көкке ұшып кетсем бе екен,
Үстап алып қыранның қанатынан, – деп сахна төрінен шамшырақ ұстап шыққан жастар ақын үнін әкеле жатты.

Расында, М. Мақатаев – халқымыздың ұлы ақыны Абайдан бастау алған, поэзияда өзіндік қайталанбас қолтаңбасын қалдырған өр тұлға. Оның ақындық әлемдегі жұлдызы аспан төрін ажарландырып, өз қатарластарынан ерекше самалдай жарқырап, меңмұндалап тұрды. Демек, Мұқағали ұлы тұлға.

Сахна төріне көтерілген оқу залының меңгерушісі Перизат Мұхаметқалиева:

– Бүгін менің туған күнім,
ой, пәлі-ай!
Мына адамдар неге жатыр
тойламай?

Банкет жасап,
Берер едім өзім-ақ,
Тәңірдің бір жарықтай-ақ
қойғамы-ай, – деген әнді орындай келіп, ақын өлеңдерінің бүгінгі таңда барша жұрттың жүрегінен берік орын алып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін айнымас жан серігіне айналғанын тілге тиек етті.

Осыдан кейін «Қаншағай кәсіптік колледж» хатшысы Назгүл Мейірманова және 1-курс студенті Талшын Қалырбаева ақынық ақынның мұрлы өлеңдерін оқып, көпшілікті сырға толы дәуесімен рухтандырып, көңілді бір желпіндіріп тастады. Келесі кезекте Айжан, Мәлдір, Ернар, Алуа, Айнұр, Сайраштар ақын өлеңдерін кемелінше келтіре оқып жатты. Бұл поэзия пайғамбарына деген қазақ атауының құрметінің жоғары екендігін ұғындырды.

Мұқағали Мақатаевтың мұрасын ел игілігіне жаратып, ол жайында жазылған еңбектердің жарық көруіне ұдайы көмек беріп келе жатқан облыс әкімі Серік Үмбетовке және осы кешті ұйымдастырған Қаншағай қалалық кітапханасының директоры Галия Тоқабаеваға, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Наталья Носовага көпшілік қауым көп-көп алғысын білдірді. «Мұқағали бүгін шын тірілді!», – деді шараны қорытындылаған Даражат Жолымбетова ағынан жарылып.

Қазақ ұлты, қазақ поэзиясы барда Мұқағали шынында да мәңгілік тірі.

Сапарғазы БОЛСЫНБЕКОВ,
еңбек ардагері.

● *Кормейін десем...*

Жылап тұрған өсімдіктер



Табиғатымыздың бага жетпес байлығы - өсімдіктер дүниесі тек біз үшін ғана емес, кейінгі ұрпақ мұддесіне де қызмет етуі керек. Қоршаған ортаның бүгіні мен ертеңін ойлау, оған қамқоршы бола білу - әрбір азаматтың міндеті. Менің айтайын дегенім, жақында ғана Алматыдағы ботаника және фитоинтродукция институтындағы, яғни бұрынғы ботаникалық бақтағы шатырлары үшкілденген әйнектен жасалынған экспозициялық өсімдіктер оранжереясын көргендегі көңіліме түйгендер.

Тарихи мәліметтерге қарасақ, Қазақ ССР Ғылым академиясы бас ботаникалық бағындағы өсімдіктер өсіп тұрған гимарат әйнектен, темірден, бетоннан 1969 жылы салыныпты. Оранжерея 5 бөлімнен: пальма, кактус, субтропикалық, тропикалық және суда өсетін өсімдіктерден құралған. Жалпы көлемі 1025 шаршы метр. Ең үлкен әрі биігі пальма ағаштары өсіп тұрған бөлім. Мұндағы пальманың биіктігі шамамен 20 метрге жуық. Жалпы бақтағы өсімдіктер оранжереясы дүние жүзінің жылы жерлерінен әкелініп отырғызылып, үлкен еңбектен өсірілген. Қысқаша айтқанда, оранжерея ішінде Оңтүстік Африкадан, Орталық Америкадан, Шығыс Азия, Жер орта теңізі жағалауынан, Қара теңіз, Кавказдан, Австралиядан әкелінеді. Атап айтсақ, банан, мандарин, лимон, алоэ, каланхоэ, кактус өсіп тұр. Ғылыми директерге сүйенсек, оранжерея ішіндегі қыс айларының өзінде жылылық +24° +26° болып, топырақтары ылғалды жағдайда тұруы керек.

Оранжерея ішіндегі, әрбір өсімдік өзінің ерекшелігімен дараланады, назар аударады, әр өсімдік өзіне құнды. Қайталанбас сұлулығымен, пайдалы қасиетімен дүние жүзінің түкпір-түкпірінен жеткізіліп, күтімнің арқасында осы күнге дейін өсіп тұрған өсімдіктер дүниесі біздің қазақ халқының бага жетпес байлығы десем артық айтпаспын. Мені қынжылтатыны, бір кездері тек республикаға емес, бүкіл дүние жүзіне даңқты, көркі оранжерея гимаратының өбден тозғаны. Байқауымша, 1969 жылдан бері бірде-бір рет жөндеуден өтпеген. Оранжереяның ішіндегі төменгі бетон қалтамалар босап, саудырап, құлауға аз-ақ қалыпты. Жоғарыдағы әйнек кездері өбден ескірген, кірленген, әр жеріндегі саңылауларға целлофан қағаздарын тығындағандықтан олар салбырап, жыртылып, дода-додасы шығып тұр. Ең сорақысы, осы оранжерея ішіндегі орталық жылу жүйесі мүлде жұмыс істемейді. Қайран өсімдіктер дүниесі қалтырап, мұздап, түсінген адамға барлығы іштей жылап тұрғандай көрінеді. Егер, өсімдіктердің тілі болса, айқайлар ма еді, ұйықтап жатқан жауапты адамдарға шағынар ма еді, деп оранжерея ішінен үлкен өкінішпен шықтым. Далада қақаған аяз. Оранжерея ішінде сүлу да әсем өсімдіктер дүниесі дірілдеп, мұздауда, оларға кім көмектеседі? Шұғыл түрде ғимаратты жөндеп, жылуын жасап, өсімдіктер дүниесіне көмек бермесек, енді 1-2 жылда барлығы кеш болары анық. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, ботаника және фитоинтродукция институтының басшыларына айтарым, Отанымыздың байлығы, өсімдіктер дүниесінің алтын қоры Алматыдағы ботаника және фитоинтродукция институты қасындағы экспозициялық өсімдіктер оранжереясы ғимаратына көмектесіп, қолға бар байлығымызды қорғап, сақтап қалайық.

Б. ТОҒУЗАҚОВ,
«Алматы» мемлекеттік табиғи қорығы директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары.

ЕСКЕ АЛУ



«Құдай-ау, кеше ғана, кеше елі гой!», ұлы ақын Мұқағали жырлағандай, сұм ажал арамызбан мезгілсіз алып кеткен замандасымыз **Иманбек Байтілеуұлының** өмірден өткеніне де жыл толып қалыпты. Зымырап өткен уақыт-ай десеңізші... «Жан Алланың аманаты, қандай жағдайда, қашан алады өзі біледі» дейтін ауылдың ақсақалдары. Қалай болғанда да, бақилыққа аттанғандар өмірін мәнді өткізгендігіне қарай, мәңгілік ғұмырын жалғастырары ақиқат. Сондай шақтарда мына дүниенің жалғандығын тағы бір мәрте мойындайсың. Кеше ғана бірге жүрген, ойы мен мақсаты бір азаматтардың орны ойсырап қалады. Марқұмнен бірге жүрген кездерді еске алып, жақсылықтарын жымия отырып ойға түсіріп, қимастықпен мұнаясың.

Иманбек Байтілеуұлы бір жылдары мемлекеттік тілдің мәртебесін асыруға үлкен еңбек сіңірген «Қазақ тілі» қоғамын қайта құрып, оны «Ұрпақ парызы» атандырып, күндіз-түні тынбай тапжай, еліміздің мәртебесі, тіліміздің тұғырлылығы, ұлтымыздың ұлағаттылығы үшін тер төкті. Кезінде жергілікті жұрттың талғамынан шығып, жұрт жүрегін жаулаған, нарықтың алғашқы жылдары жабылған «Жазерке» ансамблінің өмірге қайта келуіне, аяғынан тік тұруына өлшеусіз еңбек сіңірді. Рухани және қаржылық демеушіліктің үлгісін көрсетті. Қонаев атамыздың туған күнін аудан көлемінде атап өтуге де бас-көз болып, жаны қалмай шапқылағаны күні кеше сияқты әлі көз алдымызда. Бір өкініштісі, көп ойларын жүзеге асыра алмай, төтеннен келген ажал тырнағына ілікті.

Дегенмен, Иманбек марқұмның ізгілікті де, игілікті ісін жалғастырар ізбасар азаматтар үлкен жұмыс атқаруда. Сіз қайта құруға атсалысқан «Жазеркенің» өзі жұртшылықтың көз қуанышына айналып отыр бүгінде. Басқа да бастамаларыңызды ретімен жүзеге асырып келеміз. «Көзден кетсе, көңілден болады ұмыт» деген сөздің сізге еш қатысы жоқ. Қазіргі кезде жергілікті азаматтар есімінізді мәңгілік есте қалдырудың қамымен шапқылап жүр. Ондай күнге де жетер кездің туары анық. Өйткені, еліңіз сізді естен шығарған жоқ. Ел ертені сөз болар жиындарда жиі айталар есімдердің бірі – Иманбек Байтілеуұлы екені әулетіңіздің де мәртебесін арттырады. Біз сізді ұмытпаймыз!

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: «Ұрпақ парызы» қоғамдық бірлестігі мен «Жазерке» ансамблі ұжымдары.

Алматы қаласының тұрғыны **Айханұлы Айбектің** өмірден өткеніне бір жыл болды. Айбегіміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жаннатта болсын.



Айтайын мұң мен зарымды-ай,
Сен жоқсың, Айбек, жанымда-ай.
Қайтейік, бізде дәрмен жоқ,
Ажал деген залымға-ай.

Арманда кеткен, балам-ай,
Сағғайды менің санам-ай.
Тәубе етем, Алла тәубе етем,
Жоқ бізде басқа амал-ай.

Сәтті еді гой қадамың,
Оқыдың парыз намазын.
Қапияда мерт болып,
Өмірден оздың, қарағым.

Қыршында кеткен, қарағым,
Өртеніп, от боп жанамын.
Тілейміз сағаң, Айбегім,
Рақымын тек Алланың.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: әке-шешесі, бауырлары.

Облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері

Әзілхан Нұршайықовтың

қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Алматы облысының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының ұжымы дзюдо күресінен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Житкеев Асхаттың әкесі

Расулдың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы облысы бойынша МАЭ сотының 2011 жылғы 13 қаңтардағы шешімі бойынша ЖК Естаев Арман Естайұлына қатысты № 2-62/11 ж. іс банкрот деп танылды. Конкурстық өндіріс қозғалынды. Талап-тілектер 2 ай ішінде қабылданады. Конкурстық басқарушы мекенжайы: Талдықорған қаласы, Гоголь көшесі, 8, ұялы тел.: 87012689277.

***

Алматы облысы бойынша МАЭ сотының 2010 жылғы 6 желтоқсандағы үйғарымы бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы "Кеген Су Құбыры" МКК-іне қатысты сырттай байқау әкімшісі тағайындалды. Мекенжайы: Талдықорған қаласы, Гоголь көшесі, 8, ұялы тел.: 87012689277, үй т.: 21-17-00.

Решением СМЭ суда Алматинской области от 13 января 2011 года дело №2-62/11 г. И.П. Естаева Армана Естаевича признано банкротом. Возбуждено конкурсное производство. Претензий принимаются в течений 2-х месяцев. Конкурсный управляющий г. Талдыкорган, ул. Гоголя, 8, сот.: 87012689277.

***

Определением СМЭ суда Алматинской области от 6 декабря 2010 года в отношений ГКП на праве хозяйственного ведения "Кеген Су Кубыры" назначен администратор внешнего наблюдения. Адрес: г. Талдыкорган, ул. Гоголя, 8, сот. тел.: 87012689277. д.т.: 21-17-00.

"Жетісу" газетінің көмірлер орталығында тегін. Газет алтасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 184. ТАРАЛЫМЫ — 45 341. ИНДЕКСІ — 65469.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

Қазақша редактор: Нұрбол ӘЛДІБАЕВ.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жарнаманың мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылды. М 12345678910 П 12345678910

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жетісу

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50, байланыс телефондары бас редактор — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы —24-38-16, аумақтық сараптамалар — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, ұялы және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер —27-41-93, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есептеуіш бөлімі — 24-35-28.

Алматы қаласындағы тілшілер қосынды —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43.

Мәнжілі тілшілердің аудандардағы телефондары Үшаралда — 2-12-57, Панфилов — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33.

Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

«Компания «Агро Прогресс» ЖШС-не Алматы облысында жұмыс істейтін мамандар қажет:
Сақырауқұлақ өсіруші – 6 бірлік.
Қойылатын талаптар: – бастапқы арнаулы білім немесе орта арнаулы білім және мамандығы бойынша жұмыс өтілі болуы керек.
Түйіндемені мына тел./факсқа жіберу керек: 8-727-2446859. «Компания «Агро Прогресс» ЖШС-і, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 26"а", 25-кеңсе.
Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы. Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26. Байланыс телефоны: 8 (7282) 27-08-34.

«Чайна-Казахстан Модерн Агрикалчирал Девелопмент Компани» ЖШС-не Алматы облысында жұмыс істейтін мамандар қажет:
Өсімдіктерді қорғау агрономы – 10 бірлік.
Қойылатын талаптар: жоғары білімді агроном және өсімдіктерді қорғау агрономы мамандығы бойынша 3 жыл еңбек өтілі немесе арнаулы орта (агрономдық) білім және өсімдіктерді қорғау агрономы мамандығы бойынша еңбек өтілі 5 жылдан кем емес.
Тұқым жөніндегі агроном – 4 бірлік.
Қойылатын талаптар: жоғары білімді агроном және тұқым жөніндегі агроном мамандығы бойынша еңбек өтілі 3 жылдан кем емес немесе арнаулы орта (агрономдық) білімі және тұқым жөніндегі агроном мамандығы бойынша еңбек өтілі 5 жылдан кем емес.
Түйіндемені мына мекенжайға жіберу керек:
1/ «Чайна-Казахстан Модерн Агрикалчирал Девелопмент Компани» ЖШС-і. Тел/факс: 8 701 4483888.
Email: ck.mado@gmail.com. Жалғамыс ауылы, Талғар ауданы.
2/ Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы. Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26. Байланыс телефоны: 8 (7282) 27-08-34 «Чайна-Казахстан Модерн Агрикалчирал Девелопмент Компани» ЖШС-гі деген белгімен.

Жусамбаева Ақмарал Райымбековнаның атына берілген жеке куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

● *Ертең – Күлкі күні*

Олқылықты әзілменен толтырып



Намыс

Қайсарларды көргенде,
Қуанышым шалқымай?
Жалқауларды көргенде,
Өлгім кетіп жалқымай.

Алаяқтарды көргенде,
Сақтанамын алаңдап.
Жағымпазды көргенде,
Жиіркенемін қадалмай.

Арсыздарды көргенде,
Ұяламын сол үшін.
Ақымақты көргенде,
Бергім келер қол ұшын.

Өмір – өзен

Өмір – өзен айнасы бет көрудің,
Тұрмыстың кас жауы – «шет берудің».
Бетіңе айтса мініңді достықпенен,
Кереті не ол жанды жек көрудің.

Адамдықтың аралап бақшасын кең,
Алдап, арбап біреудің шошасын жеп.
Жылы күліп жүзіне, сырт беретін
Екі жүзді пенделен сақтасын тек.

Муса ЖАНӘДІЛОВ.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

Тойда жүрміз

Өткен аптада той...
Жақсы күдам,
Жеңіске жетті.
Осы аптада той...
Жалғыз енем.
Сексенге келді.
Келесі жеті де той...
Бұрынғыға бастымын...
Тоқсанға толды.
Шақырған соң...
Барасың...
Бәрі қымс, ағайын,
Қалай қаласың?..
Құр қол барушы ма ек...
Бергісі келмей...
Берме алтын ашсын...
Бұл сайды жасамасан...
Өмір-бойы пәлеге қаласың.
Быттыр атаңас туысым, Айтан,
Алшаң жылдығына апарған...
Азсынып...
Әкем өлгенде аңыраған,
Шешем өлгенде шыңылаған...
Жүргенде жағыңды жүке тіген.
Тірлігінде көрмейтін болып,
Менімен шарым-катынасын үзген.
Содан бері сыйлытымның күрек...
Сыйлап жүремін...
Той менен бәрімде,
Қол-қабағына қарап тұрамыз...
Қатырмаға емес,
Күлкемен той...

Құдамыз, болмасын,
Жақсылық, куәлым той.
Қатей досымыз?
Қызылдығымен келін түсіріп,
Балтаны бауырымыз,
Қызым күйеуге беріпті.
Ертең Сағынтай үйінде,
Немересінің сүндет той,
Бару міндет қой.
• • •
Вайбадымен ала қалдасып,
Барлық тойға баратын болдық.
Банкке барып...
Бір жағында кредит алатын болдық.

Сұраудан қорқамын...

– Амансың ба, әкем?
– Есенсің бе, шырағым?
Жақынымның бірі,
Шала естиді... құлағым.
– Ақсақалымыз қайда?
– Сұрайсың-ау, жаным...
Шалдан айырылғалы,
Отыз жылдан асты.
Бейнетін маған арқалатып...
Өзі о дүниеге кетті.
Сегіз баласын өсіріп,
Дегенімдей жеткіздім.
Ұлдарыма әйел әперіп,
Қыздарымды күйеуге өткіздім.
Өздерін асырағаным жайлы,

Қартайғанша балаларын бақтым.
Жұмыс...
«Елдің шешелері курортқа барады,
Мен кімнен кеммін» деп,
Шаңдарын қақтым.
Сөйтіп...қатырдым.
Міне... айта жүрік,
Курортқа жүгірмейін.
– Ақсақалыңды оратқан...
– Ақтабанымды айтып,
Бір шал бізге қарап...
Ақсақалым кеткен...
Естіген... Осындай...
Жүгірім жеткен...
Бәрінен де асқар шалдарының...
Мен сияқты... отырғанда...
Немесе көзімен...
Шалдарын жұтып алғандар...

• • •

Аналарды жақсы көрем...
Қуанышы ғой... ортаның...
Шалдарын... бірақ...
Сұраудан... қорқамын...

Тұрлыхан КӘРІМ.

● *Жыр-гүмыр*

Орындалған арман

Еліміздің дарынды ақындарының бірі – Мұқағали Мақатаевтың есімі бүгінде бүкіл қазақ даласын еркін аралап жүр. Оның өлеңдерінің дәмін бір алған адам тағы да таткысы келіп тұрады. Кітабын бір оқыған адам тағы да қайтадан оқығысы келеді. Ақын үшін бұдан асқан қандай бақыт болуы мүмкін!

Бүгінде Мұқағалидың өлеңдеріне ен жазбаған сазгерлер жоқтың қасы. Оған өлең арнамаған ақындар кемде-кем. Бұл шын дарынды бүкіл халықтың тануы әрі мойындауы деп білемін. Өз басынан өткерген өмір тәжірибесі мол Мұқағали мұғалім, кітапханашы, студент, диктор, тілші, баспагер, аудармашы... жалпы, жұмыр басты пенде, әзекті жан үшін не таң болса, соның бәрін қолымен ұстап, көзбен көрген, жан дүниесімен терең сезінген қалам иесі. Хантәңірінің баурайында туып өскендіктен де шығар, биікке, тым биікке мойнын созып, жеті қат көкке қанат сермеп, жауһар жыр терген.

Соқ, соқ, жүрек!
– Соқ, жүрек, қозғал мыым.
Ми қозғалмай, ойды да қозғау қиын.
Жырсыз өмір – мен үшін
тозған бұйым!

– деп мансап, атақты аңсамай, айналасын ақ жауындай себезгілеген нұрлы өлеңмен суарады. Жан-тәнімен тау суындай мөлдір, таза сыр ағытады. Сөйтіп, «Арыстандар, достар», «Қарлығашым, келдің бе?», «Мавр», «Дариға жүрек», «Аққулар ұйықтағанда», «Өмірдастан», «Өмір-өзен» деген сияқты тағы да басқа кесек-кесек басылымдарымен жырсүйер қауымды баурады.

Ақын жырларына үңілсек.

– Түн. Тылсым түн. Маужыраған тәтті ұйқыға берілген дүние. Жұлдыздар шоғыры да азайған ба, тым алыстан мұнартады. Тек ақын ояу, ақын жаны ояу, дамылсыз соққан мазасыз жүрегі тылсым түнді серпіп тастап, ойлармен қиыр кезіп жүр. Ақын жүзі шаршаңқы көрінгенмен, ақ жаны – сергек, пәк көңілі – тың. Жандарында жанындай жақсы көретін туған жері, сар даласы, сағым белі. Бір сәт кең өлкесінің сары аязын сағынады. Қарлы боранына шөлірқейді.

Жұтайыншы елімнің таза ауасын,
Сарғайдым, санамды тазаласын.
Жасырмаймын аяздан
дидарымды.
Жазаласын жарықтық,
мазаласын.
Соқсын, мейлі, ысқырып
тынымасын.
Саусағымды, бетімді
шымшыласын.
Туған жердің ежелгі әзілін,
Туған ұлы шыдамай кім
шыдасын?..

Әлі көрмеген өлкесінің көлдері мен бетегелі белдерін, бұлақтарын, құрақтарын сағынады, самалына жүрегін тосады, қалың еліне құшағын жайып, асқар тауларына басын иеді. Сөйтіп, бар жанымен, ақ жанымен сырын айтады, арманын жеткізеді.

Сәлем саған!
Көрмеген жарандарым!
Кешіріңдер, кешіктім, бара
алмадым?
Әр өлкеге бір қонып ұшар едім,
Әттең, шіркін, күс болып
жаралмадым.

Неткен құдірет! Ғажайып әлем. Ақын арманы орындалды. Өзі өлгенімен оның өлеңдері өлген жоқ, халқының, елінің жүрегінде. Ақын бейнесі тым биік, ақын жыры тым жарық. Мұқағали Мақатаевтың жыр шумақтарын оқыған сайын жан дүнием тебіренді. Ақынның әр өлеңі, әр шумағы жастарды, біздерді адамгершілікке, сүйіспеншілікке, табиғатын аялауға, жерін, елін қастерлеуге баулиды.

Жақсылық ДАНЫСБЕКОВА,
Матай орта мектебінің қазақ тілі, әдебиет пәнінің мұғалімі.

АҚСУ АУДАНЫ.

● *Тәрбие сағаты*

Талдықорған қалалық №15 орта мектебі жыл сайын Наурыз мерекесін лайықты қарсы алуды дәстүрге айналдырған. Биыл да бастауыш сыныптар арасында ұйымдастырылған тәрбие сағаты барысында жас жеткіншектердің көрсеткен өнеріне ұстаздар мен ата-аналар тәнті болды. Соның дәлеліндей, мектептің үлгісіне айналған Бірлікті Шабденов жетекшілік ететін 1 «б» сынып оқушылары жалғасын тауып отырған шараға жақсы дайындалыпты.



ҰСТАЗ ЖОЛЫ

Жетісу
Кәжет АНДАС

Бұл сыныпты мектептің үлгісіне айналған деп тегін айтып отырған жоқпыз. «Жақсыға бір кісілік орын бар» дегендей, Бірліктің ұстаздық шеберлігі қала тұрғындарына етене таныс. Оның ұрпақ тәрбиесіне қосып жатқан үлесін де көптен білеміз. Сондықтан, ата-аналар да оған көмектесуді қалап тұрады. Нәтижесінде, сыныптағы интерактивті тақта, компьютер, оқуға қатысты құрал-жабдықтар ата-аналар есебінен сатып алынған. Бұл мүмкіндік мектептегі өзге сыныптарда жоқ. Бұл бастама баласынан болашақ күткен әрбір атаның жадында жүрсе, нұр үстіне нұр болар еді. Осындай қолдаудың нәтижесінде балалардың үлгерімі де жақсы. Тіпті сыныпта түрлі тақырыптағы мәдени шаралар да жоғары деңгейде аталып өтеді. Бүгінгі Наурыз мерекесі қарсаңындағы сынып сағаты да ата-аналар белсенділігімен ұйымдастырылыпты.

Алайда, бұл жетістікті мектеп ұжымының ынтымақтаса жасаған еңбегінен бөле қарауға болмайды. Сөз кезегінде мектеп директоры Алматай Оңғаров:

– Аталмыш білім ошағы оқушыларға дәстүрлі тәрбие берудің негізі етеді. Өйткені, мектепте білім беру бір басқа да, оқушылардың бойындағы жасырын қабілетін жетілдіру өз алдына үлкен өнер. Қазақтық құндылығымыз қайта қалпына келіп жатқан мына заманда, балалардың санасына ұлттық қасиетті сіңіру әрбір тәрбиешінің басты ұстанымы болып табылады. Осы мақсатта мектеп оқушылары арасында біркатар іргелі істер атқарылып келеді. Соның бірі – бүгінгі ата-бабалар аманаты болған "Ұлыстың ұлы күніне" арналған тәрбие сағатын атап айтуға болады. Біз осы арқылы балаларға өз ұлтын қастерлеуді үйретуді мақсат етеміз, – деді.

Шараға жиналғандар Абай, Сәкен, Ілияс ауылына бөлініп, ұлттық салт-дәстүрден көрініс көрсетті. Оларға Жамбыл ауылынан келген қонақтар қонақкәде жасады. Ал Аяттың анасы Гүлсара апай үйіндегі ұлттық бұйымдардан шағын көрме ұйымдастырыпты. Онда күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдар самсап тұр. Шақырылған қонақтар қатарында Сүйінбай атындағы облыстық филармониядан келген Данияр Құрамысов, Бейбіт Мұсаев және басқа да өнерпаздар жырдан шашу шашып, ортаны думанға бөледі. Өмірбай ақсақалдың ақ батасымен жігерленген балалардың өнері мен тапқырлығына жанын жадырайды. Ән айтып, би билеген, күй тартып, тақпақ оқыған балалардың тартымдылығына тәнті боласың. Әсіресе, Заңғар Даниярұлының батылдығы бәрімізді бір желпінтіп тастады. Осыдан-ақ, ел келешегіне деген терең сенім көкірегіңе ұялап, тәуелсіз елдің ертеңінің жарқын болатынын сезінесің. Соңында көпшілік ата-аналар жайған дастарқан басына жиналып, наурыз көже ішіп, бір-біріне ақ тілектер арнады. Балалардың болашағына нұрлы жол тіледі.

● *Сыбайластық – індет*

ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗ ЖОҒАРЫ

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы қабылданып, заңдық күшіне енген жоқпа. Төрт тарау, жиырма баптан тұратын осы заңнаманы шенеуніктердің кейбірі мойындамайтын тәрізді. Себебі бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайласқан жемқорлықтың сан түрін көрсетіп, жазып, жазаларын паш етіп жатады. Әсіресе, орталық газет беттерінде олар туралы өте жиі жазылып жүр.

Егер мемлекеттік қызметкердің барлығы заң шеңберінде әрекет етсе, мұндай мазмұндағы мақалалар жарияланa бермес еді ғой. Аталған заңнаманың 3-бабы, 1-тармағында «Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар үшін осы заңның негізінде барлық лауазымды адамдар, Парламенттің, мәслихаттардың депутаттары, судьялар, сондай-ақ, осы бапта аталған мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген өзге де адамдар және оларға теңестірілген адамдар жауапты болады» деп анық жазылған. Елбасымыз да өзінің барлық кездесулерінде мемлекетіміздегі сыбайластыққа жол бермеуге, жемқорлықты түбегейлі жоюға әрқайсымыз атсалысуымыз керек дегенді қайталаудан жалықпайды. Тіпті атпары дардай министрлердің де, көптеген лауазымды тұлғалардың да осы заңның шеңберінен шығып, жазаланғандары баршамызға аян.

Негізінде парақор, жемқор деген жақсы ат емес. Сондықтан, әрбір мемлекеттік қызметтің тұтқасын ұстаған азамат әсіресе біз сияқты қаржымен тікелей байланысы бар мекемелер жұмысымызда ұқыптылық пен тазалыққа баса назар аударуымыз абзал. Аудандық қазынашылық басқармасы аудандағы барлық мемлекеттік, бюджеттік мекемелерге қаржы аудару ісімен айналысатындықтан әрбір қызметкеріміздің өз жұмысына деген жауапкершілігі өте жиі бақылауда болады.

Назира НҰРПЕЙІСОВА,
Ұйғыр аудандық қазынашылық басқармасының бас маманы.

● *Мектеп – мемлекет тірегі*

Ұшқан ұя

Кербұлақ ауданындағы Қарашоқы орта мектебі тың игерушілердің балаларын оқыту үшін 1955 жылы ашылған болатын. 1962 жылдан бастап орта мектеп болып құрылды. Ал 1972 жылы 640 орынды үш қабатты мектеп ғимараты салынды. Білім ордасы ашылғалы бері 7 оқушы «Алтын белгі», 26 оқушы «Алтын медаль», 3 оқушы «Күміс медаль», 8 оқушы «Үздік аттестат» иегерлері атанды.

Бүгінде білім шаңырағында 50 мұғалім қызмет атқарады. Оның ішінде 6 мұғалім «ҚР білім беру ісінің үздігі» атағына қол жеткізді. Мектеп ұжымы табанды да білікті еңбектің арқасында ҰБТ, МАБ нәтижесі бойынша Кербұлақ ауданындағы үздік үш мектептің қатарында келеді. Сондай-ақ, мектеп оқушылары аудандық, облыстық, «Дарын» ғылыми-жоба сайысында, халықаралық, республикалық «Ақбота», «Кенгуру», «Русский медвежонок» жарыстарында үздік нәтиже көрсетіп жүр.

Осы орайда ұстаздық еңбек жолында аянбай еңбек етіп жүрген А. Базарбаева, К. Бозымбекова, Б. Шабденова, Б. Әбікенова, Р. Батымбетов, К. Сәлімбаева, М. Аққамиев, К. Жантемірова, К. Ордаханова, Б. Жантемірова, Б. Құрымбаева, З. Дүйсенбаева сияқты тәжірибелі де жаңашыл ұстаздардың еңбегін атай кеткен жөн.

Сонымен қатар, өткен оқу жылынан бастап білім ошағын осы мектептің түлегі Күлшар Бұқабаева басқарып келеді. Күлшар Сейдоллақызы ұжымның сыры мен қырына қаныք болғандықтан білім сапасын арттыру бағытында бірқатар игілікті істерді қолға алып, оқушыларға саналы тәрбие, сапалы білім беру үстінде қажырлылықпен еңбек етуде.

Мен 35 жыл бойы еңбек еткен мектебімді әрқашан мақтан етемін. Себебі, 1973 жылы Қарашоқы орта мектебін бітірген соң ұстаздық жұмысқа құштарлығым Талдықорған педагогикалық институтына жетеледі. Институтты орыс тілі мен орыс әдебиеті пәні мамандығы бойынша бітіріп, ауылыма қайта орадым. Қазір менің алдымнан ұшқан шәкірттерім қоғамға өз үлесін қосқан білікті мамандар айналды. Ұстаз үшін мұнан артық мақтаныш жоқ шығар. Әлі де өскелең ұрпаққа үлгілі тәрбие беру жолында еңбектенің келемін. Еңбегімнің өтелеріне де сенемін.

Бақытжан АБДРАХМАНОВА,
Қарашоқы орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ.

2011 жылға Алматы облысының тұрғындарына МҚКҚО «Алматы облысының тері-венерологиялық диспансері» (АОТВД) – емдеу – алдын алу мекемесі мамандандырылған дерматовенерологиялық ақысыз медициналық көмек көрсетеді.

Диспансер құрамында: 100 керуеттік аурухана; консультативті-диагностикалық бөлімше; орталықтандырылған зертхана бар.

АОТВД – С.Д Асфандияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті дерматовенерология кафедрасының, Қазақ Американдық университетінің, Алматы дәрігерлер білімін жетілдіру медициналық университетінің, Алматы дәрігерлер білімін жетілдіру институтының оқу базасы болып табылады.

Базадағы кафедра профессорлық-оқытушылар құрамы консультативті-диагностикалық көмек көрсетеді.

Алматы облыстық тері-венерология диспансерінде – ауруды анықтау, емдеу, (псориаз, атопиялық дерматит, экзема, пузырчатка, аллергиялық дерматиттер, инфекционды-паразитарлы ауруларды табан микозы, алопеция және т.б аурулармен ауыратын науқастарды бақылау), сонымен қатар ЖҚАЖА (жыныстық қатынас арқылы жұғатын ауруларды) жоғары мамандандырылған мамандар қызмет көрсетеді.

Диспансердің орталықтандырылған зертханасы: клиникалық, серологиялық, иммунологиялық, бактериологиялық және молекулярлы-генетикалық (ДНК) зерттеулер жүргізеді. (АҚШ-та шығарылған) ДНК диагностикасы ҚР бойынша бір ғана жерде толығымен автоматтандырылған құрылғылармен жүргізіледі.

Жыныстық қатынас арқылы жұғатын инфекцияларды анықтау халықаралық (Еуропалық) анықтау стандартына сай келеді, АҚШ, Жапонияның, Ресейдің, Германияның диагностикалық тесттері қолданылады. АОТВД орталықтандырылған зертханасында- АҚШтың Колумбия және Висконсин университетінің референс зертханасына сәйкес келетін халықаралық сертификаты бар.

Диспансер дәрігерлері үнемі халықаралық оқу-тәжірибелік және республикалық тематикалық конференцияларға, кәсіптік білімін жетілдіру және квалификациясын жоғарылату үшін қатысып отырады.

Оқу-тәжірибелік ізденістердің нәтижесі жиі Қазақстан басылымдарында, сонымен қатар жақын шет елдерде шығарылып тұрады.

Алматы облыстық тері-венерологиялық диспансерінің мекенжайы: Алматы қаласы, Көктөбе поселкесі, Жабаев көшесі 69 «а», телефоны: 8 727 261 37 07.

21-ші автобус «Рахат» кондитерлік фабрикасының қасынан жүреді.

ГКП ЦРБ Ескельдинского района объявляет о размещенном у них гарантированного обьема бесплатной медицинской помощи на 2011 г. последующим оказываемым видам и формам медицинской помощи:

Квалифицированная стационарная помощь на 120 коек, из них терапевтических – 26, хирургических – 37, роддом – 20, детских –17, восстановительные – 20, на планируемых 6000 случаев.

Квалифицированная стационарозамещающая помощь на 120 коек.

На планируемых 5000 случаев.


Применяются инновационные технологии в лечении. Имеются в наличии сертификатов специалистов с присвоением квалификационной категории из них;

высшей категорий 5 врачей и 67 средних медицинских работников; первой категории 14 врачей и 27 средних медицинских работников; второй категории 4 врачей и 13 средних медицинских работников.

Без присвоения квалификационной категории 38 врачей и 164 средних медицинских работников. Отличник здравохранения – 1.

Разработан и передан на рассмотрение в экологическую экспертизу рабочий проект с разделом ОВОС по объекту: "Реконструкция водопроводной сети в г. Сарканд, Сарканского района Алматинской области" Всем заинтересованным лицам обращаться по телефону: 8 (7282) 22-25-85 ТОО "Фирма Архстрой".

ЕСКЕ АЛУ



Алматы облысы Шелек селосының тұрғындары жарық дүниенің қызығы мен қиындығын бірге көріп, жарты ғасыр ғұмырын бірге өткізген асыл әкеміз Әміреұлы Қожан мен Әбдіманапқызы Айнаханның фәниден бақи сапарына бірге аттанғанына да он жыл уақыт өтіпті. Ардақты, асыл ата-аналарымызды еске ала отырып:

Ол бір кезде жайдары көктем екен,
Одан бері тағы он жыл өткен екен.
Жұбын жазбай жалғанда жарты ғасыр,
Бақиға да бірге озар кеткен екен.
Бұл күндері бір-бір үй қыздарыңыз,
Қыздарыңыз өшпейтін жұлдызыңыз.
Жай тауып жаннат жайдан жандарыңыз,
Пейіште шалқи берсін нұр жүзіңіз.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: бауырлары, қыз-күйеу балалары – Бикен-Талғат, Мәрия-Ерлік, Гайша-Сержан, Бибігүл, Қарлығаш-Аманжол.

ГККП СБ с. Матай Аксуского района объявляет о размещенном у них гарантированного обьема бесплатной медицинской помощи на 2011 год по следующим оказываемым видам и формам медицинской помощи:

квалифицированная, стационарная на 20 коек, (из них: ___ пульмонологических, ___ неврологических, ___ ортопедических, ___ хирургических 20 терапевтических) ___ гастроэндологических, аллергологических), на 600 планируемых случаев;

квалифицированная, стационарозамещающая на 10 коек, (из них: 10 терапевтических), на 440 планируемых случаев.

Применение инновационных технологий в лечении:

Имеются в наличии сертификатов в специалистов с присвоением квалификационной категории из них:

высшей категории 2 врачей и 5 средних медицинских работников;
первой категории 1 врачей и 3 средних медицинских работников;
второй категории ___ врачей и средних медицинских работников;
без присвоения квалификационной категории 1 врачей, 9 средних медицинских работников.

Ученые степени, звания:

МККМ "Сельская больница" с. Кабанбай, Алакольского р-н.
(наименование поставщика)
Объявлет о размещенном у них гарантированного обьема бесплатной медицинской помощи на 2011 год по следующим оказываемым видам и формам медицинской помощи:

Квалифицированная, стационарная на 6 0 коек, (из них пульмонологических, неврологических, Р/О 15, хирургических 2,5, терапевтических 20, гастроэнтерологических, аллергологических, гинекологических), на 1900 планируемых случаев.

Квалифицированная, стационарозамещающая на 7 коек, (из них: пульмонологических, неврологических, ортопедических, хирургических, терапевтических, гастроэнтерологических, аллергологических, гинекологических), на 960 планируемых случаев.

Применяются инновационные технологии в лечении: (указать какие)

Имеются в наличии сертификатов специалистов с присвоением квалификационной категории из них:
Высшей категории врачей и 18 средних медицинских работников;
Первой категории 3 врачей и 1 средних медицинских работников;
Второй категории врачей и средних медицинских работников.
Без присвоения квалификационной категории 4 врачей и 22 средних медицинских работников.
Ученые степени, звания: (указать какие)

Конкурсный управляющий ТОО «СК Семиречье» г. Капшагай объявляет конкурс на проведение аудиторской проверки и оценки имущества ТОО «СК Семиречье». Конкурсную документацию выслать по адресу г. Талдыкорган, Восточный м-н. ул. Майлина, 12, кв. 2. тел.:26-28-64. Прием документов с 30.04.2011 по 8.10.2011 года.

***

Қапшағай қаласының ЖШС «СК Семиречьенің» конкурстық басқарушысы аудиторлық тексеру жүргізуге және дүние-мүлкін бағалауға конкурс жариялайды. Конкурстық құжаттарды мына төменгі мекенжайға жіберуі керек. Талдықорған қаласы, Шығыс мөлтек ауданы, Майлин көшесі, 12 үй, 2-пәтер, байланыс телефоны: 26-28-64. Құжаттарды қабылдайтын уақыт 30.03.2011- 8. 04.2011жыл.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 384. ТАРАЛЫМЫ — 45 473. ИНДЕКСІ — 65469.

Кезекші редактор: Күат ҚАЙРАНБАЕВ.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілді, беттелді.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Ақмола — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50. Байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-30-57, фототілшілер — 27-41-93, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есепкисап бөлімі — 24-35-28.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс) 79-13-86, 79-36-43. Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшарал — 2-12-57, Панфилов — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33.

Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Жетісу

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

● Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● №46 (17459) Сейсенбі, 12 сәуір, 2011 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

● *12 сәуір – Әуе және Ғарыш күні*



АДАМЗАТ БАЛАСЫНЫҢ ҒАРЫШҚА ҰШҚАНЫНА – 50 ЖЫЛ

2-бетке назар аударыңыз.

Ресми хабарлар



Жұлдызды жол Байқоңырдан басталды

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ресей Федерациясының президенті Дмитрий Медведевке Юрий Гагариннің ғарышқа тарихи сапар жасауына 50 жыл толуына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

«Адамзаттың жұлдызды жолы қазақстандық Байқоңырдан басталды. Осымен жарты ғасыр бойы Байқоңырдан ғарыш кемелері мен аппараттары ұшырылып келеді. Миссияларын орындаған ғарышкерлерді тағы да біздің жерде жылы қарсы алады», – делінген жеделхатта. Оның мәтіні Ақордағы сайтында жарияланып отыр.

Сондай-ақ, жеделхатта Қазақстан мен Ресейдің жемісті ынтымақтастығы біздің елдеримізбен халықтарымыздың игілігі, барша адамзаттың игілігі үшін жалғасатыны атап көрсетілген.

«Барлық қазақстандықтардың атынан және жеке өзімнің атымнан сізді және Ресей халқын Юрий Гагариннің тарихи сапарының 50 жылдығымен құттықтаймын! Адамның ғарышқа алғашқы сапары бүкіл адамзат үшін заманалық оқиға болды. Бұл біздің ғылым мен техниканың ұлы жетістігі, бауырлас халықтардың бірлесе атқарған қажырлы еңбегі мен ұжымдық тырысуларының нәтижесі болды», – деп жазады Н. Назарбаев Д. Медведевке жолдаған жеделхатта.

Сауд Арабиясы грант бөлді

9 сәуірде Рияд қаласында Семейде туберкулезге қарсы балалар ауруханасын салу үшін 7 млн. АҚШ доллары көлемінде қайтарымсыз грант бөлу туралы меморандумға қол қойылды.

Құжатқа сауд тарапынан САК Қаржы министрінің орынбасары Сүлеймен ат-Тұрки, ал Қазақстан тарапынан Шығыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Серік Өбденов қол қойды.

САК Королі Қос киелінің шырақшысы Абдалла бен Әбдел Әзиздің қайтарымсыз грант бөлу туралы шешімі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 29 тамызды Бүкіләлемдік ядролық қарудан бас тарту күні деп жариялау жөніндегі бастамасын қолдауының жарқын күәсі, сондай-ақ Семей полигонының жабылуының 20-жылдығын жаппықалықтық мерекелеу қарсаңында ядролық сынақтардан зардап шеккен қазақстандықтарға сауд халқының ағайындық сыры екенін салтанатты шара барысында сауд тарапы атап өтті.

● *Облыстық әкімдікте*

БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Кеше облыс әкімі Серік ҮМБЕТОВ Талдықорған қаласында өз гранты бойынша оқып жатқан студенттермен кездесті. Салтанатты шараға облыстық мекемелер мен басқармалардың басшылары, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті және оның колледжінде, медициналық колледжде, Жолдасбеков атындағы құқық және бизнес колледжінде, экономикалық колледжде облыс әкімінің грантымен білім алып жатқан 164 студент қатысты.

Жетісу

Қажет АНДАС

Алдымен Елбасының жастарға жасап отырған қамқорлығын тілге тиек еткен өңір басшысы осыдан кейін сөзін облысымыздың экономикалық, әлеуметтік жағдайымен сабақтай келіп, сөз ретін жастардың білім алуына қатысты жасалып жатқан жақсы жағдайлармен жалғастырды.

– Бүгінде халқымыздың 30 пайызын жастар құрайды. Осыған орай, Елбасымыз да жастардың жан-жақты білімді болуына барлық жағдайды жасау керектігін күн тәртібінен түсірмейді. Соған байланысты өңіріміздегі оқуға ынталы, бірақ отбасылық жағдайы нашар балаларға арнайы грант бөлініп, олардың сапалы білім алуына, саналы маман болуына жағдай жасалып келеміз. Мәліметке жүгінсек, 2006 жылдан бүгінге дейін жалпы 470 студентке грант берідік. Бұл мақсатта облыстық бюджеттен 192,4 млн. теңге бөлінді. Мұның ішінде 63-і оқуын аяқтап, 48-і тұрақты жұмысқа орналасса, 18 студент жалпы мемлекеттік білім грантына ауысқан, – деді ол.

Одан соң жастардың білім алуының өзектілігін сөз еткен өңір басшысы жоғары оқу орындарының басшыларына жастарды елжандылыққа, отансүйгіштікке, патриоттыққа баулитын бастамаларды кеңтен жүргізу керектігін баса айтты. Ретті келгенде, Елбасының өмірі жайлы түсірілген фильмді облыстағы оқу орындарында көрсетуді Серік Мұқановқа тапсырады. Өйткені, бұл фильм жастардың бойына күш-жігер, ынық сенім орнататынын жеткізді.

Осыдан кейін сахна төріне көтерілген І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенттері Әйгерім Шаншарбекова, Әсем Өскенбаева, Анатолий Боландин, Эмин Хаджиевтер және ата-аналар өкілдері балаларының білім алуына жағдай жасағаны облыс әкіміне деген ыстық ыңылласын жеткізді. Аталған университеттің ректоры Өбдәмәнап Бектұрғанов оқу орнының бүгінгі таңдағы мүмкіндіктерін тілге тиек ете келіп, алдағы ауқымды жоспарларымен таныстырды. Тілті, облыс әкімінен Алматы қаласының маңындағы Қарасай, Жамбыл, Еңбекшіқазақ, Талғар аудандарынан университетте бірде-бір студенттің оқымайтынын айта келіп, бұл жағдайды аудан әкімдеріне құлақ қағыс етуді өтінді.

Шараға қатысқан студенттер облыс әкімінің ұмытпастығына, жақсы оқуға күш салатындықтарын көпшілікке тағы бір түйіп, ризашылықпен тарады.





Суреттерді түсірген Алдаш КӘРІБАЕВ

ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ОЙДАҒЫДАЙ

● *Көктемгі егіс – 2011*

– Дала жұмыстары біраз көшеуілдейтін сыңайлы, – дейді аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің бастығы А. Юсупов.

Жетісу

Елияс ЖҮНІС

Биылғы көктемде расында да біршама уәлікке соқпалатын түрі бар. Сәуір айының алғашқы күндерінен-ақ ауа райы күрт құбылып, жаңбыр мен қар кезек алмасып, жердің дегдуіне мүмкіндік бермей тұр. Бөлім басшысы осыны меңзесе керек. Дегенмен қашаннан жер емін өскен дихандар қауымы алдағы күндерге үлкен үміт артып отырғаны да анық. Өңтіме желісін Асқар Махмұтұлының өзінен тыңдап көрелік.

– Жылдағы дәстүр бойынша биылғы көктемде де біздің ауқымды істер күтіп тұр, – деді ол алдындағы қағазға түскен ақпараттарға көз жүгіртіп отырып. – Өткен күзде 19500 гектар алқапқа күздік егін, оның ішінде 14900 гектар жерге бидай дәнін еккен едік. Жергілікті жердегі мамандардың пікірінше қарағанда, ылғал қоры жеткілікті көрінеді. Соған қарағанда бірқалыпты өсіп-жетілуіне мүмкіндік бар деген сөз. Ал жаздық арпа 9700 гектар жерге орналастырылмақшы. Аудан көлемінде 8110 гектарға күнбағыс, майбұршақ, мақсары сияқты майлы дақылдарды себуді межелеп отырмыз. Мұның сыртында 1415 гектар картоп, 322 гектар көкөніс, 691 гектар бақша дақылдары бар. Сондай-ақ, 19860 гектар жерге мал азығындық дақылдар егілмекші. Қазірше тұқым себу басталып қоймағанымен көктемгі және жазғы дала жұмыстарын тығылықты жүргізудің алғышарттары жасалу үстінде. Айтар болсақ, қазір көпжылдық шөп егістіктерін тырмалау қарқын ала түсті. Науқан барысында барлығы 18630 гектар жер тырмалануы керек болса, 6 сәурге дейін 2 мың гектардан астам жер осындай өңдеуден өтті. Екінші бір ерекше көңіл бөлініп отырған нәрсе, су арналарын осы бастан тазалау. Яғни бұл суармалы жердегі астық алқаптарын жеткілікті мөлшерде сумен қамтамасыз етуге кең жол ашпақ. Жұмыстың маңыздылығы да осында. Қазірге дейін 10 шаңырымнан астам арық-тоғандар күл-қоқыстан тазартылып үлгерді. Бұл жұмыс әлі де өз жалғасын табатын болады.

Көктемгі дала жұмыстарының дер кезінде әрі сапалы жүргізілуі қолдағы техникаға да қатысты. Аудан бойынша 500-дің үстінде тракторлар болса, соның 60 пайыздан астамы көктемгі дала жұмыстарына тартылмақшы. Бірі де әлдағы науқанға сақадай-сай дайын тұр. Ал жаңар-жағармайға деген қажеттілік 1485 тонна болса, қазір соның 1113 тоннасы қолда бар. Жетіспей жатқан жаңар-жағармай жағын шаруашылық құрылымдары өздерне ыңғайлы бағаға жан-жақтан сатып алуда. Сондай-ақ, қазіргі күні минералдық тыңайтқышқа, элиталық тұқымға субсидиялық төлемдер бойынша шаруашылық құрылымдарынан өтініштер қабылданып жатыр. Анық байқалатыны, сұраныс күннен күнге арту үстінде. Қазірдің өзінде 50-ден астам ауылшаруашылық құрылымдарынан өтініштер келіп түсті. Бұл тізім әлі де толығуға түсетінне ешқандай күмән жоқ.

Айтпақшы, егістіктің шығымды болуы оның тұқымына да байланысты. Тұқым сапалы болса одан алынатын өнім де мол болмақ. Айталық, жоғарыда аталған 9700 гектар алқапқа себілетін жаздық арпа үшін кемінде 1746 тонна тұқым қажет. Осы мөлшердегі тұқым «КазАгроЭкс» зерттеханасында толығымен тексеруден өткізілді. Яғни себуге дайын деген сөз. Ал қажетті қызылша тұқымы «Алматы қанты» зауыты арқылы алынатын болды. Тәтті түбір егудегі басты жаңалық, бұл алқаптарға француздық тұқым егілмекші. «Жұмыртқаны күзде сана» демекші, оның нәтижесі жинтерін барысында анық аңықтала жатады.

Көктемгі дала жұмыстарына жылдағы дәстүр бойынша «Қасқелең» АҚ-ның, «EVA» ЖШС-нің дихандары сақадай сай отыр. Байсерке ауылдық округіндегі Режеп Мәншүкүчаннның, Рысқан Тотыбаеваның, Жетіген ауылдық округіндегі Рүстем Жексембай мен Әлипаша Гасанов және басқа шаруа қожалықтарының дайындықтары көңіл қуантарлық. Жыл сайын ауылшаруашылық өнімдерін мольдан өндіріп жүрген өзге де саттарының ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына пайдалы тартуға ралғылыр жасайтыны даусыз. Бір сөзбен айтқанда, мерекелі жыл аулы еңбеккерлері үшін мейлінше берекелі болады деген үміттеміз зор.

ІЛЕ АУДАНЫ.



Күні кеше бүкіл Қазақстан халқы кешектен тыс Президент сайлауында жеңіске жеткен Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫ ұлықтау рәсімін тамашалады.

Бұл жеңіс бір-ақ күнде келе қойған жоқ, бұл Нұрсұлтан Әбішұлы жылдар бойы жүргізіп келе жатқан жасампаздық саясатының жемісі. Редакциямызға ағылып келіп жатқан ақ тілектер тасқыны осының дәлелдейді. Сондай хаттардың бірнешеуін оқырман назарына ұсынып отырмыз.



БАРШАҒА ОРТАҚ ҚУАНЫШ

Бағында бабаларымыз «Елу жылда ел жаңа, отыз жылда – қазан» деп, заманның уақыт өткен сайын өзгеріп отыратынын айтып кеткен ғой. Өскелең уақыт шіркін бұл мерзімді де айтарлықтай қысқартқан секілді. Ойлай бейтінің, елу немесе отыз жыл емес, небары жиырма жылдың аралығында тәуелсіз еліміз үлкен жолды жүріп өтті. Бүгінде бастапқы кезеңдегі ауыртпалықтар көрген түс тәрізді ғана есте қалды. Ел тұрмысы түзелді, еңбек етіп, жағдайымды дұрыстаймын деген адамға барлық жағдайлар жасалынып отыр. Мұның бәрі Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасы екендігі сөзсіз.

Кезектен тыс Президент сайлауы өткізілген кезде менің отбасымның алдымда кімге дауыс беремін деген таңдау тұрған жоқ. Елімізді дүние жүзіне танытып, экономикамызды дамыту үшін барлық жағдайды жасап жатқан Нұрсұлтан Әбішұлына дауыс беремін деп бірден маңызды ұйғарым жасадым. Кешбасымыздың Президент болып сайланатынына бір сәт те күмәнім болған жоқ. Жалпы мен ғана емес, барлық отандастарым осындай көңіл-күйде болды ой деп ойлаймын.

Елімізді дүние жүзіне таныту дегеннен шығады, мен жұмыстарының бір бөлігі өзіміздің Алматы облысының аумағында өткен Алаада ойындарын бастан-аяқ бақылап отырдым. Талдықорған қаласында ұйымдастырылған салтанатта Алаада алаудың алғашқы жүгірушілердің бірі болғанын мерейімді тіпті өсіре түсті. Бұл шараны өткізуде де Елбасымыздың үлкен үлесі болғаны сөзсіз. Содан кейін де шығар, сайлауда жеңіске жеткен Нұрсұлтан Назарбаевтың күні кеше Ақордада өткен инаугурациясын теледидар арқылы тамашаладым. Жарқын болашаққа деген сенімімізді нығайтып, қанымыз иілікті бастамалардың ұйытқысы болып отырған Елбасымыздың кез алдындағы биік бейнесі бұрынғыдан да асқақтай түскендей болды. Сондай сәтте Нұрсұлтан Әбішұлын ғана емес, осындай қуанышқа бөленіп отырған барша отандастарымды құттықтағым келіп кеткенін несіне жасырайын. Ендеше осынау көл-көсір қуанышымыз құтты болсын, қадірлі ағайын!

Бейсетай ДӘУРЕНБЕКОВ,
Балқаш ауданының Құрметті азаматы.

АНАЛЫҚ АЛҒЫСЫМ

Көктал ауылында тұратын көп балалы анамын. Жұбайым Сүлеймен екімбеков ұзақ жылдар бойы үстаздық етіп, демалысқа шыққан зейнеткер. Балаларым да ер жетіп, әр салада қызмет етуде. Қолымыз балдай тәтті немерелеріміз де бар.

Өткен Президент сайлауында отбасымызбен Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа дауыс бердік. Бұл біздің нық байламымыз болды.

Қазақ халқы ғасырлар бойы армаған тәуелсіздікке қол жеткізгенде, балаларыма қарай, Нұрсұлтандай дана азаматтың ел басқарғанына бүгінгі күні мың да бір тәубе дейміз. Елімізді тәуелсіздік деген тәтті сезімнің құшағында 20 жылды өткердік. Тарих үшін аз ғана уақыттың ішінде халқымыздың әл-ауқаты жақсарды. Зейнетақы жыл сайын көбеюде. Мен сияқты көп балалы аналарға көрсетілін отырған құрмет пен жәрдемақы көңіл көншітерліктей. Елімізде бірінеден жұмыссыздық жойылуда. Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін алып құрылыстар салынуда.


Бұрын әлем қауымдастығына бейімделіп болып келген Қазақстан қазіргі таңда ғаламшар халқы қызыға қарайтын елге айналды. Осы жақсылықтың бәрі Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатының жарқын көшкесі. Елбасының өткен сайлауда жеңіске жетіп, тұрғында нық тұрғанына қуаныштымыз.

Әсемхан ДАБАНОВА,
«Алтын алқа» иегері.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Бокс рингін ТАРТУ ЕТТІ



ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ. Ауылды жерлерде түрлі спорт кешендерін ашып, дені сау ұлт қалыптастыру Елбасы Жолдауында айтылған. Жолдауға қолдау көрсеткен еңбекшіқазақтық кәсіпкер Жангелді Осан Шелек ауылындағы Төле Кенжебаев атындағы және Ыбырай Алтынсарин атындағы мектептердің спортзалын жаңалып, спорт жанашырларына қуаныш сыйлады.

Қайырымдылық жасауға және құмар Атымтай Жомарт атанған Жангелді Көшамбайұлы аталмыш мектептердің шайнығу залын жаңалап қана қоймай, ірі жарыстар өткізуге сай су жаңа бокс рингтерін орнатып берді. Оқушыларымен қатар спортсүйер қауымның да ерікті шұғылданып, жаттығуына қажетті барлық мүмкіндіктер қарастырылып, құрал-саймандар сатып өперді.

Жаңа ринг пен спорт клубының бірге ашылуына орай, сол күні ірі жарыс ұйымдастырылып, оған елімізден өлемге танымал бір топ спортшылары қатысты. Турнирге қырғыз елінен, Алматы қаласынан, сондай-ақ, облыс аудандарынан бокс, тай-бокс, кикбоксинг, ережесіз жекпе-жек сайлақтары қатысып, Жангелді Осан тікен бас жүлде мен елімізділ және Еуропа, Азия елдерінің бірнеше дүркін чемпионы, кикбоксингтен өлем күбогінің жеңімпазы Елмұрат Қайыпғанов тағайындаған ауыспалы күбок сарапқа салынды. Әйгілі спорт жұлдыздары тәжірибе ойын-өрнектерін көрсетті.

Мұндай ойын-өрнектерін ауылда тамашалау, әрі тұңғыш рет көзбе-көз көрген көрермендер үшін ғажайып оқиға болды. Жиналғандарды құттықтаған өлем чемпиондары Марат Мизамбаев, Мұхит Дәулетбаев, Ардақ пен Бекбат Назаровтар, Сабырхан Махметов, Марғұлан Әсембаев, Бауыржан Тәліп, Бекнар Аманбаев, тағы басқалар демеушілік қолдауын беріп, үлкен спортқа жол ашатын мүмкіндік жасаған қайырымды азаматтарға алғыс айтып, спорт клубына сәт-сапар тіледі. Арнайы алып келген сый-жоралғылары мен тарту-таралғыларын ұсынды.

Баянды ЗӘКІРОВ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Американдықтар қызмет КӨРСЕТЕТІН БОЛАДЫ



ҚАРАСАЙ. Бүгінгі экологиялық тазалық кімді болса да толғандырмай қоймайды. Әсіресе, елді мекендер мен алыстағы ауылдардың тазалығы өзекті өңіріміздің желісіне айналып, соңы айтыс-тартысқа ұласып жатады.

Бұл мәселе ауылдан асып, әлемдік деңгейге көтеріліп жатқаны экологиялық проблеманың түпкі залалын айқындай түседі. Осыған орай, американдық «USAID» агенттігінің экологиялық жедел бағдарламасы өзінің қызметін жергілікті, яғни, ауылдық экологиялық тазалығын қалыптастыруға бағытталған бірден-бір айқын жоба болып отыр. Бұл жоба республиканың бес облысын қамтыған. Бағдарлама бойынша осы облыстардағы бірнеше ауылдық округтер енген еді. Соған Қарасай ауданындағы үш бірдей ауылдық округтер енгізілген. Жұмыс арда мемлекетаралық осы шараға байланысты АҚШ-тың іскер азаматтары ауданның Қаскелең, Үлкен Алматы, Үшқоңыр ауылдық өкімдіктерін аралап көрді. Оған АҚШ-тың тұрмыстық қалдықтарды сақтану жүйесі құрылысын жүргізу мен басқару саласының сарапшысы Д.Жеф Миллер, қатты тұрмыстық қалдықтарды реттеу басқармасының экономисі және коммуналдық шаруашылықты жүргізудің сарапшысы Гед Сиглер қатысып, жедел жобаға енген ауылдық өкімдіктердегі елді мекендердің жағдайымен танысты.

Тазалықты сақтау проблемасы қиындық туғызып отырған Қаскелең қаласындағы Құрылысшы шағын ауданының таңдалып алынуы да осы мақсаттан туындады. Шағын ауданды және қала маңындағы күл-қоқыс полигонын аралап көрген қонақтар екжақты келісім жасады. Келісімшарт бойынша атқарылатын жұмыстар белгіленді.

Сайлаубек БАЙДУЙСЕНҰЛЫ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Жарқын ҚАДАМ



ПАНФИЛОВ. XXI ғасыр деңгейіндегі білім беру мен кәсіптік даярлау жайында Президент Нұрсұлтан Назарбаев Жолдауында былай деген еді: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақтың жоғарғы технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістер үшін кадрлар жасақтауымыз керек».

Білімге, ғылыми өлеуетке негізделген қоғам ғана елімізді әл-ауқатын және басекеге қабілеттілігін, ұлттық қауіпсіздігі, елімізді әрбір азаматының жағдайын қамтамасыз етеді. Осындай ұлық қана ел мерейін бүгінгі жеткен биігінен аласпартпақ, жаңалану деп аталатын жүйенің теріс ықпалын бойына дарытпай, әлемдік даму көшіне іпеспек. Бүгінгі таңда өзімізге тән-тәрбие беріп жатқан жастар тек біламді мамандар ғана емес, Отанын жанындай сүйетін, ұлттық тарихы мен мәдениетін қастерлейтін, рухани кемелденген азамат болып өсіп-жетілуі қажет.

Кәсіби -техникалық білім беруде қоғамдық пәндердің өзекті мәселесі Қазақстанның болашағы – жастардың бойында азаматтық пен елжандылық қасиетін қалыптастыру болып табылады.

Біламгер тек білім алып қана қоймай, ізденіс жұмыстарын орындау арқылы да деңгейін көтеруі шарт. Бірінщіден, алған теориялық және тәжірибелік білімін бағдарламадан тыс материалдармен толықтырып, жетілдіре түсу. Екіншіден, өткеніміз бен бүгініміз болу маңызды. Үшіншіден, түрлі ғылыми практикалық конференцияларға атсалысқа отырып, белсенділігімізді арттыру қажет. Ендеше, аталған міндеттерді орындап, болашаққа жарқын қадам басайық.

Камшур ИЛИМАНОВА,
Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжінің қоғамдық пәндер оқытушысы.

Алматы облыстық мәслихаты Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Ар-намыс кодексін мәслихат аппаратының қызметкерлері тарапынан орындамаған фактілері туралы әрбір облыс тұрғыны төмендегі **8 (7282) 27-19-04** сенім телефоны арқылы хабарласу мүмкіндіктері бар екені туралы жариялайды.

Оқу-білімсіз өнер де жоқ, ақын болу үшін де, болмаса басқа түрлі өнерпаз болу үшін де, ең алдымен білім керек.

Габит МҮСІРЕПОВ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 60 (17473) Бейсенбі, 19 мамыр, 2011 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Ресми хабарлар



ЖАҢАРУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖОҒАРЫ

– Қазақстан кәсіпорындарының жаңғыруы мен жаңаруы біз үшін өте маңызды. Бүгін Астанада өтіп жатқан ҚР Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 24-ші жалпы отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осылай мәлімдеді.

«Кеңес отырысының бүгінгі тақырыбы – «Қазақстан кәсіпорындарының жаңғыруы мен жаңаруы». Бұл біз үшін өте маңызды әрі өзекті мәселе. Өйткені, оңсыз Қазақстан өнеркәсібінің одан әрі қарай технологиялық дамуы мүмкін емес екені белгілі. Сондықтан бүгін кыту пікірталас болып, тартымды ұсыныстар айтылады деп сенемін», – деп атап өтті Мемлекет басшысы ятаған кеңестің ашылуы барысында.

Президент өз сөзінде арнайы шақырумен жетекші еуропалық елдердің бұрынғы белгілі басшылары келгенін жеткізді. Олардың ішінде Александр Квасьневский, Тони Блэр, Романо Проди және Альфред Гусенбауэр мырзалар бар.

«Сіздерге, қадірлі қонақтар, кеңес отырысында мұқтаж ымалас, зор көшемет білдіреміз. Елдеріміз арасында шынайы әріптестік пен достық, өзара сенім мен құрметтің қалыптасуына сіздер үлкен үлес қосып келесіздер. Сонын нәтижесінде Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы экономикалық-инвестициялық ынтымақтастық жоғары деңгейге көтерілді», – деді Н. Назарбаев.

ИНВЕСТИЦИЯҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ

– Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан экономикасында бизнесті жүргізу мен инвестиция салуға қолайлы жағдайлар жасалды.

Бұл туралы Астанада өтіп жатқан ҚР Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 24-ші жалпы отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мәлім етті.

«Тура 20 жыл бұрын, яғни 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізіп, түбегейлі әлеуметтік-экономикалық, саяси реформаларды жүргізуге, сондай-ақ демократиялық қоғам мен ашық экономиканы құруға кірісті. Осы сәттен бастап еліміз мақсатты түрде нарықтық экономиканы құру жолында жүріп келеді», – деді Мемлекет басшысы.

«Осы уақытта Қазақстанда бизнесті жүргізу мен еліміз экономикасына инвестиция салуға қолайлы жағдайлар жасалды», – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Президент елімізде үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарлама іске асырылып жатқандығын еске салып өтті.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен **ДӘУРЕНБАЕВ Амангелді Айдарұлы** облыс әкімі аппараты қаржы-шаруашылық бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды.

● *Республикалық Ілияс оқулары – 2011*

ДАРЫНДЫЛАР ДАРАЛАНҒАН КҮН



Облыстық білім басқармасының бастығы Лаззат БАЗАРҚҰЛОВА бас жүлдегер Жәнібек ҚОЙТАЙДЫ марапаттауда.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан көмеңгердің деген Ілияс ақынның сөзі ендігі жерде өзіне қатысты айтылатындай. «Мың өліп, мың тірілген» халқымызда дарыны Алатаудан ары асып, осланға шарқ ұрған ұлылар көп туды. Біздің ұлт ретінде сақталып, бүгінгі тәуелсіз ел болуымыздың түптамыры осында жатыр. Енді ел болып еңсеміз көтерілгенде, сол бабаларды қадірлей алмасақ, елдігімізге сын, ертеңіміз бұлыңыр. Тәубе, бәрін жаманға жоруға болмайды. Байыптап қарасақ, атқарып жатқан істеріміз аз емес. Аталарымыздың аруағын тірілтіп жатқанымызды айтпағанның өзінде, даналарымыздың тоғылымын жас ұрпаққа үйретуде бірталай істің бетін қойырдық. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Ілияс оқулары мұның дәлелі болмақ. Тояуда осындай мақсатпен Ақсу ауданында облыстық білім басқармасы мен Ақсу аудандық әкімдігінің ұйымдастыруымен V республикалық Ілияс оқулары өтті. Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы, Ақсу ауданының 80 жылдығымен тұспа-тұс келген байқауға республиканың түкпір-түкпірінен 25 үміткер қатысып, бабы мен балын сынға салды

Жетісу
Кажет АНДАС

Халқымызда: «Той тойға ұласын» деген нақыл сөз бар. Жақында ауданның 80 жылдық мерейтойын думандатып өткізген ақсулықтар Ілияс оқуларын өткізуге де мықты дайындалғанын байқатты. Алыстан ат арытып келген қонақтар мен байқауға қатысып, бағын сынайтын үміткерлерді орталық алаңда сахналық қойылыммен қарсы алды. Аудан тарихынан мағлұмат беріп, Ілияс ауылының берекелі өмірі мен мерекелі пейілін паш ететін қойылым қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Осы жерде V республикалық Ілияс оқуларының әділқазылар алқасын таныстырған жүргізуші сөз кезегін аудан әкімі Өскербек Дүйсембиевқа берді:

– Құрметті қауым, Ілияс бабамыздың аруағын аспандатып, үмітін үкілеп келген үміткерлер!

«Арудың сыйлаған ел ардайды» дегендей, өнері өрге жүзген, батыры мен ақынын құрметтеген қазақ жерінің тәуелсіздігі үшін күрескен талай батырдың еңбегі сайран жеткен тарихи мекенге қош келдіңіздер. Ақсу жері туралы әңгіме қозғалса ең алдымен жыр құлағы Ілиястың тілге оралғаны анық. Қасиетті жеріміз бүгінде өзінің ақындар мен батырларының құтты мекені екенінің тағы бір қырын дәлелдеп отыр. Ілияс ақын әдебиеттің барлық саласында қалам тербесең жазушы, ақын, драматург. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр сүрсе де артында ұлан-ғайыр мұра қалдырып кетті. Белгілі ғалым Рымғали Нұрғалиев ақынның зәңгір талантын: «Табиғатынан дарынды, тілі орамды Ілиястың әрбір сөзі асыққа құйылған қорғасындай», – деп бағалаған. Жетісу жерінің тағылымдың табиғаты, асқар таулары, алыпты өзендері өнің бойына ықпалын болып құйылып, өнер болып өрілді. Ақын жырларын халық өзі қастерлеп, тұмарындай сақтауда. Бүгін мысал ретінде жеті сайын ұлдандық, облыстық, республикалық деңгейде өтетін Ілияс оқуларын айтуға болады. Сол байқауларда қанішама жас талант танылды, қанша дарынның жолын ашты. Бүгін сол толқынды сіздер жалғастырып отырсыздар. Бақтарыңыз жанып, барлығыңыздың де жүздеп орныған көріністеріңізге тілектестік, – деді.

Бұдан соң көпшілік Молықбай атындағы Мәдениет үйінде ауданның «Ақсу халық театрының» түсаукесер рәсіміне қатысты. Сонау 1935 жылы құрылған Ақсу колхоз-совхоз театры Жетісу жерідегі өнердің ең алғашқы өрлені саналады. Арада бірталай жыл жұмысын тоқтатқан өнер ордасы биыл көрермендерімен қайта қауышты.

(Соңы 2-бетте).

Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ.

● *Облыстық әкімдікте*

Жылыту маусымы қорытындыланды

Облыс әкімінің орынбасары С. Жылқайдаровтың төрағалық етуімен 2010-2011 жылғы жылыту маусымының қорытындысын шығарылып, алдағы жылыту маусымына дайындық барысы тыңдықталған жиналыс өтті. Онда негізгі мәселенің дайындық барысы толығымен жүзеге асырылған түрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға қатысты жиынтай да оң болды. Жаңын соңында жылыту маусымының ойдағыдай өтуіне ықпалдасқан әкімдіктер мен жекелеген тұлғалар марапатталды.

Жиналыс туралы толық мәліметті алдағы нөмірден оқисыздар.

● *Азық-түлік бағасы*

ПАРТИЯ БАҚЫЛАУЫНА АЛЫНАДЫ

«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының Алматы облыстық филиалында бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі болып саналатын азық-түлік тауарлары бағасының қымбаттауына жол бермеу жөнінде басқосу өткізілді. Отан облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы басқармаларының кәсіпкерлік өкілдері жиналды. Отырысқа төрағалық еткен Алматы облыстық партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Жомартқали Жақсембиров өткен айда Астанада бизнесмендердің басы қосылған мәртебелі форумда Елбасы кәсіпкерлер мен «Нұр Отан» партиясының алдына жүктеген жаңа міндеттердің ауқымында азық-түлік бағасының шектен шығып кетпеуін қамтамасыз етуге ерекшеше назар ауаратынын айтты.

Жетісу
Болат АБАҒАН

Қыс айларында шарықтап кеткен қымбыс бағасы көктемнен бері біршама төмендеді. Алдағы кезде шектеулі баға белгіленген азық-түліктің 27 түріне қатысты жағдайды тұрақты бақылауда ұстау үшін партияның облыстық филиалы жанынан арнайы қозғалмалы кеңес жасақтап, ай сайын екі мәрте мониторинг жүргізіп тұратын рейдтік топтар құру керектігін жеткізді. Сонан соң қозғалмалы кеңес және рейдтік топтардың жетекшілерін таныстырды. Атап айтар болсақ, ауыл шаруашылығы өнімдерінің, азық-түлік тауарларының және дәрі-дәрмектердің бағасын бақылап, белгіленген бағаны шарықтатып жіберушілер және сапасы нашар жарамсыз өнімдерді сатып-дарға қатаң шаралар қолдануға мәлім ету қажеңе екені өтетін кеңес пен топтардың орнатуға ұсыныс пен құзыреттің шегінде кеңіл Осы топтарға мамандығы сай кәлетін тиісті бақылау қадағалау органдарының қызметкерлері мен қозғалмалы кеңес мүшелері фактілер алынатын Егер, ойға алынған топтықтарды жүзеге асырып болса, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік тұрғыда тексеруден нақты мерзімдерден қатаң түрде белгіленген өз мүддетері үшін тиімді пайдаланып, халық талабы мен топтың ұлғат қалдықтан кәсіпкерлер мен кәсіпорындарға алдағы кезден ай сайын екі мәрте бақылауға алынады. Сонда жеңіс бағаны тағайындау, реттеп қымбаттату деген келеңсіз не кетуі мүмкін.

Сөз кезегін алған облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бастығының орынбасары Мұқатай Мамыров облыстағы инфляция мен азық-түліктің қымбаттауының деңгейі республикалық орташа көрсеткіштен сәл болса да төмен екенін мәлімдеді. Қалай болғанда да, Алматы облысында негізгі азық-түлік бағаларын басқа өңірлерге қарағанда тым асыландап кетпеу жөн. Бүгін Алматыны қоса алғанда облыс қалаларында сәнбеке жәрмеңкелердің ұйымдастырылуы және өңірде жұмыс істеуге ерікелген жылжымалар мен қоймалар санының артуы арқасында қол жеткізген көрінеді. Сонымен бірге, облыс әкімдігінің қарамағындағы 211 өлеуметтік дүкеннің қалықтың, әсіресе ауылдық тұрғындарға қызмет көрсетуінің де өлі есеңе барлығы анық. Биыл облыстың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына 1 млрд. теңге қаржы бөлінеті Бұл – бірыңғайды болып көрмеген қадамдар Корпорация тек қана өзімізде өсірілетін және өндіретін өнімдерді сатуға бейімделетін сауда орындарын салуға кіріседі жоспарлап отыр. Мұндай сауда павильондының ішінде Талдықорған қаласында тұрғызылса, Қапшағай және Текелі қалаларында ұш-үштен іске қосылмақ. Облыс әкімдігінің қарамағындағы 80 мың тонна өнім сиятын 95 қойма бар екенінді. Өткен жылы өз қажетін біршама ақтайтын қойма салған «Жерұйық» базарын тағы бір үлкен қойма тұрғызбақ. Осылардың барлығын дұрыс пайдалана алсақ, өзімізді негізгі азық-түліктен толық қамтамасыз ете аламыз. Өкінішке қарай, сол қойымдарды дер кезінде қажетіне пен жемісін, басқа өнімдерге толтырып алуға ешкім жете қамқор болмайды. Бізде әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі тұрақты өсуде. Мал басын асылдандыру мен қолда бар малдың текті қорын сақтауда бірқатар жұмыс атқарылуда екен. «Мүйізді ірі қара етінің экспортын дамыту артылуы» жобасын жүзеге асыруда атқарылатын іс-шаралардың жоспары жасалып, бағдарламаға қатысатын ауылдық тұрғындарды іріктейтін облыстық және аудандық жұмыс топтары құрылды.

Бүгінде «Сыбаға» бағдарламасы шеңберінде қаржы институттарына 7120 бас мал сатып алуға 3 млрд. 293 млн. теңге қаржы бөлініп 62 шаруашылықтан өтінімдер түскен. Оның ішінде 500 бас ірі қара малға арналған бағдарламаны қолдауға Қарасай ауданының «Жетісу» ауыл шаруашылығын түлету кооперативі 373,5 млн. теңгеге өтінім жіберген. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-на 18 шаруашылықтан 2 млрд. 750 млн. теңгеге өтінім берілсе, оның ішінде 330,6 млн. теңгенің жобалары несиелік комитеттен қолдау тауып, бүгінгі күні 200,0 млн. теңгеге қаржыландырылыпты.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-на 289,0 млн. теңгеге 41 өтінім түсіп, оның ішінде 77,1 млн. теңгенің жобасы қолдау тауып, 19,4 млн. теңге қаржы берілген. Ал, «КазАгроӨнім» АҚ-на 254 млн. теңгеге түскен 3 өтінім «КазАгроҚаржы» АҚ-на өтіпті. Қазіргі күнде аталғандығы іс-шаралар жоспарына сәйкес жобаға қатысатын 766 шаруашылықта етті бағытқа асыл тұқымды бұқалармен будандастырылатын 43,6 мың сиыр мен құнажын бағылып жатса, оның 17,9 мың басы қолдан ұрықтандырылады. Сонымен бірге, етті бағыттағы 21,2 мың бас ірі қара мал өсіретін және фермерлік шаруашылықтар құру жоспарланып, соның ішінде ағымдағы жылы 5,9 мың бас мал бағатын шаруашылық құрылмақты.

Жиын соңында министр мырза кеңесте қаралған мәселелердің жүзеге асуын қадағалауды өңір басшыларына жүктеді.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

● *Селекторлық кеңес*

АҚПАРАТТЫҚ КАРТА ДАЙЫНДАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім МӘСІМОВ ел аймақтарымен телебайланыс арқылы селекторлық жиын өткізді. Телебайланыс арқылы жүргізілген кеңеске облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ пен оның орынбасарлары және облыстық деңгейдегі басқарма басшылары қатысты.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Экономикалық даму және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының негізгі бағыттарымен тығыз байланысты Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асырудың көрнекті ақпараттық картасын дайындады. Бұл құжатпен Экономикалық даму және сауда министрі Кайрат Келімбетов таныстырды. Министрдің айтуына қарағанда, бұл карта елімізді әл-ауқатының тұрақты өсуіне негізделген жұмыстарды көрсетуге бағытталыпты

Картада дағдарыстан кейінгі даму, экономиканы әртараптандыруды жеделдету, азық-түлік қауіпсіздігі, инвестиция, мемлекеттік басқару жүйесін дамыту, азаматтарға көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ, ұлтаралық келісімді, қауіпсіздікті, халықаралық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету секілді мәселелер қамтылған. Картаның негізгі бағыттары бойынша 2014 жылға дейін құны 8,1 триллион теңгені құрайтын 294 инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Сонын ішінде үстімізгі жылы кемінде 192 жобаны іске қосу көзделіпті.

Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов аталған құжатқа тиісті ұсыныстарды енгізу үшін бір апта мерзімде ҚР Үкіметінің веб-сайтына оны орналастыруды баспасөз-қызметіне тапсырды. Үкімет мүшелері осы картаны қабылдау үшін алдағы аптада дауыс беретін болады. Премьер-Министр аталған құжатта көрсетілген бағыттарға он қимырас таныпты.

Келесіде газ және газбен қамтамасыз ету туралы заңды жобаны ҚР Мұнай және газ министрі Сауат Мынбаев талқылады. Сонымен бірге, ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеев пен ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешев және басқалары аталмыш тақырып шеңберінде өз ойларымен бөлісті. Кезек Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбековке келгенде, ет шаруашылығын сәтті жүргізілуде екенін және оның өнтүстік аймақтарда ашылуға тағанын, ал солтүстік облыстарда енді басталатынын мәлімдеді. Үкімет алдағы уақытта күнкөріс деңгейі төмен отбасыларға көмек көрсетуді жандандырмақшы, оған бөлінетін қаражат көлемі де қарастырылыпты.

Селекторлық кеңестен кейін облыс әкімі Ансар Мұсаханов орынбасарларымен басқарма басшыларына кеңесте қаралған мәселелерге қатысты нақты тапсырмалар берді. Әсіресе, азық-түлікпен бағасын тұрақтандыруға баса көңіл аударды. Осы орайда іс-шаралар атқарылатынын айтып, ауылды тұлғаларды құлақтандырды. Бағаны қадағалап отыруды бірінші орынбасары Амандық Баталовқа жүктеді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан МАМЫТБЕКОВ ел аймақтарымен селекторлық жиын өткізді. Телебайланыс арқылы жүргізілген кеңеске облыс әкімінің орынбасары Тынышбай ДОСЫМБЕКОВ пен облыстық деңгейдегі басқарма басшылары қатысты.

ЖҰМЫС БАРЫСЫ САРАЛАНДЫ

Ауыл шаруашылығы министрі сала басшыларымен бірге азық-түлік тауарларының бағасын реттеуге және мал шаруашылығы саласын дамытуға қатысты жұмыс барысын пысықтады. Министр республиканың әр өңіріне тұрақтандыру қорларын құру керектігіне тоқталды. Осы орайда күзгі уақытта көкөніс өнімдерін сақтайтын қоймалар салып, көктемде көкөністі арзан бағамен сатуды алға тартты. Сонымен бірге, мал бордақылау кешендерінің санын 20 мыңға жеткізуге және асыл тұқымды мал басын көбейтуге баса көңіл аударды. Ауыл шаруашылығы саласының тауар өндірушілерге қолдау танытып, көңіл бөлу қажеттігін де назарға алды. Мал шаруашылығын дамытуға Алматы облысының қаржысы қіріскенін де тілге тиек етті.

Кеңесте облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков хабарлама жасады. Облысымызда мал басы мен оның өнімдерінің өндіріс тұрақты өсуде. Мал басын асылдандыру мен қолда бар малдың текті қорын сақтауда бірқатар жұмыс атқарылуда екен. «Мүйізді ірі қара етінің экспортын дамыту артылуы» жобасын жүзеге асыруда атқарылатын іс-шаралардың жоспары жасалып, бағдарламаға қатысатын ауылдық тұрғындарды іріктейтін облыстық және аудандық жұмыс топтары құрылды.

Бүгінде «Сыбаға» бағдарламасы шеңберінде қаржы институттарына 7120 бас мал сатып алуға 3 млрд. 293 млн. теңге қаржы бөлініп 62 шаруашылықтан өтінімдер түскен. Оның ішінде 500 бас ірі қара малға арналған бағдарламаны қолдауға Қарасай ауданының «Жетісу» ауыл шаруашылығын түлету кооперативі 373,5 млн. теңгеге өтінім жіберген. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-на 18 шаруашылықтан 2 млрд. 750 млн. теңгеге өтінім берілсе, оның ішінде 330,6 млн. теңгенің жобалары несиелік комитеттен қолдау тауып, бүгінгі күні 200,0 млн. теңгеге қаржыландырылыпты.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-на 289,0 млн. теңгеге 41 өтінім түсіп, оның ішінде 77,1 млн. теңгенің жобасы қолдау тауып, 19,4 млн. теңге қаржы берілген. Ал, «КазАгроӨнім» АҚ-на 254 млн. теңгеге түскен 3 өтінім «КазАгроҚаржы» АҚ-на өтіпті. Қазіргі күнде аталғандығы іс-шаралар жоспарына сәйкес жобаға қатысатын 766 шаруашылықта етті бағытқа асыл тұқымды бұқалармен будандастырылатын 43,6 мың сиыр мен құнажын бағылып жатса, оның 17,9 мың басы қолдан ұрықтандырылады. Сонымен бірге, етті бағыттағы 21,2 мың бас ірі қара мал өсіретін және фермерлік шаруашылықтар құру жоспарланып, соның ішінде ағымдағы жылы 5,9 мың бас мал бағатын шаруашылық құрылмақты.

Жиын соңында министр мырза кеңесте қаралған мәселелердің жүзеге асуын қадағалауды өңір басшыларына жүктеді.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Адамзаттың аяулысы АУЫЛДАҒЫ 169 АНАҒА АЛҚА ТАҒЫЛДЫ



ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ. Осы тақырыпта Қазақстан селолық округі әкімдігінің ұйымдастыруымен өткізілген «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларын тапсыру салтанатына марапатталатын 169 ана түгел келді. Ауыл Мәдениет үйінің ауласы мерекедегідей безендірілген. Дөңгелене қойылған орындықтарға жайнасқан ардақты аналарды құттықтауға келген бала-шағасы, немере-шөберелері қоршаған. Күмбірлей төгілген күй, жыр шалқымасы көкке өуелеуде.

Алды 85 жасты алқымдаған апа-әжелер мен олардың сән басқан 35-40 жас шамасындағы көп балалы келіншектердің жүзі бал-бұл жанады. Әрине, осынау аналардың мейірім мен аялы алқаны, жан жылуына не тең келер. Ана – барша тіршіктің бастауы. Жылылық пен көркемдіктің көзі. Шұақ пен мейірім өлеміі өмірдің сәні. Ең бастысы – отбасының аяулы дәнгегі. Аналарға жұмысты бар жақсы сөздерді тіліне тиек еткен аудан әкімі Әлихан Төйбаев жиналғандарды, олардың отбасын шын жүректен құттықтады. Елбасы Н. Назарбаевтың сарабдал саясаты мен ел тәуелсіздігі жемістерін, аналарға қамқорлық, ауданның даму үрдістерін атап өтті. «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» алқаларын аналар мейлінша аз қолымен тағып шықты.

Көңілдерге нұр құйып, жүректерді толқыта салтанаттың сәнін көргізген Кеңес Одағының Батыры Жүнісбай Қайыпов атындағы мектеп ұстаздары мен оқушылары алқалы аналарға алқызыл гүл ұсынып, ықтарына ақ шәлі жабу мәртебесіне ие болды. Бұл сәтте көңілдері көк тіреген аналардың жүздері тіптен нұрланып сала берді. Осы сәтте олардың ауықтың ақсақалдар кеңесінің төрағасы Едіге Сапаев, өйелдер кеңесінің төрағасы Сара Имангалиқызы, Жүнісбай батырдың келіні 85 жастағы Күлпан әже Қайыпова, Тескенсу ауылы әжелер ансамблінің жетекшісі Нұрила Мұсаева құттықтап, өнер байқауының жеңімпаздары би билеп, өнімдерден шашу шашты. Құттықтаулар мен ақ тілек арнайы жайылған кең дастарқан басында жалғасты.

Б. ЗӘКІРОВ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

ТӘЛІМГЕР



АҚСУ. «Білім негізі бастауышта қаланады» дегендей, шәкірт бойына алғаш білім дәні бастауыш сыныпта қаланады. «Сабақ беру үйреншікті шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деп Ж. Аймауытов айтқандай, үнемі ізденіс үстінде жүретін тәлімгер ұстаз Айнагүл Жиенбаева бүгінде Е. Сықымов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығында жемісті еңбек етіп келеді.

Өрлтесіміздің өрбір сабағы ізденіске толы. Сабақты түрлендіріп, тиімді әдіс-тәсілді пайдаланып өткенді қалайды. Сонымен қатар, оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруге де жанын салады. Мектептегі шығармашылыққа бейім оқушыларды да баулып, тәрбиелеуге күш салады. Сонымен бірге аудан көлемінде өтетін семинарларда оның іс-тәжірибесі еленіп, биіктен көрінуде. Ол ұйымдастырған «Толағай» отбасылық жарысы, «Әже алдын» атты әжелер байқауы, «Тәуелсіздік – тұғырым» атты тәрбие сағаты, «Сөз таптарын». «7-ге көбейту және бөлу» тақырыбындағы ашық сабағы әріптестерне үлгі болып келеді. Шәкірттерінің де жетістігі қомақты. Ол жетекшілік еткен оқушылар «Ақбота», «Кенғуру» байқауларында жүлделі орындарға ие болса, тіпті, аудандаралық түрлі байқауға белсене қатысып, жеңіс тұғырынан да көрініп келеді. Айталық, өткен жылы аудандық «Жылдың сыныбы жетекшісі» байқауында II орынды жеңіп алса, бірнеше мәрте аудан әкімінің Алғыс хаты мен Құрмет грамотасын иеленді. Болашақта өз де жемісті еңбек етіп, талмай ізденіп жүретініне сенемін.

Г. ДӘУРЕНБЕКОВА,
Е. Сықымов атындағы мектептің мұғалімі.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Ел жүрегін ӘНГЕ БӨЛЕУДЕ



РАЙЫМБЕК. Аудандағы Қызай Бейсенов басқаратын Бөлексаз ауылдық Мәдениет үйінің қызметкерлері жақсы бастама көтерді. Атап айтқанда, «Ән-жырым сағаң, туған ел» атты тақырыпта концерттік бағдарлама өзірлеп, аудан елді мекендерін аралауда. Мұндай игі дүниені әрбір Мәдениет үйі қолына алса, нұр үстіне нұр болмақ.

Бөлексаздық өнерпаздар алғашқы концерттерін Тасашы ауылының тұрғындарына көрсетті. Концертті жұртшылық ыстық ықыласпен қабылдады. Олардың құрамындағы «Ақ ниет» әжелер ансамблінде 12 әже бар. Ансамбльге Гүлнар Әбжанова жетекшілік жасайды. Ал Алмас Жақанұлының басшылығындағы «Жақ бақ» әншілер тобының Сая Қалиқызы жетекшілік жасайтын «Алау» ән-би ансамблінің, Еркін Жексенұлы жетекшілік ететін «Еркіннің езу тартары» атты әзіл-сықақ театрының өнері де көрген жанды тәнті етеді. Көзбояушы Ернат Жетпісбаевтың да ұсынары баршылық.

Бір сөзбен айтқанда, қоржындарын ән мен жырға толтырып, ауыл кешін көңілдендіруге ұмтылған бөлексаздық өнерпаздардың өнер сапарына сәттілік тілейміз.

К. БІРЖАНСАЛ.

Жастықтың
оты жалынан
Жас жүректе
жанған шақ.
Талаптың аты
арыңдан
Әр қиянға
салған шақ.

Абай ҚҰНАНБАЕВ.

Алаштың айбыны, бар қазақтың ортақ Отаны – Тәуелсіз Қазақ елі мәңгі жасасын!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Жетісу

Jetisu2002@mail.ru

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ №63 (17476) сенбі, 28 мамыр, 2011 жыл Бағасы келісімді

ЖҮРЕК ҮНІ



Дәулетбек БАЙТҰРСЫНҰЛЫ, Халықаралық «ДА-Казакстан» журналының бас редакторы, ақын

Елге оралу – ең үлкен бақыт

Тәуелсіздіктің қоңырлы жылдары бізге не берді? Осы кезең ішіндегі ең үлкен жетістіктің бірі деп қандастарымыздың атажұртына оралуын ерекшелеп айтар едім. Ел азаттығының алғашқы күнінен бастап Елбасының Нұрсұлтан Назарбаев осы мәселеге айрықша көңіл бөлді. Дүниежүзі қазақтарын байырғы Отанының шаңырағы, ұя қатқаны басқа елде жүрген алаш ұрпақтарын қалай қуындырғаны көз алдымызда. Содан бері көптеген игі шаралар жүзеге асты. Алғашқы «Бір – «Нұрлы жолға» сегімен жолдасты.

Елбасы Н. Назарбаев күні кеше ғана Астанада өткен Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында сөйлеген сөзінде: «Ата қонығын байлар алғанекенге 20 жыл ішінде 300 мыңға жуық отбасы қоныс көшіп. Осылайша ел халқы 1 миллионнан астам қандастарымызбен толықты. Біз дүниежүзінде аз қандастарын шыңырау қарамағына берген ұшақ мемлекеттің бірмыз» – деп атап көрсетті.

Айтса айтқандай-ақ, осындай жақсылықтардың шапағатын көрген қатар-құрбыларымның саны аз емес. Олар бүгінгі таңда Қазақстанның топ тұрғындарына айналды. Тәуелсіздіктің нәтижесі үшін еңбек етіп, өз үлестерін қосып жатыр.

Мен де атамекенге 1994 жылы бір-ақ оралдым. Ешқандай тосқауыл болған жоқ. 1996 жылдан Қазақстан Республикасының азаматымын. Осында жүріп шығармашылығымды шыңдадым. Бірнеше жыр жинағым шығып, оқырманның қолына тиді. Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылдандым. «Өдебиет айдыны» газеті бас редакторының орынбасары болдым. Одан кейін Жазушылар одағы жанындағы «Ан-Арыс» баспасында қызмет еттім. Қазір халықаралық «ДА-Казакстан» журналының бас редакторымын.

Осының бәрі тәуелсіздіктің арқасында жүзеге асты. Әкемізден аяң тіменен Отанымызға біз оны тіктік. Мен Қазақстанның болашағының жарқын екеніне сенемін. Көз алдыма дәулеті шапқан, ырысы мол халқы бақуатты өмір сүрген сәулетті мемлекеттің сүреті елестейді.

ЕЛ-ЕЛДІҢ БӘРІ ЖАҚСЫ, ӨЗ ЕЛІҢ БӘРІНЕН ЖАҚСЫ

Мемлекет басшысы, Қауымдастық Торағасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында сөйлеген сөзінен



Қадірлі құрылтай қонақтары!

Еуразия төріндегі ұлан-ғайыр атажұртқа сіздер әлемнің 35 елінен келіп отырсыздар.

Бізді бүгін осы салтанатты ғимаратқа ортақ ниет, ортақ мақсат жинап отыр.

Ол – елдіктің жайы, ел болудың қамы.

«Ер қонысынан айырылса, ел мұрысынан айырылады», дейді дана халқымыз.

Ең даланы еркін жайлаған бабаларымыз қашанда Ел деген ұлы ұғымды Құранды қастерлеп, ұранды ұстанып келген.

Бостан күндер бастан ауып, бодан күндер басқа түскен кез заманда да еркіндік пен елдіктен ешуақытта үміттен үзбеген.

Барыңыз білесіздер, бүгінде жер жүзінде мыңдаған ұлттар мұмыр кешуде. Алайда, өзінің тәуелсіз мемлекетін құру олардың бәріне бірдей бұйырмаған. Алып планетадан туын тігер алақандай тоқ таба алмай жүрген халықтар қаншама!

Олардың арасында саны жағынан қазақты сан орап кететіндері де бар.

«Бақ бағалағанның ғана басында тұрады», дейді.

Сондықтан біз басымызға қонған бақты бағалай білейік, ағайын.

Аталарымыздың ең ғасырлық арманы болған тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтап, оны нығайта беруіміз қажет.

Біздің арғы-бергі тарихымызда елдің еңсеріле көшулері аз болмаған.

Әуелі, еске түсірсек, «Қайран да менің Еділім» деп ел айырылған зарлы көш ешиес із қалдырды.

Ұлы дала Қаратаудың басынан құлаған қаралы көштің де күәсі болды. Одан бөрі тағдыр талайымен шетел асқан шерлі көшті де бастан кешірдік.

Ал тәуелсіз мемлекет құрып, жасампаз өмірге бет бұрған бүгінгі көштің жөні бөлек.

Бұл ауған ел қайта оралған, айырылған ағайын қайта табысқан Ұлы көш болып саналады.

Біз ғасырлар бойы замана дауылымен жөнекөе көшіп, ғасырлар тоғысында туған елдің төріне біржола табан тіредік.

Мен бір айтқан сөзімде:

«Күйінсің жауып, сүйінсің досың,
Жиласың қауым, құйылсың көшің», деп едім. Дұшпанды күйіндірген, досты сүйіндірген күтты көш болды.

Біз қанша еліміз кең, осындай кең-байтақ деп жүрсек те, дәл бүгінгідей өз мемлекеттігіміз болған жоқ. Қазақтың табан тірейтін, дәл қазіргідей мағынада «елім, жерім» дейтін мемлекеті болған жоқ. Өз басқарушылығы да болған жоқ. Мұндай ауқымда сәлалық шекараны ресми шегендеген жоқ. Өзінің шынбыр-тізгіні қолына тиген жоқ. Барлығын біз осы бір жиырма жылда, қысқа қас-қағым уақытта орнына келтірдік. Ата-бабаның арманын орындадық. Біз бақытты ұрпақпыз.

Қадірлі қауым!

Алыстан ат сабылтып жеткен ағайын!

Естеріңізде болса, 1992 жылғы тұңғыш құрылтайға қатысқан қонақтар Қазақстанның гүлденіп-көркейгенине тәнті жылдарда куә болар», деп айтып едім. Сондағы тілегім Жаратқанға жеткендей, айтқаным келіп, Қазақстан аз уақытта алемге танылған ұйдыңды ел болды. Экономикасы қуатты, саясаты тұрақты, жері дәулетті, ел сәулетті мемлекет ретінде іргесі орныктырды.

Бүгінде бегде бүкіл әлем сыйлайды, бүтін дүние саналады.

(Соңы 2-бетте).

МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Ансар Мұсахановтың қатысуымен Алматы облыстық мәслихатының кезекті сессиясы өтті. Күн тәртібінде облыстық қаржы басқармасының 2010 жылғы облыстық бюджетті орындалуы туралы есебі, облыстық мәслихаттың төсекпу комиссиясы тарағасының 2010 жылға арналған облыстық бюджеттің игерілуін бақылау қорытындысы туралы баяндамасы, облыс әкімінің 2005 жылғы 18 қазандағы «Алматы облысы әкімдігінің құрамы туралы» №10-42 шешімінің өзгерістер енгізу және бірінше комиссияның құрамын бекіту туралы мәселелер қаралды.

Жетісу
Сәрбі ӘЙТЕНОВА

Бірінші болып облыстық қаржы басқармасының бастығы Сәрбай Қасенұлының өткен жылғы облыстық бюджеттің орындалуы туралы есебі тыңдалды. Сәрбай Қасенұлы Алматы облысының былтырғы жылғы бюджетінің кірістерінің жалпы көлемінен жоспары 194 млрд. 691,4 млн. теңгені құрағандығын түгел тиек ете отырып, меншікті облыстық бюджет бойынша кірістерден орындалуын баяндады.

Мәселен, 2010 жылғы меншікті облыстық бюджеттің кіріс бөлігінің жоспары 167 млрд. 102, 4 млн. теңге болса, бюджетке нақты түскені 185 млрд. 780,5 млн. теңге немесе 102,1 пайызға орындалған. Оның ішінде меншікті кірістер бойынша жоспарланған 18 млрд. 29,4 млн. теңгеден нақты түскені 21 млрд. 588,8 млн. теңге немесе 119, 7 пайызды құрады. Бұл дегеніңіз жоспардағыдан 3 млрд. 559, 4 млн. теңгенің артық түскенін көрсетеді.

(Соңы 2-бетте).

АПТА ТЫНЫСЫ

13 мамырда облыс әкімі Ансар Мұсаханов Талдықорған қаласында салынып жатқан мектеп құрылысымен танысты.

14 мамыр күні облыс әкімі ҚР Үкімет басшысы Карим Мәсімовтың тарағалығымен бөгана тұрақтандыру мәселесі аймағында өткен селекторлық жиынға қатысты.

* * *

Сейсенбі күні облыс басшысы Ансар Мұсаханов Халықаралық және республикалық ақпаратқұралдарда жоғарғы оқу орындарының дәрежесін бағалаудың жүйесіне, оларға Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар тапсырды.

* * *

25 мамырда облыс әкімі Ансар Тәрсентаңұлы «Назарбаев интеллектуалдық мектептерінің» оқу жылының аяқтау салтанатына қатысты.

* * *

Сәрсенбі күні облыс басшысы Ансар Мұсаханов «Цеснабанк» АҚ Төрағасымен кездесті. Кездесуде екі тарапқтың мүтымақтастық байланыстары туралы сөз болды.

* * *

26 мамыр күні облыс әкімінің кезекпуінше облыстық мәслихаттың кезекті XXXXVII сессиясы өтті.

* * *

26-27 мамырда облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов мүгедектер мәселесіне арналған республикалық семинардың жұмысына қатысты.

* * *

Жұма күні облыс әкімінің орынбасары Сәбит Жақайдаров «Отты, кешіп және мен – спортшылар соқпағымен» атты облыстық жасөспірімдер жазғы салтанатына қатысты.

* * *

27 мамырда облыс басшысы Ансар Мұсаханов А. Шарденов тарағалық өткен республикалық ұйғыр этно-мәдени орталығының жетекшілерінің және ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты М. Ахмедовпен кездесті.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

СЕЛЕКТОРЛЫҚ КЕҢЕС

ӘКК-лердің әлеуеті артады

Сейсенбі күні Премьер-Министрдің тарағалық етуімен селекторлық, режимде өткен Үкімет отырысына министрлер мен әкімдіктер тарағалары және таяу басқа ведомстволардың басшылары, Алматы, Астана қалалары мен облыстардың әкімшілері қатысты. Мұнда негізінен ең басты азық-түлік түрлерінің бағасын тұрақтандыру бойынша кешенді шаралардың жай-күйі қаралды. Сонымен бірге білім және ғылым саласында қабыл алынатын отырған қадамдарға қатысты өзекті әңгіме қозғалады.

Жетісу
Болат АБАҒАН

Бірінде болып сөз алған Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбеков еліміздегі азық-түлік тауарларының, бағасын тұрақтандыру бойынша даяндаған кешенді шараларын, жобасын таныстырды. Оның айтуынша, осы орайда үш негізгі мәселе қарастырылып отыр. Бірінші, өңірлерден кейінгі азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыруға негізделді. Екінші, жекс және кешенді өңдеуден өнімдерін өндіруден айналысатын шаруа қожалықтарын есептегенін қосымша қолдаумен салаларын дамытуды қарастырады. Ал, үшінші бағыт өлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның әсуне байланысты қабылдағын өлеуметтік пакетпен қамтамасыз етуге арналған.

Үкімет басшысы атаған мәселелерге байланысты бюджет министрі тыңдап, облыс әкімдерінен хабарламалары мен ұсыныстарына құлақ түрді. Алматы облысының әкімі Ансар Мұсаханов азық-түлік бағасын тұрақтандыруды қамтамасыз етуге қатысты шараларды Жетісу өңірінде бірнеше «қолға алынып келгенін айта келіп, қазіргі кезде облыста жылыжайлар жұмысы жолға қойылғанын, мемлекет қолдауын сағудың да жалғасын тауып отырғанын жеткізді. «Жетісу» агроөнеркәсіптік корпорациясының жұмысы да қолқа алғанын, кәсіпкерлер ауыл шаруашылығына инвестиция тартуға ынталандырылып жатқанын ілгерілеу жұмыстарына тоқталғанын.

Премьер-Министр өңірлік құжат өткізу жұмыстарының кешігуіздің жатқанын назарға алып, субсидиялауға өлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету тұрғындарға берілетін азық-түліктің өзіндік құнының төмендетуға қатысты мәселелерге қатысты ойласын айтып, ұсыныстарын ортаға салды.

Қарим Қажымқанұлы оларды мұқият тыңдағаннан кейін өзінің бөгана орынбасары Ермұрат Шәкеев пен тағы басқа да тиісті министрлерге өтелған мәселелердің шешімдерін тез жарда қарастыруды жүктеді. Сонымен бірге ӨКК-лерді қорланашуру бойынша әр облысқа 200 млн. теңгеден қарыны бөлуді тапсырды. Мұнымен қоса Үкімет басшысы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ҚазАгро холдингіне ӨКК-лерді несиелендіруге қажетті қаржыны қарастыруды тапсырды. Атап айтқанда, ӨКК-лерді қорландыру негізі азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша кешенді шараларды жүзеге асырылады.

Ерекше мәселе бойынша сөз алған Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов грант құрын 30-50 пайызға және студенттердің стипендиясын 2 есеге ұлғайтуды ұсынып, оның ішінде педагогикалық мамандықтарға айтарлықтай деңгейдағы бар талапкерлерсдің кез келуіне мүмкіндік беретіндігімен түсіндіріп Министр педагог кадрларды, сапасын арттыру үшін педагогтардың тартымдылығын және оқыту деңгейін жақсарту шараларын қабылдау қажеттігін айрықша атап өтті. Сонымен қатар магистрлерді докторлыққа 4 мамыр дейін ұлғайту және бакалаврларды 5 мамыр дейін төмендету бағытында мемлекеттік тапсырысты кезең-кезеңмен қайта бөлуді ұсынды.

Селекторлық кеңестен соң облыс басшысы облыстық деңгейдегі басқармалар мен департаменттер басшыларына азық-түлік тауарларын бағасына қатысты мәселелерді ұнем назарда ұстауды тапсырды. Үкімет тарапынан берілген әр тапсырмаға мұқият болуды естен шығармау қажеттігін ескертті.

ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Коммуналдық шаруашылықты жаңғыртуға жұмыстары көп жыл бойы кейінге ысырылып келген болатын. Енді мұның Үкіметтің өзі қолға алмақ. Мұндағы мақсат – тозығы жеткен үйлерді күрделі жөндеуден өткізіп, жанартып, тұрғын үй шаруашылығын өркениетті салаға айналдыру.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Осы орайда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеев тәсебайлықпен арқылы айлық басшыларымен селекторлық жиын өткізді. Көпсеке Алматы облысынан облыс әкімінің орынбасары Сәкен Жылқайдаров пен қала әкімдері және салаға жауапты мамандар қатысты. Онда тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын 2011–2020 жылға дейінгі жаңғырту бағдарламасын іске асыру мәселесі қаралды. Сондай-ақ, барлық облыс пен Алматы және Астана қалаларында атқарылып жатқан іс-шаралар талқыланды.

Бағытар өңірде құжат өткізу жұмыстарының кешігуіздің жатқаны мәлім болды. ҚР Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі агенттік төрағасы Серік Нөкин мырза қабарлама жасады. Сонымен бірге облыс басшылары да өз ойларымен бөлісіп, пікір алмасты. Бұл Алматы облысы бойынша тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңартуға қатысты 80 үй жөндеуден өткізілмекші. Көп қабатты тұрғын үйлерге ағымдағы немесе күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу екі пұнта бойынша жүзеге асырылады. Бұған электрлік кәсіпкерлік корпорациясы мен тұрғындар да үлес қоса алады.

Жиын соңында кешеде қаралған мәселеге қатысты қысқаша ой түйген Сәкен Жылқайдарұлы облысымызда бағдарламаның іске асуы үшін жұмыс істеу қажеттігіне тоқталып, осыған байланысты сала мамандарына нақты тапсырмалар берді.



Қызығы мен қымастығы мол, қайталанбас соңғы қоңырау оқушыларды бір жаска есейтіп, жаз қызығымен қауыштыратын қуанышты сәт. Біреулер 11 жыл білім алған алтын ұясын қия алмай қиналса, енді біреулер тағы бір белеске шыққанына шаттанады. Ата-аналардың да көңілін көтерер жағдайлық аз болмайды. Өйткені, балаңы осы бір жылда талай нәтижеге жетіп, табыс биігінен көрініп, отбасына шаттық сыйлады. Ұстаздар да шәкірт жүрегіне ұялатқан білімі мен тәлімінен нәтиже күтіп, алдағы күнге үмітін ұштайды. Қай қырынан келсек те, соңғы қоңырау – үлкенді де, кішіні де бір серпілтіп, жаңартып, жандандыратын мерекс. Тәуелсіз елдің ұландары бұл күнді өзгеше бояу, ерекше толқынмыс, арман-мақсатпен қарсы алуды дәстүрге айналдырды. Көңілде қырағы бейнеленген көк ту, қазақша жазылған Гимн, Қазақстанның жарқын болашағы алдында тұр. Бұл жүрекке от, жігерге жалын, мақсатқа сенім бермей ме? Осылайша берекесі мен шаттығы сай келген соңғы қоңырау облыс аумағында жоғары деңгейде өтті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Өткен жылы ашылып, жаңжақты терең білім алуға ұмтылған дарынды балаларды жасақтаған облыс орталығындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде алғаш рет өткен салтанатты шарага облыс әкімі **Ансар МҰСАХАНОВ**, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы **Қуатжан ҰӘЛИЕВ**, облыс әкімінің орынбасары **Серік МҰҚАНОВ**, облыс әкімінің аппарат басшысы **Бағдат ҚАРАСАЕВ**, облыстық білім басқармасының бастығы **Лаззат БАЗАРҚҰЛОВА**, қала әкімі **Махаббат БИГЕЛДИЕВ** қатысты. Құрметті қонақтарды мектеп оқушылары «Шашу» бимен қарсы алды. Мың бұралған бишілердің өнерін оқушылардың мәнерлеп оқыған жүрекжарды өлең жолымен жалғастырып жатты. Бимен өрнектелің, өлеңмен өрілген көрініске тәнті болған көпшілік пен соңғы қоңырау үшін асыға тосқан оқушыларды облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ құттықтап, сөз сөйледі:

– Құрметті ұстаздар мен аталар!

Бүгін елімізді бардық мектебінде соңғы қоңырау салтанаты өтуде. Бұл күн – облысымыздың алтын ұя мектебінен түлеп ұшатын 19 мыңға жуық түлектің жүрегін тебірентетіні анық. Мектеп бітіруші түлектер сіздердің алдағы күндердегі сынақтардан сүрінбей өтіп, Қазақстан Республикасының азаматына лайықты болып, ата-аналарыңыз бен ұстаздарыңыздың үмітін ақтауларыңызға тілектеспін. Бәрімізге белгілі, республикамыздың бірқатар қаласында Назарбаев зияткерлік мектебі ашылуда. Елбасы бастамасымен ашылған физика-математика бағытындағы дарынды балаларды тәрбиелейтін біргетй білім ордасы біздің де қаламызда бой көтерді. Осы шаңырақтың бүгінгі түлектері елімздің ертеңгі ғылым, саясат пен экономика, техника саласына араласатын болады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сіздерге зор үміт артып отыр. Келешекте жақсы азамат болып қалыптасуларыңыз үшін мектепте барлық жағдай жасалған. Жаңа технологиямен жабдықталған оқу орны балалардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына, спортпен айналысуға, бейімділігіне қарай түрлі үйірмеге қатысып, таным-талғамын жетілдіруге мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде мектеп оқушылары қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпазы атанып, өңір намысын асқақтатуда. Мысалы, Қазақстан құрама командасының мүшесі 9 сынып оқушысы Ерниаз Нұрғабылов өткен жылы Қытайдың Тайюань қаласында, биыл Алматыда өткен VII Жәутіков Халықаралық математика олимпиадасында қола медалға ие болып, зор жеңіспен оралды. Мұндай нәтижелер алдағы уақытта да көп болатыны анық. Сондықтан, біз сіздердің жасыл білім алуларыңыз үшін мектепте барлық жағдай жасалуға дайынбыз. Ұлттық құндылық пен қасиетті қалыптастырып, мемлекетімізді болашағын шыңдайтын жаңа мектептегі мерекс күтті болсын, – деді ол.



Талдықорған қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің ашылуы өңірімізде жалпы білім беру саласының жаңа кезеңге қадам басқанын көрсетті. Оңдағы оқу үрдісі жаңа компьютерлік жүйе, мультимедиялық кабинет, жоғарғы өндірістік ЭЕМ, электрондық интерактивті тақта, жоғарғы жылдамдықты интернет желісі және жаңа бағдарламалық құрылыммен жарақталған. Сондай-ақ, оқушылардың зияткерлігін дамыту үшін роботтехника, нанотехнологиялық зертхана жұмыс істейді. Бұл оқушыларға ғарыш, медицина, т.б. салаларда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

(Соңы 2-бетте).

АРМАНҒА ҚАНАТ БІТІРГЕН КҮН



Кеше ғана Астанада өткен Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында сөйлеген сөзінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев осы мәселеге айрықша көңіл бөлді. Дүниежүзі қазақтарын байырғы Отанының шаңырағы, ұя қатқаны басқа елде жүрген алаш ұрпақтарын қалай қуындырғаны көз алдымызда. Содан бері көптеген игі шаралар жүзеге асты. Алғашқы «Бір – «Нұрлы жолға» сегімен жолдасты.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Ақжелеңді абзал жандар, мереке кутты болсын!

Жетісу

Jetisu2002@mail.ru

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

№71(17484) сенбі, 18 маусым, 2011 жыл

Бағасы келісімді

ЖҮРЕК ҮНІ



Тұрғабек ТОЛЕНДИЕВ, Қазақстанға еңбегі сіңген дәрігер:

Дені сау ұрпақ – жарқын келешек кепілі

Биыл, міне, еліміз өз тәуелсіздігін жариялағанына 20 жыл толып отыр. Құдай қаласа, бұл қасиетті мерейтойды бүкіл халық болып тойлауға да санаулы айлар қалды. «Тойдың болатынынан болмайсың қызық». Елімізде түктір-түкпірінде тойға дайындық ретінде неше түрлі мерекелік шаралар өз жалғасын тауып қатар.

«Бұл ең бұрынғы әнеки ғой» – деген сияқты, бұл той қазақ үшін барлық тойдан өзгеше. Өйткені тәуелсіздік – халқымыздың басынан қонған бақ. Ата-бабаларымыздың көре алмай кеткен, аңсап өткен армандары орындалған күн. Тәуелсіз Қазақстан деген сөз алғаш рет құлақтарына естілгенде толқымаған, шалқымаған қазақ болмаған шығар.

Жиырма жыл... Қарап отырсақ, көп те мерзім емес. Бірақ, осы уақыт аралығында еліміз қанатын қатайтып, іргелі елге айнала бастады. Ауыз толтырып айтатын небір игі істер жүзеге асырылды.

Қолымызға қонған бақты мықтап ұстап тұру – болашақ ұрпақтың еншісі. «Дені саудың – жаны сау» дейді қазақ. Дені сау, ойы таза, білімді ұрпақ қана тәуелсіздігіміздің қалқасы бола алады деп ойлаймын.

Мемлекет тарапынан да бұл мәселеге аса зор мән беріліп жатыр. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен жүзеге асқан «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы соңындалері. Осы бағдарлама аясында жер-жерде қазіргі заман талабына сай ауруханалар бой көтерді. Бұл іс әрі қарай да өз жалғасын тапса екен деп тілеймін. Шалғай ауылдарға да дәрігерлік көмек көрсететін бөлімшелердің жұмысы жандана нұр үстіне нұр болар еді. Ақ халатты абзал жандардың тұрмыс жағдайына ерекше көңіл бөлінсе, олардың жұмыс сапасы да арта түсері сөзсіз. Міне, осындай мәселелер өз шешімін табатынына мен сенімдімін. Өйткені, «Бірінші байлық – денсаулық». Дені сау ұрпақ көбейсе, еліміз де көркейеді.

«ЖАС ТҰЛЕК – 2011»

“АЛТЫН БЕЛГІ” шаттығы шарықтады

Білім беру саласы ағымдағы жылға қомақты өзгерістермен қарызданады. Ең қуанарлысы, саланың материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында бөлінген қомақты қаржының көпшілігі қарулар жұмыстың басы қайырылды. Облыс мектептері – компьютерлік сынып үлгілерімен толық жабдықталып, интернет желісіне қосылған. Осындай мүмкіндіктің аясында халықаралық пәнтерлік жарыстар мен олимпиадаларға қатысатындардың саны өсіп, өңірімізді мерейін асырула. Аз облыс бойынша «Алтын белгілен» үміткер болған 526 бітіруші-нің 330-і (өткен жылы 267) немесе 62,7 пайызы өз білімдерін дәлелдей алды. Оларға бұл жеңіс оңайға түскен жоқ. Ойткені олар 11 жыл оқып, жинаған білімін Ұлттық бірыңғай тестілеуде нақтылай дәлелдеуі тиіс болды. Сол сынған сүрінбей өткен шәкірттер үшін облыс орталығында салтанатты кеш ұйымдастырылып, оған облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ қатысты.

Шараға облысымыздың әр шалғайынан оқат түлектер көтеріңкі көңіл-күймен, болашаққа деген үлкен үміт, сенімдерін арқалай келді. Жас түлектерге арнап, облыс әкімі **Ансар Мұсаханов** құттықтау сөз сөйледі.

– Құрметті «Алтын белгі» иегерлері, ұстаздар мен ата-аналар, қадірменді қауым! Бүгін мектепті үздік бітіріп, өз білімін дәлелдеген жас түлектеріміз үшін есте қаларлық күн. Бұл – мектеп бітірушілер үшін де, ұстаздар мен ата-аналар үшін де қуанышты, салтанатты сәт. Ел ертені, ақылына білімі сай тәуелсіз елдің жастары сендерсіндер. Сондықтан да жауапкершілікті терең сезініп, әрқашан сенім бигінен шыға білулерің қажет.

«Өркениеттің шынайы белгісі – мемлекеттің тәрбиелеп шығарған азаматы», – деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап көрсеткендей, сіздер білім нәрінен сусындаған, сапалы білім, саналы тәрбие берген ұстаздарың мен аялап өсірген ата-аналарыңның үкілі үміттің ақтадыңыздар.

Жүзден жүйрік аталып, «Алтын белгіге» не болу – ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына жасаған сіздердің ең үлкен сыйларыңыз.

«Әдепті де ақылды бала өсірсең – ел абыройы» дегендей, келешекте де жауапкершілікті осылай терең сезініп, әрдайым биіктен көріне береді деген сенімдеміз. Өздеріңе белгілі, өмірдегі ең қайтарымды, нәтижелі де білім саласына бағытталған инвестиция. Осы орайда Елбасы тапсырмасына сәйкес мектеп оқушыларына сапалы білім, өнегелі тәрбие беру үшін барлық мүмкіндік жасалуда. Жаңа білім шаңырақтары бой көтеріп, осы заманға сай оқық үлгідегі технологиялармен, кәкетті құралжабдықтармен қамтамасыз етілуде. Ұстаздарды әлеуметтік жағынан қолдау шаралары да жүзеге асырылуда. Соның нәтижесінде оқат оқушыларымыз халықаралық, республикалық сайыстарда жеңіс бигінен көрініп келеді. Биыл олар әлемнің әр түкпірінен 154 медаль алып қайтты. Сол табысты бүгінгі «Алтын белгіге» не болған ұлқыздарымыз есепен отыр. Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы өткен жылғы деңгейден әлеқайда жоғары

«Өмір – теңіз, жүзе алмасаң, ізгіліктен жарылмаса кемсің, – дегендей, келешекте адамгершілігі мол, ақылды да айбынды, білімді де білімді, парасатты маман болып, Отанымыздың туын көкке көтеріп, беделін биіктете беретіне сенімдемін.

Үлкен өмір жолына бастар қадамдарың сәтті болсын! Ақ жол тілеймін! – деген Ансар Тұрсынханұлы бұдан соң түлектерге салтанатты түрде “Алтын белгіні” табыс етті.

Алғашқы болып Ұлттық бірыңғай тестілеуде ең жоғарғы 125 балл жинаған Жамбыл ауданындағы Әсет Бейсеуов атындағы орта мектептің түлегі Нұрдәулет Әбілов пен Талдықорған қаласындағы №5 М. Ломоносов атындағы мектеп-лицейдің түлегі Анель Еженова “Алтын белгі” алу қуанышына қол жеткізді. Бұдан соң аудан, қала түлектері кезегімен өздеріне лайық марапатты алып, облыс әкімінің арнайы сыйлығына ие болды.

Ел үмітін, ұстаздары мен ата-аналарының сенімдерін ақтап, үздік білім нәтижелерін көрсеткен түлектерге арналып, Орталық алаңда өткен кеш шағын концертке ұласты. Алматыдан арнайы келген «Дос – Мұқасан» вокалды ансамблінің ансамблінің ән шашуларымен басталған мерекелік бағдарлама “Контакту” вальсімен жалғасты.

Дана халқымыз: «Әдепті баланы өсірсең – аулаңның абыройы, ақылды баға өсірсең – алты Алаштың абыройын» дейді. Осы тұрғыдан келгенде, облысымызда Елбасының тапсырмасына сәйкес мектеп оқушыларына сапалы білім, өнегелі тәрбие беру үшін барлық мүмкіндік жасалуда. Қай қырынан келсек те, білім беру саласы бұл жылды қомақты нәтиже, жақсы көрсеткіштермен қорытындылады деп сенімменен айта аламыз.



Облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ Мәхтар Арын атындағы дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейінің түлегі Алтынай Омарбекованға «Алтын белгі» табыс етуде.

Жетісу
Қажет АНДАС



Ел үмітін ақтап, үздік білім нәтижесін көрсеткен түлектер.



Жаңалықтан бір қалыңсыз келмесе

Құрметті оқырман! Облыстық «Жетісу» газетінің жарық көріп келе жатқанына тоқсан үш жыл толып отыр. Тасырға аяқ аттаған бұл басылымның бүгінде беделі жоғары, соған орай оқырмандарының қатары да жылдан жылға артып келеді. Себебі газеттің мазмұны мен көтеретін мәселелері өзекті әрі өткір. Егер сіздер бұдан кейін де «Жетісудың» тұрақты оқырманы болғыңыз келсе, почта бөлімшелеріне барып, екінші жартыжылдыққа жазылыңыздар.

ГАЗЕТТІҢ ХАТ-ХАБАР ЖӘНЕ КӨПШІЛІКПЕН БАЙЛАНЫС БӨЛІМІ.

ДӘРІГЕРЛЕР АРДАҚТАЛДЫ



(2-бетке назар аударыңыздар).

БАСПАСӨЗ – 2011

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ



Облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ пен Алматы қаласының әкімі Ахметжан ЕСІМОВТІҢ төрағалығымен өткен отырыста Алматы қаласын және қала маңындағы аймақтарды тұрақты дамытудың бас жоспары қаралды. Жиынға тиісті басқарма басшылары, аудан әкімдері және өзге де жауапты тұлғалар қатысты.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

БАС ЖОСПАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Бас жоспардың негізгі мақсаты – оңтүстік астана айналасындағы елді мекендерді белгіленген тәртіппен дамыту, Алматы қаласының экономикалық, әлеуметтік, транспорттық, экологиялық, тағы басқа да мәселелерін тиімді шешу жолдарын қарастыру. Соңғы жылдары Алматы қаласында өзге елді мекендерден күнделікті күнкөріс қамымен қатынайтындардың саны артты. Соның салдарынан қаладағы барыс-келіс қиындап, үлкен жолдарда кептелістер туындауда.

Жиын барысында Қарасай, Іле, Талғар аудандарында жол жөнгіндегі кейбір қызмет көрсету нысандарының заңсыз салынып, оның орналасу жағдайының талапқа сай келмейтіні мәлімделді. Ендігі кезекте осы мәселелердің күрмеуін тарқату үшін облыс пен қала әкімдігі бірігіп шешім қабылдамақшы. Бір ай бұрын өткен үлкен жиында екі әкім осыған байланысты бірқатар шараларды қолға алған. Бүгінгі таңда аталған мәселелер бойынша жұмыстар бастау алуда.

Алматы аумағындағы аудан, қалалардың маңындағы жолдар да қайта жөнделмек. Бұл бес бағыт бойынша жүзеге аспақшы. Соның бірі жол бойындағы қызмет көрсету нысандарын ретке келтіру мен жол тораптарын кеңейту істері жоспарлануда. Жыл соңына дейін айналма жолдардың құрылысы бойынша жобалар жасалады. Сондай-ақ, жерді сатып алу мен мемлекет қарамағына өтетін жер иелеріне өтемақы төлеу істері де қарастырылмақ.

Мәжілісті қорытындылаған өңір басшылары кезек күттірмейтін күрделі мәселелердің әрдайым қатаң қадағалауда болатынын назарға салды.

Суретті түсірген Асхан ҚАЖЕКЕ.

ЕГІНЖАЙДАН ЕСКЕН ЛЕП

ҚАРБАЛАС ҚЫЗҒАН ШАҚ

Бүгінде жазиралы Жаркент өңірінің шаруалары қарбалас қарекетке кіріскен. Жүгерішілер жердің беті жылынып, «дала аруы» өсірілетін алқаптарды суарып, жыртып, тұқым сеуіп болғанша жаздың алғашқы он күні де өтіп шығады. Бұл сәтте көпжылдық шөптің алғашқы орымы басталады. Осылайша тіршілігін жалғастыратын егіншілер жоңышқаның алғашқы орымын шұғыл тайлап сатып, жүгерісін күтіп-баптауға қажет жанармайын, тыңайтқыштары мен арамшөпке қарсы қолданылатын улы химикаттарға қажет қаржысын тауып алады.

Жетісу
Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Бұл көрініс Жаркент өңірі дихан қауымының жылдағы бастан өткеретін жалпыға ортақ тіршілігі. Дегенмен егіншіліктің ебін тауып, ертерек ес жиып, қанат құпашын кеңге жайған науқандық жұмыстарын қиналмай атқаратын жеке шаруа қожалықтары да бар.

Біз шаруаның барысымен танысқан Жаркент қаласынан оңтүстікке қарай 15 шақырым жердегі «Ернар» жеке шаруа қожалығының 544 гектар суармалы жеріне жүгері егіліп болыпты. Осы бастан тұқымдық жүгері өсіруге бейімделген шаруашылық 290 гектар алқапқа «дала аруының» орта мерзімде пісіп жетілетін «Молдавский-456», «Будан-237» және ерте пісетін «Молдавский-257», «Молдавский-215» тұқымдық элиталық сорттарын өсірген. Бұдан басқа Молдава ғылыми-зерттеу институтынан жеркөндіру үшін алынған 10 түрлі элиталық жүгері тұқымдарын сынақ алаңына егіпті. Бұл шара болашақта тұқым тапшылығын тартпауға негіз болмақ.

Қожалық Жаркент қаласындағы крахмал-сірне зауытымен келісімшарт жасасып, күзде 2,5 мың тонна жүгері дәнін өткізуді жоспарлаған. Бұл шаруаны өзіне қосылған шағын жеке шаруа қожалықтарымен бірлесіп атқарып, тұқымдық жүгері алқаптарынан басқа тағы 510 гектар жерге тауарлы жүгері сорттарын өсірген. Қазір шаруашылықта жер бетіне өсіп шыққан «дала аруын» күтіп-баптау шаралары қолға алынып, 95 тонна минералды тыңайтқыштар егістікке сеуілді. Қожалық басшылары облыс әкіміне хат жазып, тағы 65 тонна тыңайтқыш алмақшы. Бұдан басқа арам шөпке қарсы қолданылатын гербицидтер де алқаптарға шашылып, «дала арушының» емен-ерген өсіп жетілуіне жағдай жасалып келеді.

Қожалық жүгерідан басқа 20 гектар жерге күнбағыс, 33 гектар алқапқа жоңышқа, 18 гектарға күздік бидай өсіріп отыр. Жоңышқаның алғашқы орымы аяқталып, одан 218 тонна орамдалған мал азығы әзірленіпті. Оны басқа қожалықтар сиықты сатпай, қыстауларына жинауда. Өйткені, «Ернар» жеке шаруа қожалығы өткен жылы Алакөл ауданындағы «Тоқжайлау» асыл тұқымды шаруашылығынан мың бас қазақтың биязы жүнді қойын сатып алып, биыл ер қойдан 4,2 киледен жүн қырқып алды. Қазір қожалық малы Тасбастау, Маңқұ жайлауында Хамит Есіркеев, Дүйсен Маматжанов сынды малшылардың бағуымен семіртілуде. Болашақта егіншілікпен қатар асыл тұқымды қой, жылқы өсіретін шаруашылық жасауды қолға алған қожалық қазақтың жабы тұқымды 110 жылқысын сатып алып, өсіруде. Бұдан басқа 50 сиыры бар.

Биыл Алакөл ауданындағы «Тоқжайлау» және Жаркент өңірінде «Мадина» асыл тұқымды қой өсіретін шаруашылықтармен арадағала келісіп, ақшасын төлеп 700 еркек тоқты сатып алып, бордақыламақшы. Кезінде даланың данасы атанған, ең мәрте Еңбек Ері Николай Головацкийдің мал азығын дайындау жөніндегі орынбасары қызметін атқарып, бұл салада мол тәжірибе жинақтаған «Ернар» қожалығының төрағасы Тасқын Жапарқұловтың жаңа қолға алған бұл салада да табыстың тайқазанын тасытатынына сенемдемз.

– Елбасына, Үкіметке дән ризамыз, – дейді Тасқын. –Жұмыс жасаймын деген шаруаға мемлекет тарапынан көмек көп. Ауылшаруашылық техникаларының көпшілігін Үкімет белген жеңілдетілген несие қаржыға сатып алдық. Биыл жүгері оратын шетелдің комбайнын және өндіріс орнында салынған жүгері дәнін сұрыптап, кептіретін шәйлап зауытына жабдықтар алу үшін үстемеақы жеңілдетілген, ұзақ мерзімді 4 пайыздық несие алғалы отырмын. Үкімет бізге осындай жақсылықтар жасаған соң біз де құлшынып іске кірісіп, шаруашылықта еңбек ететін адамдардың әлеуметтік жағдайын жақсартудың жолдарын қарастыруға мүмкіндік тапқандаймыз.





«Ернар» қожалығында қазір 74 адам тұрақты еңбек етеді екен. Олардың орташа айлық жалақысы 40 – 42 мың теңгеден айналады. Еңбеккерлердің тамағы, отыны мен кәмірі тегін. Соңғы кезде жұмысшыларға шаруашылық есебінен сауықтыру демалыс орындарына жолдама беріледі. Өткен жылы екі жұмысшыға тұрғын үй салынды. Болашақта өз еңбекқорларына жыл сайын 5 тұрғын үй салып, әлеуметтік жағдайларын жақсарту шаралары жасалмақшы. Бұл істі қожалықтың өз құрылыс бригадасы атқарады.

Қандай да шаруашылық оңтайлы дамуы бірінші мамандар мен жұмысты еңбекқорларға байланысты. Бұл тұрғыда сөз қозғағанда шаруашылық басшысы қожалықтың жалпы өндірісін басқаратын өз ұлы Олжас Жапарқұловтың, бас бухгалтер Орал Ыбраевтың, механизаторлары Ташполат Пархатов, Хамит Жұмағұлов, Олег Бурдачев, Бағлан Дронов, Тұрсын Жұмазов, Ахметжан, Әметжан Исмайловтар, Мұрат Мұсаевтың есімдерін үлкен ілтипатпен атады.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

◈ ОҚУ-БІЛІМ БАР ЖҰРТТА...

Бағыты айқын колледж



Қазақ даласына ағартушылық ағымы денден кіріп, өнер мен ғылымның, техниканың халық тұрмысына қажеттілігі арта бастаған тұста, яғни, XIX-ғасырдың екінші жартысында Жетісу жерінде жұртты ғылымға жетелеген білім отаулары бірінен кейін бірі ашыла бастады. Соның бірі Қапал елді мекенінде бой көтерген еді. Сонау 1887 жылы "Қапал ауыл шаруашылығы мектебі" болып есік ашқан білім ордасының қабырғасы туған өлкенің мөлдір суы мен қасиетті қара топырағынан өрілгені белгілі. Сол жатаған тамнан соғылған үйлерде жер мен өсімдіктің сырына үңілген алғашқы мамандар қанаттанған еді. Оған жергілікті қазақ шаруаларының балалары қабылданып, Жетісу жеріндегі алғашқы ауылшаруашылық мамандарын тербиелеп шығарды.

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

Атауы алдеқашан рет өзгерген бұл оқу орнында білім алған қазақ жастары елімізде түпкір-түпкірінде жемісті жұмыс істеп, ел өмірінің өркендеуіне өсепі үлес қосып жатты. Осы 123 жыл ішінде 20 мыңнан астам адам оқу орнын тамамдап, өмірге жолдама алған екен. Соңғы жылдары оқу орнында болған үлкен өзгерістерді басшылық қызметке Малік Қарасаевтың келуімен байланыстырады ауыл ақсақалдары мен колледж қызметкерлері.

Жаңа басшы Малік Әбілмәжінұлы келгелі байырғы оқу орнының жұмысы тіптен жандана түсті. 5 млн. теңгелік қарызбен алған колледж бюджетін он екі жылда 69 млн. теңгелік бюджетке баланысқа кетірді. Аталмыш колледжді республикадағы орта буын мамандарды даярлайтын оқу орындары арасынан соңғы 46 орыннан алдыңғы үштікке енгізді. Оқу орнының өткені мен бүгіні туралы колледж директорынан сұрап көрген едік.

– Көксу ауыл шаруашылығы колледжі өңіріміздегі ең байырғы оқу орны саналады. 1978 жылы Қапал өңірінде құрылған екен. Негізгі себептерге байланысты екені белгісіз, білім ордасы 1912 жылы Талдықорған маңына, қазіргі Алдабергенның іргесіне көшіріді. Оның революциядан кейінгі тағдыры Кеңес үкіметінің билігінде болғаны белгілі. Голощекиннің "Қаңтар Октябрь" революциясы кезінде, яғни, 1932 жылы мектеп 4 жылдық Талдықорған қызылша техникумы болып ашылып, ССРО халық комиссариаты тамақ өнеркәсібінің қарамағында өткізілді. Ал 1937 жылғы сталиндік күғын-сүргін кезінде жабылып, оның орнына Алматы қаласындағы балалар үйінен бөлімшесі көшіп келді. Арада біраз жыл салып барып, 1943 жылдың қазан айында Қазақ ССР жер шаруашылығы халық комиссариатының №681 бұйрығымен "Агрономия" бөлімі негізінде қайтадан Талдықорған ауылшаруашылық техникумы болып құрылды. 1955 жылы 11 желтоқсанда Көксу ауылшаруашылық техникумы деп аталды. Елмаз тәуелсіздік алғаннан кейін 1995 жылдан бастап жаңа тарихи дәуірге қадам тастаған қара шаңырақ Көксу ауылшаруашылық колледжі деген атқа ие болды.

Жасыратыны жоқ, нарықтық қатынас есіктен еңген алғашқы жылдардағы ел өмірінде орын алған күрделі өзгерістер салдарынан өндіріс орындары тоқтап, ел арасын жұмыссыздық жайлап, кеңес кезіндегі дәрі дүниеге үйреніп қалған адамдар не істердің бабын таппай аңтарылып қалған уақытта болды. Жаппай жекешелендіру тыныш жағдайдың тас-талқанын шығарды. Материалдық-техникалық базадан ешнәрсе қалмады. Әй деген әже, қой деген қожа болмаған соң, тіпті ғимаратына дейін бұзып алып, айналасы 4-5 жылдың ішінде оқу орнының мүлкі ұстағанның қолында, тістегеннің тісінде кете барды.

Оларды былай қойғанда, кеше көрші саналатын ақ шағала селиакат көршілтен тұрғызылған балабақша да, бүгін ауылдың келіндері балалы болмайды деді ме екен, қыратының ақетінген. Мұғалімдер айлап ақша алмайтын, жұмысын тастап тіршілігін күйбеңмен басқа жол іздеп кеткендер де болды. Оқу ғимаратының дәліздері ақтап-сақтап, бөлмелер суық, жатақханалар көк аяздарып, адам тұрғысы халге жетті. Мине, осыпай жабылудың аз-ақ алдында қалған білім шаңырағы соңғы жылдары қайта түлеп, жаңаша келбетімен қарыштап дами бастады, – деді сөзін түйіндеп.

Директордың айтқанындай, білім шаңырағы соңғы екі жылда шат жаңа түрге енді. Колледж ші де көрктенген. Оның ішкен соңғы техникалық жабдықтармен жасақталған компьютерлік сынып ерекше көз тартады. Ұлтымыздың өртүрлі қолөнер бұйымдарымен көркемделген "Қазақ тілі" сыныбындағы көрме тіпті тамаша. Өр дәлізде ілінген қазақтың бетке ұстар азаматтарының портреттері мен ұлылардың ұлағатты сөздері жазылған тақтайшалар анадайдан көзге ұрады. Оқу ғимаратына кіре беріс дәліз өзінше ерекше. Жоғарыда ілуге тұрған аспалы теледидар, қазіргі заман талабына сай жасалған орындық-тар. Оң жақ керегеге озат ұстаздар мен үлгілі оқушылардың суреттері ілінген Құрмет тақтасы орналасқан. Тәуелсіз елімізді, мемлекеттік рәміздері көңілге жылылық ұялатады.

Бес қабатты оқушылар жатақханасы, көпшілік тамақтанатын асхана түрмысқа қолайлы. Кіші спорт залы да талапқа сай, онда шешінетін, жуынатын бөлмелерден бастап, спорттық құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Жаттықтырушылар бөлмесіне компьютер қойылған. Сондықтан болар, спорт залында жаттығу жұмыстары жалғасып жатады. Оның нәтижесінде соңғы екі жылда колледж спортшылары облыстық жарыстардан бірнеше кубок ұтып алған. Сонымен қатар, кез келген ұжымның мерейін өсіретін көркем-өнерпаздардың жұмысы екені анық. Кезінде қаңырап бос қалған гимараттың қайталай жөнделуден өткізе, сахнасын, экранын, шымылдығын ілін, жылу жүргізіп, электронды аспаптармен жабдықтап, әр сәрсенбі күні би кешін ұйымдастыратын медени залға айналдырған. Бір кездері темір сынықтары мен қоқысқа толы автотұрақ кешені күрделі жөнделуден өтіп, ондағы автокөліктер, тракторлар мен комбайндар техникалық қалыпта тұр. Олар оқушылардың оқу-тәжірибелік сабақтарын өткеруімен бірге ауыл тұрғындарының қажетін де өтеп келеді.

Соңғы жылдары бұл оқу орнына келіп түсемін деушілердің қатары көбейіп келеді. Өйткені, бүгінгі таңда заман ағымына сай ауыл шаруашылығы мекемелерінде, өндірістік цехтарда, үлкенді-кішілі кәсіпорындарда еңбек ететін білімді мамандарға сұраныс жоғары. Оның үстіне, республикамызда техникалық және кәсіби білім беруді 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасында "Мемлекет–оқу орны–жұмыс беруші" арасын байланыстыратын жаңа модельдік қатынастар қарастырылған. Өткен жылы білім ордасының жанынан 500 шаршы метрлік жылжай, 160 шаршы метрлік бұлжай салынып, студенттердің тәжірибе базасы ретінде қызмет атқарса, Ортаңқол Азия университетімен бірлесе отырып «Жол картасы» бағдарламасы аясында халықаралық дипломы бар құрылысшы мамандар дайындау қолға алынған. Бір сөзбен айтқанда, Көксу ауыл шаруашылығы колледжі қай қырынан келсе де заман ағымына үйлесетін мамандар тәрбиелей алатын кемелдікке ие.

Бүгінгі таңда кәсіби білімі бар адамға қай жерден де жұмыс табылады. Сондай-ақ, оқу орнында білім беруге жақсы жағдай жасалған. Қазіргі таңда колледжде 9 мамандық бойынша күндізгі және сырттай бөлімде білім алуға жағдай жасалған. Күндізгі оқу бөлімінде оқитын студенттер 15 топқа шоғырланған және олардың дені бюджет есебінде оқитындықтан ай сайын 10 мың теңге мөлшерінде стипендия алады. Тегін жатақханамен қамтылған. Сондай-ақ, жағдайы төмен отбасы балаларына тамақ және басқа да көмек көрсетіліп тұрады. Сонымен бірге, биылдан бастап «Тамақтандыру өндірісі тағамдарын өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру» атты жаңа мамандық ашылып отыр. Бұл мамандыққа деген сұраныс көп болғандықтан өңіріміздегі оқу орындарының арасында алғашқы болып оқытуды қолға алған.

Көксу ауылшаруашылық колледжінің хал-ахуалы да, көркі де өмір талабына сай жүргізілуде. Мұның өзі жүрекке қуаныш, көңілге медет, болашаққа сенім ұялатады. Иә, осы бір мектептің кешегісі мен бүгінгі жағдайынан тұтас еліміздің бір ғасырлық тарихын елестетуге болады. Әрине, "Төртеу түгел болса, төбедегі келеді" деген осы. Қысқасы, өмірден өз орнын алып, бағдарлы мамандықты игерем деушілерге мұнда барлық жағдай қарастырылған.

СУРЕТТЕ: колледж директоры Малік ҚАРАСАЕВ.



◈ МЕКТЕП МӘРТЕБЕСІ

СЕКСЕН ЖЫЛ білім нәрін берген

Оқуға да ынталының өзінде үлгіре алмай жатқан шәкіртің көптеп кездесті. Тұлғасын сіз қалыптастырасыз. Қазіргі мектептің басты міндеті – жақсы шәкіртпен.
А. ЕРАСЫЛҰЛЫ.

Талдықорған қаласының дәл ортасынан орын тепкен №4 орта мектептің өмір тарихына үстіміздегі жылы 80 жыл толып отыр. Мектептің бұл мерекесі республика өмірінде болып жатқан әртүрлі саяси-әлеуметтік, тарихи оқиғалармен тұспа-тұс келді. Сондықтан мектептің педагогикалық ұжымының өткен оқу жылдарындағы атқарған еңбектері ауыз толтырып айтуға әбден тұрарлық. Біз бүгін аталмыш білім ордасының соңғы кездегі қол жеткен жетістіктеріне тоқталып, кейбір мәселелерді ғана тілге тиек етпекпіз.

Мектептің соңғы үш оқу жылындағы білім беру сапасы күрт көтеріліп, білім мекемесі қала түгілі облысқа белгілі бола бастағаны бәрімізді қуантып отыр. Сөзімізді дәлелді болу үшін мысал келтіре кетейік. Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі бойынша 2008 жылы орташа балл – 88, 2009 жылы – 89 болса, бұл көрсеткіш 2009 жылы 92-ге жетті. 2009 жылы 4 түлегіміз, 2010 жылы 5 түлегіміз «Алтын белгі» белгісін омырауына қадады. Бұл жақынан мектебіміз қаладағы дарынды балаларға арналған екі мектептен кейінгі орынды иеленіп отыр. Бұл, сөз жоқ, ұжымымыздың бик белеске шыққанының бір көрінісі.

Халықаралық олимпиадаларға қатысып, мектептің табысына сүбелі үлес қосып жүрген оқушыларымыз да аз емес. Айтар болсақ, 2009 жылы Ф.Орманов, П.Зименко, А.Ибрагимова, М.Жақанова І-ші орындарды иеленсе, 2010 жылы А.Байжақова, А.Жұмабекова, А.Байшарипова, А.Ибрагимова, М.Жақановалар осындай жарыстардан жүлделі қайтты.

Біз мектеп түлектерінің оқуды бітіргеннен кейінгі бұрын ауылдарын да қатты қадағалап отырмыз. Айталық, ұстаміздегі жылы шәкірттерімізден 10%-ы шет елде, қалған 90%-ы отандық жоғары оқу орындарында оқуларын жалғастыруда. Бұл да біз үшін үлкен мәртебе.

Айта берсе, мектеп табыстары ұшан-теңіз. Республикалық олимпиадаларда 2 оқушымыз жүлдегер атанды. Бұл ретте Өскемен қаласында өткен бейгеде 8 «а» сынып оқушысы Айым Ерасылдың Ғорын алғаның айтып кету әбзал. Ал облыстық олимпиадада 2 оқушымыз жеңіс тұғырынан көріне білді. сондай-ақ, 14 шәкіртіміз ғылыми жобалар байқауында мектеп мерейін асырды.

Мектеп педагогикалық ұжымының бай іс-тәжірибесі де кеңінен насихатталуда. «Дарынды балаларымен жұмыс жүйесі», «Орта буындағы сабақтастық мәселелері» атты ғылыми жұмыстар АОМКДИ бойынша таратылса, республикалық «Мектеп директоры» журналында «Бүгінгі және ертеңгі мектеп», қалалық, білім бөлімінің әдістемелік журналында «Ұстаздық шеберлікке жету жолында» атты еңбектер жарияланды. Облыстық «Жетісу», «Білім шаңырағы» қалалық, «Талдықорған» газеттерінде білікті ұстаздарымыздың шығармашылық еңбектері үздіксіз басылып отырды.

«Дарын» ғылыми жобалар байқауында да көптеген оқушыларымыз оза шауып бәйге алып жатқанын халық, білсе керек. Республикалық «Зерде» байқауына қатысқан шәкірттеріміз де шүкір, жүлдесіз оралған жоқ.

Мектепте инновациялық жұмыстар да аз дәрежесінде жүргізілуде «Мен үш тілді білемін». «Мектептегі өзін-өзі басқару» сияқты тақырыптар бойынша жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылуда. Бұл бағыттағы қалалық және облыстық семинарлар мектепте жиі көрініс беруде. Осы орайда Хисматулина Альфия Құрмангалиқызы басқаратын тарих пәні бірлестігінің ерен еңбегін айтпай кетуге болмайды. Ұстазымыз «Азаматтықтың бет-бедері» атты АҚШ-тың Конгрес штатында өткен халықаралық шарага қатысты. шәкірттері де Кипрде өткен халықаралық байгеде де мектеп қорқынышы мол жүлде салды.

Құрықтану сапасы бойынша қалалық жарыстардың жүлдегерлері П.Зименко, Т.Кинзбаева, А.Тюлебаева, Р.Сүкенұлова, А.Ким, Т.Кондратенко, т.б. өз жеңістерімен мектеп ұжымын қуантып жүрген жандар.

Биылғы жылы қазақ тілі әдістемесі бірлестігінің жетекшісі Б.Мамутова басқаратын ұжымның да еңбегін айтып кетуге болмайды. Қазақ тілі пәні бойынша өтетін олимпиадаларда КГА бойынша жарияланған байгелерде мектеп оқушылары соңғы екі жылда үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Өткен мамыр айында Өскемен қаласында өткен Қ.Бүгібаева атындағы айқықтық олимпиададан да оқушыларымыз алжалы оралды. Қапал бойынша өткізілп тұратын өртүрлі тақырыптағы жас ақындар мүшәйрәларында мектеп командасы үнемі алдыңғы орындардан көрінуде. «Мұқағали оқуларында» «Біздің оқуларында» және «Абай оқуларында» пен мүғалімдері дайындаған жас таланттар шығармашылық шеберліктің озық үлгілерін көрсетіп, бірнұғай жүлделі орындарды иеленуде. Биыл ретте оқушыларымыз А.Шаңшарбаева мен Т.Орсынәлі Талғардың сөңгіген еңбектерін айтуға болады.

Қарап отырсақ, мектептің педагогикалық ұжымының қол жеткен табыстарының бәрін бір мезгілде тізбелеп шығу мүмкін емес. Алған межелерімізбен жеткен жетістіктеріміз тіптен мол. Біз бүгін солардың бірізділігін тоқталып, оқырман жүртшылықпен таныстырып өттік. Мектеп дәуірі бүгінде Жетісу өңірінде тарап кетті десек, бір артық айтпағандық. Мұны біз күнделікті басқа мектептерден ауысып, біздің оқуға түбек бірлдіріп жатқандардан өбден байқап отырмыз. 80 жылдық, тарихы бар білімнің қасиетті қара шаңырағынан қол созып отырған биктері, апар асулары ең алда. Төңкерібегі директорымыз Елубаева Гаухар Сламғалиқызы басқарып отырған бұл мекеменің қызметкерлері белгілеген межесін алмай қоймайтынына без кәміл сенеміз. Өйткені соңғы жылдардағы көрсеткіштеріміз осының дәлелі. Барлық ұжым мүшелерін мектептің мерейлі 80 жылдығымен құттықтаймыз.

Назгүл ҚАНАПЬЯНОВА,
мектеп директорының орынбасары.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

Еске алу

«Неменеге жетістің бала батыр,
Қариялар жайып бара жатыр» демекші, Ескелді ауданы, Қарғалы аумағында туып, тіршілігінде туыстарына сыйлы, бала-шағасының жолы жетіліп, асқар тауы, елінде ескулі ардақты азамат, Ұлы Отан соғысының ардагері, бір атаның ақылды қарты болып жүріп, 4 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсірген **Мұхамадиұлы Кәжахмет** әкеміздің бұл дүниеден өткеніне 40 жыл болды. Амал не, ауыр сырқат арамызбан алып кетті. Уақыт ағын су сияқты жылжып өтіп жатқанымен, ақылы әкемізді ешқашан есімізден шығарған емеспіз.



Анамыз **Молдахметқызы Ақбала** 1924 жылы дүниеге келіп, 1970 жылы жемісінен 8 баламен 45 жасында жесір қалды. Тағдыр талқысына қайыспаған қайратты анамыз бәрімізді өсіріп, жеткізіп, ұямызға қондырып, қиямызға ұшырып,біздең өрбіген ұрпақ-бұтақтарына да соңғы демі біткенше қызмет етті. 60 жасында дүниеден озып, ортамыздағы тәудай орны 26 жыл бойы ойсырап тұрған ақылы анамызды жүрек сыздаған сағынышпен еске аламыз.

Асыл әже-ана, бізлерді өмірге әкелп, бейнетімізді көріп, зейнетіміздің рахатына бөленер шақта өмірдем кеттіңіздер. Көңеретіміз шерге, жүрегіміз мұңға толы. Жатқан жерлерің жайлы, имандарың жолдас, топырақтарың торқа, баки дүниеде ұстағандарың шырақ, мәңгеңдерің пырақ болсын, Аллаһың рақымына, Пайғамбардың шапағатына бөленіңдер деп, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз.

Аялап бізді өсірген әже-ана,
Жарқын бейнең мәңгі менің
көз алдымда.
Бізге берген ақыл-ойың санамызда,
Біраз жылдар өтті ғой арамыздан.
Сағынғанмен шегі болмас
бұл өмірде,
Төземіз де көнеміз тағдырдың
бізге жазғанына.
Уақыт деген ол емші,
Тарқатпаз атын, кеш батыр.
Суретін көрсек әже-анамның,
Сағынышпен жүрегімізді
сыздатар.
Арттарыңда қалды ұрпағың,
Оттарың мәңгі өшпейді.
Кір кештірмей сәздерге,
Өмір сүруге мәжбетті.
Алла сәлса не дейміз,
Өмір беріп, өзі алды.
Есіне алыпып құрметпен,
Өз-қызың бар сыйбатты.

САҒЫНА ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: ұлдары, қыздары, келіндері, күйеубалалары, немерелері, шөберелері.

Барлық туған-туыс, құда-жекжаттары мен ағайын, ауыл аймағын 24 шілде күні сағат 12.00 Төкеш қаласындағы «Болашақ» кафесінде берілетін «Ас нәзірінде» шақырамыз.

МҰХАМАДИЕВТЕР ӘУЛЕТІ.

«Кім кінәйді Алланың салғанына» дегендей, тағдырға қарсы келер күш жоқ қой. Кербұлақ ауданының Шұбар ауылында күн кешкен асылымыз, қымбат бауыр, ата-анасының ардақты ұлы **Сейітов Айдар Әбдолдаұлының** қайтыс болғанына 3 жылдан асты. Егер Айдар тірі болса 46 жасқа толғанын тойлап, туған күнін атап өтер едік.



Балышатадық өзіңе
Жан-жұрегіңнің дұғасын.
Қанша уақыт өтсе де,
Сағынышты көңілдің
Түкпірінде тұрасың.

Өтіп кеттің өмірден
Жанымызға мұң еліп,
Жаратқаннан жаныңа
Жаннат бағын тілеймін.

Өттің ғой шүғақ шашып бар маңына,
Ұрпағың жетсін сенің арманыңа.
Рухың жұмақта жүрсе еккн деп,
Балышатап дұға етеміз аруағыңа.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: әке-шешесі, бауырлары, келіні, іні-қарындастары, қызы, зайыбы, ұлдары, Сейітовтар әулеті.

Алматы облысының МАЭ сотының 24.06.2010 ж. шешімімен «Алма Сервис» ЖШС банкрот деп танылды. Талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: **Талдықорған қаласы, «Мүшелтой» шағын ауданы, 37 "А" үй, 21 пәтер, үй тел.: 30-22-63, ұялы тел.: 8 701 268 92 77.**

Судьяға кандидаттар Есимова Айман Оразхановна 2010 жылдың 12 наурызынан бастап және Дошкеев Думан Аскарович 2010 жылдың 26 наурызынан бастап Талдықорған қалалық сотында тағылымдамадан өтуде.

Алматы облысының МАЭ сотының 23.06.2010 ж. шешімімен Талғар ауданындағы «МехҚұрылысИндустри» ЖШС және «ТасСтройКонтракт» ЖШС банкрот деп танылды. Талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады:

Талдықорған қаласы, Өтенай ауылы, Ынтымақ көшесі, 13, тел.: 8 701 321 43 31.

***

Решением СМЭС Алматинской области от 23.06.10 года признаны банкротом ТОО «МехҚұрылысИндустри» и ТОО «ТасСтройКонтракт» Талгарского района, претензии принимаются в течении 2-х месяцев со дня публикации по адресу:

г .Талдыкорган, с. Отенай, ул. Ынтымак –13, тел: 8 701 321 43 31.

ТОО «Каскеленский А.П.» утеряно свидетельство (серия АОД №03516) о праве на осуществление перевозок пассажиров по маршруту.

Алматы облысының МАЭ сотының 11.06.2010 ж. шешімімен «Net profit & Т» ЖШС және «Transroad & Z» ЖШС, 25.06.2010 ж. шешімімен «Мико Строй Сервис» ЖШС (Қарасай ауданы), 18.06.2010 ж. шешімімен ЖК «Ким Е.В.» (Қаскелең қаласы), 25.06.2010 ж. шешімімен су шаруашылығының ШЖҚ «Күртіпрригация» ауданаралық мемлекеттік кәсіпорны (Іле ауданы), 28.06.2010 ж. шешімімен «Басам-М» ЖШС және «Alfa Profi» ЖШС (Іле ауданы), ЖК Нам А.С. (Талдықорған қаласы) банкрот деп танылды. Талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: **Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Баспочтамт, а/ж 15, тел.: 8-777-015-50-98.**

***

Решением СМЭС Алматинской обл. от 11.06.10 г. ТОО «Net profit & Т» и ТОО «Transroad & Z», от 25.06.10 г. ТОО «Мико Строй Сервис» (Карасайский р-н), от 18.06.10 г. ИП «Ким Е.В.» (г. Капчагай), от 25.06.10 г. МГП ВХ на ПВХ «Күртіпрригация» (Илийский р-н), от 28.06.10 г. ТОО «Басам-М» и ТОО «Alfa Profi» (Илийский р-н), ИП Нам А.С. (г.Талдыкорган) признаны банкротами. Претензии принимаются в течение 2-х месяцев со дня опубликования по адресу: **Алматинская обл., г. Талдыкорган, Главпочтамт, а/я 15, тел.: 8-777-015-50-98.**

«Ашық есік күні» өтеді

Алматы облысының статистика департаменті облыс, қала, аудан әкімдіктерінің, департаменттердің, басқармалардың, комитеттердің, бөлімдердің, БАҚ, көпшілік кітапханалардың басшылары мен мамандарын, ұлттық компаниялардың, фирмалардың, іскер топтардың басшылары мен бас бухгалтерлерін, сондай-ақ ізденуші тұлғаларды Талдықорған қ., Қабанбай батыр көш., 27 "А" мекенжайдағы «Бейнелеу өнері галереясының» фойесінде 2010 жылғы, 29 шілдеде сағат 15.00-де өтетін «Ашық есік күніне» шақырады.

Келушілер үшін Алматы облысының статистика департаменті және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі шығаратын баспасөз хабарламасы, буклеттер, салалық және тақырыптық жинақтар мен анықтамалықтар көрсетіледі.

Анықтама телефондары: Алматы облысының статистика департаменті, статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен жұмыс басқармасы (Алматы қ.) – 2715480, өкілеттілігі (Талдықорған қ.) – 242403.

Алматы облысы статистика департаментінің электронды мекенжайы-http://almatyobl.stat.kz «Сұрақ-жауап» айдары

E-mail: oblstat.almaty@mail.ru

◈ СЕМИНАР

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президент қоры жеке тұлғаны бала мен ата-ана қатысуымен тәрбиелеудің озық жобаларын саралау мақсатында 7 номинация бойынша жүлде жариялаған болатын. Осы ретте, Талдықорған қаласындағы «Жас ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі бастауыш мектепке және мектепке дейінгі балабақшасына арналған «Бүлдіршіндер білім академиясы» атты жобасын ұсынды.

БҮЛДІРШІНДЕР БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

Аталған жоба қор тарапынан жеңімпаз деп танылып, жүзеге асыруға жол алды. Осыған орай, «Жас ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен қаламыздағы №7 Ушинский атындағы орта мектептің жиын залында облыстық және қалалық білім басқармасы және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, аудандық білім бөлімдерінің методистері мен балабақша жетекшілері бас қосып, бүлдіршіндердің жасампаздығын сәулелендіруге зор сергін беретін жобаның алдағы бағыт-бағдарын саралады.

Кездесуді аталған бірлестіктің торағасы Бақыт Қалиева ашып, жүргізіп отырды. Алдымен Бақыт Асанқызы жоба төңірегінде жан-жақтылы түсінік беріп өтті.

– Өлемдегі әр елдің басекеге қабілеттілігі ғылыми әлеуетамен өлшенетіні анық. Өрине, білім – ізденіс, үйрету, оқыту арқылы бойға ұялайды. Қазіргі таңда еліміздің білім беру сапасына немкетті қарауға болмайды. Алдыңғы қатарлы елдердің өлшемне жетіп отырмыз. Десе де, біз әлі де «Баланы тәрбиелеу тек мектептің міндеті» дейтін кеңестік кезеңдегі көзқарастан арыла алмай келеміз. Тіпті, көптеген ата-ана баласын балабақшаға немесе мектепке өткізіп, өзін жауапкершіліктен шекгеп, олардың түлғалық дамуына мән бермейді. Ал, балабақшаға бара алмай отырған себептер қаншама? Біздің жоба осы балалардың жасампаздық, қабілетін ашуға бағытталған. Бұл жоба балалардың бейімділігі бойынша ата-анасының қатысуымен тәрбиелеуді жүзеге асырады. Тәрбие тәсілі – үй тапсырмасын жүктеу болып табылады. Ал үй тапсырмасы ата-ананың сүйемелдеуімен орындалады. Осы арқылы, бірінші ден, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты реттеуге, енді бір жағынан, баланың жасампаздығын сәулелендіруге жол ашылады, – деді.

Бұдан соң І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті жастар саясаты және тәрбие жұмысы бөлімінің бас маманы Саида Сәдуақасова «Өлеуметтік идеялар интеллектуалды жасампаз қоғам: білім және жаңа технологиялар» тақырыбында топтық жұмыс жүргізді. Осы кезеңде кездесуге келген мамандар жобаның негізгі тәсілімен қанығып, өзара тәжірибе алмасты. Сондай-ақ, өзіндік ойларын ортаға салып жобаның алдағы бағыт-бағдарын толықтыра түсті.

Соңында семинарға қатысқандар «Бүлдіршіндер білім академиясы» жобасының бүлдіршіндер білімін дамытуға мүмкіндік беріп қалмастан, ата-ананы бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға жетелейтінне көз жеткізді. Жиналысты қорытындылаған Бақыт Қалиева таяу арада қаламыздағы №7 Ушинский атындағы орта мектебінде оқу-тәрбиелік жұмысының басталатынын айта келіп, өскелең ұрпаққа берері мол жобаны алдағы уақытта елді мекендерде іске асырудың қажеттілігін де тілге тиек етті.

Қ. АНДАС.
ТАЛДЫҚОРҒАН.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail:Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Жұматай ӘМІРЕЕВ.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 926. ТАРАЛЫМЫ — 44 422. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –27-41-93, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43. Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфилова — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

◈ «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

Үстіміздегі жылдың 1 тамызынан 30 қыркүйек аралығында еліміз көлемінде республикалық «Мектепке жол» акциясы өтуде. Оны ұйымдастырудағы мақсат – әлеуметтік жағдайы төмен отбасында тәрбиеленіп жатқан оқушыларды анықтап, көмек көрсету. Осыған орай облыс әкімінің орынбасары С. Мұқановтың жетекшілігімен «Мектепке жол» акциясы облысымызда да ұтымды ұйымдастырылуда.

Қайырлы істің қайырымы бар...



Мұндай игі іске Талдықорған қаласындағы № 13 орта мектеп ұжымы да бір кісідей атсалысты. Мектеп директоры Г. Сыдыбекованың басшылығымен арнайы комиссия құрылып, мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасында тәрбиеленіп жатқан оқушылар анықталды. Ол үшін оқушылардың үйлеріне арнайы рейд жасалып, аз қамтылған отбасының 29 баласы мектеп ұжымының ұйымдастыруымен күнделікті сабаққа қажетті оқу-құралдары және мектеп формаларымен қамтамасыз етілді.

Жалпы мектеп бойынша қамқоршы қолында тәрбиеленіп жатқан бір оқушы бар. Қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Ерқын Киялбеков өз тарапынан осы оқушыны мектеп және спорттық киімдермен қамтамасыз етті. Ал «Нұр Шапағат-Құрылыс» ЖШС директоры Қайрат Кереев әлеуметтік жағдайы төмен 7 оқушыға бірдей мектеп формасы, оқу құрал-жабдықтарымен көмек көрсетті.

Оқушылардың жазғы демалыс күндерін тиімді өткізу мақсатында қала әкімінің орынбасары Марлен Келбаевтың ұйымдастыруымен әлеуметтік жағдайы төмен отбасында тәрбиеленіп жатқан мектептің 21 оқушысы Балқаш көліне барып, демалып қайтты.

А. ТОПАНТАЙҚЫЗЫ.

◈ БІРРЕТТІК ЖАППАЙ ЕГУ

Толықтай қамтылды

Айнұр ӘБДІРАХЫМ,
"Жетісу"

Кейбір елдерде полиомиелитпен сырқаттану бойынша эпидемиологиялық жағдайдың ауырлеуіне байланысты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 6 жасқа дейінгі барлық балаға полиомиелитке қарсы қосымша бірреттік жаппай иммундау жүргізу жөнінде шешім қабылдаған болатын. Осы шешімге сәйкес қыркүйектің 6-10 аралығында еліміз бойынша оның ішінде біздің облысымызда да полиомиелитке қарсы қосымша иммундау өткізілді.

Егу шараларының биылғы соңғы облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінде журналистерге арналған брифинг өтті.

– Иммундау жұмыстары медициналық ұйымдарда орналасқан егу пункттерінде ақысыз жүргізілді. Шара басталмас бұрын егуге қатысатын барлық медициналық қызметкер арнайы дайындықтан өткізілді. Бұл ретте айта кетейік, дәрігерлер әр баланың денсаулығын тексеріп болған соң ғана егуге жіберілді. Ал аталмыш мәселеге қатысты қосымша сұрағы барлар дәрігерлерден кеңес алды, арнайы ұйымдастырылған байланыс жүйесінің көмегіне де жүгінді. Облыс бойынша сауалдарға жауап беретін мұндай 53 байланыс жүйесі жұмыс істеді, – деп сөзін бастаған облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті директорының орынбасары Ғалия Әбдірахманова жүргізген егу жұмыстарының қорытындыларына тоқталды.

Облыс көлеміндегі барлық аудан мен қалада қосымша иммундауды жүргізуге қатысатын медициналық ұйымдарда 613 егу пункті жұмыс істеген. Сонымен қатар, 133 жылжымалы егу тобы ұйымдастырылған. Сейітқұл ауылындағы егу шарасына облыс бойынша 1872 медициналық қызметкер тартылған.



Иммундауға Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сертификаттаған, ауыз арқылы тамызылатын тірі вакцина қолданылды. Келесі кезекте сөз алған АОМСЭК департаменті эпидадағалау бөлімінің бастығы Гаухар Нүкенованың айтуынша, тірі вакцинамен егілген бала әзі ауырмайды және басқаларды да ауыртпайды. Сонымен министрліктің шешімімен тірі вакциналар қолданылған. Мұндай вакциналармен емдеу–алдын алу ұйымының барлық қамтамасыз етілген. Қазіргі жағдайға сәйкес осы күнге дейін егілген балалардың ешқайсысынан тірі вакцинаның кері әсері байқалмаған. Егілген балалар дәрігерлердің тұрақты бақылауында.

Нәубәсталған күннен бастап облыс, аудан, қала деңгейінде балалардың иммундалуына байланысты күнделікті мониторинг жүргізіліп, егілген бала саны анықталып отырған. Қорытынды мәліметке сәйкес облыс бойынша жоспарланған 192606 баланың 189115 егілді. 98,2 пайыздық көрсеткішке жеткен. Егілмеген 3491 баланың 2082-і сырттан кеткен. Бірақ олардың барлығы егумен толық қамтылды. Ал 1352 баланы аталмыш вакцинаны алуға медициналық шектеу қойылған. Қалған 57 баланың ата-анасы екпеден бас тартқан. Облысымызда жоспардан тыс, яғни сырттан келген балаларды егу жұмыстары да кең көлемде жүргізілді. Аталайтсақ, оған 4259 бала тартылды.

◈ ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Ару қала – Астана

Үлбосын НСАБЕК,
"Жетісу"

Аз уақыт бұрын айтарлықтай атауын өткен Қазақстан Республикасы Конституциясының 15 жылдығына орай М. Бейсебаев атындағы Талдыр агробизнес және менеджмент колледжінде «Ару қала – Астана» атты кәсіпкерлік салтанатты ашылу рәсімі болды.

Айтұсы шырға «Нұр Отан» ХДП-сы облыстық филиалы төрағасының 1-ші орынбасары А.Сейітов, қалам әкімінің орынбасары Р.Садыкова, сондай-ақ аудандағы ардагер оқу орындары мен мектеп басшылары және студент жастар қатысты. Аталмыш кәсіпкерлік лицензиялау салтанатты түрде қимылын, оның жұмысымен қонақтар жан-жақтылы танысты. Заман талабына сай соңғы техникалық үрдісте жабдықталған кабинеттің ең жаңа мандайшасына ілінген «Астана – Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі» деген қанатты сөз бірден көзге түседі. Бөлмеңіз ортасындағы анық шаңырақ ел бірлігін, тұтастығын айқындап тұрғандай. Шара барысында колледж түлектері, бүгінгі жас мамандар С. Сүлетаев пен З. Калымбетова жалынды жыр-шумақтарын тегіліп, кәсіпкерлік қызметіңізге сәттілік тіледі. Бұдан соң сөз кезегін «Астана – арман қала – 2010» байқауының жеңімпазы Ерлержан Кабдыршиховқа берілді. Ол өз кезегінде Астананың келешегі мен бүгінгі тынысын, тарихын паш ететін арнайы стендтер мен фотосуреттерді тамашалаған соң, жүйелі мағлұматтар жеткізді.

Жалпы ағаң өтемелеген, соғы бес жыл аралығында келешекке үлгі оқушылар мен ұстаздарды Астана қаласына жіберу дәстүрі қалыптасқан. Осы орайда, «Астана – арман қала» байқауының жеңімпаздары Б. Шынғысханова, Ж. Айтқожин, А. Мыңбаева, Н. Арғынбаева, А.Жанбекенеділер бас қалалағы көзбен көріп, қанығып түйген қуанышты сәттерін тебіренте жеткізді. Осындай әсерлі әңгімелер соң сөз кезегін алған «Нұр Отан» ХДП-сы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Оспанбайұлы өлкенің жүрегіндей жылы лебізін білдірді. Семинар қатар өз, әрдайым жаңашылдыққа қадам басып, өнегелі істерімен аудан ғана емес, республикаға танымал өнегелі білім шаңырағының жұмысына ең баға беріп келіп, мұндай игі үрдістің басқа да білім шаңырақтарында өз жалғасын табатынына сенім білдірді. Ал аудан әкімінің орынбасары Р.Садыкованың құттықтауы жастар метрі мәселесін қабыл алды. Мәні терең бизнестің қырларын меңгерген колледж директоры Найля Үмбетова жастарға білім мен тыныштық, келешекке деген өмірлік, бейбітшілік пен мемлекеттіктің орденсіз – Астана қаласы – жылында жастарымен ешқашан тұнығы бұзық, мерейі үстем болып, құлашын кеңге жайғынына сенім білдірді.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

◈ БАЙҚАУ

Облыс әкімі Серік Үмбетовтің бастамасымен облыстық білім басқармасы тарапынан ұйымдастырылып отырған педагогикалық ұйымдардың кәсіптік байқаулары биыл да жоғары деңгейде өтуде. Осы ретте, Текелі қаласындағы №17 кәсіптік лицейде «Ең үздік кәсіптік білім беру ұйымы» атты облыстық байқауы мәресіне жетті. Оған облыс аумағындағы 9 кәсіптік лицей мен 5 колледж қатысып, бақтарын сынады.

Қажет АЙДАС,
"Жетісу"

Кәсіптік білім озаты

«Білім мекемесімен танысу», «Білім беруді дамыту тұжырымдамасын және Елбасының Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру барысында жаңа типті кәсіптік білім беру орындарының моделін қорғау», «Білім мекемесінің жұмысы жайында бейнематериал көрсету», «Білім мекемесінің көрмесін ұйымдастыру» тақырып төрт кезеңнен тұратын байқау оқытушылардың кәсіби шеберлігі мен шығармашылық, ұйымдастырушылық қасиетін анықтау және ұжымдардың жас ұрпақ тәрбиесіндегі жаңа бастамаларын қолдауды көздеді. Осы арқылы білім беру саласының деңгейін жоғарылатуға өзіндік ықпал етіп, оқушылар санасына отаншылдық пен патриоттық тәрбиені сіңірудегі орынмен ерекшеленді.

Байқауға барлық оқу орындары жақсы дайындалған. Әр оқу орны кәсіптік білім беру ұйымдарының бүгінгі жетістігі мен ертеңгі жетер биігін көрсетуге деп қойды. Десе де, өткен жылдарға қарағанда көптеген жаңалықтың енгені де байқалды. Тіпті, ұстаздар мен студенттер бірдесе отырып дайындаған көріністер жұрт көңілінен шықты. Жан-жақтылы дайындықпен келіп, тамаша өнер өрнегін көрсеткен ұжымдардың арасынан жүлдегерлерді таңдап алу оңайға соқпады. Көп талғаулардан кейін әділқазылар алқасы Есік гуманитарлық-экономикалық колледжін бірінші, Алматы қаласындағы №13 кәсіптік лицейін екінші, Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжін үшінші орынға лайық деп шешті. Мұнан өзге үш номинация бойынша жүлдегер ұжымдар анықталды. Атап айтар болсақ, «Инновация шеберханасы» номинациясы бойынша Талдықорған экономикалық-технологиялық колледжі, «Жетістік жолында» номинациясына Панфилов ауданы, Жаркент қаласындағы №18 кәсіптік лицей, «Жаңашыл кәсіптік лицей» номинациясына Текелі қаласындағы №17 кәсіптік лицей ие болды. Осы жеңімпаздар қазан айында өтетін мұғалімдердің кәсібін мерекесінде марапатталады.

Жұрт арасында беделі биік, жас бұынға берері мол мұндай байқау келесі жылы да өз деңгейінде ұйымдастырылып, талай оқушының талабы мен талантын үкілейтін дәстүрге айналмақ.

◈ БІЛІМ ШАҢЫРАҒЫНДА

ТІЛДЕР АЙЛЫҒЫ ӨТУДЕ

Мемлекеттік және қаламызда тұратын басқа да ұлт өкілдерінің тілдерін насихаттау мақсатында өткізілп жатқан тіл фестивалі көптеген шараларды қамтып отыр. Талдықорған қаласындағы орта білім беру оқшақтары арасынан № 4 орта мектептің ұжымы жүргізіп жатқан жұмыстар бұған дәлел бола алады. Соның бірі – қазақ тілі пәні мұғалімдері даярлап өткізген жерлес ақындымыз Ғали Ормановтың туған күніне орай ұйымдастырылған салтанатты жиын.

Ақын атамыздың ескерткіш түбінде өткен бұл сазды-әдеби қағдарлама көпшілік көрерменің көңілінен шықты. Бағдарламаны мектептің жас маманы Жанар Кулупова жүргізді. Салтанатты жиын ашылғаннан кейін сөз сөйлеген мектеп директоры Гауһар Елубаева, қалалық білім бөлімі ғылыми-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Нұрсәрік Ескендіров, «Талдықорған» газеті бас редакторының орынбасары Гүләйім Түстікбай, мектеп мұғалімі Жазира Қалдыбаева ақынның өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқталып, жиылған қауымды әсерлі өлеңдерімен ұйытты. Ақын әлеңдерінен үзінділер оқыған оқушылар Қазыкен Арнат, Жанна Нұрлыбаева, Аскар Қанатұлы, Ынталы Мұқағали, Дарын Қонысбаев, Қарлығаш Уәнова, Әйгерім Айдынбаева өз өнерлерімен жиылған қауымды тәнті етті.

Жиынды қорытындылаған мектеп психологы Айтмұхамбет Ерасылұлы ақынға арнаған өз өлеңін оқыды. Сондай-ақ, мектептің жас ақындары Нұрсұлтан Қабдолдановпен Айерке Алтайқызы да өздерінің жүрекжарды жырларын көрермендерге тарту етті. Салтанатты жиын ақын ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен аяқталды.

Назгүл ҚАНАПИЯНОВА,
№ 4 орта мектеп директорының орынбасары.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

◈ БӘРЕКЕЛДІ!

Талғар ауданының бір шеткейінде елеусіз ғана жатқан шағын ауылдың осыдан былай бағы жанайын деп тұр. Оған себеп – өскелең ұрпақтың білім алуына қолдан келер көмектің бәрін жасауға дайын ел ағаларының көбейіп келе жатқандығы.

Ағалық қамқорлық


Осы ретте, «БН Холдинг» компаниясының президенті Болат Назарбаев ауылымыздағы № 15 орта мектепті өз қамқорлығына алып, Атымтай жомарттық танытты. Ағамыз жаңа оқу жылына орай білім шаңырағына жалпы құны 2 млн. 185 мың теңгені құрайтын 16 компьютер, интерактивті тақта тарту етуімен қатар ондағы барлық оқушыны жаңа оқулықпен қамтамасыз етіп, әлеуметі білім алуына жағдай жасады. Сондай-ақ, «Балдырған» мектепке дейінгі шағын ортасына бар балабақша ұжымына құны 100 мың теңгелік түрлі-түсті телевизор, 2 кондиционер сыйлады. Мұндай жақсылық мектеп ұжымы мен ата-аналарды үлкен қуанышқа бөледі. Көпшіліктен жүздескен Болат Әбішұлы игілікті істің алдағы уақытта да жалғасатынына сенім білдірді.

Кенгілбай БИСЕНОВ,
№15 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Жалқамыс ауылы,
Талғар ауданы.

◈ ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ

Жамбыл ауылындағы жаңа мешіт

Биылғы рамазан айы тауды өнір үшін де шапағатты шаққа айналып, Райымбек ауданының Жамбыл ауылында жаңа мешіт ашылды. Осынау жарқын жаңалыққа орай өткен салтанатты жиынға Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен Орталық Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі, ҚМДБ-ның аппарат басшысы, дінтанушы Қайрат Жолдыбайұлы, Алматы өңіріндегі өкіл имам Мұрат Әбсәмет пен жергілікті имамдар қатысып, ауыл тұрғындарымен келелі кездесу өткізді.



Суретте: Жамбыл ауылындағы жаңа мешіт.

Алдаяр разылығы және ауылдастарының игілігі үшін жаңа мешіт тұрғызған кәсіпкер Қуат Қонаев пен Алтай Ноғайбаевқа Жамбыл ауылындағы жұртшылықтың ықыластары тіпті бөлек. Олай болатын жөні де бар. Өйткені 3,5 мың тұрғыны бар ауылдың бұрынғы мешіті көне кепсе ғимаратына орналасқан болатын.

Жаңа мешіттегі алғашқы жұма намазына жиналған жамағат шариғаттың шарттары туралы, ораза ұстаудың пайдасы мен ерекшеліктері жайында айтылған уағыздарға үйіды. Мешіттің ашылу салтанатында сөз сөйлеген шейх Әбсаттар қажы бұл мешітті ашудағы ерекшеліктерді де атап өтті.

– Бүгін Нарынкөл жерінде көс қуанышқа куәгері болып тұрмыз. Қасиетті ораза айты мен жұма күнінің түспа-түс келуінің өзі мұсылман қауымы үшін айрықша мерекеге жиыт жатқан Алтай мен Қуат бауырымыз имандылыққа бет бұрған, ауылы мен елін, жерін ойлаған кәсіпкер жігіттер екен, – деді бас мүфти. – Мен өзім кәсіпкерлерді екі топқа бөлем. Бірсыпырлар қалтама баса берсем деп қомағайланып, дүниеге тоймайды. Ал, тағы бір азаматтар жинған-тергенін елдің игілігіне жұмсап, мектеп ашып, мешіт тұрғызып, жоқ-жітік жандардың жағдайына қарасып жүреді. Осы ауылдың тумасы Алтай мен Қуат осындай игілікті жолдағы азаматтар екен. Оларға Алланың нұры жаусын! Осындай зәулім мешіт тұрғызған қалталы азаматтардың көпшілігі оған дүниеден өтіп кеткен ата-бабаларының атын қоюды өтініп жатады. Ал, Қуат пен Алтай бауырымыз өздай ұсыныс айтқан жоқ. «Жамбыл ауылды» мешіті болсын деп ұйғарды» – деді. Міне, нағыз имандылық. Ата-бабамыздың атымен атайық десе мен де қысылып қалар едім. Бұл басқаларға да сабақ болатын жағдай. Сондықтан жаңа мешіттеріңіздің іші жамағатқа толы болсын.

Әбсаттар қажының сөзін кәсіпкер Қуат Қонаев жалғастырды.

– Қай-қайсымыз болсақ та өз еліміз үшін сауапты іс атқарғанымыз абзал деп ойлаймын. Сондықтан да кіндік қанымыз тамған ауылымызға жаңа мешіт салып беруді ұйғардық. Іні-қарындастарымыз ата дінімізі нсламды қадір тұтып, ораза ұстап, ілім-білім жолымен тәрбиеленсе, келешегіміз бұдан да жақсарып, көркейе береді деп ойлаймын, – деді ол тебіренкіпен.

Жаңа мешіттің ашылуына жиылған ағайын-туыс Алланың жерлегі үйіне құтты болсын айтысып, мәре-сәре күй кешті. Алматыдан арнайы барған өнер жұлдыздары дала сахнасында өз өнерлерін көрсетіп, аспан-таулар аясын ән мен күйге бөледі. Мешіт ашқан ақ кәсіпкер ұйымдастырған жиынтар ойындары да қызықты өтті.

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

◈ ӘДІЛЕТ

Құжаттарды алу мәселелері

Жаңа сайнестендіру нөмері көрсетілмеген жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстыру бойынша арнаулар санының үлғаюына байланысты қазіргі таңда құжаттарды шығару мерзімін бұзу жағдайлары орын алуда. Оған өндіріс күшінің жетіспеушілігі, шет елден келетін бланк өнімінің тапшылығы себеп болып отыр.

Сондықтан, ҚР Әділет министрлігінің өкімі бойынша құжаттарды жеделдетілген тәртіпте дайындау уақытша тоқтатылады. Азаматтарға жеке басын куәландыратын құжаттарды беру екі айдың ішінде жүргізілді. Алайда, құжаттарды жеделдетіп алуға шұғыл құжеттілік туған жағдайларда (жедел іс-сапар, емдеуге жолдама, шет елге шығу және т.б.) растайтын құжаттары (жол жүру билеті, елшілікке шақыру, іссапарлық куәлік, мемлекеттік органдардың, спорт ұйымдарының қолдаухаты және т.б.) қоса беріле отырып, азаматтан ерікті нысанда жазылған дәлелді өтінішпен қабылданады. Тек содан кейін құжаттандыру бөлімшелерінің қызметкерлері жеделдетіп тек қана 3-санатты бойынша жеделдетіп дайындауға шақ белгіленген тәртіппен рәсімдеуді жүргізеді.

Сонымен қатар, азаматтарға жеке басын куәландыратын құжаттарды «тұрғылықты жерді қайта атау», «тұрақты мекенжайды ауыстыру» себептері бойынша, ЖСН бар «есі үлгідегі» қолданыстағы құжаттар қолда болса) «электрондық» жеке куәліктер мен паспорттарды алуға өтініш білдіру міндет емес. Мұндай жағдайларда, қолдағы құжаттар жарамды болып табылады, ал заңды мекенжайдың ауысқаны азаматтарды тіркеу кітабы немесе мекенжай анықтамасы арқылы растауға болады.

Сондай-ақ, ЖСН жоқ құжаттарды ауыстыру мерзімі 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін ұзартылды. Осыған орай, жеке куәліктерге ЖСН нөмері енгізілмеген азаматтардың өтініштері жергілікті денсаулық сақтау, білім беру органдары, әлеуметтік жәрдемақы төлеу бойынша мемлекеттік ұйымдармен қабылданбауға негіз болмайды.

Мұның бірге, жоғалту немесе бүлдіру себебімен ауыстыру жағдайында құжаттардың уақытында дайын болмауына байланысты, азаматтар қолданыстағы заңнамаға сәйкес, уақытша жеке куәліктер ала алады.

О. ҚОНАҚБАЕВА,
облыстық әділет департаменті халықты құжаттау және тіркеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бөлімінің бас маманы.

"Нұр-Шапағат" ЖШС-іне құрылыс жұмыстарына келесі мамандар қажет:

Ағаш шебері – 20 адам.
Тас қалаушы – 40 адам.
Сылақшы-сырлаушы – 30 адам.
Монтажшы – 4 адам.
Дәнекерлеуші – 2 адам.
Шығарушы – 1 адам.
Авто шығарушы – 1 адам
Автожүргізуші – 2 адам.

Талаптар: көрсетілген мамандықтар бойынша еңбек тәжірибелері 1 жылдан кем болмау керек, бастапқы мамандықпен білім қажет.

Мекенжаймыз: Талдықорған қаласы, телефон-факс: 8 7282-22-07-19, 8 7282-22-12-93, 8 700 313 98 54.

Иликпаев Отарбай Закировичтің атына 27.04.2005 ж. берілген кадастрлық № 03-255-056-173, жер учаскесінің № 1027867 актісі, Садекова Болат Ибрагимовичтің атына 27.04.2005 ж. берілген кадастрлық № 03-255-056-174, жер учаскесінің № 1027868 актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Амантай Битлеуұлы Битлеуовтің атына шаруа қожалығын жүргізу үшін 2004 жылғы 17 маусымда берілген уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беретін акт жарамсыз деп танылсын.

Алматы облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы басшылығы және бөлім бастықтары 2010 жылдың 15 және 24 қыркүйегінде Алматы облысы бойынша «Нұр Отан» ХДП қоғамдық бірлестігі бөлімінде азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

Самай Жанысбекұлының рухына арнау

Құдіретің ісіне ашпаң бар ма,
Мәңгілік баста тұрар заман бар ма?
Алтыныңы қолда барда қадірі жоқ,
Тіршілікте кәдірің, бағаң бар ма?

Елу алты жасыңда бұл өмірдегі
Атқарған бақылық, амал бар ма?
Үй-ішің, жан-ұяңды айтпағанда,
Бұл жалғай ауыр тіл талайларға.

Аспанның ағып түскен жұлдызындаймын,
Өзіңді бұл өмірге сыйғызбадың.
Аман болсың ел-жұртың, туыстарың,
Жан жолдасың, немерең, ұл-қыздарың.

Қайғыға батты жарың – сая бағың,
Төлегің, Ерсін, екі Айгүл балаларың.
Бұл жаңа жаның жүрегін достарыңның
Бәрінің жан жүрегін жаралады.

Жан едің ортаңызда орның бөлек,
Орныңды ешкім бар елдем ерек.
Төлейміз жанқиян орның жанынан болып,
Арулағын жүрсе екен деп бізді жебеп.

Есіне алып бүгін сені ұрпақтарың,
Арнадық аруағыңа жыр тақпағын.
Жылдығыңа ас беріп, құран оқып,
Кабірінде қоямыз гүл шоқтарын.

Ел-жұрт, ата-аналары атынан:
Нәби, Қашқынбай, Баян, Совет, Тұрлыбай.

Алматы облысының экономикалық мемлекеттік мәслихаты аппаратының бас маманы
Қанипат Төлеубекқызы Төлеубекованың
мемлекеттік қайтыс болуына байланысты ызалы әкесіне және туған-туыстарына орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы облысы әкімінің аппаратының Көксу ауданы Мұсабек ауылдық округінің әкімі
Борамбаев Мырзахмет Шаяхметұлының
мемлекеттік қайтыс болуына байланысты, отбасының, туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Асылдың сынығы, көрнекті ғалым қайраткері Нұрбала Өмірзақовтың қызы
Наятхан
құдағидың қайтыс болуына байланысты Райымбек ауданының Құрметті азаматы құдамыз Есімқұл Төксанбайұлына және оның балаларына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.
Әужановтар отбасы.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі.

Бас редактор Жақыпжан НҰРГОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail:Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттелді.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты мәнділікке беттеген жазғын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтінінің жарнама берушіге жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Бозащық" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылды.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 1211. ТАРАЛЫМЫ — 41057. ИНДЕКСІ — 65469.

Кезекші редактор: Нұрбол ӘЛДІБАЕВ.

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылдарушылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, сенсат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фотоілшілер -27-43-91, хат және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосымша —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43, Мешіктегі тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іленде — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

Құттықтаймыз!



Алматы облысы, Алакөл ауданы, Ақши ауылының тұрғыны ақылды жар, ардақты ана, ұлағатты ұстаз – ҚАСЕНОВА Клара Жақанқызын 3 қараша 50 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, таусылмас қуаныш, ұзақ ғұмыр тілейміз! Әкеміз екеуіңіз балаларымыздың қызығын тең бөлісіп, бақыт пен жарасым толы өмірді бірге өткізіңіздер!

50-жас құтты болсын анажаным,
Еш жалғандық көрмесін ана жаның.
Қызығын көп көріңіз немеренің,
Тек бақытты тілейді балаларың!
Шаңырағың, ошағың шайқалмасын,
Құт-береке, ырысың ортаймасын.
Бір ғасыр тағы Алла ғұмыр берсін,
Анашым, сіз еңкейген қарттайғанша!

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: жары – **Мейрамбек**, ұлы – **Медет**, келіні – **Гүлназ**, қыздары – **Мадина, Альбина**, немересі – **Нұрсұлтан.**

◈ТҰЛҒА

Қазақ бас сәулет құрылыс академиясында батыр жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 100 жыл толуына арналған шара өтті. ҚазБСҚА-ның президенті Әмірлан Қусайыновтың бастамасымен өткізілген бұл шараны кітапхана меңгерушісі Ақмарал Асанова мен тарих ғылымдарының кандидаты Әсем Бөгенбаева және I-курс студенттері ұйымдастырды.

Аңыз адам

Шараның мақсаты – атақты қолбасшы өмірінің аз зерттелген беттерін толықтырып, әскери әлеміне тағы бір шолу жасау, талантты жазушының еңбектерімен және оның қалдырған рухани мұраларымен барынша кеңірек таныстыру болатын. Соған орай, I-курс студенттері тартымды бағдарлама әзірледі.

Мазмұнды өткізілген шараның басты қонақтары батырдың ұлы Бақытжан Момышұлы мен оның зайыбы Зейнеп Ахметова болды. Олар студенттердің Бауыржан Момышұлының өмірі мен жазушылық еңбек жолы туралы қойған сұрақтарына жауап бере отырып, өздері де естелік айтып, кештің қызықты өтуіне көп үлес қосты.

Кеш басында архитектура факультетінің студенттері Бауыржан атамызға арнап шығарған «Ардагер» өлеңін шырқады. Дәулет Қуаныш қонақтарымызға өз өлең жолдарын тарту етті.

Қонақтарымызға батыр атамыз туралы слайд шоу, хронологиялық тізім бойынша фотобейнелер көрсетілді. Қызықты, әсерлі сәттің бірі – даңқты қолбасшы Панфиловтың бейнесін көз алдыға әкелген көрініс еді.

Залдағы көңіл-күй көтеріңкі болды. I-курстың студенттері даңқты батыр жайында тереңірек білгісі келіп, Бақытжан аға мен Зейнеп апайдың Бауыржан атаның өмірбаянын мен жазушылық еңбек жолындағы жетістіктері туралы айтқан әңгімелерін үлкен ықыласпен тыңдады.

Шараға қатысқандар осылайша бұл кездесуден үлкен әсер алып қайтты.

Әсем БӨГЕНБАЕВА,
ассоциацияланған профессор, тарих ғылымдарының кандидаты.

◈МЕКТЕП – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

БЕДЕЛДІ БІЛІМ ОРДАСЫ

«Кел, балалар оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық», – деп басталатын ұлттық білім беру бұдан кейінгі жастардың шоқтықты тәрбие алып, ел іргесін бекітуге күш-жігер беретіні хақ. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «... Біз білім беру жүйесін нарық үстанымдарының талаптарын ескере отырып дамытуға жаңаша жағдайлар жасай алдық» деген аталмыш саланың болашақтағы бағытын көрсетеді. Әрине, қазіргі таңда заман көші алға озған сайын ғылым мен білімге деген талап күн санап өсуде. Осыған орай, бүгінгі уақыттың тамырын тап басып, еңбек нарығындағы нақты талаптарға жауап бере алатын оқушылар тәрбиелеуде Талдықорған қаласындағы №4 орта мектебі өнге әріптестерінен оқ бойы озық келеді.

Қажет АЙДАС,
"Жетісу"

Аталған оқу орнында оқушылардың білімі мен біліктілігін арттыру бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар аз емес. Күнделікті оқыту жұмысындағы жаңа түстарды айтпағанның өзінде, кең көлемде ұйымдастырылған шаралар білім шаңырағының жарқын келешегін көрсеткендей. Соның бірі – мектептің 80 жылдығына орай шымылдығын ашқан мерекелік шара.

Салтанатты рәсім І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің колледжінде аталып өтті. Оған қаладағы зиялы қауым өкілдері, мектеп мұғалімдері және бір кездері осы мектепте қызмет еткен аға буын мен білім шаңырағының әр жылдардағы түлектері қатысып, жарқын ойларымен бөлісті.

Мектеп мұғалімдерінің арнау өлеңімен шымылдығын ашқан шараның кеш одан әрі мектеп өмірінің сексен жылдық тарихы жинақталған бейнефильмге ұласты. Көптің көңілін бір толқытып тастаған көріністен кейін сахна төріне білім ордасының директоры Гауһар Елубаева көтерілді. Білім шаңырағы тарихын бір шолып өткен мектеп басшысы білім берудегі жетістіктерін тыстады.

Оның айтуынша, бүгінгі таңда мектепте 1434 шәкірт білім алуда, оның 150-і оқу үздігі және 510-ы оқу екпіндісі. Өткен жылы ҰБТ-ның нәтижесі бойынша №4 мектеп қала мектептерінің арасында 1 орынды иеленді. Оған осыған дейін білім шаңырағынан 12 «Алтын белгі» иегерінің шығып, 7 түлектің «Болашақ» бағдарламасы бойынша шет елдерде білім алып жатқанын қосыңыз. Сондай-ақ, жыл сайын мектеп оқушылары қалалық, облыстық, республикалық олимпиада және ғылыми жобалар байқауында жеңіс тұғын желбіретіп, мектеп беделін асырып келеді. Әрине, мұның басты себебі – мектеп ұжымы білімді, іскерлігі мол жас дегдарлығы мағынан, рухы бай шәкірттерді тәрбиелеуді басты міндет санайтындығында.

Осы бағытты жүзеге асыру үшін білім шаңырағында «Мектептегі жаңа сабақ», «Ақпараттандыру», «Сапа», «Дарынды балалар», «Мен – азаматпын», «Салауатты мектеп», «Инновация» сынды эксперименттік бағдарламалар мен «Мен үш тілді білемін» атты жоба жолға қойылған. Сонымен бірге, шәкірттердің интеллектуалдық өресін дамыту мақсатында «Алтын ұя», «Балауса», «Эврика», «Starn» газеттері шығарылып, жыл сайын «Қазақшаның қалай?», «Жас мұғалім» байқаулары, «Алтын адам» интеллектуалдық ойыны, «Өнерді-өнік сомда» пікірсайысы өткізіліп тұрады. Сондай-ақ, мұндағы оқушылардың қала мектептері арасында үздік саналатын кітапхана, жаттығу залы, мультимедиялық кабинеттерде өз білімін жетілдіруге мүмкіндігі бар. Қай қырынан келсек те, №4 мектеп оқытудың заманға сай үлгісімен толық қамтамасыз етілген. Сондықтан алдағы уақытта талай биікті бағындырарына сенім мол.

Мектеп директорының көңіл куанар лебізінен кейін мінберге көтерілген қалалық білім бөлімінің бастығы Болат Тұрысбеков, «Нұр Отан» ХДП-ның Талдықорған қалалық филиалының бірінші орынбасары Әсия Ахметова көпшілікті құттықтаса, ардагер мұғалімдер мен оқу орнын 70-80 жылдары бітірушілердің өкілдері өткен күнмен естелік айтып, мерекелік ақ тілегін жеткізді. Бұдан соң білім беру саласында ерінбей еңбек етіп, шетеген шәкірттің жолын ашқан мұғалімдерге қала әкімі, қалалық мәслихат, «Нұр Отан» ХДП-ның Талдықорған қалалық филиалының «Құрмет грамотасы» және «Алғыс хаты» және мектеп директоры мен мектеп кәсіподақтар комитеті тарапынан тағайындалған сыйлықтар табысталды.

Салтанатты шара мектеп оқушылары дайындаған концерттік бағдарламамен өрілін отырды. Төменгі сынып оқушылары тақпақ оқыса, жоғары сыныптағылар ән шырқап, би биледі. КТК-ның мүшелері сахнаны думанға бөлеп, шараның шырайын аша түсті.

Елдігімізге сын

◈ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ІЗГІЛІК

Көрнекті қоғам қайраткері, танымал жазушы, қазақ халқын әлемге танытқан жерлесіміз Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжанов ортамызда жүргенде биыл 80 жасқа толар еді. Ол 1930 жылдың 12 мамырында Үйгентас аумағындағы Қарлығаш ауылында дүниеге келді. Мектепті аяқтағаннан кейін еңбекке араласып, соқамен жер жыртты. Лепсі станциясындағы астық қабылдау пунктіне бидай тасыды, ауылдағы май айыру зауытына сүт жинады. Осылайша болашақ журналист, публицист, жазушы қарапайым өмірді, реалистік суреттерді көзбен көріп, көкірегіне түйіп өсті.

Қазақтың С. Киров атындағы мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіргеннен кейін «Ленинская смена», «Огни Алатау» газеттерінің редакцияларында қатардағы қызметтен бастап, «Литературная газета» мен «Правда» газеттерінің Қазақстан мен Орта Азиядағы меншікті тілшісі болып қызмет етеді.

Қазақстанның халық жазушысы, даңқты жерлесіміз, КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар кеңесінің төрағасы, бірнеше халықаралық сыйлықтың иегері Әнуар Әлімжановты мәңгілік есте қалдыру үшін Қабанбай ауылына ескерткіш орнатылмақ. Оны тұрғызуға көмекты қаражат аударып жатқан азаматтардың жомарттығы сөз жоқ, жақсылықтың нышаны. Десек те, әлі де бірталай қаржылай көмек қажет болып тұр.

Құрметті жерлестер! Бұл ескерткіштің салынуы барша жетісулықтың абыройына сын. Елімізбен жерімізді дүние жүзіне паш еткен абзал азаматтарымызды өзіміз кадірлеп еске алмасақ, құрметтемесек мұны кім жасайды?! Сондықтан да барлық облыс тұрғындарын қолдан келгенше аталмыш іске үлес қосуларын сұраймыз. «Көп түкірсе көл» демекші, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып кіріссек ертеңгі күні жүзіміздің жарқын болатындығын ұмытпайық, ағайын!

«Әнуар Әлімжанов» қоғамдық қоры жайлы мәлімет:
СТН – 091500212532
Есеп-шоты – KZ 386010311000031263
«Қазақстан Халық банкі» АҚ Алакөл филиалы.
БИК – HSBKKZKX
Тел: 4-14-31, 4-33-33.

Ж. ЕСЕНТАЕВ,
«Әлімжанов» қоғамдық қорының атқарушы директоры.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті 2010 жылғы 16 қарашада сағат 11.00-де, мына мекенжайда: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыра көшесі, 78, су құбыры кәсіпорнының мәжіліс залында, жылу энергиясын өндіру, беру және жабдықтау қызметтерінің тарифін бекітуге «Талдықоргранжылусервис» КМКК-ның өтінімін талқылау бойынша жария тыңдаулар өткізеді.

Анықтама телефондары:
8 (7282) 27-12-50.

«Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Объявляет о начале закупа фуражного зерна урожая 2010 года в коммерческие ресурсы

Качественные показатели	Пшеница 5 класса	Ячмень 2 класса	Кукуруза 3 класса
Цена за одну тонну, тенге (с учетом НДС)	25 000	25 000	26 500
Влажность, %, не более	14,0	14,0	14,0
Сорная примесь, %, не более	5,0	5,0	3,0
Зерновая примесь %, не более	7,0	7,0	10,0
Остальные показатели	В соответствии с СТ РК 1046-2008 для пшеницы, поставляемой для переработки в комбикорма	В соответствии с ГОСТ 28672-90 для ячменя, поставляемого на кормовые цели и для выработки комбикормов	В соответствии с ГОСТ 13634-90 для кукурузы, поставляемой для выработки комбикормов и кормовые цели

Заявки на участие в программе закупа фуражного зерна в коммерческие ресурсы из урожая 2010 года на условиях оплаты по факту поставки, принимаются в областных (региональных) представительствах акционерного общества «Национальная компания «Продовольственная контрактная корпорация» по следующим адресам:
Алматинская область: г. Алматы, ул. Гоголя, 84 «А», офис 212, тел.: **8(727) 250-85-65**, г. Талдыкорган, ул. Жансугурова, 87/89, тел.: **8(7282) 24-35-27.**
Дополнительную информацию Вам предоставят по адресу: г. Астана, ул. Московская 29/3, тел.: **(8-717-2) 59-12-48, 59-12-73, 59-12-79 (факс).**

Қамқоршылар күні

◈БАР ЖАҚСЫЛЫҚ – БАЛАҒА

Қазанның 29-ы күні Достық үйінде «Балаға мейірім сыйла» атты республикалық акция шеңберінде «Қамқоршы күні» мерекесі болып өтті. Оны Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Алматы облыстық хатшылығы, Талдықорған қалалық білім бөлімі бірлесе ұйымдастырды.

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

Мерекенің мақсаты – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеуде қамқоршыларды қолдау. Өйткені, жетім балаларды қамқорлығына алып отырған жандардың еңбегін ешбір нәрсемен теңеуге келмейді. Облысымызда сондай мейірім мен шуаққа толы отбасыларда 2262 бала тәрбиеленуде. Олардың арасында 100-ден аса балғынды жануялы, жылуға бөлеп отырса, кейбір отбасылар тағдырдың тартқан қатаң сынына байланысты туыстарының бордеолік балаларын бауырына басып отыр. Қазан кезеңде жетімдіктерге осындай қамқорлық көрсетіп отырған ата-аналардың мерекесінде құттықтау сөз сөйлеген Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің директоры Гүлнар Ермекбаева ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жеткіншектерге мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлықтарға тоқталып өтті. Сонымен қатар, бүгінгі таңдағы департаменттің басты міндеттерінің бірі – әлеуметтік жетімдік кешіп отырған балаларды интернаттық мекемелерден гөрі, патронаттық, тәрбиеге беру отбасыларға орналастыру екеніне тоқталып өтті.

Шара барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының Алматы облыстық хатшылығының меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай, Талдықорған қалалық білім бөлімінің балалар құқығын қорғау секторының меңгерушісі Бақыт Алмабекова, облыстық «Айналайын» балалар үйінің директоры Жанат Баймадиева, «Қамқоршылар мен қорғаншылар одағы» Алматы облыстық филиалының жетекшісі, Талғар ауданындағы «Нұр» қайырымдылық балалар үйінің директоры Тұяқ Қазиенқызы сөз сөйлеп, шараға қатысушы қамқоршыларды мерекесімен құттықтады. Өз кезегінде Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің директоры Гүлнар Ермекбаева мерекеге қатысқан қамқоршыларға құшақ гүл мен Мадақтама қағазын табыс етті. Сондай-ақ, мереке нәрін қанаған дарындар оқушылары мен «Айналайын» балалар үйінің шәкірттері әзірлеген концерттік бағдарлама аша түсті. Облысымызда мұндай шара алғаш рет ұйымдастырылып отыр. [illegible] қамқоршылар еңбегі ескеріліп отырғандықтан оған толқыған кейбір ата-аналар көздеріне жас алып, шараны ұйымдастырушыларға алғыс айтып тарқасты.

◈ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫНА СӨГІС ЖАРИЯЛАНДЫ

Газетіміздің 23 қазан күнгі нөмірінде «Мектепке жол» акциясы не берді?» деген тақырыптағы мақала жарық көрген болатын. Онда ел көлемінде жүргізіліп жатқан жалпыреспубликалық акцияға атсалысу орнына кейбір жекелеген мектеп басшылары тарапынан оқушыларды оқумен қамтуда жауапкершілік жүгін жете сезінбеу деректері де кездесіп отырғандығы сынға алынған. Оған баласын кезінде белгілі бір себептермен мектептен шығарып алған ананың сол білім шаңырағына қайта қабылдата алмай, мектеп директоры тарпынан қарсылық көруі арқау болған еді.

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

Редакциямызға осындай шағыммен келген Кербұлақ ауданы, Жайпақ ауылының тұрғыны Маржан Қалиакпарованың арызы бойынша Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті тексеру жұмыстарын жүргізу үшін шұғыл түрде Кербұлақ ауданының Ж. Тобаяқов атындағы орта мектебіне барып қайтты. Департамент директоры Гүлнар Ермекбаеваның мәлімдегеніндей, Ж. Тобаяқов атындағы орта мектебінің директоры Жәмилә Чуюмбекованың тарапынан білім шаңырағына баланы қабылдамау деректері орын алғандығы анықталған.

Бұған дейін мектеп директоры мен сынып жетекшісі тарапынан өрескел әрекетке тап болып, содан білім шаңырағын ауыстыруына тура келіп, екі жыл қатарынан Талдықорған қаласындағы №16 орта мектеп-гимназиясында анасының сіңлісінің қолында оқып келген 7-сынып оқушысы Д. Досымханов өзі оқыған мектебімен, үйренген сыныптастарымен қайта қауышты. Ал мектеп директоры Ж. Чуюмбековаға жоғарыда аталған мәселеге байланысты сөгіс жарияланды.

Бұл жағдай заңды жалпағынан басып, мемлекеттік мекемені өзінің меншігіндей көретін, әлсіз жандарға күш көрсетіп, жәбірлеуге баратын басшыларға сабақ болады деген үміттеміз.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті математика және жаратылыстану факультетінің студенті **Айнекен Бағдат Манатұлының** атына берілген есеп кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қажымұқан Есімханұлы ЕСІМХАНОВ



Тағы бір асыл азамат, ардақты қариямыз өмірден өтті. Еңбек ардагері, Ақсу ауданының Құрметті азаматы Қажымұқан Есімханов 77 жасқа қараған шағында қайтыс болды.

Қажымұқан Есімханұлы бұрынғы Берлітөбе, қазіргі Сарқан ауданының Көктерек ауылында 1934 жылдың 14 наурызы күні дүниеге келген. 1956 жылы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтын инженер-гидротехник мамандығы бойынша бітіріп, Сарқан ауданында Көкөзек аймағы бойынша инженер-гидротехник, гидротехника бөлімінің аға инженері, арық бөлімінің бастығы, аудандық суландыру жүйесі басқармасының бас инженері қызметтерін жемісті атқарды. 1963 жылдан Сарқан ауданындағы «Пограничник» совхозының партком хатшысы, аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, аудандық партия комитетінің хатшысы, Ақсу аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, бюро мүшесі болды. 1979-1982 жылдары Берлітөбе аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы міндетін атқарды. 1982 жылдан ауылшаруашылық қызметкерлерінің Талдықорған облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы, Талдықорған облыстық атқару комитетінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің бастығы лауазымында жемісті жұмыстар істеді.

Қ. Есімханов қандай қызметте болсын өзінің үлкен ұйымдастырушылық қабілетін танытып, қарапайым ел арасында үлкен беделге ие болды. М. Тынышпаев атындағы қоғамдық қордың вице-президенті ретінде есте қаларлықтай іс-шараларды ұйымдастырды.

Қажымұқан Есімханұлы үш бала тәрбиелеп өсірген, үбірлі-шүбірлі әулеттің үлгілі отағасы еді. Ақсақалымыздың алды пейіш, арты ырыс болып, иманы жолдас болсын деген тілек білдіреміз. Артындағы отбасы мен туған-туысқандарының қайғысына ортақтастығымызды білдіріп, көңіл айтамыз.

Б. САҚАУОВА, А. БОЛСАМБЕКОВ, Е. ДАЛБАҒАЕВ, И. БАБЕНКО, А. ИСАЕВ, К. ТҮМЕНБАЕВА, Б. МОЛДАБЕКОВ.

Алматы облысының әкімдігі және облыстық мәслихат облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбековке әкесі

Тынышгүлдің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Балқаш ауданының әкімдігі мен аудандық мәслихат облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбековке әкесі

Тынышгүлдің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбековке әкесі

Тынышгүлдің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы Алматы облыстық Бекен Римова атындағы драма театрының актері Сағындық Айтмұхаметұлы Жұмаділге анасы

Гүлсімнің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы облыстық сотының, аудандық, қалалық және оған теңестірілген соттарының және Алматы облысының сот әкімшісінің ұжымдары Талдықорған қалалық сотының судьясы Хан Наталья Степановнаның

жесі

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жанұясына, туған-туыстарына орны толмас ауыр қазасына ортақтасып, көңіл айтады.

Тендер өткізу туралы ақпараттық хабарлама

Алматы облысының қаржы басқармасы коммуналдық меншік нысандарын сатып алу құқығынсыз жалға беру жөнінде қайта тендер өткізеді.

Тендер 18 қараша 2010 жылы сағат 10.00-де Талдықорған қаласында:

Тендерге жалпы білім беру мектептерінің асханалары мен буфеттері қойылады:

Іле ауданы:

1. Бороалдай ауылы, Әзербаев көшесі, «№ 15 К.Әзірбаев атындағы орта мектебі» ММ 310 ш.м. асханасы;

2. Бороалдай ауылы, Бостанов көшесі, 1-үй мекенжайындағы «№17 орта мектеп» ММ 120 ш.м. асханасы;

Еңбекшіқазақ ауданы бойынша:

1. Алға ауылында орналасқан «Алға орта мектебі» ММ 6 ш.м. буфеті;

Жалға беру мерзімі – **5 жылға дейін.**

Егерде жеңімпаз бірінші рет жалға алып отырса, жалға беру мерзімі – **1 жыл.**

Тендер шарттары:

– Санитарлық-эпидемиологиялық нормалар, өрт қауіпсіздігін және т.б., нормаларды сақтай отырып, жайды тиімді пайдалану;

– жылына 1 шаршы метрге ұсынатын жалдау ақысы;

– бағасын көрсете отырып, ұсынатын тағамдарының тізімі және олардың орташа бағасы;

– жағдайы төмен отбасы және жетім балаларға көмек көрсету туралы ұсыныс;

– жалға алған асханаға немесе буфетке ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жөнінде ұсыныс;

– мектеп асханаларындағы ескі және жарамсыз жабдықтарды ауыстыру немесе жаңа жабдықтар орналастыру жөніндегі ұсыныс.

Жылына 1 ш.м. жалдау ақысының бастапқы бағасы:

– барлық аудан орталықтары, сондай-ақ Талғар, Іле, Қарасай, аудандары және Қапшағай қаласы елді мекендері бойынша – **150 теңге;**

– басқа елді мекендер бойынша – **75 теңге.**

6 – 10 жас аралығындағы бір оқушыға берілетін ыстық тамақтың (бірінші, екінші тағамдар, нан, сусын) орташа құны – **138** теңгеден, **11-17 жас** аралығындағы бір оқушыға берілетін ыстық тамақтың (бірінші, екінші тағамдар, салат, нан, сусын) орташа құны – **261** теңге.

Буфетте берілетін тағамның орташа құны – **38** теңге.

Тендерге барлық жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар қатыса алады.

Тендерге қатысушы үміткер тендерге қатысу үшін келесі құжаттарды өткізуі тиіс:

– тендерге қатысу үшін өтінім;

– жеке тұлғалар үшін нотариалдық кеңседе расталған төлқұжат немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжат көшірмесі және СТН;

– заңды тұлғалар үшін нотариалдық кеңседе расталған жарғы, заңды тұлғаның тіркеу куәлігі, СТН, статистикалық карточка;

– егерде заңды тұлғаның басшысы болмаған жағдайда, тендерге қатысуға, құжаттарға қол қоюға оның өкілдерінің сенімхаты;

– келесідей көрсеткіштерді көрсете отырып, жайды пайдалану жөнінде бизнес-жоспар;

– санитарлық-эпидемиологиялық нормалар, өрт қауіпсіздігін және т.б. нормаларды сақтай отырып, жайды тиімді пайдалану;

– жылына 1 шаршы метрге ұсынатын жалдау ақысы;

– бағасын көрсете отырып, ұсынатын тағамдарының тізімі және олардың орташа бағасы;

– жағдайы төмен отбасы және жетім балаларға көмек көрсету туралы ұсыныс;

– жалға алған асханаға немесе буфетке ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жөнінде ұсыныс;

– мектеп асханаларындағы ескі және жарамсыз жабдықтарды ауыстыру немесе жаңа жабдықтар орналастыру жөніндегі ұсыныс.

Бизнес-жоспар мөрленген конвертпен ұсынылуы тиіс.

Құжаттар түгел тапсырылмаса немесе комиссия белгілеген мерзіммен кешіктіріп тапсырылса, комиссия өтінімді қабылдамауға құқылы.

Бір өтінім түскен жағдайда негізгі талаптармен қатар, ең төмен жалға алу бағасы 100 пайыз көтерсе, 20 баланы (жасына қарамастан) тегін тамақтандыру міндеттемесін алатын жағдайда, сол өтінім иесімен келісім-шарт жасалады.

Балл саны тең болған жағдайда үстемдік 2009 – 2010 жылдарды асхананы жалға алып, ескертпесіз жұмыс жасаған қатысушыға беріледі.

Ең жоғарғы балл жинаған үміткер жеңімпаз болып табылады.

Өтінім және қажетті құжаттарды ақпараттық хабарлама шыққаннан бастап тендердің басталуына екі сағат қалғанға дейін облыстық қаржы басқармасында, аудандық және қалалық қаржы бөлімдерінде қабылданады.

Қосымша ақпаратты Алматы облысының қаржы басқармасынан және аудандық, қалалық қаржы бөлімдерінен алуға болады.

Талдықорған қаласы, телефондар:

8 (7282) 27-36-27; 27-36-39; 27-37-07 – Іле ауданы – 8 (72752) 2-44-61, 2-44-82.

– Еңбекшіқазақ ауданы, тел: – 8 (72775) 4-21-14, 4-25-67, 4-22-42.

Тендер Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 111-үй Алматы облысы қаржы басқармасының мәжіліс залында өтеді.

Газетіміздің келесі саны сенбі, 6 қараша күні шығады.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі.

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу
e-mail: Jetisu 2002@ mail. ru
WWW. Zhetysu-smi. kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Қуат ҚАЙРАНБАЕВ.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС —1441. ТАРАЛЫМЫ —35 647. ИНДЕКСІ — 65469

Қабылдау бөлмесі және факс —**27-41-50,** байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — **21-01-90, 27-41-83,** жауапты хатшы —**24-38-16,** ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — **27-42-34,** саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — **24-36-07,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **24-32-43,** білім және ғылым бөлімі — **24-30-57,** фототілшілер –**27-41-93,** заң және ақпарат бөлімі — **24-29-82,** есеп-қисап бөлімі — **24-35-28.** Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — **279-13-37** (факс), **79-13-86, 79-36-43.** Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — **2-12-57,** Панфиловта — **5-12-21,** Райымбекте — **2-22-05,** Іледе — **2-19-33.** Газет табыс етілмесе — **72-59-01** телефонымен хабарласу керек.

◈*Облыстық прокуратурада*

«ЖОЛ КАРТАСЫНДАҒЫ» ЖӨНСІЗДІКТЕР ҚАРАЛДЫ

Өңірімізге қарай, бірінші кезекте экономиканың ең нәзік деген салаларындағы күрделі мәселелердің күрмеуін тарқатуға, дағдарыс пен жұмыссыздыққа қарсы тұруға бағытталып, Елбасының бастамасымен қолға алынып жатқалы екінші жыл болған «Жол картасы» бағдарламасында да былық-шылық көптеп алдан шығуда. Осы бағдарлама аясындағы бағыттарды жүзеге асыруға тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімгерлері мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыруда және онда жеңіске жеткендердің жұмыстарын бақылауға келгенде жауапсыздық танытып, кейде, тіпті, заңсыздықтарға жол беретін көрінеді. Облыстық прокуратурада осыған байланысты өткен алқалы жиынға облыс әкімінің бірінші орынбасары Аманды Баталов, облыс прокуроры Ерлік Кеңесбаев, «Жол картасындағы» жөнсіздіктері жіберген бюджеттік бағдарламалар әкімгерлері мен бірнеше ауданның әкімдері және облыстық прокуратурадағы тиісті басқармалар мен аудан, қала прокурорлары қатысты.

Болат АБАҒАН,
"Жетісу"

Басқосуды ашқан облыс прокуроры «Жол картасы» бойынша жүргізілген тексерулер барысында көптеген заңсыздықтар мен жөнсіздіктер анықталғанын айта келе, оларды жиналғандарға жеткізу үшін мінберге облыстық прокуратураның әлеуметтік-экономикалық салалардағы заңдылықтарды қадағалау басқармасының бастығы Нүркен Қосбаевті шақырды. Басқарма бастығының айтуына қарағанда, 2009 – 2010 жылдардағы «Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы бойынша облыста 24 млрд. теңге игерілітті. Биылғы жылдың өзінде ғана облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы 5 млрд. 540 млн. теңгенің 71 нысаны бойынша жұмыстар жүргізген. Облыстық білім басқармасы мен аудандық білім бөлімдері бойынша үстіміздегі жылы білім саласының 25 нысаны 1 497 600,0 мың теңгеге күрделі жөндеуден өткен.

Дегенмен тексеру барысында жергілікті атқарушы органдар тарапынан бюджеттік қаражаттарды үнемсіз және тиімсіз пайдалану деректері анықталды. Сонымен бірге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік нысандарды қайта құруға, күрделі жөндеуге бағытталған, азаматтарды еңбекпен қамту қарастырылған бюджет қаражатын жымқыру деректері де анықталыпты.

Мәселен, Талдықорған қаласындағы «Айналайын» балалар үйіне 56 020140 теңгеге күрделі жөндеу жүргізген «Қайнар 1992» құрылыс фирмасының атқарған жұмысын ешқандай ескертусіз қабылдап алған актіде білім басқармасының бастығы Л. Базарқұлованың қолы да бар. Ал тексеру барысында белгілі болғандай, мұнда 1 167 156 теңгенің орындалмаған жұмысы анықталған. Аталған дерек бойынша Талдықорған қаласының прокуратурасы ҚР ҚК 314-бабының 2-бөлімімен қылмыстық іс қозғаған.

Үштөбе қаласында аяқталу мерзімі 24 қыркүйек деп белгіленіп, 21368080 теңгеге қолға алынған жылу трассасы құрылысы бойынша нысанда жұмыс жүргізген «Строй Полимер және Деталь» ЖШС-сі де міндетін атқаруда жауапсыздық көрсеткен. Қарашаның 11 күні мұндағы жұмыстың 50 пайызы әлі атқарылмағаны анықталған. Ал энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы осыдан екі ай бұрын іске қосылуға тиісті нысандағы жұмыстың әлі күнге дейін жарым-жартылай ғана атқарылғанына қарамастан, қаражаттың 99,6 пайызын мердігердің есеп-шотына аударып жіберіпті. Оған аталған басқарманың бөлім бастығы М.Құсайынов қол қойған жалған шілде, тамыз айларында белгіленген жұмыстардың 100 пайыз орындалғаны туралы анықтамалар себеп болады. Бүгінгі күні жалғандыққа жол беріп, мемлекет қаражатының тиімсіз жұмсалуына себеп болған бөлім бастығының үстінен ҚР ҚК 314-бабының 2-бөлімімен, «Строй Полимер және Деталь» ЖШС директоры А. Пукъянова қатысты ҚР ҚК 176-бабының 3-бөліміндегі «б» тармақшасымен қылмыстық істер қозғалған. Қаратал ауданында тура осы іспеттес заңсыздықтар мен жөнсіздіктерге қатысты тағы бірнеше дерек тіркелген. Бұлардың тағы біреуі жоғарыда аталған бөлім бастығы Құсайыновтың қатысы бар.

Жалпы алғанда, тексерілген білім және коммуналдық шаруашылық нысандарының барлығында кемшіліктер жетіп артылады. Оған бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің жауапсыздығымен бірге мердігерлік және жобалаушы ұйымдардың келісімшартта қарастырылған міндеттемелерге жүрдім-бардым қараулары да кері әсер еткенін жоққа шығаруға болмайды.

Мәселен, ҚР Құрылыс нормаларының 2.3 бөлімне сәйкес, Алматы облысы да кіретін зілзала қаупі бар аудандарда әлеуметтік-мәдени және коммуналдық мақсаттағы нысандар мен тұрғын жайларда күрделі және ағымдағы жөндеу, қайта құру жұмыстары сейсмикалық тұрғыда күшейтумен бір мезетте жүргізілуге тиісті. Прокуратура тексеруі барысында белгілі болғандай, ғимараттарды сейсмикалық күшейтусіз жүргізу мүмкіндігі туралы тиісті органның қорытындысы екі-ақ нысанда бар болып шыққан. Еңбекшіқазақ ауданындағы бірнеше мектепте мемлекеттік сараптаманың қорытындысы да жоқ. Талғар ауданындағы «Жол картасы» бойынша атқарылған жұмыстарда да жөнсіздіктер баршылық.

Қабылдау комиссиялары күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған білім мекемелері ғимараттарын қабылдау кезінде жұмыстың толық аяқталмағанына, құрылыс, санитарлық-эпидемиологиялық, өртке қарсы нормалардың сақталмағандығына көз жұма қарайды. Мұндай кемшіліктердің балабақшаларда да орын алатыны қынжылтады. Мәселен, Көксу ауданында пайдалануға берілген «Алпамыс» балабақшасының ауласындағы балалардың ойнауы мен демалуына арналған бастырмалардың едәуіріне ағаш төсеудің орнына бетондап тастаған құрылысшылар осы әрекеттері арқылы балдырғандар денсаулығына зиян тигізетінін неге ойламаған, жұмысты қабылдап алғандар қайда қараған деген заңды сауал барлығымызды мазалайды. Жоғарыда келтірілген кемшіліктер мен заңсыздықтарда басқа қызмет салаларымен бірге мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және құрылыс басқармаларының да өз міндеттерін орындауға жауапсыздық танытуының әсері бар.

Бағдарламаны орындау аясындағы мемлекеттік сатып алулар бойынша конкурстар ұйымдастыру кезінде ақшалай қаражатты тиімсіз пайдалану да жиі кездеседі. Ал тендерге қатысушылар арасындағы біреуінің жұмыс мүмкіндігін ескермеген, заңсыз артықшылықтар жасау үйреншікті нәрсеге айналған. Мұның соңы жоғарыда аталғандай жөнсіздіктерге себеп болып жатады.

Мердігерлік ұйымдар тарапынан «Жол картасы» бағдарламасы аясында жұмыс орындарын құру бойынша міндеттемелерді орындамау деректері де анықталыпты. Биыл аталған бағдарлама аясында облыста 14137 жұмыс орны құрылуы керек және облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметі бойынша ол толық орындалған. Алайда, прокурорлық тексеру бұған керісінше жағдайды анықтаған.

Баяндамашыдан кейін кезекпен алдына шыққан білім, энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармаларының басшылары мен сын тезіне ілінген аудан әкімдері өздерін ақтайтын сөз таппай, біраз қысылды. Облыс әкімінің бірінші орынбасары мен облыс прокуроры тарапынан қойылған сауалдарға жауап бере алмай сасқалақтады. Сонымен бірге осының алдында айтылған жөнсіздіктер мен заңсыздықтарды жоққа шығарар уәж таппады. Амандық Ғаббасұлы өз кезегінде облыстық прокуратура анықтаған кемшіліктерді тез арада қалпына келтіру жайында үндеу бере отырып, жөнсіздіктер мен заңсыздықтарға қатысты нақты шаралар қабылданатындығын білдірді.

◈*Қайырымдылық*

ТӨРТ ҚҰБЫЛАМЫЗ ТЕҢЕЛГЕН КҮН

Еліміздің бірінші ханымы, «Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызының бастамасымен қолға алынған «Ризашылық» қайырымдылық мерекесі облыс аумағында бір уақытта, ұқсас бағдарлама негізінде жоғары деңгейде аталып өтті. Шараға өңіріміздегі әр деңгейдегі әкімдік, мәслихат, БАҚ, білім беру саласы және балалардың құқықтарын қорғау департаменті өкілдері, меценаттар, балалар үйлерінің тәрбиешілері және педагогтар қатысып, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелерде тәрбиеленіп жатқан 786 балаға қамқорлық көрсетілді. Бұдан былай аталған мереке жыл сайын 25 қараша күні дәстүрлі түрде жалғасады.


Суретті түсірген Ұлбосын ИСАБЕК.

Талдықорған қаласындағы «Айналайын» балалар үйі өңірдегі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік жақтан қорғау, оқыту, тәрбиелеуді мақсат еткен мекеме. Алғаш іргесі біректен 1996 жылдан бері тыңғылықты жұмыс атқарған балалар үйінің жағдайы күн өткен сайын жақсарып келеді. Бүгінде заманға сай жабдықталған бөлме, би, музыка, спорт залдары, кітапхана және шеберхана ағымдағы жылы пайдалануға берілген моншасы, ондағы 131 баланың барлық қажеттілігін қамдауда. Ал жазғы демалыста тәрбиеленушілер емдеу-сауықтыру лагерінде демалуға жағдай жасалған. Қысқасы, ондағы балдырғандар Елбасы саясатының аясында атқарылған облыс әкімінің қамқорлығына дән риза.

Салтанатты шара еліміздің бірінші ханымы Сара Назарбаеваның балаларға жолдаған құттықтау сәлемдемесінен басталып, әр балаға Сара Алпысқызының қолы қойылған ашық хат үлестірілді. Онда Сара ханымның балаларға жігер берген жүрекжарды лебізі жазылып, олардан үлкен үміт күтетіні сенім де білдірілген. Кереге керегеге «Айналайын» балалар үйінің директоры Жамал Қасымбекқызы, облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаментінің директоры Гүлнар Ермекбаева, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Марлен Келбаев балаларды құттықтап, тарту-тарағыларын табыстады.


Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Шараға қатысқан балалардың қуанышында шек жоқ. Олар да қарап қалмай, өздері дайындаған концерттік бағдарламаны көпшілік назарына ұсынып, мәре-сәре болып қалды. Ән айтылды, би биленді, бір ауыз сөзбен айтқанда, кімде қандай өнер бар, соның бәрін паш етті.

Мерекеге орай безендірілген зал «Бөбек» қоры тарапынан балалар үйіне сыйға берілген алуан түрлі гүлмен көріктене түскен. Ал қуаныш лебімен балбұл жанған жүздер балғындар жүрегіне жылылық ұялатты. Сондай-ақ, оларға «Оқып, білікті азамат болыңдар» – деген ниетпен балаларға арналған кітаптар да үлестірілді.

Соңында балғындар мерекелік дастарқан басына жиналып, әңгіме көрігін қыздыра түсті. Таңғы сағат 10-да басталған салтанатты шара кешке дейін жалғасты. Көңілдері көтеріліп, жүздерінен қуаныш лебі ескен балдырғандар келесі жылдың осы күнін асыға тосатын болады.

Қарасай ауданына қарасты № 1 жетім балалар үйінде «Бөбек» қорының бастамасымен балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған ризашылық, қайырымдылық мерекесі өтті. Жетім балаларға арналған жылы жүзді отбасылық орта қалыптастыруды мақсат еткен мереке күні аталған балалар үйіне «Бөбек» қоры атынан 20-ға жуық бөлме өсімдіктері мен балаларға арналған әлемнің ең үздік 30 кітаптар жинағы сыйға тартылды. Бұдан басқа балалар үйінің барлық тәрбиеленушілеріне Қазақстан Республикасының бірінші ханымы С. Назарбаеваның құттықтау батасы мен тілек сөздері жазылған ашық хаты оқылып, ол балалар үйінің басшысына тапсырылды. Сондай-ақ, «Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызының облыс әкімі Серік Үмбетовке арнайы жазған хаты оқылды:

– Әлемде ең алғаш болып екі мереке ерекше аталып өтілуде. Соның бірі «Қайырымдылық күні» болса, екіншісі «Ана күні» атты мейірімділік мерекесі болып табылады. Аталған мерекелердің екеуі де адамдарды қайырымдылыққа, мейірім мен кішіпейілділікке тәрбиелейді. Қамқорлық пен қайырымдылық жасап жатқан жанға бекзаттық пен алғыс айта білуде ізгіліктің белгісі екенін танытады. Өзіңізді осындай азаматтың бір ретінде санаймын. облысыңыздағы жетімдер үйінде тәрбиеленушілерге мейірімділік танытып, көмек қолын ұсынатындығыңызға сенемін. Өзіңізбен бірге біздің осы қос мерекенің ізгі дәстүрге айналатынына да үлкен сеніммен қараймын, – делінген.

Бұл күні балалар өлең оқып, ән айтып, қызық оқиғалы танымдық фильмдер, мультфильмдер көрді. Балалар қамқор қолдарын ұсынған кәсіпкерлерге, олардың көрсетіп отырған қамқорлықтарына бала тілімен алғыстарын айтып, өздері дайындаған әсем бұйымдарын ұсынды. Кәсіпкер қонақтар да балалар үйіне арнайы сыйлықтарын әкелген. Сонымен қатар мереке аясында қонақтар балалармен бірге дәмді тағамдары, тәттілері, жеміс-жидектері, балмұздақтары бар үлкен мерекелік дастарқан басында ашық-жарқын әңгімелесуге мүмкіндік алды.

«Ризамыз бүгінге, ризамыз қазірге» атты мерекелік концертте балғын дауысты бөбектер ән шырқады, би биледі, күмбірлетіп күй тартты. Бұл тамаша күн майдандары жалғасып, мерекелік көңілді би кешке жалғасты.

Талғар қаласындағы «Нұр», «Ақниет», «Ковчег», «Күншуақ» және «Осадчих» балалар үйлерінде кең ауқымда аталып өтті. Жетім жүрекке жылылықтың, мейірімнің шуағын төгіп, балғын балалардың көңілін қуантуды, ризашылыққа бөлеуді басты мақсат еткен іс-шараға аудан басшыларымен қатар, атымтай жомарт азаматтар белсене атсалысты.

Осыдан 13 жыл бұрын алғаш 110 баланы бауырына басқан Түяқ Есхожина басқаратын «Нұр» қайырымдылық балалар үйінің тәрбиеленушілері де осы күнді асыға күтіп, өз мәнінде өтуіне бар күш-жігерін салғандығы анық аңғарылды. Өнерлі ұлқыздар әдемі киініп, бар өнерін көрсетуге асыққаны жүздерінен білініп-ақ тұр.

Қуанышты күнді қамқорлығындағы балалармен бірге өткізген Түяқ Қазкенқызы:

– Құдайға шүкір, 110 баланың 70-тен астамы жоғары және орта оқу орындарында білім алуда. Биылғы жылы 20 бала оқуға түсіп, мерейімізді өсірді. Қазір 50-ден астам мектеп жасындағы балалар білім мен тәрбие алуда. Балаларымның барлығы да сегіз қырлы, бір сырлы. Оларға оқу, тәрбие берумен қатар, жалғыз қалған жағдайда өздерін-сақтап, күн көруге баулуды басты мақсат етеміз. Ризашылық күні де осындай мақсатта ұйымдастырылғандығын атап өтпеймін – деп алғысын жаудырды.

«Нұр» балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің қанатты қатайып, бұғанасы бекіп келеді, бүгінде олардың 19-ы отау құрып, түтін түтетсе, 20-ға жуығының еңбекке араласуы зор қуаныш.

Өзге де жарқын жетістіктерге қаныққан қонақтар да жүрекжарды лебіздерін білдіріп қалуға асықты. Өз ретінде Талғар қаласының әкімі А.Қожахметов, ауданның сәулет бөлімінің бастығы У.Мейрманов, аудандық білім бөлімінің маманы Г.Алтыбаева балаларды мерекелерімен құттықтап, тарту-тарағыларын табыстады. Сонымен қатар, аудандық оқушылар үйінің өнерпаздары театрландырылған керемет қойып, әнін бұралған би, күміс күй, әдемі әндерін тарту етті. Шаттықты шара аудандағы өзге балалар үйінде де жалғасын тапты.

Жаркент қаласындағы облыстың мүмкіндігі шектеулі жетім және асыраушысы жоқ балаларға арналған мектеп-интернатына құшақ-құшақ гүл көтерген кәсіпкерлер мен мекеме басшылары көп жиналды. Олардың арасында мекемедегі жетім балаларға тұрақты қамқорлық көрсетіп жүрген әке-әкелер мен апалар да болды. Бұдан айта кетерлік, бұл мекемеде тәрбиеленетін 80-нен астам жетім бала 7 жанұяға бөлінген.

Салтанатты шара салқасының шымылдығы тәрбиеленуші балалардың «Балдәурен» әнімен ашылды. Жүргізуші осы шуақты шаңырақтың тәрбиеленушісі Гүлмира Әділжанова мен Айгүл Жатарова мерекенің маңызы мен мақсатын баяндап өткен соң, Сара Назарбаеваның қазақстандық балаларға арналған мерекелік құттықтау хатын оқыды. Сонымен қатар, еліміздің бірінші ханымы балаларға тамаша әсерлерге толы «Ризашылық бағы» мен әлемнің ең үздік 30 кітабын тарту еткенін жариялады.

Ән, бимен өрілген әсерге басқосуда ақ тілегін арнағандардың қатары көп болды. Өз кезегінде мекеме басшысы Балқия Ешенқұлқызы, аудан әкімінің орынбасары Аманғали Раев жылы лебізін білдірсе, «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалы төрағасының орынбасары Ермек Нұрахметов жетім балалар үйіндегі отбасыларды тұрақты қамқорлыққа алу жөнінде бастама көтерді. Бұл ұсынысты басқалар қолдайтынын білдірді. Сондай-ақ, мекемедегі тәрбиеленушілер шырқаған ән мен биге би көрермендерін тәнті етті.

Мерекеге орай аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары да қайырымдылық концертін ұсынды. Ал кейінде балалар «Іле» мейрамханасында жайылған мерекелік дастарқан басына жиналып, мереке шаттығын асыра түсті.

Үштөбе балалар үйіндегі салтанатты жиын шымылдығы Сара Назарбаеваның балаларды мереке күнімен құттықтаған сәзін тыңдаумен ашылды. Осыдан кейін балалар үйінің директоры Зәмира Шолатова осында тәрбиеленіп жатқан 158 балаға ақ тілегін арнап, ықылас пен мейірімділік танытты. Келесі кезекте аудан әкімінің орынбасары К. Байтаева, аудандық аграрлық кәсіподақ ұйымының төрағасы F. Юсупов, «Қаратал» газетінің бас редакторы М. Өсербаева, аудандық электр торабы мекемесінің бастығы Ы. Жапарқұлов, «Центркредит» банктің бастығы Р. Оспанбеков және басқа азаматтар балалар жүрегін жылы сөздерімен жылытып, тарту-тарағыларын табыстады. Балалар үйіндегі бүлдіршіндер қонақтарға әсем ән айтып, мың бұрала би билеп, өз өнерлерін көрсетті.

Іс-шара барысында аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары көңілді концерт қойса, балалар өз қолдарымен жасаған, жақсы тілектер жазылған гүлдерін қонақтарға сыйлады. Ал М. Фрунзе, № 13 атындағы орта мектебі ұжымы бүлдіршіндерге бөлме гүлдері мен кітаптар, тіл үйрететін тәттілерді сыйға тартты. Әр балаға Сара Алпысқызының қолтаңбасы бар әсемхаттар үлестірілді. Мереке акт залында өткен қызықты балалар орындарына ұласты.

ӨЗ ТІЛШІЛЕРІМІЗ.

ЖОБА

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КЕЙБІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР МЕН АУЫЛДАРДЫҢ АТАЛУЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 11-бабындағы 4-тармағына сәйкес, тиісті аумақтардағы тұрғындардың пікірлерін ескере отырып және Ақсу, Алакөл, Көксу аудандары мәслихаттары мен әкімдіктерінің ұсыныстары бойынша облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу ауданының Қызылағаш ауылдық округіне қарасты Заречное ауылының аталуы Ақтоған деп өзгертілсін.
2. Ақсу ауданының Ақсу ауылдық округіне қарасты Казсельхозтехника ауылының аталуы Бәйтерек деп өзгертілсін.
3. Ақсу ауданының Есболатов ауылдық округіне қарасты Энергетик ауылының аталуы Таусамалы деп өзгертілсін.
4. Көксу ауданының Мұқыры ауылдық округіне қарасты Мұқыры ауылының аталуы Ақын Қалқа ауылы деп өзгертілсін.
5. Алакөл ауданы Лепсинск ауылдық округінің атауын Лепсі ауылдық округі және Лепсинск ауылының аталуы Лепсі деп өзгертілсін.
6. Алматы облысының статистика департаменті (Б. Төлепбаев) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерін есепке алу мен тіркеуіне өзгерістер енгізсін.
7. Осы бірлескен Алматы облыстық әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімі ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі	Алматы облыстық мәслихаты сессиясының төрағасы	Облыстық мәслихаттың хатшысы
С. ҮМБЕТОВ.	М. МЫРЗАҒАЛИЕВ.	А. СЫДЫҚ.

ЗАҢДЫ БҰРМАЛАУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Прокуратура қызметкерлерінің басты міндеті – қабылданған заңдардың мүлтіксіз орындалуына қадағалау жасау. Бұрмалануына жол бермеу. Оны Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мен облыстық прокуратура да сөт сайын ескертіп отырады.

Осындай мақсатпен Балқаш ауданының прокуратурасы үстіміздегі жылдың он бір айында 35 тексеру жүргізді. Тексеру барысында 254 заң бұзушылық анықталды. Олардың жиырма үшіне прокурорлық наразылық келтірген болатынбыз. Олар толығымен қанағаттандырылды. Нәтижесінде 67 құқықтық актінің күші жойылып, өзгертілді.

Осылардың барлығы қарапайым адамдардың алаңсыз жұмыс істеп, өмір сүруі үшін аудандық прокуратура тарапынан жүзеге асырылған шаралар.

Қолданыстағы заңдардың бұрмалануына жол берген кінәлі адамдарға да шара көрілді. 182 адамның 146-ы тәртіптік, 53-і әкімшілік жазаға, 13-і материалдық жауапкершілікке тартылды.

Аудандық прокуратура қызметкерлері жыл сайын мемлекеттік қызметкерлерді жинап, жиі қолданылатын заңдар, олардан туындайтын құқықтық актілер туралы семинар-кеңестер өткізеді. Ақыл-кеңестер береді. Осындай түсіндіру жұмыстарының жүйелі жүргізілгеніне қарамастан кейбір селолық округ әкімдері шешімдер қабылдауда өрескел кемшіліктерге жол береді. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысал келтірейін.

Үстіміздегі жылдың он бір айында аудан әкімдігі мен селолық округ әкімдерінің құқықтық актілеріне тексеру жүргізгенде осындай 69 заң бұзушылық анықталды. Олардың барлығына да наразылық келтірілді. Аудан әкімдігінің бір, селолық округ әкімдерінің 4 актісі, 48 шешім мен өкімнің күші жойылып, олар заң талаптарына сәйкестендірілді.

Заң сөл бұрмаланса, өрескел кемшіліктер орын алуы мүмкін. Ондай жөнсіздіктарға өсте жол беруге болмайды. Аудан әкімдігі мен селолық округ әкімдерінің құқықтық актілерін жіті қадағалап, жүйелі тексеріп отыруымыздың бірден-бір себебі де осы.

Алдағы уақытта сабақ болуы үшін әрі заңсыз шешімдерді шығарған тұлғалардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында Жиделі селолық округінің бұрынғы әкімі Б. Жарқынбаевтың, Көктал селолық округінің әкімі Қ.Омаровтың, Миялы селолық округінің әкімі А.Мырзахметовтың үстінен ҚР ӘҚБТК-нің 353-бабының 1 бөлігімен әкімшілік іс өндірісі қозғалып, аудандық сотына жолданылды. Аудан әкімінің бір қаулысының күші жойылды.

Қазір елміз бойынша жемқорлыққа қарсы күрес күн өткен сайын күшейе түсуде. Осы мақсатпен үстіміздегі жылы тексеру барысында сегіз заң бұзушылық анықталды. Орын алған осы заң бұзушылықтар негізінде аудандық прокуратура аудан әкіміне жеті ұсыныс енгізген болатын. Нәтижесінде 13 лауазым иесі тәртіптік жазаға тартылды.

Олардың бірі – аудандық зейнетақы төлеу орталығына қатысты. Әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамаларды тексеру барысында Көктал селолық округінің әкімі Көктал селосында тіркелмеген А. Әдибекова деген азаматшаға тұрғылықты жері туралы № 124-ші жалған анықтама бергендігі анықталды.

Жіберген осындай кемшіліктері үшін аудандық прокуратура аудан әкімінің атына қаулы жолдаған болатын. Нәтижесінде Көктал ауылының әкімі сөгіс түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Заң дегеніміз – адамдардың тәжірибесін қоғам игілігіне пайдаланатын адамдық даналықтың жоғары көрінісі. Оған құрметпен қарап, оның талаптарын бұлжытпай орындау әр бір санапы азаматтың абыройлы парызы.

**Рашид ӘМІРОВ,
Балқаш ауданының прокуроры.**

◈*Кәсіпкерлікке – кең қолдау*

Отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында құрылған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бүгінде шағын бизнесті өз қаражатынан несиелендіре бастады. Көр аясында қолға алынған « Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы ел экономикасын арттыру барысында ауқымды жұмыстардың іске асуына негіз болуда.

«ДАМУ» ҚОРЫ БИЗНЕСТІ НЕСИЕЛЕНДІРЕДІ

Алматы облысы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры бүгінгі атқарып жатқан жұмыстары жайлы ақпарат тарату мақсатында журналистермен баспасөз конференциясын өткізді. Басқосуға «Атамекен» ұлттық-экономикалық кәсіпкерлік палатасы, облыстық, қалалық кәсіпкерлік бөлімдерінің мамандары және ҚР Орталық Азия университеті әкімшілігінің өкілдері қатысты.

Жиында сөз алушылар облыс кәсіпкерлерін қолдау барысында атқарып жатқан жұмыстарын әңгіме арқауына айналдырды. Бірлесе атқарған жұмыстарының нәтижесіне тоқталды. Бұл орайда Алматы облысы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының директоры Ринат Талтүсов:

– «Даму» АҚ-ы халыққа бірнеше бағытта қызмет көрсетуде. Мәселен, «Даму-өндіріс» жеке кәсіпкерлік құрылымдарының несиелерін қайта қаржыландырумен шұғылданады. «Даму-көмек» мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлерге қолдау көрсетеді. «Бизнес-кеңесші» бағдарламасының мақсаты – Қазақстанның 209 ауданындағы және халық тығыз қоныстанған әкімшілік-аумақтық бірліктерінде қысқа мерзімді тренинг-оқыту қызметтерін көрсетумен шұғылданады», – деп атап өтті.

«Бизнес-кеңесші» бағдарламасының бірінші кезеңі біздің облыстан бастау алған. Оған 91 оқытушы дайындалып, 66 оқытушы дәріс берген. Жалпы қатысушылар саны 11603 адамды құраған. Олардың 60 пайызы әйелдер. Яғни, бұл сан кәсіпкерлікке нәзік жандардың бейімділігін көрсетсе керек.

Курсқа қатысушылармен сұрақ-жауап жүргізген кезде олардың 51 пайызы кәсіпкерлікті меңгеруге ынта білдірген. Ал 34 пайызы есеп-қисаптың қыр-сырына қанығуды мақсат еткен. Қалған 29 пайызы компьютер тіліне ынтыққан. «Бизнес-кеңесші» бағдарламасы келесі жылы да қолға алынбақшы. Биылғы тәжірибе негізінде алдағы жылдары арнайы кітапшалар шығарылып, курсқа қатысушыларға үлестірілмекші.

Баспасөз конференциясында журналистер қауымы қор жетекшілеріне кәсіпкерлік саласындағы өзекті мәселелер төңірегінде сұрақ-сауал қоя келе, дағдарыс кезінде әлеуметтік қорғалуы тиіс жандар да назардан тыс қалмаса деген тілектерін де жасырмай жеткізді.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

МАЛДЫ АСЫЛДАНДЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

(Соңы. Басы 1- бетте).

Жоғарыда айтқанымыздай, Алматы облысы мал шаруашылығын дамытуда республика бойынша алдыда келеді. Соңғы төрт-бес жылдың көлемінде сүт өндіру, 68 пайызға, мал басы 7 пайызға өскен. Десе де, сүт өндіру жағынан – Шығыс Қазақстан облысынан, ет өндіруде – Солтүстік Қазақстан облысынан, төл алуда – Павлодардан кейін келеміз. Облыс әкімі Серік Әбікенұлының қолдауының нәтижесінде мал асылдандыру жұмыстары бізде кең көлемде жүзеге асырылуда. Енді уақытта осы шаралардың нәтиже беруіне баса назар аудару керек.

Күн тәртібіне қойылып отырған «Алматы облысының ірі қара мал шаруашылығында кең көлемді селекция бағдарламасын жүзеге асырудағы мәселелер мен нәтижесі туралы» баяндаманы «Мал шаруашылығы және жем-шөп өндірісі» ғылыми-зерттеу институтының сүтті ірі қара мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Марат Кинеев жасады. Ол өз баяндамасында әлемдегі мал асылдандыру тәжірибесі жайлы айта келіп, өзіміздегі жайға тоқталып өткен. Ресми деректер бойынша Алматы облысында малды қолдан ұрықтандыру 64 пайызды қамтиды екен. Алайда, етті және сүтті ірі қара өсіруді жолға қою үшін бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізу керек. Бұл орайда, еліміздегі жекеменшік сектордың туғызатын кедергілері көп. Жеке мал иелері қолдарындағы төрт түліктің тұқымын жақсартуға дайықты маңыз бөлмейді. Осыған орай, ауылдағы малдың ішінде жүретін қарапайым бұқалардың санын кеміту қажеттігі туындайды. Осындай мәселелерді тілге тиек ете келе Марат Айдарұлы ірі қараны асылдандырудың ғылыми шешімдерін жиналған жұртшылықтың назарына ұсынды.

Екінші болып мінберге көтерілген «Мал шаруашылығы және жем-шөп өндірісі» ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Нұрғалым Жазылбеков «Мал азығы ресурстарының қазіргі жағдайы мен болашақта тиімді басқару туралы» баяндама жасады. Төрт түлігін жазда – жайлауға, күзде – күздеуге, қыста – қыстауға, көктемде – көктеуге шығарып, жайылымның тозбауын үнемі қадағалап отыратын ата-бабамыздан кәсіби көрегендігі бүгіндері орындала бермейтіні шындық. Қысы-жазы шиырлап бір жерде жайылатын болғандықтан малдың азығы жұтаң тартып, шөптің құнарлылығы азайып, жердің шаңы шыға бастаған. Табиғаттың тартуын тойып жемеген малдың қоңы да төмен, сүті де аз болатыны белгілі. Осы жайларды тілге тиек еткен Нұрғалым Әбдірешұлы жайылым мен шабындықтың құнарын арттырып, шығымдылығын жақсартудың ғылыми жолдары туралы жан-жақты айтып берді.

Осы институттың сүтті ірі қара малды асылдандыру және өсіру секторының жетекші-ғылыми қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Жармұханбет Сүленов «Алматы облысының шаруашылықтарында кең көлемді селекция бағдарламасын енгізу жұмысына сараптама және ары қарай дамыту туралы» баяндамасын жұртшылық назарына ұсынды. Облыс көлемінде бүгіндері 52 сүтті, 56 етті ірі қара шаруашылықтары жұмыс жасап отырғанын айтқан ол өз жетекшілігімен жасалынып отырған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне тоқталған. Бұл орайда мал асылдандырумен айналысатын мамандардың біліктілігін көтеру, олардың кәсіби деңгейін арттыру мәселесі де әңгіме өзегіне айналды.

Осыдан кейін жарыссөзге шыққан мал шаруашылығын дамыту және ветеринариялық қауіпсіздік департаментінің директоры Рабиға Токсейітова, ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің мал тұқымын асылдандыру инспекциясы басқармасының бастығы Сапар Омаров, «Мал шаруашылығы және ветеринария» ғылыми-зерттеу орталығы ЖШС-нің директоры Айбын Төреханов, канадалық «ALTA GENETIC» фирмасының бас менеджері Қажымұқан Қуандықов, Алматы облыстық аумақтық инспекциясының мал тұқымын асылдандыру жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің бастығы Құдайберген Бекбосынов, облыстық «Асыл» асыл тұқымды орталығы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Бекен Ерденовтар күн тәртібіне қойылып отырған мәселелер бойынша өздерінде қолға алынып отырған шаралар жайлы баяндап, жұмысты жақсарту жайлы ұсыныс-пікірлерін ортаға салған.

Семинар-кеңесті облыс әкімінің орынбасары Тыныштбай Досымбеков қорытындылап, осы жауапты да маңызды шараны атқаратын мамандар мен жауапты қызметкерлерге сәттілік тіледі.

◈*Жыл жетістігі*

СЕГІЗ МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Облысымызда жыл сайын білім беру саласын қаржыландыру көлемі артып келеді. Ағымдағы жылы білім беру саласының бюджеті 61,1 млрд. теңгені құрады. Осындай қолдаудың аясында атқарылған жұмыстар да көңіл қуантады. Басқасын айтпағанның өзінде, биылғы жылы өңірімізде республикалық бюджет есебінен 3 білім ошағының құрылысы аяқталды.

Кәжет АНДАС,
"Жетісу"

Яғни, Талдықорған қаласындағы 900 орынға арналған «Назарбаев зияткерлік мектебі», Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылындағы 500 орынға арналған мектеп құрылысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы 450 орынға арналған жаңа мектеп оқушыларды қабылдады. Сондай-ақ, жергілікті бюджет есебінен Қарасай ауданындағы Көлащы, Еңбекшіқазақ ауданындағы Рахат, Кербұлақ ауданындағы Ақтөбе және Аралтөбе, Көксу ауданындағы Еңбекшіқазақ орта мектептерінің құрылысы сәтті аяқталған. Сонымен бірге, ағымдағы жылы жалпы құны 3527026 мың теңгеге 95 білім нысанына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде «Жол картасы» бағдарламасы аясында 25 нысанға жөндеу жұмыстарының жүзеге асқанын айта кеткен жөн. Тасқын апаты орын алған Қызылағаш пен Егінсу ауылдарындағы мектеп құрылысы да жоғарыдағы қаржы есебінен қарастырылған.

Бұл жылы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базаларын нығайту жұмысы да тыңғылықты қолға алынып, осы мақсатта 1 млрд. 62 млн. 700 мың теңге қаражат жұмсалды. Нәтижесінде, қазір облыс мектептері 100 пайыз интернет желісіне қосылған.

Осылайша, облысымызда балалардың сапалы білім алуы үшін барлық жағдай жасалуда.

e-mail: Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің физика және физиканы оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты **НАМАЗБАЕВ Қанибек Таубекұлы** 1 желтоқсан күні аскаралы 70 жасқа толады отыр.

Құрметті Қанибек Таубекұлы, біз сізді жан жүрегімізбен жарқылдай қуана отырып құттықтап, мерекелі мерейтой күні Сізге денсаулығыңыз күйлі-қуатты,ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын дей отырып,еңбегіңізге шығармашылық табыс тілейміз. Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор болсын!

Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылмы берер кемесі
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
Жетпіс жастың құтты болсын белесі.

Ұстазсыз, орны бөлек, бағасы ерен,
Профессор-ғазымсыз, ойы терең,
Жақсының жақсылығын айту парыз,
Халқымыз «нұры тасын жүрсін» деген.

Өміріңіз ұртаққа өнеге мың,
Тілейміз қуанышқа бөленгенін.
Жүзге келіп, марқайып отырыңыз,
Қылығына қуанып көберенің.

ІЗГІ НИЕТПЕН: І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің физика және физиканы оқыту әдістемесі кафедрасының ұжымы.



Асыл жар, ардақты әке, қамқор ата, ел ішінде қадірлі қария бола білген **Нұрсұлтан Жүнісбайұлы ӘЛМЕНБЕТОВ** желтоқсанның 1 күні 67 жасқа толады. «Бар тірлігі – бала» деп жарқылағы жастықка тимей еңбектенген әкемізді біздер, сүйген жары мен балалары аскар таудай пана тұтамыз, құрметтейміз. Қай кезде де біреуге жақсылық жасауға дайын тұратын, кез келген мәселені бұра тартпай тура шешетін әділ мінезін үлгі етеміз. Бүтінде ел ағасы, аталастардың ақсакалы болған әкемізге ұзақ өмір, зор денсаулық тілейміз.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: жарын – **Рысжан,** балаларыңыз – **Руслан-Әсел, Бақыт-Нәйла, Нұрбол-Жәмила, Галия, Раушан, Назгүл, Айна, Нұрбол және немерелері.**



Еңбекшіқазақ ауданы Қазақстан ерлі мекенінің тұрғыны **ҚУАШ ТЕГІ Үлдар Бақытқызының** желтоқсанның 1 күні 50 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз.

Үлдарға ұзақ өмір, зор денсаулық, ашық аспан, қажымас қайрат, ұл-қыздарының қызығын бірге өткізуіне Аллам нәсіп етсін. Балдызға бар жақсылық тілей отырып, төменгі өлең шумағын жолдаймыз.

Ері әке, әрі ана атаған балдызым-ай,
Ыстық-суық өмірдің мәні солай.
Қазсымағын, шаршама, шыдамды боз,
Ұл-қыздар мен туыстың ақ қусындай.
Елуің құтты болсын ерке құсым,
Алланың жақсылығы нұр боп қонсын.
Бар байлық денсаулықта дейді қазақ,
Тасырға жұмыстаған жасың болсын.

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: жезделерің – **Нарынбек, Жұмабек, Ошан,** әкелері – **Сара, Лашын, Марга, Жәтай,** сіңлісі – **Елмира,** бауыры – **Жігер,** келіні – **Зәуре** және жиендері мен ұл-қыздары.

ПІКІРЛЕРІҢІЗБЕН БӨЛІСІҢІЗДЕР

Құрметті Алматы облысының тұрғындары! Төменде Қазақстан Республикасының жергілікті соттары судьяларының қызметтеріне орналасуға курсқа қатысатын, Алматы облысында тұратын адамдардың тізімдерін жариялап отырмыз.

Болашақ судья кәсіби және адамгершілік қасиеттерімен дараланып, өз ісіне адал болуы шарт. Сондықтан, Сіздерден үміткерлер жайында білдірген пікірлеріңіз, біз үшін үлкен маңызға ие.

Пікірлеріңізді Алматы облыстық соттының **/almaty-oblsot.kz/** веб-сайтындағы ***«Кері байланыс»*** айдарына орналастыра аласыздар. Сонымен қатар, өз пікірлеріңізді Алматы облыстық соты ғимаратының бірінші қабатындағы анықтамалық-ақпараттық киоскіге енгізуге және **8-7282- 211908** нөмірлі сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

1. Әбдікерімова Әсел Серікқызы, 22.05.1979ж. – Алматы облысының Қарасай ауданының заң кеңесінде қорғаушы;
2.Абдолданова Рабига Зуатбекқызы, 23.03.1965ж. – Алматы облысы Ақсу аудандық сотының судьясы;
3. Алидинұлы Мұхитдин, 28.07.1974 ж. – Алматы облысының №2 Еңбекшіқазақ аудандық сотының судьясы;
4. Бакиева Салима Абдулрахманқызы, 05.10.1979 ж. – Алматы қаласының Медеу ауданды сотының бас маман – сот мәжілісінің хатшысы;
5.Дошкеев Дұман Аскарұлы, 27.07.1982 ж. – Алматы облыстық соты кеңесінің бас маманы;
6.Калиев Рустам Тұлендіұлы,10.02.1973 ж. –«Чернышевское» ЖШС-ның заңгері;
7. Кәлиебаева Айгүл Тәнірбергенқызы, 19.01.1976ж. –Қарасай ауданды заң кеңесінде қорғаушы;
8. Кодек Дәния Бикенқызы,17.06.1979 ж. – Павлодар облысының Иртыш ауданды сотының кеңсе меңгерушісі;
9.Қосанов Нұрлыбек Оразбайұлы,14.05.1976 ж. – Алматы облысы Үйғыр ауданды сотының судьясы;
10. Меркібаев Бекболат, 01.02.1977 ж. Алматы қаласының Медеу ауданының мемлекеттік сот орындаушысы.
11.Ордашева Бахытгуль Ордашқызы, 02.01.1976 ж. – Алматы облысының, №2 Алакөл ауданды сотының кеңсе меңгерушісі;
12.Тохтазынов Мухитдин Тоқсасынұлы,10.05.1960ж- Алматы облысының Іле ауданды сотының судьясы;
13.Сидвакасов Ертарғын Рахымұлы,17.05.1961 ж. – Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық қылмыстық істер жөніндегі сотының судьясы;
14.Салпеков Алмас Сайлаубекұлы,01.12.1982 ж. – Алматы облысының Текелі қалалық сотының судьясы;

Алматы облыстық сотының баспасөз қызметі.

Алматы облысы тұрғындарының назарына!

Қазақстан Республикасы Президентінің 16.11.2011 жылғы №175 Жарлығымен 2012 жылдың 15 қаңтарында партиялық тізім бойынша, 16 қаңтарда Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланатын Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізу белгіленген баршамызға мәлім.

Сонымен бірге, 2012 жылдың 15 қаңтарында облыстық, қалалық және аудандық мәслихат депутаттарының кезекті сайлауын өткізу белгіленді.

Прокуратура органдарының басты мақсаты белгіленген сайлаулардың өткізілу кезінде заңдылықты қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқығының жүзеге асырылуына кепілдік беру болып табылады.

Осыған байланысты сайлау кезінде орын алған барлық заң бұзушылықтар мен сайлау құқығын шектеу фактілері бойынша мына мекенжайға: Талдықорған қаласы, Гайдар көшесі, №17 үйде орналасқан Алматы облысының прокуратурасына, сонымен қатар төмендегі тізімде көрсетілген прокуратураға шағымдануға болатындығын назарларыңызға саламыз. Байланыс телефондарымыз: **27-25-74, 27-33-15.**

Талдықорған қаласы (Абылай хан көшесі, 160/164);
Қапшағай қаласы. (Қойшыманова көшесі, 7);
Текелі қаласы. (Әуезов көшесі, 41);
Алакөл ауданы (Үшарал қаласы, Өлібаев көшесі, 1);
Ақсу ауданы (Жансүгіров кенті, Желтоқсан көшесі, 1«б»);
Балқаш ауданы (Бақанас ауылы, Бижанов көшесі);
Еңбекшіқазақ ауданы (Есік қаласы, Абай көшесі, 127);
Ескелді ауданы (Қарабұлақ кенті, Ескелді би көшесі, 68);
Жамбыл ауданы (Узынағаш селосы, Қараш батыр көшесі ,118;
Іле ауданы (Өтеген батыр кенті, Батталханов көшесі, 16);
Қарасай ауданы (Қаскелең қаласы, Победа көшесі, 43);
Қаратал ауданы (Үштөбе қаласы, Қонаев көшесі, 8);
Кербұлақ ауданы (Сарыөзек к., Б. Момышұлы к., 32);
Көксу ауданы (Балпық би кенті, Исабаев көшесі, 111);
Панфилов ауданы (Жаркент қаласы, Розыбакиев көшесі, 22);
Райымбек ауданы (Кеген ауылы, Сәтпаев көшесі, 17);
Сарқан ауданы (Сарқан қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 27);
Талғар ауданы (Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 77);
Үйғыр ауданы (Шонжы ауылы, Раджибаев көшесі, 83).

● *Байланыс*

Сапа басты назарда

«Қазақтелеком» АҚ филиалы Алматы облыстық телекоммуникациялар дирекциясы құрылымдық бөлімшелері мен құрылымдық бірліктері тоғыз айдың жұмысын қорытындылау мәжілісінде мәжіліс өткізді. Жиында Алматы облыстық телекоммуникациялар дирекциясының бас директоры Жексембай Мейрамбаев жүргізді. Мәжілісте 2011 жылдың үшінші тоқсанға қойған мақсаттары мен оларды жүзеге асыру жөніндегі мәселелер талқыланды. Сонымен қатар, АТТ/КТТ директорлары аталмыш мерзімде өткарған жұмыстары жөнінен есеп беріп, алға қойған мақсат-міндеттерімен бөлісті.

Алматы облыстық телекоммуникация дирекциясы телефон желілеріне 304,4 мың нөмір тіркелген, яғни жоспар 123 пайызға орындалған. Атымдағы жылдың 9 айында гана 22,8 мың нөмір орнатылған. Интернет желісіне кеңжолақты катынау халық арасында кеңінен танымал болып келеді. Үстімдегі жылдың қаңтарынан бастап қараша айына дейін интернетке 10 мың орнату жүргізілген, пәтижесінде қызметтерді пайдаланушылардың саны 52,6 мың абонентті құрады. Ал қалааралық және халықаралық телефон сөйлесулерінің трафиктері 148,1 млн. минутты құрады.

Ұсынатын телекоммуникация қызметтерінің ассын кеңейту және сапасын жақсарту үшін кезде бар желіні дамыту бойынша жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде. Атап айтқанда, 2011 жылдың басынан бастап Қарасай ауданында ұзындығы 15 км. ТОБЖ құрылысы жүргізілді, пайдалануда. Бұл ТОБЖ-ның құрылысы Қарасай ауданының Қонсай, Теректі, Алгабас ауылдарын ауыстырып қосуға мүмкіндік берді. Үстімдегі жылдың соңына дейін 3 елді мекенді (Есмолла ауданының Бақтыбай ауылы, Қарасай ауданының Бекболат ауылы, Жамбыл ауданының Самсы ауылы) ауыстырып қосу жоспарланған. Бұл қызмет түрі 90 елді мекенде ұсынылуда. Дерек тарату тораптарын 1 Гбит/с жылдамдықпен ТОБЖ-ға ауыстырып қосу арқылы жалпы ұзындығы 200 км. Нұра, Майский, Масақ, Байсейіт, Ақсай ауылдарына тараған. Шелек, Шонжы және Кегенде аймақішілік ТОБЖ құрылысы аяқталды. Бүтінгі күні 18 аудан орталығында 17 - және ТОБЖ арқылы 1 Гбит/с жылдамдықпен қосылған ДТ торапгары жұмыс істеуде. ТОБЖ арқылы қосылмай NEC 48Е1 РРЖО-мен жұмыс істеп тұрған жалғыз аудан орталығы Бакинас ауылы гана қалып отыр. Жалпы ДТ-ның 214 торабы бар. Оның 150-і 70 пайызлық жылдамдықпен ТОБЖ-ға қосылған.

2011 жылдан бастап шығындарды оңтайландыру мақсатында 25 ауылдық аналогтық станcылар пайдаланудан шығарылып, олардың 11-і санаторий, 14-і WLL CDMA-ге ауыстырылып қосылған. Жыл соңына дейін қосымша 4 аналогтық станcыны пайдаланудан алу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, «Мектептерге интернет» бағдарламасы аясында Алматы облыстық телекоммуникациялар дирекциясының филиалдары облыс мектептеріне интернет қосу жұмыстарын белсенді жүргізуде. Бүтінгі күні барлық 737 мектеп телефондандырылған, 384 мектеп (52 пайыз) жоғары жылдамдықты, қалғандары dial-up немесе жергерік жүйесімен интернетке қосылған. Тұрғындардың интернетке қосылуын қамтамасыз ету үшін облыс әкімдігімен бірлесіп, 109 елді мекенде интернет (ҚҚП) қоғамдық қатынау пункттері ұйымдастырылған. «Қазақтелеком» АҚ күшімен гана алтық жатқан ауылдарда 79 интернетке қоғамдық қатынау пункттері орнатылған.

М. ҚАМБАРОВА,
Алматы ОДТ қоғаммен байланыс бөлімінің маманы.

● *Өнер*

«Іле сазы» облыс аумағындағы жүргізушілікке кешенді тапсырмал өнер ұжымы. Аудан әкімінің жанындағы балалар мен жасөспірімдер ансамбліне өз алдына отау тігеніне де, міне, 5 жылдың жүзі болыпты. Әр жылды толықтыра табыстарымен артқа тастаған өнер ұжымы талай жастардың жолын ашып, қанаттандырды.

«ІЛЕ САЗЫНЫҢ» АСУЛАРЫ

Жетісу
Елнұр ЖҮНІС

Солардың бірі халық аралық байқаулардың жүлдегері Жәнел Болатова. Жас талант Өтеген батыр кентіндегі М. Макатаев атындағы мектептің қабырғасында өнерін ерте ашып сонау Мәскеуге, Берлинге дейін барып, өнер көрсетіп, ең көрмендерінің өсем әнімен бұраған. Ал қазіргі таңда жас талант Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясының 2-курс студенті әрі «Гүлдер» ансамблінің ең жас әншілерінің бірі. Жәнелден басқа ұжым мүшелері де сан мәрте облыстық, республикалық байқауларға қатысып жүлделі орынды қанжығаларына байлап жүр. Белгілі композитор В. Питерцев жетекшілік ететін осынау ұжым мүшелерінің Астанаға барып, Президенттің Мәдениет сарайында Өнер академиясында, Ішкі істер министрлігінде тамылжыта өн шырқағандарын да күні кеше сияқты сезі. Содан бері кезеңде ел арасында жүріп, ең биіктігінтерін шыңдады. Ал әлде бағындырар талай асулардың да тұғыры анық.

Үстімдегі қараша айының соңында таман «Лесовичок» ансамбліЧапай ауылындағы аудандық Мәдениет үйінің сәнденінің құрылғанына 5 жыл толуына орай есептік концертін бермекші.

ІЛЕ АУДАНЫ.

Жетісу

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс – 27-41-50, бөлімшелер телефондары бас редактордың орынбасарлары – 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы – 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – 27-42-34, санат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі – 24-36-07, уақыт және өтпеуметтік мәселелер бөлімі – 24-32-43, білім және ғылым бөлімі – 24-30-57, фототілшілер –27-41-93, заң және ақпарат бөлімі – 24-29-82, есептеуіш бөлім – 24-35-28

Алматы қаласындағы тілшілер қосымы – 279-13-37 (факс) 79-13-86, 79-36-43.

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары Үшаралда – 2-12-57, Панфиловта – 5-12-21, Райымбекте – 2-22-05, Іледе – 2-19-33.

Газет табыс өтпемесе – 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция кезқарасын білдірмейді.

Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Өлкетаз" баспаханасында басылады.
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ – 2 баспа табақ.
ТАЛСЫРЫС – 1320.
ТАРАЛЫМЫ – 42 532.
ИНДЕКСІ – 65469.

Кезекші редактор: Болат АБАҒАН.

● *Халықаралық семинар*

ҚАРЫШТЫ ҚАДАМ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған «Халықаралық аккредиттеу: мәселелері мен перспективасы» атты халықаралық оқу семинары өтті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Болон декларациясын одан әрі жүзеге асыру және жоғары оқу орындарына халықаралық аккредиттеу агенттіктерінде мамандандырылған аккредиттеу үдерісін дамытуға кеңес беру, ұйымдастыруға көмек көрсетуді мақсат етken шарага ҚР Білім және ғылым министрлігі ұлттық аккредиттеу орталығының директоры Римма Сейдахметова, жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің Европалық реестрінің директоры Колин Тюк, Цюрих университетінің әлеуметтік және мәдени антропология департаментінің директоры Петер Финке (Швейцария), Ушинский атындағы Ярославль мемлекеттік педагогикалық университетінің проректоры М. Соловей, М. Осими атындағы Тәжік техникалық университетінің ректоры А. Абдурасулов және басқа да тәуелдік эріптестер мен аккредиттеу бойынша мамандар қатысты.

Қазақстандық жоғары оқу орындарын аккредиттеу білім беру бағдарламаларының шет елге танылуын, қазақстандық түлектердің басқа мемлекеттерге жұмысқа тұруын немесе оқуын жалғастыруды қамтамасыз етеді. Бұл – заман талабы. Осы талапқа өңіріміздегі бірден бірі жоғары оқу орны саналатын І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің сай келгені біздің жастарды білім мен біліктілікке тәрбиелеудегі жетістігімізді көрсетті. Нақтылап айтар болсақ, өткен жылы аталған оқу орнының «Математика», «Информатика», «Ақпараттық жүйелер», «Физика», және магистратураның «Математика», «Информатика» мамандығы Германияның FQUIN халықаралық аккредиттеу агенттігінің мамандандырылған аккредиттің екі кезеңінен өтті. Сондай-ақ, ағымдағы жылдың қараша айында Ұлттық аккредиттеу орталығының институционалды аккредиттеуі сүрлеуі шықты.

Пленарлық мәжілісте 8 баяндама жасалды. Одан кейін «Халықаралық аккредиттеудің процедуралары мен сатылары» атты «дөңгелек үстелмен» жалғасты. Келесі күні І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің мәжіліс залында өткен «Білім беру бағдарламаларының дублиндік дескрипторларға сәйкестігі» және «Келісілген білім беру бағдарламаларының үлгісі» атты семинар-тренингте білім беру саласында халықаралық деңгейде кол жеткен нәтижелер тізіге тиек етілді. Сонымен бірге, осы барыста университет аккредиттен өтуді ұйымдастыру жайындағы іс-тәжірибесімен де бөлісті. Сондай-ақ, қонақтар оқу орнының математика және жаратылыстану факультетін, университет мұражайын, спорт кешенін аралап, жоғары бағаланды.

Соңында семинарға қатысушыларға сертификат табыс етілді. Шын мәнінде екі күнге жалғасқан салтанатты шара халықаралық деңгейге тәжірибе алмасуға, білім сапасын арттыруға, өңірдегі оқу орындарының халықаралық білім кеңістігіне батыл қадам жасауға жол сілтеген аукымды шара болғанымен есте қалды.

● *Жайдарман жаңалық*

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейлі мерекесіне облыстық мұрағат мекемесі Райымбек ауандық филиалының шағын ұжымы да жақсы көңіл, лайықты еңбек тартуларымен қарсы алмақ.

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Биыл Райымбек аудандық мұрағат филиалының құрылғанына 25 жыл толып отыр. 1986 жылдан бері қарай осы мекемеде еңбек еткен жандар әр шаруашылық, мекеме, ұйымды аралап қажетті құжаттарды жинақтады. Жекелеген еңбек адамдарының мүддесі үшін қажымай-талмай еңбек етті. Бұл ретте әр жылдардағы мұрағат басшылары С. Тоқтарбаев, Н. Рысбеков, Д. Шакенов және марқұм Б. Өзбековаының есімдерін құрметпен атаймыз.

Қазір аудандық мұрағат филиалында 126 қор, 24247 сақтау бірлігі бар. Мұның сыртында ұзақ жыл шаруашылық басқарған, бүкіл саналы өмірін ел игілігіне арнаған республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, марқұм Қанәділ Әбдікерімовтің бір жеке қоры бар.

Жуырда «Жылдың үздік мұрағатшысы» байқауында филиал мұрағатшысы, әріптесіміз Гүлбақыт Нүптекеева бас жүлделі болып, мерейі артты.

Ү. СОЛТАНҒАЗИЕВА,
«Алматы облыстық мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесі Райымбек филиалының директоры.

● *Имандылық ілімдері*

Діңтану - жауапты мәселе

Жетісу
Мырзагали НҰРСЕЙІТОВ

құтылудың бір-ақ жолы – дәстүрлі діңді азаматтар терең таныл, басқаның құйтырқы уағызына қоғамда жол бермеу. Әр нәрсеге еліктіш, еліктегіш зарадың арасында бұл бағыттағы түсіндіру шараларын пәрмеңділікпен жолға қойылуға тиіс. Аудан прокурорының аға көмекшісі Арзығүл Имрованың білім беру мекемелері қызметкерлері алдында сөйлеген сөзінде осы мәселелер жіліктеп айтылып, жәтеп сараланды.

Аудан әкімінің орынбасары Амантай Раев «Діни экстремизм мен терроризм көріністерінің алдын алу және болдырмау шараларын іске асыру» деген тақырыпта хабарлама жасады. Ол өз сөзінде елімізге сырттан келіп, Ислам дінін экстремистік бағытта уағыздап, адамдардың санасын улап жүрген діни ағымдардың аттарын атап, ерекшеліктеріне жете тоқталды. Осы топтардың ықпалымен республиканың әр-әр жерінде бой көрсеткен оқиғаларды да сараланды.

АІБ бастығының орынбасары Руслан Керімқұлов жақында Көктал кентінде «Оқушы қыздарды «сақалдылар» ұрламақ болды» деген ақпардың жай-жапсары тексеріліп, оның жалған қауесет екенін хабарлады. Кеңесте білім беру саласының қызметкерлері қарапып отырған мәселеге байланысты өздерін мазалаған сұрақтарын беріп, оларға аудан басшылары мен құқық қорғау қызметкерлерінен қанағаттанарлық жауаптар алды. Кеңесте білім беру мекемелерінде жастарға діңтану сабағын дейекті, нәтижелі жүргізу жүктелді.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

Сахитжан Баймахатовтың атына тіркелген Талдықорған қаласы Батыс ауданындағы № 135-үй, 1-ші әскери қалашықтағы 4-үй, 8-пәтердің құжаттары жоғалуына байланысты, жарамсыз деп танылсын.

Бикен Римова атындағы облыстық драма театрының 2011 жылғы желтоқсан айындағы репертуары:

р/с	авторы	Қойылымның аты	Болатын күні	Басталуы
1.	Р. Отарбаев	«Үйлық» драма (премьера)	2 желтоқсан	15.00 18.30
2.	Р. Отарбаев	«Үйлық» драма (премьера) жұлдызды 20 күнге арналады	6 желтоқсан	15.00
3.	Т. Ахтанов	«Күшік күйеу» (комедия)	7 желтоқсан	18.30
4.	Б. Ұзақов	Жаңа жылдың шытырман оқиғалары. (ертегі)	12 – 24 желтоқсан	10.00 12.00

Амантай Битлеуұлының атына тіркелген 1162191 нөмірлі кадастрлық нөмірі 03-268-939-195 шаруа қожалығын жүргізу үшін 2004 жылғы 17 маусымда берілген уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беретін акт жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

● *Білім шаңырағында*

Қоршаған әлемде көптеген қауіпті жағдайдың бар екені рас. Соның бірі – өрт. Өрт адамзат баласының өміріне қауіп төндіріп, зор материалдық шығындарға алып келеді. Жыл сайын өрттен мыңдаған адамдар, оның ішінде жас балалар да опат болып жатады. Осыған орай мектебімізде «Өмір сүру қауіпсіздігі» курсы аясында өрттен сақтануға арналған сабақтар өткізілін тұрады.

ӨРТТЕН САҚТАНУ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

№4 орта мектептің директоры Гауһар Елубаеваның бастамасы бойынша мектебімізде жас өрт сөндірушілер жасағы құрылып, жұмыс жасауда. Мекеме басшысының бұл іске жете мән беруі өрт қауіпсіздігі мәселесінің қоғамды қатты алаңдатып отырғандығынан болса керек. Мектебімізде білім алып, тәрбиеленіп жатқан мың жарым оқушының өмірі мен денсаулығы директор жұмысының ішіндегі ең маңыздысы болып саналады. Сондықтан да бұл жас өрт сөндірушілер жасағы штабының жұмысын Гауһар Сламғалықызының өзі басқаруға алып отыр.

Өткен 2010-2011 оқу жылында мектебімізде «Жалынды жасақ» командасы қала мектептері арасында өрттен құтқару спорты бойынша өткен жарыстарда II жалпыкомандалық орынды иеленді. Бұл жарыстың кейбір жекелеген түрлерінен жүлделі І орынға да қол жеткізілді.

Өрт қауіпсіздігі айлығы аясында мектеп жоспарына сәйкес көптеген шаралар іске асырылды. Атап айтар болсақ, «Өрт – адамзатқа қас жау», «Өрттің туындау себептері», «Өрт кезіндегі оқушылардың іс-әрекеттері», «Өрт кезінде көпшілік демалатын орындардан адамдарды алып кету» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Жоғары сыныптарда өрт сөндірудің бастапқы құралдары және оларды қолдану әдістері түсіндіріліп, дидактикалық ойын өткізілді. Осы өрт қауіпсіздігі қызметі мамандарының қатысуы балаларға айрықша әсер қалдырды. Осындай мектебіміздегі жанды жұмыстың арқасында оқушыларымыз өрттің қауіптілігін жете түсініп, одан сақтанудың жолдарын меңгерді.

Әсел ЖАЙЛЫМЫСОВА,
№4 орта мектептің педагог-ұйымдастырушысы.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

Нуратдин Дарибаевтің атына берілген 3365 нөмірлі оралман куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

«Операционная компания «АККУ» ЖШС Алматы облысындағы жұмыстар үшін төмендегі мамандықтар бойынша жұмысқа қабылдайды: Сапа жөніндегі инженер – 10 бірлік. **Талаптар:** тиісті сәйкестіктегі мамандық бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан соңғы білім мен сәнаты жоқ сапа жөніндегі инженер лауазымындағы 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі. Жабдықтарды жинақтау жөніндегі инженер – 10 бірлік. **Талаптар:** тиісті сәйкестіктегі мамандық бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан соңғы білім мен сәнаты жоқ жабдықтарды жинақтау жөніндегі инженер лауазымындағы 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі. Түйіндемені мына телефон бойынша жіберуге болады: **8 (727) 385-59-12, тел/факс: 8 (727) 385-59-12.** Уәкілетті орган: Алматы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, **Талдықорған қ., Қабанбай батыр көш., 26, телефон: 8 (7282) 270834.**

«Хуа-Ю Пейпа Фэкторы» ЖШС Алматы облысындағы жұмыстар үшін төмендегі мамандықтар бойынша жұмысқа қабылдайды: Коммерциялық директор – 1 бірлік. **Талаптар:** тиісті сәйкестіктегі мамандық бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан соңғы білім мен экономикалық жұмыстардағы жетекші лауазымдардағы 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі. Сынақ және жүйелеу жөніндегі инженер – 10 бірлік. **Талаптар:** тиісті сәйкестіктегі мамандық бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан соңғы білім мен санаты жоқ сынақ және жүйелеу жөніндегі инженер лауазымындағы 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі. Инженер-технолог – 10 бірлік. Талаптар: тиісті сәйкестіктегі мамандық бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан соңғы білім мен санаты жоқ инженер-технолог лауазымындағы 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Түйіндемені мына телефон бойынша жіберуге болады: **8 (72772) 4-43-62, тел/факс: 8 (72772) 4-43-62;** Уәкілетті орган: Алматы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, **Талдықорған қ., Қабанбай батыр көш., 26, телефон: 8 (7282) 270834.**

Газетіміздің келесі саны 3 желтоқсан, сенбі күні шығады.

e-mail:
Jetisu2002@mail.ru
www.
Zhetysu-smi.kz

Бейсенбі,
15 желтоқсан,
2011 жыл

Талай заман жаныштап жабырқатқан,
Тәубаға кеп тартқандай тәңір қарған,
Мен күш алып, аспандап тұрмын бүгін,
Таңырқаман, бірақ мен таңырқатам.

МҰРАТ

Жеті жұрт көшіп кеткен соң,
Атамыз қазақ баласы
Қонып мекен еткен жер.
Мыңнан-мыңнан
жылқы айдап,
Жүзден-жүзден нар байлап,
Дәулеті қалың біткен жер.



ЕГЕМЕН БОЛМАЙ ЕЛ БОЛМАС

(Соңы. Басы 1-бетте).

Елордамыз бүгінде елдігіміздің айғағына, мемлекетіміздің айбарына, барша қазақстандықтардың мақтанышына, отық ойлардың ортасалмағына айналды. Оның ізгі идеялары әлемге тарай бастады.

Бұл Тәуелсіздігіміздің арқасында тәңірдей жоқ «Мойнақ» ГЭС-і мен «Жетіген — Қорғас» теміржол желісінің бірінші кезегі бымай пайдалануға берілді, – дей келе Анвар Тұрсымханұлы өткен уақыт аралығында облыста білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік, мәдениет саласы бойынша қол жеткізілген табыстарға тоқталып өтті.

– Ор рухты бабаларымыздың арманы болған, бүгінгі бақытты ұрпақтың кепілегіне баянды ететін бостандықты осы үстіу бізге сыи. Қазақ халқының тарих алдында жүзі таза, пейілі ақ, иманы түзу. Елді осы пейілімізге келген Тәуелсіздіктің туын биік ұстау перзенттік парызымыз, бабалар алдындағы қарызымыз. Бүгінгі бар жерде ырыс тұрады. Бітімгершілігі артар берсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын. Елімізге ешкім қас тұлымен айбарлы, Гимнімен тұғырлы, Елбасымен өнегелі болсын. Тұлымыз мәңгі кекте желбіресін, азаттық рухы ешқашан бәсеңдемесін! Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы құтты болсын!

Өткен жыртыа жылда қол жеткен табыстарымыздың өздігінен келмегені белгілі. Тәуелсіздік тұғыры берік болуы үшін азаматтарымыз уақыттың сынақтай сынбек етіп, ел экономикасын нығайтуға үлес қосты, тығырықтан жол тауып, тынға түрен салды. Сондықтан осынау мерейлі мерекеқарсаңында Қазақстанның абыройын асқақтату жолында тер төккен азаматтардың еңбегіне лайықты баға беру заңды құбылыс. Салтанатты жиында әлемнің бір топ азаматтары Отанымыздың жоғарғы наградаларымен марапатталды. Мерекелік шараға жиналған жұртшылықты еңбек ардагері Амангелді Шегіров, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Ақсалым Идиров және Ескелді Әуданұлы «Жетісу шұғыласы» газетінің тілшісі Жидәря Асанәлиқа құттықтады. Салтанаттың соңы Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның өнерпаздары көрерлеп концерттік бағдарламасын ұсынды.

ҰЛДЫЗДЫ ЖИЫРМА КҮН

«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ЖИЫРМА ШЫҒЫ – ЖҰЛДЫЗДЫ ЖИЫРМА КҮН» АЯСЫНДА ӨТКЕН ІС-ШАРАЛАР

«Тәуелсіздіктің жиырма шығы – жұлдызды жиырма күн» шеберлігінде қандай бастамалардың көтерілгін, неидей шараларды өтіп жатқаны бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оқырмандарға дер кезінде насихаттатуда. Мұнымен қатар, басшасы әкімдерінің ағсалысуымен қолға алынған жақсы бастамалар да жетіліпті. Соның бірі облыстық «Жетісу» газеті мен І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті колледжінің ұйымдастыруымен аталған колледждің мәжілісі залында өткен «Жетісуым – жерұйығым» атты жас таланттардың шығармашылық байқауын айтуға болады.

Жетісу
Қажет АНДАС

Байқау екі кезең бойынша өткізілді. Алдымен «Жерұйығым – Жетісу» тақырыбына арналған жазылған үлгі шығарма жазу марапатталды. Оған қалалық 11 мектептен 50-ге жуық оқушы өз шығармасын ұсынған еді. Әділқазылардың шешімі бойынша Д. Рамазова атындағы №3 мектеп-интернаттың оқушысы Гүлнұр Тақабаева бас жүлдені иеленді.

Екінші тур көркем шығармаы мәнерлеп оқу бойынша өтті. Бұл сайыстың бас жүлдесін ЖМУ педколледжінің 1-ші курс студенті Аяжан Ермек жеңіп алды.

Жеңімпаздармен қатар байқауға қатысқан барлық оқушылар әртүрлі номинациялар бойынша облыстық «Жетісу» газеті мен І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті колледжінің Алғыс хатымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, оқушыларын байқауға жақсы дайындаған ұстаздарды белсене атсалысады. Сондықтан ЖМУ педколледж қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы, педагог жаңашыл құралған «Абайдың қара сөздерін» мектебінің жетекшісі Раушан Молдақұлова мен тарих пәнінен оқытушысы Күлтай Рақатқызына облыстық «Жетісу» газеті атынан «Тіл жанашыры» дипломы табыс етілді.

«ЖЕТІСУМЕН» БІРЛЕСКЕН ШАРА



Осы орайда, педколледж директоры Айгүл Мұхамадиеваның басшылығымен колледж ұжымының мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында түрлі байқаулар ұйымдастырып, студенттерге үлгі көрсетіп келе жатқанын айта кеткен жөн. Аз мерзімді шараларды ретті өткізе келесідей ұсыстарды белсене атсалысады. Сондықтан ЖМУ педколледж қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы, педагог жаңашыл құралған «Абайдың қара сөздерін» мектебінің жетекшісі Раушан Молдақұлова мен тарих пәнінен оқытушысы Күлтай Рақатқызына облыстық «Жетісу» газеті атынан «Тіл жанашыры» дипломы табыс етілді.

Тәуелсіздіктің 20 жылдық мерекесі жақындаған сайын қашаннан мерейге толы Қарасай ауданында жаңалықтар жаңа серпін алып, қуанышқа толы жақсы хабарлар жиілей түсті.

МЕРЕЙ АУЫЛЫНДАҒЫ МЕРЕКЕ

Жетісу
Сайлаубек БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ

Сонау бір, мәдениет жұмысын бірнеше жыл бұрын мүлдем тоқтатқан ауданның Мерей ауылындағы Мәдениет үйі өзінің жұмысын қайта жандандырды. 250 орынды мәдениет ошағына үстіміздегі жылдың маусым айында 63 млн. 96 мың теңге қаржы бөлінген еді. Өкінбеймін, ғимараттың күрделі жөндеуіне тапсырыс берген аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімі құрылыс жұмысын тиімді өзін бақылауына алған болатын. Жұмысты орындаушы «Арыстан-Құрылыс» ЖШС-і күрделі кестеге сәйкес жүргізді. Сөйтіп, белгіленген мерзім үстіміздегі жылдың желтоқсан айында жөндеуді толық аяқтап шықты.

Жаңадан жөнделіп, өңкесі биіктей түскен Мәдениет үйінің ашылу рәсімін жасап, ауыл тұрғындарының қуанышына ортақтасқан аудан әкімі А.Дауренбаев жаңа ғимараттың төрінде Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай ауданның бір топ мәдени саласында еңбек етіп жүрген өнер адамдарын Алғыс хатпен марапаттады.

Қазір мәдениет үйінде 8 адамнан тұратын өнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. Алдымыздағы жылы Мәдениет үйінің штаттық кестесі 11 адамға дейін өседі деп жобалануда.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында қайта оралған Мерей ауылының Мәдениет үйі бұл күні күмбір күй мен өсем әнге бөленді.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

ТҰСАУКЕСЕР

Күні кеше ғана Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде тұсаукесер рәсімі болып өткен жаңа кітап осылай аталадм.

20 жыл тәуелсіздік қызметінде



Салтанатты жиында ашып, жүргізіп отырған осы университеттің оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі бірінші проректоры, заң ғылымдарының докторы Ләззат Ерсінбаева сөз басында тәуелсіздігіміздің мерейлі мерекесі қарсаңында оқырмандарға жол тартып отырған жаңа кітаптың авторы турасында мәлімет беріп өтті.

– І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетіндегі «Мемлекеттік басқару және менеджмент» кафедасының профессоры, экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша аумақтық басқармасының бастығы – Тергеттік кеңестің төрағасы Серікбай Өрікбайұлы Нұрғисаевты тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына және оның білім, ғылым саласының басмекге қабілетті болуына сүбелі үлес қосып жүрген ғалым және қоғам қайраткері ретінде таныаы, – деді Ләззат Қалымбетқызы сөзінен басында – ол магистранттар мен студенттерге мемлекеттік қызметтің теориясы мен практикасының негіздерін тағыша әдістемелік деңгейде жеткізе білген, білімгерлер қауымының тәжірибелі ұстазы.

Серікбай Өрікбайұлынан білім алған шәкірттер халық шаруашылығының түрлі саласында жемісті еңбек етіп, ұлттық экономиканың қуатын арттырып жүр. Ол алғашқылардың бірі болып теориялық қағидаларды нақты өмірмен байланыстырып, Алматы облысындағы мемлекеттік қызметтің дамуын, оның облыс тұрғылығы мұлалын баяндап беретін кітап ұсынып отыр. Осы арқылы мемлекеттік қызметкерлерді тәуелсіз Отанын шексіз сүюге, ынтымақ, бірлігі жарасқан елімізді тұғыры мықты, рухани байлығы мол болуына да үлес қосып отыр. Олай болса, барлаларыңызды «20 жыл тәуелсіздік қызметінде» атты кітаптың дүниеге келуімен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Осыдан кейін кітаптың тұсаукесер салтанатының құрметті қонақтарына сөз кезегі берілді.

Алғашқы болып мінберге көтерілген философия ғылымының докторы, профессор, университеттің халық аралық қатынастар және ғылым жөніндегі проректоры Дүйсебек Нұрғабылұлы Серікбай Өрікбайұлының «20 жыл тәуелсіздік қызметінде» атты кітабының маңызы мен оның мемлекеттік қызметкерлер және білімгерлерге берер өнегесі жайлы кеңінен әңгімеледі. Осы кітаптың шығуына үлес қосып, елімздегі енді қалыптасқан мемлекеттік қызмет жөнінде терең зерттеу жүргізген философия ғылымдарының докторы, профессор Қасабек Аманжолдың да айтары мол екен. Ол осы еңбекке мақала дайындау кезінде қазақ халқының ел басқару жүйесіне терең талдау жүргізіп, дала демократиясының құдіретін сезінгенін шынайы сезімнен айтты.

Сөзен Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханаының директоры Мақпал Нұрғалиева барлық білімін қара шаңырағы – кітапханға өнегінін түге тиек ете келіп, Серікбай Нұрғисаевтың жаңа кітабы орталық кітапхана арқылы оқырмандарына қолжетімді болса деген тілегін де жеткізді.

Осыдан кейін мінберге жаңа кітаптың авторы Серікбай Өрікбайұлының өз хатерлі, бұл еңбегің шығуына түрткі болған жайларға, онда көтерілген мәселелерге жалпы шаңырақ өтерегінде 20 жыл болған Балқаш мемлекеттік басқару институтын құрудағы қазақстандық үлгіге терезмен тоқталып өтті. Ол сонымен бірге кітапқа мақалалар әзірлеген жекелеген авторларға алғысын айтып, салтанатты жиналған жоғары білімгерлерді мемлекеттік қызметтің қыр-сырымен таныстырып, Отанға қызмет етуге шақырды.

Кітаптың тұсаукесер рәсімінде университеттің өнерпаз студенттері ән мен жырдан шашу шашып, мерекенің шаңрағын келтіре түсті.

Қуат ӨБІЛ.

Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

ЖУРНАЛИСТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

«Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында елден ерек шараға ұйытқы болған еді. Жыл басында партия филиалы журналистер арасында «Тәуелсіздік жетістігі – Тәуелсіздік тарихы» атты байқау жариялады. Күні кеше осынау шығармашылық сайыстың қорытындысы шығарылып, өзге шапқандарға Дипломдар мен Алғыс хаттар және бағалы сыйлықтар тапсырылды.



Көркі гимараттағы мәжіліс залына жиналған журналистер алдында сөз алған облыстық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ергазы Қошанбеков Жетісу жерінің Тәуелсіздік мерейтойына толайым табыстармен келіп отырғанын нақты дәлелдер келтіре отырып айтып өтті. Жарқын жетістіктерде облыс аумағында қызмет атқарып жүрген журналистердің де үлкен еңбегі барлығын айрықша атап кетті. Соңын кейін БАҚ қызметкерлері арасында жарияланған бірінші байқауға Жетісу жеріндегі республикалық БАҚ тілшілері мен облыстық, аудандық телеарна мен басылымдар өкілдерінің белсене қатысқандығына тоқталды. Мұнан кейін «Тәуелсіздік жетістігі – Тәуелсіздік тарихы» атты байқау бірнеше аталым бойынша өтіп, солар бойынша жеңіске жеткендерге құрмет көрсетілді. Республикалық БАҚ бойынша «Хабар» телерадиосының Алматы облысындағы тілшісі Әділхан Сахариев, «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Күмісжан Байжан, «Дала мен Қала» газетінің бөлім меңгерушісі Нұрлан Жұмахан, Заң» газетінің тілшісі Нұрбол Әділбаев марапатталды. Облыстық БАҚ журналистері арасында топ жарған «Жетісу» газетінің бөлім меңгерушілері Шолпан Жұмаділова (суретте) мен Қуат Қайранбаев, «Жетісу» телеарнасының қызметкері Шынғыс Қабиден және «Отан Алатау» газетінің ұжымына арнайы сыйлықтар мен дипломдар тапсырылды. Бірқатар аудандық және қалалық газеттер мен олардың тілшілері де Дипломдар мен Алғыс хаттарға, бағалы сыйлықтарға ие болды.

Марапаттау соңында «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының бастамасымен әрі қолдауымен алғашқы нөмірі жарық көрген «Нұр Отан» қоғамдық-саяси журналының тұсауы кесілді, басылымның баспасөз әлемінде бастапқы қадамының сәтті болуына қатысты тілектер айтылды.

Болат БЕК.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында Астанада Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен, үш айтулы оқиғаны бірлестірген «Индустрияландыру күні» өтті. Ол бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі конкурс жеңімпаздарын марапаттау салтанатымен ашылды. Осыдан кейін Президенттің «Алтын Сапа-2011» сыйлығының лауреаттары мен «Қазақстанның үздік тауары» көрме-конкурсының дипломанттарына сый-құшеметі көрсетілді.



«ҚАЙНАР АКБ» -НІҢ ЖЕТІСТІГІ

Жетісу
Болат АБАҒАН

Өздеріңіз білетіндей соңғы жылдары Мемлекет басшысының «Алтын сапа» сыйлығы тағайындалып, «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығаын кәсіпорындарға тапсырылып жүр. Алматы облысындағы өнеркәсіп пен кәсіпкерлік саласының абыройын асырып, мәртебесін тасытын жүрген үлкенді-кішілі кәсіпорындар осынау дүбірлі додада алдан көрініп келеді. Осы тамаша дәстүр бұлда жалғасын тауып, кейінгі жылдары өндіріс ауқымын барынша кеңейтіп, жаңа технологияларды іске қосу арқасында өнімдерін алыс шет елдерге де шығара бастаған «Қайнар АКБ» ЖШС тамаша жеңіске жетті. Талдықорғандықтардың аккумуляторшылар ҚР Президентінің «Алтын сапа» армайы сыйлығының иегері атанды. Нақтырақ айтқанда, шағын және орта кәсіпкерлік санатында «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын» аталымы бойынша еліміздегі ең таңдаулы кәсіпорын болып танылды.

Бұл табыс – кәсіпорынның ғана емес, бүкіл талдықорғандықтардың, жетісуластардың жеңісі екені даусыз. Өйткені, дал кәзіргі кезде Алматы облысында ел игілігіне қызмет етіп, өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосам деген іскер жандар мен ірігелі кәсіпорындарға барлық қолайлылықтар қарастырылған. Табыстың көзін тап та, іске кіріс. Сонда жетістік те өзі құтқізбейді. Оған алғаш жұмысқа кіріскеніне бұл 36 жыл болған «Қайнар АКБ» ЖШС-ин Тәуелсіздік мерейтойы қарсаңында қол жеткізген бинт дәлел бола алады.

Қала әкімінің марапаты

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Тәуелсіздіктің жиырма шығы – жұлдызды жиырма күн» аясында қала әкімдігі сайтанатты жиын өткізді. Онда қаламыздың көркөнеріне еңбегі сіңген қоғам қайраткерлері, мемлекеттік қызметкерлер, зейнеткерлер мен ұстаздар, жалпы 90-нан астам адам Тәуелсіздіктің жиырма жылдық медалімен марапатталды.

Марапаттау рәсімін қала әкімі Мақаббат Бигелдиев құттықтау сөзбен ашып:

– Қымбатты қала тұрғындары!

Ең алдымен сіздерді Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесімен құттықтаймын. Бағамызға мәлім, көпегі жылдары қаламыз ұжымдарымен бірге көркейіп, кемелденіп келеді. Бүгін сіздердің үлестеріңіз бар. Сондықтан мерейлі мерекеге орай, өздеріңізбен кездесіп, еңбектеріңізге алғыс білдіруді жан санадым, Ендеше, бұдан кейін де денсаулықтарыңыз мықты болып, елімізді, өркендеуі үшін еңбектене беріңіздер, – деді қала басшысы.

Осыдан кейін басқосуға қатысқан қонақтарды марапаттау рәсіміне кезек берілді. Шараның соңы жаңадан құрылған «Талдықорған әуендері» этнографиялық-фольклорлық ансамблінің концертіне ұласты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ОТАН – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

Қаламыздағы №5 балабақшасында «Тәуелсіздіктің жиырма шығы – жұлдызды жиырма күн» аясында балғындардың музыкалық-сазды кеші өтті. Оған балабақшадағы балалар тегіс атсалысты.

Шараның мақсаты мен мәні туралы балабақша меңгерушісі Айым Түстікбаева: – «Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген халық нақылына орай, балаларды патриотизмге, отансүйгіштікке тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан бақшамызда мұндай шаралар жиі өткізіліп тұрады. Ол, бір жағынан, бала бойындағы қызығушылықты оятып, елге, жерге деген құштарлығын арттырса, екіншіден, ұлттық болмысымыздың балдырғандар санасына ықпал етуіне жол ашады, – деп түсіндірді.

Ал балабақша әдіскері Ғалия Молдаханова ұжымның тыныс-тіршілігімен таныстырды. Оның айтуынша, қазір мұнда 12 топ бар, оның 11-і қазақша, біреуі орыс тілінде тәрбие жұмысымен айналысады. Онда 280-нен астам балғын тәрбиеленуде. Кеңес дәуірінде ашылған бұл балабақша ұзақ жылдар бойы ұжымның ұйымдастыруымен ата-аналардың қолдауымен, қамқорлығымен жұмыс істеп келеді. Ғимарат ескіріп, қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі туындаған кезде ата-аналар қаражат жинап, балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайтуға үлес қосқан. Ғимарат ескіріп, қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі туындаған кезде ата-аналар қаражат жинап, балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайтуға үлес қосқан.



Елбасының биылғы халыққа Жолдауында орай «Балапан» бағдарламасы аясында бала бақшаларына жол ашудың кәптеген ірі жобалар іске асырылып, олардың білім алуына қолайлы жағдай жасалуда. Тақуда мұның тағы бір жарқын үлгісіне куә болдық.

Одағы кезінде салынып, тоқырау жылдары жұмысын тоқтатқан балабақша осыдан екі жыл бұрын «Балапан» бағдарламасы аясында күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілген. Осы аралықта ұжымның жеткен жетістігі көңіл қуантады. Ғылым академиясында көрсеткен зерттеу жұмыстарымыз жақсы баға алса, Көкшетау және Шымкент қалаларында өткен халықаралық ғылыми конференцияда біздің бастамамыз өзге әріптестеріміз тарапынан қолдау тапты. Осы барыста жинақтаған тәжірибеміз негізінде «Әуенді денешынықтыру» атты кітап шығарылған.

Құрылғанына аз уақыт болса да үлкен жетістікке жетіп үлгерген ұжымның бүгінгі шараға мықты дайындалғаны көрініп тұр. Мемлекет Гимнімен басталған шара барысында ән айтылып, би биленді, түрлі қызықты ойындар ойналды. Көпшілік балғындардың енерине тәнті болып тарады.

Қ. ШАҚЛИН.

ЖАҢА МЕКТЕПТЕ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛДЫ

«Жетісу» газетінің өткен сандарының бірінде Алакөл ауданының Қоңыр ауылында оқушылар ескі мектептің тарлығынан екі кезекте оқып, қосымша сабақтар, өртүрлі шаралар өткізуге жағдай жоқ екенін, салынып жатқан жаңа мектептің пайдалануға берілуін асыға күтіп отырғанын жазғанбыз.

Тәуелсіздік күні қарсаңында Қоңыр орта мектебінің оқушылары мен ұстаздар ұжымына қуанышқа кенелді. 180 орынды жаңа мектеп пайдалануға берілді. Кең де жарық, жылы, жаңа құрал-жабдықтармен жарақтандырылған мектепте оқушылардың алдында білім алып, спортпен шұғылдануына толық жағдай жасалыпты. Мектептің ашылу салтанатына облыстық мәслихаттың хатшысы А. Сыдық қатысты.

С. ХАСЕНОВ.

АЛАКӨЛ АУДАНЫ.

«Тәуелсіздіктің жиырма шығы, жиырма жұлдызды күн» аясында С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада бірқатар шаралар өтті. Айталық, 7 желтоқсан күні «Теп теңге – Тәуелсіздігіміздің белгісі» тақырыбында банк қызметкерлерімен кездесу болды. Шараға қала колледждерінің студенттері қатысты.

КІТАПХАНАШЫЛАР ҮЛЕСІ

Кездесуге Талдықорған қаласындағы «БТА Банк» (Қазақстан) акционерлік қоғамы еншілес ұйымының филиал директорының орынбасары Темірхан Омаров, банк маманлары Сания Борамбаева, Индира Жазыбекова қатысып, теңге тарихы, банк қызметі жайлы әңгіме өрбітті. Шара барысында студенттер екі топқа бөлініп, ақша және экономика саласына қатысты сұрақтар қойып, жауап қайтарды. Сондай-ақ, топтар өзара сайысқа түсіп, білгірлігін сарапқа салды. Нәтижесінде «Тарихшылар» тобы өз тапқырлықтарымен алға шықты. Кездесу барысында студенттерге «Ұлттық теңге» атты слайд көрсетілім. «Ақша – халық байлығы» атты кітап көрмесін тамашалады.

Ал 8 желтоқсанда «Шаңырақ» күні аясында «Отан – отбасынан басталады» тақырыбымен кітапханаының тұрақты оқырмандарымен әдеби-сазды кеш өтті. Шара барысында оқырмандар назарына «Отан – отбасынан басталады» кітап көрмесі ұйымдастырылып, «Адам және отбасы» атты слайд ұсынылды.

Сара Кәденқызы бастаған әжелер ұлттық салт-дәстүр жайлы көрнекі көрсетіп, «Анаға сөлем». «Қазақтың келіндерчай» және басқа да әндерді кәкшілікке тарту етті.

С. ЕСІМБЕКОВА,
кітапханаының ақпараттық-библиографиялық бөлімінің қызметкері.

МӘНДІ ШАРА

Ел Тәуелсіздігінің жиырма жылдығына орай Чапаев ауылындағы №10 орта мектепте «Тәуелсіздіктің жиырма шығы – 20 жұлдызды күн» аясында тәрбиелік мәні зор шаралар ұйымдастырылуда.

Атап айтар болсақ, «Ремздер – шежірем менің», «Туым – намыс, ұраным – бірлік», «Бір шаңырақ астында», «Жастар – ел тірегі», «Ұлттық валютамыз теңге» тақырыптарындағы тәрбие сағаттары жоспар бойынша өткізілді. Бұл шаралар мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ж. Оқасова мен Ж. Ыбыкешевтың ұйымдастыруымен жүзеге асырылуда.

Мектеп кітапханасында М. Жәкеевтың жетекшілігімен «Қазақстан, сені мақтан тұтам», «Ата Заң», «Сен өз құқықыңды білесің бе?», «Астана сәулеті – жаңа мемлекеттің бейнесі» тақырыптарында кітап көрмелері жұмыс істеді. Сондай-ақ, білім шаңырағында өткен «Құз сынақ», «Тәуелсіздік – жыр анам», «Ғылым бірін білім келеді», «Қазақшаның қалай?» бәйгелерінде дарынды шәкірттерімз білім өнер сайысына түсті.

Мектеп оқушыларының шығармашылығына да кеңінен орын берілді. «Тәуелсіздік тұғырындағы 20 жыл», «Қазақстан – бізден ортақ шаңырағымыз», «Біздің ауыл тамаша», «Астана – әрқашан жас қалаң», «Қазақстан – ядролық қарусыз мемлекет» тақырыптарында сурет, қабырға газеттерінің байқаулары өткізілді.

Сонымен қатар қазақтың ұлттық ойындары ойналып, спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Аталған іс-шараларды мәнді өтуіне мектеп мұғалімдері мен оқушылары белсене атсалысты.

Анар ТӨЛЕГЕНОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ІЛЕ АУДАНЫ

«Жетісу» -95

Сен – анасың,
Анаша қуанасың,
Қанағат пен бақытқа
жұбанасың.
Алабүлік еркекті адам
етіп,
Ақылдыдан данышпан
шығарасың.

Солай болған,
Сен солай бола аласың.
Күн нұрынан өйткені нәр
аласың.
Ана деген ардақты
атыңменен
Әйел деген әдемі қара
басың.

АБЗАЛ ЖАНДАР

Адам баласы үшін ең қымбат байлық – жан мен тән. Әрине, жанын жайлы, тәнің аман болса, одан өткен қуаныш жоқ. Осы тұрғыдан келгенде жанына сәуле құйып, тәнің ауырғанда арашашы болатын дәрігерге өмірдегі барлық жақсылықтың жасалуы керек. Ал осы сала мамандарының денін әйелдер қауымы құрайтынын ескерсек, бір қолымен бесікті тербеткен жандардың, екінші қолымен әлемді әлдилеп жатқанына тәнті боласың. Халқымызда: «Ауырып ем ізлегенше, ауырмайтын жол тап» дейтін қағида бар. Десе де, ауруды ешкім қалап алмайды. Алайда, ауыра қалған жағдайда ақ халатты жандарға жүгінеріміз даусыз. Ендеше, жылына бір келетін аналар мерекесінде дәрігер қыздар жайлы ойда жүрген тақырыпты қаузап, олардың еңбегі мен өрлігі жайлы оқырмандармен сыр бөліспеу әбестік саналатын еді. Осындай оймен Светлана Нұрмұхамбетова басқаратын қалалық аурухананың диагностикалық орталығына бас сұқтық.

Кәжет АНДАС
"Жетісу"



Орталықтың ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Бақыт МОЛДАХАНОВА қала тұрғыны, зейнеткер Бижамал ДҮЙСЕНОВА апамызға кеңес беруде.
Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің

Әрине, бұл орталықты таңдап алуымыздың өзіндік себебі бар. Өйткені, аталған орталықта жұмыс жасайтын дәрігерлердің 80 пайызын құрайтын қыздарға алыс-жақыннан дертіне дауа іздеп келетіндердің алғысы мен ықыласын жиі естіп жүреміз. Расында солай екен. Оған орталықтың ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Бақыт Молдахановамен кездескенде көз жеткіздік. Келген мақсатымызды түсіндіріп едік, бірден жылы қабылдап, қойған сұрағымызға түщымды жауап беруге тырысты.

Сөз арасында білгеніміздей, Бақыт Хамитқызы1984 жылы Алматы медициналық институтын бітіріп, алғашқы еңбек жолын Алакөл ауданы, Үшарал қаласындағы аудандық ауруханадан бастап, дәрігерліктің сан баспалдағынан өтіпті. Сол ұжымда 19 жыл жұмыс жасап, мол тәжірибе жинақтайды. Терапевт, кардиолог, невропатолог мамандықтарын терең меңгерген маман 2002 жылы қалалық аурухананың жанынан ашылған диагностикалық орталыққа ауысып, қазір сондағы ұйымдастыру-әдістемелік бөлімін басқарып келеді. Жалпы 15 жастан жоғары науқастарға көмек көрсететін орталық бір ретте 120 адамды қабылдап, ем жүргізу мүмкіндігіне ие десек, олардың бәрі ұйымдастыру-әдістемелік бөлімі арқылы өтетіндіктен бөлімнің жұмысы жүйелі жүргізілмесе басқа қызметтердің нәтижелі өрістеуіне кері әсер етеді. Десе де, Бақыт Хамитқызының мол тәжірибесі осы жауапкершіліктің мінсіз орындалуына сеп болуда. Бірақ, әйел заты үшін жұмыстан бөлек отбасы деген ұғымда қоса жүреді ғой. Бауыржан Мұстафин ағамызбен Әсем мен Аламат атты ұл-қызын тәрбиелеп өсіріп, енді екі немересін әлпештеп отырған дәрігер үшін кейде уақыттың өзі алтыннан қымбат. Бірақ та оның:

– Өмір бойы науқастармен жұмыс істеп жүргеннен кейін жұмыста да, үйде де көз алдында емделушінің жаудіреген жанары тұрады. Адам баласы үшін неше түрлі жағдай орын алады ғой. Десе де, мен үшін ауру адамдардың дертінен тезірек айығып, өңінен күлкі лебі есіп үйіне қайтқаны ең маңызды болып табылады. Соны ойлап қиналасың, сол үшін тырысып еңбек етесің, – деген жүрекжарды сөзі әлемдегі дәрігер қыздардың ортақ ойы екені айдан-анық.

Міне, осындай жанашыр жандардың арқасында қаншама адам өмірін қайта жалғастырып келеді. Сол қатарда өмірінің денін осы мамандыққа арнап, сансыз жүрекке жылу беріп, өмірге нұр сыйлаған, өзі үшін емес, өзгенің бақыты үшін барын арнаған Бақыт Молдаханова сияқты дәрігерлеріміз көп болсын деген ниетті жүрегімізге тоқыдық.

Иә, дәрігердің міндеті өзіне жүгінген науқастың дертін емдеп жазу десек те, адам жүрегіне жол таба білуде шеберлік саналады. Жаны қиналып, айналасынан аялауды аңсап тұрған жанға айтылған бір ауыз жылы сөздің өзі оның өмірге құштарлығын оятып, дертінен тез айығып, жаңа тірлікке қадам басуға асықтыратыны анық. Мұндай жылы пейіл жоғарыда аталған орталықтың ультра дыбыспен емдеуші дәрігері Жазира Орынғалиқызына арналғандай. 1996 – 2003 жылдар аралығында Семей медициналық академиясын бітірген талантты дәрігер қыз 2003 жылдан бастап, диагностикалық орталықта жұмыс атқарып келеді.

Әрине, техника дамыған бүгінгі дәуірде, емханаға келіп түскен науқасқа қолданылатын емнің алғашқы баспалдағын жіктеп беретін міндет ультра дыбыспен емдеуші дәрігердің еншісінде. Сондықтан бұл мамандық иесі сабырлы, салмақты, кешірімді болуы керек. Өйткені, оның алдына келген науқас жаны қиналып келетіні анық. Сондықтан емдеу барысында көптеген түсініспеушілік туындауы да мүмкін. Сонымен қатар, осы мамандық иесіне қалай ем жүргізудің жауапкершілігі жүктеледі. Бірақ, осы күнге дейін диагностикалық орталық дәрігерлері аурудың диагнозын анықтай алмай емдеуден қателік жіберіпті деген шағымды естіген жоқпыз. Бұл – орталықтағы барлық дәрігердің ортақ еңбегі десек те, ультра дыбыспен емдеуші, I санатты дәрігері Жазира Орынғалиқызының тәжірибесінен де бөле қарауға болмайды.

Бірақ та, кейде біз ақ халатты жандардың жүрек үнін тап басып түсіне алмай, жанын ауыртып жататынымызды жасырмаймыз. Жұмыс болған соң оның түрлі қиындығы болады. Болмашы қателіктің орын алуы да мүмкін. Сондай тұста дәрігердің үстінен арыздың бастыққа шағылайтын, шағымдың сотқа жүгінетін жерлестеріміз де жетерлік. Әлбетте, заңға қайшы ерессеі әрекеттер болса оның жөні басқа. Бірақ, дәрігер де адам. Олар да пәтерсейін демейді. Осындайда, түйіндейді түйіндей етіп, іштектен ілмейді ілдейтіндерге не дейміз. Мұндай жан ауыртар, жүйке тоздыратын келеңсіздіктер дәрігер Жазираның да басынан сан рет өтті. Бірақ та оның:

– Бәрібір біз дәрігерміз. Бұл – менің жұмысым. Барлап қарасақ, біздің қоғамда аурудың шағымын тыңдап, пікіріне құлақ түретін мекеме де, жеке тұлға да жеткілікті. Ал дәрігерлер шағымданып, өз құқығын қорғайтын мүмкіндік толық қарастырылмаған. Сондықтан басқаға өмір сыйлаймын деп жанымды шүберекке түйіп жүріп, мимыды ашытатын сұрақтармен бетпе-бет келгенде кәсібімнен түңілетін кезіміз жоқ емес еді, – деген базынасына бір сәт ой бөлудің жөні бар-ау деп ойлаймыз. Бұл да әлемдегі барлық дәрігерге ортақ өкпе-ұсыныс болса керек.

Қалай айтсақ та, дәрігер қыздарға алғыстан басқа айтарымыз болмауы керек. Әсіресе, диагностикалық орталықтағы ақ халатты қыздардың еңбегіне ем алушылар дән риза. Бөлмелерді аралап, ондағы науқастармен пікірлесу барысында осындай ойға келдік. Басында сан сұраққа шырмалып барып едік, көңілімізге үміттен үкі тағып қайттық.



Ультрадыбыспен емдеуші дәрігер Жазира ОРЫНҒАЛИҚЫЗЫ жұмыс үстінде.

Қыз мінезінде уяңдық пен әдеп бір кездессе – бірін-бірі жасырыңқырап тұрады да, ашықтық пен абайсыздық кездессе – бірін-бірі асырыңқырап тұрад.

Ғабит МҮСІРЕПОВ.

Жақсы әйел – жігіттің жақсы қылар жаманын, ұшқыр қылар шабанын.

Майлықожа СҰЛТАНҚОЖАҰЛЫ.

ЖҮРЕКТЕН-ЖҮРЕККЕ



Түрлыбек МӘМЕСЕЙІТ, жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты:

Жүрегімді жырмен жылытқан

– Кеше де, бүгін де қазақ әдебиетінің дамуына қыз-келіншектердің қосқан үлесі орасан. Өмір сұлулығына әйел көзімен қараудың жөні бөлек. Ол кісілер біз байқай бермейтін суреттерді өзіндік түйсікпен аңғарады. Сондықтан ана, қарындастарымыздың қолдарынан қаламы түспей, әмірді жырлағаны арнашан керек.

Мәселен, ақын Мәриям Хакімжанова апамыздың есімі әдебиет тарихында қалды. Біздің астанатау елінде айтыстың ақтангері атанған Қойдым деген апамыз болған. «Тағжарық» атты романымда ол кісінің өміріне кеңінен тоқталдым. Мұқағали Мақатаев соңғы өлеңдерінің бірін «Фариза-ға» деп атады. Мұнда үлкен мән жатыр. Ұлы қаламгер әріптес қарындасына қазақ қоғамының сол кездегі халін, ақиқат үшін арпалысқан күресінің мәнін сыр етіп шертті. Ақұштап Бақтыгереева, Күләш Ахметова, Марфуға Айтқожа, бұл кісілердің жыр әлеміне ілескен қарындастарымыз да аз емес. Қуанатыным сол, өлеңдерінде от бар. Қалың оқырманын соның лебімен жылытады. Қыз келіншектерден шыққан жазушылар мен сыншылар да талант пен талғамды қатар ұстауда. Роза Мұқанова, Әлия Бөпежанова, Шәрбану Бейсеноваллар осының жарқын мысалдары. Шығармашылық еңбектің жасалуы оңай емес. Ондай еңбек жүрек пен жүйкеге салмақ түсіреді. Соның қиындықтарына төзіп, онымен бірге отбасының жарасымын арттырып, балашағасын тәрбиелеп өсірген әріптестерімді қайраткер емес деп қалай айта аламын. Төл мерекелеріңіз мерейлеріңізді өсірсін дегім келеді!

ҚҰСБЕГІ

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
Жанары, жаны мөлдір жайраңдаған, – деп ақын жырына арқау болған, көз бұрымды қазақ қызының қанында ойнайтын, қасиеттің бірі – аңшылық десек әсірелегендік емес. Атадан балаға айнымас мұра боп қалған осынау ұлттық құндылықтарымызды әспеттеп, қадір тұтып, қасиеттеп отырған үлкен ауылдың бірі – Нұра деп аталады. Бұл ауылда тіршілік түтінін түтетіп отырған тұрғындардың дені қыран бүркіт, ұшқыр тазы, жүйрік ат баптаудың хас шеберлері екендігін жалпақ жұрт жақсы біледі. Жыл сайын құсбегілік өнердің қыр-сырына қаныктыратын «Сонар» байқауын өткізетіндігімен де мәлім. Ата салтты сақтап, ұлттық дәстүрді ұлықтап, соның ішінде құсбегілік өнердің қанатын кеңейтіп, ұрпақтан ұрпаққа жібін үзбей жалғастырып отырған осы ауылдағы жас бүркітшілер арасынан Ораз Жандосов атындағы мектептің оқушысы Әйгерім Жаңғылышбайдың есімінің ерекше құрметпен аталатындығын айтқымыз келеді.

БҮРКІТШІ ҚЫЗ



Қыран құсын баптаған қаршадай құсбегі Әйгерім.

Оның да өзіндік себебі жоқ емес. Жастайынан жүйрік аттың жалына жармасып, желмен жарысып өскен кішкентай Әйгерім мен оның соңынан ілескен інісі Бауыржан екеуі аңның ізіне түскен ата, ағаларының жолынан көз айырмай қарап, ұзатып салып, қуана күтіп алуды дағдыға айналдырған. Үлкен атасы Бәнетбай бүркіт баулумен қатар, тазы күтіп-баптаудың да хас шебері болған екен. Ол кісінің 1958 жылы Мәскеу қаласында өткен «Иттер» көрмесінде ұшқыр тазысымен барып, үлкен жеңіспен оралғандығын бүгінде ұрпақтары зор мақтан тұтады. Құсбегілікке құмар болған аталарының жолын жалғастырған Әйгерімнің әкесі Мұхамед пен бауыры Бекмұхан балаларын жастайынан саятшылық өнердің нағыз шебері болуға баулып келеді.

Осыдан біраз жыл бұрын ағайынды саятшылар Ұлыбританияның Рейдинг қаласының маңындағы Ингфильд алаңқайында алғаш рет өткізілген құсбегілердің әлемдік біріншілігіне қатысып, жүлдегер атанып, еліміздің Көк байрағын Англия аспанында қалықтатқаны еліміздің мерейін өсірген болатын. Одан кейінгі жылдары Венгрияда өткен дүниежүзілік құрылтайда да қыран құстың алғырлығы мен ақылдылығын паш еткен ұлттық өнерімізге шетелдіктердің қатты таңданыс білдіргендігін бәкі еткен Әйгерім қыран құстың сан алуан қызығын айтып, таусыла алар емес.

– Құсбегілік өте қасиетті өнер. Оған атүсті қарауға болмайды. Оның қиындығы да, қызығы да қатар жүреді. Құсбегілік дегеніміз – атқа мініп, қолға бүркіт қондырумен ғана бітпейді. Оның өзіндік айла-тәсілдері болады. Қыран құс өте сезімтал, адамның көңіл-күйін байқағыш бол келеді. Сондықтан да мен қыраныма асқан сүйіспеншілікпен қарап, махаббат-мейірімді төгемін. Алақаныммен аялап, жүрегімнің жылуын сезіндіремін. Сонда ол да көңілденіп, қуанып қалғандай көреді, – дейді сезімі кір шалмаған кішкентай құсбегі қыз.

– Келешекте де осы өнердің өрісін кеңейтіп, оны насихаттауға бар күш-жігерімді жұмылдырмақпын. Өйткені, саятшылық өнерге қызықпайтын жан жоқ. Себебі ол, қанымызда бар қасиет. Маған осы тұрғыда көптеген сұрақтар қойып, атқа мініп, құс ұстағанымды қызықтаушылар да көбейіп жатады. Ол таңданатын нәрсе емес. Ертеден-ақ осы кәсіппен айналысқан қазақтың қыздары аз болмағаны анық. Сондықтан мен де ондай сауалдарға тосылмай жауап беруге дайын жүремін, – дейді ағынан жарыла әңгіме тиегін ағытқан Әйгерім Мұхамедқызы.

Астана қаласында өткен облыстардың мәдениет күндерінде құмай тазысын жетектеп, қыран бүркітін баптаған қазақтың қаршадай қызына көзі түскен ҚР Мемлекеттік хатшысы Қанат Саудабаев: – Айналайын, нәзіктігіне қарамастан қазақтың аулар жүгін арқалап тұр екенсің ғой, балым жаным, – деп батасын берсе, Астана қаласының әкімі Имангали Тасмағамбетов бүркіт жайында біраз әңгіме тиегін ағытқан екен, ал Ұлттық мұражайдың директоры Дархан Мыңбай мырза жалпы елдің мақтанышына айналған саятшылар клубында болғанын айта келіп, «Жетіқазынашылықтарға» алғысын білдіріпті. Тағы бір айтулы шара барысында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Зағипа Балиева мен Дариға Назарбаевалар ұлттық өнерді дамытуға сүбелі үлес қосып жүрген құсбегілерге ризашылықтарын білдіре келе, Әйгеріммен естелікке суретке түскен екен. Соны зор мақтанышпен санайды. Халқымыздың мақтанышы, ұлтымыздың маңдайалды ағаларымыздың осындай құрметі Әйгерімнің армандарына қанат бітіріп, өзінің де сол кісілердей елге қызмет етуге жарасам деген үміт үкілегендігін жасырмайды.

Жастығына қарамастан Өскеменде өткен Қазақстан Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының III фестиваліне қатысып, екі рет бірінші орынды жеңіп алып, арнайы кубокті иемденген. Сол фестивальде інісі Бауыржан екеуінің ұлтымыздың мақтанышына айналған «Қара жорға» биін нақышына келтіре билеулері талайдың таңданысын тудырған көрінеді.

Өзінің ет жақын ағаларын мақтан тұтатын Әйгерім келешекте осы өнерді ұлықтайтын азаматтар қатары көп болса ғой деп арман етеді. Бүгінгі күнде қазақтың қанына сіңген ұлттық өнерді шартарапқа танытып жүрген бауырлары, «Саятшылық» кітабының авторы, ҚР бірнеше дүркін чемпионы Қаныш, Қуаныш, Айбек, Өмірхан, Ермұхан, Сағыныш сынды ағаларын арқа тұтып, осы өнерге баулуда алдына жан салмайтын Алдаберген сынды қамқоршы аталардың барын әркез мақтан тұтады.

«Жетіқазына» саятшылар клубы облыс әкімі Ансар Мұсахановтың Алғыс хатымен де марапатталған. Мектебінде ұйымдастырылатын түрлі кештер мен пікірталастың бел ортасынан табылатын оқу озаты Әйгерімнің бұл ұлттық өнерді насихаттаудағы белсенділігін ұстаздары да қуана құптайды. Мектеп директоры Пәззат Демеуова бастаған ұстаздар ұжымына деген ыстық ықыласын жеткізіп қалуды ұйғарған Әйгерім осы саятшылықты дамытуда әйел де болса алдына айқын мақсат қойып, ер-азаматтармен үзеңгі қағыстыра еңбек етіп келе жатқан «Жетіқазына» мұражайының директоры Динара Серікбаева апасына зор алғысын баспасөз арқылы жеткізуді жөн санапты.

Міне, құсбегіліктің қыр-сырына жастайынан қанығып, ұлттық өнеріміздің өміршең болуына қанаты қатып, бұғанасы бекместен-ақ атсалысып келе жатқан қаршадай қазақ қызының қанаты талмай, биіктерге самғауына біз де шын тілектестігімізді білдіреміз!

Ұлбосын БӨРІБАЙҚЫЗЫ.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ

ЛЕБІЗ

Отбасының дәрігері



Сәуле ҚҰСМОЛДАНОВА, облыстық денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары:

– Облыстың денсаулық сақтау саласында қызмет атқарып жатқан дәрігерлер қауымының тоқсан пайызына жуығын әйелдер құрайды. Міне, осыдан-ақ, өңір жұртшылығының денсаулығын қорғап әрі салауаттылықты насихаттау шараларының орасан зор үлесі ең бірінші кезекте нәзік жанды ақ халатты қызметкерлердің еншісінде екендігін анық аңғаруға болады. Ал жалпы алып қарайтын болсақ, әр отбасының мейірімді де ең аяулы дәрігері, әрине, әр шаңырақтың анасы екені сөзсіз. Сондықтан, балалар сырқаттанып қалса бағып-қағып, толықтай сауығып кеткенше жанын қоярға жер таппайтын барша аналарды дәрігерлік мамандығы болмаса да, отбасының қамқор дәрігері десек артық болмас.

Мамандығым дәрігер болғандықтан, шаңырағымның бірінші емшісі де өзім болып есептелем. Сол себепті, отбасы мүшелерінің біреуі ауыра қалған жағдайда тиісті ем-домын істеп, алдын аламын. Бұл ретте, әрине, үйде емдеуге байланысты ескертетін бір нәрсені айта кету тиіс. Үй жағдайында емдеу кезінде иненмен дәрі егуге денсаулық сақтау саласы тыйым салмайды, алайда системаны тек ауруханада ғана қабылдау қажеттігін ұмытпаған абзал.

Жалпы дәрігер атаулының басым бөлігін әйелдер қауымы құрайтындығы белгілі. Сондықтан 8 наурыз халықаралық әйелдер мейрамы дәрігерлердің де үлкен мерекесі деп айтуға болады. Осы ғажайып мерекеге орай, барлық әріптестерім мен ардақты аналарды шын жүректен құттықтаймын. Білікті дәрігерлер арқасында барша аяулы аналарымыз ауырып-сырқамай, әр шаңырақтың жылуын сақтай берсін демекпін.

ӘКЕ ҚҰРЫҒЫ

Жылқышы қыз

Сүгеннің әкесі Бейсенбек 1956 жылы күзде Қытайдан атажұрты Кетпен ауылына оралады. Сол кездегі «Қызылту» ұжымшары басшыларының ұсынысымен бір отар қой алып, шопан болып қызмет алады. Екі жыл өткен соң Бейсенбектің ірі қараға бейімділігін байқаған шаруашылық басшылары сиыр бағуға ұсынады. Сиыр табынын өрісіне он үш жыл жаңа [illegible]. Жыл сайын табын есебінен бұзау өрісін өсіре отырып, көктем, жаз, күз айларында «[illegible]» мекемесіне жоғары көрсеткішпен сүт өткізді. Ал 1971 жылы басшылар жылқы шаруашылығының ақсап тұрғанын алға тартып, ұсыныс жасағанда оны да қабыл алады. Жылқы – көктем, күзде қара суыны мен қыстың ақ боран, үскірік аязында түнгі күзетті ерекше қажет ететін жануар.

Соның бәрін бастан өткере жүріп жыл сайын жүзге жуық құлын алып, ұжымшарды ғана емес, ауданның мақтанышы болды. Сол еңбегі жоғары бағаланып, «Қазақ ССР-інің еңбегі сіңген малшысы» атағын иеленді. Сөйтіп үлкен сый-құрметке бөленді.

Ел тәуелсіздігін алған соң, Елбасының ұсынысымен 1990 жылдардың ортасынан бастап, жаппай кооперативтер мен шаруа қожалықтарына бөліне бастағаны мәлім. Сол кезде Бейсенбек Шәріпқожаұлы да ұжымшардан өз үлесін алып, «Бейсенбек-1» шаруа қожалығы болып бөлініп шығады. Ұлдары әртүрлі қызмет саласында болғандықтан бүгінде шаруашылыққа жастайынан ат құлағында ойнап өскен қызы Сәуле жетекшілік етеді. Қазір қарамағында 30-дан аса жылқы, 90-ға жуық сиыр бар. Жыл сайын өз төлі есебінен өсіре отырып, күзде семірген жылқысы мен сиырын сатып, халықты ет өнімімен қамтамасыз етуде. Жалпы Сарқанақтағы 80 гектар озерінде тиесілі алқаптан табиғи шөп пен ауыл маңындағы «Арал» аталатын суармалы 3 гектар жерлерімен [illegible] дайындап алады. Сонымен қатар қыс [illegible] шығуда. Оны жеткізетін «Газ-53» жүк автокөлігі де бар.

– Міне, өзің көріп тұрғандай жағдай жаман емес. Малдың қыстан қиналмай шығатындай күйі бар. Шөп те жетерлік, – дейді мал шаруашылығын өркендетуге үлес қосып жүрген Сәуле Бейсенбекқызы. Біз де оның жолына [illegible] тілегімізді білдірдік.

Қуанышбек КОЖАХМЕТ.

КЕТПЕН АУЫЛЫ,
ҰЙҒЫР АУДАНЫ.

ПЕРЗЕНТ ҮНІ

Шуағын шашқан

Табиғат ана қысқы ұйқысынан оянып, қар еріп, жылғалардан су ағып, ағаштар бүршік жарып, көктемнің алғашқы бәйшешегі гүлдей бастады. Жыл сайын көктемнің шуақты күндерімен бірге келер 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні де келіп жетті. Жер бетіндегі тіршіліктің өзегін келешекке жалғаған, өсер ұрпағына құндақтағы шағынан ізгіліктің дәнін сепкен анаға жетер кім бар өмірде?

Көктемнің шуақты күніндей жан-жағына арай шашатын алтын жүрек аналардың мерекесі қаншама жанға жылу шашты. Бұл күні анасына деген кішкентай сыйлығын қаншама бала ақ жүрегімен, тәтті тілегімен ұсынады. Ана туралы өлең, жыр, тақпақ оқып, дүниедегі осынау ең асыл, ең жақын адамына деген құрмет сезімін арттырады. Екінші анасындай болған ұстаздарына деген де ерекше ілтипат осы мерекеде көрініс табады. Ұстаздардың құшағы гүлге толып, өздерінің қажырлы еңбегінің нәтижесін көргендей қуанып, шәкірттерінің ақ тілегін қабыл алады. Осынау ұлы күні мен оқушылар атынан барша ананы, ұстаздар қауымын мерекесімен құттықтап, ашық аспан астында балаларының бал қылығын тамашалап, бақытты ғұмыр кешуін тілеймін.

Ақниет ҚУАТҚАН,
Ш. Уәлиханов атындағы №10 орта мектептің оқушысы.

ТАЛДЫҚОРҒАН.

ҚАРЫНДАСЫМ – ҚАРЛЫҒАШЫМ



Ерболат Құдайбергеновті танымайтын қазақ жоқ. Оның аты аталып, түсі түстелген жерде, жастардың құлағы елең ете қалатыны шындық. Қазақ жастарының отаншылдық сезімін оятып, рухын оттай лаулатып ала жөнелетін Ерболаттың әндері ешкімге ұқсамайтын дара стилімен, атап айтқанда, «этно-рэп» бағытымен кеңінен танымал. Ол қазақтың қордаланған бай музыкасын қайта түлетіп, заманауи үлгіде тыңнан түрен салып шырқап жүр. «Мен қазақпын!», «Біздің жігіттер» сынды әндері көз көрген жасты арқаландырып жібереді. Ақиық ақын Жұбан Молдағалиевтың «Мен қазақпын!» атты жалынды дастаны бір кездері кеңес заманында қыспақта қалған қара көздерімізге рухани сілкініс сыйласа, азаттық алған соң, Ерболат осы өлеңнің өткір сөздеріне этно-рэп стилінде жаңа ән жазып, қазіргі жастардың жан сарайына үлкен жаңалық енгізді. "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ерболат Құдайбергенов өзінің 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мейрамын қалай өткеретіні турасында ой бөліскен еді.

САЛТАНАТ

маған болшы қолғанат

– Өз басым халықаралық әйелдер мейрамын нәзік жандарға деген зор құрметтің бір белгісі деп білемін. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербететін әйелдер қауымына деген шексіз құрметті жыл он екі айға жалғастырсақ та, ұтылмаймыз. Осындай игі дәстүрді арнайы бір күнге таңып, сол бір күннің аясында сыйлық жасап, сонымен бітті екен деуге болмайды. Ес білген әйел затын ерекше құрмет тұтамын. Сондықтан да болар, өзім ең алғаш сахна төріне қарындасыма арнаған «Салтанат» деген әнмен көтерілгенім. Ол әннің шығу тарихы да қызық.

Үйде үлкендер болмай қалған күндердің бірінде, мен кішкентай қарындасымды ойнатып отырған едім. Алайда бүлдіршін қыз қолды-аяққа тұрмай жылай бастады. Ол кезде мен А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыка мектеп-интернатында қылқобызшылар дайындайтын сыныпта оқып жүргенмін. Ұстазымыз үйге тапсырма ретінде қобызбен жаңа әуен жазып келуді ұсынған еді. Іздегенге сұраған, мен қарындасымды жұбатып отырып, қылқобызбен жаңа әуен шығардым. Салтанатқа ол әуен бірден ұнай бастаған болу керек, жылағанын қойды. Өзіме де әуен қатты ұнады. Алғашқы әнім осылай қарындасыма арналды. Бұл ән менің өнерге деген жолымды ашып берді. Былайша айтсақ, өнерге жасаған алғашқы қадамым осы нәзік жандыларға деген шексіз сыйластықтың нәтижесінен басталыпты. Әрине, бұған қуанаштымын.

8 наурыз Халықаралық әйелдер мейрамы мен үшін әдеттегі той-думанның бірі емес. Бұл – барша ер-азаматтардың нәзік жандарға деген құрметінің шынайы көрініс табатын күні. Сондықтан да мен бірінші кезекте аяулы анамды қуантуға асығамын. Балаларымның анасы, асыл жарым мен апке-қарындастарыма деген сый-құрметім де ерекше. Қысқасы, туған-туыс, дос-жарандардың ішінде кездесетін нәзік жандылардың бірін қалдырмай, сыйлықтар ұсынуға бар күшімді саламын. Әйелдерді ер адамның қабырғасынан жаратылған деп жатамыз ғой. Бұл олардың ерлерге бағынышты екенін білдірмейді. Әрбір әйел затына туған анамыздай қарауымыз қажет. Ал қазақта: «Ананың ақ сүтін Меккеге үш рет жаяу апарсаң да, өтей алмайсың», – деген ұлағатты сөз бар. Осыған орай мен де өз тарапымнан нәзік жандыларға бүкіл 365 күнді арнасақ та, жеткіліксіз болар еді дегім келіп отыр.

Қ. ТҰНҒАТАР.

Түркілік қоғамда әйелдерге тең құқықтар берілген, олар мемлекеттік істерге белсене араласқан. Тақтың мұрагерін ана тәрбиелеген.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 86 (17786) Сейсенбі, 23 шілде, 2013 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

"ЖЕТІСУ"-ақпарат

● РЕСПУБЛИКАДА

Жас жауынгерлермен толықты

Орал қаласындағы Жеңіс алаңында 20 шілде күні 5517-әскери бөлімнің биыл жазда қатарын толықтырған жас жауынгерлер салтанатты түрде ант қабылдады.

«Батыс» өңірлік қолбасшылығы баспасөз қызметінің басшысы, майор Ерболат Сұлтановтың хабарлағанындай, аталмыш салтанатты ресімге бөлім басшылығының шақырумен Алматы, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан сарбаздардың ата-аналары келді.

Сарбаздарды полк командирі, подполковник Мамай Құрманғалиев, «Батыс» өңірлік қолбасшысының орынбасары, полковник Исатай Жардемов, қолбасшылықтың ардагерлер кеңесінің төрағасы, запастағы подполковник Сансызбай Тоқашев, қоғам қорғау органдарының басшылары, діни өкілдер, ата-аналар құттықтап, ізгі тілектерін білдіріп, баталарын берді.

Мерекелік жиынның көйін жас жауынгерлер салтық, қолма-қол ұрыс жаттығуларын көрсетті. Меймандар сарбаздардың жататын орнына, асханасына, медициналық бекетке кіріп, әскери бөлімнің тыныс-тіршілігімен танысты. Әскери бөлімнің үрмелі аспаптар оркестрі концерт қойды.

Сөйтіп бұл күні өлкемізде ширек әскерлердің қатары 154 жас жауынгермен толықты.

● ОБЛЫСТА

Айбыны асқан жастар

Жас ұрпақтың өлің, жерін қадірлейтін парасатты, отансүйгіш азамат болып өсуі аса маңызды. Бұл ретте, көптеген тағылымы мол іс-шараларда қарастырылғандығы белгілі. Осы орайда, облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы, облыстық жастар саясаты орталығы мен облыстық «Жас Отан» жастар қанаты «Айбын» әскери-патриоттық, спорттық ойынын ұйымдастырды. Аталмыш шараның бүгінгі жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуде маңызы жоғары.

Тағылымы мол, жалындаған жас өскінге берер өнегесі зор «Айбын» әскери-патриоттық, спорттық ойынына өңірімізде тұратын аудан қалаларынан 16-20 жас ерекшелігіндегі денсаулығы мығым, белсенді, туған Отанды Қазақстанның гүлденіп, көркеюіне өз үлесін қосуды ойлайтын жас азаматтары қатыспақ. Шараны ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл әскери-патриоттық, спорттық ойынды арқылы – әскерге қолқаға, жас жеткіншектерді бойына қазақстандық патриотизмге негізделген жоғары азаматтық қасиеттерді, ел үшін ерлікке барар нағыз перзенттік тән әскери дағды қалыптастыру мен тұлғаны жетілдіру көзделеді. Сонымен қатар, осынау өнегелі бастаманың ұйымдастырушысы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында белгіленген міндеттердің, Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының жүзеге асырылуына мүмкіндік беретіні мәлім.

Шараның ашылу салтанатында құттықтау сөз алған облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев пен "Жас Отан" жастар қанатының атқарушы хатшысы Айбын Нұрмұхамбетов әскери-патриоттық, ойынының жастар тәрбиесіндегі маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәт-сапар тіледі.

Әскери-патриоттық, шарага қатысушылар екі күн бойы сапта жүру ережелері, атыс жаттығулары, соғысты тиімді басқара білу әдіс-тәсілі, парашютпен секіру теориясымен танысты. Ал жастар жүрегіне айбын берер осынау «Айбын» ойындары қаламыздың № 18404 әскери бөлімнің аумағында өтті.

● АУДАНДА

Міндеттер сараланды

Облыс орталығынан оң шалғай орналасқан РАЙЫМБЕК ауданы – таулы өңір. Қар көшкіні, сел тасқыны секілді табиғи апаттардың қаупі бар елкеде. Соған орай, іс-шаралар әрдайым қолға алынып келеді. Аудандық әкімдіктің мәжіліс залында үстіміздегі жылдың 6 айында төтенше жағдайларға байланысты жүргізілген жұмыстар сөз болып, алда тұрған кезекті міндеттер сараланды. Бұл іргелі басқосуға облыстық төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс істері жөніндегі басқармасының бастығы Мұрат Боранбаев қатысты.

Жиналыста аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі бөлім бастығының міндетін атқарушы Қуандық Қожамқұлов 6 айда атқарылған істерді алға тартты. Селолық округ әкімдктері, мекемелер болып қолға алатын шараларды, кезек күттірмейтін мәселелерді тілге тиек етті.

Басқосуда Кеген орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің басшысы Жанат Демежанов, Алғабас селолық округінің әкімі Бекалы Жанысов, тағы басқалар сөз алып, аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі бөлім қызметкерлерінің жүргізіп келе жатқан жұмыстарына қанағаттанарлық деген бағаларын берді. Жиналыста облыстық төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы Мұрат Боранбаев аудан аумағында баса назар аударатын жайларды өңгімеледі. Ауыл әкімдерине, мекеме басшыларына кез келген төтенше жағдайдың алдын алуға және бола қалған кезде ерекет жасауға құрал-саймәнмен, техникамен, адам күшімен дайын болуға іс-қимыл жасау қажеттігін алға тартты. Басқосуды аудан әкімінің орынбасары Мадени Нұрдәулетов қортындылады.

● АУЫЛДА

Ақ таяғын табыстады

Ежелден ата-бабамыз төрт түлік малды ерекше қастерлеген. «Кисең киім, ішсең тамақ», – деп қазекең кейінгі ұрпаққа мал өсірудің пайдасын өнеге етіп қалдырған. Сол кәсіпті игеріп келе жатқан Ақсу ауданы, Б. СЫРТТАНОВ ауылында азаматтар аз емес.

Атап айтсақ, «өзге көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер» демекші, 60 жыл қой бағып, атақты шопан болған Мұқатай Жұматаев өзінің ақ таяғын ұлы Жұматаев Ретханға ұстатты. Бала кезінен өкесінің жанында жүріп, ата кәсіптің қыр-сырын меңгеріп, қазір «Бижан көл» базында «Ұлан» шаруа қожалығын басқарып отырған Ретхан 1000 шақты қой, 80 – 90 ірі қара, 30-ға жуық жылқы өсіріп, «Сыбаға» бағдарламасымен шаруашылығын кеңейтіп, 4 бала тәрбиелеп отырған өже. Жолдасы Жамашева Гүлнар да ерінбес кәсібін мақтан тұтып, шаруашылықтың өркендеуіне үлес қосып жүрген жан. Сонымен қатар, ауылымыздың бірнеше азаматын жұмыспен қамтамасыз етіп отырған отбасы ауданда өтетін үлкен шараларға да демеушілік етіп тұрады. Қыстық қақаған суығымен жаздың аптап ыстығына төтеп берген Жұматаев Ретхан өз ісіне адал азамат. Болашақ еңбегінің жемісті болуына тілектеспіз.

● Мәдениет күндері

ТАЛҒАР ШЫҢЫ ТАМСАНҒАН КҮН

Қарасай, Жамбыл, Талғар аудандарының мәдениет күні мерекесінен



Төңірек бір тәбан жақын Талғар шыңының бауырайындағы ел екі күн бойы мәре-сәре күй кешіп, ұлы аудынның мәдениеті тағысқан мерейлі сәтін тамашалады. Тәбаяты тамылжыған тау бөктеріндегі «Алатау» шаңғы-биатлон спорт кешенінде жүзескен Қарасай, Жамбыл, Талғар аудандарының жұртшылығы осынау байтақ шараға лайықты дайындығын келгенін байқатты. Сол күні әр көкіректе бимаз қытарының селгінші рет өткізілген осынау мәртебелі шараның маңызы не деген заңды сұрақ туындағаны тағы рас.

Әрине, кенде баласының пікірі үнемі бір жерден шыға бермейді. Дәйтсе де, мәдениет мерейін әйгілейтін бұл шараның басты жетістігі – ағайынның өзырамас бірлігін аспеттеу, көрілес аудандардың өзара етене араласуына мүмкінділіпше жол ашар десек, қателеспейтін шығармыз. Иә, осы күндері ұш аудан да өзердің өскелең өрімдегі аз қуатын таразылап көрді, үлкен-кішіні бір мақсатқа жұмылдыруда ұйымдастыру үлгісінің қай түсы ұтымды болғарын сараптады, ақ шегімен адал асын ұсынып ел таныды, айпаласы жұт шақырымдай жерге желін барып жер таныды. Тау бауырайындағы сәулеті келіскен кешенің мінберіне көтерілген әрбір қонақ бірақ адамның атын естіп, бірер адамның түсін танымы. Біле білгенге осының өзі құрыр иглік.

Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ,
Үлбосын ИСАБЕК,
Серік САТЫБАЛДИЕВ
"Жетісу"

Түгел сөздің түбі бір

Қазақта «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген сөз бар. Мәз баласы Майқы би бабамыз қара қылды қақ жарған әділдігімен, аскан шешендігімен ел есінде ерте заманнан сақталған салиқалы тұлға. Ол билікке келгенде еліміз қорғасын ерітіп, мыс балқытатын жағдаятта екен. Дегенмен, Майқы бабамыз ұлы жазира жыл санауынан жеті жүз он бір жыл бұрын туып, сексен тоғыз жасында дүние салыпты. Ғұмырын Алатаудың бауырында өткізіп, ақырғы күндерін Қазығұртта түтеткен дейді.

Демек, Алатаудың Лабас, Шуас, Талас, Шымбас, Теріскей, Күнгес тауларының бәрін қамтитын ежелгі атамекенімізде айтулы шешіннің табаны тиметін жер болмаса керек. Бедері бес мың метр биіктікпен таласқан Талғар шыңы (теңіз деңгейінен 4973 м.) сонау ықылым заманда Майқы биді көрсе, енді бүгін оның ұрпағының өміршең өнеріне де шын тамсанған шығар-ау!

Қазақта сөз өнерінің бастауы, өлеңнің кайнар көзі саналатын Майқыдан қалған асыл мұраның бірі: «Аттан аттың несі артық? Адымдап басқан ғи артық. Ердең ердің несі артық? Елтеп айтқан сөзі артық» дейді. Тағы-тағы үлдеңіз тағылым болар тіркестер аз емес. «Алтау ала болса, ауылдағы кетеді, бесеу бірікпесе, берместі алады», «Береке түбі – бірлік, Жеңіс түбі – ерлік», дейді абызымыз.

Әр сөзі сом алтындай асыл Майқының XXI ғасырдың көшіне ілескен ұл-қыздары не дер екен деп, құлақ түріп отырғандар аз емес, сірә да. Талғар ауданлық кітапханасының төрінде жиналған үш ауданның ақын-жазушылары алдында Талғар ауданы әкімінің орынбасары Дәрменияр Қыдырбекұлы құттықтау сөз ишарасын жасап, бұл шара қазақтың аса көрнекті композиторы Мұқан Төлебаевтың 100 жылдық мерейімен орайлас өткізілетінін айтты. Осыған байланысты Мұқан қалдырған мұраның бір шыны – «Біржан – Сара» операсынан би үзіндісін орындаған Талғар ауданлық музыка мектебінің өнерпаздары көрермендерін бір желпіндіріп тастады.

Бұдан кейін сөз кезегін алған жамбылдық ақын-жазушыларды қазақтың белгілі ақыны, Жамбыл ауданлық «Атамекен» газетінің бас редакторы Есенқұл Жақыпбеков таныстырып өткен соң, Қазақстанның халық ақыны, Алматы облысының Құрметті азаматы, ұлы Жамбылдың немересі Әлімқұл Жамбылов кәрия көпшілікке ақ батасын арнады. Ембі-жарқын кезеңде Қазақстанның халық ақыны, Жамбылдың үзеңгілес серігі Омырзақ Қартбайұлының немересі, ақын Әлібек Омарзақұлы, ақындар Нәзипа Алдабергенқызы, Гүлнар Омырзақова, Рәтбек Сағид-Уәлас бір-бір өлеңдерін оқыса, «елеңнің қара қорғасы» атанған Үмбетәлі ақынның немересі Әділбек Мерекеұлы «Жамбыл мен Үмбеталиннің дидарласуынан» мақамды үнінді айтты.

Қарасай ауданынан келген ақын-жазушылар қатарында қазақтың көрнекті ақыны Исраил Сапарбайдың, ұзақ жылдар бойы ауданлық газеттің тізгінін ұстаған ақын Шәкербек Садыханұлының, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ұстазы, филология ғылымдарының кандидаты, әдебиет зерттеушісі Сағатбек Медеубекұлының, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, ақын-сазгер Құдайберген Өрісбаев пен белгілі журналист-жазушы Отесін Күбиеттің есімі, әрине, Жетісу оқырмандарына кеңінен мәлім. Кездесуде осынау дарын иелерінің шығармашылығы арқау болған әндер шырқалды, орындағы экраннан олардың әр жылдары жарық көрген кітаптарының бейнесі көрсетілді.

(Соңы 3-бетте).

● Селектор

Отандық арнаның тынысы кеңеймек

Жуырда Үкімет үйінде «Отау ТВ» ұлттық спутник желісінің шығын қалпына келтірудың түрғындарын кабу жөнінде семинар-кеңес отырыс өткізілді. Отандық телеарна мен оның спутник таратылуын кеңейту мәселелерін талқылауға арналған отырысты Ақпарат және коммуникация министрінің орынбасары Санат Сарсенов төрағалық етті.

Мұратхан ТҰРАР
"Жетісу"

Жиын барысында күнтәртібінде тұрған мәселе бойынша толымды баяндама жасаған «Қазтелерадио» АҚ басқарма төрағасы Абай Қазыраліев, шағын және монополияларды қолдау департаментінің директоры Ерлан Әбдіқадыров қазіргі таңда ұлттық спутник желісімен қамту жөнінде бірқатар құнды мәліметтерге тоқталып өтті. «Өзіңізге белгілі, спутниктік көрсетілімнің пакеттерінде бүгінде әбоненттерге тегін ұсынылатын 44 телерадиоарна таратылып отыр. Спутниктік таратылымның дамуы ең бірінші кезекте елдің барлық елді мекендерін қамтуға мүмкіндік берді. Әсіресе, бұл қазақстандық телеарналар жүйесі болмаған немесе шектеліп келген елді мекендердің мәселесін шешті. Кешенді бағдарламаның бірінші кезеңінің сәтті жүзеге асырылуының арқасында тұтынушылардың, 23 пайызы қамтылды. Бұл Алматы, Астана, Қарағанды, Жезқазған, Жаңаөзен қалаларының, елді мекендерінің халқы. Ал биыл өткен тұсаукесер жиынның екінші кезеңі жүзеге асырылуда. Жыл соңына дейін отыздан астам облыс орталықтары спутниктік таратылым жүйесімен қамтылатын болады», – деген «Отау ТВ» ұлттық спутник желісінің жалпы ел бойынша таралу жүйесіне жан-жақты тоқталған Абай Қазыраліев осы бағыт бойынша алдағы уақытта жүзеге асырылатын бастамалар мен тың жобаларға назар аударды.

Алматы отырысқа семьяның қатар, шағын және менеджерлердің кәсіпкерлік телеарналармен жетілікті қамтылмауы жайы талқыланып, күнтәртібіндегі тақырып бойынша өзге де түйінді мәселелер төңірегінде ой өрбітілді. Жиын соңында Санат Сарсенов ұлттық спутник желісіне шағын кәсіпкерлердің түрғындарын қосуға байланысты жұмысты кеңейтуге байланысты тапсырмалар беріп, үзінді жауынгерлердің тиімділігін арттыруға шақырды.

● Жазғы демалыс

Бүгінгі таңда оқушылардың қазіргі демалысын ұйымдастыруға ерекше мәртебе беріліп отыр. Осы категориядағы облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВТЫҢ бастамасымен, «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының ұйымдастыруымен, партия белсенділерінің демеушілігімен қолға алынған «Балаларға жігіт ұшқа атты оқушылар» акциясы өткізілді. Оған облыс орталығындағы орта оқу орны ерекше. Егемен елімізде болашағын нақтайтын балаларды мейірімділік пен қамқорлыққа бөлеуді мақсат еткен шара оқушыға аттары жылы 60 болатын әскерилендірілген оқу орындарында тыныстап қайтса, биыл бұл сан 284 балаңды құрап отыр. Сонарың бір пәні кеңше қана «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалында облыс басшылары мен демеушілердің ақ, төлегін орналап, Текелі қаласындағы «Алтын шаңқа» соматикалық лагерінде жол партты.

Бәрі де балалар үшін...

Қажет АЙДАС
"Жетісу"

Аталмыш шараға жиналғандардың қарасы көп болды. Сол қатарда облыс әкімі Ансар Мұсахановтың аманат тілеген арқалай келген облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов балаларға ақ жол тілесе, шараларды шараға мұрындық болған «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ерғазы Қошанбеков, демеушілер атынан «Түрлан үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы Алматы облысы бойынша филиалының директоры Мәмила Мұсабекова, облыстық ата-аналар комитетінің төрайымы Дания Қыдырбаева бүгінгі зайырлы қоғамның бала болашағына жасап отырған жақсы жағдайларын айта келіп, балаңдардың жақсы демалып қайтуына сәттілік тіледі.

Ел ағаларымен қатар сыныптастарын алыс жолға шығарып салуға келген балалар да көп болды арамызда. Сол қатарда Анеті Жарылқасынова, Сабина Қайдарқызы әнмен шашу шашып, толқыған көңілді сәулу сәлемін әкелісе, «Алтын шаңқа» демалыс лагерінде тыныстап қайтқан Диляра Тамурқызы өзінің лагерьдің атқарған қызметі ер есіне кеткіс естелігімен бөлісті. Ал демалыс орнына жаңадан жол тартып бара жатқан Айдана Балғабекова балаларға осындай жағдай жасап берген ел ағаларына демеушілерге айрықша бағдарда. Сонымен қатар, демеушілер де балаларға шағын сый-сияпат ұсынып, қолдау танытты. Осындай қатерлі көңілмен жолға шыққан балаңдар алдағы күндерін естен кетпес естелектермен ерекше оралатын болады.



● Жаз – шаруа айы



Дән болса – нан болады

«Қыстың қамын жазда ойла» – деп халқымыз бекер айтпаған. Осы бір дәл айтылған сөздің мағынасын түсінген шаруа қожалықтары ерте көктемнен бастап дала төсінде тер төгіп, еңбек етуде. «Балапанды күзде сана» – дегендей ала жаздай төккен тердің нәтижесі де көрініп қалды. Көктемде көк теңіздей толқыған егіс алқабы алтын түске ауысты.

Қант қызылшасын еккен шаруалар қазіргі таңда алқапты екінші шептен арылтып болып қалды. Майбұршақ пен көгжылдық шептің екінші суару жұмыстары жүріп жатыр.

Мал азығын дайындау қызу қолға алынған. Бүгінгінің өзінде 20 000 тонна табиғи шөп 30 000 тонна көгжылдық шөп (жоңышқа) жиналды. Бұл жұмыс күзге дейін жалғасын таба бермек.

Ең бастысы астық ору жұмыстары қарқынмен басталды. «Дән болса – нан болады, нан болса – ән болады, ән болса – сән болады» емес пе?! 15 000 гектар күздік бидайдың 2500 гектары тазартылды. Өнімділігі гектарына 16 центнерден айналып, көңілқуантуда. Биылғы ауа райы да шаруаларға көп септігін тигізді. Өнім мол болсын диқандар.

Е. СЫМХАНОВ.
АҚСУ АУДАНЫ.

«Сыбағаның» берері көп

Балқаш ауданында 28 мың гектар суармалы жер бар. Оның 10178 гектары жоңышқалық. Осындай аумақты игерудің арқасында аудан бойынша шеп қорын жасаудағы проблема түбегейлі шешілген деп айтуға болады.

Сәйләубек БАЙДУЙСЕНҰЛЫ
"Жетісу"

Мал шаруашылығын алатын болсақ, ауданда ірі қара 71 мың басқа жетті. Оның 30 мыңнан астамы басы аналық бас. Мал басының есуне ықпал етіп отырған басты шараның бірі мемлекет тарапынан берілп отырған «Сыбаға» бағдарламасының үлесі деп айтуға тұрады. Айталық, осы бағдарлама аясында 2012 жылы аудандағы 12 шаруа қожалығы 72 420 мың теңге несие алған. Осы қаражаттқа 423 сиыр және 10 бас бұқа сатып алынған еді. Үстіміздегі жылдың 6 айында ауандағы «Береке» шаруа қожалығы 7,5 миллион теңге несие алып, ауыл шаруашылығын нығайту мақсатында мал сатып алу жұмыстарын жүргізуді жалғастыруда Мал басын көбейтудің бір тетігі малды қолдан ұрықтандыру екенін жете түсінген шаруа қожалықтары биыл сүтті бағыттағы 1150 бас сиырды, етті бағыттағы 4760 бас ірі қара малын қолдан ұрықтандыруды жоспарлап отыр. Бұл іс қазірдің қолға алынды. Бүгінгі таңда сүтті бағыттағы 328 бас сиыр, етті бағыттағы 1184 бас аналық қолдан ұрықталды.

«Ірі қара мал етінің әуелетін арттыру» бағдарламасы аясында 12275 аналық ірі қара үшін 147 млн. 300 мың теңге қаражат төленген. Мал басын өсіру барысына бағытталған ИАС бағдарламасымен 409 бас асыл тұқымды бұқа трекуге алынған. Үстімздегі жылдың өзінде бұл жұмыс ойдағыдай жалғастырылып отыр. ИАС бағдарламасы арқылы аналық ірі қара және асыл тұқымды бұқа алушылар саны артты. Қазірдің өзінде аудандағы 22 шаруа қожалығы 10295 сиыр мен 401 бас асыл тұқымды бұқа алуға төлем бірдарген. Осыған орай 35,0 млн. теңгеге арнайы құжаттар жасалып, мемлекеттен қаражат төлену үшін облыстық ауылшаруашылық басқармасына арнайы тапсырылды.

Өткен жылдағы басты проблеманың бірі егістік алқаптарды қамтамасыз ететін су мәселесі болатын. Осы жайында аудандық ауылшаруашылық бөлімнің бастығы М. Қантбеков былай дейді.

– Шындығында, өткен жылдары су мәселесі ауданның экономикалық көрсеткішінің негізгі саласы болып табылатын күрішпен шабындықтарды, бау-бақшаны, дәнді-дақылдарды сумен қамтамасыз етуге айтарлықтай әсерін тигізді. Үстімздегі жылы су тапшылығы жоқ. Аудандағы егіс алқаптарына ең магистральды каналдар арқылы су берілуде. Жалпы ұзындығы 97 шақырымды құрайтын каналдың бойында 22 гидротехникалық құбырлар мен 29 су деңгейін бақылап отыратын бекеттер орналасқан. Үстімздегі жылы да аудандағы су тұтынушылар кооперативі және 7 шаруашылық құрылымдары арқылы 26,0 млн. теңге субсидия алынды. Сондай-ақ, үстімздегі жылға берілген лимит бойынша көрсетілген қызметтерге орай бюджет есебінен 50 пайыздық субсидия төлем беру жоспарда тұр, – деді бөлім бастығы.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімнің басшысы келтіріп отырған пайымы егіске қажетті минералды тыңайтқыштар алу үшін де қолданылған. Айталық, шаруашылық құрылымдарының тыңайтқыштарға, гербицидтерге, пестицидтерге берген сұраныстары 95 млн. теңгені құраса, қазірдің өзінде шаруашылықтар оның 16,2 млн. теңгесін алып, пайдаланып үлгерді. Жанар-жағармай, басқа да техникалық-материалдық құндылықтардың құнын арзандату бағдарламасы аясында үстімздегі жылдың маусым айында шаруашылықтарға 12,0 млн. теңге көлемінде қаражат төленді.

Осындай шаралардың атқарылуы өнімнің мол алынуына өз әсерін тигізері сөзсіз. Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған көмекті жақсы сезінген диқаншылар және мал өсірумен айналысып отырған азаматтар аянып отырған жоқ. Өткен жылдардағыдай үстімздегі жылы да еңбек өнімділігі жоғары болатындығына дәлел еңбеккерлерінің сенімі мол.

БАЛҚАШ АУДАНЫ.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ:

жақарған қала, жайнаған дала



Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ, Жұмабек МҰСАБЕКОВ.





ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Алматы қаласында тұратын ұлағатты ұстаз, асыл ана, ақылы жар, аса қадірлі **БАТАНОВА Бәтима Ақанқызы-Ыбрайым** келінін зейнетке шығуымен құттықтаймыз! Қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалыс деген кезеңге жеттіңіз. Қуанышыңыз ұзағынан болсын. Ағайын-туыстың құрметіне, қосағыңыздың үлдесі мен бүлдесіне, немере мен шөберелердің шу-күлкісіне, ұл-қыздарыңыздың жеңісті шақтарын көрген шаттықтың бақытты сәттеріне толенген әдемі ғұмыр кешіңіз!

Зейнет жасқа жетіп келсіз зымырап,
Бірақ қимыл әлі жастай шымыр-ақ.
Еңбегіңіз зейнет болсын енділ,
Күндеріңіз мұң салмасын қырындап.
Талай күндер төккен термен өткен күн,
Қуанышың нәрі көктен сепкен күн.
Талай жылдар тағылымы толысып,
Еңбектен соң зейнет келіп жеткен күн.
Еленді еңбек қуанышты бәріміз,
Зейнет жаспен құлпырады сәніңіз.
Жалынды жас кейіпін әлі сақтасын,
Қуанышқа ортақ кіші-кәріміз!

ИГІ ТІЛЕКПЕН! Ақынов Ыбрайым әулеті және туған-туыс, құда-жекжаттары.



Сарқан ауданы Лепсі ауылында тұратын № 54 орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **САДЫҚОВА Бақыт Мадиханқызын** 14 қаңтар күнгі зейнеткерлік жасқа толуымен құттықтаймыз!

Құтты болсын зейнеткерлік жасыңыз,
Асулардан алқынбастан асыңыз.
Бақытты боп отбасы ортасында,
Қуаныштан аққан судай тасыңыз.
Бірлігіңіз бекем болып келісім,
Арта берсін ақылы ана өрісің.
Аман болып, жүзге қадам қылыңыз,
Ісіңіздің көрінісі жемісін.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: № 54 орта мектеп ұжымы.

ОНЕГЕ



БІЗДІҢ АПАЙ

Ұстаз еңбегі жаспен деңгейлес, мәртебемен өлшенбейді. Қайта Абай атамыз айтқан: «Адам мен адамды парықтайтын жылы жүрек, нұрлы ақыл, ыстық қайрат» сияқты қасиеттер арқылы парықталып тұрады. Осы қасиеттерді бойына тұмардай таққан жандар ғана болашақ арманына жете алады. Солардың бірі Мағжан Жұмабаев атындағы №19 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Қарлығаш Шеңгелбаева.

Қажет АНДАС

Әрине, әр сала мамандарының арманы болек. Ал ұстаздар ең алдымен алдындағы жауапкершілікті сезінеді. Қазіргі балалар бірінші сыныптың табалдырығын бірақ пәрсені білін барып аттайды. Зерек баланы сергектікпен бастап әкету үшін білгірлікпен қатар жауапкершілікті терең сезіну керек. Тіпті, бүгінгі таңдағы үйренуге құлықсыз, ұялы телефонға құмар оқушылардың санасын сілкіну үшін де көп айла-тәсіл қолданған жөн. Оны меңгерген ұстаз да, меңгере алмай жүргендері де баршылық. Қарлығаш Шеңгелбаева бала тәрбиесінің сап қырын терең меңгерген адам.

Көбінде еңбек адамы жайлы жазғанда оның мақтау-марапатының молдығына мән беретініміз жасырын емес. Басында Қарлығаш апайды қатал ұстаздардың қатарына жатқызатынмын. Бірақ, шәкіртіне деген таза пейілін уақыт өте түсініп, жан дүниесінің балаларға үйретсем, білгісем деген жылылығына тәнті болдым. Ол саялы Сарқан өңірінде туып, ауылдың сынышдағына бойын үйретіп өсті. Кейін І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін бітіріп, бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Айта кетерлігі, Қарлығаш апайдың жұрты елеп еткізетін жетістігі көп емес. Бірақ шәкірт тәрбиесіндегі даралығымен, мол тәжірибесімен әріптестері арасында белгілі, ата-аналардың алдында абыройы асқақ. Өзінен гөрі шәкірттерінің асқан асуы бик, жеткен жетістігі көп. Бұдан апайдың бар білгенін, кажыр-қайратын жекебасының қадір-қасиетін биіктету үшін емес, шәкірттерінің болашағына арнағанын аңғаруға болады. Оның жетекшілігімен үлкен жетістікке жеткен балалар бүгінде білім шаңырағының мақтанышына айналып жүр. Сол пәтижеңіз басында Қарлығаш апайдың тұрғанын біреу білсе, біреу біле бермейді. Ал біздің апай еңбегінің өтелгенше қуанышты. Тағы бір жағынан, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесін алған зерттеуші бірнеше мәрте біліктілігін арттыру курстарында оқып, тәжірибесін толықтырып келеді.

Әрине, бастауыш мектеп мұғалімне қойылатын басты талап – оның жауапкершілік жүгін қаншалықты сезінетіндігінде. Қарлығаш апай сондай ирілікті істерімен көптің көңілінен шығып жүр. Айналамызда осындай жандар көп болса, балаларымыздың басі төмен болмайтыны сөзсіз.

ТІЗГІНҚАҒАР



Әкесі мен баласы бірге өмір сүреді екен. Жас кезінде анасы екеуін қалдырып, бай адамға үйленіп кетіпті. Әкесі мен баласы күнде аспанға телескоппен қарап, болашақ жақсы өмір жайлы армандайды екен.

Ақталған үміт

Әкесі баласын ешкімнен кем қылмай өсіреді. Баға ержетіп, гарышқа деген қызығушылығы артады. Бір күні әкесі сыркаттанып, хал нашарлайды. Баласы күн-түн өкпесінің қасында отырады. Бір күні әкесі баласының қолына сағат тағып береді. Сағаттың ішінде бір планетаның суреті бейнеленген. Әкесі баласына сурет жайлы түсіндіріп үлгермей, дүние салады.

Бес жыл өтеді. Баласы ғарышкер болып, Қазақстан атынан космосқа аттанады. Космоста жүріп, сол сағаттың ішінде бейнеленген планетаны іздеп табады. Ол планета жердің екінші сипаты болып шығады. Қуанғаннан баланың көңілі босап, жанарынан жас ағады. Ол жерге келіп, адамдарды сол планетаға көшуге үгіттейді. Бір жыл өтпей, адамдардың бәрі сол планетаға көшіп, дүбір-сарқауысы, уайымсыз күмбір кешеді. Бала да бақытты күн кешеді. Бірақ екеуі сағынады. Бір күні ол далалағы теледидарлардан екеуі көреді. Әкесі тірі екенін айтып, қарсы алдынан шыға келеді. Екеуінің қуанышында шек болмайды. Екеуі оңаша қалғанда, әкесі оған: «Мен бұл жаңа жерді саған сағат бермей тұрып тапқанмын. Бірақ, дүбір екенімді білген соң саған арнап сағат жасадым. Жақсыларыңа талпынсын деп умет артдым. Сен өлімді жойғаннан құтқарып қалғаның үшін Құдай маған тағы бір өмір сыйлады. Енді барша жұртшылықпен бірге бақытты өмір сүрем болдың». Сөйтіп екеуі сол планетада алпыстай өмір сүреп екен.

Альмира МЕҢДІБЕК,
Назарбаев зияткерлік мектебінің 8-сынып оқушысы,
Талдықорған қаласы.

ЖАЙДАРМАН

Руханият ошағы саналатын бірден-бір мекеме – аудандық кітапханаға жарты ғасырдан астам уақыт бойы жөндеу жұмыстарының жүргізілмеуі кітапханашылармен қоса көзі қарақты оқырманның да көңілін ортайтып, жанын жабырқататын еді. Биыл іргесі қаланғанына 80 жыл толуына орай осы мәселенің күрмеуі шешілін, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу ісі қолға алынған болатын. Тындырымды еңбектің арқасында төрт айдың ішінде құрылыс жұмыстары толығымен аяқталып, тұсаукесері жасалды.



КІТАПХАНА – ҚАЗЫНАСЫ халқымның

Үлбосын ИСАБЕК

«Жақсыны көрмекке» кітапқұмар оқырман жиылыпты. Олардың қатарынан самайын ақ шалған ақсақалдар мен жергілікті ақын-жазушыларды, депутаттар мен қоғам белсенділерін кездіктік. Қыстың шыңылтыр аязына қарамастан қызылды-жасылды лента тартылып, түрлі-түсті шармен безендірілген мерекелік шараның шымылдығын аудан әкімі Райхан Садықова ашты.

– Елбасымыз: «Кітап – ең сабырлы ұстаз. Тек кітап қана адалдық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның аражігін айыптпай танып, білуге үйретеді», – деп баға берген. Расында кітап – адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Олай болса, «өткенің өнегесі – бүгінің баға жетпес байлығы» екенін ескеріп, бабалар дәстүрі мен мәдени, тарихи деректерімізді сақтап, өскелең ұрпақтың санасына сіңіруде кітапхана қызметінің рөлі ерекше. Жастарды рухани мәдениеттілікке баулып, ой-өрісін кеңейтетін тағылымы мол рухани ошақтардың уақыт ағымына лайық жаңаруы заңдылық та. Аудандық кітапхананың бүгінгі жаңарған келбеті оқырман мен ұжым қызметкерлері үшін зор қуаныш болмақ. Бүгінгі күні осындай игілікті істің сапалы аяқталуына атсалысқан «Қарасай» құрылыс компаниясының еңбекшілеріне аудан жұртшылығы атынан алғыс білдіреміз. Кітапхана ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу үшін республикалық және облыстық бюджеттен 79 млн. теңге қаражат бөлініп, игерілді, – деген аудан әкімі жиылған қауымды Тәуелсіздік мерекесімен де құттықтап, «ел аман, жұрт тыныш болсын» деген ақжарма тілегін білдірді.

Кітапхана – қазынасы халқымның,
Кітапхана – бай мұрасы салтымның.
Қанды мұра серсенде тұрғанда,
Керегі не құнсыз мынау алтынның? – деп жыр маржанын төгілте шашу шашқан жергілікті ақын Бексұлтан Көлбаев кітапхана ұжымын қуанышымен құттықтады. Ойлы оқырман қатарының көбейе берүін тіледі.

Сондай-ақ, салтанатты шарада сөз алған «Қарасай» құрылыс компаниясының президенті Жанболат Жергенбаев өздерне жүктелген жұмысты белгіленген мерзімде аяқтап, сапалы болуына баса көңіл бөліп, аудандық кітапхананың заманауи озық технологиямен жабдықталғанын ортаға салды.

Осыдан соң дәстүрге сай шашу шашылып, лента қию рәсімі атқарылды. 80 жылдық мерекелік шара бұдан әрі Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің ақт залында жалғасын тауып, ақ тілектер ақтарылып, ән-күй қалықтады. Кітап қорын толықтырар сый-сияпаттар да тарту етілді.

Осы орайда, аудандық кітапхананың тұрақты оқырманы, Жетісу жұртшылығына танымал ақын Муса Жанәділов өз үйіндегі 500 кітап қорынан 60 кітапты арқалап келіпті.

– Кітапханада кітаптың ұзақ сақталуына және оқырманның қолына алып оқуына мүмкіндік мол. Үйде құры тұрғанда қайтемін? Одан да оқырманның игілігіне жарағаны жақсы емес пе, – деп ағынан жарылған ақын ағамыз сонау 1952 жылдан бері жарыққа шыққан «Абай» өлеңдер жинағын, Д. Қонаевтың «Өткі дәурен осылай», О. Сүлейменовтің «Аз и Я», М. Әуезовтің «Қараш-қараш» сынды, тізбелей берсек, қазақ классиктермен қатар өзінің де жыр жинақтарын сыйлады.

Қыруар қаржыға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген аудандық кітапхананың директоры Махамбет Хармысовтың мәлімдеуінше, аудан кітапханаларының жалпы кітап қоры 245966-ны құраса, соның 143617-сі осы кітапхана ғимаратында екен. Бүгінде оқырмандар саны он мыңға таяған. Аудандық және қалалық кітапханадан өзге 7 ауылдық кітапханаының барын ескерсек, кітапхана қызметінің артып, оқырман санының көбейіп отырғандығы байқалады.

Талғар ауданы.

Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату саласындағы ұлттық операторы

ҚАЗТЕЛЕРАДИО

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА АНАЛОГТЫ ЭФИРЛІК ТЕЛЕВИЗИЯНЫ ӨШІРУ ЖОСПАРЛАНУДА!

Қосыл!

OTAU

www.otautv.kz

+7 (727) 2 444 500 (і.н. 2264, 2265, 2266, 2493)

T2

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – 41-10-46, *бас редактордың орынбасарлары* – 41-10-47, 41-10-49, *жауапты хатшы* – 41-10-50, *бөлімдер* – 41-10-43, 41-10-68, 41-10-71, *уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі* – 41-10-52, *фототілшілер* – 41-10-53, *жарнама бөлімі* – 41-10-51.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37 *(факс)*, 279-13-86, 279-36-43.

Меншікті тілшілер: Панфилов – 9-12-27, *Іле және Қапшағай қаласы* – 8-777-016-44-11, *Жамбыл* – 8-701-254-97-55, *Талғар* – 8-701-400-28-49, *Қарасай* – 8-701-347-60-32, *Еңбекшіқазақ* – 8-701-212-00-96.

Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 24-34-55 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1234567890 П. 1234567890

Көлемі — 2 баспа табақ.
Тапсырыс — 25.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 79 958, оның ішінде «Жетісу» газетінің таралымы — 45 783.
Индексі — 33 374.

Кезекші редактор: Айгүл БАЙБОСЫНОВА.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 43 (18031)
Бейсенбі, 16 сәуір, 2015 жыл

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

▲ ЕҢБЕК АДАМЫ



Пошташы қыз

Кәдімгі әсерлі, елге сыйлы, жұртқа танымал өте пайдалы кәсіптің сан түрі бар. Соның бірі бір жарым ғасырға жуық тарихы бар пошта қызметі. Ағамыз солардың өткен өмірбаянындағы алтын арқау жолдың қажеті болмаған. Алайда, интернет, әлеуметтік желілер арқылы хат-хабар алысып, жаңалық ауысатын арқасында пошта саласының кейбір мүмкіндігі бұрынғыдан қарағанда, анағұрлым төмендегенін мойындауымыз керек. Дегенмен, мұнда тоқырап қалды деуге болмайды. Қайта жаңа технологиямен жабдықталып, жаңа бағытта қоғамға қызмет көрсетіп келеді.

«Жетісу»
Қажет АЙДАС

Бүгінгі таңда да пошта саласында жұмыс істейтін қызметкердің қатары көп. Соның бірі Ерен ауылдық №11 пошта бөлімшесінің операторы Мәлдір Сәрсекұлова. Жұмыс бабымен аталған пошта бөлімшесіне барған сайын өзінен жылулық есіп тұратын қарындасымызға риза болып қайтатынмын. Мен емес-ау, осы бөлімшеден үйленетін, жарқадамын, жаңа жұмысқа алуға келген еркектерден бірінің де алғыс айтып қайтатынына куә болып жүрмін әдетте. «Адам қартайғанда бір балаң» дегендей, пошта бөлімшесіне келетін қарттар өте көп.

Демек, жасы ұлғайған, жүріп-тұруы қиындаған ата-аналарымен жұмыс істеу төзімділік пен жылдамдықты талап етеді. Өздеріне құжатын үйіне ұмытып кететін немесе керекті қағаздарды дұрыс әрі жылдам толтыра алмай, көмек сұрауға әзер тұратын қарттармен төзім жеткен адам ғана дұрыс істей алмасы анық. Оның үстіне, күн сайын келетін хаттар мен жинелетілетін салем-сауқаттарды мұқият қадағаламаса одан шығатын дау-жанжалдың қызметкерден беделін түсіретін тағы бар.

Бүгінде техника дамиды, өркениетті дәуірде емір сүріп жатырмыз десек те, ауылдың жерлерінде әлі де жеткілікті жұмыс адам күшімен атқарылады. Өрине, кейде жедел хаттар мен газет-журналдарды немесе салем-сауқаттарды дер кезінде тұрғындардың үйіне жеткізіп беруге, қолына тапсыруға тура келетін жағдайлар орын алып жатады. Осындай кезде бір жұмысын қысып тастап, ауып-үйді аралап кетуге тура келеді. Қысқасы, бұл салаға осындай үлкен жауапкершілікті талап ететіндігімен қызық. Мәлдір осындай таңдап алғанына, шынын келе жатқан жас маман.

Жасырып керегі не, қазіргі жастар жалақысы жоғары жауапкершілігі аздау бедеулі орындарда жұмыс істегенді қалайды. Ал пошта саласы, жоғарыда айтқандай, жауапкершілігі салмақты мекеме. Ә Жолдасбеков атындағы құқық және бизнес академиясын «Қаржыгер» мамандығы бойынша бітірген Мәлдірге ата кұпаққа жазылмды естіметін бірақ мекемеден бос орын табылыпты. Бірақ, бала күнінен «Пошташы» болуды армандайтын сол сегіз жылдан бері осы саланың шамасынан жарқыратып келеді. Оның күні сайын бетпе-бет келетін сынақтардың сұрыбей өтуіне де сол арманы дем беруде. Тәтті, осы ортадан өз бақытын да тапты. Еркелеп өскен аппақтай ұлының әкесі, отбасының берекесі отағасы болып отырған жас маман қазір Ерен ауылындағы үлкен-кішіге сыйлы жанның бірі болып отыр. «Ел үшін еңбек етсең қалқам, сүйемін, біз үшін отқа суға түсіп жүр деп» деген қанатты сөз осындай жандарға арналып айтылса керек.



Иә, қала мен даланы өсіраятын ауылдар құлазып қалмауы тиіс. Соф алтындай салт-дәстүріміз, қазақы қасиет сары майдай сақталып қалған қастерлі де қасиетті ауылдар – берекенің бесігі. Қырқа-қырқасына қаптай жайылған төрт түлік мал көрік беріп, ақ бидайы теңіздей толқып жатса, ғажап-ақ. Демек, ауылдар үшін қажетті мамандар даярлайтын көшегі кәсіптік-техникалық училище, лицейдің орнауы орта білім беретін колледжге айналуы қуанышты да сүйінішті жағдай.



ФЕРМЕРЛЕР ДАЯРЛАЙТЫН КОЛЛЕДЖ



«Жетісу»
Қанат БІРЖАНСАЛ

Былтырғы оқу жылының басынан Сарыжаз кәсіптік-техникалық колледжі болып есігін ашып, алғашқы студенттерін қабылдаған оқу орнына арнайы ат басын бұрдық. Осыдан біраз жыл бұрын «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен 156 миллион теңге бөлініп, күрделі жөндеуден өткен колледждің оқу бөлмелері, 4 қабатты жатақханасы, асханасы бәрі талапқа сай. Қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Оқушылар толықтай мемлекет қамқорлығына алынған. Кең де жарық, жылы да жайлы мекенде ауылшаруашылығының жыл бойы бір-бірімен үштасатын шаруаларына қажетті мамандар даярланады. Басы ашық, шындық дүние ғой, ауылдағы ағайын баласын қаражатын шашып, шапқылап жүріп, болсын-болмасын «күштеп» заңгер, қаржыгер, прокурор, мемлекеттік қызметкер жасағысы келеді. Мал өргізіп, толқытып дән өсірер фермер болсын демейді. Ырыс пен береке, өмірлік нәсіпті, жақсылық пен игіліктің бәрін құрап отырған осы фермерлер. Сондықтан ауылдағы ағайын балалары өздерінің орнын басып, шаруаларын ұрпақтай ирелеп кетер бір-бір маман атанғанына мүдделі болса екен деймыз.

Бұл өзі сонау өткен ғасырдың 1959 жылы МТС болып құрылған еді. Кейін Сарыжаз кәсіптік-техникалық училищесі болды. 2007 жылдан лицей, кейінен ҚР Білім және ғылым министрлігінің үйғарымымен колледж болып іске кірісті. Колледж 150 студенттің білім алуына негізделген. Ауданның 32 елді мекенінен келген осынша студент түрлі мамандық бойынша дәріс алуда. Атап айтқанда, уақытқа орай жаңарып, жайнаған білім ордасында ауылға қажетті ветеринариялық санитар, трактортшы-машинист, жүргізуші, электр және газбен дәнекерлеуші оның сыртында электронды есептеу машиналарының операторы, аспаз, шаш үлгілерін жасаушы маман даярлайды. Студенттермен 30 инженер-педагог жұмыс жүргізеді. Мамандықтар бойынша білім береді. Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырады.

Колледждің мың гектарға жуық жері бар. Оның 359 гектары егістік, 56 гектары шабындық. Ауылшаруашылығына қажетті техникалары сақадай-сай.

– Білім шаңырағының кәсіптік-техникалық колледж болып құрылуы – ауыл үшін тиімді. Әсіресе, Кеген, Нарынқол өңірінен тұрғындары алыстан оқу орнын іздемейақ балаларының жақын жерден мамандық алуларына ықпал жасаса дейміз. Біз өмірдің, уақыттың жаңалық-жақсылықтарын оқу-тәрбие жұмысына енгізіп, студенттердің толыққанды білім алуына негіз қалай беретін боламыз, – дейді Сарыжаз кәсіптік-техникалық колледжінің директоры Саян Әзекбаев.

Райымбек ауданы.

▲ ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 70 ЖЫЛ

Ерлігі ескерілген ағайындылар

АНАЛАР МЕН ӘЖЕЛЕРДІ ҚУАНТҚАН ЖЕҢІС ӨЗ-ӨЗІНЕН КЕЛГЕН ЖОҚ. КӨПТЕГЕН ҚҰРБАНДЫҚПЕН, КҮЙЗЕЛТУМЕН, АЗАПТАРМЕН КЕЛГЕН ЖЕҢІСТІҢ ПАРҚЫ ҚАШАНДА ЖОҒАРЫ.

Соғыстың ауыртпалығы 1941–1942 жылдары анық көрінді. Өйткені әскерде техника, ок-дәрі жетіспеді. Қолда бары түгелдей үнемделді. Жауынгерлер майдан даласында бар қарумен соғысуға тура келді. Соған қарамастан, халықтың бірлігінің арқасында, алғаш рет неміс әскері Мәскеу түбінде тоқтатылды, солай жеңілмейтін неміс әскері туралы аңыздың күл-талқаны шықты.

Екінші дүниежүзілік соғыста қазақстандықтардың ерлік батырлық танытқаны баршаға мәлім. Осы бір ұлан күндерде соғыс әрбір үйге, әрбір шаңыраққа ауыртпалық салды. Сұрапыл соғыстың жалыны Құрмангалиевтер әулетін де шарпыды. Енді ғана шаңырақ көтеріп, отбасы бақытын жаңа сезіне бастаған уақта ағайынды Алмас пен Жолдас Құрмангалиевтер Отанды неміс-фашист басқыншыларынан қорғауға аттанды.

Қасиетті Отанды батырлықпен және жанкиярлықпен қорғап, ошелең ұрпақтың тыныштығы үшін соғысқан ағайынды Алмас пен Жолдас сол жылдары қанкүйлы соғыстың қайталанбасы үшін қан төкті, жан берді. Жолдас Құрмангалиев 1942 жылы 10 желтоқсанда Ленинград облысы, Полавский ауданы, Ивашево ауылы үшін болған ұрыста ерлікпен қаза тапса, Алмас Құрмангалиев 1943 жылдың аязды ақпанында соңы алаңында ерлік жасап үлгірді. Осылайша Құрмангалиевтер әулеті екі ұлынан да айырылды, олардың әйелдері жесір, балалары жетім қалды.

«Орнында бар оңалар» дейді халық даналығы. Рас сөз. Алмастың артында қалған ұлы Әуесхан бүгінгі таңда немере сүйіп отырған ақсақал жасына жетті. Бес жасар бала кезінде әкесін соғыска шығарып салғаны әлі күнге есінде. Әкесінің қолына алып: «Балам, Отанымды әрқашан қорғай біл!» деген сөзі жадында мәңгілікке жазылып қалған. Әкенің соңғы сөзі Әуесхannың жүрегінде Отанға, туған жерге деген мәңгілік махаббатты оятты. Соған орай ол қан майданға қатысушыларды, олардың ерлігін ұмытпау – келер ұрпақтың алдындағы міндет деп біледі. Содан кейін де сұрапыл соғыста Отан үшін жан қиған ағайынды Алмас пен Жолдас Құрмангалиевтердің есімін келешекке жеткізуді ойлайды. Ол үшін ағайынды жауынгерлердің атымен бір көшені немесе елді мекенді атап, елі үшін еңіреген ерлердің есімін мәңгілікке қалдыруды, ардагерлердің ерлігін келешек ұрпаққа жеткізуді мақсат етеді.

Шындығында өткенін ұлықтаған елдің болашағы жарқын. Сондықтан ауылдар мен көшелерге Екінші дүниежүзілік соғыска қатысып, Жеңісті жақындатқан ерлердің есімдерін берудің көпшілік құптарлық іс болары анық. Ал, ағайынды Құрмангалиев Алмас пен Жолдасты жақында Ресей Федерациясы мадақтап, артындағы ұрпақтарына қолдау хат жолдады. Осыған қарап ағайынды Құрмангалиевтердің ерлігін бағалай беруге болады.

М. ӘСЕТҰЛЫ.

▲ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ

БИЫЛ ӨҢІРДЕ ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ӨСІРУГЕ АЙРЫҚША МӘН БЕРІЛІП ОТЫР. БҰҒАН ЕЛБАСЫНЫҢ ЖЕТІСУ ЖЕРІНЕ КЕЛГЕН САПАРЫНДА БЕРГЕН ТАПСЫРМАСЫ ҮЙІТҚЫ БОЛУДА. КЕЗІНДЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БАҒАЛЫ ДАҚЫЛДАН МОЛ ӨНІМ ЖИНАП, АТАҒЫ ШЫҚҚАНЫ БЕЛГІЛІ. ЕНДІГІ КЕЗЕКТЕ ОСЫ ДӘСТҮРДІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫП, ТӘТТІ ТҮБІР ӨСІРУ МЫҚТАП ҚОЛҒА АЛЫНУДА.

ОЗЫҚ ӘДІС – ТАБЫС КЕПІЛІ

Сейсенбі күні Ескелді ауданындағы отағ шаруашылықтардың бірі Г. Нам шаруа қожалығының егіс алқабында дақылды себу алдында топырақты өңдеу, гербицидтер мен қант қызылшасын егудің озық технологиясын енгізу жөнінде өткізілген семинар-кеңес осының дәлелі болса керек. Егіс алқабында өткізілген желілі кеңеске Ақсу, Ескелді, Қаратал, Көксу, Сарқан аудандары мен Талдықорған қаласы әкімдерінің орынбасарлары және сала жетекшілері мен еңбеккерлер жиналды. Облыс әкімінің орынбасары **Серікжан Бескемпіров** өңірде қант қызылшасын өсіру жөнінде кешенді бағдарлама қабылданып, 4600 гектар жерге тәтті түбір егу жоспарланып отырғаны және бұл қант зауытына өңдеуге кемінде 100 мың тонна балтамыр өткізуге мүмкіндік беретінін, сондай-ақ алға қойылған ауқымды міндеттер туралы қысқаша әңгімелеп, қолайлы мерзімді ұтымды пайдаланып, тұқым себуді ұйымдастыру жөнінде міндеттер жүктеді.

Ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты Абуталһір Бексұлтанов тұқым себу, топырақ құнарлылығын арттыру үшін тыңайтқыштар сіңіру, атқарылатын шаралардың агротехникалық қолайлы мерзімдері, тиімді тұқым себуге әзірлеудің әдістері жөнінде егжей-тегжейлі айтып берді. «Хильниченко және К» сенім серіктестігі басшысының орынбасары Виктор Романенко өз шаруашылығындағы ауыспалы егіс жүйесі жайын әңгімеледі. Шаруа қожалығының басшысы Гера Нам тұқым себу техникасын ұтымды пайдалану арқылы жұмысты сапалы атқарудың әдіс-тәсілін іс жүзінде көрсетіп, көпшілікті тәнті етті. «Жетісу» ӨКК-і де аталған бағдарламаға тікелей атсалысып, қызылша бағытында алты сервистік-дайындау орталығын құрды. Бүгінге дейін 4 мың тоннаға жуық жоғары сорты тұқым дайындалып, 130-дан аса қызылша өсіруге арналған және басқа да техника сатып алыныпты.

Осы жайында аталмыш акционерлік қоғам басқармасы төрағасының орынбасары Ж. Рысалдиев егжей-тегжейлі айтты. Бұдан басқа мамандардың да мағынды, пайдалы әңгімелері жиналғандарды бейжай қалдырмады. Қызылша өсірудің озық әдістерінен біршама мағлұмат алған жұртшылық көзімен көріп, құлағымен естіген кеңестерді өз шаруашылықтарында пайдалануға құлшынып тынытып тарқасты.

Шора БАТЫРБАЕВ.

Ескелді ауданы.



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

БАТЫРҒА құрмет — 2-бет

ЖЕТІСУДЫҢ АУЛАУЛІ — 3-бет

КӨПТІЛДІЛІК – уақыт талабы — 4-бет

▲ КӨРМЕЙІН ДЕСЕМ...

ЖЕР ӘЛЕМДІ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ БӨЛЕЙТІН КӨГІЛДІР КӨКТЕМ АЙЫ БАСТАЛЫСЫМЕН ҚОЛҒА АЙЫР-ТЫРМАСЫН АЛЫП, АУАСЫМЕН ТЫНЫСТАЙТЫН АУЫЛ-АЙМАҚТЫҢ АУЛАНЫҢ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖҰМЫЛА КІРІСУ - ЕҢ АЛДЫМЕН ДЕНІМІЗДІҢ САУЛЫҒЫНА ЖАСАЛҒАН ҚАМҚОРЛЫҚ ЕКЕНДІГІН ЕКІНІҢ БІРІ ЖҰРЕПМЕН СЕЗІНІП, БҰЛ ІСТЕ СЕРГЕКТІК ТАНЫТСА ИП ЕДІ

ТАЗАЛЫҚ табалдырықтан...

«Жетісу»
Үлбесін ИСАБЕК

Десе де, көктем мен күзгі маусымда әкімдер мен тұрғындардың жырына айналатын тазалық сақтау мәселесі Талғар қаласында мандымай тұрғандығын алыстан ат арылтып келген арнайы комиссия құрамы көз жеткізіп қайтты. «Көрмейін десем көзім бар...» демекші, оған аудандық әкімдік маңайынан ұзамайақ «тау» боп жатқан күл-қоқыс үйінділері мен орталық көпір астының қоқыска көмілгендігі дәлел болды. Сондай-ақ, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы күн санап таяп қалса да әлі күнге тырма ізі түспеген «Жеңіс» аллеясының жай-күйі де назар аудартпай қалмады.

– Тазалық жұмыстарын қолға алуға ауа райының жауын-шашынды болуы кедергі келтіріп тұр. Күн ашылды, енді жаппай сенбілік өткізу жұмыстары ұйымдастырылады. Ал айтылы мерекеге байланысты «Жеңіс» саябағы мен Т. Рысқұлов атындағы паркке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Тазалық айлығы басталғалы бері бірнеше мәрте жиын өткізіліп, бақылау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 174 әкімшілік айыппұл салынса, оның 80-і Талғар қаласына тиесілі. Алдағы уақытта кемшіліктер қадағаланып, олқылықтардың орны жойылады, – дейді аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Ержебұлан Усманбаев.

Сырт көздің сынына ұшыраған қаланың Абылайхан, Байжанов көшелеріндегі кемшіліктердің жойылып, орталық базар маңайы мен арықтардың толықтай қоқыстан тазартылуы бір ғана сенбілік аясында шешім таппасы анық. Оған тұрғындардың да жұдырықтай жұмылып кірісіп, тазалық орнату ісіне белсене атсалысуы қажет.

– Облыс әкімінің арнайы қаулысымен көктемгі тазалық жұмыстарын жүргізу мерзімінің басталғанына айға жуықтады. Өйткенмен, аудан орталығы Талғар қаласының, оның ішінде аудандық әкімдік маңайындағы мына келеңсіздіктер көзге ұрып тұр. Адам аяғы толастамайтын орталық көпірдің күйі ашу, жағымсыз иіс қолқаны қабады. Бұлдегенің, айлық аясында атқарылар іс-шараны ұйымдастыруға жауапты басшылықтың немқұрайдылығын көрсетеді, – деп сынға алды облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының маманы, комиссия жетекшісі Айдын НҰҒЫМАНОВ.

Талғар ауданы.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Жетісу

№ 63 (18051)
Бейсенбі, 4 маусым, 2015 жыл


Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

▲ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ

Кеше облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** Жетісу өңірінің ең шалғайындағы Райымбек ауданында жұмыс сапарымен болды. Жұмыс сапары барысында өңір басшысы Нарынқол ауылындағы әлеуметтік маңызы зор бірнеше нысанды аралады және шекара түбіндегі елді мекеннің инвестициялық мүмкіндіктерімен танысты.

Бұл жөнінде хабарлаған мақаланы газетіміздің келесі нөмірінен оқисыздар.



Сөзін жазғандар: **Жұмекен НӘЖІМЕДЕНОВ, Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**
Әнін жазған: **Шәміші ҚАЛДАЯҚОВ**

ГИМН

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Данқымыз шықты гой
Намысын бермеген,
Қазағым мықты гой!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай,
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

ТУ

Ғасыр қапша өз еркін жоқ дегізген,
Сабақ алдық тарихи өткен ізден!
Көк Туымыз бәкүл алған екен
Ашық аспан, кең дала, көк теңізден!

Түспесін деп ешкімнің көзіне мұң,
Таңласын деп ешкім де сөзіне мін.
Адамзатқа арайын шашып тұрған,
Отан-Күннің жылуын сезінемін!

Аманат боп мәңгілік қалатын да,
Жүректердің алауын жалатын да,
Қазағымның арман мен мұраты бар,
Қалықтаған қыранның қанатында!

Дәлелдеген мұраның мың жылдығын,
Салт-дәстүрім әлемге үлгі бүгін!
Алтын түсті өрілген ою-өрнек,
Көрсетеді ұлтымның құндылығын!

Шуақ шашып тұрғанда шұғыла Күн,
Алыстарға тарайды тұлық әнім.
Азат елді әлемге әйгілеген
Көк байрақтың қадірін ұғынамын!

Бейбіт күнді әрдайым ел тілесін!
Тек шаттықпен жүректер езгерсін!
Абыройын көтеріп асқақ елдің
Жебіресін көк Туым, желбіресін!

Айбатыр СЕЙТАҚ.

▲ 4 МАУСЫМ – ҚР МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ КҮНІ

ҚАЗАҒЫМНЫҢ АРМАНЫ мен МҰРАТЫ

Кешегі Одағының солақай саясатына қарсы желтоқсанның ызғарында аланға шыққан қазақ жастарының жүрегіне жалын, бойына қуат берген «Менің Қазақстаным» әні арада жылдар өткенде тәуелсіз елдің Мемлекеттік Гимніне айналады деп ешкім де ойламаған шығар.

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін.
Жырың болып төгілемін, елім,
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Қарапайым ғана сөздерден құралған осы бір төрт жолдық күлпеті еңбектеген балалан, ержеткен қарттың жүрегіне ұялап, ерекше сезімге бөлейтінін тамырында «мен қазақпын» деп тұлаған қаны бар адам жоққа шығара қоймас. Жүмекеннің шымыр шумақтары Шәмшінің шабытты әнімен астасып, қазақ халқының ажақ рухын асқан әлеміне көтеріп әкетпелі қашан?! Еркін ел атанғалы бері әлемнің қаншама елінде Көкбайрағымыз осы әннің ырғағында самал желмен тербеліп, көкке өрледі десеңізші?! Бұл – «Менің Қазақстаным» әні. Менің Қазақстаным Мемлекеттік Гимні!

«Жетісу»
Мадия АЛЖАНБАЙ

...Тәуелсіздік таңы арайлап атқанда, көңілін шер шимайлаған дана халықтың ақсақалды қарияларымен ақ жаулықты кейуаналары көкіректі кернеген қуанышты «Менің Қазақстаным» әнімен басты. Мақтаныш сезімін сабырға шақырып, шүкір мен тәубеге түсірген әннің тигізген көмегі жоғары оқу орындарында білім алған жастардың жалынды шағын сағынышқа толтырып, алып-ұшқан кеңіл дегдарлыққа, көрегендікке ұмтылдырды. Жатақханалардың дәліздері мен шулы қаланың пәтерлерінде шырқалған әсем әуен қуыс көудеге пенденің бәрін дүр сілкіндіріп, теренге жасырылған азаматтық ұстанымды шер болып толқытты. Ой түбінде жатқан асыл сөз болып төгілді, су табанында жатқан асыл тас болып табылды «Менің Қазақстаным». Туған күн, екі жастың бас қосуы, еске алу, шығармашылық кеш секілді рәсімі нәм бейресми отырыстардан таралған жалынды да мұңлы әуен Қазақстан Республикасының Әнұраны болып бекітілгенде көзіне жас алмаған адам қалмады-ау сірә. Өйткені Күн астында көкке қанат жайған алтын түсті қыран мен байырғы замандардан сыр шертетін ай мүйізді қос пырақтың қатарын толықтырар құндылық. «Менің Қазақстаным» тұсырған даланың топырағын қопсытып, жайқалған бау-бақшаға айналдырар азаматтың, шекараның шеті мен желдің өтінде туған жердің тынысын күзеткен ұланның жүрегіне жігер беріп, анталаған жауға қарсы аттандырар Әнұранға айналған еді. Елбасының қатысуымен өлеңіне жасалған аздаған өзгерту сырлы да мұңлы әннің қамтитын кеңістігін кеңейтпесе, кемітпеді.

Бүгінде балабақшадағы сәби мен бастауыш сыныптағы жас өскін тебіреніп салар Әнұранды қызыл империяның түсында жаттап, шырқата салған әрбір азамат әлі күнге сол баяғы күйінде орындап жатады. Себебі, санаға сіңісті болған сұлу жырдың сиқыры ешқашан ұмытылмайды. Өйткені жігері құм болып бұлық-санда қайнаған, санасы бодандықтан ширыққанда тұлаған атаның қаны және түн ұйқысын төрт бөліп, бесік жырын орындаған ананың жанарын нысыптан ашы жасы арқылы енген енеге мен ұлағат тірі жанның тамырын солқылдатар қуатты күш. Ал тамырында қазақы қаны бар әрбір адам Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Әнұранды, Елтаңбаны, Көкбайрақты қашанда биік ұстап, қастерлей түседі. Мұндай қадам қолына беріп байрақ ұстаса қайқайдасып қозып кететін қайсар халықтың бүгінгі жалғасы – Мәңгілік Елдің ұмырауазақ болғанын қалайтын әр шаңырақ иесінің бойынан табылады. Өткеніне күрметпен қарап, келешегіне үміт артқанның тілі жойылмайды, дін бұзылмайды, тіні сегілмейді, ділі сетінемейді. Оған ғасырлардан ғасырларға жалғасқан Мемлекеттік рәміздер себеп, түртіп болары анық. Ендеше, жасасын Әнұран, жарқырасын Елтаңба, желбіресін Көкбайрақ!

ӘКЕ – үйдің иесі, АНА – оның киесі



Бала тәрбиесін жергегінен бастау, ұлттық дәстүрлеріміздің тамырын босатып алмау, әке беделін биіктетіп, ана атын ардақтау, отбасы құндылықтарын насихаттау, міне, «Мерейлі отбасы» байқауының мақсаты осыған келіп саяды.

«Жетісу»
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Елімізде биыл екінші мерте аталып өтетін бұл ұлттық маңызға ие байқауға облыс бойынша аудан-қалалардан жыл басынан бері 253 отбасының құжаты келіп түскен. Ал былтыр, алғашқы жылы байқауға қатысуға 172 шаңырақ ниет білдірген болатын. Байқап отырғандарыңыздай, үйіндегі жақсылықтарын көппен бөлісуге ынталы отбасы саны биыл едәуір артқан.

Облыс әкімінің орынбасары **Бақтияр ӨНЕРБАЕВТЫҢ** жетекшілігімен өткен комиссия отырысында көпшілік назарына облыстың 19 аудан-қаласынан іріктеуден өткен 76 отбасының 38-інің құжаттары ұсынылды. Барлық анықтама-дерек, фотоальбомдар осы кезге дейін толықтай електен өтіп, таразы басына тартылып, зерделеніп барып, шешуші кезеңде жеңімпаз болуға лайықты алты отбасының аты аталды. Бұл жөнінде облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ғалымқар Сарыбаев атап кетті. Мәселен, үлгі етуге тұрады деген алаңдық отбасы – Оспановтардың ұлқызы шетінен меценат. Ал Панфилов аудандық Қалиевтер отбасының отағасы мен отанасының отасқандарына бақандай 60 жыл толыпты. Бүгінде балаларының кәбі ауыл шаруашылығында еңбек етіп жүрген көрінеді. Үйлер ауданының тұрғындары Василовтардың өзгелерден ерекшелігі – отбасы мүшелерінің бәрі дәрігер. Дәрігер болғанда да, бірі – лор, екіншісі – кардиолог, үшіншісі – хирург, енді бірі – уролог, тағы бір баласы педиатр, тағысын-тағылар. «Құрмет» орденінің иегері жамбылдық Ақбауов ғұмырының көбін бала тәрбиесіне арнаған, өмірінде кайырымдылық шараларына белсене қатысқан елжанды азамат деседі. Еңбекшіқазақ ауданының тұрғыны Кеңесбек Дәнбаев та ұстаздық еткен. Қазір зейнеткер, тыл ардагері. Бір ұлы Ауған соғысында оқтат болса, енді бір ұлы ішкі істер органында жүріп қызмет үстінде мерт болған. Ескелділік Исмаиловтар отбасының егесі бүгінде 100 жасқа келіп отыр, Ұлы Отан соғысының ардагері.

Осы аталған алты отбасының артықшылығы, айнымас дәстүрлері мен жаңғырғандары, үлгі тұтарлықтай жетістіктері, дарындары тағы бір сараланып, елеткен өткізіліп, олардың облыстық байқау жеңімпазы деп тану ұсынысы бірауыздан қолдау тапты. Кімге қай орындар бұйырғанын жұық арада өтетін «Мерейлі отбасы» облыстық байқауының салтанатты марапаты кезінде сүйіншілейтін боламыз.

▲ ҰБТ – 2015



СЫНАҚ БАСТАЛДЫ

Мектеп бітіруші түлектердің білім деңгейін бағалаудың басты өлшемі болып табылатын Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы басталды. Түлектердің білімін сараптап, үздік нәтиже көрсеткендердің жоғары оқу орнында мемлекеттік грант негізінде оқуына мүмкіндік ашатын тестілеу сынағы облысымызда маусымның 2-7-ші күндері аралығында өтеді. Жалпы биыл орта білім шаңырақтарын 14350 түлек тамамдаса, 9657 түлек ҰБТ-ға қатысып, бағын сынамақшы. Солардың қатарында «Алтын белгі» қорғайтын 349, үздік аттестатқа үміткер 88 түлек бар. Сынақ өз дәрежесінде өтіп, оқушылар үміттері ақтағы деген сенімдеміз.

«Жетісу»
Қажет АЙДАС

Жалпы облыс бойынша 15 сынақ алаңы бүгінгі күні ҰБТ тапсыратын түлектерге есігін айқара ашып, тестілеудің әділ өтуі үшін барлық пункт ұялы телефон сигналдарын тұншықтыратын, металлиздегіш құралдар, бейнежазу камераларымен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, Ұлттық бірыңғай тестілеудің өту барысын арнайы құрылған комиссия мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдері қадағалауда.

Сынақтың алғашқы күні Ақсу, Балқаш, Жамбыл, Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандары мен Қапшағай қаласындағы түлектер бақ сынады. Екінші күні Талдықорған қаласы мен Көксу, Сарқан, Райымбек, Кербұлақ, Панфилов, Үйғыр, Алакөл, Қаратал аудандарының мектеп бітіруші түлектері тестілеуге қатысты. Осы күні облыс орталығындағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті қабырғасында сынақ тапсырған жетісулық жастардың көңілі көтеріңкі. Өйткені сынақ тапсырушыларға барлық жағдай жасалған. Өсіресе, алыс ауылда тұратын түлектердің облыс орталығындағы сынақ алаңына жетіп, жатын орын, ыстық тамақпен қамтылуына ерекше мән берілген.

Мектеп бітірушілердің көңілінде үміт пен күдікті қатар ұялатқан Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы бір баланы қуантса, енді бірін мұңайтып жатқаны жасырын емес. «Бақ шаба ма, бап шаба ма» дегендей, емтиханда бірінің асығы алшысынан түсіп, өзіне таныс сұрақтар келіп жатса, келесі бір түлектің қиын тапсырмаларға тап болып, көңілі алабұртқан күйі сынақ алаңынан шығып жатыр.

Ұлттық бірыңғай тестілеу жылдағы ереже бойынша өтіп, мектеп бітірушілер бес пәннен сынақ тапсырып, барлығы 125 сұрақ берілген. Талапкерлер жоғары нәтиже көрсету үшін әр пәннен 21-25 балл аралығында жинауы керек. Бұл бірінші кезекте «Алтын белгі» үміткерлеріне қойылатын талап. Айтпақшы, ҰБТ-дан өтпелі балл – 50. Демек, талапкерлер мемлекеттік грант конкурсына қатысу үшін 50 балдан төмен жинамауы керек, медицина саласын таңдағандар көрсеткіші 55-тен кем болмауы қажет. Ұлттық университеттерге құжат тапсырғысы келген талапкерлер үшін төменгі балл 70-ті құрап отыр.

Облыс орталығында өткен ҰБТ тапсыруға 3 жарым сағат уақыт берілді. Сынақ кезінде қатысушылардың сөйлесуіне, бір орыннан екінші орынға ауысып отыруына, емтихан материалдарын басқа бітірушімен ауыстыруына, көшіріп жазуына жол берілмеді. Шпаргалка, оқулық және басқа да әдістемелік әдебиет, калькулятор, фотоаппарат, мобильді байланыс құралдарын, ноутбук, плейерді аудиторияға кіргізуге және пайдалануға рұқсат етілмеді.

Десе де, тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер бойынша етінештер тестілеу нәтижесі жарияланғаннан бастап келесі күні сағат 14.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырылатынын айта кеткен жөн.

▲ ЭКОНОМИКАНЫҢ КҮРЕ ТАМЫРЫ

Автокөлік жолы – экономика дамуының басты тірегі. Сондықтан ол қазіргі таңда маңызды мәселенің қатарында. Мемлекет басшысы халыққа арнаған «Нұрлы Жол» Жолдауында аталған салаға баса мән берген еді. Соған сай, ел мен елдің арасын жалғап, қатынасты нығайтатын жол құрылысы қарқын алып тұр.



АЛМАТЫ - ТАЛДЫҚОРҒАН арасы жақындай түседі

«Жетісу»
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Қазіргі кезде облыс шегіндегі республикалық маңызы бар Алматы – Өскемен автокөлік магистралінің Алматы – Талдықорған аралығында құрылыс жұмыстары қызу жүргізіліп, қайта жаңғыртылуда. Бүгінде бұл бағыттағы істер айтарлықтай қарқын алды. Осы шаруаның барысымен жақын танысу үшін журналистермен баспасөз-туры ұйымдастырылды. Мұндағы мақсат – Талдықорған мен Арқарлы асуы аралығындағы жолдың жөнделу жұмыстарын байқап қайту. Қаладан шыға салысымен жол құрылыстары бойынша еңбек ырғағының тоқтаусыз жүріп жатқанына куә болдық. Алғабас ауылынан бес шақырым қашықтықта жол құрылысы қарқын алыпты. Алып техниканың күшімен жаңа табанына топырақ төгіліп, беткабаты тегістеліп, асфальт төселуде. Бұдан әрі Айнабұлақ стансысы маңындағы кіші Бұжы өзенінің үстіндегі аспалы көпірге де күрделі жөндеу жүргізіліп, қайта жаңғыртылуда.

Бұл істі «МостоСпецСтройАстана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылысшылары қолға алыпты. Көпірдің екі жағы кеңейтілуде. Сол жердегі участок басшысы Ерлан Темірбаев бұл жұмысқа он шақты техника, жиырмадан аса адам еңбекке тартылғандығын және істің сапалы атқарылуына баса көңіл бөлетіндіктерін айтады. Олардың ішінде жергілікті тұрғындар да бар. Бұдан соң Қызылтоғандағы көпірді де қайта жөндеуден өткізбек. Мұндағы жұмыс жыл соңына дейін аяқталмақ. Жол бойында қауіп-қатерден сақтандыру үшін алыстан меңмұндалап тұрған жол белгілері мен жолақтар да айқын көрініп тұр. Көпірден он шақырым аса жаңа жолдарға асфальт төселіп те үлгерген. Сарыөзек пен Талдықорған аралығындағы 75 шақырымның 20 шақырымы бойынша жолды жөндеу ісін «ҚазДорСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асыруда. Бұл жерде де жиырма шақты адам еңбекке тартылған. Сол маңда жұмысшылар тұрғынжайы орналасыпты. Олар сол жерде тұрып жұмыс істейді.



Дарқан МОЛДАХМЕТОВ, машина операторы:

– Осы салада еңбек еткеніме екі жыл болды. Ұзынағаш ауылының тұрғынымын. Шүкір, атқарып жатқан жұмысым өзіме ұнайды. Мұнда өңіріміздің әр түпкірінен келгендер еңбек етеді. Алатын жалақым да жаман емес, жүз мыңнан асады. Осының арқасында отбасымды да асырап отырмын. Сондықтан өзіме жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқаруға тырысамын.

Келесі кезекте Арқарлы асуына қарай жол тарттық. Жол бойы тоқтаусыз жүргізіліп жатқан жол құрылысының қарқыны жоғары. Төселген жол тақтайдай тегіс, оқтай түзу. Тіпті автокөлікте келе жатқанынды аңғармайсың да. Яғни, көлік қозғалысына өте ыңғайлы.

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

▲ 5 РЕФОРМА ЖӘНЕ 100 ҚАДАМ

64-қадам

ӨНДІРІСКЕ ИННОВАЦИЯЛАР ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІ бар «Ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заң әзірленеді. Ғылыми гранттар мен бағдарламалар құрылымдары индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының қажеттілігіне орай қайта бағытталады.



Болат ХАЖАХМЕТҰЛЫ, «Үйгентас береке» өндіріс кооперативінің басшысы

Индустрияландыру: өлеумет және әлеует. Қазіргі ұрпақ дамудың дағғыл жолына түскен, болашағы жарқын, жолы нұрлы Қазақстанды біледі. Тіпті, қазақстандықтардың өмірін жақсарту жолында қазіргі уақытта көптеген ұзақмерзімді бағдарлама атқарыла бастады. Саясатта, мәдениетте, экономикада, білім-ғылымда, әлеуметте қолға алынған бастамалардың баянды болғаны халық үшін өте маңызды. Бұның бәрі Елбасы бастамаларының жетістігі. Осы табыстардың жалғасын табуы, болашағымыз нұрлы, еліміз мәңгілік болуы үшін халықтық бес реформаның әрбір тетігін мықты атқаруымыз керек.

Еңбек өрге оздырды

Аталған бес бағыттың бірі – әр тараптандыруға негізделген индустрияландыру және экономикалық өсім. Бұған қатысты Президент индустрияландыру мен өндеуша сектордың алғ күнге экономикалық өсімнің нағыз драйверлеріне айналмай отырғанын алға тартып, мұның байы-бына терең баруды Үкметке ескертті Сонымен қатар, Мемлекет басшысы ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдауда олқылық-тар орын алып отырғанын тілге тиек етті. Сондай-ақ, трансұлттық компаниялардың қатысуы-мен шамамен 10 ірі жобаны жүзеге асыру керектігін тапсыр-ды. Соның бірі – өндеу саласын жетілдіру болып табылады.

Несін жасырайық, бүгінде алакөлдіктер Қабанбай ауылын-да орналасқан «Үйгентас бере-ке» өндірістік кооперативін біледі десем, артық айтқандық емес. Өйткені бізден ұзын төуелсіздік-тен кейінгі сан қилықты бас-тан өткерсе де бүлдіргісі бүлін-бей, тарап кетпей, жұмысын тоқ-татпай осы күнге жетті. Қазіргі ұжымның құрамындағы нан пісіретін, кондитерлік, тұшпара жа-сайтын цехтар, бөдене өсіретін шаруашылық, кафе мен дүкен-дер желісі 40-тан астам адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Ие, жұмыстың жеңіл жоқ. Үйгентастықтардың жерлік өнімі ретінде мақтана айтатыны бө-дене өсірудің күрделі мен тетігін игеріп, оны тұтынушылардың кереғіне жарата алғаны дер едік. Бөдененің өзіне тән ерекшелік-терін ата-бабаларымыз баяғыдан білген. Халық емшілері оның ет мен жұмыртқасын адам ағзаларын күшейту үшін пайдаланды. Алайда, бертін келе бөдене назардан тыс қала бастады. Ақпарат көздерне сүйенсек, осыдан 10 жыл бұрын елімізде бөдене өсірумен айналы-сатын бірнеше ғана шағын шаруашылық болды. Қазірде оның саны жүзге жуықтаған. Жетісу жерінде де жақсы мысал аз емес. Облысымызда бөдене өсіретін 25 ұжым жұмыс істейді. Біз сол қатардамыз. Айта кетерлігі, бөдене санын қазіргі заманауи инкуба-торлар арқылы көбейтуге болады. Яғни, жұмыртқа инкубаторда 17 күнде балапанға айналады. Бала-пандар 35 күнде жұмыртқалайтын дәрежеге жетеді. Қорытындысында қа-рағанда бөдене ею есе жылдам өссе, тауықтармен салыстырғанда ол әлдеқайда тез көбейеді. Тіпті, бөдене балапандарының ауруға қарсылық қуаты өте күшті. Егер үйелеп немесе өлдебір жағдай болмаса бөдене балапандары оңайшылықпен өлмейді.

Демек, бөдене өсіруде шығын мөлшері тым аз. Керісінше, кіріс күн сөнсіз арта береді. Оның ет мен жұмыртқасына сұраныс жоғары. Біздің ауданның өзінде көптеген дүкендер мен базарларда бөдене еті мен жұмыртқасын сұраныс жоғары. Біздің ауданның өзінде, әдіс-кәрі Талдықорған өңірене көптеп сатылады. Кейде ауылдағы тұты-нудан аса алмай қалып жатамыз. Бұл өнімділіктің аздығының әсері деген сөз. Елбасы ортаға қойған «Бес реформа, 100 нақты қадам» 61-қадамында: «Ет өндірісі мен өңдеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту. Негізгі міндет – шикізат базасын дамыту және өңделген өнімдерді экспорттау», – деп атап көрсетті. Осы тұрғыдан келгенде біздің өңірде бөдене өсірудің шикізат базасы жеткілікті. Ал инвесторлар тарту мәселесі кеңжелен тұр. Осыған орай, біз интернет сауданы жолға қоюға кірістік. Яғни, ғаламтор арқылы өз өнімімізді жарнамалай бастадық. Егер бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік қарастырылса, ұжымда еңбеге танымал, жоғары біліктілікті Людмила Горбачева, Нұра Гүлбекова сияқты мамандардың жұмыс істейтіндігі өнімімізге деген елдің сенімін нығайтып келеді. Ал «Береке» кафесі бір ретте 200 адамға қызмет көрсете алады. Яғни, осы өңірдегі тұрғындардың той-томалақ, қызық-қуанышы бері осы кафеде өтіп тұрады. Ал осы барыс-та бөрене жұмыс жасағандарға қосымша ақы төлеу мәселесі қолға алынған. Бұл Елбасының 15-қадамдағы «Кәсіби талаптарды күшейту және еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу» туралы айт-қан ойымен ортақтасып жатыр.

Бір қуанарлығы, жұмыстары-мыз алдағы уақытта жаңа тәжі-рибелермен жетіле түспек. Себебі, аталған құжаттың 64-қадамында: «Ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заң әзірленеді. Ғылыми гранттар мен бағдарламалар құрылымдары ин-дустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының қа-жеттілігіне орай қайта бағытталады», – деп көрсетілді. Бұл техни-калық қызметтерге қойылатын та-лаптың күшейтілетінін білдіреді. Алдағы уақытта техникалық ма-мандық алған жастар өндіріс орындарына қарай ағылатыны сөзсіз. Қазір біздегі мамандардың алды 30, арты 20 жылдай жұмыс істейтіндер. Ендеше, олардың орнын білікті, білімді, қабілетті, да-рынды, іскер жастар ауыстырса, өндірісміз өрге басып, кірісміз арта түспей ме? Ол айналып келіп, ұжымдағылардың жағдайын көтереді.

Біз бұған дейін өндірісті кооперативтік түрғыда ұйым-дастырып келдік. Нәтижесін көріп отырсыздар. Алдағы уақытта сол тәсілді жалғасты өндіріске енгізіп, жұмысымызды ширата бермекпіз. Ең бастысы, шығар бигімізді аласа болмайтынына сенемдемін.

Қабанбай ауылы, Алакөл ауданы.

Жаңа кезең талабы

Бүгінгі күні Қазақстанның алдына қойып отырған басты мақсаты – елімдегі дамыған отыз елдің қатарына ену. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанның дамыған отыз елдің қатарынан көрінуі үшін Үлт жоспарын құрып, онда атқарылатын жұмыстың 100 қадамын нақтылағанын білеміз. Бұл қадам көпшілік сенімді мені де қуантты.

Қажетте алаң өтілгендей, мемлекеттіміздің нығайтып, жолдан адаспауға, күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызу үшін берекіге қарай жасап беруге бағытталған «100 нақты қадам» жоспары кешенді тарапынын қолдау тауып отыр. Оның алғашқы бесін-ші кәсіби мемлекеттік аппаратты құруға арналған. Осыған байла-ныстымемлекеттік қызметке қабылдау рәсімдері жаңғыртылатын болады. Қызметкерлер еңбек жолын төменгі лауазымдардан бас-тайды. Сол арадан шынын іскерлік қабілетін жаңсы көрсеткендердің ғана лауазымы жоғарылап, биікке көтеріледі. Яғни, бұл мемлекеттік қызметтегі кадр саясатының ашықтығын қамтамасыз етпек. Мемлекеттік қызметкер айналасындағыларға үлгі болатындай бізнес, іскерлігі, халыққа деген құрметі мен жанашырлығы бар, адамгершілігі жоғары тұлға болғанда ғана ел сенімне ие болмақ. Кейде құманды тұлғалардың солардың арасынан шығып жатқа-нына ренжіссіз. Енді кезекте, қарақан қара басының ғана қамын емес, елдің мерейін өсіруді ойлайтын мемлекеттік қызметкерлердің көбейгенін сенім мол. Әрине, өз жұмысын бүге-шүгесіне дейін меңгеруі үшін бұл қадам аса қажет деп ойлаймын. Халықпен жұмыс істеудің жөн-жобасын үйренетін болады. Сондықтан «100 нақты қадам» жоспарын елімізді дамуының нақты жол картасы деуге әбден болады.

Жасұлан АХМЕТОВ,
облыс бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы.

Білімді мыңды жығады

Елбасының Үлт жоспары ретінде көрініс тапқан бес институттық реформасы мемлекеттік құрылымды, жалпы мемлекеттің экономикасын әлеуметтік, саяси және мәдениет жағынан қамтитын салмақты реформа дер едім. Біздің іргелі ел ретіндегі алдағы міндет-мақсатымыз айқын ол – әлемдегі тұрақсыз ағуалға қарамастан, Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына қосу.

Бұл үәделен шығу үшін, әрине, біздің ұрпақтың білімі мықты болуы тиіс. Мемлекет басшысы бес реформының бірінде үш тілді кеңістік жөнінде атап кетті. «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің бірншісі, негізгісі, бастысы, мәнділісі бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі», – деп анық айтты Президент. Сондықтан, үш тілді меңгеру дегеніміз, алдымен өзіңді танудың, өзіңді құрметтеудің ең басты құралы – қазақ тілі болса, қалған екеуі сол дүниені танудың кейінгі сатылары. Сондай-ақ, үш тілді қатар білу – жаһандық өмірге берілген жолдама деп білемін.

Бүгінгі бала өте зерек, бәрін білуге ұмтылып тұрады. Оның ойлары да тұнық, ластанбаған. Сондықтан біз кішкентай достары-мыздың бойына әркашан жақсылық дәнін себуіміз, жақсы білім бе-руіміз жалыспаймыз. Елбасы Үлт жоспарында ЭЫДҰ елдері талап-тарының негізінде адам капиталының сапасын көтеру жайында да нақты көрсетіп берді. Бұл бізге, ұстаз қауымына артылған жүк ым сенім деп білемін.

Менің әріптестерімнің бәрі де елімізді ертеңгі күнімізбен ой-мәтіркыл-гербмейді жатыр. Ал, төуелсіздік бесігінде ең кейінгісі оқып, білім алып жатқан бүгінгі балаларымыз Қазақстанды бо-лашағы жарқын әрі дәулетті ел қатарына қосатынына бек сенемін.

Шолпан АҚЫНБЕКОВА,
М. Ломоносов атындағы №5 орта мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі.

Талдықорған.

▲ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ

Бөлінген қаржы тиімділікпен игерілуі керек

Өңірдегі жол жөндеу жұмысымен айналысатын құзырлы органдардың ақпаратынан білгеніміздей, биыл да республикалық маңызы бар жолдарды салу, кедергісіз көлік қатынасын қалпына келтіру үшін тығырықты шаралар қарастырылған. Осы барыста жолдардағы шұңқырларды жою, жол белгілерін, қоршауларды, ескертпе, шақырым бағандарын орнату, жол-белгі сызығын жасау, тағы басқа қыруар жұмыс жүзеге асырыла бастапты. Сондай-ақ, жол қозғалысына қауіп тудырған «тар жол» ретке келтіріліп, басқа да жұмыстардың қолға алынғаны көрініп тұр.

«Жетісу» Қажет АНДАС


Талдықорған қаласында жол жөндеу жұмыстары қыза түсті. Қала әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, қазіргі таңда Жамбыл Жабаев пен Тұңғатов көшелері «үрделі жөндеуден өткізілуде. Аталған аймақта қайтадан асфальт жабыны, жаяу жүргіншілерге тротуар төселген. Жұмыска «Торгмонтажсервис» пен «Гордорстрой» ЖШС-нің 100-ге жуық жұмысшысы мен 20 техникасы жұмылдырылған.

Облыс орталығының ауқымы кеңейіп, тұрғындар санының артуы және көлік санының көбеюіне бай-ланысты қала әкімдігі күре жолдарды кеңейтуді ойластырыпты. Атап айт-қанда, Жансүгіров көшесін батыс сәуына жолы, яғни, "Жетісу" монумен-тінен бастап, Қаратал өзеніне дейінгі аралықта кеңейту жос-парланған. Со-ған сай "Қазақстан жолдары" ЖШС жұмыс жобасын әзірлеуде. Жасыра-тыны жоқ, Талдықорғанның басты кө-шелерінің бірі болып табылатын Жан-сүгіров көшесінің кейбір тұсында жаяу жүргіншілер түгіл, бір бағыттағы қос көліктің қатар жүруіне де жағдай жоқ. Осы мәселенің түйінін тарқату жобалаушы мекеменің алдына қойыл-ған басты мақсат. Сонымен бірге, об-лыс орталығындағы "Шығыс" индус-триалды аймағына баратын тозығы жеткен ойық жолды жөндеп, кеңейту бойынша жоба дайындалуда. Бұл жұ-мыска «ОНТ-NP» ЖШС білек сыбана кіріскен. Осы орайда, қалаға Алматы-дан және Өскеменнен кіреберіс жолда-ры кеңейту өз алдына жеке жоба ретін-де карастырылуда. Күре жолдармен қатар, қаладағы өзге көшелерді де күр-делі жөндеу жұмыстарының жобасы дайрлануда. Атап айтқанда, Абай, Әлімжанов, Сырттанов, Гауһар ана, Қаблиса жырау, Тольятти, Ружев, Шай-корған, Ақылбеков көшелерін күрделі жөндеуден өткізеді. Сонымен қатар "Гордорстрой" ЖШС қала көшелерінде ағымдағы жөндеу жұмыстарына кіріс-іп, ойылған жерлерді тегістеуді жал-ғастыруда. Жол жөндеу ісіне тарт-ылған еңбеккерлердің де көңіл-күйі көтеркі. Олармен тәжірибелерімізде еңбекақыларын уақытылы алып жатқа-мын, ел игілігі үшін істелер істің жауапкершілігі салмақты екенін айтады.

Қала әкімдігі жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дыбыс жолақтарын орнатып, жүргізушілерге жаяу жүргіншілер өткелінде жақындағандығын ескертетін өзге де тәсілдерді қолдануда. Сондай-ақ, Абылай хан, Жансүгіров көшелерінің бойында, жаяу жүргіншілерге арналған аспалы көпір жобасы жасалуда. Мұндай көпір Қаратал өзенінде Тәуелсіздік және Жансүгіров көшелерінде орнатылмақ.

Демек, алысты жақындатқан күре-жолдың бүгінделер күні алыс емес. Ел тілегі: «Бөлінген қаржы бүлінбей игерілсе, жұтының тұрған мәселе шешімін табады», – дегенге саяды.





Банк ВТБ (Қазақстаннан) 335 ақшалай жүлделердің ұтыс ойынымен «Ақша ақшаға» акциясы

2015 жылғы 1 маусымнан бастап Банк ВТБ (Қазақстан) салымшылары үшін, аясында 335 ақшалай жүлделер ойнатылатын «Ақша ақшаға» акциясы басталады!

«Ақша ақшаға» акциясына қатысу үшін 2015 жылғы 1 маусымнан бастап 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде кемінде 15 000 теңге, 100 АҚШ доллары/еуро, немесе 3000 ресей рублі сомасында депозит ашу немесе толықтыру керек.

Акцияға қатысқан барлық қатысушылар депозит мөлшерлемесіне қосымша 1% бонус алады (акция шарттарына сәйкес) және ай сайын өткізілетін ұтыс ойынның қорытындысы бойынша 15 000 теңгеден 110 ақшалай жүлделер және қорытынды ұтыс ойыны бойынша 1 000 000 теңгеден 5 ақшалай жүлделер аударылатын Visa Instant Issue картасына ие болады.

Банк ВТБ (Қазақстанның) депозиттері – бұл сенімділіктің жоғары пайызы және жинақтарды сақтаудың және көбейтудің тиімді шарттары!

Акция шарттары туралы толық ақпаратты 5050 номері бойынша (кез келген ұялы телефоннан тегін) Банктің Байланыс орталығынан біле аласыздар.

▲ «АГРОБИЗНЕС – 2020»

Облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірде шағын және орта бизнесті кеңінен дамытуға қолдау көрсету жөнінде пәрменді жұмыстар жүргізіп келеді. Аталмыш ұжым жақында осындай жиілікті істі Қаратал ауданында да өткізді. Мұнда аудан кәсіпкерлері бас қосып, пәрменді іс-шаралар ұйымдастырды. Келелі кеңесті аудан әкімі Қайрат Бисембаев ашты.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР ЖИЫНЫ

Жиынға облыстық кәсіпкерлер палатасының басшысы Ләззат Шыңғысбаева, аудандық мәслихат хатшысы Бақыт Смайлов, аудан прокуроры Құралбек Шәйбеков, «Нұр Отан» партиясы ауандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Берік Ақбасов және тағы басқалары қатысты. Кәсіпкерлік ортада шағын және орта бизнесті дамыту мәселесі қозғалып, өңір бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың барысы талқыланды. Жиында сөз алған Ләззат Алтынбекқызы облыстық кәсіпкерлер палатасының өткен жылғы және бүгінде атқарылып жатқан істерін таныстырды. Отырыста жеке кәсіпкерлер «Арман қала» бағдарламасы бойынша пайыздық субсидиялау, Электр қуатының тарифі, «Қоян өсіру базасы», «Агробизнес – 2020» бағдарламасы төңірегінде мамандарға бірнеше сұрақ жолдап, түсімді жауаптар алды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Әлем жаңалықтары

40 жылдан кейін табысты



1973 жылы Чилидің 19 жастағы тұрғыны Нелли Райсқа дүрігерлер дүние есігін енді ашқан перзентінің шетінеп кетуінін хабарлаған еді.

Арада 41 жыл өтіпті. Ол баласының аман екенін біл-генде есінен танып қала жаздапты. Нақтырақ айтқан-да, америкалық азамат оған қат жазып, баласы екенін хабарлайды. Қызық, болғанда, өзін босандырған дәрігерлерден сәбиге сенің қалған әйел шараманы көрсетуді талап еткен кезінде. Ол ол ма, шараманың шетінегені жайында куәлікті де талап еткен.

«Жасым 40-қа келгенде туғандарымды іздеуге кірістім. Мен асырап алған ата-анам өсіп-жетілгенін білетінмін. Бала кезімде маған менің туған жерім Чили екенін айтқан болатын», – деді АҚШ-тың Вашингтон штатына қарасты Такома қаласының тұрғыны Трэвис Тролье. «Өзгей еке-шешем мені балалар үйінен асырап алғандарын айтқан болатын. Онда қалай тап болғы-мын, ешкім білмейді. Ұзақ уақытқа созылған іздестіру жұмыстарынан кейін елеуметтік желіден өткен ғасырдың 60-90 жылдар аралығында Чилидегі балалардың көптеп жоғалғаны туралы ақпаратқа кездік. Олардың саны бірнеше жүз болатын. Олардың шетелдіктерге сатқан немесе балалар үйіне өткізгені», – деді америкалық азамат ағынан ақтарылып. «Чилидің ұрланған балаларды ата-аналарымен қауышытыратын қауымдастығынан 'Фейсбук' әлеуметтік желісінде танысудың сәті түсті. Олардың ізімдегі жайындағы ақпараттарды бердім. Тура бір айдан кейін олар маған туған әкемнің байланыс дерегін тауып берді», – деді ол сөзін сабақтап. Екі баланың екеуі атанып үлгерген ол Чилидегі өзінің үш інісі мен екі қарындасы барын біледі 61 жастағы Нелли Райс 40 жылдан кейін табылған балаларын АҚШ-тан Чилиге кашырып алатынын жеткізді, деп жазады *ibtimes.kz.*

Ceriз аяқты тауық жайлы қауесет



Қытайда KFC мейрамханалар желісі олардың тауықтары "геномоджификацияланған және алты қанаты мен ceriз аяғы бар" деген қауесет тараткан үш компанияны сотқа берді, – деп хабарлайды BBC News.

Қауесет сөздер әлеуметтік медиа, оның ішінде WeChat мессенджері арқылы тарапды. KFC әр компаниядан 1,5 миллион юань (45 миллион теңге) және кешірім сұрауын талап етті.

Осыған дейін Қытайда бірнеше Интернет-дүкен келушілерден пікірлер жазылған кітапты өзгерту және бизнестерді жайлы жалған мәлімет тарату бойынша айыпты деп танылған болатын. Қытайда KFC компаниясының 4,6 мыңнан аса мейрамханасы бар. Ал әлем бойынша 115 елде 18 мың сауда орны қызмет көрсетеді.

Кортеж жол апатына ұшырады




Швецияда ресми сапармен жүрген Үндістан президенті Пранаб Кумар Мукерджи кортежінің көліктері жол-көлік оқиғасына ұшырап, соның салдарынан алты адам зардап шеккен.

Оқиға Упсала университеттік қаласының оңтүстік бөлігіндегі айналмалы жолда орын алған.

Кортежде президенттен басқа Швецияның тақ мұрагері ханшайым Виктория мен оның күйеуі, ханзада Даниэль болған. СВТ телеарнасының хабарлауынша, алдыңғы автомобильдің кенеттен тежелуі кезінде соның ізінде келе жатқан төрт көлік соқтығысқан. Көлік төбегінің басындағы Үндістан президенті, ханшайым мен оның күйеуі сапарын жалғастыра алды.

Корольдіктің басшасы қызметінің хабарлауынша, төбектің соңғы көліктерінде отырған адамдар ауыр жарақаттар алған жоқ. Оқиға орнына екі жедел жәрдем келіп кетті.

Вирус жұқтырғандар саны



Оңтүстік Кореяда коронавирусты жұқтырғандар саны 18 адамға жетті, деп хабарлады www.24.kz.

Бұған дейін өндетке 15 корейліктің шалдыққаны жайлы хабар тараты-лған болатын. Кеселді жұқтырған соңғы 3 адам елде коронавирустың алғаш дере-гі түскелген ауруханада болған. Осыған байланысты жергілікті билік бұл медициналық мекемені уақытша жабуды ұйғарған. Ал ондағы науқастардың барлығы өзге емханаларға орналастырылды.

Айта кетейік, коронавирус алғаш рет 2012 жылы Сауд Арабиясында анықталған болатын. Бүгінде әлемнің 23 елінде ауруды жұқтырудың 1 мың 142 дерегі тіркелген. Олардың 41%-ы өліммен аяқталды. Індетке қарсы вакцина әлі күнге дейін табылған жоқ.

Нобель сыйлығының лауреаты қайтыс болды



АҚШ-та 2004 жылы химия саласында Нобель сыйлығының лауреаты атанған ғалым Ирвин Роуз 88 жасында дүниеден озды, деп хабарлады Associated Press. Ол Дирфилд (Массачусетс штаты) қаласында сейсенбі, 2 маусымда ұйқыдан оянбаған.

Ирвин Роуз 1926 жылы 16 маусымда Нью-Йорктің Бруклин ауданында туған. 1948 жылы Вашингтон штаты университетін тамамдаған, төрт жылдан кейін диссертация қорғады. Ол Фокс Чейзеде (Филадельфия, Пенсильвания штаты) Онкологиялық орталықта ғалымдар тобының басшысы болды. 2004 жылы Аарон Чехановер және Аврам Гершкомен бірге жасушадағы ақуыздардың убиквитинжанама ыдырауы – аса маңызды циклдік үрдістердің бірін ашқаны үшін Нобель сыйлығын алған болатын.

ЖЫЛЫ ЖҮЗБЕН, ІЗЕТПЕН, ДЕНСАУЛЫҚТЫ КҮЗЕТКЕН

Халық денсаулығы басты назарда. Бұл орайда ел Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ «Қазақстан – 2050» Стратегиясында табысты болашақтың алты басымдығын да ерекше атап өткен еді. Бірінші басымдық – халықты сапалы және қолжетімді медициналық қызметпен қамтамасыз ету. Екінші басымдық – кең таралған ауру түрін анықтап, оны емдеумен шұғылдану. Бастама аясында сырқатқа экран арқылы диагноз қоюға қол жеткізілді. Нәтижесінде, әлеуметтік ауруларды анықтауға мүмкіндік туды. Скринингтік тексеруді жүйелі іске асырудың арқасында қатерлі ісік сырқатын ерте анықтау жолға қойылды. Жүкті әйелдердің бала туғанға дейін арнайы скринингтен өтуі туабітті ақаулар мен тұқым қуалайтын кеселдердің алдын алуға мүмкіндік туғызды. Міне, мұның бәрі Елбасының тапсырмасы негізінде іске асырылып жатқан шара. Медицина дамып келеді. Оған күнделікті «көк жәшіктегі» жаңалықтардан қанығудамыз. Бұл орайда адам ағзасын алмастыру, кардиохирургияның жеткен жетістігі таңдай қақтырарлықтай. Денсаулық сақтаушылар бір қолдың саласындай бірлесе, кеңесе еңбек етуде. Үмітті үзбеу үшін арпалыспен өткізген уақыттарының өзі ерлік көрсеткенмен пара-пар. Медицина мамандарының көбі бала-шағасын апталап көрмей, уақытын аурухана қабырғасында өткізетіні шындық. «Басқаның қамын ойласаң, өз қамың соның ішінде» дегендей, жарғақ құлағы жастыққа тимей күн мен түнді алмастыра еңбек етіп жүрген ақ желеңді абзал жандарға айтар алғыс шексіз. Ендеше, мереке қарсаңында бір топ дәрігердің ұлт саулығы үшін атқарып жатқан келелі ісін оқырманға паш етуді жөн көрдік. Қадірлі денсаулық сақшылары, еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер!

ДЕМОГРАФИЯ ДІҢГЕГІ

Адамзаттың басты борышы – ұрпақ өрбіту. Бірақ, бүгінгі таңда отбасылардың сәбилі болу мүмкіншілігі азайып барады. Оны біз емес, денсаулық сақтаушылар айтып, дабыл қағуда. Медицина мамандарының айтуынша, жылына еліміз бойынша 160-170 мың неке қиылатын болса, соның 15-20 пайызы нәресте сүйе алмауда. Оның салдарын мамандар ауаның ластануы, жиыстық қатынасқа ерте түсіп, түрлі сырқаттар жұқтыру, қабыну аурулары, дәрі-дәрмек ішу және жүйкенің шаршауы, бала сүюді тым кеш жоспарлау және тағы басқа себептермен түсіндіруде. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының пайымдауы бойынша нәресте сүймеу себептерінің 30 пайызы әйелге, 30 пайызы ерлерге және қалған 40 пайызы екеуіне де байланысты. Бедеуліктің зардабын шегуші ерлі-зайыптылардың әке және ана атану бақытына қол жеткізуіне «ЭКОМЕД» адам ұрпағын өрбіту емханасы септігін тигізуде. Сәби сүюдің заманауи мүмкіншілігі жайлы «ЭКОМЕД» адам ұрпағын өрбіту клиникасының ғылыми директоры, репродуктолог-эмбриолог, биология ғылымдарының докторы Салтанат Байқошқароваға жолығып, бірнеше сауал қойған едік. Мақалада әйелдердің көкейінде жүрген мәселелерді қозғауға тырыстық. Сұрақ-жауапқа зер салыңыз.


Нәресте сүюге «ЭКОМЕД» клиникасы жәрдемдеседі

– Салтанат Берденқызы, «ЭКОМЕД» орталығының құрылғанына 20 жылдан асты. Осы уақыт ішінде қанша отбасына қуаныш сыйладыңыздар?

– Біздің алғашқы «түтікте дамыған» нәрестеміз 1996 жылғы 31 шілдеде дүниеге келді. Ол қыз бала бүгінде 20 жаста. Бойшаң, әдемі бойжеткен Лондондағы іргелі оқу орнының бакалаврында оқып жүр. Содан бері біздің клиниканың көмегімен Қазақстанның түкпір-түкпірінде, тіпті алыс-жақын шетелдерде бес мыңнан астам бала дүниеге келді. Жылағанда етегі жасқа толып келген талай ананың бақытты болған сәтіне куә болдық. Нәрестелі болғандар өмірде баға жетпес байлық – жөргектің аңқыған жұпар иісі екенін айтып, сол шаттықты сезіндіргеніміз үшін алғыстарын жаудырып жатады. Балаларына біздің есімімізді беретіндері де сондықтан шығар. Бүгінгі таңдағы адам ұрпағын өрбіту емханасының негізгі мәселесі – маманның жетіспейтіндігі. Репродуктолог, эмбриолог мамандарды медициналық жоғары білімі болса да тағы екі жыл оқытып, даярлаймыз. Оқу көбінесе шетелде жүргізіледі. Осы 20 жылдан астам уақыт ішінде 100 шақты маман даярладық. ЭКОМЕД-тің филиалдары Алматыдан басқа Астана, Тараз, Шымкент, Атырау қалаларында бар.

– Әйел денсаулығы өте күрделі құрылым. Ондағы кілтипанды зерттеу, зерделеу біраз уақытты алатыны сөзсіз. Отасқаннан кейін қанша уақытта бала көтермесе дәрігерге тексеріле бастаған жөн? Бедеулік себептері неде?

– Егер еркек пен әйелдің арасында бір жылдың ішінде сәби болмаса, жұбайлардың медициналық тексеруден өткені дұрыс. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының зерттеуінше, бедеулік жиырмаға тарта себебі анықталған. Ерлі-зайыптылардың балалы бола алмауында ер мен әйелдің денсаулығынан болатын кінәраттың үлесі бірдей. Әйелдерде негізінен жатыр түтікшелерінің жоқтығынан немесе олардың өткізу қабілетінің бұзылуынан, гормональдық жетіспеушілік және бұрын аборт жасаудың әсерінен орын алуы мүмкін. Кейбір жағдайларда ерлі-зайыптылардың репродуктивті жүйесінің көрсеткіштері дұрыс болса да иммунологиялық сыйыспаушылықтың әсерінен жүктілікке жол берілмейді. Бедеулік – денсаулығы жақсы, бір-бірімен сәйкес келетін ерлі-зайыптылардың арасында да орын алады. Оны идиопатиялық немесе түсіндіруге жатпайтын бедеулік дейді.



– «ЭКОМЕД» орталығы жүктіліктің болуына қандай кепілдік береді?

– Қалыпты жағдайда адамдарда жүктілік үрдісі төмен. Жиырма жастағы денсаулығы жақсы әйелде бір айда бала көтеру мүмкіндігі – 15-20 пайыз, 30 жаста – 10 пайыз, ал 40 жаста – 5 пайыз. Денеден тыс ұрықтандыру және эмбрионды жатырға қондыру әдістерінде аналық бездерді ынталандырудың нәтижесінде бұл көрсеткіш екі есе артады, яғни 30-40 пайызға дейін барады. Әрине, ғылым бір орында тұрмай дамиды, жаңа технологиялар, әдістер құрал-жабдықтар жаңаруда. Біз уақыттың көшінен қалмай, сол жаңалықтардың жақсысын, пайдалысын сұрыптап, өз жұмысымызға енгізіп отырамыз. Емдеу барысын терең талдау, көпжылдық тәжірибеміз бен әрдайым ізденіс үстінде болуымыз және шетелдік мамандармен тығыз жұмыс істеудің нәтижесінде өзімізге тән емдеу әдістерін пайдаланамыз. Соның бірі әйелден алынған биоматериалды немесе денеден тыс ұрықтанған эмбрионды аса қауіпсіз әдіспен қатырып қойып, әйел ағзасын арнайы дайындықтан өткізуді көздейтін «Алтын протокол» тәсілі. Бұл әдістің көмегімен емдеу 70-80 пайызға дейін кепілдік береді. Әрине, бұл өте жақсы көрсеткіш. 100 пайыз кепілдікті әлемдегі бірде-бір денеден тыс ұрықтандыру орталығы бере алмайды.

– Денеден тыс ұрықтандыру жайлы ақпарат берсеңіз. Ол қалай жүзеге асырылады?

– Денеден тыс ұрықтандыру – аналық ұрықты аталық ұрықпен денеден тыс, яғни «құтыда» ұрықтандыру. Бұл тәсіл бүгінгі күнде бедеуліктен нәтиже шығарудың ең тиімді және нәтижелі әдісі болып табылады. Аталмыш әдіс – әйелдің жатыр түтікшелері жоқ немесе өткізу қабілеті бұзылған жағдайда, еркек бедеулігінде, эндометриоз жағдайында, аналық бездердің дұрыс жұмыс атқара алмауында, бедеуліктің себебі табылмаған кезде қолданылады. ДТҰ әдісінің негізгі кезеңдері: аналық бездерін гормональдік дәрілермен күштілеп ынталандырып, фолликулдардың пункциясы арқылы аналық ұрық алу. Аналық ұрықты күйеуі немесе донордың ұрығымен ұрықтандыру, эмбриондарды жатырға орналастыру, қажет болса қалған эмбриондарды қатырып қоюға болады.

– Денеден тыс ұрықтандыру баланың денсаулығына кері әсер етпей ме?

– Дүниежүзінде 2 миллионнан астам бала осы әдіспен өмірге келген. Егер салыстыратын болсақ, ДТҰ әдісімен дүниеге келген балаларда туа біткен дертке шалдығу табиғи жолмен ұрықтанып, дүниеге келгендерде кездесетін сырқаттан көп емес. Оның үстіне бұл әдіс арқылы эмбриондардан тұқым қуалайтын әртүрлі генетикалық ауруларды анықтауға болады. Зерттеу әдісін «имплантация алдындағы генетикалық диагностика» деп атайды. Эмбриолог микроскоптың көмегімен микроманипуляторды қолданып микрохирургиялық әдіспен эмбрион жасушаларын бөліп алып зерттейді. Содан кейін «пысық» эмбрион жатырға салынады. Тағы бір айта кететін жайт, табиғи жолмен болған жүктілікпен салыстырғанда денеден тыс ұрықтандыруда көп нәрестелі жүктіліктің болу мүмкіндігі жоғарырақ болады.

– Облыстан жылына кезекке тұру арқылы 63 әйел «ЭКОМЕД» көмегін иелену үшін квота ала алады. Әр адамға берілетін қаржы 700 мың теңгені құрайды. Ал жеке барып емделушілер үшін қанша қаржы керек? Сәби сүйгізу мақсатында қандай нақты көмек көрсетіледі?

– Үкіметтен берілетін қаржы мөлшерін өзіңіз айттыңыз. Ал ақылы түрде емделсе одан 1,5-2 есе арзан – шамамен 350 – 400 мың теңгенің айналасында болады. Бұдан арзан болуы мүмкін емес. Қазақстанда бұл әдіс ТМД елдерімен салыстырғанда арзанырақ. Басқа мемлекеттерде «ЭКОМЕД» қызметі біздікінен екі есе қымбат. Бір ескере кететін жайт, кей адам бірден бала көтере алмауы мүмкін. Белсендіруді бірнеше рет қайталауға тура келеді. Біз қолданатын әдіс көп. Бала көтерту үшін кілтипанды біліп, сол бойынша жұмыс жасаймыз. Егер еркектің өз әйелінде мүмкіншілік болмаған жағдайда донордың көмегіне жүгінуге тура келеді. Бала көтеруге қарсы көрсеткіштері бар әйелдер де кездеседі. Ондай жағдайда әйелдің өз күйеуінің ұрығымен шағылыстырылғаннан пайда болған эмбрионды суррогатты ананың құрсағына салып береміз. Ол әйел баланы дүниеге келгенше көтеріп беруі тиіс.

– Сіздерге емделушілер қайда, қалай хабарласуға болады?

– Біздің клиникамыз жер-жерлерде кезек-кезекпен ашылуда. Көпшіліктің сұрауы бойынша бірнеше қалада емдеу орталықтары жұмыс істеуде. Бүгінде бары санаулы. «ЭКОМЕД» клиникасының байланыс телефондары: Алматы қ.: 8-727-2775573; 3759004; 3753969. Сондай-ақ, ecomed_sb@mail.ru электронды поштасына хат жолдауға болады.

– Әңгімеңізге рахмет! Әйел бақытын еселей берулеріңізге тілектеспіз!

Гүлжан ТҰРСЫН

ЗАМАНДАС

Қоғамның ізгіленуі ең алдымен адамдарға байланысты болса керек. Тек өз қамын ойламай, айналасындағы жұртқа жақсылық жасауды мұрат тұтатын жандардың қатары молайған сайын өмірдің де арайлана түсетінін байқап жүрміз. Бір қуанарлығы, мамандығын жақсы меңгерумен қатар мұқтаж жандарға жақсылық жасауға дайын тұратын жаны жомарт осындай адамдар арамызда жиі ұшырасуда.

ЖАҢ ШУАҒЫ

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ



Жамбыл ауданына қарасты тұтынушылар құқықтарын қорғау басқармасының басшысы Зинаш Күштекованы медицина саласының мамандары ғана емес, былайғы жұрт та жақсы біледі. Себебі, ол өзінің тікелей міндеті саналатын тұтынушылар құқықтарын қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұрғындар тұтынатын өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттер мен нормативтік талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау, тамақ өнімдерін өткізу саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыру жұмыстарын атқарумен қатар қоғамда болып жатқан оқиғаларға да сергектікпен қарап, шама-шарқынша өз үлесін қосуды әдетке айналдырған.

«Өмір жолы балалық арманнан басталады» дегендей, дәрігер болып, адамдарды түрлі дерттен айықтыру Зинаш Көпжасарқызының сонау сәби жасынан көкірегіне қонақтаған арманы болған көрінеді. Осы ізгі мұратын жүзеге асыру үшін мектеп бітірген жылы іргедегі Алматыға емес, қалтарыстағы Қарағанды қаласына жол тартып, сондағы мемлекеттік медицина институтының санитарлық-гигиеналық факультетіне оқуға түседі. Бұл оқу орны сол кездері Орта Азиядағы санитарлық-эпидемиологиялық саланың мамандарын даярлайтын бірегей институт болатын. Оқуын жақсы аяқтап, қолына дипломын алған бойжеткен туған ауылы Бақанасқа қайтып оралып, еңбек жолын Балқаш аудандық санитарлық-эпидемиологиялық стансысының дәрігері қызметінен бастайды. Тапсырылған іске тап-түйнақтай, қызметіне жауапкершілікпен қарайтын жас маман халықтың алғысына бөленіп, басшылардың көзіне түскені анық. Әйтпесе, оқу бітіріп келгеніне небары екі жыл болған өрімдей қызды екі-үш жыл еңбек еткеннен кейін бір ауданның салалық құрылымына басшы етіп жібереді ме?! Кейіннен Кеген мен Нарынқол ауданы біріктіріліп, Райымбек ауданы құрылған тұста Зинаш Көпжасарқызы жаңа ауданның санитарлық-эпидемиологиялық стансысының бас дәрігері қызметіне тағайындалғаны да көп жайды аңғартса керек. Сондықтан болар, білімі мен біліктілігін танытып, үнемі озық нәтижелерге қол жеткізіп келе жатқан басшыны 1997 жылы Алматының іргесіндегі ірі аудан – Жамбылға бас дәрігер етіп тағайындайды. Міне, осы кезеңнен бері Зинаш Күштекова ақындар мен батырлар елі саналатын қасиетті өлкеде жемісті еңбек етіп келеді.

Зинаш Көпжасарқызы жайлы баяныміздың осымен тамамдасақ, онда ол турасында ештеме айтпаған болар едік. Себебі, қызметтік міндеттермен қатар Зекең атқарып жүрген жұмыстар мұнымен шектеле қоймайды. «Қоғамда өмір сүріп, қоғамнан тысқары қалуға болмайды» демекші, ол қоғамда қордаланған мәселелерден бойын аулақ салып көрген емес. Ғылымға бет бұрған сапары да осындай өзгенің жанайқайына бейжай қарамаудан бастау алған болатын. Жаңа ауданға келіп, ел-жұртпен танысу барысында бір жолы Қарақыстақ ауылындағы балалар үйіне бас сұққан. Бұл еліміз үшін өте күрделі, экономикалық құлдырау тұсы-тұғын. Жалпы қазақ жұрты ауыр кезеңдерді басынан кешіріп жатқанда, жетімдердің жағдайы қайдан оңды болсын?! Ата-анасының шапағатын көрмей, тұмай жатып тағдырдың тәлкегіне ұшыраған сәбилердің жағдайы Зинаш Көпжасарқызын қатты тебіренткен. Тойып тамақ ішпегендіктен олардың көпшілігі дімкәс та еді. Ұзаққа созбай, ертесіне Алматыға келіп, Қазақ тамақтану академиясының президенті Төрегелді Шармановқа шағымданғаны есінде. Зинаш Көпжасарқызының жанайқайы академикті де бейжай қалдырмай, профессорлар Игорь Гиленович Цой мен Юрий Александрович Синявсийді Қарақыстаққа жібереді. Академиямен бірлескен балалардың денсаулығын қалпына келтіру бағытындағы ғылыми жұмыстары сол кезде басталған болатын. Үш жыл бойы мақсатты жұмыстар жүргізіп, сәбилерге берілетін астың рационы, дәрумендер мен өзге де қажетті жағдайлары қатаң бақылауға алынған. Осылайша ғалымдардың назарына ілігіп, жанашыр азаматтардан демеушілік көрген балалар үйінің жағдайы да, сәбилердің денсаулығы да оңалды. Зинаш Көпжасарқызының көп жылғы еңбегінің нәтижесі ретінде соя сүтінің құнарлылығы жөнінде ғылыми жұмыс жазылып, 2003 жылы ол медицина ғылымының кандидаты дәрежесін сәтті қорғап шыққан еді. Бұл санитарлық дәрігерлердің арасында сирек кездесетін оқиға екенін айта кеткен жөн.

Әрине, балалардың денсаулығы үшін күресе жүріп Зекеңнің тек ғылыми жұмыспен шектелмегені белгілі. Күн демей, түн демей сол жерден табылатын. Ал, мереке күндері шама-шарқынша балаларға сыйлық жасап, олардың екінші анасы атанғаны да жұрттың есінде. Ол өзінің жеке үлгісімен жанашыр азаматтардың басын біріктіріп, балалар үйіне демеушілік көрсетуді жолға қойды. Ешқандай көмектің сәбиге ата-анасын алмастыра алмайтыны белгілі. Әйтсе де мұндағы жағдай жақсы жағына өзгеріп, балалар үйі өлкеміздегі озық мекемелердің біріне айналғаны да осы тұс.

Адам, қоғам, технология қаншама дамыды дегенімізбен тіршілікке қарсы қауіп-қатерлер де арта түсуде. Сондықтан олармен күресудің айла-тәсілдерін де дамытып отыру қажет. Зинаш Көпжасарқызы басшылық ететін тұтынушылар құқығын қорғау мекемесі осы талап үдесінен шығу жолында еселене еңбек етуде. Ең бастысы, инфекция ошақтарын жою емес, оларды болдырмау үшін алдын алып отыру қажеттігін әрбір маман жақсы біледі. Осы орайда 61 елді мекені, 170 мың халқы бар ірі ауданда олар атқаратын жұмыс та жеткілікті. Санитарлық талаптарды сақтамағандарды анықтап, оларға айыппұл салумен шектелмей, халық арасында ағарту жұмыстарын жүргізіп, қауіпті дерттерді тарататын ошақтардың болмауы үшін жұмыс істеу қажет. Олар, міне, осы ұстанымды өз жұмыстарының өзегі етіп алған.

Иә, бір кездері санитарлық-эпидемиологиялық мәселелермен айналысатын құрылым бүгіндері тұтынушылардың құқықтарын қорғауды да өз міндетіне алғаның білеміз. Ол үшін еліміздің заңдарын да жақсы білу керектігі белгілі. Заманның талабына сай Зинаш Көпжасарқызы Тұран университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, жуырда ғана заңгер мамандығы бойынша дипломын сәтті қорғап шықты. Атқарған ізгілікті істері үшін «Шапағат» медалімен марапатталып, генерал Бақытжан Ертаевтың қолынан «Ана жүрегі» төсбелгісін алғаны бар. «Жоғары дәрежелі медицина ісін ұйымдастырушы» атағын кәсіби қызметіне берілген баға деп қабылдаған жөн. Біз жаны жомарт жайсақ жанды медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен бірге заңгер атануымен де шын жүректен құттықтап, ұзақ әрі мағыналы ғұмыр кешуіне, елге сіңірген еңбегінің еселене беруіне тілектестігімізді білдіреміз!

Жамбыл ауданы.

● *Болса денің, бойың сау, Ақылың сау, ойың сау.*

● *Қозғалыс – денсаулықтың серігі.*

ЖАНДАУА

«Шипаның» шипасы көп

Арамызда өз ісінің нағыз шебері екендігін ісімен дәлелдеп, елдің ықыласына бөленіп жүрген дәрігерлердің қатары көбейіп келеді. Әсіресе, қалалықтар 2-ші шағын ауданға орналасқан «Шипа» медициналық орталығы туралы жылы әңгімелерді жиі айтады. «Көп естіненнен бір көрген артық» дегендей, ел ризашылығына бөленген дәрігерді біз де біле жүрмек оймен орталыққа бас сұқтық.

Қажет АНДАС

Нығмет европаша, қытайша, қазақша емдеу тәсілін терең меңгергендіктен түрлі буын, жүрек-ми қантамыры, ас қорыту жүйесі және сусамыр ауруларын, әсіресе, бел омыртқа табақшасындағы шершеудің өсуі, жүйке тамырларының қысылып қалуынан туындайтын салдану науқастарын емдеудегі тәжірибесі мол. Оның алдына келіп, созылмалы аурудан айығып кетіп жатқан адамдардың қарасы көп. Тіпті, сонау алыс аудандардан арнайы келіп, емделіп қайтатындар жетерлік. Айталық, екі жыл бойы төсек тартып жатып қалған үшаралдық Гүлзипа апамыз бүгінде жүгіріп жүр. Ал талдықорғандық Нұржау арбаға таңылғалы еліміздің бірталай емдеу орталығының есігін тоздырып, ем таба алмай Нығметке қаралып, жазылып шыққанын ерекше тебіреніспен әңгіме етеді. Мұндай мысалдарды айта берсек өте көп. Дей тұрғанмен, емделушілердің әрбірімен сөйлессең, жас дәрігердің жақсы қырлары мен біліктілігін жоғары бағалайды. Оның үстіне Нығмет емдеу ақысына тастай қатып қалмайды. Әр емделушінің жағдайы мен қолданылатын дәрі-дәрмектің құнына қарай қолжетімді баға ұсынады. Оған қаралуға келетіндердің көптігінің бір себебі осы.

Өкінішке орай, «Шипа» медициналық орталығы тек күндіз ғана емдеуге арналғандықтан, қаралушылар түнгі жатар орнын өздері шешуге тура келеді. Сондықтан, орталық салмақты ауруларға көмек көрсетуге өлгіздік танытып келеді. Осыны ескеріп, емдеу орталығының ауқымын кеңейту туралы тиісті мекемелерден көмек сұрап, өтініш білдірген. Нәтижесінде жер мәселесі шешім етілілпті. Алдағы уақытта сол жерге жекеше емхана тұрғызып, қазақша емдеумен айналысатын дәрігерлерді жинап, ұлттық медицинаны дамытуға үлес қоссам деген ниетте құлшынып келеді. Жас жігіттің жарқын істеріне ризашылығымызды білдіріп: «Арманың орындалсын» деген ниетпен қайттық.

ОЙТҮРТКІ

Қазақ медицинасы

Қазақы қалыпқа, қашанғы қырық қисынға салсаңыз да қазақ өмірі үшін дәстүрлі медицинаның орны бөлек екенін жоққа шығара алмайсыз. Онда да анау-мынау бақсы-балгер, тәуіп-құшнаштың есебінен сауыққаныңыздан емес, кәдімгі дала академиясын оқып түгескен, ілімі ілкіден бастау алған қазақы емшінің емін көріп өскеніңізден шүбәсіз сенесіз.

Тіпті, бұл үшін тым-тым арыға бармай-ақ, том-том тарихтың кейінгі парағынанептеп дәлел суырып көрелік. Ол үшін өз Жәнібек ханның пәрменімен парасат-білігін паш ете отырып «Шипагерлік баянды» жазып шыққан Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының әйдік еңбегін тілге тиек етсек те жеткілікті-ау. Тұнып тұрған ілім мұхиты деуге барсыз. Олай дейтініміз, бұл еңбекте өсімдіктерден 728, жан-жануарлардан 318, металметаллоиттардан 60 неше түрлі шипалық қасиеті бар емдік дәрілер алыныпты.

Ол ол ма, онда 1050 түрлі дәрі аты аталып, 4577 шипашақ (рецеп) жазылған. Тіптен, бұл аз десеңіз, «Шипагерлік баянда» адам денесінің сыртқы тұлғалық бітіс-бітім атауларының 430-ға жуық атауы айтылған. Міне, мұндай терең ілімді Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының тіке біліп тумағаны ақиқат. Тиісінше, ол қазақ дейтін дана халықтың жадында жатқан шипагерлік-емшілік ақпаратты өз баянында сөйлетіп кеп жіберді. Сайратып берді. Әрине, мұнда алып еңбектің әр парағында автордың да, һәкімше дестелегенде, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрегінің із-дерегі жатқаны анық.

Бір анық дүние – баста біз әсте «Шипагерлік баян» туралы көсіліп, шешіліп әңгіме айтуды мақсұт тұтпадық. Бар болғаны бүгінгі қазақы емшіліктің бағзылық іргетасының қайда жатқанын сәл-пәл нұсқап жіберу-тін. Сол арқылы дәстүрлі медицинаға күмән-күдікпен қарағанды қою керектігін айтқымыз келді. Өйтпегенде, мұндай құнды жауһарларымыздың «Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кететіні» тағы аян. Мәселен, осы еңбекті бүгінде көршіміз тонын айналдырып «Шығыс медицинасы» деген атпен пайдаланып, оның шексіз игілігін көруде. Ал оның есесіне сом еңбекті сонау 1472 жылдың өзінде жазып қалдырған авторға істеген бар «жақсылығы» сол – Қытай тарапы қазақтан тұңғыш осы Өтейбойдақ Тілеуқабылұлына мемлекеттік сыйлық табыстаған болатын. Бұл енді ненің қарымтасы екенін сіз ұққан боларсыз...

Осындайда біз қашан төл медицинамызды төрге оздырады екенбіз деп налисың. Даласындағы жайқалған өсімдіктері алтын тамыр, адраспан, ащы мия, мойылы, марал шөбі, күшәләсі, тобылғысы, жер бауырсағы, жалбызы мен жусаны, тағы-тағылары ем болған (*бүгінде ғалымдар 500 түрін анықтаған – ҚҚ.*). Қымызы, шұбаты, қымыраны дертке дәру, жанға дауа болған қазақ даласы емшісіз болды деудің өзі үлкен ағаттық емес пе?! Әғәрәки, қазақ емсіз – медицинасыз болды дейтіндер табылса, тағы айталық. Бергі тарих деп төпсірлесеңіз, күні кешегі ұлы Абайдың әкесі Құнанбайды дертінен құлан-таза айықтырған Ырғызбай Досқанұлын қаперге алыңыз. Бәрі де сол дала академиясының дарынды түлектері еді.

Мұның бәрі ұлан-ғайыр атырапта аңқып жатқан мыңдаған емдік шөптің арқасы делік. Онда оташы – сынықшы ше? Мертігіп бітпеуге айналса, сүйек айныса сол жіліктің орнына бота сүйегін таңып, емдеп кете баратын дала данагөйлерінің дақпыртына тағы тәнті болмай көр?!

Біз әлі барымызды бағалап, жоғымызды түгендеп үлгермеген елміз. Өзгенің қаңсығын таңсық көріп, соған ғана үйіріліп тұратынымыз – тура осыдан. Осы себепті де біз бұдан кейінгі уақытта дәстүрлі медицинаның озығын алып, ортаңызға салуға тырысатын боламыз. Одан ұтпасақ ұтылмайтынымыз екібастан. Есесіне қазірде «Шығыс медицинасы» атымен ел аумағына еніп, ауру біткенді өзіне ауытқытудың амалын тапқан түрлі медициналық орталықтардың орнына заманауи үлгідегі, ғылыми сүзгі-сараптан өткен «Қазақ медицинасын» жасақтауымыз керек.

Зарина ҚОЖАХМЕТОВА.

МЕЙІРІМ

Он тоғызыншы палата

Адам болған соң бас ауырып, балтыр сыздамай тұрмайды. Жастың ұлғайғаны ма, кейінгі кезде қыңқыл-сыңқыл көбейді. «Бас ауырса, жан қорқады» демекші, сырқаттансам бірден жекеменшік «Нұр-Авиценум» ауруханасына жататын болдым. Емделу үшін қыруар қаржы керек екені баршаға белгілі. Тағы түстім ауруханаға. Он тоғызыншы палатадан орын босап, есік жақтағы төсекке жайғастым. Төрде қартаңдау кісі жатыр. Оның қарсысында қара торы, қимылы жылдам, жанары жалын атып тұрған бір жігіт орын тепкен. Сәлем беріп, көмек қажет болса дайын екендігін айтып, ізет білдірді. Марат ТЕМІРҒАЛИҰЛЫМЕН осылай таныстым.

Мараттан төмен менің қарама-қарсымда түсі жылы, түрі ақшулан, бетіне әжім енді ғана із салған орыс азаматы қоныс теуіпті. Ол өзін Иван Зайцев деп таныстырды. Түрі бұрыннан таныс адамдай көрінген соң сізді білетін төрізділігін дедім. Ол кісі бұрынғы Қапал ауданында лауазымды қызмет істеген болып шықты.

Бір кезде есік ашылып, бөлмеге дәрігер қыз кірді. Әйгерім Қанатбекқызы терапия саласының маманы екен. Жүрегімді тыңдап, қан қысымымды өлшеді. Адамды өзіне үйіре білетін, өте бір жұмсақ мінезді қыз екен деп түйдім іштей. Әсем, Айнұр деген медбикелер кезегімен келіп, ем-домын жасап, ішетін дәрілерімді береді. Он тоғызыншы палатада жатқан он күн жылылық пен мейірім арқылы ем сыйлады.

Тамырды дәл тауып, инесін сездірмей салатын медбикелердің бірі Элина Зубова. Палатадағылардың бәрі оған ризашылығын білдіріп жатты. «Менің екінші университетім осы «Нұр-Авиценум» ұжымы, оның әмбебап мамандары»,– дейді ол. Басында кардиология бағытында маманданған клиника Владимир Крайсманның отбасылық мекемесі ретінде ашылып, аз уақытта Жетісу өңіріне әйгілі бола бастағаны баршаға мәлім.

– Сол уақыттан бері аталмыш орталықта жұмыс істеп келе жатқан Шолпан Қайпбергенқызы, Лазкен Бикенқызы, Ардақ Кенесариновналарды ұстазым санаймын. Гаухар, Әсем, Айнұр, Ұлжалғас, Лена, Ира, Әйгерім, Жанар, Альбина, Шолпан, Үміт, Меруерт, Сәуле деген медбикелер де тәжірибесі шыңдалған орта буынды мамандар. Менімен қатар, менен кейін келіп, осы мекемеде жұмыс істеп жүрген Мөлдір Әмірханқызы, Дана Сұлтанқызы, Айжан Асқарқызы, Динара Жақсылыққызы, Фарида Шафиновна, Индира Өмірсеріққызы да өз саласының білікті мамандары. Біз әрдайым білгенімізді ортаға салып, тәжірибе қоржынын толтыруға ниеттіміз», – дейді ақ желеңді абзал жан.

«Нұр-Авиценум» ұжымын және барша дәрігерлер қауымын қариялар атынан медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтап, еңбектеріне жеміс тілеймін.

Серік ТОЛҒАНБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Талдықорған қаласы.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 80 (18212)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Бейсенбі, 21 шілде, 2016 жыл.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЫРЫС КӨЗІ

Сарқан ауданында 5 асыл тұқымды ауылшаруашылық құрылымы жұмыс атқарады. Атап айтқанда, қазақтың ақбас асыл тұқымды ірі қара малын өсіретін «Арлан» шаруа қожалығы, Қойлық ауылында орналасқан «Сарқан Агро» ЖШС-і мал басын көбейтуге өзіндік үлес қосуда. Биыл аталған серіктестік 2000 басқа репродуктор – шаруашылық құруды және 1000 басқа арналған мал бордақылау алаңын іске асыруды жоспарлауда.

Осы қатарда Алмалы ауылдық округіндегі асыл тұқымды жылқыларымен айналысатын «Жұмағали», Амангелді ауылдық округіндегі Еділбай қойын асырайтын «Айдар», Лепсі ауылдық округіндегі Гемпшир асыл тұқымды қойларымен айналысатын «Көктем» шаруа қожалықтары бар.

Қарауындағы малын асылдандырамын деген фермерге мемлекеттен қамқорлық көп. Жыл басынан 48 шаруа құрылымы 150 бас асыл тұқымды бұқа, 10 бас қошқар, 65 шаруа қожалығы 4885 аналық, «Көктем» шаруа қожалығы 1133 бас саулық сатып алуға қомақты демеуқаржы алған. Аудан бойынша 5 шаруа қожалығы 16,2 тонна жүн өткізіп, «Малай би Агро» ЖШС-і сиыр және қой, «Дәурен» шаруа қожалығы жылқы етін өткізіп, демеуқаржыға қол жеткізген. Жалпы өткен жылы мал шаруашылығына 138 млн. теңге көлемінде демеуқаржы берілген.

«Агробизнес – 2020» бағдарламасына сәйкес, жыл басынан «Сыбаға» бойынша барлығы 121 млн. теңгеге 624 бас аналық және 31 бас бұқа сатып алуға 10 шаруа құрылымы өтініш берген.

Осы аталған қаражат ішінен 6 шаруа қожалығы 70 млн. 600 мың теңгеге 359 бас құнажын, 19 бас бұқа сатып алды. Аталмыш бағдарламаның 2011–2015 жылдарға берілген жоспарын Аманбөктер, Бақалы және Қарашығаң ауылдық округтері орындай алмағандығын атай кету керек. Ал «Алтын асық» бағдарламасы аясында Бақалы ауылдық округінен «Садыкова А» және Екіаша ауылдық округінен «Айнабек» шаруа қожалықтары 520 бас саулық және 37 бас қошқар сатып алып, аудан жоспарын 100 пайызға орындады.

«Құлан» бағдарламасы бойынша Бақалы ауылдық округінен «Шураев Қ», Екіаша ауылдық округінен «Сыдыков М» және Қарашығаң ауылдық округінен «Касымбеков А» шаруа қожалықтары барлығы 31 млн. 620 мың теңгеге 102 бас жылқы сатып алуы жоспарды 158 пайызға көтерді.

Елбасымыздың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 60, 61-ші қадамындағы мал шаруашылығының сүт және ет өнімін арттыруды көздейтін «Ырыс» бағдарламасы бойынша Сарқан қалалық округінен «Мади» шаруа қожалығы 100 басқа арналған отбасылық тауарлы-сүт фермасының құрылыс жұмысын жүргізуде. Сонымен қатар, аудан бойынша 2 мал бордақылау алаңы бар. Амангелді ауылдық округінде орналасқан «Малай би Агро» ЖШС 400 бастық алаңын 1500 бас бордақылау алаңына айналдырып, жыл басынан бері 119 тонна сиыр етін өндіріп, өткізді. Бүгінгі күнге 850 бас бұқашық байланып, бордақылануда. Қарабөгет ауылдық округіндегі «Дәуренбек» шаруа қожалығы 500 басқа арналған мал бордақылау алаңын салуда.

Қорыта айтқанда, ауданда мал шаруашылығы бағыты бойынша атқарылатын шаруалар аз емес. Мемлекет қамқорлығын сезінген қожалықтардың ертеңгі күнге деген сенімі де зор.

Жомарт ИГІМАН.
Сарқан ауданы.



Елбасы сенім артты

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Рио-де-Жанейро Олимпиадасына жолдаманы жеңіп алған олимпиадалық және паралимпиадалық құрама командасының спортшыларымен кездесу барысында оларға үлкен сенім жүктелетінін қадап айтқаны белгілі.

Сол жүрек тебірентерлік әсерлі кездесуге білімді де білікті маман Ерлан Бақтыбаев басшылық ететін Алматы облыстық мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт клубының екі өкілі – пауэрлифтингтен Қазақстан құрама командасының мүшелері, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Раушан Қойшыбаева мен Гүлбану Әбдіхалықова қатысты. Салтанатты қабылдау барысында ел Президентінің олардың әрқайсының қолын қысып, алдағы дүбірлі додада табыс тілеуі спортшыларымыздың жігерін еселеп, сенімдерін нығайта түскені жайлы Гүлбану мен Раушан тебірене еске алуда. Сондықтан қос қызымыз Бразилияда тамыз айында басталатын байрақты бәсекеде Елбасының аманатын абыроймен орындау жолында барын салып, намысты қолдан бермей, жоғары жетістікке жету үшін уақытпен санаспай, жалықпай жаттығып, шеберлігін шыңдай түсуде.

Бірлескен жұмыс берекелі

Жуырда Сарқан ауданы әкімдігінің мәжіліс залында ауылдық округ әкімдерінің, аудандық кәсіпкерлер кеңесі мүшелерінің, кәсіпкерлердің, шаруа қожалықтары жетекшілерінің, фермерлердің қатысуымен Алматы облысы кәсіпкерлер палатасы өкілдерінің отырысы болып өтті.

Сарқан ауданының әкімі Ерғазы Қошанбеков жүргізген жиында Алматы облысы кәсіпкерлер палатасы филиалының аудандық кеңесі туралы ереже таныстырылып, бизнес құрылымдарының жергілікті атқарушы органдармен бірлесе атқарған жұмыстары туралы филиал директорының хабарламасы тыңдалды.

Бірінші мәселе бойынша Алматы облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаева сөз алып, кәсіпкерлер палатасының құрылымымен таныстыра келе кәсіпкерлерді қолдау бағытында атқарылған ауқымды жұмыстарды слайд арқылы ортаға салды. Ережеге сәйкес кәсіпкерлердің аудандық кеңесіне танымал 7 кәсіпкермен бірге 12 ауылдық округтің өкілдері енетін болды.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІ КӨТЕРІЛДІ

Жаңалық ауылында 11 елді мекен тұрғындарының қатысуымен келелі жиын өтті. Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Біріншісінде Қайнар ауылдық округінің әкімі Жандос Ясинұлының алты айлық жұмыс есебі тыңдалса, екіншісінде, Елбасы Жарлығымен құрылған қоғамдық кеңестің аудандық бөлімінің төрағасы Қалимолда Байболов елдің мұң-мұқтажына құлақ түрді.

Ұлбосын ИСАБЕК

Алаш арыстарының жамбасы тиген қасиетті бұл округ аудандағы көлемі мен халық саны жағынан ең үлкені саналады. Халық саны 16 мыңнан асады. Округ аумағында 156 шаруа қожалығы, 40-тан астам шағын және орта бизнес нысандары жұмыс істейді.

– Округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы аясында бірқатар істер атқарылды. Биылғы жылдың алғашқы алты айында елді мекен оқушыларын тасымалдау, санитарлық тазалық жұмыстары мен абаттандыруға республикалық бюджеттен қомақты қаржы бөлініп, толық игерілді. Өңірді дамыту мақсатында 13 млн. 723 мың теңге қаржы Жаңалық, Еламан, Көктал және Айғаным елді мекендерінің ішкі жолдарына тас-құм төсеуге хабарландыру берілді, – деген ауыл әкімі бұдан әрі ауылшаруашылығы мен ветеринария, білім мен денсаулық сақтау сынды әлеуметтік салада атқарылған жұмыстар жайын тарқатып өтті.

Екінші жарты жылдықта «Жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша ауылдың ішкі жолдарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге қомақты қаражат бөлуге ұсыныс жасалған. Сондай-ақ, Жаңалық ауылындағы «Нұрай» мөлтек ауданын жарықтандыруға, Жаңаарқа мен Тереңқара ауылдарына ауызсу жүргізудің жобасы жасалып, 8 ауылдың көшелерін жарықтандыру жоспарланып отырғандығын мәлім еткен ауыл әкімі Жандос Ясинұлының жұмысына тұрғындар қанағаттанарлық деген баға берді.

Кеңес құрамына әр салада еңбек еткен 21 адам тартылса, оның 9-ы алқа мүшелері. «Келісіп пішкен тон келте болмас» демекші, мобильді топтың жиынына ауданның бөлім басшылары мен жауапты мамандары толық қатысып, жұртшылықтың ұсыныс-пікірлері мен толғақты мәселелеріне назар аударып, оның шешім табу жолдарын қарастырды.

Жиынға қатысушы тұрғындардың дені ауызсу мен көшелердің жарықтандырылуын көтерді. Бұған қоса, ауылдық фельдшерлік-акушерлік пункттың жай-күйінің мәзмұнсыздығы, дәрігерлік амбулатория ашу қажеттігі айтылды. Кездесуге келген көпбалалы ана Р. Ушурова ауызсуға қойылатын есептеуіш құрылғыларын орнатудағы баға тұрақсыздығы мен баубақша суарудағы су тапшылығын тілге тиек етсе, Жалғамыс ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бәйдібек Әмірбек пен Тілепов Қанат, Төртбаев Қияқбай мен Жүнісов Дүйсенбек сынды ауыл белсенділері мал жайылымы мен жол белгілеріне қатысты бірқатар маңызды мәселелердің барын ортаға салды.

Жаңалық ауылы,
Талғар ауданы.

БРИФИНГ

МІНДЕТ – ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» атты кезекті брифинг өтті. Оған ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Данияр Сабырбаев пен департаменттің баспасөз хатшысы Сымбат Исрапулова қатысты.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Басқосуда департаменттің жартыжылдық атқарған жұмыстары баяндалып, келешектегі жоспары сөз болды. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен оған мүлдем төзбеушілік қағидасын қалыптастыру бағытында әңгіме өрбіді. Жыл басынан бері облыс көлемінде осы мәселе бойынша 102 іс-шара өткізіліп, барлық аудандарды қамтыған. Ал мемлекеттік қызметкерлер арасында пікірсайыс турнирі ұйымдастырылып, сыбайлас жемқорлықты болдырмау жолдары қарастырылды.

Бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға аралған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының он үшінші қадамында жемқорлыққа қарсы күресті күшейту тұрғысында нақты тапсырмалар берілген болатын. Осыған байланысты арнайы басқарма құрылып, бүгінгі күні барлық мекемелерде дәрістер өткізіліп келеді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының негізгі мақсаты ұсталып, опық жеген адамды халыққа көрсету емес, керісінше, бұл індетті түп-тамырымен жою мен болдырмау үшін күресу екендігі де тілге тиек етілді. Жиында тек жемқорлыққа қатысты тақырыптар қамтылып қана қоймай, мемлекеттік мүлік, оның ішінде автокөлікті дұрыс пайдалану жөніндегі мәселелер де назардан тыс қалмады.

– Қазір тұрғындар тарапынан көптеген шағымдар келіп түсуде. Солардың бірі – мемлекеттік көліктерге қатысты. Жол ережесін бұзып қана қоймай жұмыстан тыс уақытта өзге орындарда жүреді деген фактілер тіркелген. Өздеріңізге белгілі, оны жанармаймен мемлекет қамтамасыз етеді. Ал көлікті өз мүддесіне пайдалану айтарлықтай шығынға алып келеді. Сондықтан болашақта осындай әрбір көлікке GPS-навигаторлар орнату жоспарланып отыр. Сол арқылы оның қанша шақырым жүргені және қай жерде жүргендігі анықталатын болады, – деді департамент басшысының орынбасары Данияр Бауыржанұлы.

Жақында ғана ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің облыстағы әдеп жөніндегі кеңесінің кезекті отырысында осы мәселе көтерілген болатын. Мемлекеттік автокөлік құралдарын қызметтік емес мақсатта пайдалану фактілерін анықтау мақсатында өткізілген бірлескен рейдтің нәтижесі бойынша облыстық статистика департаменті басшысының орынбасары М. Букеновке, Көксу ауданының құрылыс бөлімінің басшысы Қ. Адетбековке және Шеңгелді ауылдық округінің әкімі Е. Қойлыбаевқа қатысты тәртіптік істер қаралып, ескерту жасалған болатын.

СЕМИНАР

ТРАВМАТОЛОГИЯ БӨЛІМІ АШЫЛДЫ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, жылына әлемде 3,5 млн. адам жарақаттан көз жұмады. Тағы 2 миллионнан астамы мүгедек болып қалады. Ал жыл басынан бері облысымызда 180-нен аса азамат жол апатынан алған жарақаттан қаза болса, 300-ден астамы арбаға таңылыпты.

Қажет АНДАС

Осындай жүрек сыздатып, жан ауыртатын қорқынышты көрсеткіштерді азайту үшін облыстық денсаулық сақтау басқармасы күре жолдардың бойындағы аудандарда жарақат алғандарға медициналық қызмет көрсету жұмыстарын жандандыруды қолға алды. Осыған орай, Алакөл ауданында елімізде тұңғыш рет ауданаралық деңгейде осы тақырыпқа арналған ғылыми-практикалық семинар өтті. Апатқа түсіп, түрлі деңгейде жарақат алған азаматтарға кім көмектеседі? Әрине, травматолог дәрігерлер. Өкінішке қарай, облысымызда мұндай мамандар тапшы. Тіпті, аудандық орталық ауруханаларда травматология бөлімі жоқ. Сондықтан, өңірлерде көлік апатына түсіп, жарақаттанған азаматтарға дер кезінде көмектесетін дәрігерлердің қатарын көбейтіп, ауруханаларға жаңа технологияларды енгізу күн тәртібінен түспей келеді. Тұңғыш ұйымдастырылған көшпелі семинар осы сұрақтарға жауап табуға арналды.

Шара аясында облыстың бас травматологы Анарбек Моңғол ғылыми-тәжірибелік конференцияның неліктен шалғай ауданда өткізіліп отырғанын айтып берсе, атын әлем танитын травматология саласының білгірі, Семей мемлекеттік медицина университетінің ректоры, медицина ғылымдарының докторы Ерсін Жүнісов дәріс оқыды. Оның айтуынша, елімізде жол апатынан жарақат алған адамның 70 пайыздан астамы қаза болады. Сондайақ, аман қалды дегендердің дені орнынан тұрып кете алмай, арбаға таңылып, өмірін өкінішпен өткізеді. Сондықтан, елді мекендерде ғылыми-танымдық түсіндіру шаралары жақсы қолға алынса, жоғарыдағы көрсеткішті төмендетуге болады. Осыған орай, облысымызда бірінші рет Үшаралдағы аудандық орталық ауруханада травматология бөлімі ашылды. Мұнда 3 дәрігер жазатайым жағдайға душар болғандарды емдемек. Ауданның бас дәрігері Асхат Бұтабаевтан білгеніміздей, қажет болған жағдайда науқас санитарлық авиациямен облыстық ауруханаға жеткізеді.

Семинар аясында Астана және Талдықорғаннан келген мамандар тәлімгерлік сабақ өткізіп, науқастарға ота жасады. Алдағы уақытта жергілікті мамандардың біліктілігін көтеру үшін мұнда облыстық ауруханадан дәрігерлер келіп, арнайы курс өткізбек. Болашақта облыс аумағында аудандық ауруханалар ішінен тағы 7 травматология бөлімі ашылады.

Алакөл ауданы.

ЖАЗҒЫ ОРАҚ



АЛҚАПТАҒЫ ҚЫЗУ ЕҢБЕК

Биылғы жауын-шашынның мол болуы диқан қауымы үшін аса қолайлы болды. Қара жерге себілген тұқым жайқала өсіп, бітік шықты. Қазіргі таңда дала төсінен дүбір естіліп, еңбеккерлер маңызды науқанға білек сыбана кірісіп кетті. «Қаратал» акционерлік қоғамына қарасты егінжайды аралағанымызда қызу жұмыстың мұнда да қарқын ала бастағанын аңғардық.

Биылғы жылы акционерлік қоғам 1000 гектар суармалы жерге дән сеуіп, еңбеккерлер көп табысқа кенелуде. Егін жинау науқанына екі комбайн, он шақты жүк көлігі және трактор жұмылдырылған. Бүгінде шаруашылықта 46 жұмысшы жұмыс істесе, маусымдық науқанда олардың саны 100-ге жуықтайды. Жалпы орақ науқаны жайлы «Жыл ауылшаруашылығы қызметкері» атағын алған Серікжан Бақытұлы баяндап берді.

– Қазіргі таңда егілген «Алмалы» сұрыпты 300 гектар күздік бидайдың үштен бір бөлігін еңсеріп тастадық. Егін орып жатқанымызға үш-төрт күн болды. Биылғы жылы егініміз бітік шықты, – дейді «Қаратал» акционерлік қоғамының басқарушысы Серікжан Бақытұлы. – 100 гектар жерге жаздық «Қазақстан – 10» сұрыпты бидай ектік. Бұл екі тұқымның ерекшелігі сонда, бір-бірін алмастыра беретін әмбебап тұқымдар. Басқа жақтан әкеліп күздік бидай тұқымын ексек, шөп басып кетеді әрі дымқыл болады. Жылда күздік бидайды екі рет суаратынбыз, биыл жаңбырдың арқасында алқапқа арық та тартқан жоқпыз. Күздік бидайдың өнімділігі әр гектарға шаққанда 2,5 тоннадан айналып отыр. Қостанайда құрастырылатын «Есіл – 740» комбайны күніне 25 гектарды шабуға қауқары жетеді. Жаңа комбайн екі-үш есе тез шауып, бірнеше техниканы жалғыз өзі алмастырады.

С. Бақытұлының айтуынша, биылғы жылы акционерлік қоғам 200 гектар жерге соя, 200 гектар жерге «Рыжик» деп аталатын майлы дақыл егіпті. Соңғысына орақ түсіп, 210 тонна өнім алыныпты. Акционерлік қоғамда егін өсіру мен мал өсіру ісі қатар жолға қойылған. Қазір шөп жинау, сабан буу жұмыстары да жүріп жатыр. Шаруашылық бидайды сұрыптап, бірінші және екінші сұрыпты өндіріске, үшінші сұрыпты мал азығына дайындайды. Жинаған өнімдер көліктерге тиеліп, «Сарыбұлақ» құс фабрикасына жөнелтіледі. Бұдан бөлек, облысымыздың алыс-жақын аудандарынан келіп тұқым алушылар да бар.

Қысқы мал азығына 150 тонна шөп дайындау жоспарланған. Қазіргі таңда 300 тонна көпжылдық шөп сақадай-сай тұр. Былтырғы жылы қыс жылы болып, артылып қалған 1000 бума шөп биыл малға тағы сеп болмақ.

Асхат ӨМІРБАЕВ.
Қаратал ауданы.



ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжан Жамалов облыстық партия филиалының қоғамдық қабылдау кеңсесінде тұрғындармен жеке мәселелері бойынша кездесу өткізді.

Облыстағы Орталық Азия университетінің 2 мың адамға арналған кампусы құрылысының бюрократиялық кедергілерге байланысты баялап тұрғандығын айтып университеттің Қазақстандағы орталық әкімшілігінің өкілі Райхан Сисекенова қоғамдық қабылдауға бірінші болып кірді.

Халықаралық жоғары оқу орнының өкілі Райхан Маратқызы жүздесуде Мәжіліс депутаты Аманжан Жамаловқа қалыптасқан жағдайды жеткізді.

– Орталық Азия мемлекеттерінің ортақ университетін құру туралы келісімге Елбасы 15 жыл бұрын қол қойған. Қырғызстан мен Тәжікстанда кампустар әлдеқашан салынып біткен. Бірақ біздің елде жобаның жүзеге асуы әлі ілгерілемей тұр. Құрылыс жұмыстары салық мәселесіне және кедендік төлемдерге байланысты тоқтап тұр. Себебі, ол қомақты қаражатты қажет етеді. Алайда біз оның барлығынан босатылғанбыз, осының түсіндіре алмай әлекпіз, – деді ол.

Халық қалаулысы бұл мәселе төңірегінде: «*Құжаттар әртүрлі тілде жазылғандықтан тараптар дұрыс түсінбеген болуы керек. Міне, мәселе осыдан туындап отыр*», – деп Парламенттің құқықтық қызметімен кеңесіп, бұл сұрақты ары қарай Үкіметке жолдауға уәде берді.

Бұдан соң Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылының тұрғыны Берік Дөңсебаевтің өтініші қаралды. Ол «жеке кәсіпкер ретінде бірнеше азамат бірігейік» деген ұсынысқа көндігіп, соңында қасындағылар істен жалтарған соң салықтан берешек болып қалған. Бұл үйсіз жүрген төрт баланың әкесі Берікке ауыр соққы болып тиіп отыр. Аманжан Жамалов оған «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалына және Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментіне хат жазуын тапсырды.

Жеке кәсіпкер Бақытбек Оренбаев банкке қарыз болып қалған, қазіргі кезде сот шешімін қайтарып, несиені уақытылы өтеуге мүмкіндік беруін сұрауда. Аманжан Мәкәрімұлы оған өзінің атына жазбаша өтініш жазып беруін тапсырып, алдағы уақытта заңды түрде жауап берілетіндігін жеткізді.

Кәсіпкер Дулат Шалов «Даму» қоры арқылы несие алуға тіркелген. Бірақ банктен несие алу жөніндегі өтінішінің жолданғанына үш ай болса да ол әлі қаралу үстінде. Халық қалаулысы кәсіпкерге осы уақытқа дейін несие ала алмай жүргендігі жөнінде сотқа арыз жазуға кеңес берді.

ТҮЙТКІЛ ТҮЙІНІ ТАРҚАДЫ

Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ОҢ СЕРПІН БАЙҚАЛДЫ

Қазақстан Үкіметінің отырысы өтіп, оның барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаев 2016 жылдың бірінші жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың қорытындыларын баяндады.

– Бірінші жартыжылдықта құрылыс (6,6%-ға), көлік қызметтері (4,3%-ға), ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру (2,7%-ға) және өңдеу өнеркәсібі (0,5%-ға) көлемінің ұлғаюы есебінен ЖІӨ-нің өсуі 0,1%-ды құрады, – деді Бишімбаев.

Бұдан басқа экономиканың алты негізгі саласын қамтитын (өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, құрылыс, сауда, көлік, байланыс) қысқа мерзімді экономикалық индикатордың (ҚЭИ) өсу қарқынының оң серпіні байқалады. «Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша ҚЭИ ағымдағы жылғы қаңтар-мамырдағы 99,0%-ға қарағанда 99,3%-ды құрады», – деп хабарлады министр.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі бірінші жартыжылдықта 8,5%-ға ұлғайды. Инвестициялардың ең салмақты өсуі ауылшаруашылығында 48,6%-ға, өнеркәсіпте 12,8%-ға және жылжымайтын мүлікпен операцияларда 5,4%-ға байқалып отыр.

– Мұнай мен металдардың әлемдік бағасының арзандауы нәтижесінде 2016 жылғы қаңтар-мамырда экспорт көлемі 31,8%-ға, 13,7 млрд. АҚШ долларына дейін қысқарды. Импорттың 27,0%-ға, 9,2 млрд. АҚШ долларына дейін төмендегені белгілі болып отыр. Нәтижесінде сыртқы сауда айналымы 29,9%-ға, 23,0 млрд. АҚШ долларына дейін төмендеді. Дегенмен, сыртқы сауда сальдосы 4,5 млрд. АҚШ доллары деңгейінде оң болып қалуда, – деді Бишімбаев.

Оның деректері бойынша елдің халықаралық резервтері 2016 жылғы 1 шілдеге 96,2 млрд. АҚШ долларын құрап, жыл басынан бері 5,2%-ға өсті, оның ішінде Ұлттық қордың шетелдік валютадағы активтері 3,5%-ға, 65,7 млрд. АҚШ долларына дейін өсті және Ұлттық банктің алтын-валюталық активтері 9,4%-ға, 30,5 млрд. АҚШ долларына дейін өскен.

– Орташа айлық номиналды жалақының 9,9%-ға, 133,5 мың теңгеге дейін өскені белгіленді. Инфляция ағымдағы жылдың басынан бері (2015 жылғы желтоқсанға қарағанда 2016 жылғы маусым) 4,6%-ды құрады, – деді Бишімбаев.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үйді пайдалануға берудің елеулі өскені атап өтілді. 2016 жылғы 6 айда тұрғын үйлерді пайдалануға беру 16,9%-ға, 5,0 млн. Шаршы метрге дейін өсті, оның ішінде мемлекет қаражаты есебінен 262,0 мың шаршы метр пайдалануға берілді, жылдың соңына дейін тағы 309,0 мың шаршы метр пайдалануға беру жоспарланып отыр. Апатты мектептерді және үш ауысымдық оқытуды жою үшін ағымдағы жылдың басынан бастап 2015 жылы басталған 4 мектептің құрылысы аяқталды және 42 мектептің құрылысы басталды. Жылдың соңына дейін 34 жаңа мектепті пайдалануға беру жоспарланып отыр.

– Ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында экономиканың жоспарланған өсуін 0,5% деңгейінде қамтамасыз ету үшін орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға дағдарысқа қарсы шараларды іске асыруға бөлінген, оның ішінде ағымдағы жылғы 21 маусымда Үкімет мақұлдаған екінші экономикалық өсу мен жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді ынталандыру жөніндегі шаралар топтамасы шеңберінде бөлінген қаражаттың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету қажет, – деп қорытындылады Бишімбаев.

ҚР ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Үкіметтің кезекті отырысында Кәрім Мәсімов алдымен Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов пен Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбектің қаладағы жағдай бойынша баяндамаларын тыңдады. Ішкі істер министрі қайғылы оқиғаның жай-жапсарын баяндап, Премьер-Министрді қаладағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қабылданып жатқан шаралар туралы ақпараттандырды. Сондай-ақ, терроризммен күрес бағытында әзірленіп жатқан шаралар туралы баяндады. Сонымен қатар, министрлікте арнайы қызметкерлерді даярлау орталығы құрылатынын, оның бөлімшелері аумақтық ІІД-де ашылатынын жеткізді. Ал Бауыржан Байбек өз кезегінде қаза тапқандар мен зардап шеккендердің отбасыларына көрсетіліп жатқан қолдау туралы айтып өтті. Осыдан кейін Кәрім Мәсімов Ішкі істер министрлігіне азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, Алматыдағы қоғамдық тәртіпті және елдің барлық аймағында қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауды тапсырды. Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне зардап шеккендер мен жараланғандарға қажетті медициналық көмекті жоғары деңгейде көрсетуді міндеттеді. Сондай-ақ, Алматы қаласының әкімдігіне өкілетті органдармен бірлесіп талдау жүргізу арқылы экстремизмге, қылмысқа қарсы әрекеттерге баса назар аудара отырып, қаладағы өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша нақты шаралар пакетін әзірлеу тапсырылды.

Осыдан кейін сөз кезегі министрліктер мен ведомстволар басшыларына берілді. Сол қатарда баяндама оқыған Ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаев еліміздің экономикасында оң динамика сақталғанын жеткізді. Оның айтуынша, осы жылдың алты айындағы жалпы ішкі өнімінің өсімі өткен жылдың ұқсас мезгілімен салыстырғанда 0,1% құраған. Бұған «Нұрлы Жол» және индустриалдық даму мемлекеттік бағдарламаларының жүзеге асырылуы сеп болған. Құрылыс жұмыстарының көлемі, өнеркәсіп нысандары мен тұрғын үй құрылысының көлемі артқан. Облыстарда бірқатар ірі нысандар құрылысы аяқталған. Сол қатарда облысымыздың Қарасай ауданында «Асыл арман» тұрғын үй құрылысы бойынша негізгі жұмыс көлемі, Алматы – Қапшағай, Алматы – Өскемен, Алматы – Қорғас жолдарының реконструкциясы аяқталды. Осыдан кейін басқа да министрліктер мен ведомстволар басшылары сөз алып, өз салалары бойынша қол жеткен табыстарды тізіп шықты.

Шара аясында алыстағы ағайынның да жағдайы сөз болды. Еске салсақ, өткенде Моңғолияның этникалық қазақтар жиі қоныстанған Баян-Өлгей аймағында сел жүріп, ондағы тұрғындарға ауыр шығын әкелді. Осыған орай, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Кәрім Мәсімов 10 шілдеде Өлгей қаласына барып, қазақ диаспорасының өкілдерімен кездесіп, Елбасы тапсырмасымен зардап шеккен отбасыларға қаржылай көмек көрсететінін мәлімдеді. Сонымен қатар, Моңғолияның билік және зиялы қауым өкілдерімен кездесулердің қорытындысы бойынша Премьер-Министр мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді. Атап айтқанда, Мәдениет және спорт министрлігіне Қазақстан – Моңғолия гуманитарлық қорын құру туралы мәселені қарап, «Алтай – біздің ортақ үйіміз» экономикалық және мәдени-гуманитарлық жобасын құру, Баян-Өлгейдегі өлкетану мұражайы мен музыкалық-драма театрының сахнасын жөндеуге қаржылай көмек көрсету мәселесін зерттеуді тапсырды. Инвестициялар және даму министрлігіне Баян-Өлгей – Алматы, Баян-Өлгей – Өскемен бағыттары бойынша әуе қатынасын ашу, Ауылшаруашылық министрлігіне Моңғолиядан Семей ет комбинатына арнап ет сатып алу, сондай-ақ, мал шаруашылығы кластерін құру мүмкіндігін қарау, Сыртқы істер министрлігіне Баян-Өлгейде консулдық қызмет ашу және оған қоса Ұлан-батыр қаласында Қазақстан елшілігінің ғимаратын салу, Білім және ғылым министрлігіне Моңғолияда тұрып жатқан этникалық қазақтардың Қазақстан жоғары оқу орындарында оқуына квоталарды ұлғайтуды тапсырды.

Үкімет отырысы аяқталғаннан кейін облыс әкімі Амандық Баталов облысымыздың жартыжылдықтағы табыстарын тағы да бір рет екшеп шықты. Сондай-ақ, алдағы міндеттерді саралай келіп, барлық жұмыстың жоспардағыдай атқару керектігін тапсырды.

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА ЖЕТІСТІК МОЛ

Қажет АНДАС

ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімовтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Отырыс басталмас бұрын көпшілік Алматы қаласындағы оқыс оқиғадан қаза тапқан боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Отырыста министрліктер мен ведомстволар басшылары баяндама оқып, еліміздің бірінші жартыжылдықта әлеуметтік-экономикалық салада қол жеткізген табыстарын сөз етті. Осы орайда, Алматы қаласында орын алған оқыс оқиғаға қатысты ақпараттар беріліп, экстремизм мен терроризмге қарсы күрес мәселелері пысықталды. Сонымен қатар, Кәрім Мәсімов сел апаты орын алған Моңғолия Республикасының Баян-Өлгей аймағы туралы баяндап, екі ел арасындағы бауырмалдықты арттыру мақсатында мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма жүктеді. Астанада өткен келелі жиынды онлайн жүйесінде облыс әкімі Амандық Баталов пен орынбасарлары және облыстық басқарма, департамент басшылары, сондай-ақ, құқық қорғау саласының өкілдері көріп, тыңдап отырды.

Әлем тынысы


АҚШ-ТА ҚАЛА САТЫЛАДЫ



Ғаламтор бетінде Джеймс Джонсон есімді қалталы азаматтың қала сату туралы хабарландыруы жарияланды. Ол құжат бойынша меншігіне жататын Кэбин-Крик шаһарын сатылымға шығарды. Бағасы – 350 мың АҚШ доллары.

Қалталы тұрғынның сөзіне сүйенсек, ол өзін қаланың иесі санайды. Елді мекен сатылған жағдайда қолға тиген қаражатпен ол әлемді аралауға шығады. Айта кету керек, Кэбин-Крикте өткен ғасырда қатарынан бірнеше рет кісі өлтіру оқиғасы болып, бұдан соң қала қаңырап, бос қалған еді. Қазір бұл жерде ешкім тұрмайды. Бірақ, мұндағы ғимараттар жақсы күйде сақталып қалыпты. Кэбин-Крикте дүкендер, дәмханалар бар. Тіпті, мұндағы үйлерде тұруға да болады. Джеймс Джонсон қаланы аттракционға айналдырмақ болған, бірақ оның сәті түспепті. Енді Денвер елді мекеніне жақын маңда орналасқан қалашық өзінің жаңа иесін күтуде.

АЖЫРАСУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ



Қазақстанда ғана емес, әлемде де отау құрған жұптардың жараспай қалуы жиі кездеседі. Мұндай келеңсіздікті болдырмау үшін Украина мемлекеті ерлі-зайыптылардың қандай да бір себеппен ажырасуына заңмен тыйым салынатынын жеткізді.

Украинаның Премьер-Министрі Владимир Гройсман ажырасуды түбегейлі тоқтатуға заң қабылданатынын мәлімдеді. Бұл бастаманы Украинаның бүкіл мемлекеттік басқару жүйесі қолдап отыр. Үкімет басшысының сөзінен бұрын бұл мәселені Әділет министрі де тілге тиек еткен еді. «Мен, жалпы, Әділет министрінің ажырасуға тыйым салу жөніндегі бастамасын қолдаймын. Жұрттың бәрі мұны қалжың деп ойлап қалуы мүмкін. Бірақ бұл – шындық. Себебі, отбасы деген – ең жоғары құндылық. Маңыздысы, үйлі-жайлы адамдар бақытты өмір сүруі керек», – деді Гройсман министрлер кабинетінің кезекті отырысында. Премьер-Министр мұндай қадамға ажырасу шектен тыс көбейгендіктен барып отыр.

ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІ ЖЫЛАДЫ



Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған ұзақ жыл серіктесі болған Эрол Ольчак пен оның 16 жасар ұлын ақтық сапарға шығарып салған сәтте көз жасына ерік берді. Мемлекеттік қызметте жұмыс істеп, Үкіметтің сенімді мүшесі атанған Президенттің досы елдегі дүрбелең кезінде қаза тапты.

Эрол Ольчакпен қоштасу рәсімі Стамбұлдың Мармара университетінде өтті. «Эрол менің жан досым болатын. Бұл теке-тірес кезінде қаза болғандарды мен шейіт кетті деп есептеймін. Досымның отбасы мен туғандарының қайғысына ортақпын», – деді Ердоған. Түркия президенті бұл қақтығыстарға АҚШ-та тұрып жатқан діntанушы ғалым Фетхуллах Гюленді айыптап отыр. Ердоған барлық мемлекеттік институттардағы Гюленнің адамдарын жұмыстан босатып, елді рухани вирустан тазартпақшы. Әлемдік саяси сарапшылардың пікірінше, елдегі тұрақсыздыққа Президенттің өзі кінәлі. Олар: «Бүгінгі елдің берекесінің қашуы Ердоғанның лас саясатының жемісі», – дейді. Түркия Әділет министрінің айтуынша, елдегі төңкеріс кезінде 6 мыңға тарта адам ұсталған.

БРАЗИЛИЯДА ШЕРУ БАСТАЛДЫ



Жазғы Олимпиада ойындарының басталуына санаулы уақыт қалғанда Рио-де-Жанейро қаласының мыңдаған тұрғыны шеруге шықты. Олар әлемдік спорт жарысын өткізу үшін мемлекет қазынасы босқа шығындалды деп есептейді.

Бұған дейін Бразилия мемлекеті ойын кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін 850 миллион АҚШ долларын бөлген еді. Оған қоса Олимпиадаға дайындық кезінде Бразилия экономикалық дағдарысқа ұшырап, халыққа берілетін әлеуметтік көмектер біршама кеміді. Риодағы шеру әуелде бейбіт түрде басталды. Кейін наразы топ бұзақылыққа барып, жанжалға ұласты. Бас көтеріп шыққандар жол бойындағы автобусты аударып, көшенің қақ ортасында елдің Мемлекеттік Туын өртеген. Қоғамдық тәртіпті бұзғандарды тоқтату үшін полиция оқ атып, рәмізді сыйламаған бірнеше көтерілісшіні қамауға алды.

ТАР ӨТКЕЛДЕ ТҮНЕДІ



Қытайдың миллиондаған жылды қойнауына жасырған құпия даласын аралауға жаз мезгілінде туристер көп келеді. Әсіресе, аспан асты еліне алғаш аяқ басқандар Хэнань аймағындағы биік шатқалды бөктерлеп жүруге құмар.

Қытайдың «CCTV» арнасы 1000 метр биіктіктегі тар шатқалда түнеп шыққан туристер туралы ақпарат тарады. Әлем елдерін аралап жүрген саяхатшылар өте қауіпті шатқалдың жанымен жасалған тар жолда түнеп шықты. Бұлай қауіпті жерде ұйықтап шығу – туристерді қызықтыратын негізгі байқаудың шарты. Жергілікті Хэнань аймағында аталып өтетін жылдағы жарысқа осы жолы сырттан келген саяхатшылар да қатысып, кемпинг-фестивальдің ашылу құрметіне тар өткелде түнеуге мәжбүр болды. Туристер тау бөктерінде құлап кету қаупі жоғары болса да, әрқайсысы шағын шатыр тігіп алаңсыз ұйықтады. Шындығында, бұл қызықты жарыс арқылы елге туристер тартудың тамаша мүмкіндігі туады.

ҚАРАЛЫ ЖИЫН

ЕР ҰЛАНМЕН ҚОШТАСТЫ

Дүйсенбі күні Алматыда болған теракт кезінде қаза тапқан төрт полиция қызметкерінің бірі сержант Мақсат Сәлімбаевтың денесі кеше туған жері Қарақыстақ ауылында жер қойнына тапсырылды. Жиырма бесінші көктемінде оқыс үзілген жас ұмырдың жаназасына облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысып, топырақ салысты.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Марқұмның жақындарына көңіл айтқан өңір басшысы қандықол қарақшыдан бейбіт тұрғындарды қорғау жолында оққа ұшқан Мақсаттың отбасына материалдық көмек ретінде Алматы қаласының маңындағы «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінен екі бөлмелі пәтердің кілтін тапсырды. Арда ұлды ақтық сапарға шығарып салуға арналған қаралы митингте сөз алған облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы бұл жайт бүкіл елдің қабырғасын қайыстырғанын айтып, ерлікпен қаза тапқан тәртіп сақшысының жатқан жері жайлы, топырағы торқа болуын тіледі.

Қаралы жиында аудан әкімі Жандарбек Далабаев асыл азаматтың енді ғана басталған қысқа өмірбаянымен таныстырып өтті.

Ол биылғы қараша айында 25 жасқа толатын еді. Амал не, тағдыр оған екінші мүшелден өтуді маңдайына жазбапты. Қолғанат пен Қызғалдақтың тұла бойы тұңғышы Мақсат осы ауылдағы Сүйінбай атындағы орта мектепте білім алып, Отан алдындағы әскери борышын абыроймен атқарып келгеннен кейін Алматы қаласы ішкі істер департаменті Әуезов аудандық жергілікті жол-патрульдік полициясында қызмет істеп жүрген болатын. Қоғам тыныштығын күзетіп жүрген қызметкер ойламаған жерден тап берген қарулы қылмыскерді құрықтау барысында опат болды.

Қаралы митингте, сондай-ақ, Алматы қалалық әкімдігінің өкілі Мақсұт Исақов, Алматы қалалық ішкі істер департаменті басшысының орынбасары, полиция полковнигі Ғазиз Нұрқаев сөз сөйледі. Мақсат Қолғанатұлының туыстары атынан Мұратхан Жамбылов марқұмды соңғы сапарға құрметтеп шығарып салуға атсалысқаны үшін өңір басшылығына, Алматы қаласының әкімдігі мен құқық қорғау қызметкерлеріне, аудан басшыларына алғыс білдірді.

Жамбыл ауданы.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

БҮТІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЫ

Алматы қаласындағы оқиға кезінде ауыр жарақат алып, 19 шілде күні ауруханада қайтыс болған жол-патрульдік полициясы арнайы батальоны қызметінің аға инспекторы полиция лейтенанты Тимур Бегасыловтың Еңбекші-қазақ ауданы, Бөлек ауылында тұратын отбасына және туған-туыстарына Алматы облысының әкімі Амандық БАТАЛОВ көңіл айтты, – *деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.*

Облыс әкімі А. Баталов күні кешегі Алматыдағы оқиғада қоғам қауіпсіздігі үшін қызметтік борышын өтеу жолында азаматтарымыздың құрбан болуы бір отбасының ғана емес, күллі елдің қабырғасын қайыстырғанын жеткізе келе, отбасына басу айтты. «Бұл ақталмайтын қылмыс. Азаматтардан айырылу – баршамыз үшін де ортақ қайғы. Оларды бүгінгі күннің батыры дейміз. Осындай ұл тәрбиелегендеріңіз үшін алдарыңызда басымызды иеміз. Дәл қазір сіздерге қолдау көрсетіп, жан-жақты жәрдемдесу – біздің міндетіміз», – деді облыс әкімі. Осы күні Тимур Бегасыловтың отбасына А. Баталов Қарасай ауданындағы «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінен екі бөлмелі жаңа пәтердің кілтін тапсырды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Қазақстан халқы Ассамблеясының ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

18 шілде күні Алматы қаласында болған террористік шабуылдың салдарынан құқық қорғау органдарының қызметкерлері жарақаттанып, бірнешеуі қаза тапты, қала тұрғындары зардап шекті.

Қазақстан халқы Ассамблеясы бұл жантүршігерлік оқиғаның құрбаны болған адамдардың туыстары мен жақындарына көңіл айтып, қайғыларына ортақ екендіктерін білдіреді.

Осынау қиын күндері Қазақстанның барша халқы Сіздермен бірге деп ойлаңыздар.

Елбасы – Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Қауіпсіздік кеңесінің отырысында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шаралар қабылдауды, адамдар көп жиналатын жерлерді қорғауды, қоғамдағы тыныштықты қамтамасыз етуді тапсырды.

Ол ел тыныштығын бұзуға жол берілмейтініне, тәртіпті қалпына келтіру бойынша барынша батыл шешімдер қабылданатындығына азаматтардың сенімді болуы керектігін атап көрсетті.

Біз Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың елдегі қоғамдық келісімді, тәртіп пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған іс-қимылдарын толығымен қолдаймыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясы жазықсыз жандардың өмірін қиған мұндай адамшылыққа жатпайтын актіні, елдегі бейбіт өмір мен тыныштықты бұзатын қандай да бір қылмыстық әрекеттерді қатаң айыптайды.

Біз барша Қазақстан халқының зорлық-зомбылықтың, радикализм мен экстремизмнің қандай да түрлерінің таралуына бір адамдай қарсы тұратындығына сенімдіміз.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қойған ішкі істер органдарының қызметкерлеріне зор ризашылығын білдіреді. Біз қылмыскерлердің әрекеттерінен зардап шеккен барлық адамдардың тезірек сауығып, қатарға қосылуларына тілектеспіз.

Бүгінде әрбір Қазақстан азаматы елдегі бейбіт өмір мен тыныштықты көзінің қарашығындай сақтауға тиіс деген сенімдеміз.

Біздің әрқайсымызға Отанымыздың тағдыры ерекше қымбат.

Қазақстан патриоттары үшін тәуелсіздік, саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім ең қасиетті құндылық болып келді және солай бола да бермек.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан халқының еліміздегі бейбіт өмір мен келісімді шайқалтуға бағытталған кез келген әрекетінің жүзеге асуына Болашағы біртұтас ұлт ретінде жол бермейтініне сенімді.

Біз – тағдырымыз ортақ біртұтас Елміз!

Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі.
2016 жылғы 19 шілде, Астана қаласы.

КӨҢІЛ АЙТУ

ОТАНСҮЙГІШТІКТІҢ ҮЛГІСІ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Алматы қаласында 18 шілде күні антитеррористік операция кезінде мерт болған азаматтардың отбасыларына қайғырып көңіл айтты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

«Барша жұртшылықтың көңілін алаңдатқан бұл оқиғада құқық қорғаушыларымыздың, қарапайым азаматтардың мерт болуы бір отбасының ғана емес, күллі елдің қабырғасын қайыстырды. Полиция қызметкерлері елдің тыныштығы мен қоғамның қауіпсіздігі үшін қызметтік борышын өтеу жолында құрбан болды. Бұл азаматтардың ерліктері елжандылықтың, отансүйгіштіктің жарқын үлгісі болып қала бермек», – делінген облыс әкімінің көңіл айту жеделхатында.

Сонымен қатар, А. Баталов қандықол қылмыскердің қолынан мерт болған азаматтардың отбасыларына барлық қажетті көмек пен қолдау көрсетілетінін де айтты.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

КЕЛІСІМ – ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

Аудандық Мәдениет үйінде Алматы облысының дін істері басқармасының ұйымдастыруымен «Конфессияаралық келісім – қоғамдық татулықтың тірегі» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ішкі саясат, әлеуметтік қорғау, білім, денсаулық сақтау мекемелері, құқық қорғау органдары қызметкерлері, селолық округтер әкімдері, түрлі дін өкілдері және жастар қатысқан жиында өңірдегі діни ахуал сараланды.

Күні кеше Алматы қаласында орын алған қанды оқиға құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алумен басталған басқосуда облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев діндер арасындағы диалогтың қоғам бірлігі үшін маңызына тоқталды. Облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов кіріспе сөзінде Жетісу өңіріндегі мешіттер мен шіркеулердің және өзге де мінажат орындарының қызметін жан-жақты баяндап, мемлекет тұтастығы мен қоғам бірлігіне кері әсер ететін жайттарды атап өтті. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Бағдат Бейсенов «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – дінаралық келісім негізі» тақырыбында баяндама жасады. Аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Ертас жиналғандарды 155 мыңнан аса халқы бар Жамбыл ауданының аумағындағы қазіргі діни жағдайдан хабардар етті.

Сондай-ақ, Алматы және Астана Епархиясының Ұзынағаш аумақтық шіркеуінің протоиерейі Геннадий Кадниковтің «Қоғам бірлігінің конфессияаралық негізі» және Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Алматы өңірі бойынша өкіл имамы Қуаныш Наржановтың «Исламдағы дінаралық татулық» атты баяндамалары тыңдалды. Сол сияқты облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, гректер қоғамының төрағасы Георгий Иорданиди өз сөзінде Қазақстанда Әлемдік діндер съезін өткізу – жер шарында конфессияаралық келісімге қолайлы жағдай туғызуға ықпал ететініне ерекше екпін бере сөйледі. Қасиетті Құдай-ананың Успения Рим-Католик приходының басшысы Каститис Шульчус Қазақстандағы конфессияаралық келісім төңірегіндегі ой-пікірлерін ортаға салды.

Конференция жұмысын қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев халық арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізетін облыстағы ақпараттық-насихат топтарының құрамын қайта қарап, оған діntанушылар мен имамдарды көбірек тарту керектігін тілге тиек етті. Ел ішіндегі татулықты қамтамасыз ету, жастарды діни сауаттылыққа шақыру жұмысы ақпараттық-насихат топтарының ғана міндеті емес, оған бүкіл қоғам болып атсалысу керектігін алға тартты. Жастарды жат діни ағымның жетегінде кетуден көпшілік болып сақтандыру парыз. Өйткені, мемлекет тұтастығына нұқсан келтіретін діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу ісінің дәл бүгін қай кездегіден де өзекті бола түскенін Ақтөбе мен Алматыдағы оқиғалар анық көрсетті.

С. ӘШІМБЕКҰЛЫ.
Жамбыл ауданы.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЗИЯНЫ мен ҚАТЕРІ

Қазақ жұрты «Жеруйығы Жетісу» деп әспеттейтін Алматы облысындағы экологиялық жағдай алаңдатарлықтай. Еліміздегі жердің нәрі – мұнайы сорылып, кені қазылып жатқан өңірлерге қарағанда жағдайымыз біршама тәуір дегенмен, табиғаттың барлық белдеуі мен таусылмастай көрінген тамашасы орналасқан аймақта да қоршаған ортаны қорғауға, табиғи тепе-теңдікті сақтауға қатысты айтылған, айтылмағаны бар проблемалар жетерлік. Тіпті дабыл қағатын жағдайлар да кездеседі. Мұны қала, ауылда шашылып жатқан қатты тұрмыстық қалдыққа, полигондарда үйіліп қалған тастанды заттарға, бақылаусыз қалған кеніштердің радиациялық қалдықтар үйінділеріне қатысты айтуға болады.

Алматы облыстық экология департаментінің мәліметі бойынша, облыс аумағына жыл сайын 800 мың тоннаға жақын тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Оның 350 мың тоннасы Алматы қаласының, қалғаны облыс елді мекендерінің еншісінде. Бүгінде облыстағы жинақталған қалдық көлемі 9 млн. тоннаға жетті. Сондықтан облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн. Сондықтан тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуден бұрын оны есепке алу, жинау, сұрыптау жолын, сондай-ақ, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру, жоюдың әдіс-амалын үйренгеніміз дұрыс. Ол үшін қатты тұрмыстық қалдықтардың өміріміз бен табиғатқа келтірер зияны мен қаупін білгеніміз жөн.

Облыстық экология департаментінің ақпаратына сенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар бүгінгі таңда тек 254 елді мекендегі қоқысты полигондарға тасымалдауға ғана қауқарлы. Осының салдарынан өңірлерде өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтар жиілей түскен.

Мұның себебі – стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін орындамауға байланысты орын алуда. Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алып, өңдейтін және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 299-бабында 2-сыныпты қауіпсіз, ірі қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына қойылатын талаптар көрсетілген. Қарасай ауданындағы «PLASMA Energy Inc» ЖШС, «Тазалық-Чистота» ЖШС, Іле ауданындағы «Қарасу» ЖШС, «Утилит» ЖШС, «МПП ЖКХ» ЖШС, «BIO-GARBAGE» ЖШС, Талғар ауданындағы «Тазар» МКК, «Эко Тазарту» ЖШС, Алакөл ауданындағы «Бағалы Алакөл», Қапшағай қаласындағы «Іскер-Т» ЖШС, «Туризм и зона отдыха» ЖШС, Кербұлақ ауданы Сарыөзек кентіндегі, Ескелді ауданы Қарабұлақ кентіндегі, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны ғана осы талапқа сай келеді.

Экономикасы қарыштап дамып, демографиялық ахуалы әлемді алаңдата бастаған көрші Қытай елінің ішкі өзен-көлдері мен су қоймаларын пайдалану салыстырмасының артуы сол елден елімізге ағып кіретін өзендердің су мөлшерін азайтып жіберді. Соның салдарынан өзен аңғарлары қоқыс төгетін заңсыз полигонға айнала бастады.

Арыға бармай-ақ қоялық, Алматыға барған сайын жол үстіндегі Қапшағай су қоймасының жағдайын көріп, жүрегің ауырады. Оның үстіне арнасы тартылып, құрғап жатқан өзен-шелердің қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді. Кейінгі кездері Өзбекстаннан Қазақстанға кіретін өзендердің ластану деңгейі жоғары. Оған Сыр өзені суының егістікті суаруға жарамайтын деңгейде ластанғаны дәлел бола алады. Қырғыздан кіретін Шу өзенінің де тазалық жағдайының төмендігі жайлы ғалымдар дабыл қаға бастады. Іле мен Шу өзендеріндегі су көлемінің азаюы, ластануы Балқаш көлінің экологиялық жағдайын бүлдіре бастады. Оның зардабы Жетісу жеріндегі бай табиғатқа тиіп жатыр.

Алматы облысындағы экологиялық жағдайға талдау жасағанда дәл қазіргі кезде облыс тұрғындарының 50 пайызы тазалығы мен сапасы, пайдасы жағынан қойылатын талаптардың біразына сәйкес келмейтін ауыз-суды тұтынып отырғанын білуге болады. Жылдам өріс алып бара жатқан жерасты суларының ластануы таза ауызсу көздерінің азаюына әкеліп соқтыруда. Оған бей-берекет төгілген тұрмыстық қалдықтар араласып, адамзаттың денсаулығын мейлінше улап жатырмыз. Тіпті, тұрғындар жол бойындағы ұңғымаларды күл-қоқыс төгетін полигонға айналдырып алыпты. Жолшыбай көлікпен өтіп бара жатып, қолындағы целлофанын лақтыра салатын мәдениетсіздікті тежейтін бірде-бір ұнамды шараны көріп тұрған жоқпыз. Ал, облыс бойынша бұдан басқа қаншауы бар, санын тап басып айту қиын. Сонымен бірге Үйғыр ауданындағы Шонжы – Қалжат трассасының бойындағы ыстық су көздері орналасқан жер түгелімен жекеменшікке беріліп, көптеген демалыс-сауықтыру орындары салынып кеткен. Ағыл-тегіл, еш бақылаусыз ағып жатқан ыстық сулардың адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екендігі белгісіздігімен қоса сол суды есепсіз тұтыну кесірінен осы өңірдегі жер астындағы таза ауызсу бассейндері ластанумен бірге таусылуға жақындаған.

Кейде пайдалы қазба байлықтардың көп болуының пайдасы мен зияны қоса жүре ме деп те ойлайсың. Жер қойнауынан қазылып алынған кен мен сорылып алынған қара алтынның орнын толтырудың оңайға соқпайтынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Оған осыдан біраз ғана бұрын Шығыс Қазақстандағы Риддер қаласында тұтас үйдің бір сәтте жер астындағы кені алынған бос кеңістікке құлап кеткені дәлел бола алады. Сонымен бірге қажеттісі ажыратылып алынған, зиянды элементтері бар кен қалдықтарын дер кезінде өңдеуден өткізбеу, кеніш маңын қалпына келтірмеу мен қалай болса солай қалдыру да аса үлкен қатер көздерінің пайда болуына жол ашады. Осындай көзі ашық қатердің бірі Текелі қаласының желкесінде тұр. Кезінде қорғасын мен мырышты суытып, одан кейін далаға ығыстырылған су көлге айналып қалған. Текелідегі кеніш жабылғалы біраз жыл болғанымен көл сол орнында тұр. Улы суда бірде-бір тіршілік белгісі жоқ. Демек, құрамында тіршілікті өлтіретін улы зат көп. Өзенге қосылып жатқан у адамдардың денесіне тарап жатқан жоқ деп кім айта алады?..

Облыстық прокуратурадағылардың мәлімдеуінше, Жетісу жерінде радиобелсенді қалдықтарды тереңге көму мен жоюға қатысты проблемалар жылда көтерілгенімен әлі шешімін таппаған. Мәселен, Панфилов ауданындағы «Жаркент – Арасан» шипажайына таман тау беткейлеріндегі ескі уран кеніштерінен шығарылған үйінділер мен ұңғымалар радиобелсенділікпен ластанудың қауіпті көзі ретінде аймақтың экологиялық қауіпсіздігіне үлкен қатер төндіруде. Алматы облыстық мәслихатының шешімімен осындағы екі бірдей уран ұңғымасынан шықкан үйінділерді өңдеуден өткізіп, жерді қайта қалпына келтіру жұмыстарына тиісті қаржы бөлінген. Қалған бес барлау ұңғымасының радиациялық жағдайы зерделенбеген. Ондағы радиацияның әсері радиобелсенділіктің зиянсыз ұйғарымды мөлшері болып табылатын 0,34 мкзв/с-дан жеті есеге артық болып, сағатына 2,51 микрозиверді құрапты. Текелі және Рудничный кеніштеріндегі кен қалдықтары қоймасында да тура осындай проблема бар. Сонымен бірге, өңірде құрамында сынап бар қалдықтарды қайта өңдеуден өткізетін кәсіпорынның жоқтығы да алаңдатады.

Естеріңізге сала кетелік, 1987 жылы Кеңес одағы орта және жақын қашықтыққа ұшырылатын ядролық ракеталарды Қазақстанның елсіз мекендеріне жару туралы қаулы қабылдайды. Бұл шара 1989 жылдың 27 қарашасына дейін екі жылға жалғасады. Ал сондағы құжатта елсіз мекен деп көрсетілген жердің Көксу ауданына қарасты Тырнақ деп аталатын мал жайылатын учаске екенін бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Жалғыз Тырнақта емес, құпия әскери бөлімдер бұл жоспарын Алғабас елді мекенінің Мақпал мал жайылым учаскесінде де атқарған. Ал осы Тырнақ мал жайылымы Кербұлақ ауданының Сарыбұлақ ауылдық округінен 10, Сарыөзек кентінен 35, Айнабұлақтан 16, Алғабастан 30 шақырым жерде орналасқан. Ракета жарылғанымен әлі күнге ол мекенді залалсыздандыру жұмысы жүргізілген жоқ. Беті ғана жасырылған қалдықтар әлі де аспанға sahap шашып, сол маңдағы табиғат пен адамдардың денсаулығын бүлдіріп жатыр.

1989 жылы Талдықорған қаласындағы қорғасынды-аккумулятор зауыты ауаны ластағаны және адам денсаулығына зиян келтіргені үшін сол тұстағы облыстық ауруханаңың дәрігері Ғалия Әрінова сотқа береді. Сол арыз бойынша тексеріс жүргізген облыстық СЭС-тің мамандары зауыттың құю учаскесіндегі ауадағы қорғасынның қалыпты мөлшерден 150-200, қайта құю учаскесінде 250-300, кесу учаскесінде 250-300 есе артық екендігін анықтаған. Жылына Талдықорған қаласының әр азаматы 600 грамнан астам қорғасын жұтады екен. Міне, осыдан кейін қорғасын ұнтақтарын ауаға таратпай ұстап қалатын қондырғы орнатылыпты. Ал қазір бір Талдықорғанның өзінде бірнеше зауыт бар. Оның сыртында қайта өңдеу цехтары жұмыс істейді. Олардан шыққан қатты қалдықтар зауыт маңында үйіліп жатыр. Өкінішке қарай, қазір бұл туралы ешкім де бас қатырып жүрген жоқ.

Жаппай үнемдеуге көшкен жұртшылық насихатына бола сынабы бар энергоүнемдеуші шамдар мен құралдарға көшкелі қашан. Олардың тозғанын өткізетін орын таппайтындар сынабы бар дүниелерін қоқыс контейнерлеріне тастай салатынын күнделікті көреміз. Мұның соңы онсыз да дер кезінде өңделмейтіндіктен айналасын әбден бүлдіріп болған қоқыс полигондарының қауіптілігін еселеп арттырары сөзсіз. Ресми дерек бойынша әлемде соңғы 50 жылда адамдар қажеттілігі үшін өндірілген өнімдер адамзаттың өткен ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі тұтынған тауарларының көлемімен бірдей екен. Соның салдарынан өсімдіктер мен жан-жануарлардың жүздеген түрі жойылып, өңделетін жерлердің үстіңгі құнарлы қабатының 5/1 мүлде жарамсыз қалыпқа келген.

Дүниежүзілік тамақ өндірісінде азықтық қоспаның үш түрін қолдануға мүлдем тыйым салынған. Олар Е-121 қоспасы – қызыл цитрус тағамдық бояуы, Е-123 – амарант бояуы, Е-240 – формальдегид консерванты. Жақында Швейцария ақпарат құралдарында таңғаларлық деректер жарияланды. Бұдан отыз жыл бұрын жерленген адам мүрделері сол күйінде бұзылмай сақталған. Ғалымдар бұл жағдайды зерттей келе денелердің бұзылмай сақталуына жеген тамақтарының құрамындағы консерванттардың тікелей қатысы бар екенін анықтады. Малдың немесе құстың тамағына қосылатын антибиотиктер мен етті өңдеуде қолданылатын химикаттар оның құрамында сақталып қалады. Соңғы кездері ет өнімдерінен уланудың көбейіп кеткені содан. Демек химиялық заттар жылдар бойы ағзамызға шөгіп, ішкі мүшелерімізді зақымдап жатыр.

Азық-түліктің сақталу мерзімін ұзарту – тамақ өнеркәсібімен айналысатын көптеген компаниялардың басты мақсаты. Олар өнімді ұзақ мерзімге сақтаудың түрлі тәсілін қолданып бағады. Сенімді ақпарат көзіне сүйенсек, қазіргі сауда орындарында сатуға шығарылған азық-түлік заттарының 80 %-ы алдын ала өңдеуден өткен екен. Сол азық-түліктің тұтынудан артылғаны полигондарға жөнелтіледі. Оның құрамындағы химиялық заттар сол өңірде тотығып, адам болашағына үлкен қауіп төндіретін қосылыстарды жасап жатыр.

Айта берсек, экологиялық проблемалар жеткілікті. Сондықтан Қоршаған ортаны қорғау министрлігінен бастап, оның барлық деңгейдегі құрылымдарының құзыретін кеңейтіп, қосымша уәкілеттіктер берумен қатар ондағылардан өз міндеттерін орындауды қатаң талап ету керек. Сонымен бірге, табиғат қорғау заңын бұзғандарға қатысты жауапкершілікті барынша күшейткен жөн.

Қажет АНДАС,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



Бұл басылым Еуропалық Одақ қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақ көзқарасын білдірмейді.

● Қайта өңдеу

Ғалымдар мен қоғам белсенділері планетамыздың түтін мен күл-қоқысқа тұншығып жатқанын айтып дабыл қағуда. Әсіресе, өнеркәсібін дамытуды ойлап, экологияға мән бермейтін елдерде жағдай күрделене түскен. Қазақстан да, өкінішке қарай, бұл қауіптен ада емес. Қарасай ауданына қарасты Абай ауылында жұмысын жолға қойған «Kagazy recycling» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметі, міне, осындай мәселелерді шешуге бағытталған.



ҚАҒАЗ ҚОРАП

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

– Біздің кәсіпорын шикізат ретінде тұрмыс қалдықтарын, пайдаланылған қағаздарды, атап айтқанда, газет-журналдарды, кітаптар мен буклеттерді, қолданыстан шыққан кеңсе қағаздарын пайдаланады, – дейді серіктестіктің бас директоры Виктория Горобцова. – Бұл табысты бизнес болумен қатар қоршаған ортаның экологиясын жақсартып, миллиондаған түп жасыл желекті аман сақтап қалуға мүмкіндік береді. Себебі, адамзат бүгінгі күнге қағаз атаулыны ағаштан жасап келеді емес пе? Ал, тал жапырақтарының улы түтінді бойына сіңіріп алып, ауаға таза оттегін қайтаратынын, орманды алқаптар топырақтың ылғалын сақтайтынын еске алар болсақ, әрбір кесілген талмен бірге өмір сүру кеңістігіміздің де ластана түсетінін ұмытпағанымыз жөн.

Шын мәнінде біз тұрмыс қалдықтарын, қораптар мен газет-журналдарды өртеп жатқан жайларды күнде көріп жүрміз. Озық технологияны жолға қойған мемлекеттер қала маңында тау-тау болып үйіліп жататын күл-қоқысты пайдалы бизнеске айналдырып алған.

Әрине, жылына 50 мың тонна қағаз қалдықтарын өңдеуге қабілетті кәсіпорынды шикізатпен қамтамасыз етіп отыру да оңай емес. Бұл үшін серіктестік қағаз өнімдерін көп мөлшерде пайдаланатын мекемелермен шартқа отырып, тұрақты түрде тасымалдауды жүзеге асырады. Қағаз қалдықтары Қазақстанның барлық аймақтарынан жеткізіледі. Мұнда шикізатты тұрғындардан жинау жобасы да табысты орындалуда. Бір ғана Алматы қаласында тұрмыстық қағаз қалдықтарын қабылдайтын бес арнайы дүңгіршектер жұмыс істеп жатыр. Бұл, бір жағынан, тұрғындарды үйден шығарылатын күл-қоқысты сұрыптап, бөлек жинауға дағдыландыруда.

Жан-жақтан тайланып әкелінген жарамсыз қағаз кәсіпорында қайта өңделіп, бірыңғай қағазға айналғаннан кейін тапсырыс берушілердің қалауы бойынша кез келген қалыптағы қораптарға айналдырылады. Мұндай қораптар өлкеміздегі өнім шығаратын кәсіпорындар үшін ауадай қажет. Осылайша серіктестік «Қазақстандық мазмұн» жобасын да табысты жүзеге асырып келеді.

Заман талабына сай озық технология бойынша жұмыс істейтін компания 2015 жылы «ISO14001: 2008» экологиялық менеджментінің, «ISO14001: 2004» денсаулық сақтау мен еңбекті қорғау менеджментінің және «OHSAS 18001: 2007» халықаралық стандарттары бойынша үздік деп танылған болатын.

«Kagazy Recycling» компаниясы қайырымдылық шараларына да белсене атсалысып келеді. Осылайша американдық сауда палатасымен әріптесе отырып, «Табиғатты қорғау – балаларға көмек» атты жобаны қолға алған. Қорға жинақталған қаржы мүмкіндігі шектеулі балаларға күтім жасауға, оқытуға, емдеуге жұмсалып келеді.

«Іс тетігін маман шешеді» дейді емес пе. Осы орайда компания жұмысшыларды шетелден шақырудан бас тартып, жергілікті тұрғындарды мамандыққа баулуды басты мақсат етіп алған. Мысалы, 2016 жылы ғана 300-ге жуық жұмысшы кәсіби біліктілігін жетілдіру курстарынан өтіп келді. Сол сияқты, компанияның 6 қызметкері халықаралық көрмелер мен семинарларға қатысып қайтты. Елімізде ұйымдастырылып тұратын семинарлар мен тренингтерге тұрақты түрде өз мамандарын жіберіп отырады.

Алматы қаласы мен ауылдардан қатынап істейтін жұмысшыларды жеткізу, тегін аспен қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Жалпы, зауыттың табысты болуы адамдарға байланысты болғандықтан мұндағы жұмыс орындарының жайлы, таза әрі қауіпсіз болуы басты назарда. Орташа жалақы мөлшері 124 мың теңге көлемінде болғандықтан мамандар жиі ауыса бермейді. Бұл да кәсіпорынның өркендеуіне ықпал ететін фактор болса керек.

Қаншама адамды жұмыспен қамтып, өздеріне табыс әкелумен қатар қоршаған орта тазалығына үлесін қосып жүрген компанияның келешекте атқарар жоспарлары да аз емес. Ендеше оларға табыс тілейік!

Қарасай ауданы.

Облыстық экология департаментінің ақпаратына сенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген.



Жылдам өріс алып бара жатқан жерасты суларының ластануы таза ауызсу көздерінің азаюына әкеліп соқтыруда. Оған бей-берекет төгілген тұрмыстық қалдықтар араласып, адамзаттың денсаулығын мейлінше улап жатырмыз.

Тіпті, тұрғындар жол бойындағы ұңғымаларды күл-қоқыс төгетін полигонға айналдырып алыпты.



Сурет облыстық экология департаментінен алынды.

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

ЖИНАУ МЕН СҰРЫПТАУДЫҢ жаңа тәртібін енгізу

Қазіргі уақыттағы экологиялық жағдай кез келген мемлекеттің күн тәртібіндегі мәселесіне айналды. Өйткені ол адамзат тіршілігінің маңызды факторы. Біздің айналамыздағының бәрі – табиғат, біздің өмір сүріп жатқан ортақ әлеміміз. Технология ілгері дамыған сайын «жасыл» орта бүлініп барады. Ғаламшарымыз жалғыз, сондықтан оны көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек. Соңғы 100-150 жылда адамның өндірістік тұрмыс-тіршілігінен туындаған жағымсыз экологиялық ахуал қазіргі уақытта адамның өзіне, денсаулығы мен өміріне зиянын тигізуде. Кейінгі жылдары дамушы елдердегі өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты көбейе түскен қатты тұрмыстық қалдықтардың зардабы да көбейіп келеді.

Қоршаған ортаға тигізген зардаптың ең басында ауаның ластануы тұрса, орман ағаштарын кесу қарқыны апаттық деңгейге жетті. Енді оны қалпына келтіру үшін он жылдың, тіпті, жүз жылдың өзі аз. Мамандардың ақпараты бойынша, жыл сайын жер бетінен 13 миллион гектар орман жойылады екен. Соның кесірінен құстардың әрбір төртінші түрі және қосмекенділердің әрбір үшінші түрі жойылып кетуге шақ тұр. Ауызсу қорының азаюы да адамзат үшін ең өзекті мәселелердің бірі. Ауызсу тапшылығының болашақта үлкен экологиялық мәселеге айналатыны бесенеден белгілі. Жануарларды қырып-жою кез келген қоғам үшін орны толмас олқылық. Адамның қоршаған ортаға келтірген зияны жер шарының жануарлар әлеміне де зардабын тигізіп отыр. Аңдардың бірнеше түрі жер жүзінен жоғалып кетуге шақ тұр, кейбірі соңғы 50–70 жылдың ішінде жойылып та кетті. Ұрпағымыз тіршіліксіз, сөніп бара жатқан ғаламшарға ие болып қалсын демесек, өзіміз мекендейтін биосфераны аман алып қалу үшін нақты әрекеттерге баратын кез жетті.

Адам баласы табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде экожүйенің тәртібіне көніп, заңдарына бағынуы тиіс. Қарапайым қала тұрғыны жыл сайын 48 келе қауіпті канцероген жұтып, ауыл тұрғынына қарағанда 4 жыл аз өмір сүреді. Мысалы, орта көлемді жеңіл автокөлік бір жылда өз салмағымен бірдей көмірқышқыл газын ауаға шығарады. Автокөліктің ауаға шығарған қалдықтарының құрамында 280-нен аса зиянды зат бар. Бір ғана Еуропаның өзінде зиянды газдардан туындаған аурудан жыл сайын 225 мың адам көз жұмады. Дамушы елдерде бұл көрсеткіш 2 есеге көп.

Адамзат барда күл-қоқыс ешуақытта таусылмайды. Швецияда тұрмыстық қалдық қайта өңдеуден кейін электр қуаты ретінде пайдаланылса, әлемнің ең таза елінің бірі саналатын Сингапурде қоқыстың 90%-ы қайта өңделеді. Бұл көрсеткіш Германия мен Жапонияда 30%-ды, АҚШ-та 27%-ды, Швейцарияда 25%-ды құрайды. Дамыған елдерде қоқысты кәдеге жарату экономиканың қозғаушы күшіне айналып отыр. Қазақстанда 43 млрд. тоннаға жуық өндірістік және тұрмыстық қалдық жинақталған. Өкінішке қарай, оның тек 2%-ы ғана қайта өңдеуге жіберіледі. Демек, елімізде қоқыс көп бола тұра, оны өңдейтін зауыттар шикізатқа жарымай отыр. Бұл бизнес әрі әлеуметтік жауапты іс. Қоқысты қайта өңдеуден түскен ақша кәсіпкер мен қоршаған ортаға бірдей пайда әкеледі.

Экологиялық кодекстегі 288-баптың 3-бөлімінде «қауіпсіз жағдайда сақтауға арналған орындарда тұрмыстық қалдықтар 3 жыл ғана сақталуы тиіс» деп көрсетілген. Осы мерзім ішінде қайта өңдеуден өткізілуі немесе жерге көмілуі шарт. Өкінішке қарай, бұл тапсырма бізде орындалмай келеді. Әлемнің көп жерлерінде қоқысты өртеуге тыйым салынған, өйткені тұрмыс қалдықтарынан түрлі улы газдар бөлініп, ауаны ластайды. Қалдықтарды өртеуге АҚШ пен Жапонияда рұқсат етілген, бұл елдерде плазмалық газдау әдісі қолданылады. Португалияда өртелген қоқыс күлін арнайы құрылғылармен тығыздап, құрылыс заттарын өндіреді, ғимараттар тұрғызып, тіпті бүтін жасанды аралдар салынуда. Париж қаласы тазалығымен тамсантады. Түрік қоқыс тазалаушысы – беделді әрі жалақысы жоғары мамандық. Тазалыққа жауапты қызметкерлер үшін әлеуметтік қолдау жолға қойылған: медициналық сақтандыру, жоғары зейнетақы, қолжетімді баспана алуға мүмкіндіктері зор. Өкінішке қарай, ТМД елдері қалаларындағы қалдықтарды сұрыптап жинау жүйесі реттелмеген. Үйінділерді сұрыптауға арзан жұмыс күші саналатын мигранттар тартылған, күнделікті шайлығын табуға мұқтаж жандар осындай лас жұмысқа жалдануға мәжбүр. Тіпті біз өз отбасымызда да тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, реттеу, тәрізді әдеттегі қағидаларға мән бермейміз. Бұл туралы сауаттылықты арттыратын бағдарлама, насихаттау жұмысымен айналысатын қоғамдық ұйымдар да жоқ. Мектеп бағдарламасында да қалдықтарды сұрыптау тұралы нақты білім беретін арнайы тарау енгізілмеген.

Басынан дұрыс жиналмаған қоқыс қайта өңделетін шикізат ретіндегі құндылығын жояды. Қазіргі таңда қоқысты іріктеуді игере алмай жатқан мемлекеттер – дамушы елдер. Бұл қатарда біздің еліміз де бар. Мұның түрлі себебі бар, біріншіден, тұрмыс қалдықтарын өңдейтін технологияның жолға қойылмауы, қажетті ресурстардың тапшылығы, күнделікті шығатын қалдықтардың үлкен көлемі, сонымен қатар, адамдардың қоқыстан болатын залалды, экологияға әкелетін қауіпті толық сезінбеуі. Күнбе-күн қалдықтарды қоқыс жәшігіне салмас бұрын көпшілігіміз мұның бәрі қайда кетеді деп ойланбаймыз. Пакеттерге тамақ қалдықтары, жуынды, қағаз, пластик аралас салынып, толассыз тасталып жатыр. Сол жауапсыздықтан бүгінгі таңда үлкен қателік жібергенімізді сезіндік. Әлі де кеш емес. Барлық жұмысты үйлестіріп, батыл әрекетке келсек, қомақты нәтижелерге жететіндігіміз анық.

Қазақстанның «Жасыл экономикаға» көшуін ескере отырып, еліміздің барлық өңірінен қалдықтарды бөлек жинау бойынша іс-шаралар қолға алынған. 2013 жылдан бастап халықтан құрамында құрылымында сынап бар энергия үнемдегіш шамдарды жинау және одан әрі пайдаға асыру бойынша жоба жүзеге асырылып жатыр. Бірақ бүгінде мұны біреу білсе, біреу білмейді. Қазіргі таңда құрамында сынап қалдығы бар көптеген заттар қоқыспен бірге полигондарға жөнелтілуде. Ал сынаптың тотыққаннан кейін ауаны көп дәрежеде бүлдіретіні белгілі. Тіпті, тотыққан сынап жұққан қағаз, ағаш, пластик, тағы да басқа өңделетін қатты қалдықтар заңсыз қалдық жинаушылардың қоржынына түсіп. зауыттарға жөнелтілуде. Ал еліміздегі қалдық өңдейтін зауыттарда шикізаттың залалды, залалсыздығын ажыратын жоғары технологиямен жабдықталған лаборатория жоқтың қасы. Салдарынан тұтынушылардың бәрі: «Зауытта жасалған өнімнің бәрі сенімді», деп есептейді де, қайта өңдеуден өткен заттардың зияндылығы мен тазалығына мән бермейді. Қауіпті аурулардың дені, міне, осындай жағдайдан туындап жатыр.

Айталық, дәретхана қағазы, тамақ салатын целлофан, тағы басқа күнделікті тұрмыста қолданылған қажетті заттардың дені қалдықтардан қайта өңделген өнім деп есептеледі. Мысалы, тамақ салатын целлофан шығаратын зауыт ешқандай да таза полиэтиленнен өнім өндірмейді. Ондай болса, тапқан табысы шикізатқа жұмсалған қаржысының орнын толтыра алмайды. Тіпті, шаш етектен шығынға батуы мүмкін. Сондықтан көп ретте қаржы жұмсап сатып алмайтын, тек қоқыс жинаушылардың өте арзан мөлшердегі тасымал ақысын төлеу арқылы жиналған қатты қалдықтарды қайта өңдеу арқылы дайындалады. Ендеше, полигондағы уы мен суы араласып жатқан зиянды қалдықтан дайындалған дәретхана қағазы сіздің денсаулығыңызға пайдалы дей аласыз ба? Улы қалдықтан жасалған тамақ салатын целлофонның ағзаңызды бүлдіріп жатқанын білесіз бе? Мұның бәрін зауыттан көруге болмайды. Оның бәрі күнделікті тұрмыста шығатын қалдықтарды сұрыптамай, бәрін бір қалтаға жинап, контейнерлерге лақтыра салуға әдеттенген өзіміздің кінәміз. Қысқасы, өз денсаулығымызды бүлдіруге өзіміз үлес қосып келеміз.

Әлемнің әр елі қоқысты қайта кәдеге жарату, сұрыптауда түрлі тәсіл қолданады. Бұл саладағы жетекші орында еуропалықтар тұр. Өкінішке қарай, еуропалықтардың менталитеті бізге мүлде жат. Оның үстіне олардың қоқысты кәдеге жаратудың жарты ғасырлық тәжірибесі бар. Жапондықтар қоқысты іріктеу, реттеу жұмыстарына аса үлкен жауапкершілікпен қарайды. Олардың қоқыс контейнерлері қағаз, пластик, әйнек, темір, жанғыш, жанбайтын, қайта өндірілетін деп іріктеледі. Мәселен, көк пакетте қағаз қалдықтары болса, жасыл түсті пакетте пластик болады, егер қоқыстар аралас тасталса, сол үшін «шатасқан» тұрғын қомақты айыппұл төлейді. Олардың да тәжірибесі бірден біздің елге көшіріп, қолдануға келмейді.

Осы тұста көршілес Қытайда қоқыс сұрыптаудың, қайта өңдеудің үлкен бизнес саласына айналғанын айта кетуге болады. Бүгінгі таңда қытайлардың тұрмыстық қалдықты қайта өңдеу ісі 56 пайызға жетіп, әлемде екінші орынға шығып отыр. Күнделікті тұрмыста қолданылатын Қытай өнімдері, тұрмыстық жиһаздардың көпшілігі тұрмыстық қалдықтан өндірілген өнімдер. Былайша айтқанда, бүкіл әлемдегі Қытай тауарлары, міне, осындай жолмен дайындалады. Түптеп келгенде Қытай экономикасын өркендеткен Қазақстанның қалдық темірлері екендігі анық.

Расымен адамзаттың үштен бірі тіршілік етіп жатқан Қытайда қоқыс өңдеу ісі мықтап қолға алынбаса аумағының күл-қоқысқа толып қалатыны анық. Аспанасты елінің Бейжің іспетті ірі қалаларында қоқысты түрлі әдіспен сұрыптайды, заманауи технологиялар мен адам күші қатар қолданылады. Қоқыс жинаушыларға төлемақы күнбе-күн төленгендіктен қолма-қол ақшаға мұқтаж жұмыссыздар бұл іске үйір. Бір Шанхайдың өзінде мыңдаған қоқыс қабылдау орындарында 2,5 миллионнан астам жұмысшы еңбек етеді екен. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, елімізде жыл сайын көктем және күз айларында жүргізілетін тазалық айлығына қыруар қаржы бөлінеді. Сондай-ақ, күл-қоқыстарды тасымалдауға, полигондарды залалсыздандыруға да бөлінетін ақша аз емес. Оның дені мемлекеттік мекемелерге бөлініп, игеріледі. Яғни, көктем шыға және күз түсе тазалық айлығы басталысымен сенбіліктер, тағы да басқа науқандық шаралар ұйымдастырылады. Керісінше, еліміздегі қоқыс тасымалдаумен, сұрыптаумен, өңдеумен айналысатын жекеменшік мекемелерге қолдау жоқтың қасы. Аспанасты елінде бұл жұмыспен мемлекеттік мекеме айналыспайды. Керісінше, тұрмыстық қалдықты сұрыптау тасымалдау қоймалау оны кәдеге жаратын жекеменшік мекемелерге жүктелген.

Нақтылап айтатын болсақ, көрші елдің тұрғындары таң атқаннан кеш батқанша тұрмыстық қатты қалдықтар жинайтын жеке компания өкілдерінен мезі болады. Алайда, олардың өз тәртібі бар. Алдымен көше-көшені аралап темір қалдықтарын жинайтындар, жүріп өтеді. Сосын қағаз, пластик, мақта, шаш тәрізді бір күнде үйіңізден шығатын керекке жарайтын қалдықты әрбір жекеменшік мекеме осындай жолмен жинап алып кетеді. Ең соңында үйіңіздегі өңдеуге келмейтін қалдықтарды аулаңыздағы контейнерге тастайсыз. Ол сол күні түнімен залалсыздандыру орындарына немесе полигондарға жөнелтіледі. Қоймаланған қалдық қоқыс жинайтын кәсіпорынның қамбасында сұрыпталып, келісімшарт бойынша қоқыс өңдейтін зауыттарға жөнелтіледі. Бүгінгі таңдағы әлемдегі миллиардерлердің үшеуі қытайлық. Олар осы қоқыс тасымалдаумен байығандар. Ал Қытайдағы алдыңғы 50 миллиардердің 22-і қоқыс өңдеу саласымен айналысатындар.

Өкінішке қарай, бізде қоқыс өңдеп, оны бизнеске айналдыру былай тұрсын, күнделікті жиналып қалған тұрмыстық қалдықты қайда төгуді білмей есіміз шығып жүр. Талап бойынша 24 сағатта сұрыпталып, залалсыздандырылатын күл-қоқыстар мен қатты тұрмыстық қалдықтар аулалардағы контейнерлердің аузы-мұрнынан шығып, жартысы далада шашылып жатады. Сондықтан елімізде де қытайлық тәжірибені қолданғанның зияны жоқ. Яғни, қалдықты байлыққа айналдырамыз десек, мемлекет қоқыс өңдеумен айналысатын жекеменшік мекемелерді қаржыландыруды мықтап қолға алуы керек. Мысалы, бір жылдың көктеміндегі тазалық айлығына бөлінетін миллиондаған қаржы арқылы қалдықты сұрыптап, өңдеумен айналысатын бірнеше жекеменшік кәсіпорынды қаржыландыруға болады. Мейлі, олар зауыт салмай-ақ қойсын, сол қаржымен қоқыс тасымалдауға керекті көлік сатып алады, қойма салады, қоқыс жинайтын адамдарға жалақы төлейді. Сонымен бірге, еліміздегі, тіпті шетелдегі шикізатқа тәуелді кәсіпорындармен келісімшарт жасап, жұмыс ауқымын ұлғайтады. Осы арқылы Үкімет қоржынына түсетін салық артады, жұмыссыздар азаяды. Ең бастысы, Үкіметтің жыл сайынғы қыруар қаржысы желге ұшпайды. Бұл тұрғындар үшін де қолайлы болмақ. Өйткені, күнде контейнерге лақтырылатын заттарды сатып, азын-аулақ тиын-тебен таба алады. Мысалы, Қытайдағы әрбір отбасы тұрмыстық қалдықтан кірген кірісі арқылы ай сайынғы коммуналдық шығынын жауып отыр.

Шындығына үңілсек, еліміздегі қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуге қатысты жұмыстарда жүйелілік жоқ. «Біз осыған жеттік» деп жар салатындай жетістік таппайсың. Таптаурын тәсілдерден арыла алмай келеміз. Өз бетімізбен ықпалды шараларды қолдана да алмаймыз. Сан рет дабыл қағылып, айтылып, жазылғанымен естір құлақ кемшін. Қоқыстан кәдеге асыратын зат жасау әлемдік тәжірибеде әуелден-ақ жолға қойылған. Ендеше, тиімді істі жандандыра түсу үшін бізде не жетпейді? Қайтсек, шетелдің озық технологиясын қолдана отырып, жаңа тауар шығарамыз? Полигонда тау болып үйіліп жатқан қалдықты қалай азайтамыз?

Ол үшін табиғи ресурстарды дұрыс пайдалану, қоршаған ортаны ластанудан қорғау және қалпына келтіруге бағытталған мемлекеттік бақылаудың, халықаралық және қоғамдық іс-шаралардың жоспарлы жүйесін енгізу – біздің ең басты міндетімізге айналуы керек. Алайда, біз сол міндетті ойдағыдай орындай алмай келеміз.



Бір дана пластмасс бөтелкеден осыншама зат өндіріледі.

Қалдық өңдеу жүйесі




Қалдық өңдеудің әлемдік ортақ заңдылығы осы.

Қағаз қалдығы



Қалдық қағаздан да кәдімгідей пайдалы зат өндіруге болады.

Шиналар



Машина дөңгелегінен жабдық пен бензин өндіруге болады.





Қажет Андас,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



Бұл басылым Еуропалық Одақтың қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

Жетісу
1918-2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Ұлыстың ұлы күніне 14 күн қалды



Құттықтаймыз!



Талдықорған қаласы Ынтымақ ауылында тұратын аяулы да ардақты анамыз НҰРҒОЖИНА Айтбала бүгін 80 жастың биігіне шығып отыр. Шуаққа бөлеп маңайды, айналасына арайлы болған батыр ана 11 баланы өмірге әкеліп, тектілікпен тәрбиелеп өсірді. «Алтын алқа» иегері атанған ардақты жан бүгінде сүйікті әже, таусылмас қазына, сарқылмас байлық.

Әулетіміздің киесі, барлығымыздың ақылшымыз, шаңырағымыздың берекесін кіргізіп отырған асыл жанды туған күнімен құттықтап, сәнді де мәнді қалпын сақтап, жанымызда мәңгі жүрсін демекпіз. Ардақты ана, асыл әже, сізді келе жатқан 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен де құттықтап, барлық жақсылықтарды тілегіміз келеді. Балаларын белі қайысқанша еңбек етіп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, мейірімін төге жүріп күтіп-баптап өсірген. Міне, соның жемісі болса керек, бүгінде ұл-қыздарыңыз өркен жайып, бір-бір шаңырақты құрап, өсіп-өнді. Үбірлі-шүбірлі болып, тектіліктен алған тәрбиемен тұғырлы болып келеді. Соның барлығы үшін ұрпақтарыңыз сізге мәңгі қарыздар. Ұл-қыздарыңыз бен немере-шөберелеріңіздің ортасында әрдайым жүзіңізден жылу, езуіңізден күлкі кетпей, қуаныш пен шаттыққа тоймай жүре беріңіз. Алла сізге күш-қуат, ұзақ ғұмыр берсін!

Анашым, нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Тіршіліктің қызығына бөленіп,
Аман-есен ортамызда жүріңіз.

Бақ орнасын әрдайым басыңызға,
Жас қосылсын, анашым, жасыңызға.
Көтеріңкі болсыншы көңіліңіз,
Толы болсын шаттыққа өміріңіз.

Бір бақыт қой шаттыққа бөлегені,
Көрсін анам шөпшек пен шөберені.
Ұрпақтарға үнемі бик бағдар,
Жол нұсқаушы өмірің өнегелі.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: ұл-қыздары, күйеубала мен **келіндері** және **немере-шөберелері.**

ІЗЕТ

Ұстаздық еткен Жалықпас

Адам өмірінің қашанда өнегелі ісімен ардақталып, жеткен табысымен салмақталып отыратыны анық. Осы тұрғыдан келгенде жеріміздің көркейіп, өнеріміздің өрлеп, мәдениетіміздің мәйектенуінде ұстаздар қауымының арқалаған жүгі басым.



Бұған педагогика саласында ерінбей еңбек етіп, ұрпақ болашағы үшін тер төккен ағаапаларымыздың жемісті жолы дәлел. Сондай жандардың бірі – өмірінің 37 жылында саналы ұрпаққа салиқалы жол ашқан Байболысова Бақытқайша Сәрсенғалиқызы.

Кейде адамның тағдырын бір ғана бағыттың өз ағысымен жылжытып әкететіні бар. Бақытқайша Сәрсенғалиқызы орта мектепті бітірген соң Қаратал ауданы, Ақжар ауылындағы Балқаш орта мектебіне мұғалім болып еңбек жолын бастайды. 1989 жылы Панфилов педагогикалық училищесін, 2005 жылы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі мамандығын бітіріп, білімі мен біліктілігін жетілдіреді. Кейінгі жылдары Талдықорған қаласы Өтенай ауылындағы №21 мектепте еңбек етіп, ұстаздық бедел биігін әспеттеп келеді.

Қазақ халқының дәстүрінде «тектілік» дейтін қасиетті ұғым бар. Бақытқайша сондай текті әулеттің тұяғы. Елі мен жұрты үшін істеген ізгілікті істері арқылы ел аузында жатталып, аты тарихта қалған аталарының кісілік, кішіпейілдік, адамгершілік қасиеттері оның бойынан табылады. Бала күнінен бауырмалдықты бойына серік етті. Сол қасиетін ұстаздықта қолданды. Сонымен, бедел биігіне тез көтерілді. Атақты Саңлақ шешен: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, жолаушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық», – деген екен. Осы айтылған қасиеттер Бақытқайша Сәрсенғалиқызының бойынан табылады. Ол ұстаздық қызметті атқарумен қатар ардақты ана, аяулы жар бола жүріп, екі баласын тәрбиелеп өсірді. Еңбегі еленіп, аудандық, қалалық Құрмет грамоталармен марапатталды. Ең бастысы, шәкіртінің көңілін тауып, өміріне азық болар ақыл-кеңесін аямайтындығымен көптің ықыласына бөленуде. Сондықтан біз де Бақытқайша апайдың үлкен белестерді бағындырып, жұрттың бақытын еселей беруіне тілекшіміз.

Өтенай ауылдық №21 орта мектебі 2 «ә» сынып оқушыларының ата-аналары.

Талдықорған қаласы.

ҚОЛӨНЕР

Жаны сұлу адамның жүзінен ескен жылылық айналаны нұрландырып, әдеміліктің, ізгіліктің, парасаттылықтың қайнар көзіндей көрініп тұратыны шындық. Ал ондай адамның ісмерлігі мен іскерлігі астасқанда Алатаудың биік шыңына ұқсап кетеді. Адами асыл қасиеттерді бала жастан бойына жиып өскен Меруерттің көркем мінезі мен көрікті келбеті осындай ой түюімізге жетелейді.



Әйелдер әшекейі

Жетісу
Ұлбосын ИСАБЕК

Сонау күрішті өңірден нәр алып, ұлттық салт-дәстүрімізге қаныққан Меруерт Ермекованың негізгі мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Өмірін бала оқытуға арнаған анасының ардақты ісін жалғастыруды мақсат тұтқан. Сөйтіп, Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтын тамамдаған соң бірнеше жыл білім беру саласында абыройлы еңбек еткен. Әйтсе де, заман талабына қарай икемделіп, жеке кәсіппен айналысу мақсатында «Сымбат» сән академиясында бет күтімі, бетті әрлеу мамандығын қосымша меңгеріп, әсемдікке, сұлулыққа жаны құмартады. Жан-жақтылығының арқасында академияда білім ала жүріп, қолөнердің қыр-сырына қанығады. Бұл тіптен, өзіне жат кәсіп емес еді. Бала жастан ауыл әйелдерінің киіз басып, кілем тоқитын шеберліктерін көріп, шыңдалып өсті. Бұған қоса, он саусағынан өнер тамған Ғалиядай анасының қыздарына лайықтап әдемі көйлек тігіп, моншақ жасап беретін іскерлігін сіңірген.

– «Қыздың көзі – қызылда» деп бекер айтпайды ғой. Кішкене күнімізден қолымызға іліккен моншақтарды тағып, сәнденгенге құмар болдық. Мектепте жақсы оқумен қатар мәдени іс-шаралардың жүргізушісі міндеті маған жүктелген. Әр мерекеге қажет көйлекті анам тігіп берсе, мен өзіме ұнайтын әшекейді таңдап тағып, жарқырап жүруге ұмтылатынмын, – деген Меруерт бүгінде әйелдерге арналған әшекей бұйымдар жасаудың хас шебері айналған. Қолөнермен айналысу – адамнан асқан төзімділікті, сабырлылықты қажет етеді. Бастапқы жылдары әшекей бұйымдардың қарапайым түрлерімен айналыссам, уақыт өте келе бағалы тастармен жасауды меңгердім.

«Білім – инемен құдық қазғандай» демекші, түрлі түсті, үлкен-кіші моншақтарды тізіп, шығармашылық тұрғыда жұмыс жасау да зор еңбекті, табандылықты талап етері сөзсіз. Шарқ ұрған қиялдағы тамаша дүниенің өмірге келуі үлкен толғаныстан туындайды. Сұлулыққа жаны құмар әйелдердің сұранысына ие, талғамынан шығатын әдемі бұйымдар жасау үшін талмай талаптанып, ерінбей еңбектену керек. Мұны жүрегімен сезінетін ісмердің ықыласы зор, мақсаты айқын.

Талғарда заманауи және этноүлгіде әйелдердің мойыналқа, моншақ, білезік, сырға, басқа да сәндік бұйымдарын жасап, саудалайтын жалғыз Меруерт десек, еш артық айтқандық болмас. Өнерлі жанның көз жауын алатын әсем де табиғи тастардан жасаған бұйымдарын жоғары бағалайтындар қатары өскен. Соған орай сұраныстың да арта түскендігі қуантады. Себебі, кәсібінен – нәсібін теріп отырған еңбек адамы үшін маңдай тердің ақталғаны жөн.

Иә, адам есіміне аса мән берген халықтың ұрпағымыз. Есімі меруерт тасымен байланыстырылып қойылған Меруерттің де аты затына сай келіп, табиғи тастардан бұйым жасаудың шебері атануы тегіннен-тегін болмаса керек. Сұлулыққа жаны құмар әйелдің ермегіне айналған қолөнері – бұл күнде өмірінің мәніне, халықтың сәніне айналғанына қуанамыз. Ұлттық өнерді ұлықтап, шеберлік мектебін қалыптастыруға қабілетті жанды «үйренсем, білсем» деген ынталы жастардың жиі иектеуі заңдылық. Бесаспап шебердің шәкірт болуға ниетті қыздардың біразын баулып, қанаттандырғанын да мақтанышпен атау абзал.

– Іске икемді, қолөнерге қабілетті қыздардың қатары көбейсе нұр үстіне нұр. Атадан балаға мирас болған халқымыздың мол мұрасын, өлмес өнерін жалғастыратын кейінгі жастарды баулып, жолға салу біздің аналық, әпкелік парызымыз. Дегенмен де, орынның тапшылығы, уақыттың таршылығы бұл ойымды толыққанды жүзеге асыруға мұрсат бере бермейді, – дейді қолөнер шебері.

«Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» деген даналық бар халқымызда. Ісмер ананың алпыс екі тамырынан нәр алып, өмірін өнеге етіп өсіп келе жатқан қызы – Қызғалдақтың да ұлттық өнерді әспеттеуге деген құлшынысы қызықтырмай қоймайды. Бүгінде Талғар қаласындағы Ж.Жабаев атындағы №6 орта мектепте білім алатын Қызғалдақтың қолынан шыққан сан түрлі бұйымдарына сұраныс бар.

Қазіргі кезде әлеуметтік желілер арқылы Меруерт Ермекованың қолтаңбасымен сапалы да сәнді етіп жасалынған эксклюзивті қолөнер бұйымдарына еліміздің әр шалғайынан, сонымен қатар, сахна төріндегі әншілерден сұраныс артуда. Ұлттық нақышта өрнектелетін қолөнер бұйымдарына тапсырыстың еселене түсуі хас шебердің шеберлігін шыңдап қана қоймай, танымалдылығын арттырып, бизнестегі алар орнын айқындауда. Олай болса, ұлттық өнерден туындаған отандық өнімге ден қойып, барымызды бағалай білу – парызымыз.

Талғар қаласы.

БАЙҚАУ

Ару ажары – БҰРЫМ



Кербұлақ аудандық әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен Сарыөзек ауылындағы Әбікен Сарыбаев атындағы Мәдениет үйінде «Ару ажары – бұрым» атты байқау өтті. Аталған шараны облыстық әйелдер кеңесінің бастамасы негізінде Кербұлақ аудандық әйелдер кеңесі ұйымдастырды. Байқауды аудандық кеңестің төрайымы Ғалия Ниязова құттықтау сөзбен ашып қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жетісу
Қажет АНДАС

«Өзін-өзі таныстыру», «Мен бұрымды сұлумын, әдемімін», «Асыл қазыналы, баға жетпес өнегелі сөздер сайысы», «Сұрақ-жауап сайысы», «Өнерлі өрге жүзеді» сияқты бес кезеңнен тұратын байқауға ауданға қарасты 15 ауылдық округте өткен осындай байқаулардың жеңімпаздары қатысып, бағын сынады.

Халқымызда: «Қыз өссе елдің көркі» деген әдемі сөз бар. Десек те, қыздардың ақылы мен парасаты, мінезі мен көркі, ізеттілігі мен жан дүниесі, әдеп пен инабаты, тағы да басқа жақсы қасиеттері жарасым тапқанда ғана елдің көркін асырып, берекесін шалқытады. Сондықтан да тарихымызда аты аңызға айналып, абыройы асқан, бір елдің мақтанышына айналған апа-аналарымыз көп болды. Өкінішке қарай, бүгінгі таңдағы жаһанданудың салдарынан аруларымыздың батыс мәдениетіне еліктеген көңілге қонымсыз ерсі қылықтары көбейіп барады. Дей тұрғанмен, кешегі ару қыздардың жолын қуып, салт-дәстүр, әдет-ғұрпты берік ұстанғандар қатарымызда көп екен. Оны сайыс барысында байқадық.

Жарыс өте тартысты өтті. Ең алдымен қыздар шыққан тегін, білімді, біліктілігінің қыры мен сырын таныстырды. Бәрі де ақылды әке, өнегелі ананың тәрбиесін алғаның, өмірден көргені мен білгені, сезгені мен түйгені мол екендігін ұғындыруға ұмтылды. Осыдан кейін сән өнерінің талабы бойынша өздерінің киім мәдениеті мен шаш үлгісін көрсетіп, бұрымды қызға тән қасиеттерді аңғартуға күш салды. Осыдан кейін өмірге, қоғамға, ата-анаға деген жан тербелісін әдемі көріністермен жеткізді. Соңында ән шырқап, би билеп, мәнерлеп өлең оқып, өнерден кенде еместіктерін де паш етті. Қысқасы, сайысқа қатысқан он бес қыздың бар болмысынан бүкіл қазақ қыздарына тән ізгі қасиеттерді көрдік.

Тағы бір айта кетерлігі, сайыс барысында «Шынтақ ішке бүгіледі» дейтіндей жағдай орын алмады. Өйткені байқаудың әділ-қазыларын облыс орталығынан арнайы шақыртыпты. Бұл қатарда бар ұғымырын еліміздің өркендеуіне арнаған, мәдениет пен өнердің төңірегінде жүрген, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере-шөбересінің үлгі-өнегесіне айналған Дина Нұрғалиева, Райхан Қапышқызы сияқты аналарымыз болды. Демек, барлық қатысушыға өзіне лайықты баға берілді.

Сайыс нәтижесі бойынша Көксу ауылынан келген ару Жансая Иманбаева бас жүлдені жеңіп алса, қаспандық Сымбат Бабатаева бірінші, талдыбұлақтық Аида Сопанова екінші, сарыбастаулық Айтолқын Көмекова үшінші орынды иеленді.

Жүлдегерлермен қатар барлық қатысушыларды аудан әкімі Бағдат Әлиев Алғыс хат және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Сарыөзек ауылы, Кербұлақ ауданы.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, №15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс — 41-10-46,бас редактордың орынбасарлары — 41-10-47, 41-10-49, жауапты хатшы — 41-10-50, бөлімдер — 41-10-43, 41-10-68, 41-10-71, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 41-10-52, фототілшілер — 41-10-53, жарнама бөлімі — 41-10-51.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 279-36-43.
Меншікті тілшілер: Панфилов — 9-12-27,Іле және Қапшағай қаласы — 8-777-016-44-11. Жамбыл — 8-701-254-97-55. Талғар — 8-701-400-28-49. Қарасай — 8-701-347-60-32. Еңбекшіқазақ — 8701-212-00-96.
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 60-11-21 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.
"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде,"Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 374.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 64 453, оның ішінде «Жетісу» газетінің таралымы – 37 474.
Индексі — 65469.

Кезекші редактор: Құралбек СӘБИТОВ.

Жетісу 1918–2017

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

Қоқысқа қатысты заңдық талаптар

Қоршаған ортаны қорғау қызметінің негізгі бағыттарының бірі Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының Тұжырымдамасында көрсетілген параметрлерге қол жеткізу. Өніріміздің экологиялық мәселелері және оларды шешу жолдары Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі Тұжырымдамасының, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы «Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғыртудың 2014 − 2050 жылдарға арналған бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылады.



Қатты тұрмыстық қалдықтардың пайда болуының динамикасына талдау жүргізгенде 2015 жылмен салыстырғанда өткен жылы оның көлемінің 129,4 мың тоннаға немесе 20,2%-ға артық болғаны байқалды, оның себебі халықтың өсуі мен әл-ауқатының жақсаруына және қатты тұрмыстық қалдықты қайта өңдеу деңгейінің төмендігіне байланысты. Керісінше, 2013 – 2016 жылдар аралығында қайта өңделген қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемі тек 7,8 мың тоннаға немесе 0,9%-ға ғана өскен. Демек, қатты тұрмыстық қалдықтар төңірегінде әлі де күрмеулі мәселе ушығып тұр. Осы тұрғыдан зерделеп көргенде оның басты себептерін полигондар мен қоқыс орындарының нормативтік, санитарлық, экологиялық және құрылыс нормалары мен талаптарына сәйкес жабдықталмауы, көптеген жабайы қоқыс орындарының әлі де ашық күйінде қалғанынан көруге болады. Ендеше, осы тұрғыдан туындаған заңбұзушылықтардың біразына тоқталайық.

2011 жылдың 15 шілдесінде №461-IV Заңы бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Онда қолданыстағы заң аясында кәсіпкерлерге лицензиялық-рұқсат ережелерін жетілдіру және оңайлату мәселесі қарастырылған. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес өкілдеріне әкімдіктер мен басқармалар тарапынан болуы мүмкін кедергілерді жою ісі де осы заңның аясында айтылады. Ондай өзгертулер мен толықтырулар 57 заң актілеріне, атап айтсақ, Жер, Салық, Экологиялық кодекстерге, ҚР-ның «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы», «Лицензиялау туралы» және тағы басқа Заңдарына енгізілді. Аталған өзгертулер мен толықтырулар жекелеген рұқсаттық құжаттар берудегі басы артық талаптарды азайтуға, беру уақытын тиімділендіруге бағытталған. Соның ішінде елеулі өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Жер кодексіне жасалды. Нақтырақ айтсақ, нақты бір жер телімінің кадастрлік (бағалау) құнын еншілес мемлекеттік кәсіпорындар үш күннің ішінде анықтайды. Ол жер теліміне кадастрлік (құны) бағалау актісімен рәсімделіп, жер қатынастары бөлімдерімен бекітіледі. Мұндай кадастрлік бағалау мерзімі алдыңғы заңнамаларда көрсетілмеген еді. Өкінішке қарай, облысымыздағы 741 елді мекендегі 354 полигон мен күл-қоқыс үйіндісі ғана заңдастырылған. Оның ішіндегі 10 полигон ғана (полигондар туралы айырым материал дайындалады) мемлекеттік тіркеуге алынған. Демек, өніріміз әлі де заңдық талаптарға сай жұмыс жасап жатқан жоқ.

Еңбекшіқазақ ауданы прокурорының 2013 жылғы 6-ақпандағы №7-12-13 талабы бойынша Алматы облыстық экология департаменті «ХЭМКО» ЖШС-не экологиялық талаптардың орындалуына байланысты жоспардан тыс тексеру жүргізді. Тексеру барысында «ХЭМКО» ЖШС жер қойнауын пайдалану жұмыстарын жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісімен Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы Сарыбұлақ кен белгісінде құрылыс тастарын өндіру жұмыстарын жүргізуге алғандығы, №01-06-12 келісімшарт Алматы облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында тіркелгендігі анықталды. Алайда, «ХЭМКО» ЖШС жер қойнауынан кен өндіру жұмыстарын келісімшарт аумағынан тыс жерден, яғни Сарыбұлақ кен белгісінен емес, «Жалайыр-Шора» кен белгісінен өндіріп, заңбұзушылыққа жол берген. Сөйтіп, ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңының 76-бабы 1-бөлімі 1-тармағының талаптарын өрескел бұзғандығы белгілі болды.

Аумақтық геология және жер қойнауын қорғау инспекциясы қызметкерлерінің берген мәліметі бойынша («Тас-Құм» АҚ-да) 1 текше метр құрылыс тастың нарықтағы орташа бағасы 550 теңгені құрайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27-маусымдағы №535 Қаулысымен бекітілген «Қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау ережесінің» 16 бөліміне сәйкес, өз бетінше заңсыз пайдаланылған жер қойнауындағы кең таралған жалпы пайдалы қазба байлықтың өтем шығыны он есеге көбейтіліп есептеледі. Сонымен, «ХЭМКО» ЖШС ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңының 10-бабы 1-бөлімінің, 35-бабы 1-бөлімінің және 76-бабы 1-бөлімі 1-тармағының талаптарын бұзғандығы анықталып, шығын көлемі төленген.

ҚР Экологиялық кодексінің 321-бабында, «Экологиялық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар өздері келтірген залалды осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өтеуге міндетті» екендігі анық жазылған. Экологиялық заңды бұзғандығы үшін, экологиялық сараптаманың қорытындысының және қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттың жоқтығына байланысты да құзырлы мекеме кәсіпорынның өндірістік қызметін тоқтатуға құқылы.

Бүгінгі таңда табиғат пен жануарлар әлемін қорғау бойынша «біз осыған жеттік» деп жар салатындай жетістік таппайсың. Таптаурын тәсілдерден арыла алмағандар өз беттерімен ықпалды шараларды қолдана да алмайды. Сан рет дабыл қағылып, айтылып, жазылғанымен еліміздегі ғана емес, әлемде сирек кездесетін өсімдік түріне айналған сексеуілді заңсыз отау, түбірімен қопару жиі кездесетін заңсыздық болып тұр. Тек прокуратура органдарының рейдтер ұйымдастыруы арқасында ғана сексеуілді оңай пайда табу жолына айналдырғандар айылын жия бастады. Прокурорлар ондай табиғат қорғау заңдылығын бұзушылардың үстінен 2015 жылы Қылмыстық кодекстің 290-бабы бойынша 34 қылмыстық іс қозғапты.

Экология кодексінің 114-бабы, 12-тармағында жер қойнауын пайдалану нысандарын тұйықтау және істен шығару мемлекеттік экологиялық бақылауға сай жүргізілетіні айтылады. Ал, осы Кодестің 117-бабы, 1-тармағының 6-тармақшасында мемлекеттік экологиялық бақылау жүргізетін лауазымды тұлғалардың жеке және заңды тұлғаларға ҚР экологиялық заңнамасының бұзылғандығы туралы ескерту бере алатындығы көрсетілген. Мысалы, «Ақбұлақ» бағдарламасының аясында «Оңтүстік Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану бойынша аймақаралық департаменті» мемлекеттік мекемесі 2010 жылы облыс аумағынан суы сыртқа ағып кететін ұңғымаларды анықтау жұмыстарын жүргізген болатын. Зерттеу жұмыстары жүргізілген 100 нысанның 72-сі Панфилов ауданында және 28-і Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан. Зерттеу нәтижесі бойынша ұңғымалардың басым бөлігін пайдаланудан шығаруға, тұйықтауға ұсыныс берілген. Одан бөлек 33 су скважинасын пайдалануға рұқсат берілуі тиіс болатын. Алайда «Оңтүстік Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану бойынша аймақаралық департаменті» мемлекеттік мекемесі жүргізген жұмыстың нәтижесі кемшіліктерді жою үшін мемлекеттік уәкілетті органдарға не жергілікті атқарушы органдарға жолданбаған. Бұл уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар арасындағы қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Тіпті бүгінгі таңда өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың негізгі бөлігі қайта өңдеуге және қайталама пайдалануға асырылмай заңдастырылған және заңдастырылмаған қоқыс орындарына төгіліп, кәсіпорындардың аумағына жинақталып, жалпы экологиялық жағдайды қиындата түсуде. Нәтижесінде, тұрғындар мен кәсіпорындардың жұмысшыларының денсаулығына елеулі қауіп тудырады және қайталама ресурстардың орны толмас мүмкіндіктерін жоғалтады.

Қатты қалдықтармен айналысу жүйесінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – оны жою дәрежесі. Қалдықтарды алғашқы сұрыптау жүйесімен қол күшімен немесе механикалық жолмен кәсіпорындарда өңдеу арқылы қара және түсті металл, пластмасса, шыны, қағаз сияқты бағалы бөлігін алуға және қатты қалдықтардың негізгі массасын органикалық тыңайтқышқа, жылу энергиясына, құрылыс материалдарына айналдыруға болады. Бірақ, бүгінгі таңда зауыт құрылысын қаржыландыру көзінің болмауынан тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап өңдеу проблемасы облыста ашық күйінде қалуда. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 434-бабына сәйкес ұсақ бұзақылық үшін 10 АЕК мөлшерінде айыппұл немесе 10 тәулікке қамау жазасы қарастырылған. Егер осы талапты шынайы қолданатын болсақ бірқатарымыз тәртіп бұзушы болып шыға келеміз. Расында қазір өңірдегі тұрғын үйлердің ауласына контейнер қойылған. Бірақ кей адамдар қоқысты контейнерге дейін жеткізбей, көрінген жерге лақтырып кетеді. Швейцариядағы сияқты Астанаға да қағаз, пластик, шыны және аралас қалдықтарды бөлек-бөлек жинауға арналған түрлі түсті контейнер орнатылған. Тұрғындар қызыл, жасыл, сары және көк түсті 4 контейнердің қайсысына шыны, органика, пластик бұйым немесе қағаз тастау қажеттігін шатастырмауы үшін контейнерлердің бетіне нұсқаулық жазылған. Бұдан бөлек, бірнеше сауда орталықтарына істен шыққан электрондық құралдарды тастайтын 10 экобокс қойылған. Қала тұрғындары мұның біріне де назар аудармайды. Тұрмыстық қалдықты қоқыс жәшігіне әдеттегідей бір пакетпен тастай салады. Көшені қоқыспен ластамау қажеттігін Елбасының өзі бұрған дейін бірнеше мәрте ескертті. Президент 2012 жылы тәртіп сақшыларына қоғамдық орындарда тазалық сақтамайтын адамдарды қатаң жазалауды ұсынды. «Мұндай адамдарды 3 тәулікке қамау керек» деген Елбасы 2015 жылы аталмыш мәселеге айналып соққанда көше ластайтындарды таяқпен жазалайтын Сингапурды мысал етті.

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес шаруашылық жүргізуші нысан соның ішінде қатты тұрмыстық қалдық полигондары іске қосылмастан бұрын қоршаған ортаға тигізетін әсеріне бағалау жүргізу, қалдықтарды орналастыру нормативтерінің жобасы мен қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу, санитарлық-эпидемиологиялық және мемлекеттік экологиялық сараптамалардың оң қорытындысын алып және қалдықтарды қоймалауға және орналастыруға қоршаған ортаға эмиссияға экологиялық рұқсат алу сияқты нормативті рұқсат құжаттарын рәсімдеуі тиіс. Облысымызда 2004 және 2011 жылдар кезеңінде 11 қатты тұрмыстық қалдық полигонын жобалауға және құрылысына облыстық бюджеттен 1 077,5 млн. теңге бөлініп игерілген. Бірақ, бірқатар аудан мен қаладағы полигон құрылысы әлі күнге аяқталмаған. Бүгінгі таңда Алматы облысындағы 12 ірі типті полигонның тек қана 8 полигоны, яғни Қарасай ауданындағы «Kaz Waste Conversion» ЖШС, Қапшағай қаласындағы «Искер-Т» ЖШС, Алакөл ауданы, Достық стансысындағы «Достық» ҚММ, Іле ауданындағы «Іле Су Құбыры» ЖШС, Талдықорған қаласындағы «Көркем Талдықорған» МКК, Көксу ауданы, Балпық би кентіндегі, Балқаш ауданы, Бақанас ауылындағы, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласындағы полигондар Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамаларының талаптарына сай келеді. Ал Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кентіндегі полигондардың қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасы әзірленбеген, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындылары жоқ, қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттарын әзірлемеген.

ҚР Экологиялық кодексінің 288-бабының 2 бөліміне сәйкес қалдықтарды орналастыру мен жою қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен және өзге де арнайы уәкілетті органдармен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен айқындалатын орындарда жүргізеді. Сондай-ақ, Алматы облысы әкімінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі №473 Қаулысымен тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды шығару және орналастыруға 353 орын анықталған. Тіпті, Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 28 сәуіріндегі № 506-V «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі мәселелері туралы кейбір заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу» Заңына сәйкес ҚР Экологиялық кодексінің өнеркәсіп және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу бөлімдеріне толықтырулар 2016 жылдың қаңтар айынан қолданысқа енгізілді.

Айта кетерлігі, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 301-бабының 1 тармағы бойынша полигондарда сұйық қалдықтар, полигон жағдайында жарылатын, коррозиялы, қышқылданатын, өрт қаупі жоғары немесе өрт қаупі бар қауіпті қалдықтар, сумен реакцияға түсетін қалдықтар, медициналық немесе ветеринариялық мекемелердің жұқпалы болып табылатын қалдықтары, рекультивациялау кезінде тұрақтандырушы материал ретінде қолданылуын қоспағанда, пайдаланылған тұтастай шиналар және олардың бөліктері, жойылмайтын органикалық ластаушыларды қамтитын қалдықтар, пестицидтер, қабылдау критерийлерін қанағаттандырмайтын қалдықтар, пластмасса, пластика қалдықтары, полиэтилен-терефталат орамасы, полиэтилен қалдықтары, макулатура, картон және басқа да қағаз қалдықтары, құрамында синап бар лампалар мен аспаптар, шыны сынықтары, түсті және қара металдар сынықтары, пайдаланылған автомобиль майлары мен сұйықтықтары, литий, қорғасын-қышқыл батареялары, ұйымдастыру техникасы, тұрмыстық техниканы, жиһазды және өзгелерді қоса алғанда, ірі габаритті қалдықтар, құрылыс материалдарының қалдықтары, тамақ қалдықтары полигондарға төгілмеуі керек.

Осыған орай жергілікті атқарушы органдар коммуналдық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, екінші қайтара пайдалану, полигонда орналастыру сияқты жұмыстарды істейтін шағын және орта кәсіпкерліктің қызметі мен керекті инфрақұрылымды ұйымдастыруды назарда ұстаулары қажет. (ҚР ЭК 292 ст. 3 т). Сондай-ақ ҚР Экологиялық кодекстің 41-1 тарауына енгізілген талаптарды орындаумен қатар, Экологиялық кодексінің 285-1 бабына сәйкес өндірушілердің өнім тізбесіне сәйкес өнімді Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және ел аумағына әкелуді жүзеге асыратын барлық міндеттер толық қамтылған. Сол міндеттер бойынша қарастырғанда, ең алдымен, қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдануға баса мән берілген. Алайда, қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану жөніндегі талап көлік құралдарын өндірушілерге және импорттаушыларға қолданылмайды. Сонымен қатар, өндірушілер тұтыну қасиеттері жоғалған қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы түрінде ақша төлеуге міндетті.

Шынымен, ҚР Экологиялық кодексі және тағы да басқа нормативтік құжаттарда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуге қатысты көптеген заңдық міндеттер айқындалған. Ал осы заңды білместіктен немесе онда көрсетілген талаптарды орындамаудан бірқатар келеңсіздіктер туындап жатады. Айталық, 2015 жылы экология департаменті Алматы облысының мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасымен, ҒӨО Жер РМК АӨФ-пен, жер қатынастары басқармасымен бірге жабайы заңсыз үйінділер орналасқан жер учаскелерін және жер иелерін анықтауға түгендеу жүргізген. Нәтижесінде облыстағы 370 жер учаскесіне көлемі 1000 гектардан асатын қатты тұрмыстық қалдық төгетін полигон мен жабайы күл-қоқыс үйіндісі анықталған. Атап айтар болсақ, Ақсу ауданында 38, Ескелді ауданында 16, Кербұлақ ауданында 20, Алакөл ауданында 33, Панфилов ауданында 41, Еңбекшіқазақ ауданында 33, Сарқан ауданында 25, Жамбыл ауданында 31, Көксу ауданында 28, Іле ауданында 5, Қаратал ауданында 19, Балқаш ауданында 14, Ұйғыр ауданында 25, Райымбек ауданында 31, Талғар ауданында 10, Текелі қаласында 1 жабайы күл-қоқыс үйіндісі бар.

Жабайы қоқыстар үйіндісіне жол берген тұлғаларға департаменттің мемлекеттік экологиялық инспекция бөлімі тарапынан тексерістер жүргізілді. 2015 жылы 56 тексеру жүргізіліп, 56 заңбұзушылық анықталып, нәтижесімен 55 айыппұл 1 714,4 мың теңгеге салынды. ҚР Экологиялық кодексінің 321-бабына сәйкес тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды заңсыз орналастырғаны үшін жалпы сомасы 132 865,3 мың теңгеге 40 талап-арыз қанағаттандырылған. Соның ішінен 8 аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне және 31 ауылдық округтік әкімдіктерге айыппұл салыныпты. Сондай-ақ, мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың шешімімен жалпы сомасы 4 248,1 мың теңгеге 20 талап-арыз қанағаттандырылып, 4 142,5 мың теңгесі өндірілген. Ал былтыр жергілікті атқарушы органдарға 104 тексеру жүргізіліп, 104 заңбұзушылық анықталып, нәтижесімен құны 3 022,4 мың теңгеге 104 айыппұл салыныпты.

Осы материалды жазу барысында өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтарды мүмкіндігіміз жеткенше талдап, зерделеуге тырыстық. Осы тұрғыдан келгенде Жетісу жерінде стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін бұзу сияқты заңбұзушылықтың жиі орын алатынын білдік. Сонымен бірге, 2015 жылдың 28 қазанында «Алматы облысының экологиялық проблемалары және оны шешу жолдары» атты жиналыс өткізіліп, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының жағдайы, жабайы қоқыс үйінділерін жою, қалдықтарды сұрыптап, өңдеу зауыттарының жоқтығы, биологиялық қауіпті қалдықтарды жою, Текелі қалдық сақтаушының жағдайы көпке таныстырылып, полигондарды экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкестендіріп, тәртіпке келтіру бойынша қатаң тапсырмалар берілген.

Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алып, өңдеу және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс болар. Ол үшін қалдық иелерінен алдағы кезеңде өздері шығаратын қалдық мөлшерін азайту шарасын енгізуін талап ету және екінші қайтара игерудің ұтымды жолдарын қарастыру керек. Мұндай тәжірибе әлемнің біраз елінде мықты дамыған. Мүмкіндігінше сол тәжірибені елімізге енгізгеніміз жөн. Мұның өзі Елбасы айтқан дамыған отыздыққа енудің басты талабының бірі. Сондай-ақ, екінші дәрежелі қалдықтарды түртүрімен сұрыптап, жинақтау жүйесін енгізіп, қалдықтарды залалсыздандыру мақсатындағы инфражүйе мен өндірістік қуатты дамыту да кейбір келеңсіздікті түзетудің жақсы тәсілі. Бұл үшін кіші және орта бизнестің, жалпы тұрғындардың ынтасын оятудың экономикалық және құқықтық механизмін жасаған жөн.

Қажет Андас,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



Мың тонна

2013 жыл			2014 жыл			2015 жыл			2016 жыл		
Пайда болу	Кәдеге жарату	%	Пайда болған	Кәдеге жарату	%	Пайда болған	Кәдеге жарылға	%	Пайда бо.	Кәдеге жарі ау	%
513,8	6,0	1,2	515,2	7,5	1,4	512,1	9,1	1,8	641,5	13,8	2,1

Бұл кестеде 2013 – 2016 жылдар аралығында ТҚҚ-ның пайда болғаны және кәдеге жаратылғаны туралы мәлімет көрсетілген.

Жасыл экономикаға жол

Қазіргі таңда әлем жұртшылығы қоршаған ортаның экологиялық жағдайына көп көңіл бөлуде. Халық санының өсуі мен тұрғындардың әлеуметтік хал-жағдайының жақсаруына байланысты жұртшылықтың тұрмыстық қажеттілігі де өсуде.

Осыған орай сұранысты қанағаттандырушы қызмет көрсету орындары мен түрлі өндіріс орындары да көптеп бой көтеруде. Әрине, бұл қуанарлық жағдай, алайда көпшілігінің іс-әрекеті табиғатқа кері әсерін тигізуде. Кәсіпкерлердің басым көпшілігі құжат жасату барысында қоршаған ортаны қорғау талаптарын ұмыт қалдырады. Соның салдарынан қажетті құжаттар жасалмай, тексеріс кезінде орын алған заңбұзушылықты көрсетсе: «Бізге неге алдын ала айтпайды? Біз мұндай талап барын білмедік», – деп дауласа кетеді. Алайда заң талаптарын білмеу жауапкершіліктен босатпайтыны белгілі. Осы жағдаймен күресу және алдын алу бағыты бойынша облыстық экология департаменті тарапынан біршама іс-шара атқарылуда. Атап айтсақ, 2016 жылы 291 тексеру жүргізіліп, 578 заңбұзушылық анықталды. Анықталған заңбұзушылықтар бойынша 365 нұсқама беріліп, 355 нұсқама дер кезінде орындалды.

Жергілікті атқару органдары осы уақытқа дейін экологиялық талаптардың бұзылуы негізінде тексеру жүргізілген мекемелерге 35,5 млн. теңге көлемінде айыппұл салып, оның 33,0 млн. теңгесі мемлекет қоржынына құйылды. Сонымен қатар, есепті кезеңде 91 мекемеге 20,0 млн. теңге көлемінде қоршаған ортаға келтірген залалды өтеу үшін нұсқама беріліп, толықтай қазына есебіне түсті.

Ендігі бізге алаңдаушылық туғызып отырған мәселенің бірі – тұрмыстық қалдық. Облыс бойынша жыл сайын 800,0 мың тоннадай тұрмыстық қалдық жиналатын болса, соның 350,0 мың тоннасы аудандық, селолық округтердің үлесінде. Бізде арнайы қоқыс өңдейтін зауыт жоқ, экологиялық талаптарға сай 8 полигон ғана жұмыс жасайды. Яғни, ашық далада жатқан қоқыс ауа, су, топырақты ластауда. Қоқыс төгетін орындардың маңайы жел бағытымен бірнеше шақырымға дейін полиэтилен қалталар мен дорбалардан көрінбейді. Ал, полиэтилен заттар 50 жылға дейін толық ыдырамай, топырақты ластап жата береді. Соңғы уақытта Текелі қаласындағы қалдық проблемасы да республикалық деңгейде көтеріліп жүр.

Қалдыққойма 1965 жылдан қолданыста, қазіргі уақыттағы иесі «Текелі кенді қайта өңдеу кешені» ЖШС 2013 жылдан уақытша тоқтап тұрғандықтан, құрамында шамалы қалқыма заттары бар аздаған көлемдегі Текелі кен орнының шахталық суынан өзге қалдыққоймаға өндірістік қалдықтар төгілмейді. Қалдыққоймадағы барлық қалдық қоры 34502,5 мың тоннаны құрайды. Аталған техногенді минералды түзілімдер, ауыр металдар тұрғындардың денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп туғызатыны анық.

Біздің басты мақсатымыз – тазалығымен талай елдің таңдайын қақтырып, тамсандырған тұмса табиғатымыздың сұлу көркін қайта қалпына келтіру. Елбасымыз атап өткендей, еліміздің даму жолының бір бағыты – «Жасыл экономика». Бұл дегеніміз, ресурстарды тиімді пайдалану және басқару, қолданыстағы инфрақұрылымды жетілдіру мен жаңа инфрақұрылым қалыптастыру, қоршаған ортаға әсерді тиімді түрде азайту арқылы тұрғындардың әл-ауқатын көтеру. Ендеше осы көрсетілген бағыт-бағдарға әрқайсымыз өз үлесімізді қосайық. Тым болмаса өз үйіміз, өз ауламызды қоқыстан тазартып, қоршаған ортаны бірге қорғайық. Сонда біз әлеуметтік ахуалы жоғары, саяси және экономикалық жағдайы тұрақты, әлеуетті елге айналамыз.

Т. БАЙҒУАТОВ,
облыстық экология департаментінің мемлекеттік экология бақылау бөлімінің басшысы.

Бұл басылым Еуропалық Одақтың қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

Жетісу
1918–2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

ЖЕТІСУ ЖЕРІНІҢ ЖАҢАНҒА АТЫ МӘШҺҮР БОЛЫП ТАНЫЛУЫНА, ЕЛДІ МЕКЕННІҢ ГҮЛДЕНУІНЕ, КӨРКЕЙІП, ӨРКЕНДЕУІНЕ ҚАЖЫР-ҚАЙРАТЫН САЛЫП, ӨМІРІН АРНАҒАН ДАРА ТҰЛҒАНЫҢ БІРІ – НҰРМОЛДА АЛДАБЕРГЕНОВ. БИЫЛ НҰРМОЛДА АТАМЫЗДЫҢ ӨМІРДЕН ӨТКЕНІНЕ 50 ЖЫЛ БОЛСА, ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ. ОСЫҒАН ОРАЙ КӨКСУ АУДАНЫНДА **Нұрмолда АЛДАБЕРГЕНОВТІ** ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Дала академигі

Көксу ауданының әкімі Алмас Қабдылұлы Нұрмолда Алдабергеновтің өміріне шолу жасай келіп: – *Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – ұлт тарихындағы жаңа бір белес, ерекше жаңалық. Бұл жоба талай іс-шараларға екінші дем беріп, түрлі әдеби, мәдени кештердің ұйымдастырылуына ұйытқы болды. Осындай іс-шараны ұйымдастыруға ауданымыздағы барлық ауыл атсалысты. Әлі де ата рухын ардақтап, түрлі шараларды ұйымдастыратын боламыз*, – деп сөзін түйіндеді. Ілияс Жансүгіровтің: *«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан табар кемеңгерді»*, – дегеніндей, Көксу ауданының тұрғындары өз ұлдарын айрықша ұлықтады. Осындайда Қабылиса бабамыздың *«Жер ойпаңы білінбес, ебін тауып үй тіксе. Ел ойпаңы білінбес, еліне сай ұл туса»*, – деген қанатты сөзі ойымызға келеді. Жиналғандарға Алдабергеновтің әр ісін тізбектеп айтып, оны жеткізе білген облысымыздың Құрметті азаматы Наурыз Қылышбайұлының мінбедегі баяндамасы ерекше әсер сыйлады. «Үш бәйтерек» қорының төрағасы Наурыз Қылышбайұлы «Нұрмолда» медалін Ескелді ауданының әкімі Бағлан Танекенов пен Көксу ауданының әкімі Алмас Әділдің төсіне қадады.

Мәдениет үйінің ішінде Нұрмолда Алдабергеновке қатысты кітап көрмесі де ұйымдастырылды. Ол жерден Наурыз Қылышбаевтың «Нұрмолдасы» (2007), Сұлтан Ілиясұлының «Өмір белестері» (2010) мен «Арпалысы» (2003), Ұзақбай Доспанбетовтың «Шың мен шыңырауы» (2009), Құттыбек Баяндиннің «Нар тұлғасы» (1996) қойылған. Одан бөлек Еңбек Ерінің әскери, мүшелік билеттері және тағы басқа әртүрлі құжаттары сөреден орын алған.

Ескелді және Көксу аудандарының ақсақалдары қолдау көрсетіп, мемлекеттік қызметкерлер ұйымдастырған шара ұрпақ барда ердің ел алдында ұмытылмайтындығын дәлелдеді.

тары, халқы ардақ тұтып жатыр. Нұрмолда асыл азамат еді. Оның жасап кеткен істері мен еңбегі бүгінде көпке үлгі. Жақсылық жасаудың шебері еді. Қазақы бояуын жоғалтпаған жан болатын, – деп еске алды Нұрғали Нүсіпжанов. Осы тұста Зейнолла Әкімжановтың «Заңғар» атты өлеңіндегі:

Дарадай дана тұлғамен,
Асқақтап, асып туған ең.
Алаштың заңғар ұлына,
Басын бір иген күллі әлем.
Тұлпардай баптап тұмарлап,
Балаған дара шынарға-ақ.
Атағы кетіп шығандап,
Таңдап бір қонған шығар бақ!
Бас иіп Алаш жатқанда,
Орнында жатыр бір аунап, –

деген шумақтары ойға оралады.

ЕЛ ОЙПАҢЫ БІЛІНБЕС

Аудан орталығы Балпық би ауылында орналасқан аудандық Мәдениет үйінде арнайы кеш ұйымдастырылды. Кештің басы Нұрмолда Алдабергеновтің ақын-импровизатор Қалқа Жапасарбаевпен жолығып, ауыл жайлы, ел турасындағы әңгімелерінен дайындалған Мұқыры ауылдық халық театры әртістерінің қойылымынан басталды. Ағалы-інілі Нұрмолда мен Қалқаның өмірі сыйластықтың асқақ үлгісін көрсетті. Екеуінің сөзін бөліп, алыс Алматыдан ат терлетіп келген тілшілерді ыстық ілтипатпен қарсы алып, іргесін қалап жатқан жаңа ауылдың әр көшесіне тоқталып, таныстырған сәті де айрықша шықты. Қызметімен құттықтап, азды-кем сұхбаттасып алуға келген тілші Досовқа – *Мынау көшенің аты – Мұсабек Сеңгірбаев. Екінші дүниежүзілік соғыста ерекше ерлік көрсеткен 28 панфиловшы батырдың бірі, өзіміздің жерлесіміз*, – деп ұйымдастырушы Нұрмолданың шаттана таныстыруын әсерлі жеткізді. Қойылымнан кейін қадірлі қонақтар кезек-кезек сөз алып, Нұрмолда ақсақал туралы жылы пікірлерін білдіріп, ерекше қырларын ашып, шебер ұйымдастырушылығына тоқталды.

Серік ҚАНТАЙ

ЗАҢҒАР ТҰЛҒА

Іс-шара Нұрмолда Алдабергенов негізін қалап, өмірінің соңғы демі таусылғанша қызмет істеп, кейін өзі мәңгілік бесік еткен Мұқыры ауылы маңындағы зиратына барып, Құран бағыштап, гүл шоғын қоюмен басталды. Ел ағалары азды-кем естеліктерімен бөлісіп, жылы тілек-лебіздерін айтты. Жиналғандар арасында қос Халық әртісі, әнші Нұрғали Нүсіпжанов пен театр және кино актері Нұржұман Ықтымбаев сияқты халық ықыласына бөленген өнер адамдары да болды.

– *Заманында елім деген азаматты, бүгінде ерім деп ұрпақ-*

ФОРУМ

МАСС-МЕДИА мәдениеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Сананың ашықтығы» атты Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйымдастырған III халықаралық медиа форум өтті. Екі күнге созылған алқалы жиында бірқатар өзекті мәселелер сөз болды.

Болат МӘЖИТ

Атап айтқанда, қоғамды рухани жаңғырту мен сананың ашықтығын қалыптастыру, ұлттық бірегейлікті нығайтудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі, кәсіби этика жайы, сонымен қатар, көпэтносты қоғамда масс-медиа мәдениетін дамыту мәселелері жан-жақты талқыланды.

Форумның алғашқы күнінде Қымбат Досжан, Қанат Әуесбай, Нартай Аралбайұлы, Қымбат Қангелдина, Ерлан Игісінов сынды танымал отандық тележурналистер шеберлік сабақтарын өткізіп, қоғамды рухани жаңғыртудағы тілшілердің рөлі туралы өз ойларын ортаға салды.

Ал форумның екінші күні TEDx форматындағы халықаралық конференцияға ұласты. Аталған шараға ҚХА Төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Дархан Мыңбай, ҚР Ақпарат және коммуникациялар вице-министрі Алан Әжібаев, ҚР Парламентінің депутаттары, Германия, Латвия, Ресей, Өзбекстан елдерінен келген сарапшылар мен отандық медиа саласының білгірлері, сондай-ақ этномәдени бірлестіктердің, республикалық және аймақтық БАҚ өкілдері, журналистика факультетінің студенттері қатысты.

Жиынды «Хабар» телеарнасы директорының орынбасары Ерлан Игісінов ашып, жүргізіп отырды. Форумның кіріспе сөзінде Дархан Мыңбай бұл басқосудың маңызды тұстарына тоқталды.

– Осындай медиа форум алаңдары білікті маман даярлауда және болашақ журналистерімізді қалыптастыруда, ұлтаралық, этносаралық мәселелердің шешілуіне септігін тигізетін зор мүмкіндік, – деді Дархан Қамзабекұлы.

Бұдан кейін сөз алған ҚР Ақпарат және коммуникациялар вице-министрі Алан Әжібаев аталған іс-шара еліміздің әлеуметтік және қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі оқиға екенін айта келіп, форумға қатысушыларға сәттілік тіледі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов осындай игілікті іске атсалысу университет үшін үлкен мәртебе екенін сөз етті.

Алғашқы болып медиа форум мінберіне көтерілген «Қазақстандық медиа альянс» республикалық қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Арманжан Байтасов «Кәсіпқой қауымдастықтар және олардың медиа ортадағы ұстанымы» атты тақырыпта баяндама жасаса, бүкілресейлік мемлекеттік телерадио компаниясының саяси шолушысы Кирилл Привалов қазіргі заманғы журналистиканың әлемдік үрдістері жайында ой өрбітті. Сонымен бірге, «Қазақ мәдениетін әлемде ілгерілету – мемлекет пен БАҚ рөлі» деген тақырыпта Германиядан келген әлеуметтік психология саласының халықаралық сарапшысы Константин Шамбер сөз қозғады.

Қазақ ұлттық өнер институтының доценті, «Ikerim.kz» сайтының негізін қалаушы Айгүл Мүкей «Масс-медиа саласында тұлғаның қалыптасуы» жөніндегі баяндамасын тыңдаушылардың назарына ұсынды. Сондай-ақ, шара аясында латвиялық журналист Владимир Решетов, Өзбекстаннан келген «Норма» экономикалық-құқықтық газетінің арнаулы тілшісі Гульнора Абдуназарова, қазақстандық блогер Өркен Кенжебек түрлі тақырыптар бойынша өз ойларын ортаға салды. Әрі осы барыста баяндамашылар форумға қатысушылардың қойған сауалдарына тұшымды жауаптар қайтарды.

– Шығармашылық адамдармен журналистердің жиі араласып, пікір алмасып, ой бөлісуінің маңызы зор. Соның нәтижесінде ұлтаралық бірлік, түсіністік пен татулық одан сайын өркен жаяды. Бүгінгі медиа форумның барысында осы жайларға ерекше мән берілгені бәрімізді қуандырды, – деді «Өлке тынысы» ЖШС директоры Мейрам Жанәділов аталған шарадан алған әсерін бізбен бөлісіп.

Форум соңында Қазақстан халқы Ассамблеясының журналистер арасында жыл сайын өткізетін «Шабырақ» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

БРИФИНГ

ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ БҮҮ БАЛАЛАР ҚОРЫНЫҢ (ЮНИСЕФ) БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ШАХМАТШЫ, ТӨРТ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГРОССМЕЙСТЕР **Динара САДУАҚАСОВА** ЮНИСЕФ-ТІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ІЗГІ НИЕТ ЕЛШІСІ БОЛЫП ЖАРИЯЛАНДЫ.

Ұлттық ізгі ниет елшісі

Қажет АНДАС

ЮНИСЕФ осы атақты 1954 жылдан бері тағайындап келеді Осылайша танымал адамдардың, мәдениет, спорт, әдебиет қайраткерлерінің өз елінде және бүкіл әлемде балалардың құқықтарын ілгерілетуге және қорғауға қосқан үлесіне құрмет білдіреді. Ұлттық ізгі ниет елшісі етіп тағайындау балалардың мәселелеріне бейжай қарамайтын жергілікті атақты тұлғаларға мұқтаж балалардың және олардың отбасыларының қажеттілігіне көңіл аудартуға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілі Юрий Оксамитный атап өткендей, бұл атақты жеңіп алу үшін танымал болу жеткіліксіз. ЮНИСЕФ-тің ізгі ниет елшілері балалардың құқықтарын ілгерілетуге, ұйымның басты құндылықтарына және миссиясына риясыз адалдығын көрсетеді. Динара – дәл осындай адам. Оның осы атаққа ие болуы тағы бір тарихи сәтпен тұспа-тұс келді. Аз ғана уақыт бұрын, қараша айында, Динара әлемнің ең мықты шахматшыларының тізімінде 23-ші орынға көтеріліп, Қазақстан және Орталық Азия шахматшылары арасында ең жоғары рейтинг иесі атанды.

Брифингте Динара Ұлттық ізгі ниет елшісі болып тағайындалудың бар жауапкершілігін түсінетінін ерекше атап өтті.

– ЮНИСЕФ-ке маған сенім артқаны үшін ризамын және осы сенім үдесінен шығу үшін қолымнан келгеннің барлығын жасайтыныма сенімдіргім келеді. Балалар қамқорлық пен мейірімге бөленуі үшін, өз пікірін ересектерге жеткізе алуы үшін және өз өміріне қатысты шешімге ықпал ете алуы үшін барлығымыз бірігіп, нәтиже шығаруды қалаймын, – деді ол.

Биыл ЮНИСЕФ пен Динара бірнеше бірлескен шара өткізді, соның ішінде, Маңғыстау облысына жасаған сапарында балаларға арналған бірқатар мекемелерге, көмелетке толмағанадарды бейімдеу орталығына, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған мектеп-интернатқа, отбасылық типті балалар ауылына барып, балалармен және жастармен әңгімелесті.

– ЮНИСЕФ-тің арқасында мен мүлдем қорғалмаған балалардың құқықтары туралы көп тың мәлімет аламын, олардың арасында ерекше қажеттіліктері бар балалар, қылмыс құрбанына немесе куәгеріне айналған, құқық бұзушылық жасаған, тіпті өз отбасында қатыгездікке душар болатын балалар бар. Мен сол балалардың құқықтарын ілгерілетуге және қорғауға өз үлесімді қосамын деп үміттенемін, – деді Динара.

Жоғарыда аталған марапат жыл сайын 20 қарашада атап өтілетін Дүниежүзілік балалар күні қарсаңында тағайындалады. 1989 жылы тұңғыш рет балалардың құқықтарын бекіткен халықаралық құжат болып табылатын Бала құқықтары туралы конвенция қабылданды. Конвенция төуелсіз Қазақстан қабылдаған алғашқы халықаралық құжаттардың бірі атанды.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЕЛБАСЫ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АТТЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚАЛАСЫНДА 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ТОЛЫҚТАЙ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ МӘСЕЛЕСІН ҚОЙДЫ. БҰЛ БОЛАШАҚҚА БАТЫЛ ҚАДАМ ЖАСАП, ЕЛІМІЗДІ ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕГЕ ТАНЫТҚАН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАҒЫ БІР МАҢЫЗДЫ БАСТАМАЛАРЫНЫҢ БІРЕГЕЙІ ЖӘНЕ ТІЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ ҮШІН ДЕР КЕЗІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ ДЕП ЕСЕПТЕЙМІЗ. ОҒАН МЕКТЕБІМІЗ ДЕ ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОСУДА. ОСЫҒАН ОРАЙ «ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӘРЕЖЕГЕ ШЫҒУЫНА ЖОЛ АШАДЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА 10-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АРАСЫНДА «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ» ӨТТІ.

Уақыт талабы

Шараның мақсаты – латын әліпбиіне көшу арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылатындығы және рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынастың күшейе түсетіндігін жастарға жеткізу. Осыған орай оқушылар көкейкесті мәселелер төңірегінде ой қозғап, пікірлерін ортаға салды. Онда «Жалпы түркі тілдес ағайынның латын әліпбиіне көшуіне сіздердің тұлға ретіндегі ойларыңыз қандай?», «Көркем шығармалар, рухани құндылықтар, ғылыми еңбектеріміздің жағдайы не болмақ?» деген сұрақтар қойылып, мемлекеттік құжаттардың толтырылу жайы талқыланды. Оқушылар өз білімдерін ортаға салу кезінде мәселені үш тілде қозғап, пікір алмасты.

Жастарға бағыт-бағдар берген мектеп директоры Л. Байысова өз сөзінде: « Бүгінгі компьютер заманында интернет жүйесінде үстемдік ететін латын әліпбиі екендігін мойындауымыз керек. Бәріміздің электронды поштамыз бар. Ол поштамыз кирилл, араб немесе басқа тілде емес, латын қарпімен жазылған. Шетелдік құжатымыз да латын әліпбиінде толтырылған. Яғни латын қарпі бізге таңсық емес. Ол қолданысқа ие. Сондықтан оны еліміздегі кез келген сауатты адам белгілі дәрежеде біледі. Латынға көшкенімізде тіл тазалығы мәселесі басты орында тұрады», – деді.

Біз латын әліпбиіне көшу арқылы мемлекетіміздің өркениеті дамыған отыз елдің қатарына қосылып, жаңа заман талабына сай қанат жайып, жаңақты дамуына қол жеткізеріне кәміл сенеміз.

Қарлығаш САРСЕНОВА,
№2 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Талдықорған.

Көксу ауданының Мұқыры ауылындағы, Қалқа Жапсарбаев атындағы орта мектепте «Ұлы Дала академигі» атты келелі кездесу өтті. Өңірге, жалпы Қазақстанның өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан **Нұрмолда АЛДАБЕРГЕНОВТІ** еске алуға арналған жиында мектеп оқушылары өнерлерін ортаға салды.

Келелі кездесу

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Қаншама жас ұрпақты білім нәрімен сусындатқан Мұқыры орта мектебінің құрылғанына 90 жыл толса, Нұрмолда Алдабергеновтің бастамасымен салынған Қалқа Жапсарбаев атындағы орта мектептің қолданысқа берілгеніне биыл 50 жыл болады. Сондай-ақ, екі мәрте Социалистік Еңбек Ерінің туғанына 110 жылдан асса, ғұмырдан қайтқанына 50 жыл болды.

Басқосуға облыстық ауылшаруашылығы басқармасының бөлім басшысы Амангелді Қасымов, Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Қанат Есболатов, Көксу ауданы әкімінің орынбасары Нұрдаулет Кененбаев, Көксу ауданы ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Елтай Жұмағұлов, Көксу ауданының Құрметті азаматы, ҚР мәдениет қайраткері, Мұқыры халық театрының директоры Нұри Сүлейменов қатысты. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Бағлан Нұрлыбеков еліне ерен еңбек еткен тұлға жайлы баяндама оқып, өмірбаяны мен адамгершілігі тұрғысында мол мағлұмат берді. Ал Көксу ауданы әкімінің орынбасары Нұрдаулет Сағадиұлы:

– Нұрмолда атамыздың әлеуметтік мәселелерін шешу, экономиканы өрістету, мәдениетті арттыру бойынша қосқан үлесі зор. Ол кісінің бастап кеткен жолы жалғасын табуда. Оның айқын дәлелі – ауданымыздағы ауылшаруашылық саласының өркендеп, өскендігі. Әсіресе, Елбасының өзі қолдау танытқан қант қызылшасын өсіру көлемі жыл сайын артып келеді. Бізге артылған міндет – сол дара жолды жалғастырып, халық мүддесіне қызмет ету, – деп ауданның экономикалық-әлеуметтік хал-ахуалымен жан-жақты таныстырып өтті. Келесі кезекте Нұрмолда Алдабергеновтің қызы, осы қара шаңырақта талай жыл еңбек еткен мектептің ардагер ұстазы Рабиға Нұрмолдақызы әкесінің асыл қасиеттерін оқушыларға үлгі ретінде айтып берді. Бұдан бөлек дала академигінің көзін көрген шәкірттері, ауыл ақсақалдары көптеген естеліктер айтып, ерен еңбегін паш етті.

Басқосу барысында мектеп оқушылары мен өнерпаздар ән мен биден шашу шашып, арнау өлеңдерін оқыды. Сондай-ақ, Нұрмолда Алдабергеновтің өмірінен көрініс көрсетті. Жиналған қонақтар тағылымға толы кездесуден көтеріңкі көңілкүймен тарқасып, мектеп ұжымына алғыстарын жеткізді.

Көксу ауданы.

КӨКЕЙКЕСТІ

САҚ БОЛУҒА шақырады

СОҢҒЫ КЕЗДЕ ӘЛЕМНІҢ КӨПТЕГЕН ЕЛІНДЕ БҰЛ МӘСЕЛЕ ӨЗЕКТІ БОЛЫП ТҰР. ТЕРРОРИЗМ – БҰЛ ҚЫЛЫШЫНАН ҚАН ТАМЫП ТҰРҒАН ЗҰЛМАТ, СОНДЫҚТАН АСА САҚ БОЛУҒА, ӘСІРЕСЕ ЖАСТАРҒА ДІН МӘСЕЛЕСІНЕ АБАЙ БОЛУ ҚАЖЕТ ЕКЕНДІГІ БӘРІМІЗГЕ БЕЛГІЛІ.

Осы мақсатта Қапал Мәдениет үйі де жастар арасында үнемі үгіт-насихат жұмыстарын, «дөңгелек үстел» мен пікір-сайыс кештерін ұйымдастырып отыруды дәстүрге айналдырып отыр. Қыркүйек айында «Терроризм – қауіпті дерт», қазан айында «Дін – тәрбие діңгегі» атты іс-шаралар өткізсе, жуырда ғана ауылымызда «Өмір нұры» ақпараттық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Дінім – діңгегім» атты форум өтті. Форумға облыстық дін істері басқармасы, дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығының Ақсу ауданы бойынша инспекторы Д. Бөкей, Қапал ауылдық округі мешітінің бас имамы Несіпхан Байтулла, «Өмір нұры» АҚБ төрағасы Ербол Сымханов қатысты. Арнайы деректі фильм көрсетілді. Ауыл тұрғындарымен қатар, студент жастар, оқушылар қатысқан бұл форумның мақсаты – жастардың сауаттылықтарын ашу, терроризм мен экстремизмнің алдын алу және онымен күресудің жолдары, елімізге келтіретін зардаптарын жан-жақты талдап, жастарға ой салу. Форумда сөз сөйлегендер жастарды қауіп төндіретін жат діни ағымдардан сақ болуға шақырып, отансүйгіштікке тәрбиелеуді қоғам болып қолға алатын кез жеткенін түсіндірді.

Айгүл КӨКЕНОВА,
Қапал ауылдық Мәдениет үйінің әдіскері.

Абдолла Розыбакиев туралы деректерге көз салсақ, талай жайды аңғарамыз. Абдолла Ахметұлы – күрескер. Өз заманының озық ойлы адамы. Екіншіден, қазақ, ұйғыр халқының ажырамас бірлігін нығайту үшін қызмет етті. Тамырлас және бауырлас ұлттардың ынтымағы артып, мәдениетінің көркеюін тіледі. Артына осы тектес өлмейтін өнеге қалдырған тұлға.

А. Розыбакиев 1887 жылы Шелек өңіріндегі Киікбай ауылында дүниеге келген. Жетісу жерінде кеңес билігін орнатуға белсене қатысты. Верный қалалық мұсылман жұмысшылары одағының хатшылығына сайланды. Жетісу облыстық ревкомының мүшесі болып, Ораз Жандосовтардың сенімді серігіне айналды.

Ол оқып үйренуден жалықпаған емес. Мәскеуге барып білімін шыңдады. Ғылыми жұмыстармен де айналысты. Ұйғыр тілінде шығатын «Кембағалдар авази» газетінің ұйымдастырушысы және алғашқы редакторы болды. Айта берсек мұндай мысалдар аз емес. Өкінішке қарай, айтулы қайраткер 1937 жылғы саяси репрессияның құрбаны болды.

Отаны өзінің адал перзентін әрқашан ардақтап келеді. Алматы қаласында А. Розыбакиев атындағы даңғыл бар. Қала мен облыстағы

ЖУЫРДА ШЕЛЕК АУЫЛЫНДА ӨТКЕН АЙТУЛЫ ШАРА МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ **Абдолла РОЗЫБАКИЕВТІҢ** 120 ЖЫЛДЫҒЫНА ЖӘНЕ ҚАЙРАТКЕР АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТІҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ. САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДЫ АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ **Айбек БИДАЕВ** АШТЫ.

ҚАЙРАТКЕР атындағы мектеп

бірқатар мектептер қайраткердің есімімен аталады. Оның рухы халқының лайықты құрметіне бөленуде.

Соның бір дәлелі – Шелектегі Абдолла Розыбакиев атындағы орта мектеп. Бұл оқу орны жарты ғасырдан бері жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп келеді. Алтын ұядан қанаттанған түлектер халықшаруашылығының барлық саласында жемісті еңбек етуде. Алдыңғы толқын ағалар дәстүрін кейінгі толқын інілері жасампаздықпен жалғастыруда. Сонымен қатар, халық бірлігін насихаттап, қазақстандық патриотизм идеясын ту етіп көтеруде.

Салтанатты шарада сөз сөйлеген аудан әкімінің орынбасары Айбек Бидаев Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан туындаған бастамалардың өміршеңдігі мен маңыздылығына тоқталды. Әсіресе, «Туған жер» бағдарламасы бойынша аудан өңірінде бірқатар айтулы шаралар іске асқанын тілге тиек етті.

– Енді бүгін өздеріңіз куә болып отырғандай А. Розыбакиев атындағы орта мектептің айналасы абаттанып, көркіне көз тоятын келбетке енді, – деді Айбек Дүйсембекұлы.

Аталған шараны ұйымдастырған Үйғыр этномәдени бірлестігі. Мектепті абаттандыруға М. Абдуллаев, А. Камбаров, А. Абаков секілді кәсіпкерлер демеуші болды. 14 миллион теңге қаржы жиналып, игілікті іске жұмсалды. Соның нәтижесінде мектеп ауласындағы 650 шаршы метр жерге асфальт, 2000 шаршы метр алаңға арнайы бетон кірпіштер төселді. Алаңның айналасы қоршалып, 150-ге жуық ағаш көшеттері отырғызылды. Кәсіпкерлер «көп түкірсе – көл болатынын» ынтымақты істері арқылы тағы бір көрсетті.

Есімі елге белгілі кәсіпкер Дилмұрат Кузиев мұндай жұмыстар Абдолла Розыбакиев атамыздың рухына арналған ұрпақ тағзымының белгісі екенін айтты. Ал, ақын-жазушылар Жамшит Розахунов, Ахметжан Аширилер қайраткердің отансүйгіштік қасиеттері мен азаматтық ерекшеліктерін әңгімеледі. Сөйтіп, туған жерге ту тіккендер Шелек ауылының көркі мен сәулетінің артуына осылайша өз үлестерін қосты. Салтанатты шараның соңы ұйғыр ансамбльдерінің, әншілері мен бишілерінің өнеріне ұласты.

Б. БАТЫҚҰЛЫ.

Еңбекшіқазақ ауданы.

Жетісу
1918–2018
№44 (18464), 21 сәуір, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖАҢА КІТАП

ЖАНЫҢ АУЫРСА, журналиске хабарлас



ЖУЫРДА ТАНЫМАЛ ПУБЛИЦИСТ, ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР, ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ КЕЗЕКТІ КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ. «ЛЮДИ МЫ, НЕ БОГИ» ДЕП АТАЛАТЫН ЕҢБЕК – АВТОРДЫҢ «ОТАНДЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ПУБЛИЦИСТИКА» ДЕГЕН СЕРИЯМЕН ОРЫС ТІЛІНДЕ ШЫҚҚАН ОН БІРІНШІ КІТАБЫ. ЖАҢА ЕҢБЕКТЕ САҒЫМБАЙ ҚАБАШҰЛЫНЫҢ «НОВОЕ ПОКОЛЕНИЕ» ГАЗЕТІНДЕ «ЭТЮДЫ НА ПОЛЯХ» ДЕГЕН АТПЕН ЖАРЫҚ КӨРГЕН ЭССЕЛЕРІ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН.



Мақаламыздың кейіпкері Сағымбай Қабашұлы – журналистиканың жілігін шағып, майын ішкен майталман. Ауыз-екі сөздің нағыз тарланбозы, ТМД жоғары оқу орындарының Құрметті профессоры, Қазақстан Журналистер академиясының тұңғыш президенті, белгілі көсемсөз шебері. Қазақстандағы отандық журналистиканың негізін салушылардың бірі. Автор қазірге дейін 400-ге жуық ғылыми мақала жазды, ал публицистикалық очерктері 700-ден асады.

Ол талай шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, талай білімгерге журналистиканың бекзат мамандық екенін ұқтырған, жетесіне жеткізе білген ұлағатты ұстаз. Сағымбай Қабашұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 45 жылдан бері қажырлы еңбегін сіңіріп келеді. Төрткүл дүниеге есімі мәшһүр академик ҚазҰУ-да басшылық қызметтерде болды. АҚШ, Германия, Ресей, Түркия студенттерінің алдында дәрістер оқыды. Сағымбай Қабашұлының тәрбиесін көріп, шекпенінен шыққан шәкірттер бүгінде еліміздің бұқаралық ақпарат саласының үздік басшылары, беделді азаматтары болып отыр.

Сағымбай Қабашұлы – шағын эссе жазудың хас шебері, мэтрі. Ұстазымыздың жаңа жинағын қолға алып, бір деммен оқып шықтық. Оның кез келген эссесі оқырманға ой салады әрі ерекше әсерлендіреді. Тез оқылады. Іш пыстырмайды. Тіптен, кейде автор бір эссе арқылы замана шындығын көрсетеді.

Қоғамда, өмірде болып жатқан құбылыстарға автор бейжай қарай алмайды. Кейбір елеусіз көрінетін дүниелердің өзін шеберлікпен суреттейді. Томирис, Ахмет Байтұрсынов, Мұрат Әуезов, Шоқан Уәлиханов, Қалтай Мұхамеджанов, Герольд Белгер, Төлеген Тәжібаев, Марат Барманқұлов, Валерий Жандәулетов, Жұмабек Кенжалин, Александр Тараков сияқты нар тұлғалы азаматтар жөнінде жазылған эсселерінде адами болмыс, рухани құндылық, адамгершілік, шынайы достық, махаббат, ізгілік шынайы көрініс тауып, тарихи оқиғалар бейнелі баяндалған.

«Абырой» атты қысқа эссесінде автор Абай қара сөздерін мысалға келтіре отырып, ұлт қамын ойласа, «Гюленінде» Түркиядағы саяси оқиғаларды зерделілікпен талдайды. Әскери төңкерістің себебіне үңіліп, 130 БАҚ-тың, 16 телеарнаның, 23 радионың, 45 газеттің, 15 журналдың, 29 баспаның жабылғандығын атап көрсетеді. Екі жарым беттен тұратын бұл шығармадан Түркияның бет-бейнесін білуге болады.

Келесі бір эссесінде Абайдың: «Анау билер қарыны кебежедей, жүре алмады жауыздар елді жемей», – деген өлең шумақтарын негізге ала отырып, заман шындығын дөп басып көрсетеді. Әсіресе, «Қонақжайлылық» пен «Кеңесші», «Асаба» эсселері тіптен әсерлі. «Танымал ақындар көп, құбыр жөндейтін сантехниктер аз» деген қалжыңы арқылы автор қалың оқырманға ой салады. Келесі «Абракадабрасында» автор қазақ тілінің жеткіншектер арасында шұбарланғандығын диалог арқылы қынжылыспен жеткізсе, «Алаяғында» қазіргі қоғамдағы баукеспе ұрылардың әрекеттері суреттеледі. Олардың кескін-келбетін шынайы ашып көрсетеді. «Өтпелі кезеңінде» 14 жасқа толған жастардың еліктегіш келетінін, «Ninety one» тобын пір тұтатынын айтады. Жастардың ұсақталып бара жатқандығына тоқталады.

Ал «Журналист» деп аталатын эссесі тіптен керемет жазылған. Сөзбе-сөз жеткізуге тырысып көрейік. «Картоп – күнделікті тамақ. Сыртқы қабығы таза болмаса да, қарайған жерін көре тұра оны сатып аласыз. Ондай теңеу жасағаным үшін ғафу өтінемін, алайда журналистер қауымы да жуылмаған картоп секілді. Жан дүниесі тазаланбаған, шірік секілді келеді. Алайда журналистика мамандығы – керек мамандық. Газетте жұмыс жасайтындар үшін еш оңай емес, күнделікті қарбалас сәттерде не жазып жатқаныңды ойлай да алмай қаласың. Журналистердің арасында нағыз өз ісінің шеберлері, майталмандар бар, оларды оқырман бағалайды, іздеп жүріп оқиды. Оларды ешбір журфак дайындай алмайды. Болмысынан олар нағыз журналист болып туады. Дәреже жағынан сәл төмендеу әріптестерім бар. Баспасөздің барлық жұмысы солардың мойнында. Арамшөп тектестері де жоқ емес. Арагідік кездеседі. Олар тұрақты түрде редакцияда жұмыс жасай алмайды. Ақылдары болса, өздері кетеді, болмаса олармен редакция қоштасады. Осы ардақты мамандықтың мәнін біраз уақыт бұрын өзімше таразылауға тырыстым. Төл сөзім болғандықтан астын сызып, тырнақшаға алып көрсетейін деп отырмын: «Басың ауырса, дәрігерге, жаның ауырса, журналиске хабарласқан жөн. Қуаныш пен қайғыда, кез келген жағдайда, кез келген сәтте жаныңа құлақ түретін шынайы адамдардың армиясы бар. Адамның жан тербелісіне барынша әділ, ақ жүрекпен қарай алатын жандар ғана журналист деген атақты иеленеді».

Міне, өз саласының хас шебері журналистикаға, жалпы журналиске жоғары әділ баға береді.

Журналистика бойынша кадрлар даярлауда ұстаз қажырлы еңбек етіп келеді. Кадр даярлаудағы шикілік, кейбір бармақ тістейтін тұстары «Когда болит душа», «Гордое имя – журналист» кітаптарында аз айтылған жоқ.

Сағымбай Қабашұлының бүгінде шәкірттеріне «Оценку вам поставит сама жизнь», «Если нет в мозгу – не поможет и КазГУ» сынды қағытпалары қанатты сөзге айналып үлгерді.

Авторға денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз. Сағымбай Қабашұлының аталмыш жинағын мазмұн мен мән, сапа жағынан өте жоғары деп бағалаймыз.

Жұмағали ЕСЕНБЕК,
PhD докторы

АҚЖАРМА

Бүгінде Райымбек бабамыздың туған топырағы, қыдыр қиялап, ырыс ұялаған Нарынқол жерінде ұлан-асыр той болып жатыр. Осыған орай шекара шебіндегі алқа-қотан ағайынға ақжарма тілегімді арнағым келеді.

ОРТАҚ ҚУАНЫШ

Бұл байтақ мекен кезінде Ұлы Дала академигі атанған Нүсіпбек Әшімбаев, Сағат Әшімбаев, Алтынбек Сәрсембаевтай тұлғаларымыздың туған жері. Жауһар жырдың жампозы Мұқағали Мақатаевтың, әдебиет майталманы Бердібек Соқпақбаевтың кіндік қаны тамған топырақ. Осындай даналарды өмірге әкелген киелі жердің еңсесі биік, елі еңбегімен абыройлы.

Бүгін, міне, қайтадан Райымбек бабамыздың атымен аталып, өз алдына қосын тігіп жатыр. Бұл – алдыңғы буын арда толқын үшін де, кейінгі буын бүгінгі өскелең жас ұрпақ үшін де теңдесі жоқ қуаныш. Мәңгілік Ел болуды мақсат тұтқан қазақ халқының Рухани жаңғыру кезеңінде болып жатқан игілікті іс көңілге медет, жанға шуақ сыйлайды. Елінің елдігін, ерінің ерлігін әлемге танытқан Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі маңызды құжатқа қол қойып, қарашаны бір серпілтіп салды. Бұл да болса облыс әкімі Амандық Баталовтың ерен еңбегінің арқасы деп білемін.

Иә, Нарынқол аймағы менің де туған мекенім. Содан болар, жаныма жақын. Жұмыстан қолым қалт босаса бірден сонда тартамын. Ауасымен тыныстап, тау қойнауында серуендеп қайтамын. Тарихқа көз жүгіртсек, Елбасымыздың әкесі Әбіш пен анасы Әлжан Райымбек батырдың басында Құран оқытып, Алладан перзент сұрағанын білеміз. Осылай өмірге келген Президент кейін қасиетті Қағбада да халқының амандығын тілеген болатын. Аллаға шүкір, содан бері еліміздің тыныштығы бұзылған емес.

Өз алдына жеке аудан болып жатқан ауылдастарыма айтар алғысым шексіз. Енді сол мекеннің тасын өрге домалатып, еліміздің өркендеуіне бар күш-жігерлеріңізді салыңыздар. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Әрбір қадамдарыңызға гүл бітсін.

Мұрат РАХМЕТОВ,
облыстық ауруханаңың директоры

Құттықтаймыз!



Еңбекшіқазақ ауданы, Толқын ауылының тұрғындары, тамырын тереңге жайған бәйтеректей бәрімізге сая бола білген асқар таудай әкеміз **ҚАСЕНОВ Нұрсағатты** 70 жасқа, анамыз **БАКЕЕВА Гүлжанды** мерейлі 65 жасқа толған туған күндерімен құттықтаймыз. Осы қуанышты күні сіздерге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Өмірлеріңіз қашанда көктемдей жарқын әрі шуақты, жаздай жылы әрі жайма-шуақ болсын. Бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалыптарыңызды сақтап, аман-есен жүре беріңіздер!

Ана

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттықта өмір сүріңіз.
Алпыс бестің асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Әке

Асқар таудай әкеміз, бақытымсың, бағымсың,
Өмірдегі, төрімдегі тағымсың!
Құтты болсын 70 жасың, жан әке,
Сағынышым, қуанышым, бармысың.

Өмір – өзен жақсылығын жалғасын,
Тіршілікте сәттіліктер қолдасын,
Отбасымен мақтанамыз қашанда,
Арамызда сіздей әке болғасын.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: ұлдары мен келіндері – **Нұрлан-Жанар, Рауан-Айгүл,** қыздары мен күйеубалалары – **Бақытжан-Жанар, Жанболат-Мақпал, Ынтымақ-Лаура,** немерелері – **Ұлан, Мағжан, Нұрсұлтан, Бақытнұр, Әділет, Әлихан, Әзиза, Әділхан, Ерасыл, Айару, Ернар, Аяжан, Жібек.**

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 21 – 27 СӘУІР АРАЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

24–26 сәуір арасы жаңбырлы болып, найзағай ойнайды. 25-26 сәуірде кей жерлерде бұршақ болуы мүмкін. Тұман түседі. Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа соққан желдің күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, кей жерлерде 11 градус жылыдан 7-12, кей жерлерде 15 градус жылыға дейін жоғарлайды.

ФОРУМ

АСТАНАНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ЖАНСҮГІРОВ КЕНТІНДЕ ИГІ ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ОҒАН ОБЛЫСТЫҚ, АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖАУАПТЫ МАМАНДАРЫ, «ЖАС ОТАН» ЖАСТАР ҚАНАТЫ МЕН АҚЫН САРА МӘДЕНИ-ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛЕРІ ҚАТЫСТЫ. ЖАСТАР ФОРУМЫ «ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ДӘУІРІ. ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ ӘР ЖЫЛЫ» ДЕП АТАЛДЫ. ШАРА МЕКТЕП, КОЛЛЕДЖ БІЛІМГЕРЛЕРІНІҢ ҚОЛӨНЕР КӨРМЕСІНЕН БАСТАУ АЛДЫ.

Ілиястың інілері, Сараның сіңлілері

Гүлжан ТҰРСЫН,
“Жетісу”



Аудан әкімі Әділбек Далбағаев көрмені аралап, қолөнершілердің әртүрлі бұйымнан жасалған заттарын көрді. Қырық өрім қамшы, асықтан жасалған сағат ерекшелігімен тамсандырды. Бүгінгі ұрпақтың темірден түйін түйген шеберліктері аудан басшысы Әділбек Егеубекұлын қуантты. Көрмені аралаған соң аудан басшысы байқауға қатысқандардың арасынан шеберлігі асқан мықтыларды марапаттады. Жастардың жақсы бастамасына қолдау білдірген аудан әкімі Астананың 20 жылдығына арналған шараға өз лебізін білдірді.

– Тәуелсіздік деген 11 әріптен тұратын сөздің мағынасы өте терең. Ол – асқақ арман, Қазақстанымыздың шалқыған дәулеті, көркейген сәулеті. Егемен Қазақстан десе, көз алдымызға бейбіт халықтың жарасымды тұрмыс-тіршілігі, шыңында мәңгі қар жататын ақбас тауы, дарқан даласы елестейді. Біздің міндет – ел мен жерді көзінің қарашығындай сақтайтын тәрбиелі, білімді ұлқыз өсіру. Соған құдіретті сөз арқылы ықпал ету. Жердің егесін елжандылыққа тәрбиелеу. Бүгінгі өткізіп отырған жастар форумы соның бір айғағы, – деді Әділбек Егеубекұлы.

Бұдан кейінгі сөзді облыстық жастар ресурстық орталығы филиалы директорының орынбасары Жандос Байқанитов алды. «Әрбір жас еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын ойлай білуі керек. Ұлттық дәстүрді сақтау, тарихты білу, тұлғаларды ардақтау да басты міндет. Кешегі ата-баба аңсаған тәуелсіздік ұғымын бүгінгі ұрпақ жете түсінуі тиіс. Көне тарих ата-бабамыздың ақыл-парасатын, қажыры мен қайратын биік мұраттарға жұмылдырғанын айғақтайды. Біз де сол арман-мақсаттарды ту етіп ұстауға тиіспіз. Барлық жетістіктің бастауы бірлік пен ынтымақта екенін ұмытпауымыз керек. «Рухың төрде болмаса, иманың кенде болар» деген сөзді естен шығармаған абзал», – деді ол.

Ақсу аудандық жастар орталығының жетекшісі Әсел Садыкова қорытынды сөз сөйлеп, ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Шара ары қарай жастық жалынын елдің өркен жаюына, жеріміздің гүлденуіне атсалысып келе жатқан жастарды ынталандырумен жалғасты. Белсенді, ынталы, өнерпаз жастар көпке үлгі етілді. Бұдан кейін аудан өнерпаздары концерт қойды. Ілиястың інілері, Сараның сіңлілері жырдан шашу шашты. Дара дауысты әншілердің әуезі бейбітшілік аспанында шарықтады. Құнарлы топырақтан нәр алған әнші-домбырашылар табиғи дауыста ән салды. Кең даланың Ақан серісіндей ән шырқаған дара дауыс тыңдарманын тәнті етті. Шараның берері мол болды. Бұдан кейінгі шара спорттық жарыс өткізіліп жатқан алаңда жалғасын тапты.

Ақсу ауданы

МЕДИЦИНА

ЖҮРЕК ЖЫЛУЫ

ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ «НҰР-АВИЦЕНУМ» МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНАН ТАҢ АТҚАННАН КЕШ КІРГЕНШЕ АДАМ АЯҒЫ ҮЗІЛМЕЙДІ. СОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА САН ТҮРЛІ ЖҰМЫСТЫ ҮЙЛЕСТІРІП, КЕЛУШІЛЕРДІҢ ӘРБІРІМЕН ЖЫЛЫ СӨЙЛЕСІП, СҰРАҒЫНА ШЫН ПЕЙІЛМЕН ЖАУАП ҚАЙТАРЫП, ЖАНЫ ҚАЛМАЙ ЖҮРЕТІН БІР АДАМДЫ КЕЗДЕСТІРЕСІЗ. ОЛ ОСЫ ОРТАЛЫҚТЫҢ МЕҢГЕРУШІСІ ШОЛПАН АРАЛБАЕВА ЕДІ. *(Суретте сол жақтан екінші).*



Қажет АНДАС,
“Жетісу”

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері денсаулық сақтау саласына да сан түрлі өзгеріс енді. Жекеменшік емдеу орындары көптеп бой көтеріп, тұрғындардың сапалы ем алуы үшін тынымсыз еңбек етуде. Сол қатарда 1992 жылы Талдықорғаннан «Нұр-Авиценум» медициналық орталығы ашылды. Алғашында жүрек-қантамыры ауруларын емдеу бағытында құрылған орталық бүгінде сан түрлі ауруды емдеп, сауықтыруда өңірде көш бастап келеді. Бұған Шолпан Аралбаева сияқты білікті дәрігерлердің де үлесі көп.

Шолпан Қайыпбергенқызы Өзбекстанның Самарқант қаласындағы медициналық институттың түлегі. Жастық шағы шетелде өткен дәрігер Қарақалпақстанның астанасы Нөкіс қаласындағы орталық ауруханда 29 жыл еңбек етті. Нөкіс қаласындағы денсаулық сақтау бөлімі басшысының орынбасары да болды. 2004 жылы елге оралып, Талдықорған қаласына қоныстанды. Көп өтпей жүрек-қантамыры ауруларының емдеудегі мол тәжірибесін, біліктілігінен хабардар Владимир Крайсманның ұсынысымен «Нұр-Авиценум» медициналық орталығына жұмысқа тұрды.

– Шолпан Қайыпбергенқызының жүрек-қантамыр және сусамыр ауруларын саласында біліктілігін тапсырдық, – дейді «Нұр-Авиценум» медициналық орталығының директоры Владимир Крайсман.

Содан бері де бірнеше жыл өте шықты. Күнді түнге жалғап істеген тынымсыз жұмыстар қанша қажытқанымен алдына келген сырқаттың ауруына ем тауып, жазылып кеткенінен ләззат алады. Бір жағынан, орталықтағы жас мамандарды тәрбиелеу арқылы орталықтың беделін өсіруге барынша үлес қосуда. Күні бойы кабинетінен қаралушылар үзілмейді, тіпті, демалыс күндері де ауру жағдайын айтып, кеңес сұрағандар телефонына маза бермейді.

– Мен үш рет инсульт, екі рет инфаркт алдым. Соның бәрінде Шолпан Қайыпбергенқызының мол тәжірибесінің арқасында аяққа тұрдым. Орталыққа салмақты сырқатпен келіп, ауруынан айығып, алғысын айтып кететіндерді жиі ұшыратамыз. Оның үстіне, орталықтағы меңгерушіден бастап, есік күзетшіге дейін кішіпейіл, ізетті, жаны таза адамдар. Яғни, ауру меңдетіп, есіктен қиналып кірген адамға жылы пейіл таныту жанға шипа, көңілге демеу болады. Ұжымды осындай жылылыққа үйытып отырған Шолпанға алғысымыз шексіз, – дейді зейнеткер Хания Есдәулетова апамыз.

Өткен жылдан бері медицина саласында міндетті сақтандыру атқарыла бастады. Бұл жұртқа танымал дәрігерлері бар, өзіндік емдеу бағыты қалыптасқан «Нұр-Авиценум» сияқты медициналық орталықтың жұмысын жандандырды. Қазірдің өзінде бұл орталыққа міндетті сақтандыру бойынша өңірдегі жүрек-қантамыр және сусамыр ауруымен ауыратын жеті мыңға жуық адам тіркелген. Бұл да Шолпан Аралбаева сияқты білікті дәрігерлерге деген сенімнен туындаған жақсылық.

Жолдасы Марат екеуі төрт баласын өсіріп, немере сүйіп отырған өнегелі шаңырақ.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: “Өлке тынысы” ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор
Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі – **41-10-46**, *бас редактордың орынбасарлары* – **41-10-47, 41-10-49,** *жауапты хатшы* – **41-10-50,** *бөлімдер* – **41-10-43, 41-10-68, 41-10-71,** *уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі* – **41-10-52,** *фототілшілер* – **41-10-53,** *жарнама бөлімі* – **41-10-51**.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – **279-13-37** (факс), **279-13-86, 279-36-43.**
Меншікті тілшілер: Панфилов – **9-12-27**, *Іле және Қапшағай қаласы* – **8-777-016-44-11.** *Жамбыл* – **8-701-254-97-55.** *Талғар* – **8-701-400-28-49.** *Қарасай* – **8-701-347-60-32.** *Еңбекшіқазақ* – **8-701-212-00-96.**
Газет табыс етілмесе – ***8 (7282) 60-11-39*** *телефонына хабарласу керек.*

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.
“Жетісу” газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, “Алматы — Болашақ” АҚ филиалы “Офсет” баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 606.
“Өлке тынысы” ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 52 260, оның ішінде “Жетісу” газетінің таралымы — 31 414.
Индексі — 65469.

Кезекші редактор: Қозыбай ҚҰРМАН.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 93 (18513)

Бейсенбі, 23 тамыз, 2018 жыл.

■ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫН ҚАЛАЙТЫН БҮГІНГІ МЕКТЕП ПАРТАСЫНДА ОТЫРҒАН ЖАС ҰРПАҚ ДЕСЕК, ОЛАРҒА САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ МҰҒАЛІМДЕРГЕ ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. БҰЛ РЕТТЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ «ЕҢ ӘУЕЛІ МЕКТЕПКЕ КЕРЕГІ – БІЛІМДІ, ПЕДАГОГИКА, МЕТОДИКАДАН ХАБАРДАР, ЖАҚСЫ ОҚЫТА БІЛЕТІН МҰҒАЛІМ» ДЕГЕН ЕКЕН. БҰЛ СӨЗ БҮГІН ДЕ МАҢЫЗЫН ЖОЙҒАН ЖОҚ.



МЕМЛЕКЕТ БОЛАШАҒЫ МЕКТЕПТЕ ҚАЛАНАДЫ

Алма ЕСЕНБАЕВА,
Қуаныш ТҰҢҒАТАР,
Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында», – деп мұғалімдер қауымына үлкен сенім, жауапкершілік артқан болатын. Олай болса, адам баласын ұлы мақсаттарға жеткізетін ұлы күш – білім, оны жас ұрпақтың бойына дарытушы ұстаздар қауымы екені сөзсіз. Осыған орай жыл сайын білім саласындағы өзекті мәселелерді талқылауға арналған білім саласы қызметкерлерінің педагогикалық кеңесі өтеді. Биыл дәстүрлі жиын Көрме кешенінде ұйымдастырылып, оған облыс әкімі **Амандық Баталов,** ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры **Әділет Тойбаев,** елімізге белгілі ғалым, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Еділ Ерғожин, сондай-ақ, облыстық басқарма басшылары, аудан, қала әкімдері, білім беру мекемелерінің директорлары, ата-аналар комитеттерінің төрағалары, кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, ұстаздар қауымы қатысты.

Тамыз кеңесінде облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» тақырыбында баяндама жасады.

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы биылғы Жолдауында адам капиталы елімізді дамытудың ең маңызды бағыты деп атап өтті. Елдің бәсекеге қабілетті болуы және дамыған 30 елдің қатарына қосылуы үшін адам капиталының рөлі ерекше. Жолдаудың бұл бағытында бірнеше міндет қойылған. Атап айтсам, жаңа мазмұнға көшуді жалғастыру, жоғары сыныптарда кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқыту, аттестаттаудың жаңа жүйесіне көшу, мұғалімдердің жалақысын көбейту, білім беруді цифрландыру, жан басына қаржыландыруды енгізу.

Төрт жылға арналған Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының үшінші жылы бойынша жұмыстар орындалуда. Бірқатар көрсеткішке қол жеткізіп, шешілмеген мәселелер бойынша тиісті шаралар қабылдануда, – деп бастады сөзін баяндамашы. – Мектепке дейінгі білім беру жайына тоқталсам, облыста 1026 мектепке дейінгі білім беру ұйымы (*183 мемлекеттік балабақша, 433 жекеменшік балабақша*, 410 *шағын орталық*) жұмыс жасайды. Жекеменшік балабақшалар үлесі – 70 пайыз. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекеменшік секторды дамыту бойынша атқарып жатқан жұмыстарының нәтижесінде жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар санының үлесі жыл сайын артуда. Мемлекеттік – жекеменшік сериктестікті дамыту барысында ағымдағы жылдың шілде айында Қарасай ауданы Қаскелең қаласында «Еламан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 150 орынды балабақшаны пайдалануға берді.

«Жобалық басқару» аясында «Жаңа экономиканың драйвері ретінде білім беру хабын дамыту» бағытының детальдық жоспары жүзеге асырылуда.

Бүгінгі таңда облыста 14 жекеменшік балабақша ашылып, мектепке дейінгі білім, тәрбиемен қамту көрсеткіші 95,6 пайызды құрады. Жыл соңына дейін жоспарланған 68 жекеменшік балабақша іске қосылады. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды 98 пайызға дейін жеткізу көзделуде.

Бүгінде облыста 8 жекеменшік мектеп бар. Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен Талғар ауданындағы «Дана» жекеменшік мектебіне жан басына қаржыландыруды сынақтан өткізу үшін жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік тапсырыс бойынша 262 орынға 16 млн. теңге қаржы қарастырылды. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді Дәурен Хабдолданұлы.

Басқарма басшысы ары қарайғы сөзінде Алматы қаласының аймағында орналасқан аудандарда бала саны жылдан жылға көбейіп, соған орай оқушы саны 15 686-ға артып отырғанына тоқталды. Бұл өңірге қосымша мектептер салу қажеттігін, ол үшін жергілікті жерлерде инвесторларды тарту керектігін алға тартып, бұл орайда аудан, қала әкімдерін, жеке кәсіпкерлерді жекеменшік мектептердің желісін дамытуда бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Орта білім беру бойынша Жаңартылған білім мазмұнына кезең-кезеңмен көшу жалғасатынын, жаңа оқу жылынан бастап 3, 6, 8-сынып оқушылары да жаңа стандарт негізінде білім алатынын жеткізді. Жаңартылған мазмұндағы оқу-әдістемелік кешендерін сатып алу үшін жергілікті бюджеттен 4,1 млрд. теңге қаражат бөлінген. Бүгінгі таңда барлық мектеп оқушылары 100 пайыз оқулықпен қамтамасыз етілген.

Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру білім саласын инновациялық жаңғырту жағдайында жүзеге асуда. Облыста жаңартылған оқу мазмұны бойынша 27 279 педагог, оның ішінде 646 мектеп директоры, жаңа жүйе бағдарламалары негізінде 7214 педагог кәсіби біліктіліктерін арттырған. Жаңартылған мазмұнға көшу шеңберінде 2019 жылдан бастап 10-11-сыныптарда жаратылыстану циклының 4 пәнін ағылшын тілінде оқытуға даярлық жүргізілуде. Осы мақсатта 1203 педагог білім беру орталықтарында тілдік құзыреттіліктерін жетілдірді. Үш тілде білім беруді енгізу жағдайында педагогтарға кәсіби қолдау көрсету мақсатында білім басқармасы Орта Азиялық университетімен меморандумға қол қойып, облыстың 20 мектебінде жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жаңа оқу жылынан 129 мектепке пилоттық режим енгізіледі.

Білім беру жүйесін біліктілігі жоғары кадрлармен қамтамасыз ету, жас мамандарды тұрақтандыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Өткен оқу жылында облысымыздың білім беру мекемелері 1400-ден астам жас маманмен толыққан, оның 1079-ы «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында ауылды жерлерге жұмысқа орналасқан. Оларға жан-жақты әлеуметтік қолдау көрсетілуде. Солай бола тұрса да бүгінгі таңда облыс мектептеріне орыс сыныптарындағы бастауыш сынып мұғалімі, орыс тілі мен әдебиеті, математика, физика, химия, ағылшын тілі пәндері бойынша 111 маманға қажеттілік бар. Мәселені шешу үшін білім басқармасы жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс атқаруда.

(Соңы 3-бетте).

■ КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

Өнімдері өтімді

КЕГЕН АУДАНЫНДА УАҚЫТ ТАЛАБЫНА САЙ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР АЗ ЕМЕС. СОНЫҢ БІРІ – КӘСІПКЕР ШОЛПАН ЖАНБАБАЕВА ЖЕТЕКШІЛІК ЖАСАЙТЫН «ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ» АТТЫ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ.



Қанат БІРЖАНСАЛ,
"Жетісу"

Бірлестіктің басты мақсаты – Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына үн қосу. Аталған мақала аясында әр салада гранттар берілгені белгілі. Шолпан басқаратын бірлестік өткен жылы облысымыздың ҮЕҰ-ға арналған әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесіне қатысты. Оған мүмкіндігі шектеулі жандардың ұлттық бұйымдар жасайтын цехын ашу туралы жобаны ұсынып, 500 мың теңге грант ұтып алды. Грант арқылы замануи екі тігін машинасын алды. Көп ұзамай жүннен ұлттық бұйымдар жасайтын «Шебер» атты цех ашты. Цехта қазір Зәбира Дәркенбаева, Марфуға Толықбай бастаған бірнеше тігінші, дизайнер жұмыс істеп, жүннен киіз бастырады. Дайын киізден үй ішіне киетін түрлі жылы аяққиімдер жасайды. Сұраныс бойынша тойбастардың әдемі, ұлттық нақыштағы заттарын, құрақ көрпелер, текемет, қыздың жасау-жабдықтарын дайын-дайды. Сондай-ақ, нәрестелердің көрпелері де сұранысқа ие.

Шолпан Жанбабаева басқаратын «Денсаулық – зор байлық» атты мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған қоғамдық бірлестігі биыл жемісті еңбек етуде. Атап айтқанда, облыста ұйымдастырылған жәрмеңкеде 1 миллион теңге грантқа ие болды. Сол қаржыға тоқыма бұйымдарын шығаратын екі аппарат алды. Қазір бірлестік компьютермен басқарылатын аппаратта жұмыс істейтін бірнеше адамды арнайы курста оқытуды жоспарлап отыр. Бұл да мүмкіндігі шектеулі жандарға жасалған қолайлы жағдай.

– Кез келген адам – қоғам мүшесі. Мүмкіндігі шектеулі жандардың да кәсіппен айналысуға құқығы бар деп білемін. Түрлі іспен айналысып келе жатқан адамдар бар. Біздің цех арқылы көп нәрсені үйреніп, содан кейін өз алдына жеке жұмыс орындарын ашамын деушілерге де жол ашық, – дейді бірлестіктің жетекшісі.

Айтса айтқандай, таулы өңірде түрлі жұмыс орындарын ашып, кәсіптерін жүргізіп отырған жандар көп. Жалаңаш ауылында тұратын Айдын Жұмағұлов, Қайнар, Кеген, Жылысай ауылдарында тұратын Нұрсұлтан Уалибаев, Берік Исаев, Еркебұлан Аханов, Кәдірбек Қапсаланов секілді әртүрлі топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өрістетіп отырған істері көңіл қуантарлық. «Денсаулық – зор байлық» атты қоғамдық бірлестікке қарасты ұлттық қолөнерімізді дамытып отырған Зәбира Дәркенбаева, Ермұханбет Сағынбаев, Марфуға Толықбай, Жамал Байсарова, Хуан Алтайхан, Руслан Масимғазиев, Марина Құттымбетова, Камила Абдрасиловалардың он саусағынан шыққан бұйымдар бүгінде сұранысқа ие.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған қоғамдық бірлестік аудан аумағында түрлі іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Оның басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірге деген қызығушылығын арттыру, бойларындағы түрлі өнерін дамытып, сол арқылы келешектеріне жарқын жол ашу. Көпшілік бірлестік жетекшісі Шолпан Жанбабаеваға, көмекшісі Айжан Сығаеваға әрқашан алғыс айтып отырады.

Кеген ауданы

■ БӘЙГЕ!

ҰЙҒЫР АУДАНЫ, ШОНЖЫ АУЫЛЫНДА 30 ТАМЫЗ КҮНІ, САҒАТ 15.00-ДЕ "ЖАРТЫ БАБА" МЕМОРИАЛДЫ КЕШЕНІНІҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ ӨТЕДІ.

Аламан бәйге 25 шақырым:
1-орын – автокөлік
2-орын – 1 миллион теңге
3-орын – 500 мың теңге

Тай жарысы 5 шақырым:
1-орын – жылқы
2-орын – тоқазытқыш
3-орын – теледидар «плазма»

Құнан бәйге 11 шақырым:
1-орын – 1 миллион теңге
2-орын – 500 мың теңге
3-орын – жылқы

Қазақ күресінен түйе балуан:
1-орын – 100 мың теңге
2-орын – 60 мың теңге
3-орын – 40 мың теңге

Кіру жарнасы
Аламан – 35000 теңге
Құнан – 15000 теңге
Тай – 5000 теңге

"Жарты Баба"мемориалды кешенінің ашылу салтанатына арналып өткізілетін ұлттық спорт ойыны – бәйгеге барша жұртты шақырамыз

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР: ҰЙҒЫР АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ «СҰҢҚАРИ» ҚОРЫНЫҢ ДЕМЕУІМЕН

■ ҮНҚОСУ

ДАМУДЫҢ жаңа мүмкіндігі

ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ «ПРЕЗИДЕНТТІҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ» АТТЫ ХАЛЫҚҚА ҮНДЕУІ ҚОҒАМДА ҮЛКЕН ҚОЛДАУҒА ИЕ БОЛҒАНЫ БЕЛГІЛІ. БАСТАМА ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІН ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

Ел болашағы жастардың қолында. Сондықтан да олардың шығармашылық әлеуетін қажетті салаға бағыттайтын мемлекеттік жастар саясатын тиімді жүзеге асыру кезек күттірмейтін міндет болып отыр. Мемлекет пен қоғамның дамуы, болашақтың жарқын болуы үшін жастарды қолдау және ынталандыру аса маңызды. Осы мақсатта қоғамдағы жастардың өмір сапасын жақсарту, кәсіби дайындық, жұмыспен қамту, кәсіби өсу, сондай-ақ, өз бетімен өмірге аяқ басқан келер ұрпаққа қатысты мемлекеттік саясатты жандандыру қажет.

Елбасы жастарды қолдау арқылы оларға деген мүмкіншілікті арттыру жолдарына баса назар аударды. Бұған дәлел – мектеп түлектеріне мемлекеттік гранттың көптеп бөлінуі. Сонымен қатар, бастамада халықтың әлеуметтік мәселелері де шет қалмағаны белгілі. Еліміздегі қаншама жұмыссыз жүрген немесе өз табыс көзін тапқысы келетіндерге арнайы бағдарламамен берілетін несие жеңілдетіліп, 6 пайызға дейін төмендетілмек. Мұны еліміздегі азаматтарға деген үлкен қолдау деп түсінеміз. Себебі, кез келген екінші деңгейдегі банктер немесе еліміздегі қаржылық ұйымдар мұндай төмен пайызбен несие бермейді.

Сондай-ақ, елімізде тұрғын үй мәселесі, қазақстандықтарға салықтық жүктемені төмендету және елді газдандыруға бағытталған шаралар жіті назарға алынған. Мемлекет басшысының бұл бастамасы ел өркендеуінің, қарқынды дамуының жаңа мүмкіндіктеріне айналып отыр.

Серік НҰРҚАДЫРОВ,
«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары

■ СЕЛЕКТОР

ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН

Үкімет үйінде ҚР Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ қатысуымен селекторлық жиын өтті. Онда егін жинау жұмыстарының жүргізілу барысы, индустриялық-инновациялық дамудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының алты айда іске асырылуы, жылыту маусымына дайындық пен 2018 – 2019 оқу жылының басталуына дайындық жұмыстары қаралды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Селекторлық жиын басталмас бұрын Астана қаласында орын алған төтенше жағдай туралы сөз болды. Толассыз жауған жауынның кесірінен Астанадағы Бауыржан Момышұлы, Тұран даңғылдары мен Ұлы Дала көшесі, «Бараев» және «Жастар» шағын аудандары көлкіген су астында қалып, жаяу жүргіншілер мен автокөлік иелері зардап шеккен. Қоғамдық көлік қозғалысы да қиындаған. Бақытжан Әбдірұлы осы мәселе жөнінде Елбасы тарапынан да бірнеше рет орынды сын-ескертпелер айтылғанын атап өтіп, табиғаттың тосын мінезіне дайындық үшін қала әкімдігінің жауапты екенін алға тартты. Осыған орай Астана қаласының әкімі Әсет Исекешевтен алдағы жоспарлары сұралды.

Оның айтуынша, соңғы екі жылда қаланың кәріз жүйесіне қатысты ауқымды жұмыстар атқарылыпты. Былтыр Тұран, Ұлы Дала, 31 көше, Көктал кенті, Мыңжылдық саяжолы, С. Сейфуллин көшелерін тазарту жұмыстарын аяқталды. Биыл да жұмыстар жүргізілуде. Алдағы уақытта Астанадағы барлық жүйені теңгерімде ұстап, нөсерлік ағын қызметімен айналысатын, жауын-шашын кәріз жүйесін бұру жөніндегі кәсіпорынды құру жоспарын көрсетті. Кәсіпорынды «Астана–Тазалық» негізінде құру көзделген. Осы жөнінде ҚР Премьер-Министрі ҚР Ұлттық экономика министрлігі мен Астана қаласының әкімдігі бірлесіп аталған жобаны пысықтауды тапсырды.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ауылшаруашылық министрі Өмірзақ Шөкеевтің баяндамасынан білгеніміздей, республикада дәнді дақылдарды жинау жалғасуда. Бүгінде егін жинау жұмысы Жамбыл және Түркістан облыстарында аяқталса, науқан Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Павлодар, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарында қарқын алған. Аталған облыстардағы дәнді дақыл жиналатын 3 млн. гектар алқаптың 1,1 млн. гектары немесе 36,3%-ы жиналған. Қазіргі көрсеткіш бойынша гектарынан 18,1 центнерден өнім алынып, 2 млн. тонна астық бастырылыпты. Биыл ел бойынша жалпы 20 млн. тонна астық жиналады деп болжануда. Ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне 394 мың тонна арзандатылған жанар-жағармай бөлініпті. Алайда биылғы астықтың бағасы өткен жылмен салыстырғанда қымбаттау. ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің деректеріне сәйкес, қазіргі таңда III санатты бидайдың бір тоннасы 48-49 мың теңге.

Отырыста индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының екінші бесжылдық кезеңінде атқарылуға тиісті жобалардың жағдайы туралы айтылды. Жылыту маусымына дайындық та Үкіметтің тапсырмасы бойынша тұрақты жүргізілуде. Жиында жұртты көмірмен қамтуға айрықша назар аударылып отырғаны айтылды. Айталық, тұтынушыларға жылыту маусымын сәтті өткізу үшін 15 млн. тонна көмір қажет, оның ішінде 4500 тоннасы халықты көмірмен қамтамасыз етуге бағытталса, қалғаны өндіруші көздер мен коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындарға жұмсалады. Көмірді коммуналдық-тұрмыстық секторға және халыққа жеткізу жұмыстары қатаң бақылауға алынған. Тасымалдау жұмысы да назарда. Сондай-ақ, әр елді мекендегі жылыту қазандықтарын жөндеу жұмыстары да толығымен орындалып, жылу беруге дайын. Биыл 8-ден астам ірі блок, 50-ден астам қазандық және 45 турбинаны жөндеу жоспарланған, олардың жартысынан көбі бүгінде дайын.

ҚР Премьер-Министрі Үкіметтің бір аптадан кейін басталатын жаңа оқу жылына ерекше көңіл аударып отырғанын айтты. Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің айтуынша, бұл бағытта алаңдарлық жағдай жоқ. Осыдан кейін бірнеше облыс басшысы есеп берді. Сол қатарда облыс әкімі Амандық Баталов өңірдегі жағдай туралы баяндады.

– Бүгінде облыстағы оқушылар саны 373 мың баланы құрайды. Биыл 45,2 мың балғын бірінші сыныптың табалдырығын аттамақ. Биылғы жылы жалпы 22 білім беру нысаны салынып жатыр. Оның 11-і іске қосылады. Сондай-ақ, 30 нысанға күрделі жөндеу жұмысы жүргізілуде. Жазғы демалыста 702 мектепті оқу жылына даярлау толығымен атқарылды. Өңірде мектебі жоқ 69 елді мекенде тұратын 3494 баланың 3465-ін, яғни 95 пайызын көлікпен тасымалдау ісі шешілген. Ыстық тамақпен 346 мың бала қамтылса, аз қамтылған отбасынан шыққан балалардың бәріне тегін тамақ беріледі. Облыс бойынша 35,4 мың мұғалім білім береді. 3, 6, 8-ші сыныптарға оқулық сатып алу үшін 4,1 млрд. теңге қаражат қарастырылды. Барлық мектептер оқу жылына дайын, – деді ол.

Селекторлық кеңесті қорытындылаған Бақытжан Әбдірұлы жоғарыда айтылған жетістіктер мен кемшіліктерді саралай келіп, жауапты басшыларға бірқатар тапсырма жүктеді.

№ 987 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, «Жастар» ш/а, 52, № 16 орта мектеп-гимназиясы, тел: 8(7282) 253311.

Комиссия төрағасы – Сүлейменова Салтанат Жаныlысқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Бектемірова Әсия Ағзамқызы

Комиссия хатшысы – Артықбекқызы Айнур Қалмуханбетқызы

Комиссия мүшелері – Ержанова Айжан Нұрхамитқызы, Ерназарова Жанар Ерназаровна, Зурдунова Азиза Тахиржанқызы, Қасымбаева Қадиша Есімбекқызы, Қоңырбаева Альфия Болатжанқызы, Турлюгазинова Гуля Болатжанқызы.

№ 988 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, «Мүшелтой» ш/а, 32, № 17 орта мектеп, тел: 8(7282) 253497.

Комиссия төрағасы – Керейбаева Раушан Нұрғалиқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Замзина Қарлығаш Келісқызы

Комиссия хатшысы – Мұқанова Айгүл Борамбайқызы

Комиссия мүшелері – Мамырбаева Айна Аманкелдіқызы, Бұланбаева Майя Саниқызы, Құланбаева Сания Жакенқызы, Есенова Әсел Байрлықызы, Апарбаева Нұржан Баяхметқызы, Қалабаева Жанна Маратқызы, Ниязова Ләзат Төлеуханқызы, Рыспаева Жанар Қазжанқызы

№ 989 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, «Мүшелтой» ш/а, 14, М. Жұмабаев атындағы № 19 орта мектеп-гимназиясы мектепке дейінгі шағын орталығымен, тел: 8(7282) 254452.

Комиссия төрағасы – Сарқытов Қайрат Төлепбергенұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Байгереева Арай Болатбекқызы

Комиссия хатшысы – Идрисова Айым Табысқызы

Комиссия мүшелері – Әбілбекова Раушан Ерғалиқызы, Жағабаева Жанна Құмарбекқызы, Мекебаева Әділет Қазақбайқызы, Окетаева Айгерім Азаматқызы, Стыбаева Римма, Сыдықова Бақыт Балтбайқызы, Тұғанбаева Шырын Жақыпбекқызы, Успан Арайлым Талғатқызы.

№ 990 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Қаблиса жырау көшесі, 174, № 13 орта мектеп, тел: 8(7282) 223880.

Комиссия төрағасы – Омарова Гүлнар Омарқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Қапанова Айнұр Боранғазықызы

Комиссия хатшысы – Абжакова Луара Ниетбайқызы

Комиссия мүшелері – Жағабаева Кәмшат Жүнісханқызы, Қайрбекова Гүлдана Хайсанқызы, Мустафина Салтанат Жағыпарқызы, Нұрасылов Мақсат Әділбайұлы, Төлеуұлы Ермек, Тұралиева Мира Ханзадақызы.

№ 991 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Қаблиса жырау көшесі, 211/2, Талдықорған агротехникалық колледжі, тел: 8(7282) 400557.

Комиссия төрағасы – Абыканова Светлана Қыдыралқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Қанапиев Елдос Жұманұлы

Комиссия хатшысы – Тоқтабаева Әсия Бейбітқызы

Комиссия мүшелері – Джандарбеков Мақсат Аятұлы, Инсенова Динара Демократқызы Омарбаева Гүлбағиза Тұрсынқызы, Сетербаева Гүлназ Мұхамедханқызы, Тоқанова Жұлдыз Талғатқызы, Шыныбаев Серікбол Төлеутайұлы,

№ 992 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 62, № 4 орта мектеп, тел: 8(7282) 247012.

Комиссия төрағасы – Оңғаров Алматай Ерметайұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Хармысова Клара Жұмаділқызы

Комиссия хатшысы – Жұмаділова Жанна Дәнешқызы

Комиссия мүшелері – Баймошқанова Гүлнара Тәңірбергенқызы, Брахимова Айжан Макенқызы, Нағайбекова Динара Бекбайқызы, Оразбекова Жанна Насуханқызы.

№ 993 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Қазақстан көшесі, 110, Абай атындағы № 1 орта мектеп-гимназиясы, тел: 8(7282) 245980.

Комиссия төрағасы – Долаев Самғат Садырбайұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Айдымбаева Айгүл Қадырманқызы

Комиссия хатшысы – Крықбаева Гүлназ Қайратқызы

Комиссия мүшелері – Бөкенбаев Берікхан Жұмашевұлы, Жанабекова Талшын Дәулетқызы, Жексембаев Ғалымжан Жұматайұлы, Какимжанова Ақмарал Ғализатқызы, Қанатбекқызы Назерке, Кенешев Ертай Құлтайұлы.

№ 994 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 44, № 2 орта мектеп, (шығыс қанаты) тел: 8(7282) 248185

Комиссия төрағасы – Мұхаметжан Шайзада Базарбайұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Айтқазина Гүлзира Армияшқызы

Комиссия хатшысы – Мұхамеджанова Жұлдыз Ғабитқызы

Комиссия мүшелері – Алчамбаева Ғалия Ардақтықызы, Ахмолданов Әсет Әділкесұлы, Есімбеков Қайрат Сламғалиұлы, Есімбекова Мөлдір Маратқызы, Мамырбаева Әсем Толеуханқызы, Мухамедчина Айгүл Серікқызы, Регбек Дана Мұхтарқызы, Тажинова Әйгерім Меиржанқызы.

№ 995 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 77, Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы, тел: 8(7282) 244744.

Комиссия төрағасы – Абдуалипова Қаракөз Жарылқасынқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Жолдошова Әсел Якубқызы

Комиссия хатшысы – Көкешбаева Мөлдір Рахатқызы

Комиссия мүшелері – Абдыкеров Жандос Салимжанұлы, Алтынбеков Рүстем Маратұлы, Еркінбекова Үміт Сламбекқызы, Маратов Мадияр Маратұлы, Мәуленбаев Дидар Даниярұлы, Нұрсұлтан Әйгерім Ануарқызы, Оспанов Ерлан Борашұлы, Рахимбекова Аяулым Аманбекқызы.

№ 996 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Біржан Сал көшесі, 108, Б. Жолбарысұлы атындағы № 18 орта мектеп-лицейі, тел: 8(7282) 243311.

Комиссия төрағасы – Құдайбергенов Шалқар Мелісұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Теміржанова Ләззат Жөкенқызы

Комиссия хатшысы – Байзолданова Назгүл Тлеубергенқызы

Комиссия мүшелері – Жадрашова Айкерім Қанатқызы, Жылқыбаева Айжан Хасанқызы, Қабылқақова Индира Ғализатқызы, Қожахмет Гүлназ Ақжолқызы, Мамырбаева Айнұр Тайлаққызы, Отарқожа Мадина Нұржапарқызы, Рахымжанова Ғалия Елубайқызы, Топаева Гульнара Сабитқызы.

№ 997 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 241, «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі, тел: 8(7282) 246613.

Комиссия төрағасы – Мамлеева Салима Бекентайқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Сейілбекова Жұлдыз Құлбайқызы

Комиссия хатшысы – Тұрғамбаева Күлшат Бейсекенқызы

Комиссия мүшелері – Жиенгелдінова Гүлмира Қанатпекқызы, Қалықова Бағила Бекенқызы, Молдағұлова Индира Маткерімқызы, Өзенбаев Болат Бағланұлы, Разбекова Индира Қанатбекқызы, Садыбаева Анар Мұратқызы, Сафарова Әсел Тұлбасықызы, Тұрғанова Назира Даулетжанқызы.

№ 998 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 297, «Алматы облысы бойынша экология департаменті» мемлекеттік мекемесі, тел: 8(7282) 233000.

Комиссия төрағасы – Тлеуберлинова Гүлназ Раймбекқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Салиханова Гүлсым Рахметуллақызы

Комиссия хатшысы – Малаева Зейнегүл Мадиханқызы

Комиссия мүшелері – Айтқожина Жансая Әлімбайқызы, Бейсеғұлов Ержан Бейсеғұлұлы, Бейсембаев Алтай Нүсіпұлы, Бексұлтанова Әсел Бакентайқызы, Нуркова Шолпан Нұрәділқызы, Рахметолдаева Назгүл Кайролдақызы, Төребаева Қарлығаш Асетқызы, Турсумбеков Нұрбек Саматұлы.

№ 999 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 91/97, Д. Рақышев атындағы қазақ мектеп-интернаты, тел: 8(7282) 245143.

Комиссия төрағасы – Дүйсенбинов Рысбек Дәулетұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Құсаинов Нұрлан Ещетайұлы

Комиссия хатшысы – Умарбекова Жұлдыз Нұрсағатқызы

Комиссия мүшелері – Алдабергенова Кәмшат Құмарбекқызы, Ахметов Делімбет Нығметұлы, Ерболатова Меруерт Оралбекқызы, Ешпаев Қуат Шапақұлы, Нүсіпбаева Толқын Омарқызы, Пен Алена Сергеевна, Сейсебай Мейрам Болатбекұлы, Сүлейменова Айгерім Жанғалиқызы.

№ 1000 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Абылай хан көшесі, 149, Ушинский атындағы № 7 орта мектеп, тел: 8(7282) 245393.

Комиссия төрағасы – Дулыханова Назгүл Темірғалиқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Ержанова Ардақ Сатыбалдықызы

Комиссия хатшысы – Джадирова Жанар Жамбылқызы

Комиссия мүшелері – Баешова Жұлдыз Мәжитқызы, Есбосын Ұлдан, Кәкен Мақпал, Қырыбаев Елдос Ақылшанұлы, Өміртаева Ләзат Чадетқызы, Сексембаева Сәрсенкүл Жұмабекқызы.

№ 1001 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Абылай хан көшесі, 153, Б. Римова атындағы драма театры, тел: 8(7282) 244266.

Комиссия төрағасы – Галиева Мәрия Бейсетбайқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Камидолданова Динара Елеуқызы

Комиссия хатшысы – Жақиянов Азат Жақияұлы

Комиссия мүшелері – Ахметжанова Ботагөз Оразбекқызы, Байзулина Айнур Жансұлтанқызы, Болатханұлы Бейбіт, Есенаманова Жамилә Жанатайқызы, Лузина Валентина Ивановна, Сәдуақасов Асхат Әсетұлы, Тлеуова Гүлназ Сұлтанқызы, Тоқмолданова Баян Айтжанқызы.

№ 1002 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Кивилев көшесі, 7, Макаренко атындағы № 6 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен (бастауыш сыныптар блогы), тел: 8(7282) 234017

Комиссия төрағасы – Идрисова Назгүл Иманалиқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Ахметова Ұлжалғас Бекетайқызы

Комиссия хатшысы – Тойлебаева Бахытгүл Әділбекқызы

Комиссия мүшелері – Байсалова Назира Серікқызы, Икуева Бибігул Чайбилқызы, Мұсақұлова Алмагүл Замзақызы, Сыдықова Шынар Мақсатқызы, Төлегенова Жаннұр Болатқызы, Тұлымшақова Гүлниса Досанқызы.

№ 1003 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, А. Пушкин көшесі, 205, А. Макаренко атындағы № 6 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен, тел: 8(7282) 234434

Комиссия төрағасы – Бөкенбаева Әсия Изтайқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Долбакова Салтанат Қадірбайқызы

Комиссия хатшысы – Құсанова Дина Доскелдіқызы

Комиссия мүшелері – Ахтан Бейбіт Жанатханұлы, Байсымақова Айгерім Ербосынқызы, Есімова Гүлшат Абуайрақызы, Жумабаева Бану Нурмуханбетқызы, Мырзахмет Мәдина Әділқанқызы, Оспанова Перизат Әділбекқызы.

№ 1004 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, «Қаратал» ш/а, 44, № 9 орта мектеп, (солтүстік қанаты), тел: 8(7282) 310275.

Комиссия төрағасы – Есботанова Ләзат Өзбекқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Аязбаев Асылбек Тазабекұлы

Комиссия хатшысы – Жакупова Құралай Абдолдақызы

Комиссия мүшелері – Бейсембекова Гүлмира Жаканқызы, Бекбосынова Маржан Нұртөлекқызы, Бекмурзинова Айнур Жұмақанқызы, Мырзабекова Нәзия Өмірзаққызы, Садуақасова Салтанат Абдиқызы, Тленчиева Айгерім Мұратқызы.

№ 1005 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Қаратал ш/а, 44, № 9 орта мектеп, (батыс қанаты), тел.. тел: 8(7282) 310275.

Комиссия төрағасы – Ибраева Тұрсынхан Жанатқанқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Құрманғалиева Салтанат Айтанқызы

Комиссия хатшысы – Тұтқабаева Сәуле Сатыбалдықызы

Комиссия мүшелері – Аслан Эльвира Асланқызы, Атекенова Эльвира Тілебалдықызы, Жақыпбекова Мақпал Мұратбекқызы, Искакова Динара Беріkқызы, Құсаинова Гүлден Болатқызы, Нұрланова Ақмарал Кенесқызы.

№ 1006 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, «Шығыс» ш/а, № 15 орта мектеп, (батыс қанаты), тел: 8(7282) 261421.

Комиссия төрағасы – Кертаева Ләзат Сағатбекқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Шегебаева Гүлзира Орманханқызы

Комиссия хатшысы – Жексекова Зарина Талғатқызы

Комиссия мүшелері – Артықбаева Айжан Беркимбайқызы, Әбилдинов Мұрат Сапарқалиұлы, Барыс Мадина Әлібекқызы, Дауталиева Гулім Дәулетқалиқызы, Жангозина Әсел Жастарқызы, Мырзабекова Жанар Базарбайқызы, Нұргаметова Динара Қадыракынқызы, Үмбеталиев Азамат Капарұлы.

№ 1007 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, «Шығыс» ш/а, № 15 орта мектеп, (солтүстік қанаты), тел: 8(7282) 261421.

Комиссия төрағасы – Абишева Алтын Мақанқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Абенова Фарида Кажиахметқызы

Комиссия хатшысы – Нұрсалимова Гүлжан

Комиссия мүшелері – Абидоллаева Гүлмира Балтабайқызы, Алиева Гүлнұр Қайсарқызы, Байбашева Гүлнара Сыдықанқызы, Жапарғалиева Айнур Серікқызы, Исабаев Әнуар Тоқтамысұлы, Рахат Жайдар, Утеулова Марина Николаевна, Хаймолданов Ерлан Сеилханұлы.

№ 1008 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, «Шығыс» шағын ауданы, Авто-ХҚО, тел: 8(7282) 411127.

Комиссия төрағасы – Ережепов Мырзахмет Чакирұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Матеева Ғалия Сағымбайқызы

Комиссия хатшысы – Жаңбырбаева Назгүл Қадырханқызы

Комиссия мүшелері – Бестібаева Жұлдыз Еркінбекқызы, Жаманғаранова Гүлшара Бейлбергенқызы, Керімбекова Бақыт Ерғазықызы, Садвақасова Мира Науонқызы.

№ 1009 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 316, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық онкология диспансері» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, тел: 8(7282) 245788

Комиссия төрағасы – Сейтказин Болат Ахметұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Қарымбаева Мейрамкүл Мырзағалиқызы

Комиссия хатшысы – Абузярова Наталья Александровна

Комиссия мүшелері – Омарбаева Гулбақыт Жұмабекқызы, Турғанбаева Римма Сапарбайқызы.

№ 1010 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 177, 5514 әскери бөлімі, тел: 8(7282) 223677

Комиссия төрағасы – Отарбаев Рүстем Ғалымұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Күшербаев Қадырсыек Қалимұлы

Комиссия хатшысы – Сейдахметова Нұргүл Мырзаханқызы

Комиссия мүшелері – Жаманбаев Ержан Советұлы, Қаипов Халил Ахметжанқызы.

№ 1011 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Ескелді би көшесі, 283, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған қалалық облыстық аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, тел: 8(7282) 234878.

Комиссия төрағасы –Рахметов Мұрат Көмекұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Байтас Қарлығаш Кенжебайқызы

Комиссия хатшысы – Сәменова Шолпан Женісқызы

Комиссия мүшелері – Байбашева Гүлнара Сыдықанқызы, Тажинова Альфия Шынарбекқызы.

№ 1012 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, «Қаратал» шағын ауданы, Райымбек батыр көшесі, 35, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, тел: 8(7282) 412282.

Комиссия төрағасы – Құсмолданова Сәуле Рыспекқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Әбдрешова Мейрамгүл Елубайқызы

Комиссия хатшысы – Әбеуталипова Нұргүл Еділқызы

Комиссия мүшелері – Белижанов Дәулет Сайлаұлы, Тоғызбасова Жазерке Жұмашқызы.

№ 1013 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Шевченко көшесі, 16, Е. Берліқожаұлы атындағы № 11 орта мектеп, (солтүстік қанаты), тел: 8(7282) 218341

Комиссия төрағасы – Майтжан Айгүл Бекенқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Абдрахманова Жанар Женісбайқызы

Комиссия хатшысы – Тоқай Гүлдана Талғатқызы

Комиссия мүшелері – Ахметов Манар Құмарханқызы, Бакеева Жадыра Елжанқызы, Лайбекова Бахытгүл Мақанқызы, Рахметов Нұрбек Нұртасбекұлы.

№ 1014 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Шевченко көшесі, 16, Е. Берліқожаұлы атындағы № 11 орта мектеп, (оңтүстік қанаты),- тел: 8(7282) 218055

Комиссия төрағасы – Бейсекенова Гүлбаршын Ахметкәрімқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Қалиева Лаура Сейсекенқызы

Комиссия хатшысы – Кенжебаева Айнұр Мұхамеджанқызы

Комиссия мүшелері – Ахмешова Айдана Ерболқызы, Бастаубаева Венера Қуандыққызы, Белденбаева Сәния Тоқтарбайқызы, Нұрышева Замзагүл Абайқызы, Тұрсынғали Алмас Тұрсынғалиұлы, Чакирова Сандуғаш Қыдырбекқызы.

№ 1015 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Болашақ көшесі, 20, Алматы облыстық кәсіби-техникалық орталығы, тел: 8(7282) 268030.

Комиссия төрағасы – Жақыбаева Жанар Балғабайқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Ізбасарова Раушан Қабаржанқызы,

Комиссия хатшысы – Құрманғали Ақмарал Ойратқызы

Комиссия мүшелері – Абайбекова Ләззат Нұрғалымқызы, Әлкенова Жансая Нұрланқызы, Бесімханова Гүлаим Ғабдулмәжитқызы, Божалакова Жұлдыз Саутбекқызы, Босқымбаева Зағипа Сапанқызы, Дүзжасарова Гүлім Кенжетайқызы, Қартамысова Әсел Талғатқызы, Құдабаева Гүлбарша Баизқызы.

№ 1016 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Ащыбұлақ көшесі, 26, № 26 орта мектеп, (солтүстік қанаты), тел: 8(7282) 411185.

Комиссия төрағасы – Құрмашев Бекзат Жанатбекұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Альпиева Махаббат Шәріпбайқызы

Комиссия хатшысы – Нұрланова Назым Мұхаметханқызы

Комиссия мүшелері – Ажикенова Зарина Раифовна, Байтуманова Әсел Сәкенқызы, Заманбекова Гүлім Ерланқызы, Қожахметова Әсем Қизатқызы, Қойгарина Данагүл Қойгарынқызы, Махан Рита Қайратқызы, Молдахметова Жазира Сатылғанқызы, Тұрысбекова Арайлым Тұрысбекқызы.

№ 1017 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Ащыбұлақ көшесі, 26, № 26 орта мектеп, (батыс қанаты), тел: 8(7282) 411185

Комиссия төрағасы – Бершінбеков Рүстем Сағындықұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Құсманов Ералы Рсайұлы

Комиссия хатшысы – Ажикенова Светлана Леонидовна

Комиссия мүшелері – Баядилова Ира Владимировна, Бегджанова Гүлден Джумабайқызы, Варфоломеева Аляна Борисовна, Демежанова Гүлжанат Байғалиқызы, Кентай Сымбат Сәлімжанқызы, Рамазанов Ержан Иманғалиұлы.

№ 1018 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Өтенай ауылы, Т. Абжалиев көшесі, 34, Мәдениет үйі, тел: 8(7282) 229462

Комиссия төрағасы – Сләмова Назигүл Батырқанқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Дүйсембеков Жұмабек Данабекұлы

Комиссия хатшысы – Абдықасымова Маржан Асхатқызы

Комиссия мүшелері – Абделманова Жанагүл Мұратқызы, Ахметова Бақыт Бисеріkқызы, Бейсенбаева Айжан Дәулетханқызы Бейсенбаева Нұргүл Рашитқызы, Исаханов Алмас Егібайұлы, Нұрғалиева Зухра Қыдырбекқызы.

№ 1019 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Өтенай ауылы, Ә. Тұңғатов көшесі, 18, № 21 орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен (батыс қанаты), тел: 8(7282) 229462

Комиссия төрағасы – Маликова Күлбақыт Үметалиқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Божаноков Бейбіт Аманкелдіқызы

Комиссия хатшысы – Әукенова Әсем Мухатқызы

Комиссия мүшелері – Байсалбаев Саяхат Малайұлы, Жібітаева Айнаш Мырзабекқызы, Керейбаева Маржан Тасыбайқызы, Ким Виктор Станиславович, Саманова Динара Бейсағанқызы, Шидербаева Сандуғаш Әбубәкірқызы.

№ 1020 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Өтенай ауылы, Ә. Тұңғатов көшесі, 18, № 21 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен (шығыс қанаты), тел: 8(7282) 229775

Комиссия төрағасы – Омарова Алмагүл Нұрахметқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Баекенова Гүлзинат Жұмабекқызы

Комиссия хатшысы – Солтанбекова Ақмарал Күмісбекқызы

Комиссия мүшелері – Аханова Айжан Зекенқызы, Жарасбаева Гүлзат Жұмабайқызы, Есенгелді Ерасыл Ернарұлы, Қиялбекова Мунира Бағдатқызы, Нұрымхожина Карлығаш Даутбайқызы, Сейсембаева Гүлім Жайлаубекқызы.

№ 1021 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Еңбек ауылы, Ю. Гагарин көшесі, 1,

№ 22 орта мектеп, тел: 8(7282) 401454

Комиссия төрағасы – Ақшолақова Рахила Молдағалиқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Альбиланова НазгүлДосайқызы,

Комиссия хатшысы – Искакова Анния Иембергенқызы

Комиссия мүшелері – Дюсенова Зарема Жетібайқызы, Қарымбаева Гүлхан Жақыпбайқызы, Тұрахметов Қанат Кенжеханұлы, Шалимбекова Динара Әлімбекқызы.

№ 1022 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Мойнақ ауылы, Ақбұлақ көшесі, 23, № 23 орта мектеп, тел: 8(7282) 330087

Комиссия төрағасы – Мүсекенова Айгүл Таласбайқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Тынышбаева Жанна Темірбекқызы

Комиссия хатшысы – Асылбекова Карғаш Болатқызы

Комиссия мүшелері – Әлімханова Айтқайша Балтабекқызы, Силам Коңырқаз.

Текелі қаласы бойынша учаскелік сайлау комиссиялары

№ 1023 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, О. Кошевой көшесі № 6, «№ 2 орта мектеп МДШО» КММ, тел. 8(72835) 52040.

Комиссия төрағасы – Маликов Айдын Тоқтамұратұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Тұрсынғалиев Асан Ақжолтайұлы

Комиссия хатшысы – Абдурзакова Зура Эловна

Комиссия мүшелері – Горшенина Екатерина Юрьевна, Валеев Фидрат Фанихович.

№ 1024 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Д. Қонаев көшесі, № 378, «Алатау Мрамор» ЖШС әкімшілік ғимараты, тел. 8(72835) 50023.

Комиссия төрағасы – Қызылбаев Ғалым Төлегенұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Дәуренбаев Марат Өмірбекұлы

Комиссия хатшысы – Мұқашева Бақытгүл Әдімбекқызы

Комиссия мүшелері – Гузовская Марина Николаевна, Просветова Насима Галимхановна.

№ 1025 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Қ. Сәтпаев көшесі, № 50, «№ 1 орта мектеп МДШО» КММ, тел. 8(72835) 41325.

Комиссия төрағасы – Ақанбаева Пейзатхан Жақсыбайқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Көпелдесова Фарида Нұржауқызы

Комиссия хатшысы – Қапалова Гүлдана Өміртайқызы

Комиссия мүшелері – Ақылбекова Ботагөз Нұржауқызы, Бақадыровна Жанна Жеңісбайқызы, Елемесова Айжан Жанұзаққызы, Нүсіпбек Анар Дүйсенбекқызы.

№ 1026 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Д. Қонаев көшесі, № 198, «Каскад» ЖШС әкімшілік ғимараты, тел. 8(72835) 50024.

Комиссия төрағасы – Есболатов Болат Бүркітбайұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Сатығұлов Қанат Рахманұлы

Комиссия хатшысы – Даданбекова Асем Нұрбосынқызы

Комиссия мүшелері – Ащанов Әлібек Талғатұлы, Карипова Күлиза Смағұлқызы.

№ 1027 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Жеңіс көшесі, № 6, «Текелі қаласының № 2 балабақшасы» МКҚК, тел. 8(72835) 42027.

Комиссия төрағасы – Тарыбаева Әсел Бакбергенқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Қабдулова Лайла Жанатайқызы

Комиссия хатшысы – Күнкеева Гаухар Асқарбекқызы

Комиссия мүшелері – Бекбутанова Гүлмира Абықалыққызы, Дүйсебековна Зейнеп Бөгембайқызы.

№ 1028 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Жеңіс көшесі, № 10, «№ 8 орта мектеп МДШО» КММ, тел. 8(72835) 42593.

Комиссия төрағасы – Кихтева Марина Васильевна

Комиссия төрағасының орынбасары – Русинова Татьяна Витальевна

Комиссия хатшысы – Кәкенова Индира Нүсіпжанқызы

Комиссия мүшелері – Беделбаева Гүлжан Керімжанқызы, Жұбаныш Ерлік Барлықұлы, Жұмағалиева Әсел Бейбітқызы, Куандықова Ләйлә Мұхатайқызы, Рахымжанов Әсет Балтабекұлы, Шаяхметова Зоя Ивановна.

№ 1029 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Тәуелсіздік көшесі, № 23, «№ 5 орта мектеп» КММ, тел. 8(72835) 42660.

Комиссия төрағасы – Қапалов Жасұлан Орманғалиұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Назарбекова Аина Мұбараққызы

Комиссия хатшысы – Нигмутулина Индира Құрманалиқызы

Комиссия мүшелері – Иманбердиева Жазира Кәкімқызы, Елеусізова Роза Серікқызы, Қойшыбаев Әсет Қуанышұлы, Қабдырахым Әйгерім Сағатбекқызы.

№ 1030 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Тәуелсіздік көшесі, № 11, Текелі қаласы әкімінің қалалық Мәдениет үйі, тел. 8(72835) 44684.

Комиссия төрағасы – Тұғылбаев Бауыржан Ертайұлы

Комиссия төрағасының орынбасары - Бектасова Альмира Аманжолқызы

Комиссия хатшысы – Даниэль Роза

Комиссия мүшелері – Ахметжанов Асхат Нұрланұлы, Әнуар Айнұр, Бегімтаева Үміт Аянқызы, Беделбаева Данна Асқарқызы, Егізбаева Мөлдір Мұхтарқызы, Ұлтарақов Әділет Батырбекұлы.

№ 1031 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, М. Әуезов көшесі, № 1, «№ 3 орта мектеп МДШО» КММ, тел. 8(72835) 42029.

Комиссия төрағасы – Байсұлтанова Лаура Ертайқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Кузнецова Валентина Егоровна

Комиссия хатшысы – Ақшолақова Гүлмира Танабайқызы

Комиссия мүшелері – Базарбаева Руфина Кәрімқызы, Гутяр Любовь Викторовна, Зимина Анна Васильевна, Мусаев Тимур Русланович, Сарсембаев Медет Бауыржанұлы, Тоқтарбаева Айнаш Дуканқызы.

№ 1032 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Достық көшесі, № 31, «№ 6 орта мектеп МДШО» КММ, тел. 8(72835) 45174.

Комиссия төрағасы – Махаев Сергей Петрович

Комиссия төрағасының орынбасары – Төлекова Ахтөре Кәзімқызы

Комиссия хатшысы – Дорохина Ирина Владимировна

Комиссия мүшелері – Төлегенова Зәуреш Әсенқызы, Матвеева Светлана Петровна, Матлашова Галина Васильевна,Өтегенов Жақсылық Сұлтамұратұлы.

№ 1033 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Д. Қонаев көшесі, № 81, «Текелі Газсервис» ЖШС әкімшілік ғимараты, тел. 8(72835) 46245.

Комиссия төрағасы – Курманова Ирина Шамильевна

Комиссия төрағасының орынбасары – Белдебеков Рүстем Болатұлы

Комиссия хатшысы – Жамабаева Жұмағыз Тәкенқызы

Комиссия мүшелері – Байзақова Найля Шамғонқызы, Бексұлтанова Әйгерім Дәулеткелдіқызы, Сулейманова Диляра Мирхайдаровна, Шакаманова Күлдариға Төлепбергенқызы.

№ 1034 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, К. Тимирязев көшесі, № 132, «Текелі су құбыры» ЖШС әкімшілік ғимараты, тел. 8(72835) 46561.

Комиссия төрағасы – Сәлиев Бақыт Мауылұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Мұсаев Мақсат Рахманұлы

Комиссия хатшысы – Тұрдиева Дариға Бөгембайқызы

Комиссия мүшелері – Жұмаділова Жазира Мейірбекқызы, Қамзанов Асхат Амангелдіұлы, Писмаркин Владимир Витальевич, Тасыбекова Қарлығаш Болтайқызы.

№ 1035 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Ә. Қастеев көшесі, № 8, «№ 4 орта мектеп МДШО» КММ, тел. 8(72835) 45525.

Комиссия төрағасы – Банецкая Наталья Николаевна

Комиссия төрағасының орынбасары – Шойбеков Бақытбек

Комиссия хатшысы – Әбиева Анар Мергенбайқызы

Комиссия мүшелері – Бақанбаева Гүлбану Үмітбекқызы, Елеусізов Берік Қайырбекұлы, Махаева Юлия Владимировна, Мұқашева Балжан Шаймардатқызы, Нүсіпова Айсауле Бейсенбайқызы, Төлепбергенова Айзат Қабылжанқызы.

№ 1036 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Тәуелсіздік көшесі, № 25, ШЖҚ «Текелі қалалық ауруханасы» МКК, тел. 8(72835) 42210.

Комиссия төрағасы – Руденко Марина Николаевна

Комиссия төрағасының орынбасары – Зюбина Любовь Борисовна

Комиссия хатшысы – Сәтпаева Гүлшат Төлегенқызы

Комиссия мүшелері – Бекбаулова Нұргүл Қаленқызы, Берникова Ольга Ивановна.

№ 1037 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Стадион көшесі, № 41, «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы КММ, тел. 8(72835) 41486.

Комиссия төрағасы – Маджитова Ильмира Расимовна

Комиссия төрағасының орынбасары – Хажиева Балжан Ыбрайқызы

Комиссия хатшысы – Тұтқұшпаева Дана Қалижанқызы

Комиссия мүшелері – Әбдіқұлова Анар Рахманбекқызы, Сәрсебеков Сырым Қанатұлы.

№ 1038 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, № 2091 ә/б «Текелі» шекара бекеті, тел. 8(72835) 42195.

Комиссия төрағасы – Ақышев Сабыржан Батырханұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Қожамқұл Жәнібек Жақсылықбекұлы

Комиссия хатшысы – Апейізова Айгүл Нәсілжанқызы

Комиссия мүшелері – Бакирова Насиха Мухаметовна, Ысқақов Олег Қанабекұлы.

№ 1039 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Рудничный ауылы, Бейбітшілік көшесі, № 58, «№ 7 орта мектеп МДШО» КММ, тел. 8(72835) 47463.

Комиссия төрағасы – Дворовикова Валентина Александровна

Комиссия төрағасының орынбасары – Даутбаев Рушат Талғатұлы

Комиссия хатшысы – Ағали Есен Серікұлы

Комиссия мүшелері – Давыденко Татьяна Ильинична, Намазбаев Темірхан Серікбайұлы.

№ 1040 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Текелі қаласы, Рудничный ауылы, № 2091 ә/б, «Рудничный» шекаралық комендатурасы, тел. 8(72835) 48365.

Комиссия төрағасы – Көкбаев Данияр Манарханұлы

Комиссия төрағасының орынбасары – Қасымбеков Абзал Ғадылұлы

Комиссия хатшысы – Алтынбеков Мақсат Жұмабекұлы

Комиссия мүшелері – Кирякова Ольга Юрьевна, Гарбуз Алия Мухаметгабитовна.

КӨКЕЙКЕСТІ

Тыңайтқышты тиімді қолдану қажет

Жетісу жерінде қант қызылшасының өнімі жыл санап артып келеді. Мемлекет қолдауының нәтижесінде шаруалар жеңілдетілген несиеге қол жеткізіп, жүйелі жұмыс атқаруда. Субсидия беріліп, дақылды талап деңгейінде күтіп-баптауға мүмкіндік жасалып отыр. Егістіктен жоғары әрі тұрақты өнім алу үшін сорттардың атқаратын рөлі жоғары. Әр дақылды өсірудің интенсивті сорттық технологиясын сақтау үшін дақыл мен сорттардың биологиялық ерекшеліктерін, марфофизиологиялық қасиеттерін білу және басқа да көптеген факторды есепке алу талап етіледі.

Солардың қатарындағы басты мәселенің бірі – топырақтың негізгі физикалық қасиеттері мен тағам режиміне байланысты органикалық заттар құрамы мен мөлшерінің өзгеруі. Яғни, тыңайтқыштарды топырақтағы қоректік заттар балансына, деңгейіне қарай енгізу қажеттілігін ескере отырып, дақыл дамуының күрделі кезеңінде минералдық қорек элементтерін өсімдік қажет ететін уақытта енгізу керек.

Қант қызылшасы минералды тыңайтқыштарды жоғары мөлшерде қажет ететіндігімен ерекшеленеді. Аталған дақылдың әр гектарынан 450-500 центнерден өнім алу үшін минералды тыңайтқыштарды уақытында берген жөн. Мәселен, азот 260 кг/га., фосфор 110 кг/га., калий 280 кг/га. Қант қызылшасынан жоғары өнім алудың бірден-бір жолы – оның өсіп-өну кезеңінде қажетті тыңайтқыштарды уақытылы әрі толық мөлшерде беру.

Дақылға минералды тыңайтқыштар үш мезгілде қолданылады. Бірінші кезеңі – сүдігер жырткғанда, екіншісі – қызылшаны себу кезінде, үшіншісі – жаз айындағы күтіп-баптау мезгілінде. Күзде органикалық тыңайтқыштың толық мөлшері беріледі. Ал минералды тынайтқыштың 50-60 пайызы өсу кезеңінде. Күздегі тыңайтқыштардың көлемі топырақ құнарлылығы мен ылғалдығына байланысты. Жоғары өнім алу үшін әр гектарына кемінде 30-40 тонна органикалық тыңайтқышты миниралды тынайтқышпен ($N_{90}P_{60}K_{45}$) жеткілікті мөлшерде қосып берген дұрыс. Сонда тамырдың салмағы мен өнім қанттылығы артады. Бұл жұмысты сол алқапта 4-5 жылда бір рет қайталаған дұрыс. Қызылша өзіне қажет қоректік заттарды өніп шыққан кезден бастап жиналғанша пайдаланады. Бірақ қызылшаның өсіп, даму кезеңінде оларды қажетсіну бірдей болмайды.

Қызылшаның өсіп, жетілуінің үш кезеңі бар. Алғашқысы тұқым себуден бастап шілденің ортасына дейін, бұл кезде қант қызылшасының сабақ жапырақтары өсіп, дамиды. Осы кезде азот тыңайтқышымен қоректендіру керек. Екінші кезең шілде мен тамыз айының ортасы, бұл кезде жемістің тамыры мен салмағы тез өседі. Өсімдікте қант жинау үрдісі жүреді. Осыған байланысты фосфор, калий тыңайтқыштарын топырақ құрамына қарай дұрыс пайдалану тиімді. Фосфор, калий тынайтқыштары жеміс тамыры салмағының артуы мен қанттылығының жоғарылауына әсер етеді. Сондықтан, тамыз айының ортасынан бастап өніп-өсудің соңына дейінгі үшінші кезеңде осы тынайтқыштармен қамтамасыз етілуі тиіс. Былтыр Көксу, Ескелді аудандары бойынша ауылшаруашылығы жерлеріне жүргізілген агрохимиялық талдау төмендегідей нәтиже көрсетті.

Топырақ құрамындағы қарашірік пен минералды тыңайтқыштар (NPK) мөлшері Балпық би ауылдық округінде талдау бойынша 3460 гектар егістік алқапта жүргізілді. Талдау нәтижесі бойынша өсімдікке қажет негізгі қоректік заттар қарашірік егіс алқабының 2950 гектарында өте төмен, 510 гектарында қарашірік мөлшері аз. Жеңіл гидролизденуші азот мөлшері зерттелген алқаптардың 3390 гектарында өте төмен, 70 гектарында төмен деңгейде. Жылжымалы фосфор 640 гектарда өте төмен, 570 гектарда төмен, 501 гектарда орташа, 74 гектарда көтеріңкі, 16 гектарда жоғары деңгейде. Калий 50 гектарда өте төмен, 2180 гектарда төмен, 840 гектарда орташа, 210 гектарда көтеріңкі, 180 гектарда жоғары. Бақтыбай ауылдық округі бойынша талдау 5600 гектар егістік алқапқа жүргізілді. Нәтижесінде өсімдікке қажет негізгі қоректік заттар қарашірік егіс алқабының 5600 гектарында өте төмен, 90 гектарында төмен. Жеңіл гидролизденуші азот мөлшері зерттелген алқаптардың 5690 гектарында өте төмен.

Жылжымалы фосфор 730 гектарда өте төмен, 1670 гектарда төмен, 3030 гектарда орташа, 260 гектарда көтеріңкі. Калий 1950 гектарда төмен, 2080 гектарда орташа, 1030 гектарда көтеріңкі, 570 гектарда жоғары, 60 гектарда өте жоғары. Яғни, осының салдарынан өнім сапасы төмендеп, өнімділік азаюда. Сондықтан осы кемшілікті жою үшін аталған округтерде сұр топырақ жағдайында гектарынан 350-400 центнер жоғары өнім алу үшін 1 гектарға берілетін азот 120 кг. әсерлі зат, фосфор 70-90 кг. әсерлі зат, калий 20-40 кг. әсерлі зат минералды тынайтқыштар мөлшерінде қоректендіру қажет. Яғни, аталған ауылдық округтерде минералды тыңайтқышты қолдану жүйесі төмендегі принциппен жүргізілуі тиіс.

Мәселен, қатараралық және үстеме қоректендіру жүйесі негізінде. Мұндай тыңайтқыш енгізу жүйесі, біріншіден, өсімдіктің вегетациялық кезеңінде тамыр жүйесін қажетті қоректік зат қорымен қамтамасыз етсе, екіншіден, тыңайтқыштың топырақта шайылып кету қаупін азайтады. Аталған тыңайтқышты қолдану жүйесі топырақты тыңайтып қана қоймай, өсімдікті қоректендіреді.

Нұрлан ТЕМІРБАЕВ,
ҚР АШМ «АҚҒӘО» оңтүстік-шығыс өңірлік филиалының аға ғылыми қызметкері

ФОРУМ

Мұғалім мәртебесі талқыланды

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен «Біздің күшіміз бірлікте» атты форум өтті. Оған аймақтағы өкілдері қатысып, кәсіподақ жұмысын тиімді ұйымдастыру және мүшелерінің беделін көтеру бағытындағы мәселелерді талқылады.

Қажет АНДАС

Шара барысында облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Садық Әбдіқадіров атқарылған жұмыс пен алдағы жоспар жайында баяндама жасаса, облыстық кәсіподақтар орталығының төрағасы Әсет Қыдырманов, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Майгүл Төлеутаева өз салалары бойынша нәтижелерді таныстырды.

Әр деңгейдегі кәсіподақ ұйымдары мұғалімдердің құқығын қорғай отырып, елдің тыныштығы мен бірлігін сақтайды. Яғни, еңбек қатынастарында даудамайлар үнемі туындап отырады. Оны дер кезінде шешіп отырғанда ғана оның ары қарай өршіп кетпеуін тежеп, ортақ істі өркендетеді. Осыған орай, қазақстандық сапалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Майра Амантаева өз пікірін білдіріп, ұсынысын ортаға салды.

– Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан мұғалімдерге көптеген жақсылық жасалып жатыр. «100 мектеп, 100 аурухана», «Дипломмен ауылға!» бағдарламалары сәтті орындалып жатса, мұғалімдердің жалақысын көтеру, әлеуметтік жағдайын жақсарту күн тәртібінен түскен жоқ. Дегенмен, мұғалімдер мәртебесін көтеру ісінде әлі де қордаланған мәселе көп. Бұл туралы кәсіподақ ұйымдарына түсіп жатқан арыз-шағымдар жетерлік. Бірақ Алматы облысындағы мұғалімдерден түсетін шағым тым аз. Демек, аймақтағы кәсіподақ ұйымдары мен білім басқармалары бірлесіп жұмыс атқарып жатыр, – дейді ол.

Бүгінде қоғамда педагог статусына байланысты көптеген сұрақ туындап жатады. Педагогтардың мәртебесінің төмендеп кеткендігі туралы ақпарат беттерінде жиі жазылып жүр. Оның сан түрлі себебі бар. Мәселе онда емес, сол себептердің салдарын жоюда болып тұр. Осыған орай, Майра Амантаев «Педагог мәртебесі туралы» Заң жобасына енгізіліп жатқан өзгерістер мен толықтырулар туралы өз ойын білдіріп, оның қоғамдағы түрлі келеңсіздікті шешуге септесетінін жеткізді. Сондай-ақ, кәсіподақ қызметіндегі жаңашылдықтарды да тілге тиек етті.

Оның айтуынша, биыл Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының республикалық съезін өткізу, Жастар жылына орай айтыс ұйымдастыру, тағы басқа ауқымды шара жүзеге асады. Осы арқылы кәсіподақ ұйымдары өздерінің бастамашылдығын көрсетпек. Сол қатарда Талдықорған қаласында республикада бірінші рет кәсіподақ ұйымының жас көшбасшылар лагерін ұйымдастырып, оларға халықпен қалай жұмыс істеу, заң-актілерді қалай атқару, еңбек қауіпсіздігін сақтаудың жолдарын түсіндіру арқылы тәжірибесін шыңдауды жоспарлап қойған.

Шара соңында кәсіподақ саласына еңбегі сіңген бірқатар қызметкерге арнайы төсбелгі табысталып, Алғыс хатпен марапатталды.

СІЗДЕРДІҢ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ЛИЦЕЙГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНАМЫЗ

Талдықорған «Білім-инновация» лицей-интернаты (бұрынғы атауы КТЛ) 7-сыныпқа қабылдайды. Қабылдау емтиханы 28.04.2019 ж., сағат 9.00-де Талдықорған қаласы,Талдықорған – Алматы тасжолы: 46/3 мекенжайы бойынша өтеді. Лицейге биылғы 6-сынып оқушылары қабылданады.Талдықорған қаласында өтетін қабылдау емтиханына тіркелу 27 сәуір, сағат 17.00-ге дейін жалғасады.

Аудандарда өтетін лицейге қабылдау емтиханы 20 сәуір күні болады.

Қабылдау емтиханы өтетін аудандар: Үштөбе, Сарқан қалалары, Сарыөзек, Лепсі, Үшарал, Жансүгіров кенті.

Қажетті құжаттар:

– Туу туралы куәлік;
– ЖСН (ИИН)
– 6 сыныпта оқитыны туралы мектептен анықтама;
– ата-анасының өтініші.

Тел.: **8 (7282) 22 16 57**
Instagram; TAIDYKBIL

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti



◆ БРИФИНГ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ДА ОНЛАЙН ЖАЛҒАСАДЫ

Журналистер үйінің мәжіліс залында жаңа оқу жылына арналған дайындық жұмыстары туралы мәслихат жиыны өтті. Басқосуға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысты.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Облыстағы санитарлық эпидемиологиялық жағдайға байланысты биылғы жаңа оқу жылы қашықтан оқыту форматында басталатынын айтқан аймақ басшысы білім саласының бюджеті 314,2 миллиард теңгені құрағанын жеткізді. Ол былтырғы жылмен салыстырғанда 108 миллиард теңгеге артқан. Жалпы, облыста әлеуметтік салаға бөлінген бюджет қаражатының 65 пайызы білім саласына бағытталады.

– *Облыста жалпы орта білім беретін 760 мектеп бар. Жаңа оқу жылында 1-сыныпқа 48 мыңнан астам бала қабылданады деп жоспарлануда. Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты мектеп оқушылары төрт бағыт бойынша білім алады. Бірінші бағыт бойынша оқушылардың 70 пайызы ғаламтор желісі арқылы оқумен қамтылады. Екінші бағытта 20 пайыз оқушы республикалық «әл-Фараби», «Ел Арна» және облыстық «Жетісу» телеарналары арқылы білім алатын болады. Ал үшінші бағытта шалғайдағы елді мекендердегі шағын жинақталған 138 мектепте санитарлық талаптарға сәйкес, екі ауысымда, яғни, 15 баладан 7 мың 721 оқушы штаттық режимде оқиды. Бастауыш сынып оқушылары, ата-аналардың өтініші негізінде болжаммен 5 мың 214 кезекші сыныптарда 34 мың 792 бала оқу жүйесінің төртінші бағыты бойынша білім алады. Біз үшін бала денсаулығы өте маңызды. Сондықтан, штаттық режимде білім беретін мектептерде қатаң санитарлық талап сақталады. Мектептің кіреберісі залалсыздандыру төсеніштері, тепловизор, санитайзер және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етіледі. Осындай сақтық шараларын іске асыру мақсатында жергілікті бюджеттен 226,9 миллион теңге бөлінді,* – деді Амандық Ғаббасұлы.

Жаңа оқу жылында оқушылар мен мұғалімдердің компьютерік құралдарға деген қолжетімділігін білу үшін интернет желісі тартылған елді мекендер бойынша арнайы мониторинг жұмысы жүргізілген. Нәтижесінде, облыста компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген оқушылардың үлесі 61 пайызды құрады. Бұл облыстағы 242, 7 мың оқушыда компьютер бар деген сөз. Баланың толық білім алуы үшін облыс мектептеріндегі 23 мың 678 компьютер балаларға уақытша пайдалануға беріледі. Аз қамтылған отбасының балалары мен жетім балаларды компьютерлік техникамен қамтамасыз ету мақсатында 75,6 мың компьютер сатып алынған.

Жиында облыс басшысы оқушыларға компьютер сатып алу үшін бюджеттен 12,5 миллиард теңге бөлінгенін, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 20 мың компьютер сатып алынатынын, «Жас архитекторлар мен құрылысшылар» қоғамдық қоры арқылы облыстағы аз қамтылған отбасылардың балаларына 150 компьютер сыйға тартылатынын айтты. Демек, жаңа оқу жылында облыс оқушылары толығымен компьютерге қол жеткізе алады.

Аймақ басшысының айтуынша, бүгінде облыста 41 мың 625 педагог жұмыс істейді. Олар компьютерлік техникамен толық қамтылған. Алайда 96,4 пайыз мұғалім интернетке қосылғанымен 3,6 пайызына әлі қолжетімсіз.



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

– *Облыс аумағындағы 732 елді мекеннің 19-ында интернет желісі жоқ. Ғаламтор желісіне қосылмаған мектеп жасындағы 886 баланың 730-ы телеарна арқылы, қалған 156 бала штаттық режимде білім алады. 426 мың 637 оқушының 88 пайызы ғаламтор желісіне қосылған. Ал қалған оқушы ғаламтор желісіне тіркелмеген. Бұл кемшілік бойынша жүйелі жұмыс атқарылуда. «Қазақтелеком» АҚ арқылы 98 мектепте интернет жылдамдығын 4 Мбиттен 8 Мбит-ке дейін ұлғайту жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл мұғалімнің еркін сабақ беруіне, оқушының еш қиналмай білім алуына үлкен мүмкіндік. Жаңа оқу жылында балаларды компьютер және интернет желісімен толық қамту мәселесін шешу үшін барлық жағдайды жасаймыз,* – деді облыс басшысы.

Жиында облыс бойынша 1 мың 118 мектепке дейінгі мекеме бары айтылды. Оның 822-сі балабақша болса, 359-ы шағын орталық. Осы орталықтарға оқу жылының басынан бастап ата- аналардың өтініші бойынша кезекші топтарға балаларды қабылдау жүргізіледі.

«Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында жалпы сомасы 27 миллиард теңгеге 8 мектептің құрылысы жүргізіледі. Оның алтауы жаңа оқу жылында пайдалануға берілсе, қалғаны жыл соңында тапсырылмақ.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы», «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жергілікті бюджеттен бөлінген 23,9 миллиард теңгеге 55 білім беру нысанына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Күрделі жөндеу жұмыстары 30 тамызға дейін аяқталатын болады.

Мектеп ауласындағы сыртқы әжетханалардың мәселесі «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында өз шешімін тапқандығы талай ата-ананың үрейін сейілтті. Бүгінгі таңда 131 мектептің дәретханаларын ішке орналастыру жұмыстары аяқталды. Келер жылы бұл мәселе толығымен шешіледі.

Басқосуда облыс әкімі Амандық Баталов білім ошақтарындағы материалдық-техникалық базаны нығайтуға 5 миллиард теңге, компьютерлер сатып алуға 4 миллиард теңге, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен сатып алуға 3,4 миллиард теңге бөлінгенін айтты. Сондай-ақ, облыстағы 69 шалғай елді мекенде мектептің балмауына байланысты оқушылар көрші ауылға қатынап білім алуда. Енді оқушыларды тасымалдау үшін су жаңа 71 автобус сатып алынды. Оған жергілікті бюджеттен 940,6 миллион теңге бөлінген.

Қазіргі таңда арнаулы кәсіптік білім беру ісіне де көп көңіл бөлінеді. Жалпы, облыста 76 колледж бар. Оның 43-і мемлекеттік, 33-і жеке меншік. Ол жерде 28 мың 758 студент білім алады. Биылғы оқу жылында 59 колледжде студенттерді қашықтан оқыту жоспарланған. Білімге құштар жастар үшін биыл 330 орынды үш студенттік жатақхана салынды. Төрт колледж жатақханасының құрылысы жүргізілуде. Облыс аумағындағы барлық колледжде 4 мың 872 компьютер бар. Бұл техникалар да білімгерлердің игілігі үшін уақытша пайдалануға беріледі.

Жалынды жастардың сапалы және қолжетімді білім алуы, қоғамда маман ретінде өз орнын табу үшін оларға жақсы жағдай жасау аса маңызды. Осыны алға тартқан аймақ басшысы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенттері үшін жақында Студенттер үйі ашылатынын айтты.

Баспасөз мәслихатында аймақ басшысы журналистердің сауалдарына жауап беріп, эпидемиологиялық жағдайға байланысты облыс тұрғындарын карантин шараларын қатаң сақтауға шақырды.

◆ САЙЛАУ — 2020

СЕНАТ ДЕПУТАТЫ САЙЛАНДЫ

Облыс орталығы Талдықорған қаласында өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутатын сайлауға барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары қатысып, өздері таңдаған кандидатқа дауыс берді. «Жастар» спорт сарайының кең залында өткен, аудандық, қалалық және облыстық мәслихаттағы 317 депутаттың 287-сі қатысқан бірлескен отырысты облыстық мәслихаттың депутаты Серік МҰҚАНОВ жүргізіп отырды.



Суретті түсірген Р. ҚАДЫРОВ.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Сайлаушыларды бес маман тіркеп отырды. Ауқымды ғимаратқа арнайы залалсыздандырғыш дәліздер қойылып, санитарлық бетперде, су таратылды.

Биылғы сайлауға Жетісу жерінен өз кандидатурасын ұсынған үш үміткердің біреуінің өз еркімен саяси додадан бас тартқанын, қалған екі үміткер Әсет Қыдырманов пен Сұлтан Дүйсембіновтің саяси жарысқа түсетінінен хабардар еткен облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Тимур Даутов көпшілікке биылғы сайлаудың ережелерін таныстырды. Оның айтуынша, еліміздегі карантин шараларына орай «Жастар» спорт сарайы арнайы таңдалған. Соған байланысты 1,5 метрлік арақашықтықта орнатылған бес оңаша орынға кірген сайлаушы өзі таңдаған кандидатқа дауыс бере алады.

Осындай шарттар мен ережелер түсіндірілген соң барлық деңгейдегі мәслихаттың депутаттары кезекпен дауыс беріп, өзі қалаған кандидатқа таңдау жасады. Саяси додадан шыққандардың көпшілігі биылғы сайлаудың ерекше екендігін жасырмады. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Ермек Келемсейіттің айтуынша, мына сайлау тіптен өзгеше.

– Өмірімде, осы уақытқа дейін неше түрлі сайлау көрдім. Биылғы сайлаудың орны өзінше бөлек болды. Неге десеңіз, әлемде орын алған пандемия өмірімізге көптеген өзгерістер енгізді. Экономикаға болсын, экологияға болсын, бәріне бірдей әсер етті. Сондықтан әрбір үш жылда өтіп тұратын Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына депутат сайлаудың өзі үлкен ерекшелікпен өтіп отыр. Меніңше, карантиндік шараларға байланысты барлық қажетіліктер дұрыс ұйымдастырылған. Адамдарды бір жерге жинап, арақашықтықты сақтайтындай мүмкіндікпен дауыс беруін ұйымдастыру үлкен шаруа. Мұның өзі саяси науқанға деген жауапкершілікті байқатады. Яғни, мемлекеттің барлық құрылымдық бөлімдері жұмыс істегендіктен әрбір саяси науқанды ешқандай кедергіге қарамастан талапқа сай өткізудің мүмкін екендігін көрсетіп отыр.

Тіркелген кандидаттардың бәрін танимыз. Өкінішті жайт – облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарған Серікжан Бескемпіровтің бақилық болып кеткендігі. Ол кісі осы сайлауға өз кандидатурасын ұсынған еді. Жұқпалы ауру арамыздан алып кетті. Ал, қалған азаматтардың қай-қайсысын да барлық талаптарға сай келетін тұлғалар деп білемін. Сондықтан барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары өз таңдауын жасайды деп сенемін, – деді ол.

Айналдырған бір сағаттың ішінде белгіленген тәртіппен дауыс берген облыстық, аудандық, қалалық мәслихаттардың депутаттары өз таңдауларын жасады. Облыстық сайлау комиссиясының қызметкерлері дауыс санап, сайлауға қатысқан 264 депутаттың Сұлтан Дүйсембіновты қолдағанын жеткізді. Атап айтқанда С. Дүйсембінов сайлаушылардың 92%-дық дауысын иеленіп, ҚР Парламенті Сенатына депутат болып сайланды.

Жиын соңында сөз алған Сұлтан Мырзабекұлы көпшілікке ризашылық білдіріп, артылған сенім үдесінен шығуға күш салатынын жеткізді.

◆ ДЕНСАУЛЫҚ

Жалпы қабылданған кешенді карантиндік шектеу шараларының нәтижесінде еліміздегі коронавирустың таралу деңгейі және осыған байланысты барлық көрсеткіштер төмендеді. Бұл нәтижелер қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін көрсетеді. ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИН қалыптасып отырған эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып карантин шараларын кезең-кезеңімен алып тастау жоспарын мемлекеттік комиссия қарауына тапсырған еді. Осыған орай Журналистер үйінде аймағымыздағы эпидемологиялық ахуал мен облыстағы карантин шараларын жеңілдетуге қатысты баспасөз мәжілісі өтті.

БОСАҢСУҒА ӘЛІ ЕРТЕ

Қажет АНДАС

Шарада алғашқы болып сөз алған облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің басшысы Ерғали Сыдыманов:

– Коронавирус пандемиясы әлі де жалғасуда. Індет басталғаннан бері аймақта 4781 КВИ жағдайы тіркеліп, соңғы аптада аурудың өсу қарқыны 0,5%-ды құрады. Десе де алдын алу шараларының арқасында індеттің таралуын тежей алдық. Қоғам мен бизнес өкілдерінің тілектерін ескере отырып, біз біртіндеп карантиндік шараларды жеңілдетеміз. Сауда үйлерінде жұмыс істеуге рұқсат береміз, жазғы алаңдарды ашамыз. Бірақ, облыс тұрғындары мен бизнес өкілдері қауіпсіздіктің негізгі ережелерін бұзбауы керек, яғни жаппай жиналатын орындарға бармай, қашықтық пен бетперде режимін сақтаулары керек, – деді.

Осыдан кейін 17 тамыздан бастап жұмысын қайта бастайтын нысандар туралы хабарлады. Оның айтуынша, Сауда үйлері, сауда желілері, жабық базарлардың жұмысы 10-нан кешкі 9-ға дейін, бутиктер сағат 11-ден кешкі 5-ке дейін жұмыс істейді. Бірақ демалыс күндері барлық нысандардың жұмысы тоқтатылады. Сондай-ақ, дәріханалар мен азық-түлік дүкендерінің жұмысы кешкі сағат 9-ға дейін ұзартылады. Жабық азық-түлік және азық-түлік емес базарлары 30% - ға толықтырумен жұмыс істейді. Яғни, жұмыс күндері 10-нан 16.00-ге дейін, көтерме базарлар таңғы 6-дан 12-ге дейін жұмыс жасап, демалыс күндері жабық болады. Жазғы ашық алаңдар отырғызу орындарының шектелуімен жұмыс істейді (30). 15 адамға арналған балабақшаларда кезекші топтар ашылады. Қоғамдық көліктің жұмысы таңғы 6 -дан 10-ға дейін және кешкі 17-ден 21-ге дейін 5 минут аралықпен жүрсе, монша, сауна, фитнес орталықтар, балалар коррекциялық кабинеттері, білім беру орталықтары 50% толымдықпен болады. Сұлулық салоны, шаштараз, СПА косметологиялық орталықтары алдын ала жазылу бойынша қызмет көрсетеді. Ойын-сауық, спорттық, отбасылық, еске алу салтанаттары және басқа да үлкен іс-шараларды өткізуге тыйым салынады. Бар, түнгі және ойын-сауық клубтарының, караоке, фудкорттардың, кинотеатрлардың және балалар мен ересектерге арналған басқа да ойын-сауық орындарының жұмысына рұқсат берілмейді. Мәдениет нысандарының, мұражайлардың қызметі әзір жанданбайды, конференция, көрме, форумдар өткізуге болмайды. Бассейн, қалалық және қоғамдық жағажай, ашық аквапарктер және діни нысандардың жұмысы әлі де ашылмайды. Қала маңындағы жолаушылар, қалааралық автобустардың жұмысы тоқтатылады. Бұл жерде шағын автобустар қосылмайды.

Мұндай шараның бәрі де эпидемиологиялық жағдайды одан әрі тұрақтандыру мақсатында және тұрғындардың амандығын қорғау үшін қолға алынғаны белгілі. Ал жұмысын бастайтын жоғарыда аталған нысандар алдын ала жаңадан ашылған infokazakhstan.kz сайтына тіркеліп, өзінің карантиндік талаптарды сақтайтыны және барлық қауіпсіздік шараларын атқаратыны жайлы өтініш білдіруі керек. Ол арнайы комиссияның талқысынан өтіп, бекітіледі. Кездесу барысында облыстық кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасының басшысы Темірлан Разбеков:

– Негізінен бизнесін бастауға ынталы кәсіпкерлер жаңадан ашылған infokazakhstan.kz сайты бойынша өтініш берулері керек. Сондағы талаптарға үйлесімділеріне жұмыс бастауға рұхсат беріледі. Біз мұнымен қоса облыстағы жұмысы тоқтатылған кәсіпорындарға тексеру жұмысын жүргіздік. 13 тамыздағы есеп бойынша 3197 кәсіпорын тексеруден өтті. Оның 2708-і жұмысын бастауға дайын, – деп бүгінгі жағдайды хабарлады.

Кездесу барысында облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының өкілдері де өздері тарапынан атқарылған жұмыс ретін таныстырып, карантин шарасын жеңілдетуге байланысты кәсіпкерлерге толық ақпарат беріліп, олардың дайындық жұмысын пысықтап жатқанын жеткізді.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisy

№20
(18728)

Сейсенбі,
18 ақпан,
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

@ Jetisu2002@mail.ru

◆ ПРЕЗИДЕНТ САПАРЫ



ҚАУІПСІЗДІК – ӘЛЕМГЕ ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Германияға жасаған екі күндік жұмыс сапары нәтижелі аяқталды. Тарихи сапардың басты мақсаты – Қауіпсіздік жөніндегі Мюнхен конференциясына қатысу болғанымен одан тыс әлемде өзіндік орны бар ұйым өкілдерімен, ірі компания жетекшілерімен, беделді саясаткерлермен кездесулер ұйымдастырылды. Екі күн ішінде ел мүддесіне, әлеуметтік-экономикалық салаларға қатысты келіссөздер жүргізіліп, Қазақстанның қалыптасқан демократиялық құндылықтары, Орта Азиядағы орны мен беделі, әлемнің өзге мемлекеттерімен қарым-қатынас мәселелері сөз болды. Қазақстан Президентімен өткізілген он екі кездесуге де әлемдік деңгейдегі сарапшылар жоғары баға берді.

Қуаныш ТҰНҒАТАР

Жұмыс сапарының алғашқы күні Германияның ірі компания басшылары Клаус Лутцпен, Михаэл Виферспен және Патрик Видеманмен екіжақты кездесуден басталды. Кездесуде көлік логистикасы, екі жақты тәжірибе алмасу, қалдық заттарды қайта өңдеу және өзара ынтымақтастық мәселелері көтерілді. Мюнхен конференциясы аясындағы жүздесу Канаданың Премьер-Министрі Жастин Трюдомен жалғасты. Тараптар Қазақстан мен Канада арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың қазіргі ахуалы мен перспективаларын талқылап, халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастықты қарастырды.

Түс ауа Мемлекет басшысы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Бас хатшысы Хосе Анхель Гурриамен пікір алмасты. Қасым-Жомарт Кемелұлы аталмыш ұйымның стандарттарын енгізуге, саяси және экономикалық реформаларды жүзеге асыру барысында белсенді ықпалдастыққа баса мән беретінін айтты.

– Мен бүгінгі кездесуге өте қуаныштымын. Біз көптеген министрлермен бірлесіп жұмыс істедік. Осы орайда қарым-қатынастың жыл санап дамып келе жатқанын атап өткім келеді. Бүгінгі кездесуге шын жүректен қуаныштымын. Биыл ынтымақтастығымыз одан әрі өрлей түседі деген сенімдемін, – деді Анхель Гурриа.

Қазақстан Президенті Мюнхенге жасаған жұмыс сапары барысында Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен, Кувейттің Премьер-Министрі шейх Сабах Халид әл-Хамад ас-Сабахпен, Ауғанстан Президенті Ашраф Ғанимен, әлемге әйгілі «Siemens AG» компаниясының атқарушы директоры Джо Кэзермен, «Eurasia Group» зерттеу және консалтинг компаниясының негізін қалаушы Ян Бреммермен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Бас директоры Тедрос Адхан Гебрейесуспен, Халықаралық Қызыл Крест комитетінің президенті Петер Маурермен кездесіп, сауда, экономика, медицина салаларында әңгіме өрбітті. Әсіресе, Президент денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерге тоқталды. Осы орайда коронавирустың алдын алу бағытында Қазақстанда қабылданған шаралар туралы сөз қозғады. Өз кезегінде Тедрос Адхан Гебрейесус індеттің таралуына байланысты кеңінен мәлімет ұсынды. Ал Халықаралық Қызыл Крест комитетінің арасындағы ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін Петер Маурерге Қазақстанның II дәрежелі «Достық» ордені тапсырылды.

Әлем назарын аударған Мюнхен конференциясына 40-қа жуық мемлекет Президенті, 100-ден астам министр, халықаралық қатынастар саласындағы беделді сарапшылар, Еурокомиссия өкілдері, сондай-ақ, Еуропалық Парламент депутаттары келді. Конференцияда Еуропалық одақ пен НАТО болашағы, киберқауіпсіздік, денсаулық сақтау, сауда соғыстары мен санкциялар, жалған ақпарат, насихат пен күмәнді жаңалықтар, Таяу Шығыстағы ахуал, АҚШ, Ресей, Қытай және басқа да елдермен арадағы өзара қатынас тақырыптары талқыланды.

Жыл сайын өтетін жиынға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуы еліміздің әлемдік деңгейдегі беделбиігін айшықтай түсті. Жиынның екінші күнінде «Географиялық орналасудың маңызы: Орталық Азиядағы қазіргі жағдай» тақырыбында пікірталас өтті. Онда Қасым-Жомарт Кемелұлы көршілес елдермен өзара тиімді қарым-қатынас туралы айтты. Халықаралық қатынастар кеңесінің президенті Ричард Хаас жетекшілік еткен пікірталасқа Ауғанстан Ислам Республикасының Президенті Мұхаммед Ашраф Ғани да қатысты.

– Жер көлемі бойынша тоғызыншы орындағы Қазақстан Республикасы туралы айтатын болсақ, Қытай мен Ресейдің ортасында орналасу – бұл мүмкіндіктер әлемі. Біз екі елмен көршілес болу арқылы көптеген мүмкіндікке ие болдық. Сонымен бірге, Орталық Азияның ауқымды бөлігін иемдену де географиялық ерекшелік. Менің ойымша, Орталық Азия өзінің геосаяси маңызын жоғалтпайды, – деді Мемлекет басшысы пікірталас кезінде.

Мюнхен конференциясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен АҚШ ынтымақтастығы туралы да айтып берді. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы жиынға қатысушыларға еліміздегі саяси реформалардың негізгі бағыттары туралы әңгімелеп, экономиканы әртараптандырудың, инновациялар мен цифрландыруды дамытудың аса маңызды екеніне назар аударды.

Мюнхен қауіпсіздік конференциясында Орта Азиядағы елдердің дамуы мен өзара қарым-қатынасы, олардың әлемдік қауымдастықтарға ықпалы сөз болып, татулық пен бітістіруді ту еткен Астана процесі әңгіме өзегіне айналды. Жиында Президенттер мен беделді ұйым жетекшілері, әр тараптан келген сарапшылар Мюнхен мінберінде сөз сөйлеп, әралуан пікірлерді ортаға салды. Әсіресе, Сириядағы соғыс өртін өршітпеуді мақсат еткен Астана процесі үшін қазақстандықтарға алғыс айтылғаны әлем сахнасындағы беделімізді тағы бір сатыға көтерді.

◆ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

КӨП МӘСЕЛЕ БІРДЕН ШЕШІЛДІ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында айтылған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына байланысты қоғамдық қабылдау өткізіп, Жетісу жеріндегі жұртшылықтың мұң-мұқтажын шешуге ықылас білдірді.



Мәди АЛЖАНБАЙ

Облыстық әкімдікте орналасқан «Жетісу – адалдық алаңы» кабинетінде өткен қабылдауға 54 адам жазылыпты. Олардың қатарында алғаш болып кірген Ерғанат Оралбаев Шелек өңірін Еңбекшіқазақ ауданынан бөліп, аудан статусын беруді сұрады. Бұл мәселенің бірден шешілмейтінін жеткізген аймақ жетекшісі жергілікті халықтың сұранысы жақын арада орындалмайтынын айтты. Одан кейін осы ауданның Ащысай ауылынан келген Дәулетхан Оразбеков, Нұрсапа Сыдықбеков, Марат Исабеков есімді азаматтар елді мекенде қордаланған мәселелерді таныстырды. Олардың айтуынша, 6 мың тұрғыны бар Ащысайдағы орталық саябақты Жеңістің 75 жылдығына орай жаңарту керек, ескірген мектеп пен балабақшаға жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет, ауыл маңындағы тұрмыстық қалдық алаңынан жаз мезгілінде жағымсыз иіс таралып, түрлі жұқпалы ауру шығуы мүмкін, малдың өлігін өртейтін орын қазіргі талаптарға сай емес, жұмысы басталып аяқсыз қалған ауызсу мәселесі тұрғындар үшін аса маңызды.

Аталған мәселелерге орай арнайы іссапармен барып, жағдаймен танысып, қажетті шара қабылдауды бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашовқа тапсырған Амандық Ғаббасұлы одан соң Қаратал ауданынан келген Қабдырахман Шаяхметтің басындағы жағдайды сұрап білді. Ол өзінің 2007 жылдан бері аудандық әкімдіктен алған 20 гектар жерді қалың ағаштан тазартып, егістік алқапқа айналдырып, жұмысын жүргізгенін, алайда уақыт өте келе әлгі жерді «Утебаев» шаруа қожалығы иесінің өзіне тиесілі екенін айтып, мұны сотқа бергенін, осыған орай екі жақ соттың үкімін күтіп отырғанын жеткізді. Осыған байланысты облыс әкімі орынбасарлары Серікжан Бескемпіров пен Батыржан Байжұмановқа мәселені анықтап, жерді иеруге күш салған азаматқа қолдау көрсетуді тапсырды. Ал, «дайын асқа тік қасық» болып шыға келген шаруа қожалығы басшысының әрекетін заңға сәйкес бағалау керектігін ескертті.

Өскемен қаласынан арнайы келген Қарлығаш Есқалиева «Қорғас» кеден бекетінің шегарашыларымен келісіп, 150 мың доллардың тауарын, онда да телефондар өткізбек болғанын, алайда заңсыз әрекеті әшкереленіп, тексеру кезінде кеден қызметкерлері бүкіл тауарын қамауға алып қойғанын, содан бері тағы 18 мың доллар ақша беріп, жүгін шығаруға күш салғанынан еш нәтиже шықпағанын, соған байланысты облыс әкімі Амандық Баталовтан бір көмек бола ма деп келгенін жеткізді. Осыған орай «Қорғас» кеден бекеті басшысының орынбасары мен өз орынбасары Жеңіс Тұяқовқа мәселені ашып, анықтауды тапсырған аймақ жетекшісі одан соң Талдықорған қаласының тұрғыны Ермек Ешмұхамедұлын тыңдады. Ол қалаға табиғи газ тарту жұмыстары кезінде қазылған жерлердің асфальт жабындысының соңынан стандартқа сай жабылмайтынын, соған орай көшелердегі түзу жолдың ойық-ойық болмауын қадағалау керектігін айтып, селқос жасалған жұмыстың нәтижесін жақсартуды сұрады. Осыған орай қала әкімінің орынбасары Асхат Қалиасқаровқа тапсырма берген облыс әкімі Текелі қаласының тұрғыны Нина Баранова көтерген мәселе – «Текелі кен-байыту кешені» ЖШС-нен шығатын шудың моноқала тұрғындарының тыныштығын алатынын сұрап білді. Осыған орай бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов пен орынбасары Серікжан Бескемпіровке тапсырма беріп, мәселені дұрыс шешуді тапсырды.

Еңбекшіқазақ ауданының Тескенсу ауылдық округінде орналасқан «Калинин» шаруа қожалығына апаратын жолдың жоқтығын айтқан Сергей Калининге мал бордақылаумен айналысатын шаруашылықтың жұмысын қолдау керектігін ескерткен облыс әкімі жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ержан Жасыбаевқа тапсырма жүктеді.

Облыстық «Жетісу» газетінің қызметкері Гауһар Дүйсенбаева өзінің және бірнеше журналистің қызметтік пәтерлерін жекешелендіре алмай жүргендігін жеткізді. Облыс басшысы аталмыш мәселені тез арада шешуді қала әкімінің орынбасары Асхат Қалиасқаровқа тапсырды.

Қоғамдық қабылдауға жазылғандардың көпшілігі негізінен баспана алу мәселесін, үйдің кезегі жылжымайтынын, аулаларындағы ойын алаңына құрылыс салынып жатқанын, көпқабатты тұрғын үйге қарайтын жекеменшік пәтер иелері кооперативінің жұмысы сапасыз екендігін алға тартып, өздерін толғандырған мәселелердің мәнін ұғынғысы келді. Әсіресе, Талдықорғандағы көпбалалы аналарға берілген коттедж қалашығындағы жұртшылықтың атынан сөз алған Гүлнар Байбатшаева, Гүлвира Байқұмарова, Жазира Рахатова өздеріне берілген үйдің қандай санатқа жататынын, осыған орай қанша уақыт тұратынын сұрап, жарық, су, жылу сынды әлеуметтік төлемдерді төлей алмай отырғандарын жеткізді.

– Жоқ, ол үй сіздерге арендалық ретінде берілген. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша берілген арендалық үйлердің ай сайын төленіп тұратын ақшасы баспананың құнына кіреді. Уақыт өте келе өзінің құнынан қалған ақшасын төлеп жекеменшікке шығарып ала аласыздар, – деген Амандық Баталов қала әкімі Ғалымжан Әбдірайымов пен орынбасары Асхат Қалиасқаровқа ескерту жасады.

– Тұрғындарға дұрыс түсіндірсеңдерші, арендалық болғандықтан ешкім оларды үйінен шығара алмайды. Жылу, су, электр жарығы сынды әлеуметтік төлемдерді төлеп тұрасыздар. Жалпы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Нұрлы жер» бағдарламасымен кредиттік және арендалық тұрғын үйлер беріліп отыр. Оның біріншісі төлеу қабілеті бар адамдарға несие ретінде берілсе, екіншісі, өздеріңіз секілді көпбалалы аналарға үлестіріліп отыр. Қанша уақыт бойы тұрсаңыздар да ай сайын төлеп келген ақшаларыңыз үйдің құнына кіріп, қалған сомасын оңай өтеулеріңізге мүмкіндік береді. Екеуіңе коттедж қалашығынан үй алған адамдардың құжаттарын қысқа мерзім ішінде бітіріп беруді тапсырамын!

Қоғамдық қабылдауға келгендердің соңын ала Амандық Баталов арыз-шағым айта келген саудамен айналысатын тұрғындарды тыңдап, Талдықорған қаласының Біржан сал көшесінен шығарылған олардың орын таба алмай жүргендерін білді. Соған орай Гауһар ана мен Абай көшелерінің қиылысынан ашылуы тиіс жаңа базарға бармайтынын айтып, көмек сұрағандарға басу айтқан облыс әкімі басқа орын табуға жәрдемдесетінін, базар құрылысын өз бақылауына алатынын, заңды түрде сауда жасайтындарға жеңілдік қарастырылғанын жеткізді.

ЖАҢА ЖОБАМЕН ҚУАНТАДЫ

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВ арнайы баспасөз мәслихатын өткізіп, биылғы жылға жоспарланған жобалар мен жұмыстарды таныстырды.

Оның айтуынша, «Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалының 104 мың 566 мүшесі бар. Олардың бәрі 333 бастауыш партия ұйымының құрамында ел мен жердің өркендеуі және партияның имиджін көтеру жолында аянбай еңбектеніп келеді. Соған байланысты былтыр жалпыұлттық диалогты қамтамасыз ету бағытында көптеген іс-шаралар қолға алынып, игілікті істер атқарылды.

Ардагерлер, ерекше күтімді қажет ететін жандар мен жастар, балалар, ауыл тұрғындары сынды әлеуметтік топтарға қолдау көрсету, көмек қолын созу бағытында 6 партия жобасы жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, «Ардагерлерді ардақтайық», «Кедергісіз келешек», «Бақытты отбасы» жобалары бойынша ұйымдастырылған 1168 шараға 29 мың 157 адам қатысқан. Сондай-ақ, Жетісу жеріндегі ««Nur Otan» партиясының аумақтық филиалдарындағы қоғамдық қабылдауларда 6229 өтініш тіркелген. Олардың 2960-ына нақты қолдау көрсетілсе, қалған 3269 өтінішке қажетті кеңес берілді. Партия қатарындағы белсенді мүшелерден кадрлық резерв жасақталып, депутаттық фракция жұмысын жандандыру бойынша сайлаушылармен көптеген кездесулер өткізілді. Одан бөлек, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Ортақ Абай» атты өзге ұлт өкілдерінің арасында мәнерлеп оқу байқауы өткізіліп, қазақ тілін жетік білетін жастар марапатталды.

– Хакім Абайдың 175 жылдығы еліміздің барлық өңірлерінде аталып жатқанын жақсы білесіздер. «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы Жетісу жерінде өмір сүріп, халқының рухани-мәдени тұрғыдан оянуына үлес қосып кеткен ақын-жыраулардың шығармаларын жинақтасақ деген ниетіміз бар, – деген Жанболат Әкебайұлы жаңа кітаптың қалай жинақталатынына тоқталды. *– Қазір осы жобаны ұйымдастыру жұмыстары жүріп жатыр. Редколлегиясы іріктеліп, өнер, мәдениет, әдебиет салалары мен бұқаралық ақпарат құралдарында жүрген азаматтарды шақырып отырмыз. Жиыны төрт том болатын туындының бірінші томына ақ патшаның тұсында ғұмыр кешкен әйгілі ақын-жыраулар жинақталса, екінші томына Кеңес одағының тұсында шығармашылығы өркендеген ақындардың айтыстары, терме, поэма, дастандары кіргізіледі. Ал, үшінші, төртінші томдарға тәуелсіздік жылдарында жасындай жарқылдаған ақын, жазушылардың шығармалары іріктеледі.*

Осылайша «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы Жетісу жұртшылығын жаңа жобалармен қуантпақшы.

М. ӘСЕТҰЛЫ

Талдықорған қаласындағы Достық үйінде Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы облыстық филиалы, «Отандастар қоры» АҚ және облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен қандастар мәселесін талқылаған келелі жиын өтті. Оған облыстық басқармалар мен аудандық ішкі саясат бөлімдерінің жауапты мамандары қатысты.

ҚАНДАСТАРДЫ ҚОЛДАУ

Қажет АНДАС

2017 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайы өтіп, әлемнің түкпір-түкпірінен делегация қатысып, біраз мәселені шешкен болатын. Сол алқалы жиында «Отандастар қоры» құрылып, белгілі қоғам қайраткері Нұртай Әбіқаев төрағалыққа бекітілген еді. Сол жиналыста Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары болып Зауытбек Тұрысбеков тағайындалып, алдағы міндеттер айқындалды.

Содан бері де біраз уақыт өтті. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы да, «Отандастар қоры» да біраз шаруа тындырды. Жиын аясында ол туралы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Алматы қалалық және облыстық филиалының төрағасы Серікхан Ахметов, «Отандастар қоры» АҚ қаржылық қолдау орталығының жетекшісі Анес Ахатұлы айтып берді. Сондай-ақ, қос тарап алдағы жұмыс жоспарын таныстырып, істелуге тиісті жұмыстардың бағытын айқындады.

Шара аясында көпшілік те кейінгі кездегі «Көші-қон туралы» Заңдағы өзгерістер мен толықтырулар, жұмыс барысында кездесетін қиындықтарды қалай шешудің жолдарын сұрап, білді.



ӘЛ-ФАРАБИ:

Дұрыс әрекет – мақсатқа жеткізер жолды дұрыс таңдаудан басталады.



АБАЙ:

Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хакиқат. Оған ғашықтық өзі де хақылық һәм адамдық-дүр.



Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 134
(18842)
Сенбі,
28 қараша
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

◆KÓSHBASSHY — 2020

Бикен Римова атындағы облыстық драма театрында аймақ басшысы Амандық БАТАЛОВ дәстүрлі «Көшбасшы – 2020» жастар сыйлығының жеңімпаздарын марапаттады.



МЕН ЖАНБАСАМ ЛАПЫЛДАП...

Еңлік АРЫҚБАЙ

Тұңғыш Президент күніне орай өткен марапаттау салтанатында еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты барлық санитарлық талап сақталды.

«Көшбасшы» сыйлығы Жетісу жеріндегі жас буынның арасынан үздіктерді анықтап, әр салада еңбек етіп жүрген жас мамандардың еңбегін бағалау мақсатында ұйымдастырылып келеді. Биыл 20 номинация бойынша 402 үміткер өзара сынға түсті. Оның ішінде 56 үміткердің материалы ереже талаптарына сәйкес келмегендіктен іріктеу кезеңінен шеттетілді. Байқау нәтижесіне сәйкес Жетісу өлкесінің 20 жасы өз саласынан үздік деп танылып, жас көшбасшы атанды.

Салтанатты шарада облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ сөз алып, жастарға мемлекет мол үміт артатынын, еліміздің болашағы өскелең ұрпақтың қолында екенін айтып, жастарды білім мен спортқа бейім, жігерлі, ұшқыр ойлы, бастамашыл болуға шақырды. Өз сөзінде әкім облыстың экономикасына, атап айтқанда, ауылшаруашылығы, құрылыс, инвестиция тарту бағытындағы оң көрсеткіштерге тоқталды.

– Елбасымен телефон арқылы сөйлесіп, қайта түлеген Нарынқол жайлы айтып бердім. Туған жерге деген сағыныш жайында әңгіме өрбіттік. Нарынқолға екі мың жас қайтып оралды. Тұрғын үйлер тоқтаусыз салынып жатыр. Көшелер абаттандырылды. Аудандар бойынша 9 дене шынықтыру кешенін тұрғыздық. Тағы жетеуінің құрылысы аяқталуға жақын. Неше жылдан бері жөндеу көрмеген жолдар, ғимараттар, су жүйесі, құбырлар, басқа түрлі нысандар қайта жаңғырудан өткізіліп, ел игілігіне берілді. Мұның барлығы жастар үшін! Жастарға барлық жақсылықты тілеймін. Әр салада үздік болыңдар, - деген Амандық Ғаббасұлы Тұңғыш Президент пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастарға зор сенім артатынын жеткізді. – Жастардың бойында намыс, айқын мақсат болуы керек. Алдыға нақты меже қойып, соған талпынбаса, адам өмірде еш нәтижеге қол жеткізбейді. Жастар мақсатына сүрінбей жетуі үшін ерінбей еңбек етуі тиіс.

Бүгінде облысымызда 400 мың жас бар. Елбасы атап өткендей, жастар барлық игі бастамалардың қасында жүруі тиіс. Елде төтенше жағдай жарияланғаннан бері індетпен әлемдік күрес сапында Алматы облысының жас еріктілері белсенді жұмыс жүргізуде. Өңірде «Мейірімді Жетісу» еріктілер фронт-кеңсесінің жұмысы қарқынды жүргізілуде. Жыл басында облыста 1043 ерікті болса, қазіргі таңда облысымызда 3200-ден астам ерікті жастар тіркелген.

Осы жас еріктілердің қатысуымен республикалық «Biz Birgemiz» акциясы аясында 2300 қайырымдылық акциясы мен іс-шаралар өткізілді. Әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған және көпбалалы отбасылар мен жалғызбасты аналарға, жалпы 26000 отбасына әлеуметтік көмек көрсетіліп, азық-түлікпен қамтамасыз етілді.

Облыста «Дипломмен ауылға» бағдарламасы да сәтімен жүзеге асып жатыр. Одан бөлек, «Жастар тәжірибесі» жобасы жас мамандардың кәсіби білімін жетілдіруге, ең бастысы – тұрақты жұмыс орындарын табуға оң ықпал етуде. Ағымдағы жылдың қараша айында жұмыспен қамту орталықтарына 15916 жас келіп, оның 15597-і жұмыспен қамтылды. Жоспарға сәйкес, ағымдағы жылы 1875 түлек «Жастар тәжірибесіне» жіберілді. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында 848 жас маман көтерме ақы алды. Баспана алу үшін 583 маманға 2.3 млрд.теңге көлемінде жеңілдетілген несие қарастырылған.

Салтанатты шарада «Жас әдебиетші» аталымы бойынша көшбасшы атанған Елдос Тоқтарбай сөз сөйлеп, Жетісу жастарының атынан облыс әкіміне алғыс білдірді. Көшбасшы атанғандардың қатарында «Жетісу» газетінің тілшісі, әріптесіміз Алмат Есенбеков те бар. Ол «Үздік ерікті» аталымында топ жарды. Бұл – біздің газет жастарының алғырлығын, қай салада да қатарластарының алдында жүретін бастамашылдығын көрсететін айқын дәлел.

Әріптесіміз Алакөл ауданында 2017 жылы «Бір арман» қайырымдылық қорын құрды. Еріктілерден құралған қордың әр мүшесі өзгенің мұңын өз мұңындай көріп, жоғын түгендеуге сүйемдей болса да үлес қосуға ұмтылып жүр. Алмат Есенбеков бастаған жалынды жастар жетімге жылу, сырқатқа күлкі сыйлаудан жалыққан емес.

Бүгін, міне, еленген еңбек пен теккен тердің жемісін көре отырып, басқаға үлгі болып отырған «Үздік ерікті»:

– Жетісу жастарының басты бәйгесі саналар «Көшбасшы» сыйлығын алу – үлкен жауапкершілікті жүктейтіні жасырын емес. Себебі, өз мамандығының, кәсібіңнің көш басында болу – үлкен міндет. Бүгінгі сыйлықты биылғы Еріктілер жылындағы айтулы жетістік деп санаймын. Өйткені, ерікті болу – тағдырымның таңдауы екендігі жасырын емес. Осы күнге дейін атқарған жұмыс, еңбек еленіп, шығамын деп ойламаған биікке бүгін қолым жетіп отыр, – деп, марапаттау рәсімінің жоғары деңгейде өткендігін жеткізді.

Көшбасшыларға облыс әкімі Амандық Баталовтың арнайы дипломы, естелік мүсінше және 250 000 теңгенің сертификаты табысталды. Барлық жеңімпаздар арасынан «Үздік журналист» аталымының жеңімпазы Айман Асыл да газетімізге пікір білдірді. «Көшбасшы» сыйлығын алу – мен үшін тек мәртебемен шектелмейді, сонымен бірге, үлкен сенім мен жауапкершілік жүктейді. Өзімнің салам – журналистика әлемінде осындай бір белесті бағындырып жатсам, бұл – алтын жүрек ел-жұртымның, атқарған адал еңбегімнің арқасы деп білемін. Жастарға жігер беріп, қанаттандыруда «Көшбасшы» сыйлығының орны ерекше», – деп барлық жүлде алған жетісулық жастарға ақ жол тіледі.

Шара соңы облыс өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.

◆ОНЛАЙН ФОРУМ

ЕЛДІ БІРІКТІРЕТІН ҰЛЫ КҮШ

Нұр-Сұлтан қаласында 23-27 қараша аралығында «Қоғам және мемлекет: Серіктестік пен дамудың 30 жылы «Birgemiz» атаумен өткен Қазақстанның IX азаматтық форумын қорытындылау салтанаты өтті. Оған ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек КӨШЕРБАЕВ, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида БАЛАЕВА қатысып, жүрекжарды лебіздерімен бөлісті. Шараға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ пен орынбасарлары, аймағымыздағы үкіметтік емес ұйым өкілдері онлайн режимде қатысып, ел өмірінде ерекше маңызы бар бастамалармен танысып, алдағы жұмыс бағыттарын айқындады.

Қажет АНДАС

Бес күнге жалғасқан IX азаматтық форум онлайн форматта өткенімен талай тақырып қаузалыпты. Әсіресе, шалғай елді мекендердегі үкіметтік емес ұйым өкілдерінің қатысуына мүмкіндік көп болды. Форум аясындағы тренинг, семинар, пікірсайыстардың тақырыбын қоғамдық ұйым өкілдері қамтамасыз еткен. 40-қа жуық пікірсайыс алаңы ұйымдастырылса, қоғамдық ұйым басшыларының 12 кездесуі өткен. Азаматтық қоғам мен мемлекеттік ұйымдардың қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған 650-ден астам ұсыныс түсіпті.

– Жергілікті жерлерде балалар мен жасөспірімдер мәселесіне қаражат бөлуге ерекше мән берілуі керек. Балалардың құқығы мен қажеттілігінің бірдей екендігін ескеруіміз керек. Сондықтан ауыл мен қала балаларының аражігін алшақтатпай, бәріне бірдей көңіл бөлген жөн. Әрине, еліміз кең-байтақ, әр жердің даму мүмкіндігі, әлеуметтік жағдайы да әртүрлі. Десе де, бірінші кезекте ауылдық мәдениет және демалыс орындарын, спорт үйірмелерін дамытуға күш салуымыз керек. Тұрғылықты халық пен жергілікті бюджеттің мүмкіндігін саралай отырып, мемлекеттің немесе демеушілердің есебімен балаларды түрлі спорттық ойын түріне жаттықтыратын бапкерлерді қызметке тарту керек, – деген ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев, тарихшылар мен өлкетанушылардың еңбектеріне де ерекше көңіл бөлудің керектігін алға тартты.

Келесі кезекте сөз алған ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева:

– Азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, әлеуметтік саясат, бәрі – 30 жыл бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазығын қаққан тәуелсіз елдігіміздің егемендік туралы декларациясында халқымыздың саналы түрде таңдап алған дара жолы, қайталанбас құндылықтары. Бүгін, міне, сіз бен біз осы қағиданы іс жүзінде көріп, нәтижесін түйіндеп отырмыз. Бүгінде Президенттің тапсырмасымен құрылған Ұлттық қоғамдық кеңестер табысты қызмет етсе, қоғам белсенділері заңнамалық процеске белсене жұмылдырылып отыр. Бұл реткі форум келесі форумдардың сәтті жүргізілуіне жол ашады деп сенемін, – дей келе Қазақстанның азаматтық альянсына, белсенді қатысушыларға, қажетті ақпаратты дер кезінде таратып отырған БАҚ өкілдеріне ризашылығын білдірді.

Осындай келелі істер шешімін тауып, келесі қадамдарға жол ашқан шара аясында жыл бойы жемісті еңбек еткен үкіметтік емес ұйым өкілдері марапатталды. Осы орайда облыс әкімі Амандық Баталов та аймағымыздағы елдің береке-бірлігі үшін тынымсыз еңбектеніп жүрген «Жігер-М» мүгедек спортшылар федерациясы қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Тәжіғали Хаджамұратов, «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Талдықорған» корпоративтік қоры басшысы Арман Махатов, «Үйғыр ауданындағы қимыл қозғалысы кем мүгедектердің» қоғамдық бірлестігінің басшысы Жамал Оқаева, облыстық балқар этномәдени бірлестігі қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Исмаил Тылов, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық қорының жетекшісі Дарья Ярополаварға Алғыс хат пен сертификат табыстап, алдағы істеріне сәттілік тіледі.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

2020 жылдың 3 желтоқсанында Алматы облыстық мәслихатының кезектен тыс 63 сессиясы (онлайн режимінде) өткізіледі

Күн тәртібіне сәйкес келесі мәселелер қаралады:

1. Алматы облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы "Алматы облысының 2020 – 2022 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы" №55-282 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2. Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 13 қарашадағы №37-204 «2019 – 2021 жылдарға арналған Алматы облысында әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. Алматы облысындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы.

4. Алматы облысы бойынша адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы.

5. Алматы облысындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы.

6. Алматы облысы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту туралы.

Басталу уақыты: сағат 15.00

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

ТІРКЕУГЕ АЛЫНҒАН

«Жетісу медиа» ақпараттық алаңында «Алматы облысы бойынша медициналық ұйымдарға тіркелу науқанының қорытындысы» тақырыбында баспасөз-мәслихаты өтті. Тіркелу жыл басынан басталып, бүгінге дейін жүргізілген.

Мәслихатқа әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Алматы облысы бойынша филиалының директоры Нұрлан Отарғалиев шақырылды. Екінші спикер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының» облыстық филиалы директорының орынбасары Біржан Байжанов болды.

Нұрлан Таңжарықұлының айтуынша, облыста тұратын 2 миллионнан аса адам түгел тіркеуге алынған. Бірақ осы тіркеуге алынғандардың 484 мыңы әлеуметтік медициналық көмек бойынша өз санатын белгілемеген. Яғни, қандай санат бойынша медициналық көмек алатындарын білмейді. Егер адам өз бетінше табыс тапса, міндетті әлеуметтік медициналық көмек алу үшін қорға өзіне қаржы аударып тұруы тиіс. Тұрақты жұмысы барларға жарнаны жұмыс беруші аударып тұрады. Жарна төлемегендер де медициналық жедел көмек ала алады. Бірақ қымбат аппараттарға тексеріле алмайды. Мысалы, МРТ, КТ сияқты қондырғыларға тексерілгісі келсе, ақы төлейді.

Журналистер тарапынан спикерлерге Міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры медицина мекемелерінің қызметінің жақсаруына ықпал етсе деген ұсыныс айтты. Көптеген мекемелерде заманауи аппараттар жоқтың қасы. Болған жағдайда жеткіліксіз. Бұл орайда қор жетекшілері денсаулық саласына барынша ықпал ететіндерін айтты.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ



БАСПАСӨЗ – 2021

Әр мақаласын отбасымызбен оқитын, сара сөзін санамызға тоқитын, кішкентайымыздан көзге ыстық, көңілге жақын жан азығы – өзіміздің «Jetisýgа» жазылайық!